III СЕССИЯ VIII ШАҚЫРЫЛЫМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫ
ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

(2024 жылғы 2 қыркүйек – 2025 жылғы 30 маусым)

МАЗМҰНЫ

Кіріспе 5

I. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы 16

II. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 28 қаңтардағы Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі 38

III. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында сөйлеген сөзі 53

IV. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты қызметінің қысқаша қорытындылары 82

V. Сегізінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламентінің үшінші сессиясындағы заң шығарушылық қызметі 87

Сегізінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламентінің үшінші сессиясында қабылданған заңдардың тізбесі 87

VI. Сенаттың тұрақты комитеттері бойынша Мәжіліс қабылдаған заңдар туралы ақпарат 98

6.1. Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті 98

6.2. Қаржы және бюджет комитеті 117

6.3. Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті 143

6.4. Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті 156

6.5. Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті 176

6.6. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 187

VII. Сенат комитеттері өткізген іс-шаралар 198

VIII. Сенаттың іс-шараларында қабылданған ұсынымдар 226

IX. Сенаттың халықаралық ынтымақтастығы 339

X. Ақпараттық сүйемелдеу 356

КІРІСПЕ

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев 2024 жылғы 2 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Парламенті VIII шақырылымының III сессиясын аша отырып, өзінің «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында **экономиканы әртараптандыру арқылы бейбіт эволюциялық даму жолының маңыздылығын** атап өтті.

Президент алдағы кезеңге арналған **жұмыстың бірнеше негізгі бағыттарын** айқындап берді, оның ішінде ақша-несие және фискалдық саясат арасындағы теңгерімсіздікті жою, инвестициялық ахуал мен бизнес жағдайын жақсарту, елдің өнеркәсіптік әлеуетін ашу, инфрақұрылымдық мәселелерді шешу, кадрлық ресурстар мен мемлекеттік басқару тиімділігін арттыру, ұлт денсаулығын нығайту және азаматтарды әлеуметтік қолдау жүйесін қайта іске қосу, қоршаған ортаға құрметпен қарауды тәрбиелеу, қоғамда заң мен құқық идеологиясын орнату.

Жалпы, VIII шақырылымның үшінші сессиясы басталғалы Парламент **89 заңнамалық актіні** қабылдады, оның ішінде **17-сіне қос Палатаның деупаттары бастамашылық еткен**. Үкіметке және басқа да мемлекеттік органдарға азаматтарды толғандыратын өзекті мәселелерді көтерген **162 депутаттық сауал** жолданды.

Депутаттардың өңірлерге сапарлары аясында халықпен дәстүрлі кездесулер ұйымдастырылып, Сенаттың тұрақты комитеттерінің **56 көшпелі іс-шарасы өткізілді**. Сонымен қатар, **Сенат Төрағасы** Абай, Алматы, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Жетісу, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарына және Алматы қаласына жұмыс сапарларымен барды.

Сессия барысында Сенатта **Су кодексі** қаралды. Кодекстің негізгі мақсаты – елдің су ресурстарын ұтымды пайдалану, қорғау және тазарту. Жаңа кодекс су қорын қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды күшейтті, жер асты су ресурстарын қорғау мен пайдалану тәртібін реттеді. Сонымен бірге, су қорын қорғау мен пайдалануға қатысты ғылыми және ақпараттық-талдамалық қызметті жүзеге асырудың негізі қаланды. Бұдан бөлек, климаттың өзгеруіне бейімделуге бағытталған кешенді түзетулер енгізілді. Атап айтқанда, су заңнамасы аясында мемлекеттік органдардың су тасқыны немесе құрғақшылық секілді табиғи құбылыстардың зиянды әсерінің алдын алу жөніндегі іс-қимыл алгоритмі жазылған.

Сондай-ақ, Бюджет және Салық кодекстерін жан-жақты қарауға ерекше көңіл бөлінді. Аталған кодекстер Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Гүлденген қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде әзірленді. Президент ақша-кредит және фискалдық саясат арасындағы теңгерімсіздіктерді жою қажеттігін бірнеше рет атап өткен болатын.

Жаңа **Бюджет кодексі** бюджеттік үдерісті түбегейлі жеңілдетуге, бюджеттік саясат моделін «бюджетті басқарудан» «**нәтижелерді басқаруға**» көшіру арқылы реформалауға бағытталған. Кодексте блоктық бюджеттің элементтерін енгізу, бюджеттік саясаттың шекті параметрлерін айқындау, фискалдық орталықсыздандыруды күшейту көзделген. Бұдан бөлек, бюджеттік үдерісті жеңілдетумен қатар, мемлекеттік қаржыны басқарудың әдістемелік негіздері қалыптастырылып, бюджеттің кіріс бөлігін жоспарлау сапасын арттыру тетіктері енгізілді, бюджеттік қатынастар жетілдірілді. Жоспарлау құжаттарының артық элементтері алынып тасталды, сондай-ақ бюджеттік бағдарламалар мен даму жоспарларын келісу және бекіту рәсімдері оңтайландырылды. Бұған қоса, «Қазақстан Республикасының бюджеттендіру негіздері» атты жаңа бөлім енгізілді.

Жаңартылған **Салық кодексі** аясында экономиканың әртүрлі салаларында сараланған салық мөлшерлемелеріне көшу қамтамасыз етілді, арнайы салық режимдері қайта қаралды, салықтық жеңілдіктер кемінде 20%-ға қысқартылып, оларды беру ережелері нақты айқындалды, салықтық әкімшілендіру тәсілдері жаңартылып, қосылған құн салығын қайтару рәсімдері жеңілдетілді, сондай-ақ басқа да маңызды өзгерістер енгізілді.

Сонымен бірге, Сенат **«2025 – 2027 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы», «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2025 – 2027 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы»** заңдарды қарады, олар азаматтардың әл-ауқатын жақсартуға, тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз етуге және ағымдағы жағдайларға бейімделе отырып, экономикалық модель құруға бағытталған.

Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін **«2024 – 2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** ҚР Заңы қабылданды, сондай-ақ Халықаралық қайта құру және даму банкімен, Азия даму банкімен және Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкімен қарыздар туралы келісімдер ратификацияланды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының 2024 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептері қаралды.

Тұрғын үй қатынастары саласында ауқымды жұмыс жүргізілді. Тұрғын үй саясаты, тұрғын үй қатынастары, үлестік құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша заңнамаға бірқатар түзетулер қабылданды. Бұл заңнамалық өзгерістер үлестік құрылыс саласындағы мемлекеттік реттеуді күшейтуге, пәтер иелері кооперативтерінің қызметін реттеуге және олардың жұмыс істеу механизмін айқындауға бағытталған. Сонымен қатар, өзгерістер аясында басқарудың жай серіктестік түрі алынып тасталды. Енді басқарудың тек екі нысаны ғана қалдырылды: мүлік иелері бірлестігі және бірлесіп тікелей басқару. Құрылыс кезеңіндегі тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды сатып алуға байланысты алдын ала шарттар жасауға, үлескерлердің қаражатын тартуға

рұқсат берілмей тұрып жарнама жасауға, салынып жатқан көппәтерлі тұрғын үйлерден жылжымайтын мүлікті ипотека арқылы сатып алуға тыйым салу енгізілді. Жергілікті атқарушы органдар тарапынан құрылыс нарығында үлескерлердің қаражатын заңды түрде тарту мәселесі бойынша мониторинг жүргізу қамтамасыз етіледі. Бұрын «сатып алу құқығынсыз» берілген жалдамалы тұрғын үйді қоса алғанда, жалға берілетін тұрғын үйді жекешелендіру құқығы берілді. Бұдан бөлек, елімізде инватакси инфрақұрылымын дамыту үшін құқықтық негіз қалыптастырылды.

Бәсекелестікті арттыру және банк секторына инвестициялар тарту, сақтандыру нарығы мен бағалы қағаздар нарығын дамыту, қаржылық қолжетімділікті арттыру, қаржылық қызметтер тұтынушыларының құқықтарын қорғау және қаржы нарығындағы алаяқтыққа қарсы іс-қимыл мақсатында **қаржы нарығын дамыту мәселелері бойынша заңнамаға түзетулер қабылданды**. Түзетулер шетелдік банктерді ашу талаптарын жеңілдетуге, сақтандыру нарығы мен бағалы қағаздар нарығын дамытуға бағытталған. Сонымен қатар, қаржылық қызметтердің қолжетімділігін арттыру, тұтынушылардың құқықтарын қорғау, қаржы нарығындағы алаяқтықпен күрес және бюрократияны төмендету шаралары қарастырылған – Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі мен Ұлттық Банктің ұйымдастырушылық функцияларын заңға тәуелді актілерге көшіру көзделеді. Сондай-ақ, кредиттік бюролардың қызметін кеңейту және ЕАЭО аясында несиелік ақпарат алмасу туралы келісімді енгізу көзделген. Заңға ұялы байланыс саласындағы алаяқтықпен күрес және азаматтардың банкроттығы мен төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімдерінің тиімділігін арттыруға бағытталған шаралар да енгізілген.

Сонымен бірге, елімізде **биржалық сауда** саласындағы заңнамаға отандық өндірушілер үшін ашықтықты, адал бәсекелестікті және сауда құралдарының қолжетімділігін арттыруға бағытталған түзетулер қабылданды. Маңызды жаңалық – **мәмілелер мен олардың қатысушылары туралы ақпаратты міндетті түрде ашу**, бұл қазақстандық өндірушілерге **сауда-саттыққа қатысудың әділ шарттарын** алуға мүмкіндік береді. Стандартталмаған тауарларды биржалық саудадан алып тастау және оларды электронды алаңдарға көшіру бизнес үшін, әсіресе жер қойнауын пайдалану саласында, **сатып алуға ашық қолжетімділікті** қамтамасыз етеді. Үкімет **әлеуметтік маңызы бар тауарлардың** (көмір, бидай, мұнай өнімдері және азық-түлік) саудасы үшін конкурстық негізде тауар биржаларын айқындайды, ол баға белгілеуді тұрақтандыруға және елдің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға мүмкіндік береді.

Отандық тауар өндірушілердің дамуына қолайлы жағдай жасау мақсатында заңнамаға **тауарлардың шыққан елін айқындау** туралы түзетулер енгізілді. Қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімі енгізіледі, қазақстандық тауар өндірушілер мен олар өндіретін тауарлар туралы ақпаратқа қол жеткізудің бірыңғай нүктесі қамтамасыз етіледі, сондай-ақ мемлекеттік қолдау шараларының атаулылығы артады.

Еліміздің әлеуметтік саясатын одан әрі жетілдіру мақсатында жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтарын қорғаудың **жаңа тетіктерін** қарастыратын заң қабылданды. Ата-анасыз қалған әрбір қазақстандық балаға қамқорлық, көңіл бөлу және жетім балаларға шын мәнінде қажет эмоционалдық қолдау көрсетілетін кәсіби патронаттық отбасына орналастыру мүмкіндігі болады.

Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесінің мәселелері жөніндегі заңда **«Келешек»** бірыңғай ерікті жинақтау жүйесінің қызметін реттейтін нормалар көзделген, оны іске асыруды Мемлекет басшысы «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағыты» Жолдауында тапсырған болатын. «Келешек» жүйесі қолданыстағы Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесінің шеңберінде іске асырылатын болады. 5 жасқа толатын балалар үшін мемлекет **60 АЕК**, жетім балалар үшін **120 АЕК** мөлшерінде бюджет есебінен біржолғы бастапқы білім беру капиталын шотқа есептейтін болады. Жинақтауға жыл сайын барлық балалар үшін **5%**, халықтың әлеуметтік осал топтарындағы балалар үшін **7%** мөлшерінде мемлекеттік сыйлықақы, сондай-ақ банктің немесе сақтандыру компаниясының белгіленген табыстылығы есептелетін болады. **Жинақталған қаражатты Қазақстандағы немесе шетелдегі колледждер мен жоғары оқу орындарында оқуға пайдалануға болады**.

Мемлекеттік тілді дамытуға, **дарынды жастарды** қолдауға және дарынды абитуриенттердің білім алу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған **мәдениет, білім және тәлімгерлік** мәселелері бойынша заңнамаға түзетілер енгізілді. Жасанды интеллект арқылы қазақ тілін дамытуға ықпал ететін **цифрлық ұлттық сөздік қорын** құру маңызды бастама болып табылады.

Мақсатты капитал қорлары мен эндаумент-қорларды құру және олардың қызметі үшін құқықтық база қалыптастырылды. Заңда қайырымдылық жобаларын тұрақты қолдау үшін қосымша қаражат тарту тетіктері, активтерді инвестициялық декларация мен заңнамаға сәйкес инвестициялау, бенефициарларға көмек көрсету, сондай-ақ салымшылардың мүдделерін қорғау мен ашықтықты қамтамасыз ету шаралары көзделген. Қабылданған заң бойынша эндаумент-қор – заңды және жеке тұлғалардың қайырымдылық мақсатындағы ерікті жарналары есебінен қалыптастырылатын мүлік болып табылады. Оның құрамына ақшалай қаражат, бағалы қағаздар, жылжымайтын мүлік және зияткерлік меншік нысандары кіруі мүмкін. Заңда меценаттық мақсаттар үшін эндаумент-қордың кірісін қалыптастыру, толықтыру және пайдалану тәртібі айқындалады. Қор коммерциялық емес ұйым түрінде құрылып, құрылтайшылар мен тапсырылатын активтерге қатысты нақты талаптар белгіленеді.

Ақпаратқа қол жеткізу және қоғамдық қатысу мәселелері бойынша заңнамаға түзетулер шеңберінде статистикалық және өзге де мәліметтерді көрсете отырып, **денсаулық сақтау жүйесінің жай-күйі**

туралы өзекті ақпаратты тұрақты негізде беруді қоса алғанда, мемлекеттік органдардың қоғамдық маңызы бар ақпаратты міндетті түрде проактивті таратуын қамтамасыз ететін болады. Сонымен қатар, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдері **қоршаған ортаның жай-күйі**, жергілікті деңгейде мемлекеттік экологиялық саясатты іске асыру барысы туралы **ақпаратты**, қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін жергілікті бюджетке түскен төлемақының жалпы сомасы туралы мәліметтерді жариялайтын болады.

Есірткі заттарының заңсыз айналымына қарсы күрес мәселелері бойынша заңнамаға өзгерулер енгізілді. Заң есірткі өндірушілер мен оларды таратушылар арасындағы **жауапкершілікті нақты белгілеп**, өндірісті ұйымдастырушыларға ең ауыр жазаларды, соның ішінде өмір бойына бас бостандығынан айыруды белгілейді. Бұл қылмыстық әрекеттері үшін ұсталған лауазымды тұлғаларға да қатысты, бұл құқық бұзушылардың барлық санаттары үшін жазаның бұлтартпастығы қағидасын күшейтеді. Есірткі «жасау» және «өндіру» ұғымдары қазір нақты ажыратылады, мұнда сериялық өндірістің негізгі белгісі болып табылады. Бұл ретте есірткі жеткізушілеріне жаза жеңілдетілді: олардың қылмыстары «ерекше ауыр» санатынан «ауыр» санатқа ауысады, бұл жазаны жеңілдету, жазаны ауыстыру немесе шартты түрде мерзімінен бұрын босату мүмкіндігін ашады. Дегенмен, жауапкершілік елеулі болып қала береді – 7 жылдан 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру. Бұл тәсіл бірінші рет қылмыс жасағандарға өз әрекеттерін қайта қарауға және қоғамға оралуға мүмкіндік бере отырып, **әділ сот пен түзету мүмкіндігі арасындағы тепе-теңдікті** қамтамасыз етеді.

Қылмыстық заңнаманы оңтайландыру мақсатындағы түзетулер енгізілді. Тиісті заңда қылмыстық жауапкершілік, жаза тағайындау және үкімдерді орындау мәселелері реттеледі. Өмір бойына бас бостандығынан айыруды мерзімді жазаға ауыстыру мүмкіндігі қарастырылған, жеке адамға қарсы, оның ішінде өмірі мен денсаулығына қол сұғу қылмыстары үшін жауапкершілік күшейтілді. Мұндай қылмыстар бойынша шартты түрде мерзімінен бұрын босату мен соттылықты есептеу шарттары нақтыланды. Сондай-ақ, **сталкинг** – яғни, зорлық-зомбылықсыз, бірақ зиян келтіретін заңсыз қудалау үшін қылмыстық жауапкершілік енгізілді. Вейптер мен темекі өнімдерімен байланысты заңсыз әрекеттердің тізбесі кеңейтілді. Ұшақ экипаждарын лазермен шағылыстыру арқылы ұшу қауіпсіздігіне қауіп төндіргендер үшін жауапкершілік белгіленді. Коллекторлық агенттіктердің өкілеттігін асыра пайдалану, заңсыз банктік және микрокаржылық қызмет, сондай-ақ қорқыту, бопсалау немесе зорлық-зомбылық арқылы неке қиюға мәжбүрлеу қылмыс ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, егер ерлі-зайыптылардың бірі үш жылдан астам уақыт халықаралық іздеуде болса, некені бұзу мүмкіндігі заңмен көзделген.

Бұған қоса, **құқық қорғау органдарының**, арнаулы мемлекеттік органдардың, азаматтық қорғау органдары мен әскери қызметшілердің

әлеуметтік қорғалуы мен кепілдіктерін қамтамасыз ету бойынша жеке заңмен түзетулер енгізілді.

Қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша **тәуелсіз кассациялық соттарды** құруды көздейтін заң қабылданды, ол **2025 жылдың 1 шілдесінен** бастап қолданысқа енгізіледі. Осыған байланысты, сот ісін жүргізудің барлық түрлері бойынша кассациялық сотқа шағымданудың және сот актілерін қайта қараудың **бірыңғай ережелерін** енгізу көзделеді. Кассациялық соттардағы істер **алдын ала қаралмай**, тақ саннан кемінде үш судьядан тұратын **алқаның қарауына тікелей** жіберілетін болады. Істерді қарау мерзімі **алты айдан** аспайды. Сот процессі **тараптардың шақыруымен бетпе-бет** жүргізіледі.

Аймақтық қорғаныс және **әскери-патриоттық тәрбие** саласында заңдар қабылданды. Осылайша, аумақтық қорғаныс саласындағы қоғамдық қатынастар **реттелді**, мемлекеттік саясаттың құқықтық негіздері айқындалды. Қазақстан Республикасы Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың, меншік нысанына қарамастан ұйымдардың, сондай-ақ азаматтар мен өзге де жеке тұлғалардың құқықтары мен міндеттері белгіленді.

Сонымен қатар, шақыру бойынша әскери қызметтің беделін арттыруға бағытталған бірқатар шаралар көзделді. Атап айтқанда, шақыру арқылы әскери қызмет өткерген азаматтар, сондай-ақ әскери қызмет өткеру туралы шартқа отырған тұлғалар мемлекеттік бюджет есебінен оқуға жұмсалған шығындарды өтемей-ақ, оқу бітіргеннен кейін міндетті жұмыстан босатылады. Сондай-ақ, шақыру бойынша әскери қызметке немесе әскери жиындарға шақырылған азаматтардың медициналық комиссиядан өту кезеңінде жұмыс орны (лауазымы) мен жалақысы, ал әскери қызмет пен жиындар кезеңінде – тек жұмыс орны (лауазымы) сақталады.

Аймақтарды одан әрі дамыту мақсатында «**Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы**» Заң және астана мен республикалық маңызы бар қалаларды дамыту мәселелері бойынша заңнамалық өзгерістер қабылданды.

Атап айтқанда, Түркістан қаласының рухани, мәдени және тарихи орталық ретіндегі ерекше мәртебесінің құқықтық негіздері бекітілді. Заң тарих және мәдениет ескерткіштерін, соның ішінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің қорғау аймақтарындағы нысандарды басқару мен қорғаудың тиімді жүйесін құруға, археологиялық және реставрациялық жұмыстарды ұйымдастыруға, тарихи-мәдени мұра мен ұлттық қолөнерді сақтауға және дамытуға, осы саладағы шешімдерді ғылыми сүйемелдеуге, сондай-ақ Түркістан қаласының халықаралық ынтымақтастығын нығайтуға бағытталған.

Астана мен республикалық маңызы бар қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуының өзекті мәселелерін шешу үшін жер қатынастары, сәулет, құрылыс, көші-қон, жарнама, кедендік реттеу, мемлекеттік

аудит және басқа да салалар бойынша заңнамаға түзетулер енгізілді. Заң Президенттің тапсырмалары мен мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді орталықсыздандыру шеңберінде әзірленген. Жаңашылдықтардың қатарында – жер учаскелеріне құқықтарды қайта рәсімдеу тәртібін айқындау, учаскелерді алу кезінде өтемақы төлеу қағидатын өзгерту, астананың «жасыл белдеуін» басқару мен реттеуді күшейту, дизайн-кодты енгізу және абаттандыру, жарнама, тұрғын үйді реновациялау мәселелері бойынша әкімдік өкілеттіктерін кеңейту. Ашық кеңістіктердегі аудио жарнамаға және жаяу жүргіншілер мен көлік аймақтарындағы сыртқы жарнамаға тыйым салынды. Заң, сондай-ақ, шетелдіктердің 30 тәуліктен ұзақ тұруы кезінде тіркеуді, астана тұрғындарын тіркеу мәселелері бойынша мәслихат өкілеттіктерінің кеңеюін көздейді. Орталықсыздандыру аясында басқару деңгейлері арасында 63 функцияны беру қарастырылған. Сонымен қатар, энергетика және коммуналдық секторды жаңғырту бойынша Ұлттық жобаны іске асыруға байланысты бірқатар түзетулер қабылданды: Ұлттық қор қаражатын нысаналы трансферттер арқылы пайдалану шектеуі алынып тасталды, облигациялар мен оффтейк-келісімшарттар арқылы қаржыландыру тетіктері енгізілді, «кілтпен тапсыру» қағидаты бойынша құрылыс жүргізу ережелері айқындалды, сатып алуға арналған электрондық платформа іске қосылды, ТКШ саласында техникалық оператор институты құрылды, бірыңғай төлем құжаты енгізілді.

Сондай-ақ, **дипломатиялық және мемлекеттік қызмет, білім беру, мәдениет, бала құқықтарын қорғау және тәлімгерлік, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру, дене шынықтыру және спорт, электр энергетикасы** салаларында бірқатар заңдар қабылданды.

Қатар, Франция, Қырғызстан, Сингапур мемлекеттерімен, сондай-ақ **Еуразиялық экономикалық одақ және Түркі мемлекеттері ұйымы шеңберінде, Еуропа Қайта құру және Даму Банкімен, Азия Даму Банкімен** жасалған келісімдерді ратификациялау – еліміздің нақты секторының дамуына, отандық өнімнің жаңа нарықтарға шығуына және экономикаға инвестициялар тартуға жаңа мүмкіндіктер ашады.

Сессия аясында **үш парламенттік тыңдау** өткізілді. Онда азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, Еңбек адамына қолдау көрсету, сондай-ақ сот және құқық қорғау жүйесін, мемлекеттік органдардың құқықтық қызметін нығайту мен заң шығармашылығының сапасын арттыру үшін заңгерлік білім беруді дамыту мәселелері талқыланды.

Бұдан бөлек, Сенат қабырғасында **төрт Үкімет сағаты өтті**. Олар көктемгі су тасқынына дайындық, экономиканы жеке қаражат есебінен қаржыландыруды ынталандыру, автомобиль жолдарын салу және пайдалану, сондай-ақ «жасыл» инвестициялар тарту мен ең үздік қолжетімді технологияларды кеңінен енгізу мәселелеріне арналды.

Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуын мониторингілеу жөніндегі парламенттік

комиссияның төрт отырысы өтті, оның бірі – Орталық Азия елдері өкілдерінің қатысуымен **кеңейтілген форматта** ұйымдастырылды. Комиссия гендерлік даму, Орталық Азия өңіріндегі өзекті проблемалар, құрлықтағы экожүйелерді сақтау, қалалар мен елді мекендерді дамыту мәселелерін қарастырып, Үкіметке және жауапты мемлекеттік органдарға нақты ұсыныстар жолдады.

Бұл іс-шаралар өзін Парламент жұмысына **қоғамдық қатысудың өте тиімді және пәрменді тетігі** ретінде көрсетті.

Сондай-ақ, цифрландыру тақырыбы бойынша депутаттық сауал аясында ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің есептік ақпараты тыңдалды, министрліктер мен ведомстволар басшыларымен **32 кездесу, 58 дөңгелек үстел мен тақырыптық отырыс** өткізілді. Онда экономикалық, әлеуметтік және қоғамдық салалардағы маңызды мәселелерді шешу жолдары талқыланды.

Сенат жанында бірнеше **диалог алаңдары** табысты жұмыс істеуде.

2025 жылғы 3-4 сәуірде Сенат Төрағасының және барлық деңгейдегі мәслихат төрағаларының қатысуымен **Мәслихаттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестің** кеңейтілген отырысы өтті. Секциялық және пленарлық отырыстарда Парламент пен мәслихат депутаттары, Үкімет мүшелері, шетелдік және қазақстандық сарапшылар Мемлекет басшысы Мәслихат депутаттарының II республикалық форумында және Ұлттық құрылтайдың IV отырысында қойған міндеттерді талқылады. Алғы сөзінде Сенат Төрағасы М.С. Әшімбаев соңғы 30 жылда мәслихаттар еліміздегі басқару жүйесінің институционалдық құрылымының ажырамас бөлігіне айналғанын, ал соңғы жылдары олардың рөлі Мемлекет басшысының саяси реформалары мен «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласымен жүріп жатқан жаңа мемлекеттік басқару моделінің аясында айтарлықтай артқанын атап өтті.

2025 жылғы 14 мамырда Сенат Төрағасының қатысуымен **«Бір ел – бір мүдде: бейбітшілік пен өркендеуге апарар жол»** тақырыбында «Бір ел – бір мүдде» депутаттық тобының кеңейтілген отырысы өтті. Алғы сөзінде М.С. Әшімбаев ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан ауқымды саяси реформалардың нәтижесінде Қазақстан халқы ассамблеясының қызметі жаңа серпін алғанын атап өтті. Ол қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайтудың ерекше қоғамдық-саяси маңызына назар аударды. Осы тұрғыда Ассамблея жұмысының негізінде жатқан «алуан түрлілік арқылы бірлік» қағидаты инклюзивті мемлекеттік саясаттың мәнін білдіретіні атап өтілді.

Сенат Спикерінің қатысуымен **«Ұлттық мүдде» диалог алаңының кезекті отырысы** 2024 жылғы 22 қазанда ҚР Ұлттық музейінде өтті. Кездесу барысында зиялы қауым мен сарапшылар қоғамдастығының өкілдері рухани-адамгершілік құндылықтар мен дәстүрлер сабақтастығы призмасы арқылы жастарды патриоттық тәрбиелеудің негізгі аспектілерін

талқылады. Сенат Спикері атап өткендей, қазіргі заманғы сын-қатерлер мен жаңа үрдістер жағдайында ұлттық құндылықтарды ілгерілету және патриотизмді нығайту маңызды міндет болып табылады. Сонымен қатар, патриотизм – бұл ұлттық бірегейлікті сақтаудың басты шарты болып табылатын өте ауқымды ұғым. Мәулен Әшімбаев өз сөздерінде осы бағыттағы идеологиялық жұмысқа басымдық берілетінін атап өтті.

2024 жылғы 1 қарашада **Инклюзия жөніндегі кеңестің** кезекті отырысы өтті. Депутаттар мемлекеттік органдар мен сарапшылар қоғамдастығының өкілдерімен бірлесіп, мүгедек адамдардың сапалы білім алу мүмкіндіктерін кеңейту жөніндегі ұсыныстармен алмасып, оларды іске асыру жолдарын талқылады. Отырыс жұмысына бірқатар министрліктер мен халықаралық ұйымдардың басшылары қатысты.

2024 жылғы 4 желтоқсанда ел өңірлеріндегі орман алқаптары мен саябақтарды сақтауға арналған **«Өңір»** депутаттық тобының отырысы өтті. Іс-шара Президенттің экологияның жай-күйін жақсартуға және табиғи ресурстарды сақтауға бағытталған тапсырмасының іске асырылу барысын талқылау мақсатында ұйымдастырылды.

2025 жылғы 11 маусымда өткен «Өңір» депутаттық тобының отырысында негізгі капиталға тартылатын инвестициялар және олардың өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпалы мәселелері талқыланды. Қазақстан өңірлеріне инвестициялардың теңсіз бөлінуі, экономиканың жеткіліксіз әртараптандырылуы және жекелеген облыстардың шикізаттық салаларға тәуелділігі мәселелері көтерілді. Сонымен қатар, ауылдық және шалғай аймақтарға инвестиция тартуды қиындататын инфрақұрылымдық шектеулер мен бюрократиялық тосқауылдар да атап өтілді.

Сенат жанындағы **Сарапшылар клубы** мен **Талдау мектебі** жас мамандарды заң шығару жұмыстарына, мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының қатысуымен бағдарламалық құжаттарды, өңірлерді дамыту мәселелерін талқылауға тартуға мүмкіндік береді. Олардың жұмысына жалпы алғанда **200-ден астам** жас маман тартылды. Олардың барлығы экономиканың және елдің қоғамдық-саяси өмірінің әртүрлі салаларының өкілдері болып табылады.

Жаңа буын сарапшыларының талдау қабілеттерін арттыру мақсатында «Талдау мектебінің» төртінші ағымы бойынша оқыту өткізілді. Сонымен қатар, Ұлттық Банкпен бірлесіп **ақша-несие саясатының негіздері** бойынша және Harvard Alumni Kazakhstan қатысуымен **келіссөздер жүргізу дағдыларына** арналған білім беру курстары ұйымдастырылды.

Мемлекеттік органдардың басшылары мен беделді сарапшылардың қатысуымен **Taldau Talks** платформасы аясында интернет-подкастың бес шығарылымы жарық көрді, онда еліміздің жаңа экономикалық даму моделі, өңдеу өнеркәсібі, салық реформасы, сыртқы сауда және цифрландыру мәселелері талқыланды.

Сенат жұмысының маңызды бағыттарының бірі Қазақстанның сыртқы саяси бастамаларын ілгерілетуге, басқа елдермен өзара тиімді әлеуметтік-экономикалық, мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайтуға бағытталған **халықаралық ынтымақтастықты дамыту** болып табылады.

2024 жылдың қыркүйегінде Сенат Спикері бастаған Қазақстан Парламентінің делегациясы «**Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы Орталық Азия Парламенті мен өкілді билік органдарының рөлі**» атты **Орталық Азия мемлекеттерінің II Парламентаралық форумының** жұмысына қатысты. Палата Төрағасы Орталық Азия елдері парламенті палаталарының спикерлерімен екіжақты кездесулер барысында өңірлік ынтымақтастықты нығайтудың өзекті мәселелерін талқылады.

2024 жылғы 11 қазанда Палата Спикері бастаған ҚР Парламент Сенатының делегациясы **Тәжікстан Конституциясының 30 жылдығына арналған халықаралық парламенттік конференцияға қатысу** үшін Тәжікстанға барды. Сапар барысында сенаторлар республика Президенті Эмомали Рахмонмен кездесіп, ТМД елдерінің парламентшілерімен бірқатар екіжақты кездесулер өткізді.

2024 жылғы 22 қарашада Санкт-Петербургте Достастыққа қатысушы елдердің парламенттер палаталары төрағаларының қатысуымен **ТМД Парламентаралық Ассамблеясының 57-ші пленарлық отырысы** өтті. Қазақстан делегациясын ел Парламенті Сенатының Спикері басқарды. Отырыс барысында оның қатысушылары ТМД Парламентаралық Ассамблеясының аграрлық саясат, табиғи ресурстар және экология жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы лауазымына Қазақстан Парламенті Сенатының депутаты **Ольга Булавкинаның** кандидатурасын бекітті, ал сенатор **Геннадий Шиповскийдің** кандидатурасын отырысқа қатысушылар ТМД жастар Парламентаралық Ассамблеясының үйлестірушісі болып тағайындауға қолдауға шешім қабылдады.

Сонымен қатар, 2025 жылғы 17-18 сәуірде Санкт-Петербург қаласында Достастық елдері парламент палаталары басшыларының қатысуымен **ТМД Парламентаралық Ассамблеясының 58-пленарлық отырысы** өтті. Қазақстан делегациясын Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев басқарды. Сапар аясында ол ТМД ПА-ның Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған салтанатты отырысында сөз сөйлеп, бірқатар екіжақты кездесулер өткізді.

2025 жылғы 12-14 қаңтарда ҚР Парламенті Сенаты Төрағасының **ҚХР-ға ресми сапары** аясында Қытай халық саяси кеңесі Бүкілқытайлық комитетінің төрағасы Ван Хунинмен және Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысы Тұрақты комитетінің төрағасы Чжао Лэцзимен кездесулер өтті. Күн тәртібінде парламентаралық ынтымақтастықты нығайту келешегі мен алдағы кезеңге арналған бірлескен жобаларды іске асыру міндеттері болды.

2024 жылғы 8-9 қазанда **Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезі Хатшылығының XXII отырысы** мен **Діни жас көшбасшылардың**

алғашқы форумы өтті. Ағымдағы жылдың қыркүйек айына жоспарланған **VIII Съезге** белсенді дайындық жүргізілуде.

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезі Хатшылығының Басшысы ретінде ҚР Парламенті Сенатының Спикері Мәулен Әшімбаев 2024 жылғы қарашада **БҰҰ-ның діни нысандарды қорғауға арналған жаһандық конференциясында** сөз сөйлеп, **БҰҰ Өркениеттер Альянсының 10-шы жаһандық форумына** қатысты. Шаралар барысында қатысушылар адамзат алдындағы өзекті мәселелерді талқылап, оларды шешу жолдары бойынша пікір алмасты.

2024 жылғы қарашадағы **Ресей Федерациясына** сапары аясында Сенат Төрағасы Мәскеуде Мәскеу және бүкіл Русь Патриархы Кириллмен кездесті. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан ол Патриархқа Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VIII съезіне қатысуға ресми шақыруды табыстады. Кездесу барысында қазіргі сын-қатерлерге қарсы тұрудағы рухани дипломатияның рөлі де талқыланды.

Сонымен қатар, 2025 жылғы ақпан мен сәуір айларында Сенат Төрағасы, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезі Хатшылығының Басшысы М. Әшімбаев конфессияаралық және парламентаралық ынтымақтастықты дамытуға бағытталған бірқатар халықаралық сапарларды жүзеге асырды. 18-19 ақпанда ол **Манамада (Бахрейн) өткен ішкі исламдық диалог бойынша халықаралық конференцияға** қатысты, шара аясында Әл-Азхардың Бас имамы шейх Ахмед ат-Тайебпен, Кавказ мұсылмандары басқармасының төрағасы, шейх-уль-ислам Аллашүкір Пашазадемен және басқа да діни көшбасшылармен кездесулер өтті. Сонымен бірге, Бахрейн Королі Хамад бен Иса Әл Халифамен кездесу барысында Қазақстан Президентінің сәлемі жеткізіліп, ынтымақтастықты тереңдетуге мүдделілік білдірілді. 13-15 сәуірде **Сауд Арабиясы Корольдігіне ресми сапары** аясында М. Әшімбаев Консультативтік кеңестің төрағасы шейх Абдалла бен Мұхаммад Әл Әш-Шейхпен кездесті. Тараптар екіжақты ынтымақтастықты кеңейту перспективаларын талқылады. Сондай-ақ, Сенат делегациясы Дүниежүзілік Ислам Лигасының кеңсесінде болып, қасиетті Қағба жабуын тігетін «The Kiswa Factory of the Holy Kaaba» зауытының жұмысымен танысты және дінаралық қатынастар мәселелері бойынша дөңгелек үстелге қатысты.

Сенат депутаттары ҰҚШҰ Парламенттік Ассамблеясы, ЮНИСЕФ конференциясы, ТМД ПАА іс-шаралары, IV Халықаралық медиа-форум, Еуразиялық әйелдер форумы, «Қазақстан Республикасы – Еуропалық Одақ» парламенттік ынтымақтастық комитеті сияқты түрлі **халықаралық іс-шараларға** қатысты. Сонымен қатар, сенаторлар Әзербайжан, Молдова, АҚШ, Грузия және Өзбекстандағы парламенттік сайлауды бақылауға қатысты.

Сіздердің назарларыңызға ұсынылған жинақта ҚР Парламенті VIII шақырылымының III сессиясында (2024 жылғы 2 қыркүйек – 2025 жылғы 30 маусым) ҚР Парламенті Сенаты қызметінің барлық бағыттары бойынша ақпарат ұсынылған.

I. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ «ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН: ЗАҢ МЕН ТӘРТІП, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ, ҚОҒАМДЫҚ ОПТИМИЗМ» АТТЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ

Астана қ., 2024 жылғы 2 қыркүйек
akorda.kz

Құрметті депутаттар!

Баршаңызды кезекті сессияның ашылуымен құттықтаймын! Ел игілігі үшін жасап жатқан қызметтеріңізге табыс тілеймін.

Өткен сессияда жемісті жұмыс жүргізілді. Атап айтқанда, Парламенттің екінші сессиясында 102 заң қабылданды. Оның ішінде қоғамдық бақылауға, адам саудасына қарсы күреске қатысты заңдар бар. Сондай-ақ ғылым және технология саясатын, жылу энергетикасын, басқа да мәселелерді реттейтін заңдар күшіне енді.

Әлеуметтік салаға, әсіресе, балаларды қорғау ісіне айрықша көңіл бөлінді. Ұлттық қордан балалардың есепшотына қаржы аударуға қатысты заң қабылданды. Балаларды құмар ойынға тартқандар әкімшілік заң бойынша жазаға тартылатын болды. Кәмелетке толмаған балаларға зорлық-зомбылық көрсеткені үшін берілетін жаза қатаңдады. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, әйелдер мен балаларға қатысты қылмыстың алдын алуға арналған заң қабылданды.

Қазір көптеген азаматтың мойнында бірнеше несие бар екені жасырын емес. Бұл – өте өзекті мәселе, қоғамдық қатер десек те болады. Сондықтан осы бағытта арнайы заңдар қабылданды.

Халықтың әл-ауқатын жақсартуға септігі тиетін басқа да көптеген шара қолға алынды. Сіздер бұл жұмыспен тікелей айналысып, халықпен әрдайым тығыз байланыста болдыңыздар.

Мұның бәрі «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасын орнықтыруға ықпал ететіні сөзсіз.

Табанды еңбектеріңіз үшін баршаңызға ризашылығымды білдіремін. Дегенмен арқаны кеңге салуға болмайды. Әлі де атқаратын шаруа көп.

Қазақстан халқы қазір мүлде жаңа саяси жағдайда өмір сүруде. Соңғы 5 жылда ауқымды реформалар жасалды. Еліміздің саяси жүйесі түбегейлі өзгерді. Жұрттың сана-сезімінде бетбұрыс болып жатыр. Халықтың құқықтық мәдениеті артып келеді.

Азаматтардың бойында жаңа әдеттер, дағдылар қалыптасып, жаңа құндылықтар орнығуда. Саяси және қоғамдық болмысымыз, менталитетіміз және мәдени кодымыз өзгере бастады.

Бір сөзбен айтсақ, Әділетті Қазақстан құрылып жатыр. Мұның бәрі, ең алдымен, халықтың қалауымен жасалуда. Сондықтан біз алған

бетімізден қайтпаймыз, бағытымыздан таймаймыз. Бүгін біз алға қойған жоспарымызды пысықтап, мақсаттарымызды айқындаймыз.

Қазір жер жүзінде геосаяси текетірестер белең алып тұр. Соған қарамастан Қазақстан бейбіт әрі эволюциялық жолмен дамып келе жатыр.

Біз дамудың жаңа бағдарын белгіледік. Экономиканы әртараптандыру ісіне тың серпін бердік. Инфляция баяулады, яғни былтырғы ең жоғарғы деңгейден 2,5 есе төмендеді. Еліміздің халықаралық резерві 100 миллиард доллардан асты. Өңдеу өнеркәсібі тау-кен саласымен салыстырғанда жылдам өсіп жатыр.

Біз осы қарқынды жоғалтпауымыз керек. Бұған дейін жасалған қолайлы жағдайды тиімді пайдаланып, жаңа инвестициялық кезеңді бастауымыз қажет.

Үкімет және әкімдер экономиканың құрылымын өзгертуге баса назар аударуға тиіс. Еліміздің тұрақты дамуына мүмкіндік беретін жаңа тетіктерді қарастырған жөн. Басты мақсат – азаматтардың табысын арттыру. Жұмысты дұрыс үйлестіре білсек, бұл – қолдан келетін шаруа.

Экономика өскен сайын әлеуметтік теңсіздік азайып, орта тап күшейе түсуі керек. Сонда ғана біз еліміздің әлеуетін күшейте аламыз. Ол үшін кез келген істің басты өлшемі тиімділік болуға тиіс. Яғни, әрбір шешім, әрбір жоба ең алдымен елге пайдалы болуы қажет.

Енді алдағы жұмыстың нақты бағыттарына тоқталайын.

БІРІНШІ. Ақша-несие саясаты мен фискалды саясаттың арасындағы үйлесімсіздікті жою қажет.

Қазір нақты секторға несие әлі де ойдағыдай берілмей жатқанын ашық айтуымыз керек. Шағын және орта бизнесті жеткілікті қаржыландыру мәселесі де шешімін тапқан жоқ. Бұл жағдай еліміздегі іскерлік ортаның белсенділігіне, экономиканың тұрақтылығына және дәйекті дамуына кедергі келтіріп отыр. Үкімет пен Ұлттық Банк бірлесіп, осыған қатысты оңтайлы шешімдер ойластыруы керек. Банктердің экономикаға көбірек қаржы құюына жағдай жасау қажет.

Халықаралық сарапшылар қазақ банктерін ресурсқа бай елдер ішіндегі ең көп пайда табатын банктер санатына қосады. Сондықтан осы саладағы салық мөлшері әділ белгіленуге тиіс. Банктердің акционерлері дивидендіне сәйкес салық төлеуі керек. Банктерге мемлекет көрсеткен көмек тұрғысынан қарасақ, бұл – өте орынды ұстаным.

Цифрлық активтердің айналымын қамтамасыз ету және банк саласына инновацияларды қауіпсіздік талабына сәйкес енгізу үшін оны реттейтін тетіктердің тұрақты болуы маңызды.

Бізге Банктер туралы жаңа заң қажет. Бұл құжатта экономикалық белсенділікті қолдау және финтех саласын қарқынды дамыту сияқты өзекті мәселелер шешімін табуы керек. Қазір қолданып жүрген заң шамамен 30 жыл бұрын қабылданған. Ол кезде заман да мүлде басқа болды.

Ашығын айтуымыз керек, бізде республикалық бюджеттің кіріс бөлігі орындалмай жатыр. Бұл – бұрынғы және қазіргі Үкімет

жұмысындағы үлкен олқылық. Мұндай жағдай жиі қайталанса, түптеп келгенде, еліміздің дамуын тежейді. Сондықтан оған жол бермеу қажет. Бюджет қаржысын тиімді пайдаланып, оның шығыс бөлігін шектеп, қатаң бақылауда ұстаған жөн. Үкімет Ұлттық Банкпен бірлесіп, осы мәселеге қатысты нақты шаралар қабылдауға тиіс.

Мемлекет қаржысының тұрақтылығын қамтамасыз етудің бірден бір жолы – көрпеге қарай көсілу. Сондықтан бюджет қаражатын стратегиялық маңызы жоқ, аса шұғыл емес шаруаларға оңды-солды шашуды доғару керек.

Бюджетаралық қарым-қатынасты да ретке келтіру қажет. Шағын және орта бизнестен түсетін салықты аймақтардың өзінде қалдыру дұрыс әрі уақтылы қабылданған шешім болды. Бұл қадам кәсіпкерліктің дамуына едәуір серпін берді. Сонымен қатар әкімдердің дербестігін арттырды. Алайда кейбір әкімдер қосымша кіріс көзіне ие болған соң, оны елге пайдасыз іске шашып, тиімсіз жұмсайтын болды. Аса маңызды емес міндеттер мен жобаларға қаржы бөле бастады.

Үкімет бюджет тапшылығының орнын толтыратын қаржы көзін табу үшін тиімді компенсациялық тәсілдер ойластыруы қажет.

Енді Ұлттық қордың рөліне жеке тоқталайын. Қордың қаражатын, ең алдымен, мемлекет мүддесі үшін, яғни еліміздің стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру үшін пайдалану қажет. Ұлттық қор шетелдік қаржы институттарына қызмет етпеуі керек. Ұлттық қор – ұзақ мерзімге арналған макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ететін аса маңызды құрал. Сондықтан оны тиімді басқару қажет.

Экономиканы қарқынды дамыту үшін тек мемлекет қаржысына сүйену жеткіліксіз екені анық. Жеке инвестициялар тарту арқылы іскерлік белсенділіктің артуына қолайлы жағдай жасаған жөн. Ол үшін, ең алдымен, салық саясаты тұрақты болуға тиіс. Сонда бизнес те сапалы дамуға ынталы болады және жауапкершілікпен жұмыс істейді.

Жаңа салық кодексі қазіргі жүйені қайта жаңғыртуға арналған. Бұл құжат салықтық әкімшілендіру ісінің салық төлеушілерге деген сенімге негізделген мүлде жаңа жүйесін қалыптастыруға тиіс. Кодекстің ережелерін әркім әрқалай қабылдамауы үшін оны жеңілдетіп, экономикалық тұрғыдан белсенді азаматтың бәріне бірдей түсінікті ету өте маңызды.

Салық режимдерін кәсіпкерлерге жасалған қолайлы жағдайдың нашарлап кетпеуін ескере отырып, оңтайландырған жөн. Бөлшек салықтың енгізілуін мысал ретінде айтуға болады. Осы нормаға сенім артқан кәсіпкерлер қызметін ашық жүргізе бастады, кәсіптерін бөлшектеуді азайтты.

Алайда бұл режим негізінен халықпен тікелей жұмыс істейтін кәсіпкерлерге қатысты болуға тиіс.

Тұтынушыларға арналған қызметтер мен сауда-саттықтың мүмкіндіктері толық пайдаланылса, экономиканы дамыту, салық түсімдерін арттыру және халықты жұмыспен қамту шаралары тезірек нәтиже береді.

Фискалды реформа табысты болсын десек, салықтық әкімшілендіру ісін жаппай цифрландыру керек. Сыбайлас жемқорлыққа қатысты сын-қатерлерді барынша азайтып, салық саласындағы үдерістердің ашық болуын қамтамасыз ету үшін оны тезірек электронды форматқа көшірген абзал.

Бүкіл салық саясатын жиі өзгеріп жатқан фискалды ахуалға бейімдеу керек, соның ішінде салық мөлшерлемесін де қайта қараған жөн.

Жеке табыс салығының мөлшерлемесін азаматтардың кірісіне қарай дифференциациялау қажеттігі туындап отыр.

Салықтық әкімшілендіру ісінде жазалау тәсілінен де бас тартқан абзал. Мәжбүрлеу шараларын қолданбай-ақ, хабарлама жіберу арқылы өндірілетін салық берешегінің жоғарғы шегін көтеруге болады деп ойлаймын. Ал салық берешегі осы шектен асып кетсе, қарыз сомасы аясында ғана шектеу қойылуға тиіс. Яғни, борышкердің банктегі есепшоты толық бұғатталмайды. Берешек сомасы тым көп болған жағдайда, кепілге мүлік қоюды талап етпей, қарызды бөліп төлеуге мүмкіндік берген жөн.

Жоспарға сай тексеру тәсілінен біржола бас тартуға тырысу керек. Ол үшін қатерлердің алдын алу жүйесін жетілдіру қажет.

Салық жеңілдіктерінің тиімділігін арттыру өзекті мәселеге айналды. Кәсіпкерлер өздері пайдаланатын салық жеңілдіктері бойынша есеп беруге тиіс. Бизнесті дамытуға нақты септігі тиетін жеңілдіктерді ғана қалдырған абзал. Мысалы, өндірісті өркендетеміз деген инвесторларға артықшылық беруге болады. Яғни, құрылыс салуға, активтерді сатып алуға, жаңғыртуға және қайта құруға бір реттік салық жеңілдігін берген жөн. Терең өңделген өнімді экспортқа шығаратын кәсіпкерлерге жеңілдіктер беру маңызды. Олар өзге бизнеске қарағанда көбірек қолдауға ие болуы керек.

Үкімет пен Парламентке жаңа Салық кодексінің жобасына қатысты жан-жақты талқылау жүргізуді тапсырамын.

Қиын болса да, дұрыс шешім қабылдау қажет. Бұл жерде асығыстыққа жол беруге болмайды. Жаңа Салық кодексін сапалы әзірлеу үшін оны қабылдау мерзімін келесі жылға ауыстыруға болады деп санаймын.

Көлеңкелі экономика үлесінің жоғары деңгейде қалуы қаржы саласындағы ахуалды ушықтырып тұр. Оны айтарлықтай төмендету үшін мұқият ойластырылған жан-жақты шаралар қабылдаған жөн. Атап айтқанда, шекарадағы кеден бекеттеріне қатысты барлық жұмысты тез арада аяқтау қажет. Сондай-ақ сыртқы сауда операцияларынан түсетін кірістің басқа елдерге заңсыз өтіп кетуіне жол бермеу керек.

ЕКІНШІ. Инвестициялық ахуалды және бизнес жүргізуге қажетті жағдайды жақсарту жолында үздіксіз жұмыс істеу маңызды.

Дүние жүзінде инвестицияға талас өршіп тұрған кезде елге қаржы тарту үшін «дәл осы жерде және дәл қазір» қағидасы бойынша шешім қабылдау – ең қажет шара. Сондықтан Үкімет жанындағы Инвестиция штабына ауқымды құзырет берілді. Бұл қадам металды терең өңдеу,

мұнай-газ-көмір химиясы, туризм, энергетика және машина жасау сияқты маңызды салалардағы жобаларды жүзеге асыру қарқынын арттыруға жол ашты.

Экономикаға салынған тікелей инвестиция көлемін азайтып алмау үшін осы бағыттағы жұмысты күшейту керек. Кейбір әкімдер мен министрлер инвестор тарту ісіне жөнді атсалыспай отырғанын атап өткім келеді. Үкімет бұл шаруаны ретке келтіруге тиіс.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік арқылы іске асырылатын жобаларды сапалы әзірлеу қажет. Әсіресе, халықаралық қаржы институттары қатысатын жобаларға баса назар аудару керек. Үкіметке халықаралық қаржы ұйымдары мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тәсілімен қаржыландырып, толық жүзеге асыратын ауқымды жобалардың тізімін жасауды тапсырамын.

Мен биыл мамыр айында «Экономиканы ырықтандыру шаралары туралы» Жарлыққа қол қойдым. Бұл құжатта көрсетілген талаптар мүлтіксіз орындалуға тиіс.

Мемлекеттің экономикадағы тікелей үлесі әлі де жоғары деңгейде қалып отыр. Мұндай ахуал нарықтағы теңдік шарттарын бұзады, жеке бастамаларға тосқауыл болады.

Елімізде мемлекеттік кәсіпорындарды басқару саясаты әлі де тиімсіз екенін мойындаған жөн. Олардың мақсат-міндетін, қызмет аясын, қаржыландыру тәсілдерін және жұмысының басқа да тұстарын тиісті заңдармен реттеу қажет. Сонымен бірге холдингтер мен Үкіметтің арасындағы қаржы мәселелеріне қатысты ұстаным тұрақты әрі жүйелі болуға тиіс.

Мен 2022 жылғы Жолдауымда бәрін басынан бастап реттеуді тапсырған едім. Реформаның бірінші кезеңінің өзінде орынсыз әрі қажетсіз 10 мыңнан астам талаптың күші жойылды. Оның бәрі кезінде кәсіпкерлерге кедергі келтірген еді.

Бас прокуратура ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға қолдау көрсете бастады. Инвесторларға «жасыл дәліз» қағидасы бойынша жеңілдіктер берілді. Экономикалық қылмыстардың біразы қылмыс деп танылмайтын болды.

Алайда кәсіпкерлерден мемлекеттік органдардың шектен тыс қадағалап, бақылайтыны туралы шағымдар әлі де түсіп жатыр. Үкімет Бас прокуратурамен бірлесіп, инвестициялық ахуалға әсерін тигізетін жағымсыз үрдістерді жоюы керек.

Былтыр бизнес өкілдерімен өткен кездесуде бұл мәселе бойынша мен нақты ұстанымды айттым. Біз кәсіп иелерімен өзара келісімге келдік, яғни «капиталды заңдастыру» үшін міндетті түрде Қазақстан экономикасына қаржы салу қажет болады.

Ең бастысы, салынған қаржы ел игілігіне жарауы керек. Бұл талапты нормативтік тұрғыдан бекітіп алу қажет.

Тиісті реестрге енгізілген кәсіпкерлермен келісім жасаған кезде мемлекетке қайтарылатын активтерді «заңсыз» деп танымау туралы норманы бекітуге болады. Бұл – шын мәнінде, ірі кәсіп иелерінің мүддесіне сай келетін маңызды қадам. Бірақ, кәсіпкерлер де қаржыны республикалық бюджетке аудару мәселесіне келгенде Үкіметпен және Бас Прокуратурамен тығыз байланыста жұмыс істеуге тиіс. Бұл – әр теңге үшін саудаласпай, қажетті шараның бәрін өз еркімен жасау керек деген сөз. Олар осы елдің азаматы ретінде мектеп, аурухана, стадион, музей және басқа да әлеуметтік-мәдени нысандар салуға қомақты қаржы бөлуге міндетті. Мұндай кәсіпкерлердің есімі жомарт жандардың «алтын тізіміне» жазылады. Ал, одан бас тартқан немесе сөзбұйдаға салған кәсіпкерлерге қатысты әңгіме басқаша болады.

2029 жылға қарай орта бизнестің ел экономикасындағы үлесі 15 пайызға жетуі керек. Бұл – Үкіметтің алдында тұрған маңызды міндет. Қазір бұл көрсеткіш 7 пайыз шамасында. Жыл басында мен орта бизнесті қолдау үшін нақты шешімдер қабылдау жөнінде тапсырма бердім. Яғни, жан-жақты шаралар қолға алынуы керек еді. Алайда, іс жүзінде әлі дайын емес.

Әр кәсіпкер қолдаудың қандай түрі бар екенін және оған қалай қол жеткізе алатынын еш қиындықсыз біліп отыруы қажет. Сонда шағын бизнес орта бизнес санатына өтуге мүдделі болады. Бізде қазір қолдау шараларының 100-ден астам түрі бар. Бұдан білікті маманның өзі шатасуы мүмкін. Сондықтан мемлекеттік қолдау шараларының қаншалықты тиімді екенін мұқият тексеріп шығу керек.

Ұсынылатын жеңілдіктердің бизнес өкілдеріне түсінікті бірыңғай тізімін әзірлеу қажет. Шағын және орта бизнесті дамыту үшін финтех тәсілдерін пайдалануға болады, бұл мәселе бойынша тиісті ұсыныстар бар.

Агроөнеркәсіп кешеніне инвестиция тарту – өте маңызды міндет. Тасқын судан болған қиыншылықтарға қарамастан, диқандарымыз егін егу жұмысын дер кезінде аяқтады. Оларға зор ризашылығымды білдіремін.

Биыл егіс науқанына екі есе көп қаражат бөлінді. Алайда агроөнеркәсіпке бөлінетін бүкіл ақшаның 70 пайызы – мемлекет қаржысы. Бұл салаға коммерциялық банктердің қаражатын да тарту қажет. Диқандарға өсімі аз несие беру үшін мемлекеттік қаржы институттарын субсидиялау шаралары қолға алынды. Банктерге қатысты осындай тәжірибені қолдану керек.

Мұның бәрі шаруаларды айналымға қажетті қаражатпен шұғыл қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлық қатерін азайтуға және несие алуды оңтайландыруға жол ашады.

Агроөнеркәсіп кешенін тікелей субсидиялау тәсілінен арзан несие беру тәсіліне біртіндеп көшу – аса маңызды міндет.

Бөлінген қаражаттың бәрі тиімді жұмсалуға тиіс. Алайда шындыққа жанаспайтын ақпарат беру, басқаша айтқанда, мәліметтерді бұрмалау ауыл шаруашылығындағы шынайы ахуалды бағалауға кедергі келтіріп отыр.

Арнайы комиссия 2 миллион ірі қара және 3 миллионнан астам уақ мал санда бар, санатта жоқ екенін анықтады. Егін шаруашылығы саласында да осындай жайттар бар екені белгілі болды. Шын мәнінде, мұның бәрі – мемлекеттен субсидия алу үшін жасалған көзбояушылық. Ондай қылмыстық әрекеттерге тосқауыл қою қажет. Ал, мұндай іспен айналысқан адамдарды жауапкершілікке тарту керек.

Жер – ауыл шаруашылығы саласына инвестиция тартудың басты кепілі.

Жер телімдерін қайтару жөніндегі арнайы комиссия әкімдіктердің ауыл шаруашылығы алқаптарын конкурс өткізбей-ақ беру туралы екі мыңнан астам заңсыз шешім қабылдағанын анықтады. Бұл мәселе қатысты екіұшты ұстаным болмауы қажет.

Заңсыз алынып, пайдаланылмай жатқан жер оңтайландырылған рәсім бойынша мемлекетке қайтарылуға тиіс. Ал, жерді пайдаланушы оған инвестиция салып, адал еңбек етіп жатса, жұмысқа бөгет жасамау керек. Сондай-ақ оның ауылды көркейтіп, тұрғындарға тұрақты жұмыс беріп отырғанын да ескерген жөн.

Көптеген меншік иесі өздері пайдасын көріп отырған жерден мыңдаған шақырым алыста тұрады, ондағы ауыл тұрғындарына қамқорлық жасау ойына кіріп те шықпайды. Бізге мұндай жер иелерінің қажеті жоқ. Үкімет пен Бас прокуратура оларға қатысты мәселені мықтап қолға алуға тиіс.

Азаматтар, әсіресе, ауыл тұрғындары заңды түрде табысты жұмыс істеп, болашағының қамын өзі ойлауы керек. Оларды осыған ынталандыру – мемлекеттің басты міндетінің бірі.

Былтыр «Ауыл аманаты» жобасы басталды. Жалпы нәтижесі жаман емес. Енді осы жоба аясында тағы бір жаңа тәсілді, яғни «тауар несиесін» беру мәселесін қарастыру қажет.

Ауыл тұрғындарына өз өнімдерін өңдеуге және сатуға мүмкіндік беретін инфрақұрылым құру өте маңызды.

Әр ауданда азаматтарға түрлі ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруді үйретететін орталық ашу қажет. Осындай жоба «Amanat» партиясының бастамасымен Жамбыл облысы Меркі ауданында жүзеге асырылды. Үкімет пен әкімдер бұл тәжірибені басқа да аймақтарға таратуды ойластыруы керек.

Жалпы, отандық бизнеске және шетел инвесторларына жол ашу – Үкімет пен барлық мемлекеттік органның міндеті. Ал олардың, яғни бизнестің және инвесторлардың заңды қызметіне кедергі жасау аса ауыр құқық бұзушылық деп саналуға тиіс. Демек ондай әрекетке жол бергендер тиісті жазасын алады. Мен бұл туралы үнемі айтып жүрмін.

Ал кәсіпкерлер мен инвесторлар өз жұмысын адал жүргізіп, заңды сақтап, салық төлеуден жалтармауы керек.

ҮШІНШІ. Еліміздің өнеркәсіп әлеуетін толық пайдалану үшін жан-жақты шаралар қабылдау қажет.

Үкімет 17 ірі жобаның тізімін жасады.

Онда терең өңдеу тәсілін меңгеруге басымдық берілген.

Өз шикізатымыз бен құрал-жабдықтарымызды барынша пайдалану, ірі кәсіпорындарға жапсарлас өндірістер ашу маңызды.

Мен жуырда Қарағанды облысында болдым. Сол кезде «Qarmet» металлургия комбинатына бардым. Отандық инвестор келген соң, ондағы ахуал едәуір тұрақталды. Кәсіпорын жаңғыртыла бастады. Бұл қадам өндірілетін өнім көлемін айтарлықтай арттыруға тиіс.

Саран қаласының экономикасын әртараптандыру жұмысы жүргізіліп жатыр. Онда автокөлік доңғалағын және тұрмыстық техника шығаратын өндірістер іске қосылды. Соның арқасында бұл елді мекен моноқалалар санатынан шығарылды. Басқа да моноқалаларға дем беру үшін осы тәжірибені қолдану қажет.

Жалпы, аймақтардың өсіп-өркендеуіне жол ашатын жаңа өндіріс орындарын барынша дамыту керек.

Биыл арнайы Жарлықпен Алатау қаласы құрылғанын білесіздер. Бұл қала қарқынды дамитын, инновация кеңінен қолданылатын әрі білікті мамандар жұмыс істейтін орынға айналуы қажет. Үкімет онда жайлы өмір сүріп, табысты еңбек етуге, инвестиция салуға қолайлы жағдай жасауға тиіс.

Автокөлік құрастыру ісінде оң нәтижелер бар. Осы қарқынды сақтап, жергілікті өндіріс көлемін ұдайы арттыру керек. Мемлекеттің автокөлік өнеркәсібіне көрсетіп жатқан жан-жақты қолдауы түптің түбінде толыққанды автокөлік құрастыру кластері ретінде елдің игілігіне айналуы қажет.

Мұнай-газ-химия саласын одан әрі дамыту – маңызды міндет.

Біз полипропилен және полиэтилен шығаратын ірі өндірістік жобаларды жүзеге асыра бастадық. Бутадиен, карбамид, терефтал қышқылын өндіруге арналған басқа да болашағы зор жобалар қолға алынып жатыр.

«Орта Азия – Орталық» магистральді газ құбырының елімізге тиесілі 800 шақырымнан астам бөлігін жаңғырту жұмысы өте қысқа мерзімде аяқталды. Газ тасымалдау бағдарларын әртараптандыру және оның қуатын арттыру қажет. Тұрғындарды және экономиканы газбен қамтамасыз ету – Үкіметтің басты міндетінің бірі. Былтыр бірқатар газ кеніші игеріле бастады. Сондай-ақ жылына жалпы көлемі бір миллиард текше метр газ өндіретін жаңа кен орындарын игеру жоспарланып отыр. Әзірге бұл жобалар толық іске қосылған жоқ. Сондықтан газды ішкі нарыққа тиімді бөлу қажет. Жылу электр орталықтарын және қарапайым тұтынушыларды көмір орнына газ жағуға көшіру жұмысын байыппен жүзеге асырған жөн.

Үкіметке Жаңаөзендегі, Қашағандағы және Қарашығанақтағы газ өңдеу кәсіпорындарының құрылысын тездетуді тапсырамын. Бұл – басты міндет.

Осы саланы табысты дамыту үшін инвестицияның қайтарымын қамтамасыз ететін пәрменді ынталандыру шараларын қысқа мерзімде қабылдау, соның ішінде ақылға сыйымды тарифтер мен көтерме бағаларды белгілеу керек.

Газ кеніштеріне геологиялық барлау жасау үшін жаңа инвестиция тарту тұрғысынан алғанда бұл шаралар өте маңызды. Әйтпесе, экономиканы қажетті көлемде газбен қамтамасыз ету мүмкін емес.

ТӨРТІНШІ. Инфрақұрылымға қатысты өзекті мәселелерді шешу қажет.

Бұл жұмыс, ең алдымен, энергетика және коммуналдық шаруашылық саласында жүргізілуге тиіс.

Қазір энергия өндіретін жаңа нысандар салу үшін берілетін несие шарттарын қолайлы деп айта алмаймыз. Сондықтан Үкімет қаржы институттары арқылы ұзақ мерзімге арналған қолжетімді несие беру жолдарын ойластыруға тиіс.

Мемлекеттің ұзақ уақытқа арналған нақты тариф саясаты, яғни тиісті жоспары болуы керек. Бұл – осы салаға «ұзақ мерзімге инвестиция тартудың» негізгі шарты. Алайда тұтынушыларға арналған тарифтің орынсыз өсуіне жол беруге болмайды.

Энергетика және коммуналдық шаруашылық саласын жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны жыл соңына дейін бекіту керек. Коммуналдық ресурстарды үнемдеу мәдениетін қалыптастыру – өте өзекті мәселе.

Келесі жылдан бастап нақты ережелер енгізілуге тиіс. «Көп тұтынсаң – көп төлейсің» қағидатын басшылыққа алу қажет. Алайда тұтынушылар жеке монополистердің шырмауында жалғыз қалмауға тиіс.

Заңнамаға әлеуметтік маңызы бар қызметтер деген ұғым енгізілуі керек. Оны мемлекеттік қызмет көрсету үдерісі сияқты реттеген жөн.

Қазір әлемде энергия тапшылығы күшейіп барады. Елімізге сенімді және экологиялық таза қуат көздері аса қажет. Сондықтан біз атом энергетикасын дамытуға баса мән беруіміз керек деп ойлаймын.

Себебі экономикамыз күн өткен сайын мол энергияны қажет етуде. Мұндай сұранысты атом энергетикасы қамтамасыз ете алады. Қазір дамыған және дамушы 30 мемлекетте 200-ге жуық атом электр стансасы жұмыс істеп тұр.

Біз еліміздің өзіне тән ерекшелігін және ұзақ мерзімге арналған ұлттық мүдделерімізді ескере отырып, тек алға қарай жүруіміз қажет. Бір сөзбен айтсақ, болашақты ойлауымыз керек. Сондықтан мен атом электр стансасын салуға қатысты барынша байыпты шешім қабылдау қажеттігін ұдайы айтып келемін.

Стратегиялық жоспарларды қоғамда кеңінен талқылау керек деп санаймын.

Ел өміріндегі әрбір маңызды қадам жұртшылықпен бірлесіп жасалуға тиіс. Атом электр стансасы туралы референдумға қатысты да дәл солай болуы керек. Былтыр мен бұл мәселе бойынша өз пікірімді айттым, яғни,

референдум тақырыбының қоғам талқысына түскеніне бір жыл болды. Бұл азаматтарымыздың жан-жақты ойланып, салмақты шешім қабылдауына жеткілікті мерзім деп ойлаймын. Сондықтан мен Үкіметтің ұсынысын қолдаймын.

Атом электр стансасын салу мәселесіне қатысты жалпыұлттық референдум биылғы 6 қазанда өтеді. Бүгін тиісті Жарлыққа қол қоямын.

Алдағы референдум кең ауқымды жалпыұлттық диалогтың тағы бір айқын көрінісі болмақ. Шын мәнінде, бұл – «Халық үніне құлақ асатын мемлекетке» тән сипат. Біз осындай қадамдар арқылы жаңа қоғамдық-саяси мәдениеттің негізін қалаймыз. Маңызды мемлекеттік шешімдер қабылдаудың жаңа үлгісін жасаймыз.

Келесі мәселе. Көлік-логистика секторын дамыту – стратегиялық мәні айрықша басымдық.

Еліміз Еуразия құрлығының дәл ортасында орналасқан. Бұл – бізге әлемдік бәсекеде зор мүмкіндік беретін артықшылық. Сондықтан көлік инфрақұрылымына салынып жатқан әрбір инвестиция өзін-өзі ақтайтыны сөзсіз.

Біз кейінгі ұрпаққа жоғары сапалы авто және теміржолдарды қалдыруымыз керек. Сондай-ақ тиімді жұмыс істейтін әуе хабтарын, теміржол бекеттері мен теңіз порттарын салуымыз қажет. Бұл ретте бірқатар кешенді мәселені шешкен жөн.

Теміржол саласында реформа жасау үшін тариф жүйесі қайта қаралуы керек. Бұл – айдан анық нәрсе. Жаңа тарифтер теміржол желісін қалыпты жағдайда сақтауға және оның тасымал қабілетін арттыруға мүмкіндік береді.

«Қазақстан темір жолы» компаниясы үш ірі инфрақұрылымдық жобаны қолға алды, яғни теміржол салып жатыр. Оның жалпы ұзындығы мың шақырымнан асады. Бұл жобалар бекітілген мерзімде және өте сапалы іске асырылуға тиіс.

Автокөлік жолдарының жай-күйі – өзекті мәселе. Мен бұл туралы осыған дейін де айттым. Биыл елімізде 12 мың шақырымға жуық жол салынып, жөнделіп жатыр. Қазақстанда мұндай ауқымды жұмыс бұрын-соңды болмаған. Астана-Алматы, Ақтөбе-Атырау-Астрахань, Талдықорған-Өскемен бағытындағы күре жолдарды қайта жаңғырту жұмыстары аяқталып қалды. 2,5 мың шақырымға созылатын облысаралық және ауданаралық жолдарды орта деңгейде жөндеуге арналған бағдарламаның мән-маңызы зор. Дәл осы жолдармен жұрт өте жиі жүреді. Сондықтан бағдарламаның ауқымын кеңейтіп, оған кемінде 10 мың шақырым жолды қамтуды тапсырамын.

Әрине, мұнда саннан гөрі сапа маңыздырақ. Сол үшін инновациялық заманауи әдіс-тәсілдерді кеңінен қолданған абзал. Бұл жұмысқа қоғамдық бақылауды күшейту үшін бірыңғай цифрлық платформаны іске қосқан жөн. Онда барлық жолды, соның ішінде, қала аумағындағы жолдарды салуға және жөндеуге қатысты ақпарат болуы керек.

Қазақстан цифрландыру саласында қол жеткізген жетістіктерін еселей түсуге тиіс. «Электронды үкімет» платформасына жасанды интеллект технологиясын барынша енгізу қажет. Қазақстан жасанды интеллектіні кеңінен қолданатын және цифрлық технологияларды дамытып жатқан елге айналуға тиіс. Бұл – Үкіметтің басты міндетінің бірі. Парламент депутаттарын осы жұмысқа атсалысуға шақырамын.

Келесі жылы Астанада Жасанды интеллект ұлттық орталығын іске қосу керек. Бұл орталық оқушылар, студенттер, ғалымдар және кәсіпкерлер үшін әрдайым ашық болады.

Цифрлық активтер мен майнингті заңмен реттеп, криптобиржаларды одан әрі дамыту ісін жалғастырған жөн. Елімізде экономикаға қажетті электр қуатын өз керегіне шамадан тыс пайдаланатын, сөйте тұра салықты аз төлейтін кәсіпкерлер бар. Міне, осындайларды жөнге салу керек.

2025 жылы Каспий теңізі арқылы талшықты-оптикалық байланыс желісін тарту жобасы аяқталмақ. Еліміз үшін бұл жобаның маңызы зор. Сол арқылы мәліметтердің халықаралық арнасымен және трансшекаралық ағынымен байланысты цифрлық инфрақұрылым құра аламыз.

Жалпы, телекоммуникация желілері мен дата-орталықтарын барынша жетілдіруге, кибер-қауіпсіздіктің әлемдік стандарттарын енгізуге және мамандарымыздың біліктілігін арттыруға қатысты жұмысты жалғастыру керек.

Әуе хабтарын дамыту – өте маңызды міндет.

Қазақстанның әуе кеңістігі арқылы жыл сайын 150 мың тоннаға жуық жүк тасымалданады. Алдағы төрт жылда бұл көрсеткішті екі есе ұлғайтуға болады. Әуежайларымыздың жүк тасымалдау мүмкіндігін арттыру үшін барлық жағдайды жасау керек.

Ішкі әуе бағдарларын дамытуға айрықша назар аударған жөн. Бұл, әсіресе, негізгі туризм нысандарының инфрақұрылымын жақсарту үшін маңызды.

Балқаш және Алакөл демалыс аймақтарындағы ұшу-қону жолақтары толық жаңғыртылды. Катонқарағай, Зайсан және Кендірлі өңірлерінің де туристік әлеуетін дұрыс пайдалану қажет. Осындай демалыс аймақтарында сапасы жоғары жол инфрақұрылымы бар әуе бекеттері мен әуежайлар салу керек.

Өнеркәсіпті дамыту қорының есебінен кіші авиация ұшақтарын алған жөн.

Туризм жобаларын жүзеге асырғанда табиғатқа зиян келтірмей, экологияны сақтау барынша маңызды екенін ерекше атап өткім келеді.

Келесі. Ирригация жүйелері және жалпы су шаруашылығы мәселесімен мұқият айналысу қажет.

Көктемдегі алапат тасқын бүкіл еліміз үшін үлкен сынақ болды. Сол қиын күндерде біз ынтымағы жарасқан ел екенімізді көрсеттік. Қазақстанның әр аймағынан жиналған еріктілер мен жанашыр азаматтар зардап шеккен жұртқа көмек қолын созды. Менің елдік істен шет қалмау

туралы үндеуіме ірі бизнес өкілдері де қолдау білдірді. Мемлекеттің батыл әрекеті мен халықтың өзара тілектес болуының арқасында аса қиын жағдайдан аман-есен өттік. Дегенмен, орталық және жергілікті билік өкілдері осы оқиғадан сабақ алуы керек.

Қазіргі заманда біз кез келген қатерге дайын болуымыз қажет. Сондықтан қарғын суды жинап, диқандардың қажетіне жарату үшін оны дұрыс сақтай білген жөн. Гидрология бекеттерін жөндеп, жаңғырту қажет. Суды барынша үнемдеу жұмысын ұйымдастыру керек. Бұл – ең алдымен, ауыл шаруашылығына қатысты мәселе, яғни су үнемдеу технологиясын, әсіресе, ауыл шаруашылығында кеңінен қолдану қажет.

Су қорын жинап, оны тиімді пайдаланып, ирригация жүйесін дұрыс қолдана алсақ, бұл салаға да инвестиция тартуға болады. Сондықтан тариф саясатын реттеп, инвесторларға тиімді қолдау шараларын ұсыну қажет. Бұл – Үкіметтің алдында тұрған маңызды міндет. Нақты жұмысқа кірісу керек.

БЕСІНШІ. Еліміздің кадрлық әлеуетін біртіндеп арттыру өте маңызды.

Экономиканы білікті мамандармен қамтамасыз ету – аса өзекті міндет. Ең алдымен, су, энергетика, құрылыс және басқа да салаларда қатты байқалып отырған кадр тапшылығын жою қажет.

Сондай-ақ болашақта сұранысқа ие болатын кәсіптер үшін білікті мамандар даярлау керек. Бұл бағытта нақты жұмыстар басталды.

Үкімет жоғары білім саласын халықаралық білім беру кеңістігімен ықпалдастырып жатыр. Қазірдің өзінде елімізде шетелдің белгілі 23 жоғары оқу орны жұмыс жүргізе бастады.

Оларға мейлінше қолдау көрсету керек. Атап айтқанда, маман даярлауға берілетін мемлекеттік тапсырысты біртіндеп көбейткен жөн. Бұл тәсілді білім бағдарламасы заман талабына сай келетін өз оқу орындарымызға да қолдануға болады.

Осы ретте грант құны жастарды сапалы оқытуға мүмкіндік беруге тиіс. Мемлекет қаржысын университеттің бәріне шашып, оңды-солды тарата беруге болмайды.

Үздік университеттердің нақты сектормен байланысын нығайту керек. Инновациялық саясатты еліміздің ғылыми-технологиялық басымдықтарымен үйлестіру қажет. Мұндай қадам әр саладағы инновацияға серпін береді. Сондай-ақ жоғары оқу орындарындағы қолданбалы ғылымның әлеуетін арттырады. Сонымен қатар ғалымдардың шетелдегі тағылымдамасын әншейін синекураға және «академиялық туризмге» айналдырмау керек.

Жоғары оқу орындары ғана емес, техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері де білікті кадрлар даярлауы қажет. Үкімет колледжде жақсы оқыған түлектерді мамандығы бойынша мемлекеттік қызметке алу мүмкіндігін қарастыруға тиіс.

Кәсіптік білім беру саласына реформа жасау – айрықша өзекті мәселе. Бұл – экономиканың өсімін қамтамасыз ету және инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін аса қажет қадам.

Мен 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялаймын. Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Сондай-ақ біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз.

Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек. Бұл біз ұсынып отырған «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатына толық сай келеді.

Бір сөзбен айтқанда, біздің қоғамда еңбекқорлық, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануға тиіс. Өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады. Сондықтан біз еңбек адамының мәртебесін көтеріп жатырмыз. Бұл бағыттағы жұмыс тоқтамайды, жалғаса береді.

Жұмыстың жаманы жоқ, кез келген еңбек – қадірлі. Ең бастысы, әркім жауапкершілікті терең сезініп, өз міндетін сапалы атқаруға тиіс. Сонда ғана еліміз дамудың сара жолына түседі.

Халқымызда «Жұмыстың көзін тапқан байлықтың өзін табады» деген сөз бар. Кәсібіне адал әрі жауапкершілікпен қараған адам қашанда лайықты бағасын алады. Бұл түсінікті қоғам санасына сіңіру қажет. Азаматтарға құрметті атақ берудегі түпкі мақсатымыз да – осы. Бұған дейін мұғалімдерге, дәрігерлерге және мәдениет қайраткерлеріне осындай атақтар беріле бастады. Бұл – өте жақсы бастама, оның аясын кеңейту керек.

Біз түрлі саладағы мамандарға, қатардағы жұмысшыларға құрмет көрсетуіміз қажет. Бәсекеге қабілетті экономикасы бар озық ел боламыз десек, ең алдымен, адал еңбекті бағалаған абзал. Сондықтан инженерлерге, геологтарға, кен орнын игеруші мамандарға, ауыл шаруашылығы, көлік және су саласының қызметкерлеріне, ғалымдар мен өнертапқыштарға берілетін құрметті атақтар мемлекеттік марапаттар санатына қосылады.

Еңбегінің мемлекеттік деңгейде бағалануы барша кәсіп иесіне ерекше шабыт береді, еңбек адамның абырой-беделін көтереді.

Еліміздің кадрлық әлеуетін арттыру ісінде орта білім беру жүйесі өте маңызды рөл атқарады.

Менің тапсырмаммен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы жүзеге асырылып жатыр. 2025 жылдың соңына дейін заманауи үлгідегі 217 мектеп пайдалануға беріледі деп жоспарланған. Осы өте маңызды жұмысты «Самұрық-Қазына» қоры қадағалап отыр. Үкімет пен әкімдер бұл шаруаға белсене атсалысуға тиіс. Депутаттар да ортақ істен шет қалмайды деп ойлаймын.

Үкімет жайлы мектептерді арнайы басқару жүйесін енгізуді ойластыруы керек.

Сонымен бірге еліміздегі 1300 мектепке күрделі жөндеу жүргізу қажет. Үкімет әкімдермен бірге оны қаржыландыру көздерін анықтап, соның ішінде демеушілерден де қаражат тартып, 3 жыл ішінде бұл мектептерді толық жаңартуы керек.

Мемлекет кепілді төлемдер үшін қыруар қаражат бөледі. Оның ішінде жекеменшік мектептерге берілетін қаржы да бар. Мысалы, 250 мыңнан астам бала оқитын жекеменшік мектептерге биылдың өзінде бюджеттен 134 миллиард теңге бөлінді.

Ата-аналар мемлекеттің жеке меншік мектептерге нақты көмек беріп жатқанын білуге тиіс. Осыған орай әр балаға норматив бойынша бөлінген қаражат көрсетіліп тұруы қажет. Сонда азаматтарымыз әлеуметтік бағдарламаларға бөлініп жатқан қаржы туралы шынайы ақпараттан хабардар болады.

Бұдан бөлек, мектептердің жұмысын жақсарту шараларын қолға алған жөн.

Мұғалімдердің біліктілігін арттыруға және әлеуметтік мәртебесін көтеруге көңіл бөлген абзал.

Ұстаздар – ұлттың зияткерлік қуаты. Олар білімді ұрпақ тәрбиелеу арқылы еліміздің өркендеуіне жол ашады. Үздік оқу бағдарламасы, заманауи мектептер, озық басқару жүйесі болса да, ұстаз білікті болмаса, оның бәрі бекер екені анық. Сондықтан педагогикалық жоғары оқу орындарына талапты, қабілетті жастарды қабылдауға баса мән беру керек. Жалпы, бұл бағыттағы жұмыстың беталысы жақсы, оны жалғастыру қажет.

Баланы мектепке дайындау мәселесіне айрықша назар аударған жөн. Мектепке дейінгі тәрбие беру және оқыту ісіне мемлекетпен қатар ата-аналар да жауапты. Сондықтан мектепке дейінгі білім беру саласында әр балаға бөлінетін қаражат отбасының нақты табысына байланысты болуы керек. Осылайша, біз білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру арқылы шын мәнінде мұқтаж азаматтарға көмек көрсетеміз және мемлекеттік қолдаудың ашық болуын қамтамасыз етеміз. Түптеп келгенде, азаматтарымыздың әлеуетін арттырамыз.

АЛТЫНШЫ. Ұлт саулығын нығайту үшін кешенді шараларды қолға алып, халықты әлеуметтік қолдау жүйесін жаңғырту керек.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің енгізілуі денсаулық сақтау саласына қосымша ресурстар әкеліп, жеке меншік медицинаға зор пайдасын тигізді.

Биыл денсаулық сақтау саласына бюджеттен 3,3 триллион теңге қаржы бөлінді. Бірақ, оның нәтижесі әлі көрініп жатқан жоқ.

Медициналық сақтандыру жүйесіне қатысушылар арасында міндеттердің дұрыс бөлінбеуі бұрмаланған ақпараттың көбеюіне әкеп соқтырды. Науқастарға мемлекет кепілдік берген қызметтерді ақылы негізде алуды немесе бірнеше ай бойы кезек күтуді ұсыну жайттары аз емес. Бұған жол беруге болмайды.

Бюджеттің мүмкіндігі мен міндеттемесін ескере отырып, мемлекет кепілдік беретін медициналық көмектің бірыңғай базалық топтамасын жасау қажет. Ал одан асып кеткен шығынның бәрі сақтандыру жүйесі арқылы төленуге тиіс.

Цифрландыру болмаса, мұндай ауқымды өзгерістерді сәтті жүзеге асыру мүмкін емес. Бір-біріне байланысы жоқ ондаған бағдарлама мен

ақпараттар базасының орнына бірыңғай мемлекеттік медициналық ақпарат жүйесін жасау керек.

Жаңа жүйе, меншік түріне қарамастан, мемлекеттік тапсырыс алатын медицина мекемелерінің бәріне толық бақылау жасалуын және мәліметтердің шынайы болуын қамтамасыз етуі қажет. Үкімет осы маңызды мәселені шешуге дереу кірісіп, бұл бағыттағы жұмыстың барысы жөнінде маған және депутаттық корпусқа есеп беріп отыруға тиіс.

Еліміздегі денсаулық сақтау саласын дамыту үшін мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетіктері арқылы ресурстарды белсенді тарту қажет. Өкінішке қарай, шетелдердің мемлекеттік-жекеменшік әріптестікке қатысты озық тәжірибелері заңнамамызда толық көрініс тапқан жоқ. Мұның бәрі жобалардың тиімсіз болуына, бюджетке түсетін салмақтың тым артуына әкеп соқтырады. Бұл тәсілдерді қайта қарап, инвестиция тарту үшін ақылға қонымды тарифтер ұсыну қажет. Үкімет денсаулық сақтау және білім беру саласындағы мемлекеттік-жекеменшік әріптестікке қатысты жаңа нормативтер мен ережелер әзірлеуі керек.

Білікті медицина мамандарының тапшылығы – әлі де өзекті мәселе.

Бұл мәселені шешу үшін, ең алдымен, медицина саласындағы білім сапасын барынша арттырған жөн. Соның ішінде грант құнын білім беру үдерістерінің деңгейіне қарай саралау арқылы белгілеп, тиімді тарату қажет.

Баршаңызға мәлім, мен бұқаралық спортты дамытуға ерекше мән беріп отырмын. Жастарымыз дені сау, мықты азамат болып өсуі керек. Сондықтан ұлт саулығын сақтау үшін бұқаралық спорттың маңызы айрықша. Жақында мен Олимпиадаға қатысушылармен кездестім, спорттағы нақты міндеттер мен басымдықтарға тоқталдым.

Шын мәнінде, бұл саладағы заңнаманы жаңартатын кез келді деп ойлаймын. Заңға енгізілетін өзгертулер бұқаралық спорт пен балалар спортын дамытуға зор серпін береді. Сондай-ақ болашақ жеңімпаздар шоғырын даярлауға жол ашады. Депутаттар осы маңызды заң жобасына айрықша мән бергені жөн деп санаймын.

Келесі мәселе. Әлеуметтік тұрғыдан осал азаматтарға қолдау көрсету – өте маңызды міндет. Сондықтан мемлекет әлеуметтік шығыстарды біртіндеп ұлғайтып жатыр. Қазір бюджеттің жартысынан көбі әлеуметтік салаға жұмсалады.

Балалы отбасыларды қолдау үшін сәби күтіміне өтемақы төлеу мерзімі бір жылдан бір жарым жылға дейін ұзарды.

Зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін азаматтарға биылдан бастап арнайы төлемдер беріліп жатыр. «Ұлттық қор – балаларға» ауқымды жобасы іске қосылды. 7 миллион баланың есепшотына Ұлттық қордың табысынан жалпы сомасы 300 миллиардтан астам теңге аударылды. Дегенмен қазір мемлекет тарапынан қолдау көрсетілген кезде азаматтардың нақты табысы ескерілмей жатқанын мойындау қажет. Басқаша айтсақ, әлеуметтік қолдауға мүлде мұқтаж емес ауқатты отбасылар да мемлекеттен көмек алады. Мұндай жайттар аз емес. Осыны ескере отырып, халықты

қолдау тәсілдерін жетілдіре түсу қажет. Сондықтан, Үкіметке алдағы жылдың басынан бастап «Әлеуметтік әмиян» жобасын жүзеге асыруды тапсырамын.

Мемлекеттік қолдау шын мәнінде мұқтаж адамдарға көрсетілуі қажет. Бір сөзбен, кез келген әлеуметтік көмек әділ, ашық және тиімді болуға тиіс.

ЖЕТІНШІ мәселе. Экологиялық ахуалды жақсарту – алдымызда тұрған негізгі міндеттің бірі. Біз қоғамда қоршаған ортаны қорғаудың мән-маңызын кеңінен дәріптеуіміз керек.

Халықты экологиялық факторлардың жағымсыз әсерінен сақтау қажет. Бизнес өкілдері табиғатты қорғау ісіне зор жауапкершілікпен қарауы керек. Үкімет пен «Атамекен» палатасы осы бағытта нақты шаралар қабылдауға тиіс. Бұл салаға озық технологияларды кеңінен енгізу жұмысын жалғастыру қажет. Табиғатты ластайтын қалдықтарға мониторинг жасайтын озық жүйе ойдағыдай жұмыс істеуге тиіс.

Қазақстанның бірегей жануарлар және өсімдіктер әлемін сақтау мәселесі әрдайым өзекті болып қала бермек. Мемлекет алдағы уақытта да кең байтақ даламызды және орманымызды өрттен қорғау үшін барлық қажетті шараны қабылдайды.

Қазақстанның табиғаты өте бай және алуан түрлі. Алайда орман-тоғайлар жеріміздің 5 пайызын ғана алып жатыр. Табиғаттың әр алуандығын сақтау үшін біз орман алқаптарын көбейтуіміз қажет. Бұл міндет еліміздің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін де өте маңызды. Мен Президент болып сайланған күннен бастап осы мәселеге ерекше мән беріп келемін.

Елімізді көгалдандыру жұмысының қарқыны жаман емес. Тоқтап қалмай, оны жалғастыру қажет. «Семей орманы» аясында орман тұқым бағы бар. Бұл – Орталық Азиядағы халықаралық озық талаптарға сай көшет өсіретін бірден-бір кешен. Осы жобаны басқа да орманды аймақтарда жүзеге асырған абзал.

Орман-тоғайды көбейту бүкіл елді жұмылдыратын нағыз халықтық идеяға айналуы керек. Сондықтан ел ішінде ауқымды ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізген жөн.

Баршаңызға мәлім, елімізде көктемнен бері «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы жүріп жатыр. Бұл – тұтас халықты ұйыстырған берекелі бастама.

«Таза Қазақстан» шарасына бірнеше айдың ішінде 3 миллионға жуық азамат атсалысты. Жүздеген мың үйдің ауласы тазартылды, 1 миллион тоннадан астам қоқыс жиналды. Осындай игі шаралардың арқасында қоғамда жаңа мәдениет, жаңа қоғамдық этика орнығып келеді. Мұны туған елге деген сүйіспеншілік, жанашырлық деуге болады. Ұлттың жаңа сапасы осындай нақты шаралар арқылы қалыптасады. Бұл – уақытша науқан емес. Осы маңызды жоба жыл бойы жалғаса беруге тиіс. Себебі, шынын айтқанда, кейбір санасыз азаматтарымыз табиғатты, көшелерді әлі де ластап жатыр. Осындай адамдардың әрекетіне заң бойынша тосқауыл қою керек.

Бір сөзбен, қоршаған ортаның тазалығы әркімнің күнделікті дағдысына айналуы қажет.

Халқымыздың бойында жақсы қасиеттер өте көп. Мысалы, өзге елдер бізді қонақжай, ақкөңіл халық ретінде біледі. Дәл солай тазалық жұртымыздың қанына, жанына сіңген қасиет болуы керек.

«Таза Қазақстанның» аймақтарда сапалы жүзеге асуына әкімдер тікелей жауапты. Олар жұртқа істің мән-маңызын түсіндіріп, жұмысты дұрыс үйлестіруге міндетті.

Аймақ басшысы шаруашылықпен ғана айналыспайды. Әкім қоғамдық, рухани мәселелерді әрдайым назарда ұстауға тиіс. Әрбір басшы елмен етене жұмыс істеуі керек, тұрғындармен сенімді байланыс орнатуы қажет. Сонда жұрт та оның бастамаларын қолдайды, ел үшін пайдалы іске жұмыла кіріседі. Әкімнің абырой-беделі дегеніміз де – осы.

СЕГІЗІНШІ. Мемлекеттік басқару ісінің тиімділігін барынша арттыру керек.

Мен «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын ұсынғалы бес жылдан астам уақыт өтті. Осы уақыт ішінде қоғам мен билік құрылымдары арасындағы қарым-қатынас мәдениетін өзгерте алдық. Пікір білдірудің бірқатар тиімді тетігі және түрлі диалог алаңдары пайда болды. Мемлекеттік қызметшілердің азаматтармен тікелей сөйлесуі қалыпты жағдайға айналды. Бұл тұжырымдама мемлекеттік қызметшілер мінез-құлқының жаңа моделін қалыптастырды. Олар жауапкершілікпен, проактивті, ашық және тиімді жұмыс істей бастады.

Дегенмен мемлекет пен қоғам арасындағы диалогтың сапасын одан әрі арттыра түсу үшін бәріміз адал әрі әділ болуымыз, тек заң аясында әрекет етуіміз, берген уәдеміз бен ісіміз үшін жауап бере білуіміз керек.

Біз талқыланып жатқан мәселелердің мән-жайын біле бермейтін, тым асыра сілтеуге бейім тұратын популистердің қоғамдағы кейбір бастамаларды іліп алып, өз мүддесіне бұрып әкететінін көріп жүрміз. Мұның демократияға еш қатысы жоқ.

Өтініштерді қарауға қатысты жұмыстың бірыңғай экожүйесі қалыптаса бастағаны өте маңызды. Бұл жүйе халықтың қажеттілігі мен талап-тілегін нақты біліп отыруға мүмкіндік береді. Мемлекеттік органдар өз жұмысын жетілдіру үшін азаматтардың өтініштерін талдауға көбірек назар аударуға тиіс.

Азаматтарымыздың соңғы жылдардағы тағы бір талабы – әкімдерді тікелей сайлау жүйесін енгізу. Бұл талап та орындалды.

Ауыл әкімдерін тікелей сайлау жүйесі 2021 жылы енгізілді. Содан бері 2,5 мыңға жуық әкім сайланды. Бұл – барша ауыл әкімдерінің 90 пайызға жуығы деген сөз. Қалғандары әкімнің өкілеттік мерзімі аяқталған кезде өз ретімен сайлана береді. Жаңа әкімдердің 60 пайызы бұрын мемлекеттік қызметте жұмыс істемеген. Олардың арасында әртүрлі кәсіп иелері, түрлі партия өкілдері бар. Орташа жасы – 46 жас. Бір сөзбен айтсақ, халық өзі таңдаған әкімдердің құрамы едәуір жаңғырды.

Былтыр күзде алғаш рет аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін сайлай бастадық. Барлық облыста 45 әкім жаңа тәсілмен сайланды. Біз сайлау нәтижесін және сайланған әкімдердің жұмысын жан-жақты зерделедік. Соның қорытындысы бойынша түбегейлі шешім қабылдадық. Келесі жылдан бастап жаңа жүйеге біржола көшеміз. Бұдан былай аудан және облыстық маңызы бар қалалардың әкімдері тікелей сайлау арқылы ғана қызметке келеді. Әкімдердің өкілеттік мерзімі аяқталуына қарай, яғни ротация мерзімі жеткенде сайлау біртіндеп өткізіле береді. Бұл да – саяси жүйені реформалау ісіндегі кезекті маңызды қадам. Саяси реформа – бір реттік науқан емес. Мемлекеттің дамуына қажет болса, реформалар осылай үздіксіз жалғаса береді.

Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру мәселесі әлі де өзекті. Үміткерді қызметке тағайындаған кезде оның кәсіби және моральдық қасиеттерін мұқият ескерген жөн. Бұрынғы жұмысын қалай атқарғаны да қаперде болуы керек. Меритократия қағидаттарынан ешкім бас тартқан жоқ. Бұл бағыттағы жұмыстың аяқ алысы жаман емес. Қазір мемлекеттік органдардың бәрі кадр жөніндегі бірыңғай ақпараттық жүйеге көшті.

Енді Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мен Үкімет бюджеттен қаржыландырылатын мекемелердің кадр мәселесіне қатысты жұмысын толық автоматтандыруы керек.

ТОҒЫЗЫНШЫ. Қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын терең орнықтыру қажет.

Цифрлық технологиялардың күнделікті өмірімізге жаппай енуі түрлі алаяқтардың көбеюіне әкеп соқтыруда. Оған бәріміз куә болып отырмыз. Сондықтан, қазір қаржы және экономика негіздерін білу, қарапайым цифрлық дағдыларды меңгеру аса маңызды болып тұр. Осы ретте «Amanat» партиясы ұсынған «Қарызсыз қоғам» жобасын атап өткім келеді. Азаматтардың қаржылық сауатын арттыруға арналған осы жобаға былтыр 65 мың адам қатысты. Ал, биыл одан да көп адам қатысады.

Мектептерде, жоғары оқу орындарында қаржылық және цифрлық сауаттылық негіздерін үйрететін білім бағдарламасын енгізу қажет. Бұл жұмысты Үкімет қаржы саласын реттеу органдарымен бірге атқаруы керек. Мұның бәрі азаматтарымыздың әртүрлі алаяқтардың құрығына түсіп қалмауына мүмкіндік береді.

Құзырлы органдардың бәрі заңға бағынатын жұртқа зардабын тигізіп жатқан алаяқтыққа және сол сияқты басқа да заңсыз әрекеттерге қарсы батыл шаралар қабылдауға тиіс.

Қазір «Құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы» заң жобасы әзірленіп жатыр. Осы заңның талаптарын орындау үшін қоғам мен мемлекеттік аппарат күш жұмылдыруы керек. Сонда ғана жағдайды түзетіп, заң үстемдігін және азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ете аламыз.

Кез келген қоғамның, соның ішінде біздің қоғамның да басты ұғымдарға негізделген сұраныстары – әділдік және қауіпсіздік. Осы негізгі сұраныстардың толығымен өтелуі мемлекеттің тиімді жұмыс істейтінін айқын көрсетеді.

Елімізде ауқымды реформалар кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатыр. Саяси жаңғырудың нәтижесінде азаматтарымыздың өз ойы мен пікірін ашық айтып, мемлекеттік шешімдер қабылдау үдерісіне араласуына жол ашылды. Сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан терең өзгерістер жасалып жатыр.

Азаматтарымыздың құқығын қорғау саласында кешенді шараларды қолға алдық. Негізгі мақсат – әділетті қоғам құру және соның арқасында дамудың сара жолына түскен озық ел болу. Сондықтан біз осы бағыттағы маңызды реформаларды жалғастырамыз, жүйелі жұмысты тоқтатпаймыз.

Тағы бір мәселе – азаматтардың қауіпсіздігі. Жеке адамнан бастап тұтас қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету – мемлекет үшін стратегиялық маңызы бар басымдық.

Көптеген елде, тіпті кейбір дамыған мемлекеттердің өзінде қылмыс пен тәртіпсіздік өршіп тұрғанына қарамастан, біз соңғы жылдары қауіпсіз қоғам құру жолында едәуір жетістікке жеттік. Көшедегі, қоғамдық орындардағы қылмыс пен заңсыздық тыйылып келеді. Дегенмен арқаны кеңге салуға болмайды.

Менің басты міндетімнің бірі – Қазақстанды қауіпсіз әрі жайлы елге айналдыру. Құқық қорғау органдарына және басқа да жауапты мекемелерге азаматтардың қауіпсіздігін барынша қамтамасыз ету жүктелді.

Ішкі істер министрлігі ұсақ бұзақылық пен вандализмнен бастап, шетелдіктердің заңсыз көшіп келуіне және басқа да ауыр қылмыстарға қатаң тосқауыл қойып, дереу жолын кесуге міндетті. Құқықтық мемлекетте қылмыс әлеміне орын жоқ, қарақшылықты түп-тамырымен жою қажет. Түрлі экстремистердің, оның ішінде әсіре діншілдердің де елге іріткі салатын әрекеттеріне қатысты ұстаным дәл осындай болуға тиіс.

Құқық қорғау органдары кәсібилік, батылдық және табандылық танытуы керек.

Жол апаттары қоғамның зор алаңдаушылығын туғызып отыр. Жыл басынан бері жол-көлік оқиғасынан 1300-ден астам адам қаза болып, 16 мыңнан астам азамат зардап шекті. Адамдар күн сайын жол үстінде қазаға ұшырап жатыр. Олардың арасында тұтас отбасылар да бар.

Жол-көлік инфрақұрылымын жақсарту және интеллектуалдық жүйені енгізу арқылы жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуге болады. Бұл – жергілікті ғана емес, республикалық жолдарға да қатысты мәселе.

Осы салаға жауапты мекеме автокөліктердің техникалық жағдайына тиісті бақылау жасауы қажет.

Жүргізушілерді даярлау деңгейінің де төмендеп кеткені жасырын емес. Жүргізуші куәлігін арнайы оқымай-ақ алатын жайттар бар. Үкімет, әкімдер, Ішкі істер министрлігі батыл қадам жасауы керек. Депутаттар бұл мәселені назарда ұстауға тиіс.

Әскер қатарында заң мен тәртіптің сақталуы – айрықша маңызды міндет.

Жастар әскерге Отан алдындағы борышын өтеуге барады. Жас сарбаздарымыз өз міндетін алаңсыз орындауы үшін әскер қатарында,

ең алдымен, темірдей тәртіп болуға тиіс. Қарулы күштер мен басқа да күштік құрылымдар осы талапты мүлтіксіз орындауы қажет. Әр ата-ана әскерге кеткен баласын мемлекетке сеніп тапсырады. Сондықтан сарбаздардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне, ең алдымен, армия басшылығы және құқық қорғау мекемелерінің басшылары жауапты.

Тағы бір маңызды міндет – есірткі саудасына және нашақорлыққа қарсы күрес. Бұл – ұлттың генетикалық қорын аман сақтап қалу мәселесі деген сөз. Біз осыған дейін қажетті заңнамалық шараларды қабылдадық. Бірақ, нақты нәтижеге қол жеткіздік деуге әлі ерте. Әрбір мемлекеттік құрылым, әсіресе, құқық қорғау органдары тиімді жұмыс істеп жатыр деп айта алмаймыз. Есірткі мәселесі ушығып барады.

Біз заң мен тәртіп, білім мен парасат үстемдік ететін қоғам құруымыз керек. Азаматтары, әсіресе жастары мәдениетті, жаңашыл әрі жасампаз ұлттың ұпайы түгел. Сондықтан біз өркениетті ел болуға кедергі жасайтын жағымсыз әдеттерден арылуымыз керек. Мен бұл туралы Ұлттық құрылтайдың отырысында айттым. Елдің болашағына кесірін тигізетін бес кеселге тоқталдым. Содан бері біршама жұмыс атқарылды. Вандализмге, лудоманияға тосқауыл қоятын заңдар қабылданды. Вейпке, яғни электронды темекіге тыйым салынды. Қабылданған шаралардың нәтижесі қазірдің өзінде көрініп жатыр. Әлеуметтік кеселдің бәрімен тұтас жұрт болып жұмыла күресу қажет.

Халқымыз қашанда кең пейілімен, толеранттылығымен ерекшеленген. Еліміздің басты құндылығы – бірлік пен келісім ең алдымен, осы қасиеттердің арқасында сақталып отыр. Қазақстанда тіліне, дініне, ұлтына, әлеуметтік жағдайына және басқа да себептерге байланысты ешкімге ешқандай қысым жасалмайды, жасалуы да мүмкін емес. Әрине, мұндай жайттар ара-тұра кездеседі. Бірақ бұл көбіне жекелеген адамдардың сауатсыздығы мен жауапсыздығынан болып жатады. Құқық қорғау органдары әрдайым заң арқылы мұндай оқиғалардың жолын кеседі.

Бұған қоса бізге белгілі кейбір теріс пиғылды адамдар, оның ішінде шетелде жүргендер де бар, мәселені ушықтыру арқылы қоғамдық пікірге ықпал еткісі келеді, елімізге орынсыз шүйлігеді.

Қазақстанның қоғамында да, билігінде де ешқандай «фобия» бұған дейін болған емес, қазір де жоқ, болашақта да болмайды. Сондықтан ақша үшін ел ішіне іріткі салуды көздейтін мұндай жымысқы әрекеттерден түк шықпайтыны анық.

Біз үйлесімді, әділетті әрі тұрақты қоғам құру ісін жалғастыра береміз.

Біз – озық ойлы ұлтпыз. Сондықтан алысты көздеп, түрлі арандатушылық әрекеттерден биік тұруымыз, парасатты ел екенімізді танытуымыз және тек заңға арқа сүйеуіміз керек.

Ылғи да кейін қайырылып, өткенмен өмір сүруге, бұрынғы жүйеден немесе саяси тұлғалардан кінә іздей беруге болмайды. Өз халқыңның тарихын білу керек, бірақ одан тек еңсеңді түсіріп, өзгеге өкпе артуға себеп іздемеу қажет. Қандай қасіретті болса да, өткен оқиғалардан, ең алдымен,

тағылым ала білген жөн. Біз келешекке сеніммен көз тігіп, еліміздің өсіп-өркендеуі мен дамуын ойлауымыз қажет. Мен бұл туралы үнемі айтып келемін.

Тағы да қайталап айтамын: біздің қоғамымызда заң мен тәртіп үстемдік құруға тиіс. Бұл – бүкіл қоғамның және әр адамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты ең басты талап. Біз сонда ғана Әділетті, Таза және Қауіпсіз Қазақстанды құра аламыз. Осы стратегиялық мақсатымызға жету үшін еліміздің бейбіт өмір сүруіне және тұрақты дамуына қолайлы сыртқы жағдай қалыптастыруымыз қажет. Бұл – қазіргі аса күрделі геосаяси ахуал кезінде өте жоғары кәсібилікті талап ететін дипломатияның міндеті.

Қазақстан бейбіт және теңгерімді сыртқы саясатты қатаң ұстанып келеді. Еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігін нығайту, шетелдегі азаматтарымыздың құқықтарын қорғау, ұлттық мүдделерімізді ілгерілету, экономикаға инвестиция тарту – дипломаттарымыздың басты міндеті. Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысын қатаң ұстана отырып, көп жақты ынтымақтастық орнатуға қашанда дайын екенін паш етіп келеді. Еліміз халықаралық қауіпсіздік және тұрақтылық мәселелерін шешуге белсенді атсалысады.

Біз Біріккен Ұлттар Ұйымы мен басқа да халықаралық ұйымдардың терроризмге, экстремизмге, заңсыз көші-қонға, климаттың өзгеруіне және өзге де қауіп-қатерлерге қарсы күресу жолындағы талпыныстарын құптаймыз. Сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгерлік қызметін, қарусыздануға қатысты бастамаларын барынша қолдаймыз, қарулы қақтығыстарды дипломатиялық жолмен шешу қажет деп санаймыз.

Астанада Қазақстанның төрағалығымен Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңеске, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына, Шанхай ынтымақтастық ұйымына, Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдер басшыларының саммиттері сияқты бірқатар маңызды халықаралық іс-шара өтті. Бізге қолдау көрсеткені үшін одақтастарымыз бен серіктестерімізге шынайы ризашылығымызды білдіреміз.

Құрметті отандастар!

Қазір әлемде қандай түбегейлі өзгерістер болып жатқанын білесіздер. Экономикалық, саяси, климаттық және басқа да жаһандық, аймақтық ауқымдағы қауіп-қатерлер аз емес. Осындай жағдайда күнделікті шаруамен қатар стратегиялық маңызы бар көптеген мәселені шешуімізге тура келеді. Әрине, бір мезетте барлығына бірдей ресурсымыз жетпейтіні анық.

Ешкім де бәрін табан астында өзгерте алмайды. Жылдар бойы шешімін таппай келген мәселелер бар. Біз ештеңені жасырмай, бәрін бүкпесіз ашық айтамыз. Қаншалықты күрделі болса да, барлық мәселені жүйелі әрі батыл түрде шешіп келеміз.

Алдымызда ауқымды жұмыс тұр. Тұрақты әлеуметтік-экономикалық өрлеуді қамтамасыз ету, азаматтардың жасампаздық әлеуетін толық ашу

және халықтың әл-ауқатын арттыру – мемлекеттің маңызды міндеті.

Үкімет мүшелері, әкімдер, депутаттар және барша қоғам өкілдері әрдайым отаншылдық идеясына адал болуға тиіс. Әр іс елге деген жанашырлық ниетпен жасалуы керек. Әрбір қадамымыз елге пайдасын тигізуі қажет. Біз еліміздің байлығын үнемдеп пайдалансақ, табанды еңбек етсек, салық төлесек, өз өнімдерімізді сатып алатын болсақ, түрлі жобаларға инвестиция салсақ, мемлекетіміздің қуатын арттыра түсеміз. Демек Отанымызға да, отбасымызға да пайдамыз тиеді деген сөз.

Біз қиындықтарға мойымай, барлық мәселені біртіндеп, байыппен шешуіміз керек. Мұның бәрі халықтың тұрмыс-тіршілігіне ғана емес, қазіргі бұлыңғыр замандағы еліміздің тағдырына да тікелей әсер етеді.

Біздің ұзақ мерзімге арналған даму жолымыз – айқын. Биік мақсаттарымыз бар. Оған жету үшін, ең алдымен, ел бірлігін сақтай білуіміз керек. Бір-бірімізге қолдау білдіріп, құрмет көрсетуіміз қажет.

Біз – берекелі бірліктің арқасында түрлі сынақтан сүрінбей өткен халықпыз. Алдағы уақытта да солай болмақ. Бәріміз бір ел болып, әділетті және дамыған Қазақстанды бірге құрайық. Сонда әркім өз елінің кірпіші болып қаланып, арман-мұратына жете алады.

Әр адамға және баршаға бірдей мүмкіндік беретін мемлекетті, яғни Әділетті Қазақстанды болашақ ұрпаққа аманат ету – баршамызға ортақ міндет.

Мен Мемлекет басшысы ретінде осы міндетті орындауға бар күш-жігерімді саламын. Сіздер де ортақ мақсатқа жету үшін табанды еңбек етесіздер деп сенемін.

Қастерлі Отанымыз – Қазақстан өркендей берсін!

Халқымыз аман болсын!

II. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҮКІМЕТТІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қ., 2025 жылғы 28 қаңтар
akorda.kz

Құрметті кеңеске қатысушылар!

Бүгін біз Үкіметтің кеңейтілген отырысында өте өзекті мәселелерге тоқталамыз. Себеп – бәрімізге белгілі. Қазір дүние жүзі түбегейлі өзгеріске ұшырап жатыр. Жаһандық үдерістер, ең алдымен, еліміздің экономикалық ахуалына әсерін тигізетіні анық.

Жаппай цифрландыру дәуірі, яғни жаңа технологиялық кезең басталды. Күллі әлем мүлдем басқа жағдайда өмір сүреді. Біз соған міндетті түрде дайын болуымыз керек. Жаңа технологиялық ахуалға сақадай сай тұруымыз қажет. Бұл – еліміздің бәсекеге қабілетін арттырып, тұрақты дамуына жол ашатын аса маңызды фактор.

Үкімет пен әкімдердің жұмысы қаншалықты тиімді екенін алдымен экономиканың даму көрсеткіштері мен азаматтардың тұрмыс сапасына қарай бағалаймыз. Осы жұмыстың нәтижесі былтыр қандай болды? Негізгі міндеттер орындалды ма? Бүгін осы сұрақтарға тоқталамыз және жақын арада шешімін табуға тиіс өзекті мәселелерді талқылаймыз.

Құрметті мемлекеттік қызметшілер!

Сырттағы ахуал күрделі болса да, елімізде жақсы нәтижелер бар. Ел экономикасы өсіп жатыр. Бірақ шешімін таппаған түйткілдер әлі де көп.

Қазіргі таңдағы басты мәселе мынадай.

Әлем экономикасында болып жатқан тарифтік тартыстар мен санкциялық текетірестер қалыпты жағдайға айналды. Бұл үдерістің салдары жойқын болуы мүмкін.

Климатқа байланысты ұстанымдар да үлкен өзгеріске ұшырайтын болды. Мұндай жағдайда «жасыл энергетиканы» дамыту тәсілдерін қайта қарауға тура келеді. Бір жағынан, дәстүрлі қуат көздеріне деген сұраныс сақталады. Екінші жағынан, бұл мұнай, газ және көмір бағасының тұрақсыздығына әкеп соқтырады.

Қаржы саласында криптовалюталар мен басқа да цифрлық активтер кеңінен қолданыла бастады.

Жасанды интеллектіні дамыту алдыңғы қатарға шықты, соған байланысты технологиясы дамыған алып елдер арасында бәсеке қыза түспек. Жаңа дәуірдің сын-қатерлері аз емес. Оны еңсеру үшін бізге тиісті стратегия керек.

Мен реформалардың нақты бағыты мен оны жүзеге асыру жолдары туралы осыған дейін де айттым. Үкімет ел экономикасын тұралап қалудан сақтап, орнықты дамуды қамтамасыз ету үшін күрделі шешімдер қабылдауы керек және ең бастысы сол шешімдерді іске асыруға тиіс.

Бұл – жоғары білікті әрі жауапкершілік алуға дайын мемлекеттік қызметшілердің қолынан келетін жұмыс. Әлемдік тәжірибеге қарасақ, мемлекеттік аппараттың тиімділігі осындай күрделі кезеңдерде айқын көрінеді.

Үкімет қаншалықты қиын болса да, жаппай үнемдеуге көшіп, бюджет қаржысын тек қана аса өзекті мәселелерді шешуге жұмсауы керек. Көрпеге қарай көсілетін уақыт келді. Орынсыз шығынды тоқтатып, аяғымызды тартып басу қажет.

Енді Үкіметтің және басқа да құзырлы органдардың жақын арадағы негізгі міндеттеріне тоқталсам.

БІРІНШІ. Экономиканы әртараптандыру. Былтыр өңдеу өнеркәсібі саласында 180 инвестициялық жоба жүзеге асырылды. Жобалардың жалпы құны – 1,3 триллион теңге. Соның нәтижесінде осы саладағы өсім 6 пайызға жуықтады. Бұл – соңғы он жылдағы ең жоғары көрсеткіш. Осы жақсы үрдісті біржола орнықтырып, сақтап қалу керек.

Тағы бір аса маңызды мәселе – экономикаға инвестиция тарту. БҰҰ мәліметтеріне сәйкес, Қазақстан бұл көрсеткіш бойынша айтарлықтай табысқа қол жеткізген. Дегенмен тоқмейілсуге негіз жоқ.

Инвесторлардың мәселесін шұғыл шешу үшін Инвестиция штабы құрылды. Соның арқасында бюрократиялық кедергілер мен құқықтық қарама-қайшылықтар жойылып, кейбір жобаларды тезірек жүзеге асыруға жол ашылды. Алайда басты мақсат – «жекелеген» проблемаларды ғана шешпей, елдегі тұтас инвестициялық ахуалды жақсарту.

Инвестициялық жобаларды әзірлеу барысында ведомствоаралық үйлестіруге әлі де көп уақыт кетеді. Үкімет басы артық бюрократиядан арылып, жедел жұмыс істеуі керек.

Мемлекеттік қызметшілердің құлықсыздығы және жауапкершілік алудан тайсалуы келісу рәсімдері мен шешім қабылдаудың тым ұзаққа созылуына себеп болып отыр. Мұны ашық айтқан абзал.

Үкімет инвестиция саласындағы жұмысты күшейтуі қажет. Басқа жол жоқ. Әйтпесе, инвестиция нарығында бәсеке қызып тұрған кезеңде заман ағымынан кеш қаламыз. Бізге сапалы инвестиция қажет екені анық. Озық технологияға негізделген және сыртқы нарыққа арналған жобаларды әдетте шетел инвесторлары ұсынады. Былтырғы 9 айда елімізге 12,7 миллиард доллар тікелей шетел инвестициясы тартылды. Көрсеткішке көңіл толғанымен, бұл 2023 жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда 36 пайызға кем.

Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында және Алматы қаласында тікелей шетел инвестициясын тарту қарқыны төмендеген. Ал жеке инвестицияның азаюы

бюджет есебінен өтеліп жатыр. Бірақ бүгін ғана даму бюджеті шектеулі екені айтылды. Ол ішкі жалпы өнім көлемінің небары 8 пайызын құрайды. Инвестициялық жобаларды бюджет есебінен өтеу тек қысқа мерзімдік нәтиже бере алады. Біз мұны түсінуіміз керек.

Қазір бюджет тапшылығы бар екенін білесіздер. Сондықтан сапалы инвестиция әкелетін жауапкершілігі жоғары инвесторларға қосымша жеңілдіктер беру мәселесін қарастырған жөн. Мұндай саясат менің ел экономикасын ырықтандыру туралы стратегияма толық сай келеді. Бұл – маңызды сәт.

Үкімет инвесторды іздеуге, қолдауға және қорғауға қатысты жұмыстың бәрін жүйелі жүргізетін біртұтас экожүйе құруы қажет. Бұл жұмыс барлық деңгейде, яғни аймақта, орталықта және шетелде бірдей атқарылуы керек. Осы орайда шетелдік және отандық инвесторларға қатысты ұстаным бірдей болуы қажет. Мемлекеттің қолдауына ие болған компанияларға тиісті талап қойылуы керек. Олар жұмыс орындарын сақтауға, өндірісті жаңғыртуға тиіс. Сонымен бірге экология талаптарын мүлтіксіз орындауға міндетті.

Ірі өнеркәсіп жобаларын іске қосу жұмыстары баяу жүріп жатыр. Мұны кезінде елден заңсыз шығарылған активтерді қазынаға қайтару ісімен қатар жүргізу қажет. Мен бұл жөнінде ірі бизнес өкілдерімен кездесулерде айтқанмын. Қазақстанда орта буынға жататын көшбасшы компаниялар шоғырын қалыптастыру міндеті әлі де өзекті. Үкімет биылғы маусым айының соңына дейін келешегі зор әрбір орта кәсіпорынның жұмыс жоспарын әзірлеуге тиіс. Еліміздің сирек кездесетін металл кенішін, соның ішінде әлемде сұраныс артып келе жатқан литийді өндіру мен өңдеу әлеуеті өте үлкен. Бүгін Премьер-Министр баяндамасында осындай 17 кен орнының ашылғанын айтты. Демек біз осы салаға инвестиция мен озық технологияларды тартуымыз қажет. Бұл ретте шетелдік инвесторларға да, отандық бизнесмендерге де басымдық берген жөн.

Қазақстан нарығына геологиялық барлаумен айналысатын ірі шетелдік компаниялар келді. Жер қойнауын пайдалану құқығын ашық әрі қарапайым тәртіппен бөлетін Бірыңғай платформа іске қосылды. Парламент сессиясының соңына дейін бұл жұмыстың заңнамалық негізін қамтамасыз ету керек. Жер қойнауын пайдалану саласындағы реформа еш кедергіге қарамастан жалғасуға тиіс. Бұл – принципті ұстаным. Үкімет мұны қатаң түрде сақтауы қажет.

Ірі кен орындарының өнімін бөлу жөніндегі келісімді іске асыру нәтижесінде Қазақстан жаһандық нарыққа қуат көзін сенімді жеткізушіге айналды. Бұл жобалар еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына айтарлықтай үлес қосады. Сонымен қатар қомақты инвестициялар ұзақмерзімді жоспарлауды талап етеді. Сондықтан Үкімет өнімді бөлу жөніндегі келісімдерді елімізге анағұрлым тиімді әрі жаңа шарттармен ұзарту үшін келіссөздерді жандандыруы қажет.

Бұдан бөлек, игерілуі технологиялық тұрғыдан күрделі бірқатар мұнай кен орындарын, сондай-ақ айтарлықтай қоры бар тақтатас мұнай

кеніштерін экономикалық айналымға енгізген жөн. Мұндай жобалардың коммерциялық тартымдылығын арттыру үшін Үкімет мемлекеттік қолдау шараларын қарастыруы керек.

Тағы да қайталап айтамын: қазіргі жаңа геосаяси және экономикалық жағдайда индустрияға болсын, ауыл шаруашылығына болсын, жалпы ел экономикасына жеке инвестиция тарту – Үкіметтің басты міндеті. Бұл стратегия еліміздің ұзақ мерзімге арналған ұлттық мүддесіне сай келеді. Сондықтан мұнда отаншылдықты желеу еткен жалған ұрандар орынсыз деп күмәнсіз айтуға болады. Сонда ғана Қазақстан өз экономикасына қосымша инвестиция тартады, ресурстық әлеуетін арттырады, жаңа өндірістік кәсіпорындардың пайда болуына жағдай жасайды. Қоғам менің ұстанымымды білсін деп мұны әдейі айтып отырмын.

Былтыр энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғыртуға арналған ұлттық жоба қабылданды. Бұл жоба аясында өнеркәсіп саласын дамыту үшін жаңа өнімдер шығару да қолға алынбақ. Отандық кәсіпорындар негізгі сұраныстың 40 пайызын ғана өтей алады. Үкімет жергілікті зауыттармен офтейк-келісім жасау арқылы құрал-жабдық өндірісін жолға қоюға тиіс.

Әлем Қазақстанға зор сенім артады, бізді «орта держава» ретінде таниды. Алайда бұл жоғары мәртебе тек сыртқы саясаттағы нақты нәтижелермен ғана емес, экономика, инвестиция, ғылым және технология салаларындағы жетістіктермен де бекітілуге тиіс.

Қазіргі геосаяси жағдай көршілермен, атап айтқанда, Орталық Азия және ЕАЭО елдерімен ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтеруді қажет етеді. Бұл аймақтың бәсекеге қабілетін күшейтеді. Үкімет өнеркәсіп, көлік және логистика, IT сектор, агроөнеркәсіп кешені және басқа да салалардағы өзара тиімді байланыстар бойынша нақты шаралар әзірлеуі керек.

Бұдан бөлек, Қытай, Ресей, АҚШ, ЕО, Таяу Шығыс, Азия елдерімен және басқа да мемлекеттермен ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыру барысын айрықша назарда ұстаған дұрыс.

Келесі кезек күттірмейтін мәселе. Туризм экономиканың өсуіне жаңаша серпін беретін сала болуы қажет. Бұл бағытта біз артта қалып барамыз, жұмыс мардымсыз жүріп жатыр. Еліміздің әр аймағында көрікті жерлер бар. Шетелден және ел ішінен келген туристер біздің қайталанбас қорықтарымызды аралап көргісі келеді. Бірақ белсенді және ауқымды туризмді дамыту үшін жағдайымыз жеткілікті емес. Сондықтан жеке инвесторларды да тарта отырып, қажетті инфрақұрылым салу жұмысын дереу бастау қажет. Туризм саласының инвестициялық әлеуетін күшейтуге арналған кез келген бастамаға қарсы шығатын адамдардың жетегінде кетпеу керек. Маңғыстауда әйгілі Бозжыраға байланысты сондай жағдай болғанын білесіздер.

Үкімет пен жергілікті мекеме өкілдері іскерлік ахуалды жақсарту үшін неғұрлым батыл шаралар қабылдауға тиіс. Мен экономикаға инвестиция тарту мәселесін бекерден-бекер басты орынға қойып отырған жоқпын.

Мұның да стратегиялық маңызы зор. Экономикамыздың болашағы мен еліміздің әлем картасындағы орны, ең алдымен, осыған байланысты.

ЕКІНШІ. Инфрақұрылымды дамыту ісін жаңа деңгейге көтеру керек.

Үкіметтің және жергілікті атқарушы органдардың күш-жігерімен біз энергетикалық және коммуналдық саладағы ауыр дағдарысты еңсердік. Енді Үкімет мұндай жағдайға жол бермеуге тиіс.

Жылу стансаларындағы апаттар елімізге абырой әпермейді, беделіне нұқсан келтіреді және бұл мемлекеттік қызметшілердің жауапсыздығы мен біліксіздігін көрсетеді. Аймақтарда коммуналдық шаруашылықтағы басшылық орындарда кәсіби мамандар емес, заңгерлер мен басқа да гуманитарлық сала өкілдері отыр.

Энергетикалық және коммуналдық нысандардың жұмысын жаңа стандарттарға жедел түрде көшіру керек. Үкімет жаңа тариф саясатын жүзеге асыруды жалғастыруға тиіс. Тарифтер нарық талаптарына сай болмаса, электр энергиясымен, жылумен және сумен үздіксіз қамтамасыз ету мүмкін емес. ТМД елдерінің бәрінде дерлік электр энергиясының, газдың және мұнай өнімдерінің бағасы Қазақстанға қарағанда қымбат. Бұл жағдай экономика балансының бұзылып, шатқаяқтауына әкеп соғады. Ақиқаты осы, оның несін жасырамыз?! Көршілес елдерге контрабандалық жолмен жанар-жағармай тасылатынын жұрттың бәрі көріп отыр. Өз кезегінде бұл ел ішінде қылмыстың етек алуына негіз болады.

Біз қоғамда ресурстарды үнемдеп пайдалану мәдениетін қалыптастыру маңызды екенін талай жылдан бері айтып келеміз. Бірақ азаматтарға үндеу тастау жеткіліксіз. Бұдан бөлек, ресурстарды тұтынудың әлеуметтік нормаларын енгізу қажет. Үлгі етуге болатын жақсы мысалдар бар. Мысалы, дәл осындай ұстаным ай сайын суды сегіз пайызға жуық үнемдеуге мүмкіндік берді. Бұл – аса маңызды. Себебі Қазақстанда ғана емес, бүкіл Орталық Азияда су тапшылығы күшейіп тұр. Сондықтан суды үнемдейтін технологияларды пайдалану мәселесі өте өзекті.

Көрші Қытай елінде әлемдік деңгейдегі озық технологиялар бар, олар тәжірибесін бөлісуге дайын. Бірақ біздің жақ – құлықсыз, оның үстіне батыл шешімдер жоқ. Үкіметке осы шаруамен белсенді айналысып, 1 маусымға қарай жұмыс барысы туралы есеп беруді тапсырамын.

Тағы бір мәселе – мемлекет тарапынан берілетін әлеуметтік көмектің нақты иесіне жетуі. Көмек шын мұқтаж адамдарға берілуге тиіс екені қаншама рет айтылды. Қазақстан – шын мәнінде әлеуметтік мемлекет. Бірақ бұл – азаматтарымыздың, әсіресе, өскелең ұрпақтың еңбек етуге ынтасын азайтып, оларды масылдыққа үйрету деген сөз емес.

Қазақстанға көрші елдерден жүз мыңдаған еңбек мигранты жұмыс іздеп келіп жатыр. Олардың бұл әрекетін құрметке лайық деуге болады. Себебі олар отбасына нәпақа табу үшін жұмыс істегісі келеді. Үкімет әлеуметтік көмек мәселесіне келгенде тым сақтық танытуда. Десек те, нақты ұсыныстар мен оны шешу жолдарын қарау қажет.

Тағы бір маңызды міндет – тұрғын үй қорын басқару жүйесін жаппай реформалау. Қала құрылысын жоспарлаудан бастап, нысандарды

пайдалануға беруге дейінгі барлық үдерісті цифрлық форматқа толық көшіру қажет. Бірыңғай ақпарат жүйесін жыл соңына дейін әзірлеу керек.

Біз былтыр тұрғын үй құрылысы бойынша рекордтық көрсеткішке қол жеткіздік (19 миллион шаршы метр). Бұл – өте жақсы. Бірақ тұрғын үйдің санына емес, сапасына және оның қолжетімді болуына баса назар аударған жөн.

Енді көлік-логистика инфрақұрылымына тоқталайық.

Транзит – жүк тасымалына қатысты халықаралық бәсекедегі біздің орасан зор артықшылығымыз. Мұны толықтай әрі тиімді пайдалануымыз керек.

Қазақстан арқылы өтетін темір жол дәлізін дамыту жұмысын тездету қажет. Бұл жоба Транскаспий бағдарының негізгі бөлігі болмақ. Осы бағыттағы маңызды жобалардың біразы қазір жүзеге асырылып жатыр. Алдын ала қамданып, жұмысты тоқтатпай, жалғастыра беру керек.

«Мойынты – Қызылжар» бағытында жаңа темір жол құрылысын бастауды тапсырамын. Сондай-ақ Қызылжар бекетінен Ақтау портына дейінгі күре жолдың қозғалысы аса көп учаскелерін жаңғырту керек.

«Алтынкөл – Жетіген» темір жолын да кеңейту қажет. Бұл Қытай мен Орталық Азия арасындағы көлік дәлізінің әлеуетін едәуір арттырады.

Бұдан бөлек, темір жол тасымалын цифрландыру жобаларын уақтылы аяқтау маңызды. Мультимодальды көлік тораптарын дамытуға баса мән берген жөн. Сол арқылы тасымалдың барлық түрін өзара кіріктіруге мүмкіндік туады. Биыл және келесі жылы осы бағытта ауқымды жұмыстар атқарылуға тиіс.

Жаһандық электронды сауда-саттық көлемінің артуы біз үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Сондықтан ел экономикасын дамытуға зор ықпал ететін осы үрдісті толық пайдалану керек.

Қазақстанға озық логистика жүйесі қажет. Қазіргі халықаралық нарықтың ерекшеліктерін ескерсек, бұл стратегиялық сипатқа ие міндет саналады. Автокөлік тасымалына арналған «жасыл дәліздің» тиімді қызметін қамтамасыз ету маңызды. Бұған дейін жоспарланған жолдарды салу және жөндеу жұмысын уақтылы аяқтау керек. Біз автокөлік тасымалының әлеуетін толығымен пайдаланып отырған жоқпыз.

Заманауи технологияларды енгізбейінше, логистиканы табысты дамыту мүмкін емес. Сондықтан қоймаларды автоматтандыру, маршруттарды цифрландыру, көлік ағынын басқару ісінде жасанды интеллектіні қолдану Үкімет жұмысының басым бағыттары болуға тиіс.

Шұғыл атқаратын шаруаның бірі – еліміздің аумағында халықаралық әуе хабын құру. Ірі әуежайларымызды бәсекеге қабілетті халықаралық хабқа айналдыру үшін тез арада батыл шешімдер қабылдау қажет. Алдымызда жүк және жолаушылар терминалдары, логистикалық орталықтары және заманауи сервистері бар толыққанды экожүйе құру міндеті тұр. Жүк тасымалының барлық рәсімін жеңілдетіп, авиаотынға қолжетімді баға қою керек. Кейінгі мәселе өте өзекті. Өйткені біздің әуежайлардағы,

атап айтқанда Астана әуежайындағы авиакеросиннің бағасы тым қымбат. Үкімет Бәсекелестікті қорғау ведомствосымен бірге аталған міндетті алғашқы жартыжылдықта орындауы керек.

Қазір әлемде әуемен жүк тасымалдау нарығы 140 миллиард долларға бағаланып отыр. Бұл – орасан зор мүмкіндік. Алайда бірде-бір қазақстандық авиакомпания аталған салада толық жұмыс істемейді.

Шамамен мамыр айында өтетін Қауіпсіздік Кеңесінің отырысын еліміздің көлік-транзит және логистика әлеуетін дамыту әрі нығайту тақырыбына арнаймыз. Бұл мәселені бөлек қарастыру керек. Өйткені оның стратегиялық маңызы зор. Қазір көлік және логистика саласы халықаралық бизнес ретінде алдыңғы орынға шықты.

ҮШІНШІ. Цифрлық технологияны жан-жақты енгізу қажет.

Қазақстан цифрландыру ісінде, әсіресе, мемлекеттік қызмет көрсету саласын цифрландыру жолында едәуір жетістікке жетті. Бірақ бұл – алдағы үлкен жұмыстың басы ғана.

Толыққанды цифрлық экожүйе жасау үшін оның іргесі берік болуға тиіс, яғни, сапалы мәліметтер мен оны қорғайтын сенімді жүйе қажет.

Елімізде жасанды интеллект технологиясын қарқынды дамыту керек. Жыл соңына дейін оның кейбір тұстарын Электронды үкімет жүйесіне енгізу қажет. Бұл технологияны «Smart City» жобаларында кеңінен қолдану мәселесіне айрықша назар аударған жөн.

Адам капиталын дамытуды және жоғары оқу орындарын білім беруден ғылыми-зерттеу тәсілдеріне көшіруді көздейтін «AI-Sana» жасанды интеллектіні оқыту бағдарламасының маңызы артып келеді. Үкімет цифрландыру мен жасанды интеллектіні қолданудың біртұтас жүйесін құруға тиіс. Қазір жасанды интеллект нарығында не болып жатқанына қараңыздар. Қытайлық компания 6,5 миллион долларға DeepSeek платформасын жасап шығарды. Оның тиімділігі миллиардтаған доллар жұмсалған платформалардан асып түсті. Жуырда Қытай тарапының цифрландыру мәселесімен, жасанды интеллектіні ойлап табумен айналысатын өкілімен кездестік. Бізге Қытай тәжірибесін міндетті түрде қолдану керек.

Үкіметке мемлекеттік органдар мен ұлттық компанияларға жасанды интеллект технологиясын енгізу жұмысын қолға алуды тапсырамын.

Жаппай цифрландыру мемлекеттің азаматтармен және бизнес өкілдерімен қарым-қатынасын айтарлықтай жеңілдетеді. Сондай-ақ бюрократияны және сыбайлас жемқорлық қатерлерін азайтады. Бұл – түсінікті.

Алайда таяқтың екі ұшы бар, цифрландыру дамыған сайын алаяқтық көбейіп барады. Қоғамдық пікірге теріс ықпал ету, биліктің беделін түсіру және ел ішінде алауыздық тудыру үшін жалған мәлімет таратып, ақпараттық шабуыл жасау белең алуда. Мұндай әрекеттер азаматтардың қауіпсіздігіне және елдегі тұрақтылыққа үлкен қатер төндіреді. Сондықтан интернет-платформаларда арандатушылық сипаттағы ақпарат таратқаны

үшін жауапкершілікке тартуды заңмен бекіту мәселесін ойластыру керек. Бірақ киберқауіпсіздікті күшейту шаралары цифрландыру үдерісіне тосқауыл болмауға тиіс.

Қоғамда мемлекеттің азаматтарды кибералаяқтардан қорғау үшін қабылдап жатқан шаралары нәтижесіз деген қасаң пікір қалыптасып келеді.

Статистика да көңіл көншітпейді. Жыл сайын 20 мыңнан астам интернет-алаяқтық фактісі тіркеледі. Қылмыстың 80 пайызға жуығы әшкереленбейді. Рас, мұндай қылмыстарды ашу оңай емес. Үкімет, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Бас прокуратура және басқа да ведомстволар күш-жігер біріктіруі керек. Ішкі істер министрлігіне осы сипаттағы қылмыстарды әшкерелеуге көмектескен жөн.

Сондықтан Үкімет құқық қорғау органдарымен және қаржы саласын реттеушілермен бірге азаматтардың жеке деректерін қорғауды мейлінше қамтамасыз етуі керек.

ТӨРТІНШІ. Энергетиканы дамыту және ядролық кластер құру.

Еліміз өзін өзі электр энергиясымен толық қамтамасыз етіп, 15-20 пайыз шамасында резерв қалыптастыруға тиіс. Бұл – Үкіметтің алдында тұрған міндет. Сондықтан алдағы екі жылда кемінде 3 гигаваттық жаңа қуат көздерін іске қосу қажет. Бұл – алдыңғы жылдардың көрсеткішінен 2,5 еседей артық меже (1,3 ГВт).

Біздің көміртегі бейтараптығына қол жеткізу туралы стратегиялық бағдарымыз өзгермейді. Алайда оны жүзеге асыруға барынша байыппен, салмақты түрде қараған жөн.

Біз қолда бар табиғи байлықтарымыз бен мүмкіндіктерімізді ұтымды пайдалануымыз қажет. Сондықтан әлдеқашан ескірген технологиялар бойынша салынған ЖЭС-терді инновациялық көмір стансалары алмастыруы керек. Қытай мен Оңтүстік Кореяда зиянды шығарындылары аз, жаңа буын көмір стансалары табысты жұмыс істеп тұр.

Өкінішке қарай, кезінде Балқашта көмір электр стансасы салынбай қалды. Соның кесірінен біз мықты қуат көзінен айрылып қалдық. Ал ондай станса бізге қазіргі таңда артық болмайтын еді.

Энергия тапшылығы артып келеді. Сондықтан алғашқы Атом электр стансасының құрылысын тездету қажет. Жалпы елімізде ядролық кластер құру ісін қолға алу керек. Бұл еліміздің болашақта ойдағыдай дамуына қатысты аса маңызды міндет.

Үкіметке «Самұрық-Қазына» қорымен бірлесіп, атом саласын дамытудың ұзақ мерзімге арналған жоспарын әзірлеуді тапсырдым. Нақты нәтиже керек. Жан-жақты талдау жүргізіп, атом электр стансаларын салуға барынша қолайлы жерлерді, сондай-ақ заманауи және қауіпсіз технологияларды анықтау қажет.

Үкімет пен Парламент екінші ядролық стансаны қай аймақта салу қажет екені жөнінде маған ұсыныс беруі керек. Бірақ атап өткім келеді: елімізге ядролық қуат керек, онсыз Қазақстан келешекте ойдағыдай дами алмайды. Қуат дегеніміз – бүкіл экономиканың дамуы деген сөз. Екіншіден,

қуат жеткілікті болса, барлық аймақтар гүлденіп, өркендей түседі, халықтың тұрмысы жақсарады. Бұл – айдан анық.

Үкімет 2027 жылы Батыс аймақтағы электр желісін еліміздің Бірыңғай электрэнергетикалық жүйесімен біріктіруі керек. Сондай-ақ Оңтүстік аймақтағы электр желілерін күшейту жобасын жеделдеткен жөн. Оңтүстік өңірлердегі энергия тапшылығын жою үшін «жасыл» энергетика саласында ірі жобалар мен бу-газ қондырғылары іске қосылды. Сондықтан 2026 жылы «Бейнеу – Бозой – Шымкент» газ құбырына қарасты екінші тармақтың алғашқы кезеңін аяқтауымыз керек.

Жалпы газ саласын дамыту елдің орнықты әлеуметтік-экономикалық өрлеуінің негізгі факторына айналып келеді. Былтыр тоғыз өңірдегі 107 елді мекенге газ жеткізіліп, 300 мың халықтың тұрмысы жеңілдеді.

«Шеврон» корпорациясымен бірге жаңа газ кеніштерін игеру жұмыстары басталып, Ақтөбе облысындағы Жәлібек учаскесін геологиялық барлау жөнінде ынтымақтастық орнады. Алайда Жаңаөзен мен Қашағандағы газ өңдеу зауыттарының, сондай-ақ Түркістан облысындағы бу-газ қондырғысы базасында жұмыс істейтін электр стансасының құрылысы ойдағыдай жүріп жатқан жоқ. Аталған жобалар межелі мерзімде аяқталуға тиіс.

БЕСІНШІ. Агроөнеркәсіп кешенінің әлеуетін арттыру қажет.

Былтыр экономиканың басқа салаларына қарағанда ауыл шаруашылығы даму қарқыны бойынша алға шықты.

Бұған көктемгі егіс науқанына берілетін арзан несие көлемін едәуір арттырудың арқасында қол жеткіздік. Биыл осы науқанға кемінде 700 миллиард теңге бөлу керек. Арзан несиені малшыларға және ауыл шаруашылығы өнімін өңдеушілерге берген жөн.

Тиімділігі төмен субсидиялау тәсілінен жеңілдікпен несие беру тәсіліне көшу қажет. Мен бұл мәселе жөнінде осыған дейін де айттым. Осы міндетті орындау керек.

Былтыр диқандарымыз мол астық жинады. Бірақ бидай бағасы тым арзандап кетті. Шаруаларды қолдауға және ішкі нарықты тұрақтандыруға Азық-түлік корпорациясы атсалысты. Бірақ бұл – уақытша шешім. Көбірек табыс әкелетін дәнді-дақылға көшуді жалғастыру қажет. Сондай-ақ шикізатты сақтау және оны терең өңдеу мүмкіндіктерін арттыру маңызды. Өнімді шетелге шығаруға қолдау көрсету керек.

Малдың жұқпалы ауруларына қатысты ахуалды, соның ішінде екпе егу мәселесін ерекше бақылауда ұстаған жөн. Мал шаруашылығының экспорттық әлеуеті осыған байланысты.

Ауылды дамытуға арналған негізгі міндеттерге арнайы тоқталғым келеді. Бұл жерде инфрақұрылымды жаңғыртуға және бизнесті қолдауға басымдық берілуі керек. Ауылдық аймақтарды жан-жақты дамытуға арналған мемлекеттік қолдау шараларының бәрін бір бағдарламаға біріктіру дұрыс шешім болмақ, яғни «Ауыл аманаты», «Ауыл – ел бесігі» және тағы басқа бағдарламалар.

Үкімет пен әкімдерден жаңа, жүйелі әрі тың тәсілдер күтемін. Жалпы, ауыл шаруашылығында шешілмеген мәселелер аз емес. Фермерлер, сарапшылар түрлі түйткілдер туралы жазып жатыр. Мысалы, бордақылау орындары малсыз, жартылай бос тұр, себебі, мал көрші елдерге төмен бағамен сатылып жатыр. Ауылдағы ағайынның тұрмыс сапасына ықпал ететін барлық мәселеге баса мән беру қажет. Ауыл халқы қаржылық және мемлекеттік қызметтерден қол үзіп қалмауы керек. Қазір бұл міндет, негізінен, «Қазпошта» арқылы орындалып жатыр.

Үкіметке әкімдіктермен бірлесіп, пошта бөлімшелерінің шалғай елді мекендерде үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуді тапсырамын.

АЛТЫНШЫ. Салық-бюджет саясатын реформалау.

Бүгін бұл тақырыпқа қатысты қосымша баяндаманы тыңдадық.

Жаңа өндіріс орындарын ашу, инфрақұрылымды дамыту және үдерістерді цифрландыру үшін инвестор қаржысын тарту қажет екені түсінікті.

Бір жағынан мемлекет те экономикаға салынатын инвестиция көлемін ұлғайта береді. Сондықтан Үкімет барлық қаржыны басты басымдықтарға сай бөлуі керек. Бұл – Үкімет пен әкімдер бұлжытпай орындауға тиіс негізгі бюджет қағидатының бірі.

Елімізде жаңа әрі барынша қатаң бюджет ережелері қолданысқа енгізілгеніне екі жыл болды. Алайда бұл жүйе әрдайым жұмыс істеп тұрған жоқ. Неліктен олай болды? Оған Үкімет өзі жауап беруге тиіс.

Үкімет ұсынған шаралар бюджетті Ұлттық қордан қосымша қаржы алмай-ақ толықтыруға мүмкіндік береді. Бірақ нақты есептеп, жанама факторлардың бәрін ескеру керек. Сол себепті жаңа Бюджет және Салық кодекстерін тыңғылықты әзірлеп, қысқа мерзімде қабылдау міндеті тұр.

Бұл мәселені қоғам жіті бақылап отыр. Сондықтан бүкіл жұмыс ашық әрі түсінікті, кәсіби деңгейде жүргізілуге тиіс. Халыққа саясатымызды түсіндіру керек.

Мемлекет қаржысын барлық деңгейдегі бюджетке рационалды әрі әділ бөлудің маңызы зор. Тіпті ауылдық округтерге дейін қамтылуға тиіс.

Жалпы сипаттағы трансферттерді есептеген кезде барлық диспропорцияны ескергеніміз жөн. Республикалық бюджеттен, ең алдымен, кенжелеп қалған белгілі бір өңірді жалпы елдің даму деңгейіне жақындататын жобалар қаржыландырылуға тиіс. Әйтсе де барша аймақтың мәселелері мен қажеттіліктері Үкіметтің жіті назарында болуы керек. Өңірлердің даму қарқыны бәсеңдеуіне және әлеуметтік-экономикалық жағдайдың нашарлауына мүлдем жол беруге болмайды. Дәл осы себепті мен бүгін әлеуметтік салық проблемасына назар аудардым. Тағы да байыппен қараңыздар. Қазір аймақ әкімдерін қаржылық стимулдан айыруға болмайды деп ойлаймын. Сайып келгенде, өңір дегеніміз – тұтас ел. Сондықтан мұның шешімін табыңыздар. Алдағы уақытта тағы да кездесіп, бұл мәселелерді талқылаймыз.

Мемлекеттік бюджеттің жоспарлануы мен орындалуы көбіне инфляция үдерістерін бақылау шараларының тиімділігіне байланысты. Ұлттық банк пен Үкіметке батыл әрі қалыптан тыс, бірақ сындарлы шешімдер қабылдауға тура келеді.

Әлемдегі экономикалық конъюнктура тез өзгеріп жатқан кезеңде таптаурын жолмен жүруге болмайды. Ол заман келмеске кетті. Әлем өзгеріп жатқанын көріп отырсыздар. Жаңа мән, жаңа форматтар, ұғымдар мен тәсілдер пайда болуда. Бұл инфляциялық үдерістер мәселесіне де қатысты. Демек қабылданған шешімдер күрделі сын-қатерлерге сай болуға тиіс.

Жолдауда цифрлық активтер айналымына қолданылатын тәсілдерді өзгерту қажет екенін айтқан едім. Қазір мұндай активтерді тек Астана халықаралық қаржы орталығындағы криптобиржа базасында ғана заңды түрде пайдалануға болады.

Алайда, сарапшылардың бағалауынша, Орталықты сауда алаңы ретінде қазақстандық криптоинвесторлардың небары 5 пайызы пайдаланады. Қалғаны астыртын жұмыс істейді. Цифрлық активтердің заңды түрде қолдану аясын кеңейтуге арналған инфрақұрылымды жедел құру керек. Қаржы саласының реттеушілері тиісті заңнама базасын қалыптастыруды қолға алғаны жөн.

ЖЕТІНШІ. Маңызды жобаларды қаржы көздерімен қамтамасыз ету керек.

Екінші деңгейдегі банктердің ресурстарын үкіметтік бағдарламаларға, атап айтқанда, ірі инфрақұрылымдық жобалардың құрылысы мен жаңғырту жұмысына тартуға болады және тарту керек деген мәселе көп айтылды.

Мемлекет бөлетін қаражатты кезең-кезеңімен несие мөлшерлемесін субсидиялауға қарай бағыттау керек.

Бұл қаржыландыру көлемін бірнеше есе ұлғайтып, банктердің ақшасын экономикалық айналымға қосуға мүмкіндік береді.

2017 жылдан бастап 2020 жылға дейін бірқатар ірі банкке мемлекет тарапынан, соның ішінде Ұлттық қор есебінен 15 жыл мерзімге қаржылай қолдау көрсетілгенін білесіздер. Бұл көмек банк акционерлері де ортақ жауапкершілікке ие болады деген талаппен берілді. Кейбір банктер өз шығындарын әлдеқашан өтеген. Бірақ мемлекеттің иелігіндегі қаржыны қайтаруға асықпайды. Тіпті оны жоғары пайызбен тәуекелі аз мемлекеттік қаржы құралдарына салып, кепілді табыс тауып отыр. Үкімет пен Ұлттық банкке шара қабылдауды тапсырамын.

Бір нәрсені атап өткім келеді: банктер Үкіметтің, соның ішінде халықтың жауы емес. Бірақ диалог негізіндегі әділ серіктестік орнауға тиіс. Кезінде сіздерге көмектестік, енді сіздердің кезектеріңіз келді. Қомақты қаражат бергеніміз рас.

Бизнестің кепілге қоятын мүлкінің болмауы нақты секторды кредиттеуге кедергі келтіреді. Сондықтан займды кепілдендіру құралдарын көбейту қажет. Үкімет салалық даму институттарымен бірлесіп, кепілдік қорын құру мәселесін пысықтауы керек. Банктердің, корпорациялардың,

орталық және жергілікті билік органдарының жыл сайынғы жарнасы есебінен қаржыландырылатын мұндай қорлар бірқатар елде өз тиімділігін көрсетті.

Сондай-ақ экономикалық қайтарымы жоғары стратегиялық жобаларды жүзеге асырған кезде Бірыңғай зейнетақы жинақтаушы қорынан нарық шарттарына сай «ұзақмерзімге берілетін» қаржыны анағұрлым белсенді тартуға болады.

СЕГІЗІНШІ. Әлеуметтік қолдау ісін реттеп, денсаулық сақтау, білім беру және ғылым саласын одан әрі дамыту қажет.

Мен мемлекеттің әлеуметтік бағдарламаларын мейлінше әділ қаржыландыру туралы тапсырма бердім. Үкімет бұл жұмысты бастады. Былтыр денсаулық сақтау саласының өзінде 140 миллиардтан астам теңге орынсыз шығын анықталып, тиімді жұмсалды. Демек жауапкершілікпен қараған кезде қосымша қаражат көзін де табуға болады.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін реформалауды жалғастыру керек. Сонымен қатар бірқатар заңнамалық шара қабылдау қажет. Үкімет Парламентпен бірге міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін жетілдіру туралы заң жобасын жедел пысықтауы керек. Құжат осы сессияның соңына дейін қабылдануға тиіс.

«Ауылдағы денсаулық сақтау жүйесін жаңғырту» ұлттық жобасы аясында екі жылдың ішінде халыққа алғашқы дәрігерлік көмек көрсететін 460 нысан пайдалануға берілді. Тағы 195 нысан жыл соңына дейін салынып бітеді. Ауқымды жұмыс. Алайда көпбейінді орталық аудандық ауруханаларды жаңғырту жұмысы өте баяу жүріп жатыр.

Жоспар бойынша биыл 32 ауруханаға жөндеу жүргізілуге тиіс. Бірақ оның тең жартысының жобалық-сметалық құжаты енді ғана әзірленіп, сараптама жасалып жатыр. Жұмыс созылып кетті. Бұл мекемелерді медициналық құралдармен жабдықтау мәселесі де шешімін тапқан жоқ. Аталған мәселені дереу шешіңіздер.

Үкімет пен әкімдер алғашқы көмек көрсету нысандарының барлығын жыл соңына дейін түгел іске қосуы керек. Ал көпбейінді орталық аудандық ауруханаларды жаңғырту жұмыстарын келесі жылдың соңына дейін аяқтауды тапсырамын.

Мектепке дейінгі және орта білім беру саласында әділ бәсеке болуы қажет. Бюджет қаржысын үнемдеп, қаражаттың ашық жұмсалуын қамтамасыз ету маңызды. Бұған жол ашатын тәсілдерді енгізу жұмыстарын жалғастыру керек. Осы орайда мектепке дейінгі мекемелерді ваучерлік тәсілмен қаржыландыратын пилоттық жобаны атап өткен жөн. Мемлекеттік тапсырыс белгілі бір білім беру мекемесіне байланбайтын болды. Соның нәтижесінде, ата-аналар балабақшаны өздері таңдауға мүмкіндік алды. Аталған жоба қаншалықты тиімді, орынды екенін қарау керек. Егер талапқа сай болса, бұл тәжірибені орта білім беру саласына енгізуге болады. Тұрғылықты жеріне қарамастан, әрбір баланың білім алуына қолайлы жағдай жасау – мемлекеттің міндеті.

Биыл «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аяқталады. Барлық аймақта заман талабына сай тірек мектептер желісі құрылып жатыр. Менің тапсырмаммен үш жыл ішінде тағы 1300 мектеп жаңғыртудан өтеді.

Бұдан бөлек, Үкімет заманауи мектептер салуға қолайлы жағдай жасап, орта білім беру саласына жеке инвестиция тартуы қажет.

Биыл – Жұмысшы мамандықтар жылы. Осыған орай, маңызды іс-шаралар мен жобалар жүзеге асырылмақ. Еңбек адамының абырой-беделін арттыру үшін нақты жұмыс жүргізіледі. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін түбегейлі жаңғырту ісін бастау керек. Жауапты мекеменің бәрі және ең бастысы, жеке сектор бұл іске белсене араласуға тиіс.

Бизнес бұл салаға көбірек келуі үшін техникалық және кәсіптік білім беретін ұйымдарға арналған мемлекеттік тапсырыс көлемі артады. Оның мөлшері де біркелкі болады. Бұған биыл бюджеттен қосымша 22 миллиард теңге бөлінеді. Бұл ретте әкімдерге зор жауапкершілік жүктеледі. Олар кәсіпкерлермен бірлесіп, аймаққа қажетті мамандықтар тізімін анықтауы керек. Сондай-ақ сұранысқа ие кадрлар даярлау үшін колледждерге бағыт-бағдар беруі қажет.

Ғылым және жоғары білім саласындағы реформалардың қарқыны мен сапасын сақтау маңызды. Білім беру тапсырысын оқу орындарының рейтингіне қарай бөлу жұмысы Үкіметтің бақылауында болуға тиіс.

Соңғы жылдары мемлекет ғылымға бөлінетін қаражат көлемін едәуір арттырды. Әлі де арттыра береді. Бірақ бұл қаржы нақты мақсатқа сай жұмсалуы қажет. Бюджет қаржысын сапалы әрі сұранысқа ие зерттеулер жүргізетін университеттер, институттар мен ғалымдар ғана алуы керек.

* * *

Алға қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін тұтас мемлекеттік аппарат тиімді жұмыс істеуі керек. Әкімдерді тікелей сайлаудың нәтижесінде мемлекеттік қызметшілердің жаңа санаты – сайланатын басшылар пайда болды. Бұл – екі жарым мыңнан астам басшы лауазымындағы қызметкер деген сөз. Олардың арасында бұрын мемлекеттік қызметте жұмыс істемеген азаматтар, соның ішінде жастар көп. Сол себепті сайланған әкімдер мен түрлі деңгейдегі басшыларды кешенді дайындықтан өткізу мәселесі өте өзекті болып тұр. Үкіметке Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен бірлесіп, «Әкімдер мектебі» оқыту жобасын іске қосуды тапсырамын. Бұл ретте осындай жұмысты жүргізіп жатқан «Amanat» партиясының тәжірибесін ескерген жөн.

Мемлекеттік аппараттың басты міндеті – азаматтарды толғандыратын өзекті мәселелерді шешу. Ол үшін, ең алдымен, азаматтармен ұдайы байланыста болу керек. Онсыз болмайды. Сондықтан халықтан келіп түсетін өтініштерге айрықша назар аудару қажет. Былтырдың өзінде Президент Әкімшілігіне 50 мыңнан астам өтініш келіп түскен, ал еліміздегі барлық мемлекеттік органдарға шамамен 4 миллион өтініш жолданған. Бұл көрсеткіш жылдан жылға көбеюде.

Бір жағынан, бұл жұрттың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына сенетінін көрсетеді. Алайда, сонымен бірге, бұл олардың өтініштері мен мәселелері мемлекеттік органдардың күнделікті жұмысы барысында шешімін таппай жатқанын аңғартады. Сондықтан олқылықтар мен кемшіліктерді жою үшін тиянақты жұмыс жүргізу қажет.

Әдетте азаматтардың өтініштерінің артында адам тағдыры тұрады, сондықтан, бұл жерде барлық құзырлы органдар жұмыла жұмыс істеуге тиіс.

Ақпараттық жұмыс уақтылы әрі сапалы жүргізілген жағдайда көптеген мәселені, соның ішінде қоғамда дүрбелең тудырған түйткілдерді ушықтырмай шешуге болатын еді. Сондықтан мұқият ойластырылған қоғамдық коммуникация стратегиясы қажет.

Үкіметтің және әкімдердің қызметі өз халқымызға да, сыртқы әлемге де ашық әрі түсінікті болуы керек. Бірінші басшылар азаматтарды жеке қабылдауға тиіс. Бұл – өте маңызды. Әсіресе, аймақ, қала, аудан басшылары халықпен тікелей байланыста жұмыс істеуі қажет. Дегенмен мемлекет пен қоғамның серіктестігі азаматтарға да зор жауапкершілік жүктейді.

Соңғы кезде заң үстемдігіне және қоғамдық тәртіптің сақталуына басымдық беру қажеттігі дамыған елдерде, тіпті, АҚШ-тың өзінде жиі айтыла бастады. Біз мұндай пайымға әлдеқашан келгенбіз.

«Заң мен тәртіп» қағидасы халықтың санасына терең орнығуға тиіс. Ол үшін кез келген құқық бұзушылыққа «мүлдем төзбеушілік» қағидасын берік ұстану қажет. Бұл бағыттағы жұмыстар барлық деңгейде ұйымдастырылуы керек. Мұны, әсіресе, аймақ әкімдері мықтап қолға алғаны жөн. Бірақ шектеулер мен айыппұлдарға қатысты мемлекеттің де, қоғам белсенділерінің де ұстанымы көңілге қонымды болуға тиіс. Мәжбүрлеу шаралары болмаса, тәртіп орнату мүмкін емес екенін әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Сондықтан мемлекеттің іс-әрекеттеріне түсіністікпен қараған жөн. Бұл орайда диалог арқылы қоғамдық келісімге келу керек. Қалай десек те, мемлекет заң тәртібін қамтамасыз ету үшін қабылдайтын шаралар өз елін күстәналауға себеп болмауға тиіс. Кейбір азаматтар елімізді мазақ қылуға әуестеніп барады. Мысалы, өзге елдердің өкілдері жоқ жерден «керемет жетістіктерді, табыстарды» тауып алып, оны шетелге жан-жақты насихаттап жатады. Ал біздің азаматтар, олардың ішінде шоу-бизнес өкілдері, өзін өзі «қоғам белсендісі» санайтын жастар, тіпті, депутаттар да бар, Қазақстанға неше түрлі лақап ат қоятын болды. Бұл енді мүлдем түсініксіз, ақылға сыймайтын нәрсе.

Мен бүгін Үкімет жұмысының басты бағыттарын айқындап бердім. Бұл – ірі инфрақұрылым жобалары, цифрландыру және жасанды интеллект, ядролық энергетиканы дамыту, агроөнеркәсіп кешенін нығайту және инвестиция тарту мәселелері.

Экономикамыз дамып жатыр. Бірақ оның қарқыны ойдағыдай емес. Алдымызда ауқымды міндеттер тұр. Оны алдағы бес жылда орындауымыз керек.

Бізге, ең алдымен, білікті және ел мүддесін ойлайтын отаншыл кадрлар керек. Дәл осындай мамандарды тауып, оларды басшылық лауазымдарға тағайындаймыз.

Құрметті кеңеске қатысушылар!

Бүгін біз еліміздің 2024 жылғы даму нәтижесін қарадық. Қордаланған мәселелерді талқылап, алдағы міндеттерді айқындадық. Басты мақсат – азаматтардың әл-ауқатын арттыру. Алдағы жоспардың бәрін сапалы орындау қажет. Сөз соңында тағы да атап өткім келеді: бізге нақты нәтиже керек. Нәтиже болса ғана даму болады.

III. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ ТӨРТІНШІ ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Бурабай, 2025 жылғы 14 наурыз
akorda.kz

Қадірлі қауым!

Бүгін – Амал күні. Сондықтан баршаңызды шын жүректен құттықтаймын.

Бұл күн – Әз-Наурыздың бастауы. Еліміздің төл мерекесі биыл да қасиетті Ораза айына орайлас келіп отыр.

Қастерлі мейрамдарымыз халқымызды игі амалдар жасауға үндейді. Асыл қасиеттерімізді кеңінен дәріптейді.

Құрылтайдың ұлық мерекелермен қатар өтіп жатқаны жақсылықтың нышаны деп ойлаймын.

Осыдан үш жыл бұрын наурыз айында арнайы Жолдау жарияладым. Оны жақсы білесіздер.

Елімізді түбегейлі жаңғырту үшін ауқымды реформа жасайтынымызды айттым. Сол кезде алғаш рет Ұлттық құрылтай туралы бастама көтердім.

Үш жылдың ішінде Қазақстан жаңа тұрпатты ел болды. Саяси реформалар жан-жақты өзгерістер жасауға мүмкіндік берді. Жалпыхалықтық референдум арқылы Ата заңға түзетулер енгізілді. Парламенттің құзыры кеңейді, Үкіметтің жауапкершілігі артты. Адам құқықтарын қорғау жүйесі жақсарды. Конституциялық сот құрылды. Шешім қабылдау үдерісіне азаматтардың белсене қатысуына жол ашылды. Басқа да бағыттарда маңызды реформалар жасалды. Жергілікті билік түбегейлі жаңғыртылды.

Үш жылдан астам уақыт ішінде ауыл әкімдерінің 72 пайызы жаңарды. Оның үштен бірі – бұрын мемлекеттік қызметте болмаған азаматтар.

Бір сөзбен айтсақ, аймақтардағы атқарушы билікке жаңа адамдар келіп жатыр.

Пилоттық жоба ретінде аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың 45 әкімі сайланды.

Биылдан бастап барлық аудан әкімдерін халық тікелей сайлайтын болды.

Түрлі деңгейдегі мәслихат сайлауы өкілді билік органдарының жұмысына тың серпін берді. Облыстық және аудандық мәслихат депутаттарының 90 пайызы бір мандатты округтен, яғни тікелей дауыс беру арқылы сайланды.

Билік жүйесінде мұндай ауқымды өзгеріс бұрын-соңды болмады.

Ел ішіндегі өзгерістерге Ұлттық құрылтай мүшелері де орасан зор үлес қосты. Жұртымызды ортақ мақсатқа ұйыстырып, игі істерге жұмылдырды.

Алқалы жиын алғашқы күннен бастап жалпыхалықтық жаңғырудың символына айналды. Қоғамдық диалогтың жаңа үлгісі қалыптасты. Өзара түсіністік пен құрмет бар жерде келісім болады. Құрылтайдың түпкі мақсаты да – осы.

Кешеден бері Ұлттық құрылтай мүшелері көптеген бастама көтеріп жатыр. Қоғамымыздың ең өзекті мәселелері жөнінде қызу талқылау өтті.

Құрылтай мүшелері, шақырылған мамандар бұл мәселелер бойынша өз ұсыныстарын айтты.

Үкімет мүшелері, Президент Әкімшілігінің өкілдері, Парламент депутаттары көптеген сұрақтарға жауап беріп, пікір алмасуға белсенді түрде қатысты.

Баршаңызға ризашылығымды білдіремін.

Енді бірқатар мәселеге арнайы тоқталып өткім келеді. Ең алдымен қоғамда қызу талқыланып жатқан салық реформасына қатысты пікірімді айтайын.

Салық жүйесі, бұл – бүкіл мемлекеттік жүйенің тірегі. Бюджетте қаржы болмаса, мемлекет өз міндетін толық атқара алмайды, әлеуметтік міндеттемелер де орындалмайды.

Бұл туралы жаңа ғана белгілі экономист Жақсыбек Құлекеев жақсы айтып өтті.

Сондай-ақ Құрылтай мүшелері Қайырбек Арыстанбеков, Марат Башимов, Ерлан Саиров, Расул Рысмамбетов және Мұрат Әбенов салық-бюджет мәселесіне қатысты орынды пікір білдірді.

Еліміз үшін аса қажет шаралардың мән-маңызын халыққа егжей-тегжейлі түсіндіру керек.

Жұрттың бәрі экономист немесе қаржыгер емес. Мемлекеттің қандай шараны не үшін қолға алып жатқанын бәрі бірдей түсіне бермеуі мүмкін. Сондықтан реформаның мәнін әр адамға түсінікті тілмен жеткізу керек.

Үкімет салық реформасына қатысты жаңа тәсілдерді ұсынды.

Бұл шаралар, жалпы алғанда, дұрыс. Онда негізгі экономикалық және әлеуметтік факторлар ескерілген.

Кәсіби мамандар да, жалпы жұртшылық та қосымша құн салығының мөлшерлемесін көтеру қажеттігіне түсіністікпен қарайды.

Дегенмен ұсынылған шараларға, соның ішінде, қосымша құн салығына қатысты сын-пікірлер де естіліп қалады. Бірақ мұндай пайым шынайы ахуалға негізделмеген.

Түрлі себепке байланысты өзіне ауқымды әлеуметтік міндеттеме алмайтын елдер аз емес.

Ал Қазақстанның бюджет қаржысының жартысынан көбі әлеуметтік саланың еншісінде.

Біздің еліміз – әлеуметтік мемлекет. Сондықтан білім беру, денсаулық сақтау салаларына инвестиция салуды жалғастырамыз.

Бұл – біздің конституциялық міндетіміз. Бірақ шын мұқтаж азаматтарға ғана көмек көрсетілуі керек. Қызметін асыра пайдалануға, әсіресе, алаяқтыққа жол берілмейді.

Сондықтан басымдық берілмеген жобаларға бөлінетін қаржы азаяды. Бұл қажет шара екені айдан анық.

Үкімет осы жылдың соңына дейін оны қалай оңтайландыру керектігін біржола анықтап алуға тиіс.

Қазақстанда түрлі салық режимі, көптеген жеңілдіктер мен преференциялар бар. Оның бәрі елімізде салық офшоры сияқты ахуал қалыптастырды.

Кәсіпкерлердің екі негізгі тобы пайда болды. Олар – заңнамадағы олқылықтарды пайдаланып, салық салынатын табысын өзі үшін азайтып көрсететіндер және барлық салықты адал төлейтіндер.

Кәсіпкерлердің осы екінші тобы бәсекеге төтеп бере алмай жатыр.

Үкімет салық төлеуден жалтару үшін бизнесін бөлшектейтіндердің әрекетіне орынды назар аударды. Өкінішке қарай, мұндай жағдай жаппай белең алған.

Заңнамадағы олқылықтар бизнесті бөлшектеуге жол беріп отырғанын мойындау керек. Бұл мәселеге Үкімет те, депутаттар да жете мән бермеген.

Тағы да әдемі көрсеткіштерге әуестеніп кеттік: елімізде екі миллионнан астам салық төлеуші, яғни жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар тіркелген деседі. Бірақ олардың қандай кәсіпорындар екеніне, қалай пайда болғанына, қанша салық төлейтініне, тіпті оны төлеп жатыр ма, жоқ па дегенге еш талдау жасалмаған.

Бірақ қазір құр кінәлаудан іс оңға баспайды.

Енді ахуалды шұғыл түзету қажет. Үкімет пен Парламентке айтарым – заңнамаға жедел түрде тиісті түзетулерді енгізу керек.

Әділ әрі тиімді салық жүйесін құру еліміздің болашағына, кейінгі ұрпақтың тұрмысына тікелей әсер ететінін ұғынған жөн.

Билік бизнеске қолдау көрсетіп келді, көрсете де береді. Бұған күмән болмауға тиіс. Бірақ бизнестің өзі заңды және заңсыз болады. Біз заңды сақтау, тәртіпке бағыну керек деп жатамыз. Ендеше Үкіметтің және жалпы биліктің қолдау шараларының игілігін, бірінші кезекте, адал әрі жауапты, ең бастысы, заң аясында жұмыс істейтін кәсіпкерлер көруге тиіс. Олар тиісті артықшылыққа ие болады.

Салық реформасына келсек, батыл шараларды дәл қазір қабылдау керек. Әйтпесе, бұдан да зор қиындыққа тап боламыз.

Енді бірыңғай уақыт белдеуіне көшуге қатысты пікірталасқа тоқталайын.

Үкімет пен Парламент бұл мәселені талқылады. Арнайы зерттеулер жүргізілді, шешімге күмән келтірген қоғам белсенділерінің қаупі мен күмән-күдігі расталған жоқ.

Үкіметтің және депутаттардың басым көпшілігінің, сондай-ақ мамандардың уәжімен келісемін: біздің кең-байтақ жеріміз бар,

халқымыздың саны да салыстырмалы түрде алғанда көп емес. Сондықтан елімізде бірыңғай уақыт белдеуі болуға тиіс. Бұл тәсіл мемлекетті басқару ісін жеңілдетеді, логистика мен көптеген бизнес-үдерісті оңтайландыруға септігін тигізеді.

Осымен пікірталасты доғару қажет деп ойлаймын, оның үстіне бұл мәселені саясиландырудың қажеті жоқ.

Сондай-ақ бүгін Бекзат Алтынбеков, одан бұрын Бақтықожа Ізмұхамбетов пен Светқали Нұржан қоғамдық әдеп мәселесін қозғады. Бұл өте орынды деп ойлаймын.

Қазір әлеуметтік желіде адамға тіл тигізу, ар-намысын аяққа таптау көбейіп кетті. Жалған мәлімет таратушылар да бар. Мұндай келеңсіз үрдістерді тыю жолын қарастыру керек.

Мәжіліс депутаты Ермұрат Бапи еліміздегі діни ахуалға алаңдаушылық білдіріп жүр.

Құрылтай мүшелері Дания Қыдырбаева және Олжас Сүлеймен жат діни ағымдардың жастар арасында, әсіресе спорт саласында ықпалы күшейіп бара жатқанын айтты.

Теріс ағымдарға, қазақтың болмысына жат идеологияларға тосқауыл қою қажет екеніне еш күмән жоқ.

Елімізде дін бостандығына кепілдік берілген. Бірақ жүгенсіздікке, тәртіпсіздікке жол беруге болмайды.

Діннің аса маңызды миссиясы – ұлтты ұйыстыру. Діни ұйымдардың қызметін реттейтін құжаттар осы талапқа сай болуға тиіс.

Бұл мәселені жан-жақты қарау керек. Соның ішінде заңнаманы жаңа жағдайға бейімдеп отыру өте маңызды.

Құрылтай мүшелері тағы бір жайтқа алаңдаушылық білдіріп отыр.

Соңғы кезде ел ішінде түрлі алаяқтық әрекеттер жиілеп барады. Теріс пиғылды адамдар қайырымдылыққа деп ақша жинап, оны жеке басының пайдасына жаратады. Сондай-ақ көп адам интернет-алаяқтардан зардап шегуде. Бұл мәселе бойынша бүгін Айгүл Орынбек жақсы айтты.

Бұдан бөлек, қазір жұртқа ақыл айтып ақша табатын жалған психологтар мен «коучтар» көбейіп кетті. Оларға сеніп, алданып қалғандар көп. Маған бұл туралы көптеген шағым түсіп жатыр.

Жауапты органдар бұл мәселені де назарға алуға тиіс.

Тағы бір түйткіл – қазір кинотеатрда көрсетілетін фильмдерге қатысты қоғамдық сын бар.

Былтыр қазақстандық мамандар түсірген 94 фильм шыққан, яғни, негізінен өзіміздің өнім шығарылып жатыр. Бұл – жақсы үрдіс.

Бірақ біз ең алдымен санға емес, сапаға көңіл аударуымыз керек. Көрерменнің көңілін көтеріп, күлкі сыйлау – бір бөлек, жағымсыз әдеттерді насихаттау – бір басқа.

Зорлық-зомбылықты, қатыгездік пен қылмысты насихаттайтын фильмдер де пайда болды.

Осы жерде бір нәрсені ескерген жөн. Бүгінде фильмдердің басым көпшілігі мемлекеттік тапсырыспен емес, жеке қаржыға түсірілуде.

Кино маңызды идеологиялық құрал екенін бәріміз жақсы түсінеміз. Сондықтан жеке қаржыға түсірілсе де, фильмді кинотеатрларға шығармас бұрын алдын ала сараптаудан өткізу жолдарын қарастырған жөн.

Сондай-ақ жақсы мысалдар да бар.

Жақында «Шоқан. Қашқария сапары» деген мультфильм шығыпты. Бұл өскелең ұрпаққа әйгілі тарихи тұлға Шоқан Уәлиханов туралы мәлімет беретін өте жақсы туынды деп айтуға болады.

Қазақ тілінде ұлттық нақышта түсірілген осындай мультфильмдер көп болуы қажет.

Бұл – ұлт болашағына тікелей ықпал ететін мәселе. Сондықтан анимацияны дұрыс бағытта дамыту мәселесін қолға алу керек.

Тағы бір маңызды мәселе. Маған белгілі адвокат Айман Омарова хат жолдады. Ол өз хатында күрделі тақырыпты қозғап, әйелдер колониясындағы ахуалға тоқталды. Әсіресе, жүкті әйелдер мен кішкентай балалары бар әйелдердің жағдайына баса назар аударды.

Еліміздегі қылмыстық-атқару жүйесінің мақсаты сотталған азаматтарды жазалау емес, түзету болуы керек деген пікірмен келісемін.

Ер адам немесе әйел болсын, бас бостандығынан айырылғандардың бәрі заң алдында бірдей.

Дегенмен адамгершілік құндылықтарды басшылыққа алып, «Заң мен тәртіп» қағидатын сақтай отырып, кәмелетке толмаған баласы бар әйелдерге қатысты кейбір заңдық ұстанымдарды қайта қарауға болады деп ойлаймын.

Құқық қорғау органдары мен депутаттар осы мәселені байыпты әрі жан-жақты зерттеп, шешім қабылдау үшін ұсыныстар енгізуі керек.

Дмитрий Павленко дұрыс мәселе көтерді. Кәсіби техникалық колледждер жаңа мамандықтарға сұранысты және еңбек нарығындағы жағдайды ескеруге тиіс.

Сарапшылардың айтуынша, біраз жылдан соң солтүстіктегі халықтың саны едәуір азайып, оңтүстіктегі тұрғындар әлдеқайда көбеюі мүмкін. Бұл – өте өзекті мәселе. Себебі аймақтардың еңбек нарығында теңсіздік одан әрі ушыға түседі деген сөз. Осы мәселемен Үкімет мұқият айналысуы керек.

Қостанайдағы колледждің тәжірибесін солтүстік аймақтарда кеңінен қолдану қажет.

Құрылтай мүшелері қоғамдағы өзекті мәселелерді үнемі көтеріп жүр.

Бәрін сынап-мінеп отыратын бәзбіреулер басты түйткіл – бұл емес, мемлекет назар аударуға тиіс басқа да проблемалар бар деуі мүмкін.

Азаматтарымыз күнделікті тіршілікте көптеген қарапайым түйткілге тап болады. Оны елемей, назардан тыс қалдыру дұрыс емес екенін ескерген жөн.

Сондықтан азаматтардың тұрмысына қатысты мәселелер өзекті болып қала береді. Біз бұл проблемаларды көтереміз, ең бастысы, шешеміз.

Құзырлы органдарға құрылтай қарсаңындағы жұмыс секцияларында айтылған барлық мәселені мұқият қарастыруды тапсырамын. Оның кейбіріне қазір де тоқталып өтемін.

Құрметті Ұлттық құрылтай мүшелері!

Біз біртіндеп барлық салада ауқымды реформалар мен нақты өзгерістерді жүзеге асырып жатырмыз. Оның бәрі халықтың тілегі мен заманның талабына сай жасалуда.

Бұл жердегі түпкі мақсат – барлығын өзгерту емес. Ең бастысы – атқарылып жатқан шаруаны оңтайландырып, оның тиімділігін арттыру.

Алдымызда тұрған негізгі міндеттің бірі – жекелеген бағыттар бойынша мемлекеттік аппараттың жұмысын жүйелеп, ретке келтіру.

Өздеріңізге мәлім, елімізде түрлі салаға қатысты бағдарламалар мен кешенді жоспарлар бар. Биыл осындай бірқатар құжаттың мерзімі аяқталады. Әрине, оның кейбірі жалғасады, кейбірі мүлдем тоқтатылады. Үкімет мұқият ойластырып, нақты шешім қабылдауы керек.

Ел болашағы үшін айрықша маңызы бар салалар бойынша жұмыс үздіксіз жалғасуға тиіс.

Мысалы, нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес туралы жоспардың мерзімі биыл бітеді. Бұл құжат 2023 жылы әзірленген. Мұндай жоспар елімізге қажет екені анық.

Өйткені осы қауіпті кеселге қарсы күрес – өте маңызды мәселенің бірі. Сондықтан жаңа құжатты дайындауға қазірден бастап кірісу керек.

Биыл балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, өзіне-өзі қол салудың алдын алу туралы жоспардың мерзімі де аяқталады.

Біз әйелдер мен балалардың құқығын қорғау үшін нақты шаралар қабылдадық.

Өткен жылы барлық аймақта балаларды Психологиялық қолдау орталықтары ашылды.

Заңдарға маңызды өзгерістер енгізілді. Тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күреске қатысты заң қабылданған соң ахуал біршама жақсарды. Бірақ кейбір шалғай аудандарда әлі күнге дейін мұндай келеңсіз оқиғалар тыйылмай тұр. Жат діни ағымның жетегінде жүрген адамдар жағдайды тіпті ушықтыруда.

Жергілікті билік өкілдері мен қоғам белсенділері тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу жұмысынан шет қалып отыр.

Оның үстіне, осы бағыттағы жұмыстар қазір әртүрлі құжатпен реттеледі. Шашыраңқы болып тұр. Соның бәрін бір жерге жинақтаған дұрыс деп ойлаймын. Осыған орай, «Қазақстан балалары» атты біртұтас бағдарлама қабылдаған жөн.

Озық ойлы ұрпақ өсіру үшін білім мен тәрбие әрдайым қатар жүруі керек.

Бұл өте маңызды құжат болмақ. Оны дайындау үшін Үкімет, Парламент депутаттары, омбудсмен Динара Зәкиева, қоғам қайраткерлері өз үлесін қосады деп ойлаймын.

Ашығын айтсақ, бала оқыту ісінде бұған дейін білімге көбірек назар аударылды. Ал ұрпақ тәрбиесіне қатысты жүйелі ұстаным болған жоқ. Бұл салаға тиісті деңгейде көңіл бөлінбей келді.

«Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы». Сондықтан біліммен қатар тәрбиеге айрықша назар аудару өте маңызды.

Былтыр мектептерде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы қолға алынды. Бағдарламаны қабылдау – істің басы ғана. Енді жаңарған құжатты еліміздегі барлық мемлекеттік білім ошағына енгізу керек. Оны алдағы уақытта жекеменшік мектептер де басшылыққа алуға тиіс.

Себебі тәрбие жұмысы балаларды түгел қамтуы қажет. Сонда ғана бұл бастама жалпыұлттық ауқымға ие болады. Жобаның түпкі мақсаты – отаншыл, білімді, жасампаз ұрпақ тәрбиелеу. Мұның бәрі – адал азаматқа тән қасиеттер.

Құрылтай мүшелері алдағы уақытта осы бағдарламаны «Адал азамат» деп атауды ұсынып отыр. Мен бұл ұсыныспен толық келісемін.

Құрылтай мүшелері Зүлфия Байсақова мен Бану Нұрғазиева мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың критерийлерін қайта қарау және үкіметтік емес ұйымдар туралы заңнаманы жетілдіру қажеттігін айтты.

Азаматтық сектор реформаларды жүргізу және қоғамды дамыту ісінде маңызды рөл атқарады.

Мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың серіктестігі өзекті мәселелерді шешуге, жасампаз құндылықтарды дәріптеуге және ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Сондықтан мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың тиімділігін арттыру үшін қазіргі заманның талаптарына сай келетін жеке заң керек.

Әрине, заң жобасы терең және жан-жақты сараптамадан өтуге тиіс.

Құзырлы органдар сарапшылар мен қоғамдық ұйымдарды тарта отырып, бұл мәселемен айналысуы керек.

Біз соңғы жылдары мемлекеттік наградалар мәселесін қайта қарап, бір жүйеге түсірдік. Енді ведомстволық марапаттарды ретке келтіру қажет. Мемлекеттік органдар бұл жұмысты назардан тыс қалдырды. Нақты ереже жоқ, бәріне ортақ мәліметтер қоры да жоқ.

Соның кесірінен кейбір марапаттар орынсыз таратылып жатыр. Тіпті, бір мемлекеттік органның төсбелгісін бір адам бірнеше рет алған жайттар да кездеседі.

Мекемелік марапат – нағыз білікті мамандарға ғана берілетін, сол арқылы кәсіби мәртебені көтеретін маңызды награда. Бұған бей-жай қарауға болмайды.

Сондықтан мекемелік марапаттардың бірыңғай стандартын және тізімін жасау қажет. Әрине, әр мекеменің өз ерекшелігін ескерген жөн. Бірақ бәріне ортақ ұстаным болуы керек. Құзырлы органдарға осы шаруаны қолға алуды тапсырамын.

Менің бастамаммен ономастика саласын ретке келтіру үшін ауқымды жұмыс басталды.

Көшелер мен елді мекендерге атау беру немесе атауларды өзгерту мәселесіне келгенде жергілікті атқарушы органдар көп қателік жіберген, бұл ретте тіпті, жерлестік пен тамыр-таныстыққа жол берілген.

Сондықтан бұл істі орталықтандыру туралы шешім қабылданды.

Депутаттар бұл ұсынысқа қолдау білдірді.

Соның нәтижесінде бізде ономастика саласындағы жұмыстың бірыңғай әрі нақты регламенті бар. Алайда тиісті рәсімдерді өзгертіп қана қоймай, сонымен бірге, бұл жұмыспен тиянақты айналысу керек.

Тарихи әділдік қағидатын қатаң ұстану қажет.

Біздің көрнекті тарихи тұлғаларымыз ұлықтауға әбден лайық. Сөз жоқ. Олардың есімін ел жадында сақтау – перзенттік парызымыз әрі жалпыұлттық болмысымызға тән қасиет.

Бірақ ономастиканы «тарихи еңбегі» ешқандай архив құжаттарымен расталмаған тұлғаларды ұлықтау құралы етуге болмайды.

Тәуелсіз Қазақстанда жоғары қызмет атқарған азаматтардың өзі кеңес дәуірінің қайраткерлерін, соның ішінде ашаршылықты ұйымдастыруға қатысы бар адамдарды әсіре мадақтаумен айналысып жүр. Бұл – өкінішті әрі түсініксіз нәрсе.

Жалпы, бұл жұмысты ретке келтіру керек. Ел тарихында айрықша рөл атқарған әйгілі бабаларымыздың есімі көптеген елді мекендер мен көшелерге берілген. Енді осымен тоқтайық.

Өткен заман қайраткерлерінің атын ел жадында сақтау мәселесіне мейлінше салмақты көзқараспен қараған жөн. Қалалар мен көшелердің атауынан халқымыздың төл тарихы көрініс табуы қажет.

Біз әдемі жер-су атауларын және халық ішінде кең таралған дәстүрлі атауларды толық пайдаланбай жүрміз.

Бірақ ауыл-аймақтардың тарихи тұрғыдан ескірген атауларын өзгерту мәселесіне мұқият қараған жөн. Бұл жерде ешқандай науқаншылдық болмауы керек.

Халық арасында жан-жақты түсіндіру жұмысын жүргізіп, тұрғындардың пікірін ескеру маңызды.

Қазір елді мекендердің аумағы ұлғайып жатыр, қалаларда жаңа аудандар бой көтеруде. Осыған байланысты атауы қайталанатын немесе мүлдем атауы жоқ мыңдаған көше пайда болды.

Бұл жағдай өрт сөндірушілерге, тәртіп сақшыларына, жедел жәрдем мен басқа да құрылымдарға қиындық туғызады. Ең алдымен осындай көшелердің атауын ретке келтіру қажет.

Жекеменшік нысандарға атау бергенде де жүгенсіздік болмауы керек.

Кейде қала көшелерінде айтуға ыңғайсыз атауы бар тақтайшалар ілулі тұрады.

Креатив деген, әрине, жақсы, бірақ қоғамдық тәртіп және әдеп нормаларын сақтау керек.

Сондықтан кәсіпкерлердің де ономастика мәселесіне жауапкершілікпен қарағаны жөн.

Қазір депутаттар ономастика комиссиясының келісімімен ғана жеке нысанды адам атымен атауға рұқсат беретін түзетулерді қарап жатыр. Бұл – дұрыс шешім.

Ономастика саласын, мемлекеттік және мекемелік марапаттар жүйесін жетілдіру, жасампаздық құндылықтарын дәріптеу, әлеуметтік кеселдерді жою, азаматтық қоғамды дамыту – мұның бәрі ауқымды идеологиялық жұмыстың ажырамас бөлігі.

Сондықтан ішкі саясаттағы шаруаның бәрін жүйелейтін біртұтас тұжырымдамалық құжат керек деген пікірмен келісемін.

Ұлттық құрылтай мүшелері – Еділ Жаңбыршин, Айдос Сарым, Никита Шаталов, Гүлмира Илеуова, Андрей Чеботарев, Данияр Әшімбаев, Марат Шибұтов және басқа да азаматтар осындай ұсыныс айтты.

Олар өз бастамасын іске асырып, Ішкі саясат тұжырымдамасының жобасын да әзірледі.

Мемлекеттік органдар бұл жобаны жан-жақты зерделеп, барлық мәселені пысықтауы қажет.

Құжатта құзырлы органдар мен мүдделі тараптардың қызметі бір арнаға тоғысуы керек. Онда мемлекеттік идеология жұмысының мақсат-міндеттері мен басымдықтары нақты белгіленуге тиіс.

Тұжырымдамада халқымыздың бірегей болмысын, өмір салтын сипаттайтын жалпыұлттық құндылықтар мен негізгі нышандар айқын көрсетілуі керек. Бұл, ең алдымен, осы құндылықтар мен нышандарды қоғамда орнықтыру, оларды кеңінен дәріптеу және қорғау үшін қажет.

Келесі мәселе. Ұлттық бірегейлігімізді нығайту жолында мәдениет саласы айрықша рөл атқарады. Әсіресе, төл мәдениетіміздегі Әз-Наурыз мейрамының орны бөлек.

Наурыз мерекесі туралы жаңа тұжырымдама әзірленді. Еліміз Ұлыстың ұлы күнін 14 наурыздан, яғни Амал күнінен бастап, он күн бойы атап өтетін болды. Әр күнге нақты атау берілді. Жұртшылық бұл бастаманы жақсы қабылдады. Әсіресе, Наурызнамадағы «Ұлттық киім күні» қоғамның зор қолдауына ие болды.

Ұлттық киімдерге деген қызығушылық арта түсті. Мектептерде, түрлі мекемелерде, сондай-ақ, ірі компанияларда ұлттық киімге мән беріле бастады. Сұранысқа сай тігін цехтары ашылып, жаңа брендтер, дүкендер пайда болды.

Осылайша, ұлттық киім кию біртіндеп қалыпты көрініске айналып келеді. Бұл – өте жақсы үрдіс.

Бет-жүзді тұмшалайтын қара киімнен гөрі өзіміздің ұлттық киімдеріміз әлдеқайда артық. Әсіресе, әйелдердің дәстүрлі киімі өте ғажап көрінеді. Себебі ұлттық киім, бұл – біздің бірегей ұлттық болмысымыздың маңызды көрінісі. Оны жан-жақты дәріптеуіміз керек.

Тәуелсіздік жылдарында мәдениет саласында көп жұмыс атқарылды. Классикалық және заманауи музыкаға арналған сәулетті ғимараттар салынды. Көптеген театр ашылды.

Қазақстанда театр өнеріне қызығушылық артып келеді. Зал көрерменге толы, қойылымдардың премьерасына билеттер екі-үш апта бұрын сатылып кетеді.

Сахна өнеріне құштар жандардың арасында жастардың көп болуы көңілге ерекше қуаныш ұялатады.

Қазір Қазақстанда 46 аймақтық театр бар.

Алайда, оның көпшілігінің жай-күйі мәз емес.

Мысалы, Семейде бір ғимаратта үш бірдей театр сығылысып отыр.

Әсіресе, аймақтарда театрларды салуға және дамытуға баса назар аудару керек.

Халқымыздың мәдени әралуандығын сақтауға мүмкіндік беретін орыс және басқа да ұлттық театрларды қолдау маңызды.

Елімізде өнердің бұл түрі де табыс әкелетінін дәлелдеп жүрген жеке театрлар аз емес.

Сондықтан бизнес өкілдерін аймақтағы театрларға белсене қолдау көрсетуге шақырамын.

Биыл ұлы Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толады.

Мен осыдан бес жыл бұрын ұлы ойшылдың туғанына 175 жыл толуына орай Семейде абайтанушы ғалымдармен кездестім, сол кезде Абай институтын құру туралы ұсыныс айттым.

Бүгінде бұл бастама цифрлық платформа форматында іске асырылды, яғни біздің диаспоралар мен басқа да шетелдіктерге қазақ тілін үйрету құралы ретінде жұмыс істеп тұр.

Енді осы жобаны толыққанды мәдени-ағарту мекемелеріне айналдыру қажет. Бұл құрылым Конфуций, Гете, Сервантес институттары сияқты жұмыс істеуі керек.

Абай институты негізгі серіктес елдердің бәрінде төл мәдениетімізді насихаттайтын орталық болуға тиіс. Бірқатар елде, мысалы, Қытай, Түркия, Моңғолия және басқа да мемлекеттерде осындай орталықтар ашылатын болды.

Сыртқы істер министрлігі мен «Отандастар» қорына Мәдениет және ақпарат министрлігімен бірлесіп, шетелде осындай орталықтар ашу мәселесі бойынша тиісті жұмысты жалғастыруды тапсырамын.

Тағы бір мәселе. Тілімізді дамыту ісінде Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы белсенді жұмыс істеп жатыр. Бұл – қуантарлық жайт. Осы ұйымның бастамаларын біз тұтас қоғам болып әрі қарай қолдауымыз керек.

Мәдениет дегеніміз – жай ғана ғимараттар мен мекемелер емес. Бұл – ұлттық сана-сезімді жаһандық ауқымда нығайта түсетін мықты тұғыр.

Біз ЮНЕСКО-мен ынтымақтастық аясында Қазақстанның материалдық және материалдық емес мұраларын халықаралық тізімдерге енгізуге айрықша мән беріп жатырмыз.

Үкімет түрлі ұлттың барша адамзатқа ортақ білім қазынасына қосқан зияткерлік үлесін көрсететін «Әлем жады» тізіміне деректі мұраларымызды енгізу жұмысын жандандыру қажет.

Жаңа заманда біздің алдымызда жаңа міндеттер тұр.

Көптеген ел өзінің салт-дәстүрі мен қазіргі инновацияларды өзара үйлестіру арқылы дамудың даңғыл жолына түскенін тарихтан көріп-біліп отырмыз.

Сол секілді біз де төл мәдениетімізді қазіргі әлемдегі шынайы жағдайға бейімдеуіміз қажет.

Бүгінгі таңда мәдениет және идеология саласы жасанды интеллектінің ықпалымен түбегейлі өзгере бастады. Бірақ оған толық үміт артуға болмайды. Адам факторы әлі де маңыздылығын жоғалтқан жоқ.

Танымал сервистерге қазіргі заманғы Қазақстан туралы сурет немесе видео әзірлеуге сұраныс берсек, көбінесе шындыққа жанаса бермейтін өнім ұсынады.

Әзірге интернет кеңістігінде Қазақстан туралы әлемнің кең таралған тілдеріндегі, әсіресе, ағылшын тіліндегі ақпараттар көп емес.

Үкімет қолда бар орасан зор деректерді, соның ішінде мұрағаттар мен анықтамалық мәліметтерді, ғылыми зерттеулерді, иллюстрациялар мен фотосуреттерді, музыкалық шығармаларды және өнер туындыларын цифрлық форматқа көшіру жұмысын бастап кетті.

Ұлттық цифрлық мұрағат құрып, оны еліміздегі және шетелдердегі нейрожүйе жасаушылардың еркін пайдалануына мүмкіндік беру керек.

Соңғы жылдары біз ұлттық бірегейлігіміздің маңызды факторы – тарих ғылымының дамуына ерекше көңіл бөліп жатырмыз.

Бүгінгі Құрылтай тағы бір тарихи белеске тұспа-тұс келді. Биыл ел астанасын Қызылордаға көшіру туралы тарихи шешімнің қабылданғанына жүз жыл толып отыр.

Халқымыздың «қазақ» деген байырғы атауы да бір ғасыр бұрын қайтарылды.

Біздің мемлекеттігіміз мыңжылдықтардан бастау алады, оның тамыры тым тереңде жатқаны даусыз.

Бірақ осыдан бір ғасыр бұрын ұлтымыздың өз атауының оралуы тарихи әділдік орнату жолындағы маңызды қадам болғанын ашық айтуымыз керек.

Бұл істе сол кездегі Үкімет басшысы Сәкен Сейфуллин айрықша рөл атқарды. Ол «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік» деген мақала жазып, арнайы идеологиялық науқанды бастап берді.

Мұндай маңызды оқиғалар ел жадында сақталуға тиіс.

Осы ретте Құрылтайдың келесі отырысын Сыр бойында, кезінде Қазақ елінің астанасы болған Қызылорда қаласында өткізуді ұсынамын.

Осы жиында мен көрнекті қаламгер Төлен Әбдіктің жыл басында «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатын атап өткім келеді. Жазушы «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» деп, орынды пікірін айтты.

Осы ретте қосымша айтарым: Өз ұлтыңды өзгелерден биік қою түптің түбінде жарға жығады. Қазақ халқы өзгелерден кем емес, бұл – ақиқат, бірақ артық та емес деп айтуымыз керек.

Қазақ халқын данышпан деп айтсақ, қателеспейміз. Дегенмен дүние жүзінде данышпан халықтар аз емес. Бұл да – ақиқат. Мұндай пікір кейбір адамға ұнамауы мүмкін. Алайда, көпшіліктің көңілінен шығамын деп, тура сөзден жаңылуға болмайды.

Шын мәнінде, әр ел басқа жұрттан даму деңгейіне қарай озбақ.

Жалпы, біз төл тарихымызға көкжиегі кең, тамыры терең өркениеттік көзқараспен қарауымыз керек. Бұл – өте маңызды. Сонда ғана халқымыздың өткеніне, бүгіні мен болашағына мүлде жаңа көзқарас пайда болады.

Қазір отандық тарих ғылымының және біздің зияткерлеріміздің алдында төл тарихымыз туралы түсінікті жаһандық өркениет парадигмасы тұрғысынан кеңейту міндеті тұр.

Ашығын айтсақ, көптеген ғалымдар мен қоғам белсенділері әлі күнге дейін Қазақстанның жылнамасына ұлттың жадына жара салған тарихи оқиғалар тұрғысынан қарайды.

Бұл жағдай төл тарихымызға көзқарас ауқымын тарылтады. Біз барынша кең әрі терең ойлауымыз қажет.

Осы сәтті пайдалана отырып, кеңестік кезеңге қатысты біржақты талдаулар мен пайымдаулардан сақтандырғым келеді. Менің пікірімше, біз үшін бұл ортақ тарихтың күңгірт тұстары болды, бірақ жарқын тұстары да бар. Мұны дұрыс түсіну керек. Әйтпесе, біз әлеуметтік-саяси даму жолында салдары ауыр соғатын адасудың құрсауында қалуымыз ықтимал.

Аз зерттелген немесе мүлде зерттелмеген тақырыптарды ғана зерделеу жеткіліксіз.

Біз Қазақстанды әлем өркениетінің дербес бөлігі ретінде танытуымыз керек.

Қазақ халқының әмбебап әрі бірегей өмірлік тәжірибесін толық ашып көрсету маңызды. Бұл қазіргі Қазақстанның миссиясын терең түсінуге септігін тигізеді.

Көшпенділер өркениетінің бесігі болу дегеніміз – өз еліңнің өткенін есте сақтау ғана емес.

Сонымен бірге, бұл – түрлі халықтар мен мәдениеттерді, дәуірлер мен кеңістіктерді ортақ игілік үшін жұмылдыру деген сөз.

Тарихымыздың әр белесі бізге бөлінуді емес, бірігуді, қиратуды емес, жасампаз болуды үйретіп келеді.

Сондықтан Қазақстан Ұлы дала жүрегі ретінде бүгін де өзінің тарихи миссиясын жалғастыра беруі керек.

Көне заманнан келе жатқан көшпенділер дәстүрі елді артқа тартатын емес, болашаққа бастайтын мықты қуат көзі болуға тиіс. Дей тұрғанмен, тарихты аңызға айналдырып, ескі заманның шырмауында қалып қоюға да болмайды.

Тарихи-мәдени мұрамызды XXI ғасырға сай жаңғыртып, жүйелі түрде дәріптеуіміз қажет.

Ғылыми зерттеулер жүргізу, тарихи ескерткіштерді қалпына келтіру, археологиялық қазба жұмыстарын жандандыру, музей ісін дамыту, шетел мұрағаттарын зерделеу, салт-дәстүрімізді жаңғырту – осы жұмыстың бәрін бір жоспарға келтіру керек.

Құрметті жиынға қатысушылар!

Біз Ұлттық құрылтайдың отырыстарында үнемі әлеуметтік және мәдени-гуманитарлық мәселелерге қатысты маңызды шешімдер қабылдап қана қоймай, ел дамуының басқа да бағыттары бойынша басты басымдықтарды айқындаймыз.

Аймақтардағы экономиканың өркендеуіне серпін беретін жаңа мүмкіндіктерге жол ашу және өңірлердің даму деңгейіндегі теңсіздікті жою – қазір мемлекет алдында тұрған негізгі міндеттің бірі.

Биыл экономиканың нақты секторына жұмсалатын қаржы көлемін екі есеге жуық көбейтіп, 8 триллион теңгеге дейін жеткізу жоспарланып отыр.

Алдағы жылдары Үкімет нақты секторға бөлінетін қаржы көлемін 10 триллион теңгеге дейін жеткізуге тиіс.

Бұл жерде бизнесті қолдаудың елімізде бұрын-соңды болмаған ауқымды шаралары туралы айтылып отыр.

Сондықтан биліктің, Үкіметтің бизнеске қысым көрсетіп жатқаны жөніндегі әңгімелер мүлде негізсіз. Бизнес әрдайым Үкімет назарында болған, алдағы уақытта да тыс қалмайды.

Қазір бүкіл елімізде ірі инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылып жатыр.

Атап айтқанда, 2025-2026 жылдардың өзінде Қашаған кенішінде газ өңдеу зауытын, сонымен бірге, «Талдықорған – Үшарал» магистральді газ құбыры мен «Бейнеу–Бозой-Шымкент» газ құбырының екінші желісін іске қосу көзделген.

Үкімет Қызылорда және Түркістан облыстарында бу-газ құрылғысына негізделген электр стансасын салуды жоспарлап отыр. Алматыдағы ЖЭО-2 және ЖЭО-3 жаңғыртылатын болады.

«Кендірлі» демалыс аймағында су тұщытатын зауыт жұмыс істей бастайды. Кәсіпорын Жаңаөзен қаласы тұрғындарын ауыз сумен тұрақты қамтамасыз етеді.

Қарағандыда және Екібастұзда болат қорытатын зауыттар, Жамбыл облысында минералды тыңайтқыш өндіретін химия кешені пайдалануға беріледі.

Алматы қаласында және Қостанай облысында автокөлік зауыттары ашылады.

«Достық-Мойынты» темір жол учаскесінің және Алматы бекетін айналып өтетін темір жол желісінің құрылысы аяқталады. «Қызылжар – Мойынты» бағытында жаңа жоба басталады.

Ақтауда Каспий теңізінің жағалауындағы контейнер хабы салынып бітеді.

«Қорғас – Шығыс қақпа» ЕЭА аумағында халықаралық әуежай жұмыс істей бастайды. Зайсан, Катонқарағай мен Кендірлі демалыс аймақтарында да әуежай ашылады.

Каспий теңізінің ұлтанымен талшықты-оптикалық байланыс желісі тартылады, бұл қадам Еуропа мен Азия арасында цифрлық дәліз жасауға мүмкіндік береді.

Еліміздің автокөлік жолдары желісін дамыту жұмысының мән-маңызы өте зор.

Осы тұста тағы бір маңызды инфрақұрылымдық жоба қолға алынатыны туралы жариялағым келеді.

Мен Үкіметке Астанадан Арқалық, Торғай және Ырғыз арқылы Транскаспий халықаралық көлік дәлізіне тура шығатын автокөлік жолының құрылысын бастауды тапсырдым.

Жаңа күре жол орталық және батыс аймақтардың арасын 560 шақырымға қысқартады.

Бұл – тұтас Торғай өңірінің дамуына тың серпін беретін ауқымды жоба.

Бұдан бөлек, Арқалықтағы әуежайды қалпына келтіріп, жаңа аэровокзал салған жөн. Бұл жоба ішкі көлік қатынастарын едәуір жақсартады. Сондай-ақ орталық аймақтағы ауыл шаруашылығы жерлерін игеруге және мал шаруашылығын дамытуға тың серпін береді. Елімізде машина жасау, металлургия, мұнай-химия, агроөнеркәсіп және көлік-логистика салаларында мұндай жобалар аз емес.

Алдағы төрт жыл ішінде елімізде жыл сайын 200-ге жуық инвестициялық жоба іске қосылып отырады.

Осы арқылы біз мемлекеттің жаңа индустриялық қалыбын жасап, көлік-транзит әлеуетін нығайта түсеміз.

Біздің мемлекетімізге ірі инфрақұрылымдық жобалар өте қажет. Ауқымды жобалар аймақтардың экономикалық мүмкіндігін арттырады.

Мыңдаған жаңа жұмыс орнын ашып, азаматтардың әл-ауқатын жақсартуға ықпал етеді.

Жалпы айтқанда, ірі жобаларды жүзеге асыру – еліміздің осы аймақтағы көшбасшылық рөлін арттыратын бірден-бір жол.

Біз 2022 жылы жаңадан үш облыс құрып, осы аймақтардың дамуына күшті серпін бердік. Бұл ақыры дұрыс шешім болды. Әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер едәуір артты, инвестиция келе бастады.

Соның арқасында жергілікті тұрғындардың тұрмыс сапасы да жақсара түсті.

Дегенмен Үкімет жаңа облыстардың ахуалын бақылауда ұстауға тиіс. Оларға көмектесу қажет.

Менің тапсырмаммен Абай және Шығыс Қазақстан облыстарында шекара маңындағы бірнеше аудан қалпына келтірілді. Мұны жұрт өте жақсы қабылдады. Жаңа аудандарда тіршілік жанданды, инфрақұрылым жақсара бастады.

Ауылды дамыту тұжырымдамасында шекаралық аумақтарға қатысты жұмыстың негізгі бағдары айқындалған. Шеткері жатқан елді мекендердің ахуалы ел іргесінің бекем болуына тікелей әсер етеді. Бұл – стратегиялық маңызы бар мәселе. Сондықтан осы бағыттағы жұмысты белсенді түрде жалғастыру керек.

Amanat партиясы шекара маңындағы аудандарды дамытуға қатысты жаңа заң қабылдауды ұсынып отыр.

Үкіметке депутаттармен бірге бұл бастаманы жан-жақты қарастыруды тапсырамын.

Әдетте шекара маңындағы аудандар арқылы маңызды көлік-логистика дәліздері өтеді.

Биыл автокөліктерге арналған 9 кеден бекетін жаңғырту жұмыстарын аяқтау керек. Соның нәтижесінде, мұндай бекеттердің өткізу мүмкіндігі 6 есе артады. Бұл жоба еліміздің транзиттік әлеуетін нығайтуға едәуір үлес қосады.

Аймақтардың дамуындағы алшақтықты жою үшін нақты стандарттарға сүйене отырып инфрақұрылым, әлеуметтік қамсыздандыру, экологиялық көрсеткіштер және басқа да маңызды өлшемдер бойынша артта қалған өңірлерді анықтау қажет.

Орталықтың күш-жігерін осындай алшақтықты жоюға жұмылдыру керек.

Сол үшін қазір Өңірлерді дамыту тұжырымдамасы әзірленіп жатыр.

Құжатта аймақтар арасындағы теңсіздікті жоюға және мекемелер арасындағы өзара іс-қимылды жақсартуға бағытталған тың тәсілдер қарастырылады.

Өңірлердің іс-қимылы нақты салаға жауапты мемлекеттік органдардың республикалық деңгейде атқарып жатқан жұмыстарына сәйкес жүргізілуі қажет. Іс-шаралар үйлесімді болуға тиіс.

Бұл – барлық салаға қатысты мәселе.

Мысалы, солтүстікке көктем енді келіп жатыр. Қар еріп, елді мекендерді қарғын су басу қаупі туындайды.

Былтырғы тасқыннан орталық та, жергілікті билік те тиісті қорытынды жасады деген тиісті ақпаратты алып жатырмын. Жаз шыққан

соң өрт қаупі күшейеді. Табиғат апаттарының алдын алу, сақтану шаралары үнемі назарда болуы керек.

Мен жаппай цифрландыру мен жасанды интеллектіні барлық салаға кеңінен енгізу мәселесіне үнемі назар аударамын.

Қазір қай елдің жаңа технологияларды өз пайдасына жарата алатыны, қай елдің көш соңында қалатыны анықталып жатқан шешуші кезеңге қадам бастық.

Экономиканың барлық саласы және еңбек нарығы жасанды интеллектінің тікелей қатысуымен түбегейлі өзгеріп жатыр. Адамзат тіршілігінің мәні мен қалыбы басқаша сипат алып барады.

Осы орайда, инновациялар экономикасы деген жаңа құбылыс пайда болды. Онда өзгеше ойлау қабілеті, шығармашылық тұрғыдағы жаңашылдық және әлеуметтік дағдылар алдыңғы қатарға шығады.

Жасанды интеллектіні қолдану бюджет қаражатын пайдалану тиімділігін барынша арттыруға, салық және кеден ісін жүргізудің сапасын жақсартуға, мемлекеттік сатып алу саласын оңтайландыруға, сондай-ақ азаматтар мен мемлекет арасындағы өзара іс-қимыл үрдістерінің бәрін одан әрі жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Сол себепті цифрландыру және жасанды интеллект мәселелерімен жеке өзім айналысып жатырмын. Шетелдік мамандармен, кәсіпкерлермен кездесіп жүрмін. Жүздесулердің барлығы ресми жариялана бермейді. Бірақ бұл мәселе менің бақылауымда. Таяу арада, мүмкін жыл соңына дейін Астанада Smart city жобасы енгізілгенін хабарлаймыз. Бұл істе БАӘ, АҚШ компанияларымен ынтымақтастық орнаттық. Қытайдың құрылымдарымен де тығыз қарым-қатынас жолға қойылған. Дәл осы бағытта Қазақстан нақты прогреске қол жеткізеді деп ойлаймын.

Құзырлы мемлекеттік органдар сарапшылармен және IT-мамандармен қоян-қолтық жұмыс істей отырып, артық шығындарды азайтуға, барлық саланың ашықтығын қамтамасыз етіп, өнімділігін арттыруға арналған тың тәсілдер іздеп тауып, оны қолданысқа енгізіп отыруға тиіс.

Мен бұл мәселені ерекше бақылауда ұстаймын.

Экономиканың барлық саласына цифрлық технологиялардың енгізілуі еліміздің бәсекеге қабілетін арттыратын ең басты фактор болуға тиіс.

Бұл жерде цифрлық активтер индустриясы мен блокчейн технологиясын дамыту маңызды рөл атқарады.

Цифрлық активтердің заңды айналымын қамтамасыз ету, криптоайырбастау қызметін жүргізу және цифрлық майнингке инвестиция тарту үшін осы саланы реттеу ісін ырықтандыруда шұғыл шаралар қабылдау қажет.

Бұл қадам еліміздің осы аймақтағы цифрлық қаржы технологияларының орталығы ретіндегі рөлін арттырады. Сондай-ақ цифрлық активтердің көлеңкелі айналымын азайтуға мүмкіндік береді әрі салық түсімін көбейтуге септігін тигізеді.

Мұнда Америка ашып отырған жоқпын, Президент Трамп басқаратын АҚШ әкімшілігі осы бағытқа ден қойды. Біз мұны ескеруіміз керек.

Қазіргі заманда экономика инновацияға негізделуі керек екені сөзсіз.

Біз ғылымды дамыту, соның ішінде қолданбалы зерттеулер жүргізу үшін көп жұмыс істеп жатырмыз.

Ғылыми жаңалықтарды коммерцияландыруға, ғылым мен өндірістің байланысын күшейтуге баса мән беріліп отыр.

Дегенмен Қазақстанда әлі күнге дейін бірде бір ғылым қалашығы жоқ.

Алматы іргесіндегі «Алатау» инновациялық технологиялар паркінің аумағында ғылым қалашығын құру туралы идея бар екенін білемін.

Үкімет осы бастаманы жан-жақты зерделеп, тиісті заң дайындауы керек.

Ғалымдардың пікірінше, тиісті тәжірибесі мен дәстүрі бар Курчатов қаласы екінші ғылым қалашығы бола алады.

Бірақ мынаны ескерткім келеді: осы жоспардың бәрі шынайы есеп-қисапқа және табанды жұмысқа негізделуге тиіс. Көзбояушылық пен көпірме сөзге әбден тойдық. Енді оның сұрауы қатты болады.

Біз бастама көтеріп, кейіннен оны ұмытып кетеміз. Тіпті желге ұшады деуге болады. Бұл жазылмас дертке айналды. Жоспарда бәрі әдемі, әсіресе, оны ғалымдар түзіп жатса, бұл – жақсы. Бірақ нақты есеп керек. Оның ішінде бюджеттің мүмкіндігі ескерілгені жөн. Бастысы, осы жоспарлардың тиімді орындалуы. Сондықтан мен ұсыныстың жалпы қабылданғанын ескертіп отырмын. Шын мәнінде, ғылым қалашығы керек. Оларды Алматыда, Курчатовта салу ақылға қонады. Бірақ Үкімет те, ғалымдар мен салалық министрлік те нәтиже шығару қажет екенін түсінгені жөн. Біз ғалымдарды шетелде тағылымдамадан өткізу тәжірибесін енгіздік. Бірақ ғылымға мүлде қатысы жоқ ғалымдар шетел асты. Мен 78 жасында «Болашақ» бағдарламасымен оқуға барған кісіні білемін. 78 жаста қайдағы «Болашақ»? Көп істің соңы осындай түсініксіз жағдайларға ұласып кетеді.

Келесі мәселе. Туризм аймақтардың дамуына серпін беретін сала болуға тиіс.

Жергілікті жердегі республикалық және халықаралық іс-шаралар өңірлердің туристік әлеуетін арттыруға ықпал етеді.

Биыл Таразда өтетін «Достастық жәрмеңкесі» осындай жобаның бірі болмақ. Жәрмеңкеге көптеген елдің қолөнершілері мен ауыл шаруашылығы мамандары шақырылды. Бұл іс-шара серіктес елдермен экономикалық байланысымызды одан әрі күшейтеді.

Сонымен қатар ең көне сауда және мәдениет орталығының бірі – Тараз қаласының беделін арттыра түседі, облысқа жаңа инвестиция тартуға және туристердің көптеп келуіне септігін тигізеді.

Жалпы, әр аймақта жұртшылық асыға күтетін әрі дәстүрге айналған осындай маңызды мәдени-туристік іс-шаралар өтіп тұрады. Оны негізінен демеушілердің қаражаты есебінен ұйымдастырған жөн. Іс-шараларды жыл бойы жалғасатындай етіп біркелкі бөлу, бренд ретінде қалыптастырып, жарнамалау қажет.

Әрбір оқиға бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көрсетіліп, ел ішінде және шетелдерде жұрт назарына ілігуге тиіс.

Мұның бәрі адамдардың аймақтарға қызығушылығын арттырып, туризмді дамытуға мүмкіндік береді.

Туризм – бизнес пен экономиканың тұтас саласы. Мамандарды даярлау қажет.

Табиғи байлығымен, жан-жануарлар дүниесімен бүкіл әлемге танымал еліміздің биологиялық әралуандығын қорғау айрықша маңызды міндетке айналды.

Кеше жұмыс секциясы кезінде «Ауыл» партиясының өкілдері киіктер туралы мәселе көтергенін білемін.

Аймақтардағы шаруалардан да осыған қатысты өтініштер-хаттар келіп жатыр.

Рұқсатсыз аң аулағандарға жазаны күшейту үшін менің бастамаммен 2019 жылы заңнамалық шаралар қабылданды.

Осы және басқа да жан-жақты шаралардың нәтижесінде еліміздегі киік саны күрт артты. Қазір оларға жойылып кету қаупі төніп тұрған жоқ.

Бірақ енді, басқа мәселе туындады.

Ауыл шаруашылығы зардап шегіп жатыр.

Эпизоотиялық ахуалдың да күрделеніп кету қаупі бар. Жалпы, экожүйеге түсетін салмақ артты.

Үкіметке білікті мамандарды жұмылдыра отырып, осы мәселені жан-жақты зерделеуді және байыпты шешім қабылдауды тапсырамын.

Біз Балқаш көлінің айналасында Тұран жолбарысының популяциясын қалпына келтіруге кірістік. Бұл – шаруашылық қызметке байланысты шешуге тура келетін көптеген мәселемен қатар жүретін күрделі міндет.

Келесі кезекте ілбістерді сақтап, оның санын көбейтуіміз керек.

Адамзаттың бүлдіргі іс-әрекетінің кесірінен Каспий итбалығы, қызғылт қоқиқаз және басқа да ерекше жан-жануарлар мен өсімдіктер әлеміне қатер төніп тұр. Ащы да болса шындық осы. Біз табиғаттың осы бір сыйына барынша назар аударып, оны сақтай білуіміз қажет.

Сондықтан Халықаралық биологиялық әралуандықты қорғау қорын құру керек деп санаймын.

Мен Мемлекет басшысы ретінде бұл ауқымды жұмыстың маңызы орасан зор екенін көрсету үшін осы қоғамдық ұйымға өзім жетекшілік етуге дайынмын.

Бұған қоса, біз тағы бір қазынамыз – тазыны халықаралық тізімге енгізе алғанымызды айта кеткім келеді.

Аң аулайтын айрықша қасиеттері бар қазақы иттің тұқымын енді бүкіл әлем біледі.

Жақында мен Парижде Елисей сарайында болдым. Франция Президенті Эмманюэль Макронға сыйлаған қос тазыны көрдім. Француздар тазылардың ерекше қабілетіне тәнті.

Сонымен бірге тазалық мәселесі әрдайым назарда болуға тиіс.

Былтырдан бері елімізде «Таза Қазақстан» акциясы жүріп жатыр. Бастамаға азаматтар жаппай қолдау білдірді. Акция жалпыұлттық сипатқа ие болды.

Күн жылынып келеді, енді жұрт сенбілікке шығып, айналасын тазалайды. Бұл – өте дұрыс.

Мен бұған дейін де айттым, «Таза Қазақстан» – жай науқан емес. Бұл әр адамның және барша халықтың күнделікті дағдысы, өмір салты болуы қажет.

Баршаңызға мәлім, екі жыл бұрын менің тапсырмаммен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы басталды.

Жобаның негізгі мақсаты мектептегі орын тапшылығын жою, сондай-ақ апатты және үш ауысымды мектептер мәселесін шешу болды.

Ақмола облысы ұлттық жоба бойынша салынатын барлық мектептің құрылысын бірінші болып аяқтады. Аймақта 12 мыңнан астам оқушыға арналған жаңа білім ошақтары ашылды.

Басқа облыстарда құрылыс барысы мәз емес. Үкімет пен «Самұрық-Қазына» қоры бұл жұмысты қолға алуы керек. Мен таяу арада тексеремін.

Биыл елімізде 500 мың оқушыға арналған екі жүзден астам мектеп салынады.

Мына жайтты қаперде ұстаған жөн: барлық жерде тек «Жайлы мектеп» жобасы аясында мектеп салу міндетті емес. Сапалы салынған қарапайым мектептерге де сұраныс жоғары. Жуырда Талдықорғанға бардым. Ондағы қазақ мектебі қарапайым болса да тартымды. Осындай мектептерді барлық жерде салу керек. Өйткені «Жайлы мектептер» айтарлықтай қымбат, оны әр облысқа сала берудің қажеті де шамалы.

Үш жылда 1300, соның ішінде ауылдағы 900 білім ордасын жаңғырту қажет.

Жаңа оқу жылына дейін мемлекеттік және жекеменшік мектептің барлығы балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін арнайы құралдармен жабдықталуға тиіс.

Бүкіл ел бойынша медицина инфрақұрылымын барынша дамыту жұмыстары жалғасады. Осы жылдың соңына дейін «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 188 медицина нысаны салынады.

Риддерде көпбейінді ауруханану, Өскеменде гематология орталығын, Ақтауда жедел жәрдем стансасын, Алматыда Жұқпалы аурулар ұлттық ғылыми орталығын, Астанада Ұлттық ғылыми онкология орталығының жаңа ғимаратын пайдалануға беру қажет.

2026 жылы 32 аудандық орталық ауруханану жаңғырту, сондай-ақ Қызылорда және Маңғыстау облыстарындағы ауруханаларды салып бітіру керек.

Жұмысты аяқтау мерзімін бұзуға болмайды.

Тұрғындарға, әсіресе әлеуметтік жағынан осал топтағы азаматтарға баспананың қолжетімді болуы – тұрмыс сапасының жақсарғанын білдіретін негізгі көрсеткіш.

Былтыр мемлекет осы санаттағы адамдар үшін 21 мыңға жуық пәтер сатып алды.

Соңғы екі жылда бірқатар қалада (Семей, Тараз, Кентау, Орал) ерекше қажеттілігі бар адамдарға арналған заманауи оңалту орталықтары бой көтерді.

2026 жылдың аяғына дейін Ақтөбеде, Атырауда, Көкшетауда, Шымкентте және Талдықорғанда дәл осындай орталықтар ашу қажет.

Бұдан бөлек, әрбір облыс орталығында ерекше қажеттілігі бар, соның ішінде аутизмге шалдыққан балаларды оңалту және дамыту орталықтарын құру керек.

Өкінішке қарай, дүние жүзінде осындай диагнозы бар балалардың саны жылдам өсіп барады. Мұндай жағдай Қазақстанда да бар.

Аталған дертке шалдыққан балалардың ата-аналары Астанаға барып, ем алуға мәжбүр. Үкімет пен әкімдерге осы мәселені шешуге дереу кірісуді тапсырамын. Әр облыс орталығында ерекше қажеттілігі бар, аутизм дертіне шалдыққан балаларға арналған нысандар болуы керек.

Демеушілердің және «Қазақстан халқына» қорының көмегімен осы маңызды жұмыста белгілі бір ілгерілеу бар.

Үкімет пен әкімдер бұл шаруаны жандандыруы қажет.

Қазақстанда ерекше қажеттілігі бар әрбір баланың толыққанды білім алуға мүмкіндігі болуы керек. Бұл – өте маңызды мәселе.

Сондықтан жыл соңына дейін осындай балаларға жан-жақты қолдау көрсету ісін реттейтін жаңа заң әзірлеу керек.

Ұлттық құрылтайдың отырыстарын әр облыста өткізудің ұтымды тұсы бар. Алқалы жиында аймақтың дамуына қатысты өзекті мәселелер де қаралады.

Менің тапсырмаммен бүгінгі басқосуға Ақмола облысының бір топ азаматы қатысып отыр. Олардың ішінде ардагерлер, зиялы қауым өкілдері, қоғам белсенділері, кәсіпкерлер мен жастар бар. Мен осы аймақтың дамуына айрықша мән беремін. Жалпы, облыстың экономикалық-әлеуметтік жағдайы жақсы. Бұл мәселе бойынша маған әкім Марат Ахметжанов есеп берді.

Енді Ақмола облысындағы кейбір бастамалар мен жобаларға назар аударғым келеді.

Өздеріңіз білесіздер, мен 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жарияладым.

Бұл – кәсіптік және техникалық білім беру саласын жаңғыртуға және жұмысшы мамандардың қоғамдағы беделін арттыруға арналған маңызды шешім.

Жастардың мүмкіндігін арттырып, кәсіби бағыт-бағдар беруге баса назар аудару қажет. Олардың сұранысқа ие жұмысшы мамандықтарды меңгеруіне жағдай жасау керек. Бұл – өңір басшыларының бәрінің міндеті.

Жастардың заман талабына сай білім алуын қамтамасыз ету үшін Үкімет пен облыс әкімдігі Қосшы қаласында халықаралық деңгейдегі колледж ашуы керек.

Қаланың Астана іргесінде тұрғанын және тұрғындарының саны тез өсіп келе жатқанын ескерсек, бұл – өте өзекті мәселе.

Қазірдің өзінде алыс-жақын шетелдерге кеңінен танымал Бурабай жерінің мол мүмкіндіктері бар.

Осы курорттық аймақты дамытудың 2029 жылға дейінгі кешенді жоспары қабылданды. Оны жүзеге асыру үшін шамамен 140 миллиард теңге бөлінеді.

Қаржының жартысына жуығы – жеке инвестициялар.

Үкімет пен облыс әкімдігі құжатта көрсетілген міндеттерді сапалы орындауға тиіс.

Ең алдымен Щучинск-Бурабай курорттық аймағындағы инфрақұрылымды дамыту қажет. Барлық экологиялық талаптар қатаң сақталуға тиіс. Туристерге әлемдік стандарттарға сай қызмет көрсетілуі керек. Жаңадан салынатын Конгресс-орталық Бурабайдың бетке ұстар орны болуы қажет. Орталық іске қосылатын болса, демалыс аймағына жұрттың қызығушылығы да арта түседі. Сондай-ақ туристік маусымнан тыс уақытта адамдар көптеп келе бастайды. Үкімет пен әкімдікке осы мәселені тыңғылықты қарастыруды тапсырамын.

Облыстың орасан зор туристік әлеуеті Шучинск-Бурабай аумағымен ғана шектелмейді.

Демалыс аймағы ретінде мүмкіндігі мол Зеренді, Сандықтау, Ақкөл және басқа да жерлерді жан-жақты дамыту қажет.

Аймақтағы көрікті әрі киелі орындардың бәрі өзара кіріктіріліп, үйлестірілген ауқымды туристік кластер қалыптастыру маңызды.

Бұл ретте жеке туристік нысандар салу үшін жер телімдерін бөлген кезде заңның сақталуын мұқият қадағалау керек.

Облыстағы ерекше табиғи-климаттық жағдай заманауи сауықтыру кешендерін ашуға зор мүмкіндік береді.

Спорттың түрлі саласынан, әсіресе, қысқы спорттан ұлттық құрамаларды даярлау үшін өңірдегі спорт базаларын дамыта беру керек.

Ақмола облысының өкілдері қысқы спорт түрлері бойынша әлемдік және құрлықтық бәсекелерден ел қоржынына жүлде салуға үнемі мол үлес қосып жүр.

Елімізде футболды дамытуға баса мән беру керек деп санаймын.

Демеушілер қаржысы есебінен облыстық стадиондардың көпшілігін жаңғырту қажет немесе жаңа футбол стадиондарын салуды қолға алған жөн. Бұл мәселені бақылауда ұстаймын.

Әрбір облыс, аудан орталығында, кент пен ауылда балаларға арналған футбол алаңы болуға тиіс. Бұл – алдағы екі жылдың міндеті. Оның орындалуын тексереміз.

Сонда ғана біз бүкіл әлемге танымал әрі әлеуметтік, бұқаралық спорт саналатын осы ойынды жаңа деңгейге көтере аламыз.

Балаларды, жасөспірімдерді футболға қызықтыру арқылы лудомания, нашақорлық мәселесін біршама шешуге болады.

Осы салаға жауапты министрлік, Футбол федерациясы, жергілікті атқарушы органдар, кәсіпкерлер клубтық футболды коммерцияландыруға нақты кірісуі керек.

Клубтар облыстық бюджеттерге ғана арқа сүйемей, шетелдердегі секілді өздері де табыс табуды үйренуі керек.

Сондықтан мен кәсіпкерлерді клубтық футболға бизнес ретінде қарауға шақырамын. Футбол клубтары жекеменшікке өтпей, іс алға баспайды. Бұл – әлемдік тәжірибе. Клубтар жекеменшік болса, шетел спортшыларын шақыру құқығына ие болады.

Спортты насихаттау, оны әсіресе балалар мен жасөспірімдер арасында дәріптеу – ұлт саулығының кепілі.

Соңғы жылдары мемлекет қолдауының нәтижесінде балалар спорты қарқынды дами бастады. Бірақ бұл – жеткіліксіз.

Сондай-ақ бизнес өкілдері өскелең ұрпақты дене шынықтыруға және спортқа баулу ісіне зор үлес қоса алады деп ойлаймын.

Астанада шығармашылыққа арналған үйірмелерді де, жекелеген спорт секцияларын да ашып, көпке үлгі болып отырған жекеменшік Балаларды дамыту орталығы бар. Бұл тәжірибені басқа аймақтарда да қолданған жөн.

Мемлекет барлық аймақта спорт инфрақұрылымын дамытуға баса мән береді.

Биыл Астанада Ұлттық спорт университетінің, Түркістанда ескек есу спортына арналған каналдың, Қызылордада футбол стадионының, Жетісу облысында дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің, Оралда ерекше қажеттілігі бар адамдарға арналған спорт кешенінің құрылысы аяқталады.

Биыл Көкшетауда көпфункционалды спорт кешенінің құрылысы басталады. Бұл Қазақстанда теңдесі жоқ орталық болмақ. Осы жобаны арнаулы мемлекеттік қордан, яғни заңсыз активтерді қайтару есебінен қаржыландыру керек. Үкіметке осы мәселені пысықтауды тапсырамын.

Үш жылдың ішінде екі триллион теңгеден астам заңсыз активтер елге қайтарылды. Бұл қаржының аймақтардағы өзекті экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешуге жұмсалып жатқаны өте маңызды.

«Қуатты аймақтар – қуатты ел» ұстанымы – менің саяси бағдарымдағы мызғымас қағиданың бірі.

Үкімет осы қағиданы негізге ала отырып, облыстардың еншісіндегі әлеуметтік салықты сақтап қалу туралы шешім қабылдады. Алайда облыс әкімдері бюджет қаржысын үнемдеп, тиімді пайдалануы керек.

Елге пайдасы тиетін әлеуметтік маңызы бар жобаларға басымдық беру қажет.

Бүгін айтылған бастамалар мен жобалар аймақтардың біркелкі дамуына ықпал етіп, еліміздің одан әрі өркендеуіне жол ашады деп сенемін.

Құрметті отандастар!

Әлемдегі ауқымды өзгерістерге баршамыз куә болып, тіпті, оған өзіміз де қатысып жатырмыз. Бұл үрдістің жалғаса берері сөзсіз.

Басты халықаралық мәселелерді шешуге қатысты жаңа пайымдар мен нарративтер, ерекше көзқарастар мен тәсілдер пайда болды.

Бұрын-соңды болмаған қақтығыстар, ушыға түскен сенім дағдарысы, қадір-қасиеті кете бастаған халықаралық құқық, экономикалық шайқастар қазіргі әлемнің басты сипатына айналды.

Мұның бәрі жаңа технологиялық қалып орныққан, маңызды ресурстар үшін талас-тартыс күшейе түскен, өндіріс және сауда-логистика байланыстары қайта құрылып жатқан, техногендік және табиғи апаттар туындаған кезеңге тұспа-тұс келіп отыр.

Беделді саясаткерлер мен сарапшылар «дүние жүзі жаппай берекесіздік жайлаған немесе болашағы бұлыңғыр жаңа заманның қарсаңында тұр» деген пікір білдіре бастады.

Басқаша айтқанда, әлемдегі ескі тәртіп күйреп жатыр, ал жаңа дәуірдің сұлбасы әлі нақты айқындалған жоқ.

Көз алдымызда тарихтың жаңа айналымы басталып жатыр.

Жаһандану үдерісінің мән-маңызы жоғалып барады. Мемлекеттік ұлтшылдық, ықпал жүргізетін аумақтарды бөліске салу, әлемдік саясатта аймақтарға бөліну үрдісі алдыңғы қатарға шықты.

Демократиялық моральдық делініп жүрген құндылықтар, оның ішінде ЛГБТ көптеген елге ондаған жыл бойы таңылып келді. Осындай желеумен халықаралық үкіметтік емес қорлар мен ұйымдар көптеген елдің ішкі ісіне негізсіз араласты.

Оның түпкі мақсаты бар болғаны ұрлық, яғни сан миллиардтық бюджетті қалтаға басу екен.

«Даму мен демократия», «адам құқықтары», «баспасөз бостандығы», «сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» деп ұрандатып жүргендердің бәрінің дерлік жеке байлығы жалақысының мөлшеріне еш сай келмейді.

Сондықтан Президент Трамп бастаған Америка әкімшілігінің жаппай қызмет бабын асыра пайдалануға қатысты оқиғаларды анықтауға және «тұңғиық мемлекет» ұғымына тән саяси екіжүзділікті әшкерелеуге, дәстүрлі моральдық құндылықтарды қалпына келтіруге бағытталған жұмыстары қолдауға лайық. АҚШ-та жасалып жатқан шаруаның бәрі бүкіл әлемге тікелей әсер ететіні баршаға мәлім.

Біз тарих, дәстүр және қазіргі заман құндылықтарын әрдайым бірдей ұстанып келеміз.

Жұртты саяси прагматизмге шақырып, қоғамда Заң мен тәртіпті орнықтыру маңызды екенін бұрыннан айтып жүрміз.

Қазір әлемде болып жатқан оқиғалар біздің бағдарымыздың дұрыс екенін көрсетті.

Әрине, шетелдегі жағдайды үнемі ескеріп отыру маңызды. Бірақ біз алдымен өз еліміздің ішкі мәселелеріне ден қоюымыз керек.

Біз ұлттық мүддемізді қорғау үшін алдағы уақытта да ұтымды әрі байыпты әрекет етуіміз қажет. Талай заманнан келе жатқан өкпе-реніштерден, өткенге құр мақтанудан және бәрін орынсыз сынап-мінеуден арылу қажет. Әлеуметтік масылдық пен саяси таяздыққа мейлінше жол бермеуге тиіспіз. Шектен шығып, тым асыра сілтейтін көзқарастарға барынша тосқауыл қойған жөн. Өйткені бұл дүние ақ пен қарадан ғана тұрмайды.

Кез келген мәселеде өзгелерді айыптап, қара бұлтты төндіре беруге болмайды.

Қоғам санасындағы осындай құбылыстар ұлтымызды идеологиялық және мәдени тұрғыдан әлсіретеді. Тіпті, еліміз қазіргі қатігез әлемде өзгелерге жем болуы мүмкін.

Бір сөзбен айтсақ, біздің ұлттық ой-санамыз мықты болуы керек.

Жаһанды белгісіздік жайлаған бұлыңғыр заманда бәсекеге барынша қабілетті болу үшін барлық жағынан кемел ұлт болуымыз қажет.

Бұл – өркениетті, икемді, мақсатшыл жұрт болу деген сөз.

Біз үшін ешкім елімізді дамытып, көркейтіп бермейді.

Қазақстан өз азаматтарымызға, яғни бізге ғана керек.

Біз өз мүмкіндігіміз бен күш-қуатымызға арқа сүйеуіміз қажет.

Сондықтан ұлт ретінде алға басуға не кедергі болса, соның бәрінен арылып, сапалы ұлт болуға тиіспіз.

Елімізді жаһанға жайылып келе жатқан өзгерістерге дайындап, Қазақстанды кез келген сын-қатерге төтеп бере алатын қуатты мемлекет етуіміз керек.

Бұл – менің Президент ретіндегі басты миссиям.

Бұл – тұтас ұлтымызға ортақ маңызды міндет.

Әр азамат мына бір қарапайым қағиданы терең ұғынуға тиіс: бір орында тұрып қалмай, үнемі өзін жетілдіре білген адам міндетті түрде табысқа жетеді.

Бәсекеге қабілетті ұлт дегеніміз – осы.

Біз қолға алған реформалар елдің дамуына зор серпін берді. Қоғамның өзгерістерге деген үмітін оятып, әділдікке деген сенімді қалпына келтірді.

2019 жылдан бері Қазақстан экономикасының нақты өсімі 15,5 пайыз болды.

Еліміздің ішкі жалпы өнімі 288 миллиард долларға жетті, ал жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнім 46 пайызға дейін артып, 14 мың доллардан асты.

Сыртқы сауда айналымы 45 пайызға жуық өсіп, 140 миллиард доллар болды. Негізгі капиталға салынатын инвестиция бір жарым есеге ұлғайды. Былтыр оның көлемі 19 триллион теңгеден асты.

Инвестиция білім-ғылым саласына 5 еседен астам, көлік саласына 3 есеге жуық, денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету саласына 3,5 есе көп салынды.

Осы уақытта 500-ден астам мектеп бой көтерді. Көптеген денсаулық сақтау, спорт және басқа да әлеуметтік нысандар ашылды.

4400 шақырымға жуық автокөлік жолдары салынды және жөнделді. Жаңа темір жол желілері пайдалануға берілді. Ондаған өндіріс орны іске қосылды.

Мемлекет ауыл еңбеккерлерін қолдауды барынша күшейтті. Былтыр күзде 27 миллион тонна астық жинап, рекордтық көрсеткішке қол жеткіздік.

Кәсіпкерлікті дамытуға әрдайым баса назар аударылады.

Тұрғын үй құрылысының қарқыны едәуір өсіп, былтыр 19 миллион шаршы метр баспана пайдалануға берілді. Бұл да – бұрын-соңды болмаған жетістік.

2019 жылдан бері елімізде 250-ден астам жатақхана салынды. Соның нәтижесінде орын тапшылығы 6 есе қысқарды.

Студенттер саны ұдайы көбейіп, жоғары оқу орындарында 624 мың азамат білім алып жатқанына қарамастан, осыған қол жеткізе алдық. Бұл – жоғары көрсеткіш.

Еліміздің 90 мыңнан астам азаматы шетелде оқиды. Бұл біздің қоғамның ашықтығын көрсетеді.

Азаматтарымыз демалу үшін шетелге жиі шығатын болды.

Біздің көк төлқұжатымыз әлемдегі 92 мемлекеттің аумағына визасыз емін-еркін кіруге мүмкіндік береді.

Қазақстан – халықаралық аренада зор құрметке ие мемлекет, біздің елімізді «орта держава» деп атайтын болды. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы Алматыда Орталық Азия мен Ауғанстан үшін Орнықты даму мақсаттары жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының аймақтық орталығын ашу туралы қарар қабылдады.

Осы шешім еліміздің әлемдегі ықпалы мен беделі зор екенін аңғартады.

Бұл деректер бәріміз бір ел болып атқарған жұмыстың бір парасын ғана көрсетеді.

Біз барлық сын-қатерді сенімді түрде еңсеруді және мәселенің бәрін байыппен, іскерлікпен шешуді үйрендік.

Ешқашан популизмге, менмендікке және жалған ұранға жол берген жоқпыз.

Әрдайым әділ диалог орнатуға ұмтылдық, қиындықтар пен қауіп-қатерлерді жасырмай, турасын айттық. Нақты ахуалды боямасыз көрсеттік, бос уәде де берген жоқпыз.

Ащы шындық бәріне бірдей ұнай бермейді. Бірақ мұндай қадам жағдайға тура қарап, жалған үмітке алданбау үшін керек.

Әдемі сөйлеп, уәдені үйіп-төккендер емес, мақсат жолында үздіксіз алға ұмтылып, жұртқа жаға бермесе де, аса маңызды шешім қабылдай білетіндер табысқа жетеді.

«Еңбек жолы мұратқа жеткізеді». Бұл – біз атқарып жатқан жұмыстың басты қағидасы.

Қазір геосаяси ахуал ушығып тұр. Мұндай кезде ел бірлігін, қоғамдағы татулық пен тұрақтылықты көздің қарашығындай сақтауымыз керек.

Бұл – тұрақты дамуға қажетті ең басты шарт.

Еліміз терең әрі жан-жақты реформаларға енді ғана кірісті. Алдымызда күрделі жол тұр.

Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарауымыз керек.

Алдағы бірнеше он жылдыққа көз тігіп, ауқымды шараларды кезең-кезеңімен атқаруымыз қажет.

Біз ұзақ мерзімге арналған мақсатқа ұмтылуымыз керек.

Келешегіміз қандай болуы керек екенін нақты білуге тиіспіз. Себебі дұрыс мақсат қоя білсек қана, табысқа жете аламыз.

Тәуелсіздігіміздің 40 жылдығы жақындап келеді. Осы маңызды белеске қандай жетістікпен жетерімізді, оған дейін қандай тарихи міндеттерді орындауға тиіс екенімізді нақты білу маңызды.

Біз шындыққа тура қарауымыз керек. Еліміз бәрінен оза шауып, барлық салада және барлық бағытта бірінші қатарда бола алмайтынын түсінуіміз қажет.

Сондықтан біз өзіміздің басқалардан басым түсетін мықты тұстарымызды жақсы білуге тиіспіз.

Меніңше, Қазақстанның кемінде төрт салада орасан зор мүмкіндіктері бар. Атап айтқанда, цифрландыру ісі мен жасанды интеллект, көлік тасымалы, энергетика, агроөнеркәсіп кешені салаларында елімізді қамтамасыз етіп қана қоймай, аймақтық, тіпті, жаһандық ауқымда ықпалымызды жүргізе аламыз. Бұл қатарға адам капиталын да қосуға болады.

Цифрландыру және жасанды интеллектіні қолдану ісінде еліміз зор жетістікке жете алады.

Біз қазірдің өзінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Электронды үкіметтің даму деңгейі жөніндегі рейтингінде 190 мемлекеттің ішінен алғашқы 25 елдің қатарына кіріп тұрмыз.

Бірақ мұнымен шектеліп қалуға еш болмайды. Қазақстанға келген шетелдіктерді мұндағы электрондық жүйенің айтарлықтай дамуы таңғалдырады.

Жоғары технологиялар экономиканың және мемлекетті басқару ісінің барлық саласын дамытуға тың серпін беріп, алға бастайды.

Үкімет озық цифрлық тәсілдерді және жасанды интеллектіні жаппай енгізу үшін қолайлы орта қалыптастыруға арналған жұмысты еселеп күшейтуге тиіс.

Біз мәліметтерді сақтайтын және өңдейтін мықты желі түзіп, технологиялық өнімдерді жаппай экспорттауға кірісуіміз керек.

Цифрландыру ісін табысты жүргізу және жасанды интеллектіні жаппай енгізу еліміздің энергетикалық әлеуетіне тікелей байланысты.

Әлемнің цифрландыру ісіне және жасанды интеллектіге негізделген жаңа технологиялық қалыпқа көшуі энергияны көп қажет ететін үдеріс екенін түсіну керек.

Мұндай жағдайда аймақтағы және дүние жүзіндегі энергия тапшылығы үздіксіз арта береді.

Сондықтан Қазақстан өзін электр қуатымен толық қамтамасыз етіп қана қоймай, оны әлемдік энергетика нарығына да экспорттайтын ірі елге айналуы керек. Бұл – уақыт талабы.

Азаматтарымыз референдумда бірінші атом электр стансасын салу туралы шешімге қолдау көрсетіп, осы стратегиялық міндетті орындауға жол ашып берді. Бұл қадам алыс болашақтағы ахуал қалай болатынын ескере отырып, энергетика саласын кешенді түрде, жан-жақты ойластырып дамыту қажеттігін көрсетеді.

Мәселе еліміздің энергияға деген қазіргі сұранысын қанағаттандыруға ғана тіреліп тұрған жоқ.

Біз үшін ел экономикасының ондаған жыл бойы қарқынды дамуына берік негіз болатын жаңа энергетика саласын қалыптастырудың стратегиялық маңызы бар.

Мен, дәл сол себепті, Қазақстанға бір емес, үш атом электр стансасын салып, ақырында толыққанды ядролық кластер қалыптастыру қажет деп есептеймін.

Осы міндеттің айрықша маңызды екенін ескеріп, мен Президент жанындағы Ядролық энергетика агенттігін құру туралы шешім қабылдадым.

Біз газ бен көмір өндіру ісіндегі мүмкіндіктерімізді, сондай-ақ жаңартылатын қуат көздерінің әлеуетін толық пайдалануымыз керек. Бұған кешенді көзқарас қажет.

Жер көлемі жөнінен әлемде тоғызыншы орын алатын еліміздің, жалпы, көлік-транзит саласында зор мүмкіндіктері бар. Бұл – айрықша назар аударуды талап ететін стратегиялық бағыт. Дүниежүзілік сауда-саттыққа тікелей байланысты болғандықтан оған барлық әлемдік державалар көңіл бөледі. Қазір халықаралық қатынас көлік-логистикалық бағыттар мен мүмкіндіктерді дамытуға ден қояды. Бұл іспен айналысуға біздің географиялық орналасуымыз ықпал етіп отыр.

Қазақстанды Еуразияның көлік-логистикалық хабына айналдыруға көп күш жұмсауымыз қажет. Бұл міндеттің де стратегиялық сипаты басым.

Қазақстанның ауыл шаруашылығындағы әлеуеті зор екені белгілі. Енді соны тиімді пайдаланатын кез келді.

Еліміздің әуелгі мүмкіндіктеріне қарасақ, біз әлдеқашан әлемдегі алпауыт аграрлық мемлекеттің бірі болуға тиіс едік.

Бірақ ауыл шаруашылығына қажетті қаржы салынған жоқ. Оған қоса бұл салада жемқорлықпен айналысатын алаяқтар белең алды. Олардың ішінде мемлекеттік қызметшілер де болды. Жалған мәліметтердің кесірінен мемлекет қағаз жүзіндегі мал санына жылдар бойы субсидия төледі.

Қазір қордаланған мәселенің бәрін шешіп, агроөнеркәсіп кешенін жаңа деңгейге көтеру үшін көп жұмыс жасалып жатыр.

Біз алдағы бес жылда ауыл шаруашылығының жалпы өнімін екі есе көбейтіп, осы саладағы еңбек өнімділігін үш есе арттыруымыз керек. Бұл – өте маңызды міндет.

Қазақстан 10 жыл ішінде бидайды терең өңдеп, дайын өнім өндіретін және оны әлемдік нарыққа шығаратын ең үздік он елдің қатарына қосылуға тиіс.

Мен «Біздің басты күшіміз – адам және оның жасампаздық әлеуеті» деп үнемі айтып келемін. Өйткені білімді, еңбекқор әрі мақсатшыл азаматтар елімізді табысқа жеткізеді.

Қазақстанда азаматтарға дүниеге келгеннен бастап өмір бойы жәрдем беретін тиімді мемлекеттік қолдау жүйесі бар.

«Ұлттық қор – балаларға» және «Келешек» бағдарламалары, тегін орта білім, колледждер мен жоғары оқу орындарында білім алуға бөлінетін өте көп гранттар – мұның бәрі өскелең ұрпақтың қадамы нық болуына септігін тигізетін сан алуан шараның бір бөлігі ғана.

Адамға салынған инвестиция –мемлекеттің ең сенімді әрі дұрыс салымы.

Біз білім-ғылым, медицина, спорт, креативті индустрия салаларына қомақты қаржы бөлуді жалғастыра береміз.

Азаматтардың өзін жан-жақты дамытуы үшін барлық жағдайды жасаймыз. Себебі қазіргі заманда жекелеген адамдардың табысты болып, бақуатты өмір сүруі нағыз қуатты мемлекеттің көрсеткіші саналады.

Мен жоғарыда атап өткен басымдықтар, яғни ірі инфрақұрылымдық жобалар, цифрландыру мен жасанды интеллект, көлік транзиті мен энергетика, агроөнеркәсіп секторы және адам капиталы Қазақстанның жаңа әлемдегі орнықты дамуына жол ашатын негізгі факторлар болатыны анық.

Тағы да қайталап айтамын: қазір адамзат жаңа дәуірдің сипаты айқындалатын тарихи жолайрықта тұр.

Алға қарай қарыштап дамуға Қазақстанның мүмкіндігі жетеді.

Қазір жер шарының тұрғындары қартайып бара жатыр. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстанды жас әрі білімді азаматтардың елі деп айтуға болады.

Біз еліміздің әлеуетін нығайта түсуіміз керек, яғни азаматтардың мұң-мұқтажына құлақ асатын және ең бастысы, мәселені тиімді шеше алатын әлеуеті мықты ел болуымыз қажет.

Сондықтан білім мен инновацияға негізделген дамыған әрі жоғары технологиялық экономика құруға тиіспіз.

Мұның бәрі азаматтар үшін жасалады. Себебі адам – біздің мемлекетіміз үшін ең басты құндылық.

Біздің ұлтымыздың арман-мұраты Әділетті, Қауіпсіз, Таза, Қуатты Қазақстанды құру идеясынан бастау алады.

Біз баршаға және әркімге зор мүмкіндік беретін мемлекет құрып жатырмыз.

Бұл – әр азамат өз қабілетін шыңдап, адал еңбегімен отбасын асырай алатын ел болу деген сөз.

Заң мен тәртіп – біздің мызғымас тұғырымыз. Бұл, ең алдымен, еліміздің әр азаматына және барша халқымызға ортақ тәртіп.

Ал біздің идеологиямыз – қарапайым әрі түсінікті. Бұл – жаһандағы аса күрделі геосаяси ахуалда елімізді жаңа даму деңгейіне көтеру үшін берік негіз қалау деген сөз.

Мемлекетіміздің тағдыры мен ұлтымыздың берекелі өмірі осыған тікелей байланысты.

Құрметті жиынға қатысушылар!

Сіздер Ұлттық құрылтай аясында көптеген бастама көтеріп, игі істерге ұйытқы болып жүрсіздер.

Отаншыл азаматтардың арқасында еліміз тұрақты дамып келеді.

Баршаңызға тағы да шынайы ризашылығымды білдіремін.

Бүгін өзекті мәселелер талқыға түсті, біз бұл мәселелер бойынша тиісті шешімдерді қабылдадық.

Алдағы уақытта да осылай береке-бірлікте болып, еліміздің болашағы үшін маңызды жұмыстарды бірге атқара береміз деп сенемін!

Ораза қабыл болсын!

Баршаңызға амандық тілеймін!

IV. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚЫСҚАША ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

ПАРЛАМЕНТ ПАЛАТАЛАРЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫ

2024 жылғы 2 қыркүйек – 2025 жылғы 30 маусым аралығында **Парламент Палаталарының бірлескен 3 отырысы** өтті.

СЕНАТТЫҢ ОТЫРЫСТАРЫ

Палата отырысын Сенат Төрағасы шақырады.

Отырыстың күн тәртібі Сенат Бюросында алдын ала қаралады және Палатаның отырысында Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы бекітіледі.

2024 жылғы 2 қыркүйек – 2025 жылғы 30 маусым аралығында **Сенаттың 42 отырысы** өткізілді.

БЮРОНЫҢ ОТЫРЫСТАРЫ

Сенаттың Бюросы Сенат Төрағасының жанындағы Парламент Сенатының үйлестіруші органы болып табылады.

Сенат Бюросының отырыстарын Сенат Төрағасы шақырады.

2024 жылғы 2 қыркүйек – 2025 жылғы 30 маусым аралығында **Бюроның 32 отырысы** өткізілді.

ТҰРАҚТЫ КОМИТЕТТЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІ

(2024 жылғы 2 қыркүйек – 2025 жылғы 26 маусым)

Тұрақты комитеттер өз құзыретінің мәселелері бойынша қызмет нысандары мен әдістерін таңдауға ерікті, мемлекеттік органдармен және қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасайды, қоғамдық пікірді зерделейді және ескеріп отырады.

Тұрақты комитеттердің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ айына кемінде екі рет өткізіледі.

Сессия барысында Комитеттер **94 заңды қарады**, оның ішінде **89 заң Парламентте қаралып, қабылданды**. Сондай-ақ, Қаржы және бюджет комитеті **Қазақстан Республикасы Үкіметінің** және Қазақстан Республикасының **Жоғары аудиторлық палатасының** 2024 жылға арналған республикалық бюджеттің атқарылуы туралы **есептерін** қарады.

Комитеттің атауы	Бас комитет ретінде қаралған заңдар	Сенаттың жалпы отырысында қаралған заңдар
Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті	**14**	**14**
Қаржы және бюджет комитеті	**20**	**18**
Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті	**19**	**17**
Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті	**20**	**19**
Әлеуметтік мәдени даму және ғылым комитеті	**10**	**10**
Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті	**11**	**11**
Барлығы:	**94**	**89**

Заңдар бойынша Комитет отырыстары
(оның ішінде кеңейтілген отырыстары)

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті	**56 (22)**
Қаржы және бюджет комитеті	**70 (17)**
Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті	**46 (18)**
Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті	**45(16)**
Әлеуметтік мәдени даму және ғылым комитеті	**36 (14)**
Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті	**33 (10)**
Барлығы:	**283 (97)**

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛДАР

(2024 жылғы 2 қыркүйек – 2025 жылғы 26 маусым)

Депутаттық сауал Парламент Палаталарының бірлескен және бөлек отырысында Сенат депутатының мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарына депутаттық сауал салынған Парламент Палаталарының тиісті отырысында сол органның немесе лауазымды адамның құзыретіне жататын мәселелер бойынша негізді түсінік беруін немесе көзқарасын баяндауын ресми талап етуі болып табылады.

Сенат депутаты Премьер-Министр мен Үкімет мүшелеріне, Ұлттық Банктің Төрағасына, Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы мен мүшелеріне, Бас Прокурорға, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасына, Жоғары аудиторлық палатаның Төрағасына және мүшелеріне, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдеріне сауал салуға құқылы. Бұл орайда Бас Прокурорға не құқық қорғау органдарының және арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшыларына жолданған салынған сауал қылмыстық қудалау міндеттерін жүзеге асыруға байланысты мәселелерге қатысты болмайды. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасына салынған сауал Палатаның жабық отырысында қаралады.

2024 жылғы 2 қыркүйек – 2025 жылғы 26 маусым арлығында Сенат депутаттары **162** депутаттық сауал жолдады.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне	146
Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің бірінші орынбасарына	2
Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің орынбасарына	12
Қазақстан Республикасының Қаржы министріне	1
Қазақстан Республикасының Цифрлық даму және аэроғарыш өнеркәсібі министріне	1
Барлығы:	**162**

АЗАМАТТАРДЫҢ СЕНАТҚА КЕЛІП ТҮСКЕН ХАТ-ХАБАРЛАРЫ МЕН ӨТІНІШТЕРІНЕ ШОЛУ

1. Сенатқа келіп түскен хат-хабарлар саны, оның ішінде: қызметтік хат-хабар жеке және заңды тұлғалардың өтініштері өтініштерге жауап	**27 646** 6 581 20 881 184
2. Жіберілген хат-хабардың саны, оның ішінде: электронндық түрде (ЭҚАБЖ) е-Өтініш бойынша қағаз түрінде	**15 223** 3 090 10 685 1 448
3. Шығыс ішкі хат-хабарлар, оның ішінде: электрондық форматта (ЭҚАБЖ бойынша) қағаз түрінде	**1 457** 1 244 213
Барлығы:	**44 326**

Сенатқа келіп түскен өтініштер негізінен мыналарға қатысты болды:

құқық қорғау органдарының, соттардың және т.б. жұмыс мәселелері	4 461
қаржы, банк қызметі, кредит беру мәселелері	964
заңдар мен заң жобалары бойынша ұсыныстар (заңнаманы жетілдіру жөніндегі мәселелер)	461
әлеуметтік сипаттағы мәселелер (зейнетақымен қамсыздандыру, жеңілдіктер беру, өтемақылар мен жәрдемақылар төлеу, қандастар, жұмысқа орналастыру)	2 507
экономика және кәсіпкерлік мәселелері (сақтандыру, энергия үнемдеу, газбен жабдықтау, теміржол, су және әуе көлігі проблемалары, тұрғын үй құрылысы, үлестік қатысу, ЖТҚ үшін жер учаскелерін бөлу және т.б.)	637
мемлекеттік органдардың қызметі, лауазымды адамдардың заңсыз әрекеттері, сыбайлас жемқорлық	198
денсаулық сақтау мәселелері	343
білім беру, мәдениет, мемлекеттік тілді дамыту мәселелері	334
тұрғын үй-шаруашылық қызмет, көлік және коммуникация мәселелері	450
ауыл шаруашылығы, жер қатынастары, халықтың тұрмысы мәселелері (шаруашылық, жер даулары, су ресурстары және т.б.)	222
қоршаған ортаны қорғау және экология мәселелері	78
ақпараттандыру, байланыс, цифрландыру, БАҚ мәселелері	162
басқа өтініштер (жеке қабылдаулар, кездесулер, қызметтер және т.б.)	10 064
Барлығы:	**20 881**

Келіп түскен өтініштерді қабылдаған депутаттар:

Өтініштердің басым көпшілігі Сенат Төрағасының атына – 3 850, Бекназаров Н.Қ. – 1 062, Қадырбек М.Б. – 886, Больгерт Е.А. – 551 келіп түсті.

Сенат төрағасы	3 850
Бекназаров Н.К.	1 062
Қадырбек М.Б.	886
Больгерт Е.А.	551
Кожаев М.Ш.	505
Тастекеев К.К.	464
Асанова Ж.Б.	308
Басқа депутаттар	13 255
Барлығы:	**20 881**

Өңірлер бөлінісінде келіп түскен өтініштердің саны:

Өтініштердің басым көпшілігі Алматы қаласынан – 2 372, Астана қаласынан – 1 649, Павлодар – 3 869 және Солтүістк Қазақстан – 1 818 облыстарынан келіп түсті.

Астана қаласы	**1 649**
Алматы қаласы	**2 327**
Шымкент қаласы	863
Ақмола облысы	863
Ақтөбе облысы	713
Алматы облысы	1 068
Атырау облысы	388
ШҚО	1 185
Жамбыл облысы	801
БҚО	845
Қарағанды облысы	815
Қостанай облысы	557
Қызылорда облысы	226
Маңғыстау облысы	772
Павлодар облысы	**3 869**
СҚО	**1 818**
Түркістан облысы	430
Абай облысы	905
Жетісу облысы	531
Ұлытау облысы	243
ТМД елдері және алыс шетелдер	11
Барлығы:	**20 881**

V. СЕГІЗІНШІ ШАҚЫРЫЛҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІНІҢ ҮШІНШІ СЕССИЯСЫНДАҒЫ ЗАҢ ШЫҒАРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

(2024 жылғы 2 қыркүйек – 2025 жылғы 30 маусым)

1	**Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған заңдар**	**89**
2	Мәжіліс қабылдағаннан кейін Сенат мақұлдаған заңдар	75
3	Мәжіліс қабылдағаннан кейін Сенат жекелеген баптарын жаңа редакцияда мақұлдап Мәжіліске қайтарған заңдар	14
4	Сенаттың түзетулерімен Мәжіліс қабылдаған заңдар	14
5	**Кодекстер**	**3**
6	**Дербес заңдар**	**7**
7	**Қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдар**	**40**
8	**Ратификациялау туралы заңдар**	**39**
9	Депутаттар бастамашы болған және Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған заңдар	17
10	Қазақстан Республикасының Үкіметі бастамашы болған және Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған заңдар	72

СЕГІЗІНШІ ШАҚЫРЫЛҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІНІҢ ҮШІНШІ СЕССИЯСЫНДА ҚАБЫЛДАНҒАН ЗАҢДАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

КОДЕКСТЕР

1	Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі
2	Қазақстан Республикасының Су кодексі
3	Қазақстан Республикасының Салық кодексі

ДЕРБЕС ЗАҢДАР

1	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2025 – 2027 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы
2	2025 – 2027 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы
3	Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы
4	Аквашаруашылық туралы
5	Қазақстан Республикасының аумақтық қорғанысы туралы
6	Нысаналы капитал қорлары және эндаумент-қорлар (нысаналы капиталдар) туралы.
7	Қазақстан Республикасы Конституциясының отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы

ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРГЕ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ ЗАҢДАР

1	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жекелеген көлік құралдары түрлерінің жүруін ұйымдастыру және жол қауіпсіздігін цифрландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
2	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне жекелеген көлік құралдары түрлерінің жүруін ұйымдастыру және жол қауіпсіздігін цифрландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
3	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй саясатын реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
4	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот жүйесін реформалау және процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
5	«2024 – 2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
6	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпаратқа қол жеткізу, қоғамдық қатысу, мемлекеттік наградалар және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
7	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі, ақпарат, қоғамдық даму, мәдениет және архив ісі салаларында артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
8	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дипломатиялық қызмет, халықаралық шарттар және дамуға ресми көмек мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
9	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестердің, прекурсорлардың және күшті әсер ететін заттардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
10	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік наградалар, білім беру және баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
11	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне биржа саудасы және кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

12	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
13	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
14	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет, білім беру және тәлімгерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
15	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне байланыс қызметтерін көрсету, мемлекеттік сатып алу, көлік және пошта мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
16	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Түркістан қаласының ерекше мәртебесі және шет елдегі мәдениет орталықтары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
17	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бюджет заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу және «Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп тану туралы
18	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне резервтегі әскери қызмет және жекелеген орталық мемлекеттік органдардың функцияларын қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
19	«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне су қорын қорғау және пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы
20	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне су қорын қорғау және пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
21	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне су қорын қорғау және пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
22	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дене шынықтыру және спорт, сондай-ақ артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
23	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау, ойын бизнесі және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
24	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тауарлардың шығарылған елін айқындау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

25	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аквашаруашылық, агроөнеркәсіптік кешен, электр энергетикасы және жекелеген орталық мемлекеттік органдардың функцияларын қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
26	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аумақтық қорғаныс мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
27	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын дамыту, қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау, байланыс және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
28	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу, автомобиль жолдары және мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
29	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық қорғау, электр энергетикасы және мемлекеттік мүлікті басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
30	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне нысаналы капитал қорларының және эндаумент-қорлардың (нысаналы капиталдардың) қызметі, сондай-ақ Арал маңының қазақстандық бөлігінің экологиялық қолайсыз аумағы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
31	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің міндеттемелеріне кепілдік беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
32	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, кәсіпкерлік және экспорттық-кредиттік агенттіктің қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
33	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
34	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру және медициналық қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
35	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

36	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне астананы және республикалық маңызы бар қалаларды, ұлттық жобаларды дамыту, кәсіпкерлік және мемлекеттік органдардың функцияларын оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
37	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін жетілдіру, құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік органдардың, азаматтық қорғау органдарының қызметкерлерін және әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету және әлеуметтік қорғау, сондай-ақ ішкі істер органдарының қызметі саласында артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
38	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
39	Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және оны қолданысқа енгізу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
40	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әскери-патриоттық тәрбие, әскери қызмет және жекелеген орталық мемлекеттік органдардың функцияларын қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРТТАР МЕН КЕЛІСІМДЕРДІ РАТИФИКАЦИЯЛАУ ТУРАЛЫ ЗАҢДАР

1	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Министрлер Кабинеті арасындағы «Қарасу» және «Ақ-Тілек» автожол өткізу пункттері ауданында индустриялық сауда-логистикалық кешенді құру және оның қызметін реттеу туралы келісімді ратификациялау туралы
2	Түркі мемлекеттері ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы оңайлатылған кеден дәлізін құру туралы келісімді ратификациялау туралы
3	Биологиялық материал алмасу туралы келісімді ратификациялау туралы
4	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қатар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы басым салалардағы жобаларды дамыту үшін ұзақмерзімді стратегиялық әріптестік орнату туралы келісімді ратификациялау туралы.

5	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы экология және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы
6	Қазақстан Республикасы мен Вьетнам Социалистік Республикасы арасындағы сотталған адамдарды беру туралы шартты ратификациялау туралы
7	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қатар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы әскери ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы
8	Орыс тілі жөніндегі халықаралық ұйымды құру туралы шартты ратификациялау туралы
9	Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ауыл шаруашылығы өніміне арналған қоймалық куәліктерді шығару (беру), олардың айналысы және өтелу қағидалары туралы келісімді ратификациялау туралы
10	Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы қарыз туралы келісімді (Жай операциялар) (Фискалдық басқару және қаржы секторы реформаларының бағдарламасы – 1-кіші бағдарлама) ратификациялау туралы
11	Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы қарыз туралы келісімді («Инклюзивті және тұрақты экономикалық өсу» атты даму саясатын қаржыландыруға арналған қарыз) ратификациялау туралы
12	Қазақстан Республикасы мен Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкі арасындағы қарыз туралы келісімді (Фискалдық басқару және қаржы секторы реформаларының бағдарламасы – 1-кіші бағдарлама) ратификациялау туралы
13	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасында Француз даму агенттігі тобының жұмыс істеуі туралы келісімді ратификациялау туралы
14	Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Иран Ислам Республикасы арасындағы еркін сауда туралы келісімді ратификациялау туралы
15	Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Сингапур Республикасы арасындағы жан-жақты экономикалық ынтымақтастық туралы негіздемелік келісімді және Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Сингапур Республикасы арасындағы еркін сауда туралы келісімді ратификациялау туралы

16	Еуропа Қайта Құру және Даму Банкін құру туралы келісімнің 1-бабына банк операцияларын географиялық қамтуды Сахарадан оңтүстікке қарай орналасқан Африка елдері мен Иракқа шектеулі түрде және біртіндеп қолдануды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін түзетулерді ратификациялау туралы
17	Еуропа Қайта Құру және Даму Банкін құру туралы келісімнің 12-бабының 1-тармағына жай операцияларға жарғылық капиталды шектеудің күшін жою мақсатындағы түзетулерді ратификациялау туралы
18	Мемлекеттік (муниципалдық) сатып алуды жүзеге асыру кезінде банк кепілдіктерін өзара тану туралы келісімді ратификациялау туралы
19	Зағиптардың және көру қабілеті бұзылған немесе баспа ақпаратын қабылдау қабілеті өзгедей шектелген адамдардың жария етілген туындыларға қол жеткізуін жеңілдету туралы Марракеш шартын ратификациялау туралы
20	2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің арасында кедендік әкелім баждарының сомасын аударуға қатысты бөлікте өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы
21	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы өсімдіктер карантині және оларды қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы
22	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының біртұтас энергетикалық жүйелерінің қатар жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы келісімді ратификациялау туралы
23	Біріккен Ұлттар Ұйымының бөлуді бақылау жөніндегі күштеріне (UNDOF) ресурс ұсынатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумды ратификациялау туралы
24	2024 жылғы 14 ақпандағы Біріккен Ұлттар Ұйымының бөлуді бақылау жөніндегі күштеріне (UNDOF) ресурс ұсынатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға хаттар алмасу нысанындағы келісімді ратификациялау туралы
25	Қазақстан Республикасы мен Қатар Мемлекеті арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы келісімді ратификациялау туралы
26	Қазақстан Республикасы мен Қатар Мемлекеті арасындағы ұстап беру туралы келісімді ратификациялау туралы.

27	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы «Орталық Азия» халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығының қызметін реттеу туралы келісімді ратификациялау туралы
28	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы
29	Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі Еуразиялық топ туралы келісімге және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі Еуразиялық топтың бюджетін қалыптастыру және атқару тәртібі туралы ережеге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы
30	Қазақстан Республикасы мен Кипр Республикасы арасындағы сотталған адамдарды беру туралы келісімді ратификациялау туралы
31	Көрсетілетін қызметтердің еркін саудасы, инвестициялардың құрылуы, қызметі және жүзеге асырылуы туралы келісімді ратификациялау туралы
32	2007 жылғы 26 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің Хатшылығы арасындағы Хатшылықтың Қазақстан Республикасының аумағында болуы шарттары туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы
33	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Алматы қаласында Америка Құрама Штаттарының консулдық мекемесінің үй-жайларын салу үшін Америка Құрама Штаттарының Үкіметіне жер учаскесін жалға беру туралы келісімді ратификациялау туралы
34	Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін құру туралы Нахчыван келісіміне өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы
35	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Араб Әмірліктерінің Үкіметі арасындағы жел электр станциясы жобасын іске асыру туралы келісімді ратификациялау туралы
36	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Министрлер Кабинеті арасындағы инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы
37	2009 жылғы 9 маусымдағы Еуразиялық тұрақтандыру және даму қорын құру туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы

38	Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы одақтастық қатынастарды тереңдету және кеңейту туралы шартты ратификациялау туралы
39	Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы қарыз туралы келісімді (Қазақстанның инклюзивті экономикасы үшін жеделдетілген цифрландыру жобасы) ратификациялау туралы

ДЕПУТАТТАР БАСТАМАШЫ БОЛҒАН ЖӘНЕ ПАРЛАМЕНТ ҚАБЫЛДАҒАН ЗАҢДАР

1	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жекелеген көлік құралдары түрлерінің жүруін ұйымдастыру және жол қауіпсіздігін цифрландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
2	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне жекелеген көлік құралдары түрлерінің жүруін ұйымдастыру және жол қауіпсіздігін цифрландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
3	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот жүйесін реформалау және процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
4	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестердің, прекурсорлардың және күшті әсер ететін заттардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
5	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне биржа саудасы және кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
6	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет, білім беру және тәлімгерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
7	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне байланыс қызметтерін көрсету, мемлекеттік сатып алу, көлік және пошта мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
8	«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне су қорын қорғау және пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы
9	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне су қорын қорғау және пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
10	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тауарлардың шығарылған елін айқындау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

11	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу, автомобиль жолдары және мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
12	Қазақстан Республикасы Конституциясының отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы
13	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің міндеттемелеріне кепілдік беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
14	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, кәсіпкерлік және экспорттық-кредиттік агенттіктің қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
15	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
16	Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және оны қолданысқа енгізу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
17	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әскери-патриоттық тәрбие, әскери қызмет және жекелеген орталық мемлекеттік органдардың функцияларын қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

СЕНАТ МӘЖІЛІСКЕ ҚАЙТАРҒАН ЗАҢДАР

№	Заңдардың атауы	Түзетулердің саны
1	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй саясатын реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	**4**
2	2025 – 2027 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы	**136**
3	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпаратқа қол жеткізу, қоғамдық қатысу, мемлекеттік наградалар және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.	**6**
4	Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі	**70**

5	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бюджет заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу және «Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп тану туралы	**22**
6	Қазақстан Республикасының Су кодексі	**12**
7	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне су қорын қорғау және пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	**1**
8	Аквашаруашылық туралы	**3**
9	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аквашаруашылық, агроөнеркәсіптік кешен, электр энергетикасы және жекелеген орталық мемлекеттік органдардың функцияларын қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	**2**
10	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын дамыту, қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау, байланыс және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.	**24**
11	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін жетілдіру, құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік органдардың, азаматтық қорғау органдарының қызметкерлерін және әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету және әлеуметтік қорғау, сондай-ақ ішкі істер органдарының қызметі саласында артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	**3**
12	Қазақстан Республикасының Салық кодексі	**131**
13	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	**35**
14	Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және оны қолданысқа енгізу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	**35**
	Барлығы	**484**

VI. СЕНАТТЫҢ ТҰРАҚТЫ КОМИТЕТТЕРІ БОЙЫНША МӘЖІЛІС ҚАБЫЛДАҒАН ЗАҢДАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

6.1. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢНАМА, СОТ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ КОМИТЕТІ

1. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жекелеген көлік құралдары түрлерінің жүруін ұйымдастыру және жол қауіпсіздігін цифрландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Е.Больгерт.

Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары бастамашылық жасаған Заңның мақсаты жол жүрісін ұйымдастыру мәселелері бойынша заңнаманы одан әрі жетілдіру болып табылады.

Заңның міндеттері: жекелеген көлік құралдары түрлерінің, оның ішінде мопедтердің жүруін ұйымдастыру саласында туындайтын мәселелерді құқықтық реттеуді және Қазақстан Республикасының аумағында жол қауіпсіздігін цифрландыруды қамтамасыз ету.

Заң 3 заңнамалық актіге, оның ішінде Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне және «Жол жүрісі туралы» және «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейді.

Қылмыстық кодексте мопедтерді «басқа механикалық көлік құралдары» ұғымына жатқызуға қатысты түзету енгізілді (3-баптың 8) тармағы).

«Жол жүрісі туралы» Заңға мынадай түзетулер енгізіледі:

1) «орташа жүру жылдамдығы» ұғымы енгізіледі және оны есептеу тәртібі көзделеді (*көлік құралы жүріп өткен халықаралық, республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдар учаскесінің ұзындығын осы қашықтықты жүріп өткен уақыт аралығына бөлу арқылы айқындалады).*

Осы ұғымды енгізу сертификатталған арнаулы бақылау-өлшеу техникалық құралдары мен аспаптары орнатылған жолдың барлық учаскесінде жүргізушілердің жылдамдығын төмендетуге, сондай-ақ жылдамдық режимін асыру салдарынан болатын жол-көлік оқиғаларының санын азайтуға мүмкіндік береді деп күтілуде.

Бұл ретте «орташа жүру жылдамдығын» көрсетілген аспаптар мен құралдар автоматты түрде айналма жолдар жоқ жолдардың қала сыртындағы және түзу сызықты учаскелерінде ғана есептейтін болады. Осыған байланысты мұндай нұсқамаларға шағымдану тәуекелдері айтарлықтай азаяды деп күтілуде.

«Орташа жүру жылдамдығын» өлшеу кезінде құқық бұзушылықты тіркеу уақыты мен орны қолданыстағы құқық қолдану практикасына ұқсастық бойынша камералар арқылы (уақыт аралығы мен жол учаскесінің бөлігі ретінде) анықталатын болады;

2) мопедтерді міндетті мемлекеттік тіркеу енгізіледі.

Қолданыстағы норма бойынша ең жоғары конструктивтік жылдамдығы сағатына елу километрден асатын мопедтер тіркеуге жатады. Осы Заңға сәйкес барлық мопедтер тіркеуге жатады (қозғалтқышының көлемі елу текше сантиметрден аспайтын не электр қозғалтқышпен жабдықталған және ең жоғары конструктивтік жылдамдығы сағатына елу километрден аспайтын);

- мопедті басқару құқығы «А1» кіші санатындағы жүргізуші куәлігімен расталады, ал «А» және «В» санаттарының болуы да мопедті басқару құқығын растайды деген норма көзделеді;

3) ӘҚБтК-нің 608 *(жүргізушінің көлік құралын алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйде басқаруы)* немесе ӘҚБтК-нің 613-баптары *(алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйін куәландырудан өтуден жалтару)* бойынша әкімшілік жауаптылыққа тартылған адамдарға қатысты тиісінше жеті немесе сегіз жыл бойы көлік құралдарын басқару құқығын алуға емтихандар тапсыруға жіберуге тыйым салу енгізіледі;

4) қолданыстағы хабарлама тәртібінің орнына техникалық қарап-тексеру операторы қызметіне арналған рұқсат беру тәртібін енгізіледі.

Мопедтерді мемлекеттік тіркеуге, техникалық қарап-тексеру операторлары қызметінің рұқсат беру тәртібіне көшуіне қатысты нормалар Заң алғаш ресми жарияланған күннен кейін 6 ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Заңды мақұлдау кезінде күтілетін нәтижелер:

- Қазақстан Республикасының аумағында жол жүрісі қауіпсіздігін арттыру;
- мопедтерді пайдалануды құқықтық реттеуді қамтамасыз ету;
- жол-көлік оқиғаларының санын азайту;
- техникалық қарап-тексеру операторларының қызметін реттеуді қатаңдату.

Заң 2024 жылғы 19 қыркүйекте Сенат отырысында мақұлданды.

2. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне жекелеген көлік құралдары түрлерінің жүруін ұйымдастыру және жол қауіпсіздігін цифрландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Е.Больгерт.

Заңның мақсаты көлік құралдарының жекелеген түрлерінің жүруін бақылауды жүзеге асыру бөлігінде Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, белгіленген жүру жылдамдығын арттырғаны үшін әкімшілік құқық бұзушылықтардың жаңа құрамдарын белгілеу, сондай-ақ бірқатар нақтылаушы түзетулер енгізу арқылы жол жүрісін ұйымдастыру мәселелері жөніндегі заңнаманы одан әрі жетілдіру болып табылады.

Заңның міндеттері: цифрлық технологияларды, техникалық құралдарды пайдалану бөлігінде әкімшілік іс жүргізу процесін оңтайландыру; мопед жүргізушілеріне қойылатын талаптарды енгізу және оларды механикалық транспорттық құралдардың жүргізушілерімен тең дәрежеде әкімшілік жауапкершілікке тарту бөлігінде «Жол жүрісі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларына сәйкес келтіру.

Заңда ҚР ӘҚБтК-нің 15 бабына мынадай түзетулер көзделген:

- рұқсат етілген жүру жылдамдығын қырықтан алпысқа дейін және рұқсат етілгеннен алпыс және одан көп км/сағ шамаға арттырған адамдар үшін әкімшілік жауапкершілікті дәйектемелеу, сондай-ақ қайталап жасалған құқық бұзушылықтар үшін жауапкершіліктің қосымша шараларын енгізу;

- көлік құралдарының жүргізушілері тәуліктің жарық уақытында сыртқы жарық аспаптарын пайдалану қағидаларын бұзуды алғаш рет жасаған кезде ескерту түрінде ғана жаза белгіленеді, ал қолданыстағы нормадан балама жаза ретіндегі айыппұл алынып тасталады;

- механикалық көлік құралдарын техникалық байқауды ұйымдастыру қағидаларын бұзғаны үшін, оның ішінде шағын кәсіпкерлік субъектілеріне техникалық байқауды формальды жүргізгені үшін айыппұл мөлшері 10-нан 50 АЕК-ке дейін, орта кәсіпкерлік субъектілеріне 20-дан 70 АЕК-ке дейін, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 30-дан 100 АЕК-ке дейін ұлғайтылады;

- техникалық байқау қағидаларын өрескел бұзғаны үшін оператордың қызметіне арналған рұқсаттан айыру түрінде қосымша санкция белгіленеді;

- жолдарды және жол құрылыстарын күтіп-ұстауға байланысты құқық бұзушылықтарды қайталап жасағаны үшін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі енгізіледі.

Заң мақұлданған кезде күтілетін нәтижелер:

- цифрлық технологияларды пайдалану бөлігінде әкімшілік өндіріс процесін оңтайландыру (оңайлату және жеделдету);

- полицейлердің құқық бұзушылармен байланысын болдырмау есебінен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту, жолдардағы жанжалды жағдайларды жою;

- әкімшілік құқық бұзушылықтар санын қысқарту;

- жолдар мен жол құрылыстарын күтіп ұстаудағы лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін күшейту.

Заң 2024 жылғы 19 қыркүйекте Сенат отырысында мақұлданды.

3. «Қазақстан Республикасы мен Вьетнам Социалистік Республикасы арасындағы сотталған адамдарды беру туралы шартты ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат Н. Байқадамов.

Заңның мақсаты екі мемлекет арасындағы құқықтық ынтымақтастықты нығайту және олар азаматтары болып табылатын мемлекетте жазасын өтеу үшін сотталған адамдардың қоғамға қайта интеграциялауға жәрдемдесу болып табылады.

Заңның міндеті 2023 жылғы 21 тамызда Ханой қаласында жасалған Қазақстан Республикасы мен Вьетнам Социалистік Республикасы арасындағы Сотталған адамдарды беру туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) ратификациялау болып табылады.

Шарт сотталған адамнан немесе оның заңды өкілінен жазбаша келісім алу талабы маңызды аспект болып табылатын сотталғандарды беру шарттары мен тәртібін регламенттейді. Бұл келісім ерікті және саналы болуы керек, бұл сотталушыға берудің құқықтық салдарын түсінуді қамтамасыз ететін мәлідемемен расталады.

Шарт бір Тараптың беру туралы сұрау салуы келіп түскен жағдайда, Беруші Тарап Қабылдаушы Тарапқа беретін құжаттардың тізбесін, сондай-ақ Шартты орындау рәсімін регламенттейді.

Шартта сондай-ақ оны орындауға байланысты шығыстарды, Шартты түсіндіруде немесе қолдануға байланысты Тараптар арасындағы келіспеушіліктерді реттеу тәртібін реттейтін нормалар көзделген.

Заң 2024 жылғы 31 қазанда Сенат отырысында мақұлданды.

4. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот жүйесін реформалау және процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Н. Бекназаров.

Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттары бастамашылық жасаған Заңның мақсаттары сотта қорғалу құқығын іске асырудың құқықтық кепілдіктерін күшейтуге және сот төрелігін іске асыру сапасын, судьялар корпусының кәсібилігін және олардың жауапкершілігін арттыруға бағытталған тиісті заңнамалық тетіктерді әзірлеу арқылы сот жүйесін одан әрі жетілдіру болып табылады.

Заңның міндеттері сот жүйесін реформалау және процестік заңнаманы жетілдіру болып табылады.

Ағымдағы жылғы маусымда қабылданған «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы (бұдан әрі – Конституциялық заң) дербес кассациялық соттар құруды және олардың сот актілерін қарау жөніндегі өкілеттіктерін көздейді.

Осыған орай Заңда Қылмыстық-процестік кодекске (бұдан әрі – ҚПК), Азаматтық процестік кодекске (бұдан әрі – АПК), Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске (бұдан әрі – ӘРПК), сондай-ақ басқа да бірқатар заңдарға түзетулер енгізу көзделеді.

Заңда азаматтық және қылмыстық істер бойынша кассациялық сатыда істерді алдын ала қарауды алып тастау ұсынылады.

Кассациялық сатыға жүгіну қағидаларын оңайлату мақсатында қылмыстық және азаматтық істер бойынша азаматтар беретін сот актілерін қайта қарау туралы өтінішхат кассациялық шағымға өзгертілді.

Кассациялық сатыда істерді алдын ала қарауды алып тастауға байланысты әкімшілік істер (ӘРПК) сияқты кассациялық сатыдағы сотта қылмыстық және азаматтық істерді қарау мерзімдері, яғни ақылға қонымды мерзімде, бірақ алты айдан аспайтын мерзімде қарау қайта қаралды.

Кассациялық сатыға қолжетімділікті кеңейту үшін 2027 жылғы 1 шілдеден бастап талап қою сомасы 2 000 АЕК-тен кем болған кезде жеке тұлғалардың және талап қою сомасы 30 000 АЕК-тен кем болған кезде заңды тұлғалардың мүліктік мүдделеріне байланысты даулар бойынша, сондай-ақ қылмыстық теріс қылықтар мен онша ауыр емес қылмыстар бойынша шектеулер алып тасталатын болады.

Бас прокурордан басқа оның орынбасарларына, Бас әскери прокурорға, Бас көлік прокурорына да кассациялық сатыға наразылық енгізу құқығы беріледі.

Дербес кассациялық соттардың құрылуына байланысты ҚПК-ға, АПК-ға және ӘРПК-ге Жоғарғы Соттың заңды күшіне енген сот актілерін кассациялық сатыда қаралғаннан кейін қайта қарау тәртібін регламенттейтін жаңа тараулар енгізілді.

Бұдан басқа, істер Жоғарғы Сотта Жоғарғы Сот судьясының ұсынуы немесе Бас Прокурордың наразылығы бойынша айрықша жағдайларда қайта қаралуы мүмкін.

Сот актісін шығару мәселесінде процестік қатынастардың тұрақты болуы мақсатында АПК-да «кеңесу бөлмесі және оның құпиялары» институты қалпына келтірілді, сондай-ақ азаматтардың қорғалу құқықтарының шектелуіне жол бермеу үшін іске қатысушы адамдар келмеген жағдайда сот қабылдаған шешімді жария етпеуге мүмкіндік беретін нормалар алып тасталды.

Қазақстан Республикасының аумағында экстремизмді немесе террористік іс-әрекетті жүзеге асыратын ұйымды тану туралы азаматтық істерді қараудың жеделдігі үшін мұндай істерді қарау мерзімдері бір айдан он жұмыс күніне дейін қысқартылды.

Азаматтық істерге ұқсас, әкімшілік орган жауапкер болып табылатын талап қоюшының таңдауымен әкімшілік істер бойынша аумақтан тыс соттылықты енгізу ұсынылады.

Әкімшілік істер бойынша сот актілері апелляциялық шағым жасалғаннан кейін заңды күшіне енетін болады. Қазіргі уақытта олар кассациялық шағым жасалғаннан кейін заңды күшіне енеді.

«Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы» Заңға шығару кезінде судья заңдылықты өрескел бұзуға жол берген әрбір күші жойылған сот актісін тексерудің жаңа тетігін енгізуге орай Сот жүриінің жұмысын жетілдіруге байланысты Конституциялық заңның нормаларына сәйкес келтіруге бағытталған түзетулер енгізілді.

«Жедел-іздестіру қызметі туралы» Заңда қылмыстық процестің белгіленген рәсімдеріне қарамастан, судьяларды тәртіптік жауаптылыққа тарту үшін жедел-іздестіру қызметінің материалдарын пайдалануға тыйым салынады.

«Мемлекеттік қызмет туралы» Заңда конкурс өткізбей уәкілетті органмен келісу бойынша «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға жіберілген лауазымдар тізбесінен Сот Әкімшілігі басшысының орынбасарын, сондай-ақ Жоғары Сот Кеңесі Аппараты басшысының орынбасарын алып тастау ұсынылады. Бұл 2023 жылғы қаңтардан бастап Сот әкімшілігінің басшылығы мемлекеттік саяси қызметшілер болып табылатындығымен, ал Жоғары Сот Кеңесі Аппараты басшысының орынбасары «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдары санатына жатқызылғандығымен байланысты.

Бұдан басқа, Жоғары Сот Кеңесінің хатшысы – Аппарат басшысы лауазымын Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасы баға беретін адамдар тізбесінен алып тастау ұсынылады, өйткені оның лауазымы мемлекеттік саяси қызметшілер санатына жатқызылған.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сатып алу және артық заңнамалық регламенттеуді болдырмау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға Заңның жекелеген ережелерінің қайшылығын болдырмауға бағытталған түзетулер енгізілді.

Тұтастай алғанда, Заңда 9 заңнамалық актіге, оның ішінде 3 кодекске және 6 заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

Заң мақұлданған кезде күтілетін нәтижелер – азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі соттардың қызметін жетілдіру.

Заң 2024 жылғы 7 қарашада Сенат отырысында мақұлданды.

5. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестердің, прекурсорлардың және күшті әсер ететін заттардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Н. Байқадамов.

Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттары бастамашылық жасаған заң есірткі, психотроптық заттардың, олардың аналогтары, прекурсорлары мен күшті әсер ететін заттардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнаманы одан әрі жетілдіруге бағытталған.

Заңның міндеті нашақорлыққа, есірткі саудасына және есірткі трафигіне қарсы іс-қимылды күшейту болып табылады.

Заң мынадай негізгі ережелерді көздейді:

- есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді заңсыз сатып алғаны, сақтағаны, өткізу мақсатында тасымалдағаны, жөнелткені үшін және есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді заңсыз дайындағаны, өңдегені, өндіргені үшін жауаптылықтың аражігін ажырату;

- қызмет бабын пайдаланып ҚР Қылмыстық кодексінің 297-1-бабында көзделген қылмыстарды жасаған лауазымды адамдар үшін қылмыстық жауаптылықты күшейту;

- құрамында есірткі заттары бар, өсіруге тыйым салынған өсімдіктерді қылмыстық топтың және аса ірі мөлшерде заңсыз егіп-өсіргені үшін қылмыстық жауаптылықты белгілеу;

- ел ішінде күшті әсер ететін заттардың заңсыз айналымы мен өндірісі үшін жауаптылықты белгілеу (қазір олардың контрабандасы ғана қудаланады);

- прекурсорлар мен күшті әсер ететін заттардың айналымы қағидаларын бұзғаны үшін жауаптылықты белгілеу;

- күшті әсер ететін зат ұғымы енгізіледі;

- профилактика мақсатында есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді, сондай-ақ күшті әсер ететін заттарды медициналық емес мақсатта тұтынуға тыйым салуды белгілеу;

- қоспадағы бақыланатын заттардың массасын анықтау үшін «препарат» ұғымына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізіміне кірмейтін психикаға белсенді әсер ететін заттарды нақты анықтау үшін «уытқұмарлық» ұғымына түзетулер енгізілді.

Тұтастай алғанда, Заң есірткі және психотроптық заттардың, олардың аналогтары, прекурсорлары мен күшті әсер ететін заттардың заңсыз айналымына қарсы күрестің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Заң 2024 жылғы 19 желтоқсанда Сенат отырысында мақұлданды.

6. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Е. Больгерт.

Заңның мақсаты Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің нормаларын одан әрі жетілдіру болып табылады.

Заңның міндеттері: «қоғамдық жұмыстар» әкімшілік жазалаудың жаңа түрін реттеу, сондай-ақ әкімшілік-деликтілік заңнаманы жетілдіру.

Заңмен қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі әкімшілік жазаның жаңа түрі енгізіледі және оны орындау тетігі айқындалады.

Конституцияның 24-бабына сәйкес мәжбүрлі еңбекті қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп тану туралы сот актісі негізінде не төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайы кезінде ғана қолдануға жол беріледі.

Қазіргі уақытта қоғамдық жұмыстар түріндегі жаза қылмыстық заңнама шеңберінде қолданылады.

Мәселен, Қылмыстық кодекстің 43-бабына сәйкес қоғамдық жұмыстар сотталғандардың қоғамдық орындарда жергілікті атқарушы органдар ұйымдастыратын, белгілі бір біліктілікті талап етпейтін тегін қоғамдық пайдалы жұмыстарды орындауынан тұрады.

Бұл ретте Қылмыстық-атқару кодексі 24-бабының жетінші бөлігіне сәйкес түзеу жұмыстары, сондай-ақ қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі

жазаны сотталған адамның тұрғылықты жері бойынша пробация қызметі орындайды.

Қаралып отырған Заңда «қоғамдық жұмыстарға тарту» түріндегі әкімшілік жазаны қолдануды іске асырудың осыған ұқсас тетігі ұсынылады. Заңмен жазаның осы түрінің орындалуын қамтамасыз ету жергілікті атқарушы органдарға бекітіліп беріледі.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер шеңберінде әкімшілік жазаның қоғамдық қауіптілік сипатымен және дәрежесімен салыстырмалылығын ескере отырып, 11 бап пен 15 құрам бойынша *(мысалы, ұсақ бұзақылық, жалпыға бірдей пайдаланылатын орындарды ластау, қоғамдық орындарда тиісу және т.б.)* қоғамдық жұмыстарды қолдану мүмкін болады.

Заңда әкімшілік жазаның бұл түрі қолданылмайтын адамдардың (*жүкті әйелдер, үш жасқа дейінгі жастағы жас балалары бар әйелдер, үш жасқа дейінгі жастағы жас балаларды жалғыз тәрбиелеп отырған еркектер, он сегіз жасқа толмаған адамдар, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар және т.б.)* толық тізбесі де айқындалған.

Бұдан басқа, Заңмен мыналарға:

- әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша күштеп әкелуді қолдану тәртібін белгілеуге (*Конституциялық Кеңестің 2018, 2019 және 2020 жылдардағы жолдауларын іске асыру үшін)*;

- қысқартылған іс жүргізудегі істер бойынша жаңадан ашылған мән-жайлармен істерді қайта қарау рәсімін реттеуге *(Конституциялық Соттың 2023 жылғы 28 сәуірдегі № 12 нормативтік қаулысын іске асыру үшін)*;

- санкциялар сот қана қолданатын жазаларды көздемейтін кейбір құрамдарды мемлекеттік органдардың ведомстволығына одан әрі беруге;

- қолданыстағы салалық заңдарды (материалдық нормаларды) ескере отырып, әкімшілік құқық бұзушылықтардың жаңа құрамдарын енгізуге, қолданыстағы жазалау шараларын күшейтуге, сондай-ақ жекелеген жағдайларда жауаптылықты жұмсартуға немесе алып тастауға бағытталған әкімшілік-деликтілік заңнама жетілдіріледі.

Тұтастай алғанда, Заңда ӘҚБтК-нің 246 бабына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ 247 құрамға түзетулер енгізу көзделеді, оның ішінде:

- 45 құрам бойынша әкімшілік құқық бұзушылықтардың (айыппұл санкцияларының) қолданыстағы құрамдарын қатаңдату немесе күшейту көзделеді *(мысалы, жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау қағидаларын бұзу (386-бап); жиырма бір жасқа толмаған адамдарға темекіні және темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, қорқорға арналған темекіні, қорқор қоспасын, темекі қыздыруға арналған жүйелерді сату (423-1-бап); ортақ пайдаланылатын орындарды ластау (434-2-бап); арнаулы қызметтерді көрінеу жалған шақыру (438-бап); Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзу (79-бап) және т.б.).*

– 20 құрам бойынша әкімшілік жауаптылықты (айыппұл санкцияларын) жеңілдету белгіленеді *(466-бап. Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы заңнамасын бұзу, Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасын бұзу (400-бап), көлік құралдарын тоқтату немесе тоқтап тұру қағидаларын бұзу (597-бап).*

Заңның ережелері мыналарды да көздейді:

- әкімшілік жауаптылықты енгізу *(ӘҚБтК-нің жаңа 440-1-бабы «Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді, сондай-ақ күшті әсер ететін заттарды медициналық емес мақсатта тұтыну», ӘҚБтК-нің жаңа 215-1-бабы «Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында Қазақстан Республикасының банк заңнамасын бұзу», жаңа 252-1-бап «Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру жөніндегі қызметке қойылатын талаптарды және айырбастау пункттерінің жұмыс істеу шарттарын бұзу»)*;

- әкімшілік жауаптылыққа жататын субъектілерді кеңейту – 5 бап *(егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, дербес деректерді заңсыз жинағаны және (немесе) өңдегені үшін заң консультанттары (79-бап), ұлттық валюта банкноттары мен монеталарын қабылдаудан бас тартқаны үшін Қазақстан Республикасының резидент емес банктерінің филиалдары (206-бап); коммерциялық емес ұйымдар (244, 256-баптар))*;

- әкімшілік жауаптылықты алып тастау – 11 бап *(медиацияға қатысушылардың медиацияны жүргізу барысында белгілі болған мәліметтерді жария етуі (85-бап), жеке немесе заңды тұлғаның берген шағымын оған зиянды болатындай етіп бағыттау (100-бап);*

- қоғамдық жұмыстар түріндегі әкімшілік жазалауды енгізу – 11 бап.

Сондай-ақ, қаралып отырған Заңда заңсыз пайда табу, су қоры, прокурорлық «сүзгі» бойынша түзетулер қамтылады.

Президенттің «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» 2024 жылғы 8 мамырдағы № 542 Жарлығын іске асыру үшін прокурорлық сүзгі бойынша түзетулерге бастамашылық жасалды. Атап айтқанда, түзетулер мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың инвесторларға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер қозғау туралы шешімдерді прокурорлармен келісуін көздейді.

2025 жылғы 1 шілдеден бастап қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша жаңа кассациялық соттар жұмысын бастайды.

Осыған байланысты, Заңда кассациялық сотқа жүгіну мен онда қайта қараудың бірыңғай қағидаларына бағытталған түзетулер қамтылады, атап айтқанда:

- қылмыстық істер жөніндегі кассациялық сотта әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді кемінде үш судьядан тұратын судьялардың мамандандырылған құрамы қарайтын болады;

- әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша заңды күшіне енген қаулылар кассациялық сот төрағасының ұсынуы бойынша немесе ҚР Бас Прокуроры мен оның орынбасарларының наразылығы бойынша қайта қаралуы мүмкін;

- кассациялық сатыдағы сотта іс ақылға қонымды мерзімде, бірақ сотқа келіп түскен күннен бастап алты айдан аспайтын мерзімде қаралуға тиіс.

Әкімшілік жауаптылыққа тартылатын адамның құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Заңда адвокаттармен қатар әкімшілік жауаптылыққа тартылған адамның мүдделерін білдіру үшін заң консультантына құқық беру жөніндегі түзету көзделеді.

Бұдан басқа, Заң шеңберінде заң консультанттары әкімшілік жауаптылыққа жататын субъектілер тізбесіне енгізілетін түзетулер бар.

Сондай-ақ, төтенше жағдай немесе соғыс жағдайы енгізілген кезде Заң әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағымды немесе наразылықты қарау мерзімін осындай режимнің қолданылуы аяқталғанға дейін тоқтата тұруды көздейді.

Заң мақұлданған кезде күтілетін нәтижелер:

- әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін қоғамдық жұмыстар түріндегі әкімшілік жазаны енгізу құқық бұзушыға тәрбиелік ықпал етуге және оның қаржылық мүмкіндіктерін, жасаған адамдардың әлеуметтік мәртебесін ескеруге мүмкіндік береді;

- ұлттық заңнаманың дамуын ескере отырып, әкімшілік-деликтілік заңнаманы жетілдіріледі, құқықтық олқылықтардың орны толтырылады және заңнаманың үйлесімділігі қамтамасыз етіледі;

- әкімшілік әділет саласын кеңейту адамдардың құқықтарын қалпына келтіруге бағытталған Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс тетіктерінің тиімділігін арттырады;

- әкімшілік құқық бұзушылықтардың жаңа құрамдарын енгізу, ӘҚБтК нормаларының диспозицияларын, санкцияларын қайта қарау заңнаманың тиімділігін арттырады;

- әкімшілік құқық бұзушылықтар саны қысқарады.

Заң 2024 жылғы 26 желтоқсанда Сенат отырысында мақұлданды.

7. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат М. Қадырбек.

Заң Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының нормативтік қаулыларын іске асыру, оның ішінде азаматтарды әртүрлі мемлекеттік қызмет түрлеріне қабылдауға мерзімсіз тыйым салуды алып тастауға, мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы оның құқықтық шешімдеріне сәйкес келтіру және құқық қорғау, әскери қызмет және арнаулы мемлекеттік органдар жүйесіндегі кадр мәселелері бойынша тәсілдерді жетілдіру мақсатында әзірленді.

Осыған байланысты Заңның міндеттері тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік шараларынан туындайтын мемлекеттік қызметке кіруді шектеу мерзімдерін, олардың салдарларының мөлшерлестігін айқындау, сондай-ақ құқық қорғау органдары мен Қарулы Күштердегі басшы лауазымдарды іріктеуді жетілдіру және оларды жасақтау сапасын арттыру, арнаулы, әскери атағын немесе жоғары басшы құрам мен басқаларының сыныптық шенін төмендету түрінде тәртіптік жаза қолдану тәртібін реттеу болып табылады.

Түзетулер 8 заңға, оның ішінде «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Құқық қорғау қызметі туралы», «Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы», «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» және «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» Заңдарға енгізіледі.

Заңның жоғарыда аталған міндеттерін ескере отырып, енгізілген түзетулерді екі блокқа бөлуге болады.

Бірінші блокқа мыналарды белгілейтін түзетулер кіреді:

- Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулерді немесе қызметтік әдепті сақтамағаны үшін жұмыстан шығарылған, тәртіптік теріс қылықтары үшін жұмыстан шығарылған адамдар үшін мемлекеттік қызметке қабылдау кезіндегі шектеулер мерзімдері;

- әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе қылмыстық теріс қылықтар, ауырлығы аз және орташа қылмыстар жасаған адамдар үшін мемлекеттік қызметке қабылдау кезіндегі шектеулер мерзімдері;

- сыбайлас жемқорлық, ауыр және аса ауыр қылмыстар жасаған адамдар үшін, сондай-ақ қылмыстық топ құрамында қылмыс жасаған адамдар үшін мерзімсіз шектеуді сақтау;

-кәсіби жарамсыздығына қарай атқаратын лауазымына сай келмеу жөніндегі өкілеттігін тоқтатқан судьяларға қандай да бір уақытша шектеусіз мемлекеттік қызмет саласындағы еңбек бостандығына конституциялық құқықты іске асыру;

- қатарынан үш және одан да көп сағат ішінде қызметте болмағаны үшін әскери қызметтен босатылған адамдардың әскери қызметке кіруіне мерзімсіз тыйым салуды алып тастау;

- Конституцияның 4-бабының 3-тармағына сәйкес ратификацияланған халықаралық шарттардың ұлттық заңнамадан басымдығы туралы нормалар.

Түзетулердің екінші блогы:

- Президенттік және кадр резервтерін жою, сондай-ақ қызметкерлердің қызметін бағалау;

- цифрлық рейтингті енгізу *(бәсекеге қабілеттілік көрсеткіші)*;

- жоғары тұрған басшылық лауазымдарға ұсыну үшін жоспардан тыс аттестаттауды және полиграфологиялық зерттеуді енгізу;

- аттестаттаудың қосымша кезеңі ретінде психологиялық-әлеуметтік зерттеуді қосу;

- Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс аттестаттау кезеңдерін айқындауы;

- әдеп нормаларын және басқаларды бұзғаны үшін жауапкершілікті күшейту.

Заңның қабылдануының күтілетін нәтижелері:

- әділдік, тепе-теңдік және мөлшерлестік талаптарына жауап беретін мемлекеттік қызметке кіруді шектеу мерзімдерін белгілеу;

- күш органдарында кадр процестерін цифрландыру бойынша жұмыс жүргізу;

- құқық қорғау органдарының басшы лауазымдарын ротациялаудың бірыңғай тәртібін белгілеу;

- құқық қорғау органдарының басшы лауазымдарына кандидаттарды іріктеу тетігін жетілдіру.

Заң 2024 жылғы 26 желтоқсанда Сенат отырысында мақұлданды.

8. «Қазақстан Республикасы мен Қатар Мемлекеті арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат М. Қожаев.

Заңның негізгі мақсаты уағдаласушы мемлекеттердің қылмыстық істер бойынша тергеп-тексеруде, қылмыстық қудалауда және сот талқылауын жүргізуде өзара құқықтық көмек көрсетуі болып табылады.

Заңның міндеті 2024 жылғы 14 ақпанда Дохада жасалған Қазақстан Республикасы мен Қатар Мемлекеті арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) ратификациялау болып табылады.

Келісім қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы ынтымақтастықты дамытуға бағытталған, бұл тараптардың бірінің аумағында жасалған қылмыстарды неғұрлым тиімді тергеп-тексеруге мүмкіндік береді.

Келісімде екі елдің құзыретті органдарының қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету жөніндегі өзара іс-қимыл мәселелері регламенттеледі. Көрсетілетін көмектің тізбесі, құқықтық көмек көрсетуден бас тарту үшін негіздер, құпиялылық туралы шарттар және сұрау салуды орындау кезінде алынған мәліметтерді немесе дәлелдерді пайдаланудағы шектеулер егжей-тегжейлі айқындалған.

Келісім күдіктілер мен айыпталушылардың кінәсін дәлелдеу үшін қажетті тергеу әрекеттерін жүргізуді көздейді.

Сондай-ақ қамауға алынған адамдарды немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп жүрген адамдарды уақытша беру, құқықтық көмек туралы сұрау салу негізінде олардың құқықтарына кепілдік беру; құжаттарды немесе шақыру қағаздарын табыс ету; тінту және алу; мүлікті тінту, алу немесе тәркілеу рәсімдеріне жәрдемдесу шарттары, сондай-ақ Келісімнің мақсаттарына сәйкес, ұлттық заңнамаға қайшы келмейтін өзара құқықтық көмектің кез келген басқа нысандары белгіленеді.

Келісімді ратификациялаудан күтілетін нәтиже: қылмыстық істерді тергеу кезінде тиімді құқықтық көмек көрсету, сондай-ақ қылмысқа қарсы күресте екі мемлекет арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайту үшін жағдайлар жасау болады.

Заң 2025 жылғы 6 наурызда Сенат отырысында мақұлданды.

9. «Қазақстан Республикасы мен Қатар Мемлекеті арасындағы ұстап беру туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат Ж. Асанова.

Заңның мақсаты Уағдаласушы мемлекеттердің қылмысқа қарсы күресіндегі қылмыстық құқық бұзушылықтарға қатысты рәсімдерде тиімді ынтымақтастықты, барынша және өзара құқықтық көмек көрсетуді қамтамасыз ету болып табылады.

Заңның міндеті 2024 жылғы 14 ақпанда Дохада жасалған Қазақстан Республикасы мен Катар Мемлекеті арасындағы ұстап беру туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) ратификациялау болып табылады.

Келісімде іздестірілетін адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін оларды екі мемлекет арасында экстрадициялау мәселелері регламенттеледі. Адамдарды ұстап беру, ұстап беруді кейінге қалдыру немесе уақытша ұстап беру шарттары мен рәсімдері айқындалған.

Келісім кез келген жағдайда іздеудегі адамды ұстап беруден бас тарту қажет болатын жағдайда міндетті негіздерді белгілейді.

Атап айтқанда, адамды ұстап беруден, егер:

- ұстап беруді сұратуға себеп болған қылмыс саяси немесе сонымен байланысты қылмыс болып табылса;

- қылмыстық істің мерзімі өтіп кетсе;

- іздеуде жүрген адам азаптауға немесе қатыгездік әрекетке ұшырайды деп пайымдауға толық негіз болса бас тартылуы тиіс.

Уағдаласушы мемлекеттердің өз азаматтарын ұстап беру көзделмейді.

Келісімді орындауға байланысты шығыстарды, келіспеушіліктерді реттеу тәртібін реттейтін нормалар және Келісімді орындауға байланысты басқа да нормаларды көзделген.

Келісімді ратификациялау екі елдің қылмысқа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша құқықтық ынтымақтастығының тиімділігін арттырады және екіжақты қатынастарды нығайтуға ықпал ететін болады.

Бұдан басқа, Келісімді ратификациялау кезінде оны іске асыру теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға алып келмейді, сондай-ақ қосымша қаржылық шығындарды талап етпейді.

Келісімді іске асыру тиісті жылдарға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасында көзделген қаражат есебінен және шектерінде жүзеге асырылатын болады.

Заң 2025 жылғы 6 наурызда Сенат отырысында мақұлданды.

10. «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат Қ. Тастекеев.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы ынтымақтастығы туралы келісім (бұдан әрі – Келісім) 2022 жылғы 14 қазанда Астана қаласында жасалды.

Келісімнің мақсаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ұлттық күш-жігер мен ынтымақтастықтың тиімділігін арттыру болып табылады.

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы ынтымақтастығының негізгі міндеттері:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті жүзеге асыру бойынша келісілген саясатты, бірлескен бағдарламалар мен іс-шараларды әзірлеу және іске асыру;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ынтымақтастықтың құқықтық базасын жетілдіру және заңнаманы үйлестіру;
- сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтар санының одан әрі өсу қаупін еңсеру үшін күш-жігерді біріктіру;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында ақпарат алмасуды қамтамасыз ету;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда Келісімге қатысушылардың халықаралық беделін нығайту;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы сауаттылық саласындағы өзара іс-қимыл болып табылады.

Келісім сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша жәрдем көрсетуді; сыбайлас жемқорлықтан түскен кірістерді іздестіру және қайтару саласындағы ынтымақтастықты жүзеге асыруды; сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасаған адамдарды ұстау және ұстап беру; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қатысатын жеке тұлғалар мен ұйымдарды құқықтық қорғауды және қолдауды қамтамасыз етуді көздейтін ынтымақтастықтың негізгі бағыттары мен нысандарын айқындайды.

Сонымен қатар, Келісімде сыбайлас жемқорлық қылмыстарға қарсы іс-қимыл саласында үйлестірілген және/немесе келісілген жедел-іздестіру, жедел-алдын алу іс-шаралары мен арнайы операцияларды жүргізу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында ақпараттық жүйелерді құру және пайдалану, сондай-ақ ынтымақтастықтың өзге де нысандары көзделеді.

Қазақстан Келісімге «Қазақстан Республикасы өзінің заңнамасына қайшы келмейтін бөлігінде осы Келісімнің 10-бабы а) тармақшасының, 12-бабының және 14-бабының ережелерін қолдану құқығын өзіне қалдыратынын мәлімдейді» деген ескертпемен қол қойды.

Біздің ескертпелерімізге сәйкес Қазақстандағы автоматтандырылған ақпараттық, анықтамалық жүйелер мен деректер банктерінен сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттік Келісім бойынша құзыретті орган ретінде қолданыстағы ұлттық заңнаманың талаптарына қатаң сәйкестікте, атап айтқанда, қозғалған қылмыстық істер шеңберінде және банктік, салықтық және коммерциялық құпияларды қатаң сақтаған кезде ғана ақпарат алатын болады. Қазақстан сондай-ақ ұлттық заңнамасында Келісімдегі тізбеден өзгеше сыбайлас жемқорлық қылмыстарының өз тізбесін жасауға құқылы.

Келісімді ратификациялаудан күтілетін нәтиже заңсыз сатып алынған және шығарылған активтерді Қазақстан Республикасына қайтару жөніндегі қосымша халықаралық құқықтық құралдың жұмыс істеуін қамтамасыз ету болып табылады.

Заң 2025 жылғы 20 наурызда Сенат отырысында мақұлданды.

11. «Қазақстан Республикасы мен Кипр Республикасы арасындағы сотталған адамдарды беру туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат С. Медебаев.

Заңның мақсаты Кипрмен қылмыстық сот ісін жүргізу саласында толық құқықтық базаны қалыптастыру және шетелде сотталған азаматтарды елге қайтару, олардың қоғамға тез бейімделуіне оң ықпал ету болып табылады.

Заңның міндеті 2024 жылғы 25 наурызда Астанада жасалған Қазақстан Республикасы мен Кипр Республикасы арасындағы сотталған адамдарды беру туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) ратификациялау болып табылады.

Келісімде сотталған адамдарды беру мәселелері және одан бас тарту негіздері регламенттеледі.

Келісімге сәйкес Тараптар бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарды өздері азаматы болып табылатын мемлекетте одан әрі өтеу үшін бір-біріне беруге міндеттенеді.

Келісімде негізгі шарттар белгіленген, сотталған адам берілуі мүмкін: сотталған адамның беру туралы ерікті келісімінің болуы; сотталған адамда екі Тараптың біреуінің азаматтығы болуы тиіс; сотталуына себеп болған әрекет үкімді орындау Тарапының заңнамасына сәйкес қылмыс деп танылуы тиіс.

Мынадай себептер бойынша, егер: үкім шығарушы тарап беру өзінің егемендігіне, қауіпсіздігіне немесе қоғамдық тәртібіне нұқсан келтіруі мүмкін деп есептесе; сотталған адам үкім бойынша залалды өтемесе; үкім шығарушы Тарапта берілуге тиіс сотталған адамға қатысты қылмыстық қудалау жүзеге асырылса беруден бас тартылуы мүмкін.

Келісімді ратификациялау Қазақстан Республикасы мен Кипр Республикасы арасындағы қылмысқа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша құқықтық ынтымақтастықтың тиімділігін арттырады және екіжақты қатынастарды нығайтуға ықпал ететін болады.

Бұдан басқа, Келісімді ратификациялау кезінде оны іске асыру теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға алып келмейді, сондай-ақ қосымша қаржы шығындарын талап етпейді.

Келісімді іске асыру тиісті жылдарға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылатын болады.

Заң 2025 жылғы 10 сәуірде Сенат отырысында мақұлданды.

12. «Қазақстан Республикасы Конституциясының отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы»

Заңды жүргізген депутат М. Қадырбек.

Заң Қазақстан Президентінің 2025 жылғы 1 сәуірдегі тапсырмасын орындау шеңберінде Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының бастамасы бойынша әзірленді.

Заңның негізгі мақсаты Қазақстан Республикасы Конституциясының отыз жылдығына байланысты қылмыстық-құқықтық сипаттағы ізгіліктің біржолғы актісін жүргізу болып табылады.

Заң азаматтар мен мемлекеттің қауіпсіздігіне елеулі қатер төндірмейтін қылмыс жасаған адамдарды қылмыстық жауаптылықтан немесе негізгі жазадан босатуға, сотталғандарды, оның ішінде пробациялық бақылаудағы адамдарды жазалаудың өтелмеген бөлігін қысқартуға бағытталған.

Алдын ала есептеулер бойынша рақымшылық 15,1 мыңнан астам сотталғанға қатысты қолданылатын болады, оның ішінде: 4,1 мыңы қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босатылуға жатады және 11 мың сотталушыға негізгі жазаның мерзімдері мен мөлшерлерін қысқартатын болады.

Қылмыстық теріс қылықтар және (немесе) онша ауыр емес қылмыстар жасаған адамдар және залал келтіруге әкеп соқпаған ауырлығы орташа қылмыстар жасаған не оны толық өтеген немесе азаматтық талап қойылмаған адамдар, сондай-ақ залалдың немесе азаматтық талаптың болуына қарамастан ауырлығы орташа қылмыстар жасаған әлеуметтік осал адамдар қылмыстық жауаптылықтан немесе негізгі жазадан босатылуға жатады.

Сондай-ақ, Заңда теріс мінез-құлық дәрежесі жоқ, жазасын бір жылдан аспайтын мерзімге өтеуге қалдырылған ауырлығы орташа қылмыстар жасағаны үшін сотталғандарды негізгі жазадан босату қарастырылған. Ауырлығы орташа қылмыстар жасаған қалған сотталғандарға негізгі жазаның өтелмеген немесе орындалмаған бөлігінің мерзімі екіден бір бөлігіне қысқартылады.

Ауыр және аса ауыр қылмыстары үшін сотталғандарға жазаның өтелмеген немесе орындалмаған бөлігінің мерзімдері немесе мөлшері:

- ауыр қылмыс жасаған әлеуметтік осал адамдарға – үштен бір бөлігіне, аса ауыр қылмыстар жасағандарға – төрттен бір бөлігіне;

- ауыр қылмыс жасағандарға келтірілген залалдың толық өтелуі кезінде – үштен бір бөлігіне, аса ауыр қылмыстар жасағандарға – төрттен бір бөлігіне;

- ауыр қылмыс жасаған қалған сотталғандарға – бестен бір бөлігіне, аса ауыр қылмыстар жасағандарға – алтыдан бір бөлігіне;

- сеніп тапсырылған бөтеннің мүлкін аса ірі мөлшерде иемденіп алғаны немесе талан-таражға салғаны немесе аса ірі мөлшерде алаяқтық жасағаны үшін, залал толық өтелген жағдайда – бестен бір бөлігіне;

- теріс мінез-құлық дәрежесі жоқ, Заңның 5-бабында белгіленген рақымшылық актісін орындау кезеңінде жазасын өтеуіне бір жылдан аспайтын уақыт қалғандарға негізгі жазасының өтелмеген бөлігінің мөлшері қысқартылады.

Сонымен қатар, Заң рақымшылық жасаудың шарттары мен тәртібін көздейді, өздеріне қатысты рақымшылық қолданылмайтын адамдарды айқындайды, сондай-ақ Үкімет пен жергілікті атқарушы органдардың тиісті шараларды іске асыру, оның ішінде босатылатын адамдарды орналастыру, жұмысқа орналастыру, емдеу, оларға әлеуметтік және өзге де көмек көрсету жөніндегі құзыретін бекітеді.

Заңның қабылдануынан күтілетін нәтиже сотталған адамдардың санын азайту, рақымшылыққа жатпайтын және жазасын өтеуді жалғастыратын адамдарды материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету деңгейін жақсарту, қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің жүктемесін азайту және жұмыс жағдайларын жақсарту, ұстау жағдайларына медициналық-санитариялық талаптар нормаларын жақсарту және халықаралық-құқықтық стандарттарды енгізу, оның ішінде түрмелердің камералық түрлеріне көшу болып табылады.

Заң 2025 жылғы 19 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

13. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін жетілдіру, құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік органдардың, азаматтық қорғау органдарының қызметкерлерін және әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету және әлеуметтік қорғау, сондай-ақ ішкі істер органдарының қызметі саласында артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Н. Байқадамов.

Заңның мақсаты мемлекеттік органдар жұмысының тиімділігін арттыру үшін қажетті құқықтық негіздер құру, ішкі істер органдарының қызметі саласындағы артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау, сондай-ақ құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдар, азаматтық қорғау органдары мен әскери қызметшілердің қызметкерлерін тұрғын үймен қамтамасыз ету және әлеуметтік қорғау мәселелерін регламенттеу болып табылады.

Заңның міндеттері:

- Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының қызметі

саласындағы заңнаманы жетілдіру, сондай-ақ заңдардағы олқылықтарды жою және ҚР ІІМ құзыретін регламенттеу;

- прокуратура органдарының, экономикалық тергеу қызметінің және азаматтық қорғау органдарының қызметкерлерін тұрғын үй төлемдерін алушылар қатарына қосу, сондай-ақ тұрғын үй төлемдері институтының жұмыс істеуі кезінде анықталған олқылықтар мен кемшіліктерді болдырмау;

- қызметтік борышын орындау кезінде қаза тапқан құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің, әскери қызметшілердің отбасы мүшелерінің құқықтық қорғалуын арттыру.

Заңда 23 заңға оларды жетілдіруге бағытталған:

1) тиісті саланы (аяны) реттеудің негізгі мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттарын, құзыреті мен өкілеттіктерін белгілеу;

2) алқалы шешімді талап ететін және ведомствоаралық сипаттағы мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретін белгілеу;

3) ішкі істер органдарының нормативтік құқықтық актілерді қабылдау құзыретін белгілеу;

4) заң деңгейінде бірқатар егжей-тегжейлеуші функцияларды алып тастау және оларды заңға тәуелді деңгейде айқындау бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделеді.

Заң 2025 жылғы 19 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

14. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат М. Қожаев.

Заң Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын оңтайландыру мақсатында оны жетілдіруге бағытталған.

Заңмен Қылмыстық, Қылмыстық-процестік, Қылмыстық-атқару кодекстерін, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексті, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексті қоса алғанда, Қазақстан Республикасының 16 заңнамалық актісіне, сондай-ақ басқа да бірқатар заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Заңда қылмыстық жауаптылықты белгілеуге, жаза тағайындауға және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларына, үкімнің орындалуына байланысты қоғамдық қатынастар реттеледі.

Заң шеңберінде бірқатар баптар жаңа бөлікпен толықтырылады, оған сәйкес өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға Қылмыстық кодексте белгіленген мерзімге бас бостандығынан айыру тағайындалады.

Жеке адамға қарсы қылмыстар үшін жауапкершілікті күшейту мақсатында ауыр және аса ауыр қылмыс үшін қылмыстық жауаптылық құрамынан адамның өміріне немесе денсаулығына қол сұғумен байланысты ауыр және аса ауыр қылмыс үшін қылмыстық жауаптылықты бөліп алу

көзделеді. Шартты түрде мерзімінен бұрын босату, жазаның өтелмеген бөлігін жазаның едәуір жеңіл түрімен ауыстыру не тағайындалған жаза мерзімін қысқарту, сондай-ақ адамның өміріне немесе денсаулығына қол сұғумен байланысты ауыр және аса ауыр қылмыстар жасаған адамдар үшін соттылықты есептеу шарттары қайта қаралды.

Сонымен қатар, сталкинг, яғни адамды оның еркіне қайшы келетін, зорлық-зомбылықпен ұштаспайтын, елеулі зиян келтіруге алып келген, байланыс орнатуға және (немесе) оның ізіне түсуге бағытталған іс-әрекеттерде көрініс табатын, адамды заңсыз құдалағаны үшін қылмыстық жауаптылық енгізіледі.

Заңмен шегілмейтін темекі бұйымдарының, электрондық тұтыну жүйелерінің (вейптердің), оларға арналған хош иістендіргіштер мен сұйықтықтардың заңсыз айналымына жататын операциялар түрлері сату және тарату мақсатында жөнелту, тасымалдау, сақтау сияқты түрлермен толықтырылды.

Ұшақтардың ұшуы немесе қонуы кезінде жасалатын және әуе кемелерін пайдалану қауіпсіздігіне қатер төндіретін лазерлік құрылғылармен жолаушылар авиалайнерлерінің экипаждарын соқыр етуге байланысты бұзақылық әрекеттермен күресу мақсатында әуе кемесін басқаруға кедергі келтіргені үшін қылмыстық жауаптылық белгіленеді.

Қылмыстық кодекс шеңберінде өкілеттіктерін асыра пайдаланғаны (асырғаны) үшін коллекторлық агенттіктер қызметкерлерінің іс-әрекеттерін криминалдандыру ұсынылады. Атап айтқанда: коллекторлық агенттік қызметкерінің өз қызметінің міндеттеріне қайшы келетін өкілеттіктерді егер бұл әрекет зорлық-зомбылық қолданумен немесе оны қолдану қаупімен, мүлікті жою немесе бүлдіру қаупімен, құжаттарды жалғандықпен, бопсалаумен жасалса, асыра пайдалануы.

Сондай-ақ заңсыз банктік және микроқаржылық қызмет, сондай-ақ төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын заңсыз жүзеге асыру және банктік шотқа, төлем құралына немесе сәйкестендіру құралына қол жетімділікті заңсыз ұсынғаны, бергені және оған қол жеткізгені үшін қылмыстық жауапкершілік енгізіледі.

Бұдан басқа, зорлық-зомбылық қолдану не мүлікті жою немесе бүлдіру қатерімен, сол сияқты бопсалау жолымен, оның ішінде жәбірленушіні немесе оның жақындарын масқаралайтын мәліметтерді не жария ету немесе тарату, жәбірленушінің немесе оның жақындарының мүдделеріне елеулі зиян келтіруі мүмкін өзге де мәліметтерді жария ету немесе тарату қатерімен адамды некеге тұруға мәжбүрлегені үшін қылмыстық жауаптылық енгізіледі.

Сонымен қатар, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің шеңберінде, егер зайыбы қылмыстық құдалау органының халықаралық іздестіру жариялау туралы қаулысына сот санкция берген күннен бастап үш жылдан астам уақыт бойы халықаралық іздестірілуде болса, некені бұзу мүмкіндігі көзделеді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне ұсынылатын өзгерістер мен толықтырулар:

- азаматтар мен кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауды күшейтуге;
- қылмыстық процестің бәсекелестігін нығайтуға;
- қылмыстық процесті оңтайландыруға және «бюрократиядан арылтуға» бағытталды.

Сондай-ақ Заңмен Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне:

- бас бостандығынан айыруға байланысты емес жазаларды орындау тәртібін, оның ішінде пробация қызметтерінің жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимылын жетілдіру;
- сотталғандарды шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтын жетілдіру;
- сотталғандардың құқықтық жағдайын жақсарту;
- қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің режимдік талаптарын күшейту және күзету бөлігінде түзетулер енгізіледі.

Заң 2025 жылғы 26 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

6.2. ҚАРЖЫ ЖӘНЕ БЮДЖЕТ КОМИТЕТІ

1. «Түркі мемлекеттері ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы оңайлатылған кеден дәлізін құру туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат Б. Орынбасаров.

Заңның негізгі мақсаттары қатысушы мемлекеттердің аумақтары арасында өткізілетін тауарлар мен көлік құралдары бойынша мәліметтерді электрондық алмасу арқылы кедендік бақылауды жүргізудің тиімділігін арттыру және мерзімдерін қысқарту болып табылады.

Келісімнің негізгі міндеттері:

- қатысушы мемлекеттердің кеден органдарында тауарларды кедендік рәсіммен орналастыруға байланысты кедендік операциялар жасауды жеделдету;
- кедендік операциялар мен кедендік рәсімдерді жасау үшін қажетті құжаттар санын қысқарту;
- тәуекелдерді басқару жүйесін қолдана отырып, тауарлар туралы ақпаратты талдау негізінде кедендік бақылау нысандары мен әдістерін қолдануды барынша азайту.

Күтілетін нәтиже: келісімді ратификациялау сауда-экономикалық қатынастарды дамытуға және Түркі мемлекеттері ұйымының елдері арасындағы өзара экономикалық интеграцияны нығайтуға ықпал ететін болады.

Заң 2024 жылғы 13 қыркүйекте Сенат отырысында мақұлданды.

2. «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2025 – 2027 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы»

Заңды жүргізген депутат С. Мәкежанов.

Заңның мақсаттары:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2025 – 2027 жылдарға арналған республикалық бюджетке кепілдендірілген трансферттің мөлшерін:

- 2025 жылға – 2 000 000 000 мың теңге;
- 2026 жылға – 2 000 000 000 мың теңге;
- 2027 жылға – 2 000 000 000 мың теңге көлемінде бекіту.

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдер бойынша мұнайдың 2025 – 2027 жылдарға кесімді баға мөлшерін:

- 2025 жылға – барреліне 42,3 АҚШ доллары;
- 2026 жылға – барреліне 41,0 АҚШ доллары;
- 2027 жылға – барреліне 39,4 АҚШ доллары көлемінде белгілеу.

Заңның міндеті.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілдендірілген трансферт республикалық бюджетке мемлекеттік міндеттемелерді орындау жөніндегі шығыстарды қамтамасыз ету үшін жіберілетін болады.

Күтілетін нәтиже. Заңның қабылдануы республикалық бюджеттің теңгерімділігін қамтамасыз етуге және Ұлттық қордың тұрақтандыру функциясын іске асыруға мүмкіндік береді.

Заң 2024 жылғы 21 қарашада Сенат отырысында мақұлданды.

3. «2025 – 2027 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы»

Заңды жүргізген депутат С. Мәкежанов.

Заңның мақсаты:

Заң Қазақстан Республикасының 2025 – 2029 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы, 2025 – 2027 жылдарға арналған бюджет параметрлері және Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмалары негізінде Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес әзірленді.

Заңның міндеттері:

1) азаматтардың әл-ауқатын жақсартуды қамтамасыз ету;

2) неғұрлым сапалы және қарқынды экономикалық өсуді таргеттеу;

3) мемлекет қаржысының тұрақтылығын қамтамасыз ету;

4) орта мерзімді және ұзақ мерзімді кезеңдегі бюджет саясатының ықтимал тәуекелдерін бағалау;

5) ағымдағы нақты жағдайға бейімделе отырып, экономикалық модель құру.

Заңнан күтілетін нәтижелер:

Заң макроэкономикалық тұрақтылыққа; тиімді фискалдық және монетарлық саясатты іске асыру, бюджет шығыстарын ұтымды ету, мемлекет қаржысының тұрақтылығы, технологиялық жаңғырту арқылы қаржылық тұрақтылыққа; технологиялық жаңғыртуға; экспорттық әлеуетті, еңбек

өнімділігін арттыруға; қолайлы кәсіпкерлік және инвестициялық орта құруға бағытталған.

Елдің 2025 – 2027 жылдарға арналған макроэкономикалық көрсеткіштерінің болжамы 2023 жылғы ЖІӨ бойынша есептік деректерді және 2024 жылғы бағалауды, әлемдік экономиканың өсуі бойынша халықаралық ұйымдардың болжамдарын және тауар нарықтарындағы әлемдік бағалардың өзгеру үрдістерін ескере отырып қалыптастырылды.

Алдағы орта мерзімді кезеңге ЖІӨ-нің орташа жылдық өсу қарқыны 5,4%-ды құрайды.

Базалық сценарийде мұнай бағасы бір баррель үшін 75 АҚШ доллары деңгейінде анықталды.

Болжамды кезеңде орташа жылдық өсу қарқыны ауыл шаруашылығында 5,4%-ды, құрылыста 9,3%-ды, саудада 7,1%-ды, өңдеу өнеркәсібінде – 5,8%-ды, тау-кен өнеркәсібінде – 2,9%-ды құрайды.

Мұнай өндіру көлемі 2025 жылғы 97,2 млн тоннадан 2029 жылы 104,8 млн тоннаға дейін өседі.

Болжам бойынша экспорт көлемі 2029 жылы 90,0 млрд АҚШ долларына дейін ұлғайып, 2025 жылы 82,3 млрд АҚШ долларын құрайды, импорт 61,3 млрд АҚШ долларынан 67,5 млрд АҚШ долларына дейін өседі.

Жылдық инфляцияның нысаналы дәлізі кейіннен 2027 – 2029 жылдары 5%-ға дейін төмендей отырып, 2025 жылы 5,5–7,5%, 2026 жылы 5–6% шегінде айқындалды.

Республикалық бюджет кірістерінің болжамы *(трансферттер түсімін есепке алмағанда)*:

- 2025 жылға 15 633,5 млрд теңге сомасында айқындалды немесе 2 905,1 млрд теңгеге ұлғая отырып, ағымдағы жылғы бағалауға қатысты 122,8%-ды құрайды;

- 2026 жылға – 2025 жылғы болжамға қарағанда 6,8%-ға өсе отырып, 16 702,0 млрд теңге сомасында;

- 2027 жылға – 2026 жылғы болжамға қарағанда 9,0% – ға өсе отырып, 18 204,0 млрд теңге сомасында айқындалған.

2025 жылғы республикалық бюджет кірістерінде ең үлкен үлесті салмақ (97,2 %) салық түсімдеріне тиесілі.

Салықтық емес түсімдер бойынша 2025 жылға арналған болжам 2024 жылғы бағалауға қарағанда 686,1 млрд теңгеге азайтыла отырып, 435,0 млрд теңге сомасында айқындалды.

Трансферттердің түсімдері:

- 2025 жылы – 5 758,1 млрд теңге сомасында;

- 2026 жылы – 2 507,0 млрд теңге сомасында;

- 2027 жылы – 2 504,1 млрд теңге сомасында болжанады.

«Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері арасындағы 2023 – 2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бюджеттік алып қоюлар:

- 2025 жылға – 504,1 млрд теңге;
- 2026 жылға – алдын ала деректерге сәйкес 504,1 млрд теңге;
- 2027 жылға – алдын ала деректерге сәйкес 504,1 млрд теңге болып айқындалды.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2025 – 2027 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы» Қазақстан Республикасының Заңында:
- 2025 жылға – 2 000,0 млрд теңге;
- 2026 жылға – 2 000,0 млрд теңге;
- 2027 жылға – 2 000,0 млрд теңге кепілдендірілген трансферт түсімі көзделген.

Ұлттық ауқымдағы әлеуметтік маңызы бар жобаларды, стратегиялық маңызды инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру үшін 2025 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 3 250,0 млрд теңге сомасында нысаналы трансферт тарту көзделген.

«2025 – 2027 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында бюджеттік кредиттерді өтеу бойынша болжам 601,1 млрд теңгені құрайды, оның ішінде:
- 2025 жылғы – 258,3 млрд теңге;
- 2026 жылға – 171,1 млрд теңге;
- 2027 жылға – 171,6 млрд теңге.
- 2025 – 2027 жылдарға арналған республикалық бюджет параметрлері бюджеттік қағидалардың сақталуын және бюджет шығыстарының әлеуметтік-экономикалық дамудың басым бағыттарына шоғырлануын ескере отырып айқындалды.

Бюджет шығыстарының бірінші кезектегі бағыттары мемлекеттік әлеуметтік міндеттемелерді толық көлемде орындау, ғылым және білім беруді, медицинаны қолдауды күшейту арқылы адами капиталды дамыту болып қала береді.

Республикалық бюджет шығыстарының жалпы көлемі:
- 2025 жылы – 25 750,0 млрд теңге сомасында;
- 2026 жылы – 23 168,0 млрд теңге сомасында;
- 2027 жылы – 24 566,0 млрд теңге сомасында жоспарланады.

Үш жылдық бюджет шеңберінде жалпы мемлекеттік шығыстарға 8 239,0 млрд теңге, оның ішінде 2025 жылға – 2 941,0 млрд теңге, 2026 жылға – 2 570,0 млрд теңге, 2027 жылға – 2 728,0 млрд теңге көзделген.

Әдеттегідей үш жылдық кезеңде бюджет шығыстарындағы ең үлкен үлес салмақты әлеуметтік сала шығыстары құрайды – 31,3 трлн теңге, оның ішінде 2025 жылға – 9,8 трлн теңге, 2026 жылға – 10,5 трлн теңге, 2027 жылға – 11,0 трлн теңге.

2025 – 2027 жылдарға арналған республикалық бюджетте жоспарланған қаражат шеңберінде осы салаға мынадай басым бағыттарды іске асыру жоспарлануда:
- әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмек – 20 011,0 млрд теңге, оның ішінде 2025 жылға – 6 022,0 млрд теңге;

- орта, орта арнаулы және мектепке дейінгі білім беруді дамытуға – 666,0 млрд теңге, оның ішінде 2025 жылға – 218,0 млрд теңге;

- жоғары білім мен ғылымды дамытуға – 2 230,0 млрд теңге, оның ішінде 2025 жылға – 776,0 млрд теңге;

- денсаулық сақтау ісіне – 7 639,0 млрд теңге, оның ішінде 2025 жылға – 2 464,0 млрд теңге;

- туризм мен спортты дамытуға 300,0 млрд теңге, оның ішінде 2025 жылға – 141,0 млрд теңге;

- мәдениет пен ақпаратқа 492,0 млрд теңге, оның ішінде 2025 жылға – 165,0 млрд теңге.

Өңірлерді қолдау үшін 18 848 млрд теңге, одан 2025 жылға – 7 465,0 млрд теңге, оның ішінде:

- «Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері арасындағы 2023 – 2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы» Қазақстан Республикасы Заңға сәйкес субвенциялар – 5,8 трлн теңге;

- ұлттық жобаларды және өңірлерді дамытудың кешенді жоспарларын іске асыруға бағытталған нысаналы даму трансферттері – 1,3 трлн теңге;

- «Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері арасындағы 2023 – 2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының қолданылу кезеңінде қабылданған нормативтік құқықтық актілер бойынша нысаналы ағымдағы трансферттер – 426 млрд теңге бөлінетін болады.

Экономиканың нақты секторын қолдауға арналған шығыстар – 4 896,0 млрд теңге, оның ішінде 2025 жылға – 2 117,0 млрд теңге.

Экономиканың нақты секторына арналған шығыстар мынадай басым бағыттарды іске асыруға жоспарланған:

- агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға – 1 331,0 млрд теңге, 2025 жылға – 635,0 млрд теңге;

- республикалық деңгейде көлік инфрақұрылымын дамытуға – 1 465,0 млрд теңге, оның ішінде 2025 жылы – 699,0 млрд теңге;

- кәсіпкерлікті, шағын және орта бизнесті қолдауға және дамытуға – 862,0 млрд теңге, оның ішінде 2025 жылы – 250,0 млрд теңге;

- цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібін дамытуға – 531,0 млрд теңге, оның ішінде 2025 жылы – 221,0 млрд теңге;

- су ресурстары және ирригацияға – 259,0 млрд теңге, оның ішінде 2025 жылы – 137,0 млрд теңге.

Күштік құрылымдардың шығыстары 8 049,0 млрд теңге, оның ішінде 2025 жылға – 2 662,0 млрд теңге сомасында жоспарланды.

2025 жылға арналған республикалық бюджеттің тапшылығы 4 100,0 млрд теңге немесе ЖІӨ-нің 2,7%-ы, 2026 жылға – 3 788,0 млрд теңге немесе ЖІӨ-нің 2,2%-ы, 2027 жылға – 3 686,0 млрд теңге немесе ЖІӨ-нің 1,9%-ы мөлшерінде айқындалды.

Мұнай секторы ұйымдарынан Ұлттық қорға түсетін түсімдердің 2025 жылға арналған болжамы мұнайдың болжамды әлемдік бағасы бір баррелі үшін 75 АҚШ долларын құрайтын 97,2 млрд тонна мұнай өндірудің күтілетін көлеміне сүйене отырып, 4 884,3 млрд теңгені құрайды.

Заңды талқылау барысында Сенат комитеттері мен депутаттарының ұсыныстарын ескере отырып, 2025 жылы шығыстарды 60,0 млрд, теңге сомаға ұлғайту қолдау тапты.

Шығыстарды ұлғайтуды қаржыландыру Үкімет резерві есебінен жүзеге асырылатын болады.

Бұдан басқа, мемлекеттік органдар арасында қаражат қайта бөлінді, сондай-ақ депутаттардың басқа да ұсыныстары қолдау тапты.

Осылайша, жоғарыда баяндалғанды ескере келе, жалпы алғанда Заңда мынадай негізгі бағыттар бойынша шығыстар көзделді:

- сумен жабдықтауға және су бұруға жалпы сомасы 137,0 млрд теңге, оның ішінде 2025 жылға – 110,0 млрд теңге, бұл сумен жабдықтау қызметтеріне халықтың қолжетімділігін қалаларда 99,6%-ға, ауылдарда 98%-ға дейін арттыруға мүмкіндік береді;

- газ тасымалдау жүйесін дамытуға жалпы сомасы 93,0 млрд теңгеге, оның ішінде 2025 жылға – 66,0 млрд теңге, бұл газдандыру деңгейін 62%-ға дейін жеткізуге мүмкіндік береді;

- жылу, электр энергетикасын дамытуға жалпы сомасы 82,0 млрд теңге, оның ішінде 2025 жылға – 70,0 млрд теңге;

- инженерлік инфрақұрылымды дамытуға жалпы сомасы 234,0 млрд теңге, оның ішінде 2025 жылға – 168,0 млрд теңге;

- көлік инфрақұрылымын дамытуға жалпы сомасы 1,7 трлн теңге, оның ішінде 2025 жылға – 1,1 трлн теңге.

2024 жылғы 21 қарашада Заңның кейбір баптары бекітілмей, жаңа редакцияда ұсыныспен Мәжіліске қайтарылды.

4. «2024 – 2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат С.Мәкежанов.

2024 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау туралы заң экономиканың өсу қарқынының төмендеу тәуекелдері жағдайында өңірлік өсу деңгейін ұстап тұру, сондай-ақ ағымдағы жылы республикалық бюджеттің шұғыл шығыстарын қаржыландыруды қамтамасыз ету мақсатында республикалық бюджет көрсеткіштерінің өзгеруіне байланысты әзірленді.

Қазақстан Республикасының 2024 – 2028 жылдарға арналған әлеуметтік- экономикалық даму болжамына 2024 жылға арналған бюджет пен Ұлттық қор параметрлерінің болжамын нақтылау бөлігінде өзгерістер енгізілді.

Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалауы бойынша 2024 жылға әлемдік экономиканың өсуі 2,6%-дан 3,2%-ға дейінгі шектерде болжануда.

Халықаралық қаржы ұйымдарының 2024 жылға арналған Brent маркалы мұнай бағасының консенсус-болжамы барреліне 84,2 АҚШ долларын құрайды. Ағымдағы жылдың басынан бері мұнайдың орташа бағасы барреліне 81,4 АҚШ доллары деңгейінде қалыптасты.

Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша 2023 жылғы ЖІӨ-нің нақты өсімі 5,1%-ды құрады.

Осыны негізге ала отырып, 2024 – 2028 жылдарға арналған ӘЭДБ шеңберінде 2024 жылға арналған макроэкономикалық көрсеткіштер болжамының негізгі параметрлері бұрын мақұлданған деңгейде сақталды.

Заңның міндеттері: Республикалық бюджетті нақтылаудың негізгі міндеті 2024 жылға арналған республикалық бюджеттің параметрлерін ел экономикасының ағымдағы жай-күйіне сәйкес келтіру болып табылады.

2024 жылға арналған республикалық бюджет параметрлерінің нақтыланған болжамы келесідей:

- кірістер (трансферттерді есептемегенде) – бекітілген жоспардан 2 000,0 млрд теңгеге азайтыла отырып, 14 124,0 млрд теңге;
- шығыстар – 23 865,7 млрд теңге;
- тапшылық – 3 671,0 млрд теңге немесе ЖІӨ-нің 2,7%-ы сомасында айқындалды.

Тұтастай алғанда, салықтық түсімдер бойынша болжам салықтық түсімдер бойынша 3 085,3 млрд теңгеге азайтыла отырып және салықтық емес түсімдер бойынша 1 081,9 млрд теңгеге ұлғайтыла отырып, 12 674,4 млрд теңге сомасында айқындалды.

Салықтық түсімдер бойынша азаю мыналарға байланысты:

1) 2023 жылғы борыш бойынша ҚҚС-ны қайтару сомасы – 594,8 млрд теңге;

2) сыртқы сауда айналымы көлемінің азаюы – 215,5 млрд теңге;

3) мұнай өндіру көлемінің жоспардан 5,3 млн тоннаға (95,4 млн тоннадан 90,1 млн тоннаға дейін) төмендеуі – 193,9 млрд теңге;

4) басқа факторлар (2024 жылғы қаңтар-қыркүйектегі түсімдер фактісі бойынша есептеулерді нақтылау) – 2 071,8 млрд теңге.

2024 жылға арналған трансферттер түсімдері бойынша нақтыланған болжам нысаналы трансферттер 2 000,0 млрд теңгеге ұлғайтыла отырып, 6 070,7 млрд теңге сомасында, оның ішінде Ұлттық қордан 5 600,0 млрд теңге сомасында айқындалды.

Мұнай секторы ұйымдарынан Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түсетін түсімдердің 2024 жылға арналған нақтыланған болжамы 1 456,6 млрд теңгеге азайтыла отырып, 4 501,3 млрд теңге сомасында айқындалды.

Республикалық бюджеттің нақтыланған шығыстары бекітілген көрсеткішке қатысты 136,1 млрд теңгеге ұлғайтыла отырып, 23 865,7 млрд теңге көлемінде болжанады:

1) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 44-бабының 5-тармағына және 104, 111-баптарына сәйкес ағымдағы жылдың ақпан айында ағымдағы

бюджеттік бағдарламалар және республикалық бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша өткен жылдың тіркелген міндеттемелерінің төленбеген бөлігін қаржыландыру мақсатында 2023 жылдың соңына жалпы сомасы 136,1 млрд теңгеге қарыздар мен республикалық бюджет қаражатының қалдықтарын тарту есебінен республикалық бюджет көрсеткіштеріне түзету жүргізілді;

2) Үкіметтің борышына қызмет көрсетуге 168,3 млрд теңге сомасындағы қаражат қайта бөлінді;

3) 2024 жылы экономиканың өсу қарқынының баяулауына байланысты өңірлерге субвенцияны қаржыландыру көзі өзгертілді (республикалық бюджет есебінен – 3 265,0 млрд теңге, Ұлттық қор есебінен – 2 000,0 млрд теңге).

Тұтастай алғанда, Заң мемлекеттік бюджеттік жоспарлау жүйесінің нормаларын айқындайтын Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің ережелеріне сәйкес келеді.

Заң 2024 жылғы 5 желтоқсанда Сенат отырысында мақұлданды.

5. «Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы қарыз туралы келісімді (Жай операциялар) (Фискалдық басқару және қаржы секторы реформаларының бағдарламасы – 1-кіші бағдарлама) ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат С.Карплюк.

Заңның мақсаты:

Қарыз туралы келісімді ратификациялау бюджеттің теңгерімділігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасына жоспарлы кезеңге арналған республикалық бюджет тапшылығының бекітілген мөлшері шеңберінде қарыз алуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Заңның міндеттері:

Азия Даму Банкі Қазақстан Республикасына 2027 жылғы 1 маусымға дейінгі жеңілдікті кезеңді қоса алғанда, 2038 жылғы 1 желтоқсанға дейінгі өтеу мерзімімен 52 335 274 722 йен сомасында қарыз береді. Сыйақы мөлшерлемесі TONA (жапон иенасының базалық мөлшерлемесі) + спрэд-ке тең. Резервтеу үшін комиссия – қарыздың алынбаған қалдығынан жылдық 0,15%.

Қарыздың негізгі борышын және қарыздың жалпы негізгі сомасының пайызын өтеу Келісімге қоса берілген кестеге сәйкес жүзеге асырылатын болады.

Тартылатын қарызға қызмет көрсетуді және өтеуді Қаржы министрлігі Қарыз туралы келісімде белгіленген қаржылық шарттарға сәйкес кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделетін қаражат есебінен жүзеге асыратын болады.

Күтілетін нәтиже: қарыз қаражаты ағымдағы жылға арналған республикалық бюджет тапшылығын қаржыландыруға мүмкіндік береді, осылайша 2024 жылға арналған республикалық бюджет шеңберінде

мемлекеттің өзіне қабылданған барлық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етеді.

Заң 2024 жылғы 12 желтоқсанда Сенат отырысында мақұлданды.

6. «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы қарыз туралы келісімді («Инклюзивті және тұрақты экономикалық өсу» атты даму саясатын қаржыландыруға арналған қарыз) ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат Н. Бекенов.

Заңның мақсаты:

Қарыз туралы келісімді ратификациялау Қазақстан Республикасына теңгерімді бюджетті қамтамасыз ету мақсатында жоспарлы кезеңге республикалық бюджет тапшылығының бекітілген мөлшері шеңберінде қарыз алуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Заңның міндеттері:

Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі Қазақстан Республикасына 2029 жылғы 15 наурызға дейін жеңілдікті кезеңді қоса алғанда, 2034 жылғы 15 қыркүйекке дейін 84 927 100 000 иен сомасында қарыз береді. Сыйақы мөлшерлемесі: TONA (жапон иенінің базалық мөлшерлемесі) + ауыспалы спредті немесе пайыздық мөлшерлеме айырбасталғаннан кейін қолданылуы мүмкін осындай мөлшерлемені құрайды. Біржолғы комиссия қарыз сомасының 0,25 %-ын, резервке қойғаны үшін комиссия қарыз қаражатының алынбаған қалдығына жылдық 0,25 %-ды құрайды.

Қарыздың негізгі борышын және Қарыздың жалпы негізгі сомасының пайызын өтеу Келісімге қоса берілетін кестеге сәйкес жүзеге асырылады.

Тартылатын қарызға қызмет көрсетуді және оны өтеуді Қарыз туралы келісімде белгіленген қаржылық шарттарға сәйкес кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделетін қаражат есебінен Қаржы министрлігі жүзеге асыратын болады.

Күтілетін нәтиже: қарыз қаражаты ағымдағы жылға республикалық бюджет тапшылығын қаржыландыруға мүмкіндік береді, осылайша 2024 жылға арналған республикалық бюджет шеңберінде мемлекет өзіне қабылдаған барлық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етеді.

Заң 2024 жылғы 12 желтоқсанда Сенат отырысында мақұлданды.

7. «Қазақстан Республикасы мен Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкі арасындағы қарыз туралы келісімді (Фискалдық басқару және қаржы секторы реформаларының бағдарламасы – 1-кіші бағдарлама) ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат С.Карплюк.

Заңның мақсаты:

Қарыз туралы келісімді ратификациялау бюджеттің теңгерімділігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасына жоспарлы кезеңге арналған республикалық бюджет тапшылығының бекітілген мөлшері шеңберінде қарыз алуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Заңның міндеттері:

Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкі Қазақстан Республикасына 2027 жылғы 1 маусымға дейінгі жеңілдікті кезеңді қоса алғанда, 2038 жылғы 1 желтоқсанға дейінгі өтеу мерзімімен 52 740 000 000 иен сомасында қарыз береді. Сыйақы мөлшерлемесі TONA (жапон иенасының базалық мөлшерлемесі) + өзгермелі спрэд немесе пайыздық мөлшерлеме айырбасталғаннан кейін қолданылуы мүмкін ставка. Біржолғы комиссия қарыз сомасының 0,25%-ын, резервтеу үшін комиссия – қарыз қаражатының игерілмеген қалдығына жылдық 0,25%-ы құрайды.

Қарыздың негізгі борышын және қарыздың жалпы негізгі сомасының пайызын өтеу Келісімге қоса берілген кестеге сәйкес жүзеге асырылатын болады.

Тартылатын қарызға қызмет көрсетуді және оны өтеуді Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қарыз туралы келісімде белгіленген қаржылық шарттарға сәйкес кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделетін қаражат есебінен жүзеге асыратын болады.

Күтілетін нәтиже: қарыз қаражаты ағымдағы жылға арналған республикалық бюджет тапшылығын қаржыландыруға мүмкіндік береді, осылайша 2024 жылға арналған республикалық бюджет шеңберінде мемлекеттің өзіне қабылдаған барлық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етеді.

Заң 2024 жылғы 12 желтоқсанда Сенат отырысында мақұлданды.

8. «Еуропа Қайта Құру және Даму Банкін құру туралы келісімнің 1-бабына банк операцияларын географиялық қамтуды Сахарадан оңтүстікке қарай орналасқан Африка елдері мен Иракқа шектеулі түрде және біртіндеп қолдануды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін түзетулерді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат С. Карплюк.

Заңның мақсаты:

Банкке мүше мемлекеттердің, сондай-ақ экономикалық саладағы алушы елдердің халықаралық ынтымақтастығын кеңейту.

Заңның міндеттері:

Банк қызметін жаңа елдерге тарату:

- Банктің қазіргі елдерін қолдау қабілетін төмендетпейді;
- Банктің ААА деңгейіндегі кредиттік рейтингіне қауіп төндірмейді;
- капиталға қосымша жарналарды талап етпейді;
- өтпелі процесті және оның толықтығы мен салауатты банк қызметінің операциялық қағидаттарын қолдау жөніндегі Банк мандатын орындаудан ауытқуға әкеп соқпайды.

Күтілетін нәтиже: Қазақстан үшін Африканы банк операциялары аймағына қосу миллиардтаған халқы бар елдердің жобаларымен байланыс орнатуда және инвестицияларды жүзеге асыруда жаңа мүмкіндіктер ашады.

Заң 2025 жылғы 9 қаңтарда Сенат отырысында мақұлданды.

9. «Еуропа Қайта Құру және Даму Банкін құру туралы келісімнің 12-бабының 1-тармағына жай операцияларға жарғылық капиталды шектеудің күшін жою мақсатындағы түзетулерді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат С. Карплюк.

Заңның мақсаты:

Еуропалық Қайта Құру және Даму Банкінің кредиттік қызметін тиімді жоспарлау.

Заңның міндеті:

Еуропалық Қайта Құру және Даму Банкінің Басқарушылар Кеңесінен Директорлар кеңесіне Банк капиталының жеткіліктілігі нормативтерінің тиісті деңгейін белгілеу жөніндегі өкілеттіктерді беру.

Күтілетін нәтиже:

1. Жай операцияларға жарғылық шектеулерді алып тастау және Директорлар кеңесіне капиталдың жеткіліктілігі нормативтерінің тиісті деңгейлерін белгілеу мүмкіндігін беру Банктің жедел шешім қабылдауына және өзінің кредиттік қызметін жоспарлауына мүмкіндік береді.

2. Директорлар кеңесі деңгейінде капиталдың жеткіліктілігі нормативтерін реттеу Банк капиталын пайдаланудың тиімділігі мен икемділігін арттырады.

3. Қаралып отырған түзетулерді қабылдау Банктің Қазақстанның экономикалық маңызы бар жобалары үшін қаржыландыру мәселелерін жедел шешуіне мүмкіндік береді.

Заң 2025 жылғы 9 қаңтарда Сенат отырысында мақұлданды.

10. «Мемлекеттік (муниципалдық) сатып алуды жүзеге асыру кезінде банк кепілдіктерін өзара тану туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат Н. Бекенов.

Заңның мақсаты:

Заңның негізгі мақсаттары ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер арасында банк кепілдіктерін өзара тану үшін құқықтық негіз құру болып табылады, бұл өнім берушілердің Одаққа мүше басқа мемлекеттердің аумағында мемлекеттік сатып алуға қатысуын жеңілдетуге және оңайлатуға мүмкіндік береді.

Заңның міндеттері:

Заңның негізгі міндеттері Одаққа мүше басқа елдің мемлекеттік сатып алуларына қатысу үшін бір елдің резидент банктері берген банк кепілдіктерін пайдалануды қамтамасыз ететін құқықтық нормаларды белгілеу арқылы ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер арасында қол қойылған Келісімді іске асыруды қамтамасыз ету болып табылады. Сондай-ақ, Заң осындай кепілдіктер бере алатын банктерге қойылатын талаптарды, сондай-ақ банк кепілдіктерінің тізілімін жүргізу тетіктерін айқындайды.

Күтілетін нәтиже:

Келісімді ратификациялау Одаққа мүше бір елдің әлеуетті өнім

берушілерінің Одаққа мүше басқа елде өткізілетін мемлекеттік сатып алуға қатысуға кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ ұзақ мерзімді және тұрақты негізде мемлекеттік сатып алу саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға мүмкіндік береді.

Заң 2025 жылғы 9 қаңтарда Сенат отырысында мақұлданды.

11. «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің арасында кедендік әкелім баждарының сомасын аударуға қатысты бөлікте өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат Б. Орынбеков.

Заңның мақсаты:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттамамен (бұдан әрі – Хаттама) Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа уақытша тетікті айқындау бөлігінде өзгерістер енгізіледі, оған сәйкес Қазақстан Республикасының, Ресей Федерациясының және Беларусь Республикасының бюджеттеріне АҚШ долларымен есептелген кедендік баждардың сомасын өзара бөлу және есепке алу кезінде туындайтын қарсы міндеттемелер айырмасының сомасын тараптар ресей рублімен есепке алатын болады.

Заңның міндеттері:

Заң санкциялық шектеулер жағдайында Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде кедендік баждарды әкімшілендіруді жүзеге асыру кезіндегі кедергілерді жоюға бағытталған.

Күтілетін нәтиже: Заңды мақұлдау Қазақстанның республикалық бюджетіне кедендік баждардың үздіксіз аударылуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Заң 2025 жылғы 30 қаңтарда Сенат отырысында мақұлданды.

12. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі

Заңды жүргізген депутат Б. Орынбасаров.

Кодекстің мақсаты:

Мемлекет басшысының «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында Бюджет кодексін қабылдау бойынша: бюджеттік процесті түбегейлі жеңілдетуге; «бюджетті басқарудан» «нәтижелерді басқаруға» ауысу арқылы бюджет саясатының үлгісін реформалауға; блоктық бюджет элементтерін енгізуге; бюджеттік саясаттың шекті параметрлерін айқындауға; фискалды орталықтан шығаруды күшейтуге бағытталған.

Кодекстің негізгі міндеттері:

1. Бюджеттік процесті жеңілдету.
2. Мемлекеттік қаржыны басқарудың әдіснамалық негізін құру.
3. Бюджеттің кіріс бөлігін жоспарлау сапасын арттыру.

4. Бюджетаралық қатынастарды жетілдіру.

5. Мемлекеттік инвестициялық жобалардың жүйелік кемшіліктерін шешу.

6. Нәтижеге бағдарланған бюджеттің қағидаттарын күшейту және нәтижелерді басқару құралдарын жетілдіру.

Кодекстің қабылдануынан күтілетін нәтижелер:

Біртұтас бюджеттеу жүйесін құру мыналар:

- бюджеттік процеске қатысатын мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын белгілеу;
- мемлекеттік сектордың активтері мен міндеттемелерін шоғырландыру;
- бюджетті мақсаттарға сүйене отырып және бұрын қабылданған шешімдерді сақтай отырып қалыптастыру;
- мониторинг, бағалау нәтижелерін қолдану;
- транспаренттілік пен есептілікті күшейту;
- барлық процестердің өзара байланысы арқылы қол жеткізіледі.

1. Бюджеттік процесті оңайлату және реинжиниринг жөніндегі міндеттерді шешу үшін:

- жоспарлаудың артық құжаттарын алып тастау, бюджеттік бағдарламалар мен даму жоспарларын келісу және бекіту рәсімдерін қысқарту;
- бюджеттік өтінімді және бюджеттік бағдарламаларды бірыңғай құжатқа – бюджеттік сұрау салуға біріктіру;
- бюджеттің базалық тұрақты шығыстары бойынша тұрақты лимиттерді белгілеу;
- бюджеттік бағдарламалар мен нысаналы индикаторларды ірілендіру;
- бір бюджеттік бағдарлама шеңберінде әкімшілердің бюджет қаражатын дербес қайта бөлуі;
- Республикалық бюджет комиссиясының шешімі бойынша Ұлттық қор қаражатын, сондай-ақ бюджеттік бағдарламалар арасында қайта бөлу;
- қаржы жылының қорытындысы бойынша қаражат қалдықтарын аудару рәсімін оңайлату түрінде бюджеттік рәсімдерді оңтайландыру арқылы блоктық бюджеттеуді енгізу жоспарлануда.

2. Нәтижеге бағдарланған бюджеттеу қағидаттарын күшейтуге бағытталған «Қазақстан Республикасының бюджеттеу негіздері» атты жаңа бөлім енгізілді.

Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының қаржылық қамтамасыз етілуін айқындау үшін негіз ретінде мемлекеттік органдардың немесе өңірлердің, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің даму жоспарлары көзделеді.

Бюджеттік процесте басқару шешімдерін қолдану және қабылдау үшін нәтижелерді басқару құралдарын жүйелеу, бюджеттік, стратегиялық және инвестициялық бағыттар бойынша шығыстар шолуын енгізу, нәтижелерді мониторингтеу, бағалау, сондай-ақ бюджеттеу тұрғысынан мемлекеттік аудиттің қатысуы бойынша тәсілдер айқындалған.

Нәтижеге бағдарланған бюджеттеуге көшудің шарты бюджеттік ақпараттың ашықтығы және бюджеттік құжаттаманы жариялау арқылы іске асырылатын халық алдындағы есептілік болып табылады. Лауазымды адамдар мен бюджеттік процеске қатысушылардың жауапкершілік аймақтарының аражігі ажыратылған.

3. «Мемлекеттік қаржыны басқару» бөлімі көзделген, онда 2030 жылға дейін Мемлекеттік қаржыны басқару тұжырымдамасының ережелерін іске асыру мақсатында бюджеттік қағидалар жүйесі; мемлекеттік сектордың борыштық міндеттемелерін басқару; Қазақстан Республикасының мемлекеттік қаржы параметрлерінің 10 жылдық кезеңге арналған ұзақ мерзімді болжамын енгізу, бюджеттік тәуекелдер туралы, сондай-ақ салық шығыстары туралы талдамалық есеп қолданылатын болады.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің (бұдан әрі – КМСС) бюджеттік процеске қатысуы мемлекеттік органның даму жоспарымен өзара байланысты даму жоспарлары немесе іс-шаралар жоспарлары арқылы жоспарланады. КМСС даму жоспарлары бюджеттік құжаттамаға қоса беріледі және ҚР Парламентіне республикалық бюджет жобасы бойынша материалдар құрамында енгізілетін болады.

КМСС борышы бойынша негізгі нормалар, оның анықтамасы, құрылымы, шектеулері, мониторинг ен бақылау енгізілген.

Сондай-ақ, ҚР Парламентінде бюджетті және жылдық есепті қорғау кезінде КМСС бірінші басшыларының баяндамаларын тыңдау; оларды пайдаланғаны, дивидендтік саясатты реттегені үшін жауапкершілікті күшейте отырып, КМСС-ның қарыздар туралы ақпаратты міндетті түрде жариялауы көзделеді.

Мемлекеттік қаржыны басқару бөлімінде Ұлттық қор және бюджеттен тыс қорлар бойынша тараулар енгізілген.

Ұлттық қор қаражатын пайдалануға қазақстандық эмитенттердің ішкі қаржы құралдарына инвестициялауға, бюджеттің ағымдағы шығыстарын қаржыландыруға тыйым салу түрінде шектеулер енгізілді.

Ұлттық қордан нысаналы трансферт есебінен шығыстарды қаржыландыруға қойылатын талаптар күшейтілді, нысаналы трансфертті мақсатсыз пайдаланғаны үшін мемлекеттік органның бірінші басшысының жауапкершілігі енгізілді.

Нысаналы талаптардың көлемін пайдалану бөлігінде «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасын енгізуге байланысты нормалар, сондай-ақ республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есептің құрамында инвестициялық табыс және «Ұлттық қор – балаларға» бойынша ақпарат ұсыну көзделген.

Бюджеттен тыс қорлар бойынша жалпы ережелер айқындалды, сондай-ақ оларды шоғырландыру көзделген.

Бюджеттен тыс қорлардың түсімдері мен шығыстары туралы ақпарат республикалық бюджеттің жобасы және оның орындалуы жөніндегі жылдық есеп жөніндегі материалдардың құрамына енгізілген.

4. Теңгерімді өңірлік дамуды қамтамасыз ету мақсатында ең төмен стандарттар мен өңірлік стандарттар жүйесі негізінде инвестициялық жоспар құра отырып, бюджетті өңірдің даму жоспарына ғана байланыстыру ұсынылады.

Жергілікті бюджеттердің кіріс бөлігі бойынша жекелеген түсімдерді беру көзделеді.

Жергілікті бюджет шығыстары бойынша:

- базалық нормативтер (желілер) саласындағы нормативтік құқықтық актілерді ревизиялау;

- басталған жобаларды басымдықпен қаржыландыру;

- жобаны бірінші жылы жобаның жалпы құнының кемінде 30% көлемінде қаржыландыру;

- тек күрделі жағдайда инфрақұрылымға және жалпы ел үшін маңызы бар жобаларға ғана нысаналы даму трансферттерін бөлу;

- орталық мемлекеттік және жергілікті органдардың нысаналы даму трансферттерін пайдаланудан нәтижелерге қол жеткізгені үшін ортақ жауапкершілігін енгізу;

- жергілікті бюджеттерді қарау кезінде тексеру комиссияларының рөлін күшейту қажет.

Мемлекеттің даму шығыстарын есепке алу әдіснамасын пысықтау шеңберінде «мемлекеттік инвестициялық жобалар» ұғымы кеңейтілді, оған бюджеттік инвестициялар, мемлекеттік-жекешелік әріптестік, бюджеттік кредиттер, кепілдікті мемлекеттік қарыздар мен мемлекет кепілгерлігі есебінен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жобалары кіретін болады.

Осыны ескере отырып, экономика секторлары бөлінісінде жобалау сараптамасын және елдің ЖІӨ-дегі салым үлесін бағалауды көздейтін «мемлекеттік инвестициялық жобалар портфелін» қалыптастыру жоспарланып отыр.

Республикалық бюджет бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікте ағымдағы шығыстар мен даму шығындары арасында заңды тұлғаларға бөлінетін бюджет қаражатының анық бөлек есебі әзірленді.

Кодекс 2025 жылғы 6 ақпанда Сенат отырысында мақұлданды.

13. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бюджет заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу және «Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп тану туралы»

Заңды жүргізген депутат Б. Орынбасаров.

Заңның мақсаты:

Заң Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 қыркүйектегі № 1008 Жарлығымен бекітілген, Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық

іс-шаралар жоспарының 12-тармағын іске асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің ережелеріне сәйкес келтіру мақсатында әзірленген.

Заңның міндеттері:

Заңмен Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілді:

1. Қазақстан Республикасының кодекстеріне: Қылмыстық-процестік кодексіне (Ерекше бөлім), «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы», «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» және «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы», «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы», «Төлемдер мен төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына заңды тұлғаларға берілетін трансферттерге нысаналы аударымдар тетігін ауыстыру бөлігінде жаңа Бюджет кодексіне сәйкес келтіруге қатысты;

2. Қазақстан Республикасының Су кодексіне суармалы су беру жөніндегі тарифтік реттеушінің, атап айтқанда, каналдар арқылы су берудің реттеліп көрсетілетін қызметтері және тіреуіш гидротехникалық құрылысжайлардың көмегімен жер үстіндегі ағынын реттеу функциясын Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігіне беру бөлігінде;

3. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне:

1) мемлекеттік қолдау шараларына ашық және тең қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік қолдау шараларының, стандарттардың тізілімін енгізу және олардың тиімділігін талдау бөлігінде түзетулер ұсынылады;

2) концессияларды алып тастау бөлігінде «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Заңға енгізілген түзетулерге сәйкес келтіру;

3) республикалық маңызы бар автожолдарды жөндеуге мемлекеттік кепілдікпен қарызды көздейтін инвестициялық жобаларды жалпы айқындауға жатқызуға қатысты нормалар.

4. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне»:

1) мемлекеттік функциялардың тізілімін тұрақты жаңарта отырып, электрондық форматта енгізу;

2) нысаналы аударымдар тетігін заңды тұлғаларға берілетін трансферттерге ауыстыру бөлігінде жаңа Бюджет кодексіне сәйкес келтіру;

3) парафискалдық төлемдерді есепке алу мақсатында парафискалдық төлемдерге алып келетін бәсекелес ортаға берілген функциялардың тізілімін жүргізу.

5. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне қоршаған ортаға жағымсыз әсер үшін төлемақы, жер қойнауын пайдаланушылардан қоршаған ортаға жол берілетін антропогендік әсер ету нормативтерін бұзғаны үшін, жер қойнауын пайдаланушылардан мұнай секторы

ұйымдарының зиянның орнын толтыру туралы талап қоюлар бойынша түскен айыппұлдардың түскен сомаларынан қалыптастырылатын қаражат сияқты нысаналы сипаты бар арнайы түсімдер бөлігінде.

6. «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына:

1) Мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің (бұдан әрі – МЖӘ) жекелеген ережелері заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер деңгейіне ауыстырылды.

2) МЖӘ тетіктерін біріздендіру мақсатында МЖӘ және концессия саласындағы заңнаманы бір заңға біріктіру ұсынылды, өйткені инвесторларға қайталанатын нормаларды қамтитын заңнамалық жүйеде бағдарлану қиынға соғады.

«МЖӘ туралы» заңда концессияны қоса алғанда, МЖӘ-нің барлық түрлері үшін жоспарлау мен іске асырудың бірыңғай, түсінікті тәртібі бекітіледі. Осыған байланысты «Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын күші жойылды деп тану ұсынылады.

3) МЖӘ объектісі құнының меншікті қаражатының болуын растауды 20%-дан 10%-ға дейін төмендету арқылы әлеуетті жекеше әріптестерде меншікті қаражатының болуы жөніндегі біліктілік талаптарын жеңілдету.

4) Техникалық жағынан күрделі МЖӘ (концессия) объектілерін салуды (құруды) және реконструкциялауды көздейтін МЖӘ жобаларын іске асыру кезінде халықаралық стандарттарға сәйкес екі кезеңдік конкурстық рәсімдерді міндетті түрде қолдану.

5) МЖӘ саласында консультациялық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеу рәсімін енгізу.

6) Халықаралық қаржы ұйымдарымен бірлесіп әзірленетін ерекше маңызды МЖӘ жобаларының тізбесін, сондай-ақ Ұлттық экономика министрлігінің және МЖӘ дамыту орталығының осындай жобаларды әзірлеуді үйлестіру мен келісу бөлігіндегі құзыреттерін бекіту бөлігінде Үкіметтің құзыретін кеңейту.

7. «Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына Алматы қаласында жаңа метро желілерін салу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен 1 млрд АҚШ доллары сомасында сыртқы қарыз тарту бойынша.

8. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына мәслихатқа коммуналдық мүлікті жалдағаны үшін төмендетілген мөлшерлемені белгілеу немесе жалдау ақысынан босату құқығын беруге қатысты.

9. «Автомобиль жолдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына:

1) халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын ұлттық операторға сенімгерлік басқаруға беру үшін негіздерді кеңейту;

2) халықаралық және республикалық маңызы бар жолдарда ғана емес, жергілікті желі мен елді мекендер көшелерінің жолдарында да жұмыстар

мен материалдардың сапасын қамтамасыз ету жүйесіне бірыңғай тәсілді қолдану;

3) республикалық маңызы бар автожолдарды жөндеуге мемлекеттік кепілдікпен берілетін қарызды жалпылама анықтауға жатқызуды көздейтін норма енгізу.

10. «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушылардың залалдарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялаудың үлгілік шартын бекіту бойынша уәкілетті органның құзыреті бөлігінде.

11. «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына:

1) заңды тұлғаларға берілетін трансферттерге нысаналы салымдар тетігін, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің таза пайданы аудару нормативтерін ауыстыру бөлігінде жаңа Бюджет кодексіне сәйкес келтіру;

2) екі жергілікті атқарушы орган арасында агломерация шеңберінде коммуналдық мүлікті беру мүмкіндігін көздеу;

3) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне мемлекеттік мекемелерінің ақылы қызметтерінен түскен қаражатқа дербес билік етуге мүмкіндік беру.

12. «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына жергілікті жобаларды консультациялық қолдап отыру және сараптама жасау бойынша қызметтер көрсету сапасын арттыру, осындай қызметтерді көрсету үшін жергілікті атқарушы органдар тартатын заңды тұлғаларды аккредиттеу институтын енгізу жөніндегі нормаға қатысты.

13. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына нысаналы салымдар тетігін заңды тұлғаларға берілетін трансферттерге ауыстыру, республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын алдын ала бағалауға қатысты жаңа Бюджет кодексіне сәйкес келтіру жөніндегі норма бөлігінде.

14. «Лотереялар және лотерея қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына «Сәтті Жұлдыз» АҚ-ның лотерея операторының кірісінен креативті индустрияны дамытуға жәрдемдесетін заңды тұлғаға 3% мөлшеріндегі аударымдарға қатысты.

15. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына бюджет қаражаты есебінен дербес білім беру ұйымдарын мемлекеттік сатып алу рәсімдерінен босату бөлігінде және т.б. өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Күтілетін нәтижелер: Заң бюджеттік тәртіпті қамтамасыз етуге, бюджет жүйесінің бірлігі қағидатын сақтауға бағытталған Бюджет кодексінің ережелерін толық іске асыруға мүмкіндік береді.

Заң 2025 жылғы 6 ақпанда Сенат отырысында мақұлданды.

14. «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі Еуразиялық топ туралы келісімге және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі Еуразиялық топтың бюджетін қалыптастыру және атқару тәртібі туралы ережеге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат Б. Орынбеков.

Заңның мақсаты:

Заңның негізгі мақсаттары Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі Еуразиялық топ туралы келісімге және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі Еуразиялық топтың бюджетін қалыптастыру және атқару тәртібі туралы ережеге нормативтік базаны Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (бұдан әрі – ФАТФ) стандарттарына сәйкес келтіруге, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мандатын кеңейтуге, қаржы тетіктерін нақтылауға және ұйым жұмысының тиімділігін арттыру үшін техникалық түзетулер енгізуге бағытталған өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау болып табылады.

Заңның міндеттері:

Хаттаманың негізгі міндеттері жоғарыда көрсетілген құжаттарға мынадай өзгерістер енгізу болып табылады:

- ЕАТ мақсаттары мен міндеттерін нақтылау, оның ішінде Еуразиялық топты жүргізу нысанасы ретінде қылмыстық кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылмен тең дәрежеде жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелерін толықтыру;

- қолданыстағы халықаралық жылыстатуға қарсы стандарттарға сәйкес іргелі ұғымдарды (терминдерді) өзектендіру;

- қосымша жұмыс форматтарын құру және олардың жұмыс істеуін регламенттеу;

- ЕАТ төрағасы лауазымына қойылатын қосымша талаптарды енгізу;

- ЕАТ бюджетін қалыптастыру және орындау тәртібін жетілдіру, сондай-ақ ФАТФ ұсынымдарына сәйкес ЕАТ туралы келісімнің ұғымдық аппаратын өзектендіру.

Күтілетін нәтиже:

Хаттаманы ратификациялау жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимылды қоса алғанда, ұлттық заңнаманы ФАТФ-тың жаңартылған стандарттарына сәйкес келтіруге, рәсімдер мен терминологияны біріздендіру есебінен қаржылық мониторинг жүйесін оңтайландыруға, сондай-ақ ЕАТ шеңберіндегі халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға мүмкіндік береді.

Заң 2025 жылғы 3 сәуірде Сенат отырысында мақұлданды.

15. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын дамыту, қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау, байланыс және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат С. Карплюк.

Заңның мақсаты:

Заңның негізгі мақсаттары банк секторында бәсекелестікті арттыру және инвестиция тарту үшін жағдай жасау, сақтандыру нарығы мен бағалы қағаздар нарығын дамыту, қаржылық қолжетімділікті арттыру, қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және қаржы нарығындағы алаяқтықпен күресу болып табылады.

Заңның міндеті:

Заң мынадай міндеттерді шешуге бағытталған:

1. Шетелдік банктерді ашуға қойылатын талаптарды ырықтандыру, оның шеңберінде мыналар көзделген.

2. Сақтандыру нарығын дамыту, ол үшін мыналар көзделген.

3. Бағалы қағаздар нарығын дамыту.

4. Қаржылық қолжетімділікті арттыру және қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау.

5. Қаржы нарығындағы алаяқтыққа қарсы іс-қимыл.

6. Мемлекеттік аппаратты бюрократиядан арылту, ол үшін Қаржы нарығын реттейтін заңдардан Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ҚНРДА функциялары мен өкілеттіктері алынып тасталады, олар іске асыру және ұйымдастыру сипатында болады және мемлекеттік органдар туралы ережелерде көзделуі мүмкін.

7. Кредиттік бюролардың қызмет түрлерін кеңейту.

8. Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде кредиттік тарихтың құрамына кіретін мәліметтермен алмасу тәртібі туралы келісімнің ережелерін отандық заңнамаға имплементациялау.

9. Ұялы байланыс саласындағы алаяқтыққа қарсы тұру үшін Заңда мыналар көзделеді.

10. Банкроттық рәсімінің тиімділігін арттыру және азаматтардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру.

Күтілетін нәтижелер:

Заңды мақұлдау қаржы нарығында қызметін жүзеге асыратын субъектілер үшін әкімшілік кедергілерді азайтуға, отандық қаржы нарығына шетелдік инвесторларды тартуға, қаржылық қызметтердің қолжетімділігін арттыруға, халықтың кредитті тым көп алуын төмендетуге және цифрландырудың жалпы дамуын ескере отырып, алаяқтыққа қарсы күресті күшейтуге ықпал ететін болады.

Заң 2025 жылғы 29 мамырда Сенат отырысында мақұлданды.

16. «2009 жылғы 9 маусымдағы Еуразиялық тұрақтандыру және даму қорын құру туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат С. Карплюк.

Заңның мақсаты:

2009 жылғы 9 маусымдағы Еуразиялық тұрақтандыру және даму қорын құру туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттама (бұдан әрі – Хаттама) Еуразиялық тұрақтандыру және даму қорын (бұдан әрі – ЕТДҚ) Еуразиялық даму банкінен бөлу қажеттілігіне байланысты жасалды, ол ЕТДҚ-ның миссияларының айырмашылығына, сондай-ақ ЕТДҚ-ға ұлттық валютадағы жобалар мен бағдарламаларды қаржыландыру мүмкіндігін беруге байланысты оның қаражатын басқарушы болып табылады.

Заңның міндеттері:

- ЕТДҚ-ны халықаралық құқықтың жеке субъектісіне айналдыру;
- Астана қаласында штаб-пәтердің ашылуы;
- жобалар мен бағдарламаларды қаржыландыру үшін ЕТДҚ құрылтайшы мемлекеттерінің ұлттық валюталарын пайдалану;
- нақты жобаларды өтеусіз қаржыландыру мақсатында нысаналы жарналардан қалыптастырылуы ерекшелігі болып табылатын траст-қорларды пайдалану. Қазіргі уақытта ЕТДҚ-ның құралдары қаржылық және инвестициялық несиелер мен гранттар болып табылады;
- ЕТДҚ қызметкерлерінің сараптамалық әлеуеті есебінен техникалық көмек көрсету, сондай-ақ сыртқы өңірлік немесе жаһандық сараптаманы тарту;
- ЕТДҚ-ға мүше елдер үшін неғұрлым заманауи модельдік аппараттарды қолдана отырып жүйелі макроэкономикалық мониторинг және ЕТДҚ-ға қатысушы мемлекеттердегі макроэкономикалық ахуал мен перспективаларға бағалау жүргізу.

Күтілетін нәтиже:

Қазақстанның ЕТДҚ-ның негізгі доноры ретінде қатысуы елдің оң имиджін нығайтуға жәрдемдеседі, қатысушы мемлекеттермен неғұрлым тығыз ынтымақтастық орнатуға, Қазақстанның мемлекеттік басқару саласында техникалық жәрдем алуға мүмкіндік береді.

Заң 2025 жылғы 12 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

17. Қазақстан Республикасының Салық кодексі

Заңды жүргізген депутат Б. Орынбеков.

Кодекстің мақсаты:

Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты қолайлы бизнес-ортаны және инвестициялық ахуалды қалыптастыруға бағытталған Салық кодексін қабылдау бойынша Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында әзірленді, бұл салық төлеушілерге Қазақстан Республикасының аумағында

экономикалық қызметті жүргізу жағдайларының тұрақтылығы мен айқындылығына негізделе отырып, өз қызметін айқындауға мүмкіндік береді.

Кодекстің негізгі міндеттері:

1) экономиканың түрлі секторларында сараланған салық мөлшерлемелеріне көшу;

2) арнаулы салық режимдерін реформалау;

3) салықтық жеңілдіктер көлемін кемінде 20%-ға ретке келтіру және қысқарту, оларды берудің нақты қағидаларын айқындау;

4) мемлекеттік кірістер органдары мен салық төлеушілер арасындағы өзара іс-қимылдың сервистік моделіне көшуді қамтамасыз ету;

5) салықтық әкімшілендіруді жаңарту;

6) салықтық есептілік нысандарын 30%-ға қысқарта отырып, салықтық бақылауды толық цифрландыру;

7) салық пен бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдердің жалпы санын 20%-ға азайту;

8) елдің инвестициялық тартымдылығын арттыру;

9) ҚҚС қайтару рәсімін жеңілдету.

Кодекстен күтілетін нәтижелер:

1. Корпоративтік табыс салығының (бұдан әрі – КТС) сараланған мөлшерлемелері.

КТС базалық мөлшерлемесі 20% деңгейінде сақталады.

Кәсіпкерлік субъектілеріне (20%) кредит беру жөніндегі қызметті қоспағанда, банк секторы үшін мөлшерлеме 25%-ды құрайды.

Сондай-ақ, ойын бизнесіне салық салудың қолданыстағы тәртібін сақтаумен қатар, ойын автоматтары залы, тотализатор және букмекерлік кеңсенің қызметі бойынша КТС 25% жоғары мөлшерлеме бойынша есептеу және төлеу көзделеді.

Әлеуметтік сала үшін (білім, медицина) мөлшерлемені кезең-кезеңімен арттыру көзделген: 2026 жылдан бастап 5%, 2027 жылдан бастап 10%. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін мөлшерлеме 3% деңгейінде қалады.

2. Салық-бюджет реформасы шеңберінде қосылған құн салығының (бұдан әрі – ҚҚС) сараланған мөлшерлемелері ұсынылады.

Базалық мөлшерлемені 12%-дан 16%-ға дейін арттыру ұсынылады.

Ауыл шаруашылығы өндіруші заңды тұлғалар үшін есепке жатқызылатын қосымша ҚҚС сомасын 70%-дан 80%-ға дейін ұлғайту ұсынылады. Осылайша, ауыл шаруашылығы өнімдеріне бағаның өсуі үшін негіздер алынып тасталады.

Дәрілік заттарды, медициналық бұйымдар мен медициналық қызметтерді сату үшін ҚҚС-ның 2026 жылдан бастап 5%, 2027 жылдан бастап 10% деңгейінде төмендетілген мөлшерлемесі белгіленеді.

Бұл ретте, тегін медициналық көмектің және міндетті медициналық сақтандырудың кепілдік берілген көлемі шеңберінде, сондай-ақ Үкімет

айқындайтын тізбе бойынша орфандық және әлеуметтік маңызы бар ауруларды емдеу үшін дәрілік заттар мен медициналық көрсетілетін қызметтерді, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын және т.б. ҚҚС-дан босату ұсынылады.

3. ҚҚС бойынша тіркеу есебіне қою шегі бойынша: ҚҚС бойынша тіркеу есебіне қою үшін айналымның шекті мөлшерін 20 000 АЕК-тен 10 000 АЕК-ке дейін төмендету ұсынылады.

Бұл салықтық «бөлшектеуге» және оңтайландыру мүмкіндігіне қатысты мәселені шешуге мүмкіндік береді.

4. Жеке табыс салығының прогрессивті мөлшерлемесін енгізуге қатысты жылдық табысы 8 500 АЕК-тен асатын жеке тұлғалар үшін 15%-дық жоғарылатылған мөлшерлемені белгілеу ұсынылады.

Бұдан басқа, 230 000 АЕК-ке дейінгі дивидендтер түріндегі кірістер үшін – 5% және осы шектен жоғары – салық салынатын табыстан салық сомасы 230 000 еселенген АЕК + одан асатын соманың 15%-ы мөлшерінде белгіленеді.

Салық салудың жалпыға бірдей белгіленген тәртібін қолданатын дара кәсіпкерлердің табыстары үшін: 230 000 еселенген АЕК-ке дейін – 10% және осы шектен жоғары – салық салынатын табыстан салық сомасы 230 000 еселенген АЕК + одан асатын соманың 15%-ы мөлшерінде белгіленеді.

5. Акциздік саясаттағы өзгерістер: алкоголь мен темекіге акциздер мөлшерлемесін кезең-кезеңімен ұлғайту, энергетикалық сусындарға акциздер мөлшерлемесін енгізу ұсынылады.

6. Салықтарды қысқарту бойынша: алымдар мен төлемдер 20%-ға, бірыңғай жер салығы алып тасталады, яғни салықтың 12 түрінен 11-і қалады.

10 төлемнен жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға арналған лицензияларды пайдаланғаны үшін төлем алып тасталады. Үш төлем бір төлемге біріктіріледі: орман және өсімдік ресурстарын, жануарлар дүниесін және жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін төлемге біріктіріледі. Осылайша, он төлем жетіге дейін қысқарады. Бұдан басқа, 6 алым, 5 мемлекеттік баж алып тасталады.

7. Арнайы салық режимдерін (бұдан әрі – АСР) реформалау, мәселен жеті АСР орнына үшеуі ұсынылады (өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін, жеңілдетілген декларация негізінде, шаруа және фермер қожалықтары үшін).

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін АСР: мөлшерлеме – 4%, шекті табыс – дара кәсіпкер ретінде міндетті тіркеусіз жылына 15 млн теңгеге дейін.

Жеңілдетілген декларация негізіндегі АСР: кіріс лимиті – 600 мың АЕК (жылына 2,36 млрд теңге), жұмыскерлер саны бойынша шектеудің болмауы, мөлшерлеме 4% және мәслихаттар 50%-ға дейін төмендетуі немесе ұлғайтуы мүмкін (мөлшерлеме 2%-дан 6%-ға дейін).

Шаруа және фермер қожалықтары үшін АСР: қолданыстағы заңнамада көзделген режим сақталды. Бұл ретте бірыңғай жер салығының орнына ЖТС төленетін болады.

8. «Сән-салтанат» заттарына салық салуға қатысты: құны 75 млн теңгеден асатын жеңіл автомобильдер, құны 100 млн теңгеден асатын ұшақтар мен яхталар бойынша құнының 10%-ы мөлшерінде акциз мөлшерлемесі белгіленген.

Жылжымайтын мүлік бойынша: салық салу объектілерінің жиынтық құны 450 млн теңгеден асқан кезде мүлік салығын есептеу әрбір салық салу объектісі бойынша 2% мөлшерінде мөлшерлемені қолдана отырып жүзеге асырылады.

9. Салықтық жеңілдіктер бойынша салық саясаты саласындағы уәкілетті органның салықтық жеңілдікті беру немесе одан бас тарту, салықтық жеңілдікті ұзарту немесе жою, салықтық жеңілдікті беру мерзімі бойынша ұсыныстарға бастамашылық жасау жөніндегі іс-қимыл тәртібі айқындалған.

Сондай-ақ, жетекшілік ететін салалар бойынша салық жеңілдіктері бойынша мониторинг пен бақылауды жүзеге асыру жөніндегі міндет мемлекеттік уәкілетті органдарға жүктелген.

10. Жалпыға бірдей декларациялау тәсілдерін қайта қарау бойынша жеке тұлғаларды активтері мен міндеттемелері туралы декларацияларды ұсынудан босату, сондай-ақ Қазақстан Республикасында және одан тысқары жерлерде құны 20 000 АЕК-тен асатын мүлікті сатып алу кезінде оны сатып алуға арналған шығыстарды жабу көздері туралы ақпаратты аша отырып, декларациялау бойынша міндет белгілеу ұсынылады.

11. Салықтық әкімшілендірудің сервистік моделі бойынша мүлдем басқа тәсіл ұсынылады. Әкімшілендірудегі екпін салық төлеушінің тіркелген сәтінен бастап және бүкіл қызметі бойында «фискалдық сүйемелдеуді» енгізу арқылы бизнеске қолдау көрсетуге бағытталатын болады. Сервистік модельдің негізгі мақсаты – салық төлеушілер үшін әкімшілік шығындарды барынша азайту, экономиканы дамыту, бюджетке салық жинауды арттыру.

12. Камералдық бақылау адами факторды қоспағанда, автоматтандырылған сервистік модельге толығымен қайта форматталған.

Бұзушылықтар анықталған кезде камералдық бақылаудың хабарламалары (хабархаттары) тәуекел дәрежесіне қарай тек автоматтандырылған режимде қалыптастырылатын болады, орындалуы да екі тәсілмен жүзеге асырылады – бұл салық есептілігін немесе келіспеушілік туралы түсініктеме беру.

Растайтын құжаттарды ұсыну және олар бойынша хабарламаны орындалмады деп тану туралы шешімдер шығару міндеттілігін болдырмау арқылы орташа тәуекел дәрежесі бар хабарламаларды орындау рәсімі оңайлатылды.

Осылайша, орташа дәрежелі тәуекелі бар барлық хабарламалар автоматты түрде орындалды деп танылады.

13. Бизнесті жүргізу үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында Кодексте салықтық тексерулердің мерзімдері оларды ұзарту кезінде қысқартылды, шағын/микро кәсіпкерлікке қатысты салықтық тексерулерді тоқтата тұру мерзімдері екі реттен артық болмайтындай шектелді және

салықтық тексерулер барысында құжаттарды ұсыну туралы талаптарды орындау мерзімдері олар болған кезде 10 жұмыс күніне дейін қысқартылды.

14. 1500 АЕК-ке дейінгі салық берешегі бар және уақытша қаржылық қиындықтарға тап болған салық төлеушілерге кепілмен қамтамасыз етілмеген бөліп төлеуді енгізу ұсынылады, бұл борышкерді кепіл мүлкіне және оны міндетті сақтандыруға бағалау жүргізуден босатуға, сондай-ақ бөліп төлеуді беру жөніндегі уақыт шеңберін қысқартуға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, ЭШФ жазып беруді автоматтандырылған бақылауға байланысты ҚҚС-ты әкімшілендірудің жаңа тәсілі ұсынылады, ҚҚС қайтару тәртібі қайта қаралды, оның ішінде мерзімдерді қысқарту шеңберінде мемлекеттік кірістер органдары мен салықтөлеушілер арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы көлденең мониторинг жүргізу ұсынылады және т.б.

Кодекс 2025 жылғы 23 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

18. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Б. Орынбеков.

Заңның мақсаты:

Заң Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы Президентінің «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» 2022 жылғы 26 қарашадағы Жарлығын орындау үшін, сондай-ақ бірқатар заңнамалық актілерді жаңа Қазақстан Республикасының Салық кодексінің ережелеріне сәйкестендіру қажеттілігіне байланысты әзірленді.

Заңның міндеттері:

Заңмен Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілді:

1. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) және «Өнеркәсіптік саясат туралы» Қазақстан Республикасының Заңына:

- Кодекстің инвестициялық қызметті мемлекеттік қолдау жөніндегі 25-тарауының нормалары инвесторлардың түсінуі мақсатында тұжырымдардың дәйектілігі мен айқындылығын ескере отырып реттелді;

- арнайы инвестициялық келісімшарттың инвестициялық қызметтің жалпы ұғымдарына сәйкес келмеуіне және оны арнайы экономикалық аймақтарда ғана қолдануға байланысты оны реттеуші нормалар Кодекстен «Өнеркәсіптік саясат туралы» Қазақстан Республикасының Заңына ауыстырылды;

- инвестициялық тартымдылықты арттыру және қолданыстағы қолдау шараларын неғұрлым толық ашу шеңберінде инвесторларға мемлекеттік көмек туралы ережелер инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган, олардың қызметін жүзеге асыру аумағындағы жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ инвестордың қызмет саласына жауапты құзыретті мемлекеттік орган тарапынан жәрдемдесуге қатысты нормалармен толықтырылды;

- екі жеңілдікті режимді («Астана» халықаралық қаржы орталығы және Кәсіпкерлік кодексі бойынша) бір мезгілде пайдалануға заң жүзінде тыйым салынды.

2. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне заңды тұлғаның, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің бірінші басшысының, сондай-ақ дара кәсіпкердің және жеке практикамен айналысатын адамның Қазақстан Республикасынан шығуын уақытша шектеуге байланысты салық органының санкцияланған қаулысын шығару тәртібін регламенттейтін нормаларға қатысты өзгерістер енгізілді.

3. Қазақстан Республикасының Кеден кодексіне терминологияны біріздендіруге, құқықтық қайшылықтарды жоюға және кедендік ресімдеудің айқындылығын арттыруға бағытталған өзгерістер енгізілді. Атап айтқанда, «валюта айырбастаудың нарықтық бағамы» деген сөздер «ұлттық валютаның ресми бағамы» деген сөздермен ауыстырылады.

4. Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне (бұдан әрі – Кодекс), атап айтқанда, интернет-платформалардың операторларын (арнаулы салық режимін қолданатын) әлеуметтік аударымдарды төлеушілер және осы платформаларда жұмыс істейтін өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдардың пайдасына міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агенттер деп тану үшін өзгерістер енгізілді. Аталған өзгерістер осындай операторды әлеуметтік аударымдарды төлеуші ретінде айқындауға бағытталған.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан (бұдан әрі – БЖЗҚ) біржолғы төлемдерді қоса алғанда, зейнетақы төлемдерінен жеке табыс салығының (бұдан әрі – ЖТС) алып тасталуына байланысты кодекске түзету енгізіледі, оған сәйкес БЖЗҚ-дан біржолғы зейнетақы төлемдері ЖТС ұсталмай жүзеге асырылатын болады.

Айлық есептік көрсеткіштің 6 еселенген мөлшерінен артық мөлшердегі берешекті өтемеген кезде әлеуметтік төлемдер бойынша берешекті өндіріп алудың шекті мәні белгіленді.

5. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) салық және су заңнамасымен келістіруге, сондай-ақ бюджеттік жоспарлауды оңтайландыруға бағытталған өзгерістер енгізілді.

Кодекстің 24 және 25-баптарына терминологияны біріздендіруге байланысты Салық және Су кодекстеріне сәйкес келтіретін түзетулер енгізілді.

Жыл сайынғы республикалық бюджетті қалыптастыру және Су кодексінде көзделген шығыстардың жаңа бағыттарын есепке алу кезінде дұрыс құқықтық қолдану мақсатында Бюджет кодексінің 30, 31 және 32-баптары тиісті нормалармен толықтырылды.

6. Қазақстан Республикасының «Сауда қызметін реттеу туралы» және «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңдарына Тауарлардың ұлттық каталогына байланысты өзгерістер енгізілді, оған сәйкес әрбір тауарға бірыңғай атау және сәйкестендіру коды берілетін болады, бұл тауарларды тиісінше сәйкестендіруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, Заң нормаларын қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіру мақсатында басқа да заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Күтілетін нәтижелер:

Заңды іске асыру Салық кодексінің нормаларына байланысты салалық заңдардың нормаларын толық жаңартуға мүмкіндік береді, бұл құқық қолдану практикасында қайшылықтардың туындауын болдырмауға ықпал етеді.

Заң 2025 жылғы 23 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

6.3. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР, ҚОРҒАНЫС ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК КОМИТЕТІ

1. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қатар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы әскери ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат Ғ.Сарыбаев.

Заң 2023 жылғы 12 желтоқсанда Дохада жасалған Қазақстан мен Катар үкіметтері арасындағы әскери ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялауға бағытталған.

Келісім әскери білім беру және әскери қызметшілерді даярлау, әскери медицина, әскери ғылым, мәдени және спорттық іс-шаралар, бейбітшілікті қолдау жөніндегі операцияларға, жауынгерлік даярлыққа және өзге де салаларға байланысты мәселелер бойынша консультациялар саласындағы ынтымақтастықты дамытуға және нығайтуға бағытталған.

Келісімнің нормалары әскери ынтымақтастық саласы мен нысандарын айқындауды, Тараптардың әскери ынтымақтастығын үйлестіру жөніндегі өзара іс-қимыл тетігін белгілеуді, әскери мүлік транзиті, материалдық-техникалық қамтамасыз ету және қаржыландыру, әуе кеңістігі мен әскери полигондарды пайдалану, тілдік даярлықты жүргізу мәселелерін реттеуді көздейді.

Осы Келісім шеңберінде уәкілетті органдар Тараптардың қызметін айқындауға, ұйымдастыруға және үйлестіруге уәкілетті өкілдерден тұратын бірлескен жұмыс тобын құрады.

Келісім бес жыл мерзімге жасалды және егер Тараптардың ешқайсысы ағымдағы мерзім аяқталғанға дейін алты айдан кешіктірмей екінші Тарапты оның қолданысын ұзартпау ниеті туралы хабардар етпесе, келесі бесжылдыққа автоматты түрде ұзартылады.

Заң 2024 жылғы 14 қарашада Сенат отырысында мақұлданды.

2. «Орыс тілі жөніндегі халықаралық ұйымды құру туралы шартты ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат А.Лукин.

Заңның мақсаты 2023 жылғы 13 қазанда Бішкек қаласында жасалған

Орыс тілі жөніндегі халықаралық ұйымды құру туралы шартты *(бұдан әрі – Шарт)* ратификациялау болып табылады.

Шартта халықаралық құқықтық субъектілікке ие халықаралық үкіметаралық ұйым мәртебесі бар Орыс тілі жөніндегі халықаралық ұйымды *(бұдан әрі – Ұйым)* құру көзделген. Ұйымның қызметі бекітілген Жарғымен реттеледі және ол пайда табуға бағытталмайды.

Ұйымның жоғары органы Министрлік конференциясы болып табылады, оның құрамына Шарт Тараптарының бейінді министрліктерінің (ведомстволарының) басшылары немесе Шарт Тарапы уәкілеттік берген, мәртебесі министрден төмен емес өзге де адам кіреді.

Шартты іске асыру мемлекетаралық қарым-қатынас құралы ретінде орыс тілін қолдау және ілгерілету мәселелерінде өзара тиімді халықаралық ынтымақтастықты нығайту үшін жағдайлар жасауға бағытталған. Өзара іс-қимыл үшін достық, тату көршілік, ұлтаралық келісім, сенім және өзара түсіністік қағидаттары негіз болады.

Заң халықаралық аренада орыс тілін жүйелі қолдау және ілгерілету үшін орталықтандырылған құрылым құруға мүмкіндік береді. Ұйым орыс тілінің коммуникация құралы ретіндегі ұстанымдарын нығайтуға және білім, ғылым және мәдениет салаларындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуға ықпал ете отырып, қатысушы елдердің өзара іс-қимыл жасауы үшін платформа болады.

Заң 2024 жылғы 21 қарашада Сенат отырысында мақұлданды.

3. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасында Француз даму агенттігі тобының жұмыс істеуі туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат Б.Жексенбай.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Франция Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасында Француз даму агенттігі тобының жұмыс істеуі туралы 2023 жылғы 1 қарашада Астана қаласында жасалған Келісім *(бұдан әрі – Келісім)* Француз даму агенттігі *(бұдан әрі – ФДА)* тобының Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік даму мақсаттарына сәйкес қаржылық және техникалық жәрдем көрсетуге бағытталған.

Келісімде ФДА тобының жұмыс істеуінің құқықтық, салықтық және қаржылық шарттары айқындалады, құқықтық мәртебесі және рұқсат етілген қызмет түрлері белгіленеді, Қазақстанда ФДА өкілдігін құру және күтіп ұстау регламенттеледі.

Келісімнің 2-бабына сәйкес ФДА тобы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шетелдік заңды тұлғалардың жеке меншігінде болуына тыйым салынған жерлерді қоспағанда, жылжымалы және жылжымайтын мүлікті сатып алып, оған иелік ете алады, сондай-ақ сотқа жүгіне алады.

ФДА тобының қызметі – Францияда орналасқан штаб-пәтерінен жүзеге асырылатын трансшекаралық операциялар.

Заң 2024 жылғы 19 желтоқсанда Сенат отырысында мақұлданды.

4. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дипломатиялық қызмет, халықаралық шарттар және дамуға ресми көмек мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Д. Қыдырәлі.

Заң Президенттің 2022 жылғы 13 сәуірдегі «Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы» № 872 Жарлығын орындау үшін әзірленді.

Заңда «Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы», «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» және «Дамуға ресми көмек туралы» заңдардан қазіргі уақытта Сыртқы істер министрлігі туралы Ережеде және өзге де заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерде көзделген нақтыланған, артық регламенттелген, сондай-ақ қайталама нормаларды алып тастауға бағытталған түзетулер көзделеді.

Заңмен дамуға ресми көмекті есепке алу мен талдаудың, дамуға ресми көмек жобаларын іске асырудың тиімділігін бағалаудың қайталанатын функциялары, сондай-ақ халықаралық қатынастар саласындағы заңнаманы жетілдіру, Қазақстан Республикасының мемлекетішілік және халықаралық іс-шараларын хаттамалық-ұйымдастырушылық қамтамасыз ету, мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылы бойынша ұсыныстар дайындау жөніндегі функциялар алып тасталады.

Бұдан басқа, «Құқықтық актілер туралы» туралы Заңның талаптарын ескере отырып, тиісті саланы реттеудің мақсаттарын, міндеттері мен қағидаттарын белгілеу көзделеді. Сондай-ақ, уәкілетті органға жетекшілік ететін салада заңға тәуелді құқықтық актілерді қабылдау бойынша жалпы құзыретті заңдар деңгейінде бекіту ұсынылады.

Заң нормалары халықаралық ұйымдарда жұмыс істейтін және еңбек қызметін аяқтаған дипломатиялық қызмет персоналының еңбек және әлеуметтік құқықтарын қорғауды, халықаралық шарттарды басқарудың электрондық жүйесін енгізуге байланысты Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасуды жоспарлауды алып тастауды, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың дамуға ресми көмек саласындағы қызметінде сыртқы саяси ведомствоның үйлестіруші рөлін нығайтуды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде орналасқан мемлекеттік мүлікке қатысты функция беруді қарастырады.

Тұтастай алғанда, бұл Заң Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметін және дипломаттардың қызметін одан әрі жетілдіруге бағытталған.

Заң 2024 жылғы 19 желтоқсанда Сенат отырысында мақұлданды.

5. «Біріккен Ұлттар Ұйымының бөлуді бақылау жөніндегі күштеріне (UNDOF) ресурс ұсынатын Қазақстан Республикасының

Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумды ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Лукин.

БҰҰ-ның бөлуді бақылау жөніндегі күштеріне ресурс ұсынатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға *(бұдан әрі – Меморандум)* 2024 жылғы 14 ақпанда қол қойылды.

Ол Қазақстан Республикасының бітімгершілік қызметінің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін белгілейді, персоналды, техниканы және материалдық қамтамасыз етуді беру тәртібін, сондай-ақ қаржыландыру және шығындарды өтеу тетігін айқындайды.

Құжат UNDOF құрамындағы қазақстандық әскери қызметшілердің мәртебесін, олардың тәртіптік және қылмыстық жауапкершілігін, сондай-ақ міндеттемелердің орындалуын бақылау шараларын бекітеді. Меморандум шеңберінде БҰҰ жеке құрамға төлемдерді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының миссияға қатысуына байланысты шығыстарды өтеуге міндеттеме алады.

Заңның қабылдануы бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау саласындағы жауапты әріптес ретінде Қазақстан Республикасының халықаралық имиджін нығайтады, қорғаныс саласындағы ынтымақтастықты кеңейтеді және шетелдік бітімгершілік контингенттермен тәжірибе алмасу үшін жағдай жасайды.

Заң 2025 жылғы 27 ақпанда Сенат отырысында мақұлданды.

6. «2024 жылғы 14 ақпандағы Біріккен Ұлттар Ұйымының бөлуді бақылау жөніндегі күштеріне (UNDOF) ресурс ұсынатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға хаттар алмасу нысанындағы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Лукин.

Заң 2024 жылғы 8 қарашада және 2024 жылғы 11 желтоқсанда Нью-Йоркте жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға хаттар алмасу нысанындағы келісімді *(бұдан әрі – Келісім)* ратификациялауға бағытталған.

Келісім қазақстандық бітімгершілік контингенттің UNDOF миссиясына қатысуы үшін персоналды, негізгі жабдықты және өзін-өзі қамтамасыз ету құралдарын бергені үшін БҰҰ-ның Қазақстан Республикасының Үкіметіне төлем жасау тәртібін реттейді.

Құжат екі негізгі санат бойынша шығыстарды өтеу тетігін белгілейді. Персоналға қатысты төлемдер Қорғаныс министрлігі кейіннен бөлу үшін Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетінің банктік шотына аударылады. Негізгі жабдықтар мен өзін-өзі қамтамасыз ету шығындарын жабуға арналған қаражат Қаржы министрлігі үшін Қазынашылық комитетінің банктік шотына түсетін болады.

Заңды ратификациялау қаржылық есептеулердің ашықтығын және қаражат түсімінің болжамдылығын қамтамасыз ете отырып, БҰҰ-ның Қазақстан Республикасына тиісті шығындарды өтеу жөніндегі міндеттемелерін бекітеді.

Заң 2025 жылғы 27 ақпанда Сенат отырысында мақұлданды.

7. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне резервтегі әскери қызмет және жекелеген орталық мемлекеттік органдардың функцияларын қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат С. Ершов.

Заң Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды әскери қимылдарға дайын резервтік күштермен қамтамасыз ету үшін құқықтық негіз құру, сондай-ақ мемлекеттік органдардың функцияларын су үнемдеу технологияларын енгізу бөлігінде қайта бөлу мақсатында әзірленді.

Заңмен Су, Қылмыстық, Қылмыстық-процестік, Еңбек және Әлеуметтік кодекстерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының он төрт заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі. Мәселен, түзетулермен резервтегі әскери қызметке қабылданатын адамдарға қойылатын талаптар, оның ішінде Қазақстан Республикасы азаматтығының болуы, жас шектеулері (қатардағы және сержанттық құрам үшін он сегіз жастан кіші емес және 47 жастан аспаған, офицерлік құрам үшін 57 жастан аспаған), әйелдерді қоспағанда, мерзімді әскери қызметті өткеру не әскери кафедрада оқудан немесе әскери-техникалық мамандарды даярлау бойынша әскери даярлықтан өту белгіленеді.

Резервтегі әскери қызметті өткеру туралы келісімшарттың мерзімі, оны жасасудың және сабақтар, жиындар өткізу тәртібі айқындалады: келісімшарт ерікті түрде үш жылға жасалатын болады, ал жауынгерлік даярлық бойынша сабақтар мен жиындар ай сайынғы үш күнге дейінгі сабақтарды қоса алғанда, жылына күнтізбелік алпыс күннен аспайтын уақытты алады.

Әскери резервтегі адамды әлеуметтік қорғау бойынша бірқатар нормалар көзделеді. Атап айтқанда, оған ай сайын бюджет қаражаты есебінен ең төмен жалақы, ал жауынгерлік даярлық бойынша жиындардан немесе дағдарыстық ахуалдар кезіндегі жиындардан өту кезеңінде ең төмен (жұмыссыз адамға) және жұмыс орны бойынша орташа айлық жалақы (жұмыс істейтін адамға) төленеді, оның жұмыс орны (лауазымы) сақталады. Олардың толық көлемде медициналық қамтамасыз етілу, тамақтану, жарақат алған жағдайда біржолғы өтемақы алу мүмкіндігі бекітіледі. Ол жиындар мен оқу-жаттығулар кезінде қайтыс болған жағдайда, біржолғы ақшалай өтемақы, ал оның мұрагерлеріне – 500 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы ақшалай өтемақы төлеу көзделеді.

Бұдан басқа, Заңның жекелеген нормаларымен Ауыл шаруашылығы министрлігінің су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді субсидиялау

және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су үнемдейтін суару технологияларын енгізуге жұмсаған шығындарын өтеу бөлігіндегі функциялары Су ресурстары және ирригация министрлігіне берілді.

Заң 2025 жылғы 27 ақпанда Сенат отырысында мақұлданды.

8. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы «Орталық Азия» халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығының қызметін реттеу туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Сатвалдиев.

Келісімнің мақсаты Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы өндіріс пен кәсіпкерлікті дамыту саласындағы ынтымақтастықты кеңейту, сондай-ақ инвестициялар тартуға және сауда-экономикалық қатынастарды жақсартуға жәрдемдесу болып табылады.

Келісімнің 1-бабына сәйкес «Орталық Азия» халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығы (бұдан әрі – Орталық) қазақстандық және өзбекстандық бөліктерінен тұратын өнеркәсіптік кооперация, экономикалық және инвестициялық ынтымақтастық кешені болып табылады.

Орталықтың әр бөлігі өз мемлекетінің юрисдикциясында орналасқан.

Орталықтың негізгі міндеттері мемлекетаралық кооперациялық байланыстарды дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау, Тараптар мемлекеттерінің шағын және орта өнеркәсіптік кәсіпорындарын халықаралық қосылған құн тізбегіне интеграциялау; шекара маңындағы аумақтардың өндірістік базасын пайдалану тиімділігін арттыру; орталық аумағында құрылатын өнеркәсіптік кәсіпорындардың өндіріс процестерін оңтайландыру және бәсекеге қабілеттілігін арттыру; инновациялық және ғылымды қажетсінетін өндірістерді технологиялық жаңғырту мен дамытуды жүргізу, қазіргі заманғы технологиялармен интеграциялау және басқалар болып табылады.

Келісімнің 3-бабының негізінде Орталықтың қазақстандық және өзбекстандық бөліктерін басқаруды Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары жүзеге асырады: Қазақстан тарапынан – Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі, Өзбекстан тарапынан – Өзбекстан Республикасының Инвестициялар, өнеркәсіп және сауда министрлігі.

Орталық Тараптар мемлекеттерінің шекара маңындағы аумақтарында Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы мемлекеттік шекара сызығының екі жағында орналасқан. Орталықтың жалпы ауданы 1 ш. км құрайды, оның ішінде қазақстандық бөліктің ауданы – 0,5 ш. км, өзбекстандық бөліктің ауданы – 0,5 ш. км.

Орталықтың бір бөлігінен екінші бөлігіне өткізілетін адамдарды, көлік құралдарын, жүктерді, тауарлар мен жануарларды бақылаудың шекаралық, кедендік және өзге де түрлері Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына

және олардың мемлекеттері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес, халықаралық қатынас үшін ашық «Атамекен» (Қазақстан Республикасы) және «Гүлстан» (Өзбекстан Республикасы) өткізу пункттері арқылы жүзеге асырылады болып табылады.

Заң 2025 жылғы 13 наурызда Сенат отырысында мақұлданды.

9. «2007 жылғы 26 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің Хатшылығы арасындағы Хатшылықтың Қазақстан Республикасының аумағында болуы шарттары туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат Д. Қыдырәлі.

Заң Қазақстан Республикасы Президентінің Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесті (АӨСШК) толыққанды халықаралық ұйымға айналдыру туралы тапсырмасын іске асыру мақсатында әзірленді.

Хаттамаға енгізілген өзгерістер Біріккен Ұлттар Ұйымының және басқа да халықаралық ұйымдардың практикасына сәйкес Хатшылыққа жұмысқа жіберілетін немесе келісімшарт негізінде қызметін жүзеге асыратын қызметкерлердің халықаралық мәртебесін нығайтуға бағытталған.

Заңда Хатшылық персоналы мүшелерінің артықшылықтары мен иммунитеттерін кеңейту көзделеді, олар персонал санатына және азаматтығына қарамастан, Хатшылықтың барлық қызметкерлеріне берілетін болады. Хатшылыққа өз қызметін жүзеге асыру үшін қорлар мен басқа да қаржы тетіктерін құру, Хатшылық персоналының мүшелері үшін зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандырудың жеке жүйелерін құру құқығы беріледі.

Заң Хатшылық қызметкерлерінің еңбек жағдайларын халықаралық стандарттарға жақындатуға мүмкіндік береді, АӨСШК-нің толыққанды халықаралық ұйымға айналуына оң әсер етеді және Хатшылық қызметінің әлеуетін күшейтеді.

Заң 2025 жылғы 8 мамырда Сенат отырысында мақұлданды.

10. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Алматы қаласында Америка Құрама Штаттарының консулдық мекемесінің үй-жайларын салу үшін Америка Құрама Штаттарының Үкіметіне жер учаскесін жалға беру туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Нұғманов.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Алматы қаласында Америка Құрама Штаттарының (бұдан әрі – АҚШ) консулдық мекемесінің үй-жайларын салу үшін Америка Құрама Штаттарының Үкіметіне жер учаскесін жалға беру туралы келісімге 2024 жылғы 27 қыркүйекте Нью-Йоркте қол қойылған.

Заңмен жер учаскесін беру тәртібі мен шарттары регламенттеледі. Келісімнің 1-бабына сәйкес 70593 шаршы метр жер учаскесі қосымша

жалға беру шарты жасалған күннен бастап 49 жыл мерзімге жалға беріледі. Жалға берудің көрсетілген кезеңіне жалдау ақысы 25 301 016 АҚШ долларын құрайды және осы Келісім күшіне енген күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде бірыңғай төлеммен төленетін болады.

Сондай-ақ Келісімнің нормаларына сәйкес АҚШ Үкіметі қандай да бір салықтарды, кедендік төлемдерді төлеуден, рұқсат алу туралы талаптардан босатылады, консулдықтың ғимаратын салумен, күтіп-ұстаумен және жөндеумен, сондай-ақ коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеумен байланысты барлық шығыстарды өзі төлейді.

Бас консулдықтың жалға берілетін учаскесінде АҚШ Сауда министрлігінің Өкілдігін, Есірткімен күрес жөніндегі агенттікті, Ауруларды бақылау жөніндегі орталықты, АҚШ Коммерциялық қызметін, АҚШ Президентінің ЖҚТБмен күрестің Төтенше жоспары бағдарламасын (PEPFAR) және басқаларды орналастыру жоспарлануда.

АҚШ Бас консулдығы Орта Азиядағы ірі визалық хаб болады. Бұл Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын нығайтады, тікелей шетелдік инвестицияларды тартады, жаңа жұмыс орындарын ашады және бизнес пен көрсетілетін қызметтердің өсуіне ықпал етеді.

Келісімді ратификациялау болашақ инвестициялар үшін халықаралық серіктестердің сенімін және Қазақстанның тұрақтылығы мен тартымдылығына олардың сенімділігін арттырады, сондай-ақ Қазақстан мен АҚШ арасындағы стратегиялық қатынастарды нығайтады.

Заң 2025 жылғы 8 мамырда Сенат отырысында мақұлданды.

11. «Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін құру туралы Нахчыван келісіміне өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Сатвалдиев.

2022 жылғы 11 қарашада Самарқандта мемлекет басшылары қол қойған Хаттаманың мақсаты 2009 жылғы 3 қазанда қол қойылған Нахчыван келісіміне тиісті өзгерістер енгізу болып табылады.

Хаттамамен енгізілетін өзгерістер Хатшылық құжаттарын бекіту функцияларын Сыртқы істер министрлерінің кеңесіне, оларды түпкілікті қабылдау функцияларын Мемлекет басшыларының кеңесіне бекітіп береді.

Бұдан басқа, Түркітілдес мемлекеттердің Парламенттік ассамблеясы мен Түркі мәдениетінің халықаралық ұйымы сабақтас ұйымдар, ал Түркі академиясы мен Түркі мәдениеті мен мұрасы қоры үлестес ұйымдар болып айқындалған.

Сонымен қатар, Түркітілдес мемлекеттердің Ақсақалдар кеңесі туралы ережені Сыртқы істер министрлері кеңесі «бекітепейді (қабылдамайды)», бірақ «мақұлдайтын» болады.

Сонымен бірге, ұйымның бақылаушы серіктестері ретінде Нахичеван келісімінен халықаралық форумдар алып тасталады.

Сондай-ақ мемлекет басшыларының жыл сайынғы «бейресми» отырыстарына, ұйым органдары дайындаған құжаттарды қабылдау мен бекітуге, сондай-ақ Ұйымға төрағалық ету тәртібіне қатысты өзгерістер көзделеді.

Хаттаманы ратификациялау экономиканың барлық салаларында түркі мемлекеттерімен өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі тереңдету және өңірде бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі күш-жігерді үйлестіру үшін берік негіз болады.

Заң 2025 жылғы 8 мамырда Сенат отырысында мақұлданды.

12. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Министрлер Кабинеті арасындағы инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат Г. Шиповских.

Заңның мақсаты екі ел арасындағы инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау болып табылады.

Келісімге 2024 жылғы 19 сәуірде Қырғыз Республикасы Президентінің Астанаға ресми сапары барысында қол қойылды.

Осы Заң екі ел арасындағы экономикалық ынтымақтастықты нығайту бойынша қолайлы режим жасаудың, атап айтқанда, бір Тараптың екінші Тарап аумағындағы инвестицияларын жүзеге асыру үшін, сондай-ақ екі мемлекеттің аумақтарындағы инвестициялық қызметке байланысты мәселелерді реттеудің тәртібі мен шарттарын айқындайды.

Келісім нормаларына сәйкес кез келген Тараптың инвесторлары жүзеге асырған инвестициялар әділ және тең құқылы режимді, сондай-ақ екінші Тарап мемлекеті аумағында толық қорғалуды және қауіпсіздікті пайдаланады. Әрбір Уағдаласушы Тарап ұлттық заңнамаға сәйкес экономиканың сезімтал секторларын және (немесе) олармен байланысты басқа да кәсіпкерлік қызмет түрлерін айқындау құқығын өзіне қалдырады, оларға міндеттеменің қолданысы шектелуге немесе одан шеттетілуге тиіс. Сондай-ақ, Тараптардың ешқайсысы екінші Тарап мемлекетінің инвесторларын олардың инвестицияларынан тікелей немесе жанама түрде айыратын ұлт меншігіне алуға немесе қандай да бір басқа шараларды қабылдауға тиіс емес.

Қырғызстанмен стратегиялық әріптестік Орталық Азиядағы өңірлік интеграцияны одан әрі дамыту перспективаларын ашады, бұл халықтарымыздың арасындағы байланыстардың өсуіне және нығаюына ықпал етеді.

Заң 2025 жылғы 22 мамырда Сенат отырысында мақұлданды.

13. «Қазақстан Республикасының аумақтық қорғанысы туралы»

Заңды жүргізген депутат Ғ. Сарыбаев.

Заң қоғамдық қатынастарды реттеу және аумақтық қорғаныс

саласындағы мемлекеттік саясаттың құқықтық негіздерін белгілеу мақсатында әзірленді.

Заңда аумақтық қорғаныстың мақсаттары, міндеттері, қағидаттары, іс-шаралары айқындалған, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің, Қорғаныс министрлігінің өкілеттіктері бекітілген.

Сонымен қатар, Заңда Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың, меншік нысанына қарамастан ұйымдардың құзыреті, сондай-ақ азаматтар мен басқа да жеке тұлғалардың құқықтары мен міндеттері белгіленген.

Заңда қамтылған «ерікті адам» және «өзін-өзі қорғауды қалыптастыру» негізгі ұғымдары Қазақстан Республикасы азаматтарының соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында өзін-өзі қорғауды қалыптастыруға ерікті түрде қатысуын көздейтін Қазақстан Республикасының қорғаныс жүйесі үшін жаңашылдық болып табылады.

Заң аумақтық қорғаныс күштерінің құрамын айқындайды, олардың мақсаты мен жұмыс істеу тәртібі Қазақстан Республикасының аумақтық қорғанысын дайындау және жүргізу қағидаларымен реттеледі.

Аумақтық қорғаныс саласындағы заңнама талаптарының бұзылуын анықтау мақсатында заңда қоғамдық қатынастардың осы салада мемлекеттік бақылау жүргізуді регламенттейтін ережелер көзделеді.

Заңның қабылдануы мемлекеттің аумақтық қорғаныс жүйесін жетілдіруге, оның ішінде аумақтық әскерлердің әлеуетін дамытуға және ұлғайтуға, әскери бөлімдер мен бөлімшелерді материалдық-техникалық қамтамасыз етуге ықпал ететін болады.

Заң 2025 жылғы 5 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

14. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аумақтық қорғаныс мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Ғ. Сарыбаев.

Заңның мақсаты аумақтық қорғаныс саласындағы заңнаманы жетілдіру, Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілерінің ережелерін Парламент Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының аумақтық қорғанысы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – негізгі заң) сәйкес келтіру болып табылады.

Заңмен екі кодекске және он төрт заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Мемлекеттік бақылау жүзеге асырылатын кәсіпкерлік субъектілерінің қызмет салаларының тізбесін айқындайтын Кәсіпкерлік кодекстің ережесі бақылаудың жаңа түрімен, атап айтқанда Қазақстан Республикасының аумақтық қорғаныс саласындағы заңнамасының сақталуына толықтырылады.

Негізгі заңның нормаларына сәйкес аумақтық әскерлердің аумақтық органдарын ғимараттармен және құрылысжайлармен қамтамасыз ету жөніндегі шығыстарды облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет шығыстарына жатқызу бөлігінде Бюджет кодексінің ережелері нақтыланды.

Заңмен қатынас жолдарын техникалық жабу саласындағы қызметті заңнамалық деңгейде регламенттеуге, оның ішінде: техникалық жай-күйін бақылау, қирап-бұзылғаннан кейін тез қалпына келтіруді ұйымдастыру, бейбіт уақытта және соғыс уақытында көлік коммуникацияларының үздіксіз жұмысын қолдау сияқты арнаулы іс-шаралар кешенін жүргізуге мүмкіндік беретін түзетулер енгізіледі.

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы әскери қызметшіні теріс себептермен, атап айтқанда көлік құралын алкогольдік және (немесе) есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйде басқарған жағдайларда әскери қызметтен босату үшін жаңа негіздемені белгілейтін нормамен толықтырылады.

Сонымен қатар, аумақтық қорғаныс міндеттерін орындау мақсатында меншік нысанына қарамастан мемлекеттік органдар мен ұйымдардың функцияларын заңнамалық нақтылау және бекіту көзделеді.

Заң 2025 жылғы 5 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

15. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық қорғау, электр энергетикасы және мемлекеттік мүлікті басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат С. Ершов.

Заңның мақсаты азаматтық қорғау саласындағы заңнаманы жетілдіру, оның ішінде өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің, мемлекеттік өрт қадағалауының, ТЖ салдарын жоюдың, мемлекеттік материалдық резервтің, азаматтық қорғаныстың жұмыс істеуін жақсарту болып табылады.

Заңмен Қазақстан Республикасының он кодексіне және отыз жеті заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Мәселен, мемлекеттік материалдық резерв жүйесін орталықсыздандыруды жүргізу, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы бақылауды күшейту, азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылысжайларын міндетті мемлекеттік тіркеуді енгізу, сейсмологиялық бақылаулар желілерін және ерте құлақтандыру жүйелерін кеңейту және жаңғырту, сондай-ақ аумақтық органдарды азаматтардың жетуі қиын жерлерде және қауіп-қатері жоғары объектілерде жүріп-тұру маршруттары туралы хабардар ету тәртібін белгілеу ұсынылады.

Заң нормаларына сәйкес адамдар көп болатын объектілер мен биіктігі 28 метрден асатын ғимараттарды пайдалануға беру кезінде өрт бақылауы қайта басталады. Сонымен қатар, өрт салдарынан үшінші тұлғаларға

зиян келтірілген жағдайда адамдар көп болатын объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру енгізіледі.

Әлеуметтік сипаттағы, оның ішінде азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің тұрғын үй мәселелерін шешу бойынша бірқатар нормалар көзделеді. Өртті сөндіру жөніндегі іс-шараларға тартылатын ерікті өрт сөндірушілер жарақат алған немесе ауырған жағдайда өтемақы төлемдеріне құқық берудің еңбек кепілдіктерін алады.

Бұдан басқа, мемлекеттік меншікті басқару саласындағы заңның жекелеген нормаларымен тікелей атаулы сатуға жол беретін нормаларды алып тастау, сондай-ақ үлестес тұлғалардың аукциондарға қатысуына тыйым салуды енгізу жолымен жекешелендіру тетігін жетілдіру ұсынылады. Энергетика саласында объектілерді салу және жаңғырту кезеңінде инфляция мен валюталық тәуекелдерді ескере отырып, электр қуатының әзірлігін қолдау бойынша көрсетілетін қызметтерге тарифтерді жыл сайын индекстеу есебінен инвестициялық тартымдылықты арттыру жөніндегі шаралар көзделген.

Заң 2025 жылғы 12 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

16. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әскери-патриоттық тәрбие, әскери қызмет және жекелеген орталық мемлекеттік органдардың функцияларын қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Лукин.

Заң әскери-патриоттық тәрбие, әскери қызмет және мемлекеттік қорғаныс тапсырысы саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіру мақсатында әзірленді.

Заңмен Еңбек кодексіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының он бес Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі. Мәселен, түзетулермен Қорғаныс министрлігі жанынан, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар жанынан республикалық деңгейдегі әскери-патриоттық тәрбие беру жөніндегі үйлестіру орталықтарын құру көзделеді.

Терең әскери даярлықпен айналысатын азаматтарды реттеу және есепке алу үшін «жас сарбаз» және «жас айбын» деген ұғымдар енгізіледі. Жергілікті атқарушы органдардың мамандандырылған әскери мектептерді, үйірмелер мен секцияларды құру және қамтамасыз ету жөніндегі құзыреті айқындалады. Бұл ретте Қорғаныс министрлігі білім беру ұйымдарындағы әскери даярлықты мониторингтеу мен талдауды жүзеге асыратын болады.

Жергілікті әскери басқару органдарына азаматтың орналасқан жері, оның денсаулық жағдайы, жұмыс (оқу) орны, білімінің бар-жоғы, тергеуде болуы туралы ақпаратты тиісті ақпараттық жүйелерден алу және жаңарту құқығы беріледі.

Әскерге шақыру бойынша әскери қызметтің беделін арттыруға бағытталған бірқатар шаралар көзделеді. Атап айтқанда, әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткерген, сондай-ақ әскери қызмет өткеру туралы

келісімшарт жасасқан азаматтар бюджет қаражаты есебінен жұмсалған шығыстарды өтемей, оқуы үшін жұмыспен өтеу жөніндегі міндеттен босатылады. Сонымен қатар, әскери қызметке немесе әскери жиындарға шақырылуға жататын қызметкерлердің медициналық комиссиядан өтуі кезеңінде – жұмыс орны (лауазымы) және жалақысы, ал әскерге шақыру бойынша әскери қызметті немесе әскери жиындарды өткеруі кезеңінде жұмыс орны (лауазымы) сақталады.

Бұдан басқа, жекелеген түзетулермен Қорғаныс министрлігі мемлекеттік қорғаныс тапсырысы саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті орган ретінде айқындалады.

Заң 2025 жылғы 26 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

17. «Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы одақтастық қатынастарды тереңдету және кеңейту туралы шартты ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат Д. Қыдырәлі.

Заң 2024 жылдың 19 сәуірінде Астанада қол қойылған жоғары және жоғары деңгейлердегі кездесулер тетігін жетілдіруді, саясат пен қауіпсіздік саласындағы үйлестіруді күшейтуді, екіжақты қатынастар мәселелері және өзара қызығушылық тудыратын өзекті халықаралық проблемалар бойынша тұрақты пікір алмасуды жүргізуді және ұстанымдарды келісуді көздейтін Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы одақтастық қатынастарды тереңдету және кеңейту туралы шартты (*бұдан әрі – Шарт*) ратификациялауға бағытталған.

Шарт саяси, әскери, сауда-экономикалық, инвестициялық, ауыл шаруашылығы, транзиттік-көліктік, су-энергетикалық, білім беру, ғылыми-техникалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты кеңейтуді көздейді.

Шартқа сәйкес Уағдаласушы Тараптар жан-жақты ынтымақтастық, сенім, теңдік және ұлттық мүдделерді өзара есепке алу, тәуелсіздікті, егемендікті, аумақтық тұтастықты және мемлекеттік шекаралардың мызғымастығын өзара құрметтеу негізінде одақтастық қатынастарды дамыту міндеттемесін растайды.

Тараптар терроризм, экстремизм және сепаратизм, трансұлттық ұйымдасқан қылмыс, киберқылмыс, заңсыз көші-қон, адам саудасы, қару-жарақтың, есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымын қоса алғанда, қауіпсіздіктің жаңа сын-қатерлері мен қатерлеріне қарсы іс-қимылдағы ынтымақтастықты кеңейтеді және тереңдетеді.

Бұдан басқа, Шарт нормаларына сәйкес Тараптар парламентаралық байланыстарды одан әрі дамытуды және нығайтуды, оның ішінде Қазақстан Республикасының Парламенті мен Қырғыз Республикасының Жогорку

Кенеші арасындағы ынтымақтастық жөніндегі Парламентаралық Кеңес шеңберінде қолдайды.

Заң 2025 жылғы 26 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

6.4. ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ, ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК КОМИТЕТІ

1. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Министрлер Кабинеті арасындағы «Қарасу» және «Ақ-Тілек» автожол өткізу пункттері ауданында индустриялық сауда-логистикалық кешенді құру және оның қызметін реттеу туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат Л. Рысбекова.

Келісімнің мақсаты Қазақстан тарапынан «Қарасу» және Қырғыз тарапынан «Ақ-тілек» автожол өткізу пункттері ауданында индустриялық сауда-логистикалық кешенді құру болып табылады (бұдан әрі – ИСЛК).

ИСЛК құрудың және оның жұмыс істеуінің негізгі мақсаттары: қоймаға жинау, сақтау, шоғырландыру, қайта өңдеу, жаңа тауарлар өндіру және оларды халықаралық тауар өткізуші жүйелерге тиімді интеграциялай отырып, одан әрі өткізу саласындағы өндірістік кооперацияны қамтамасыз ету, сондай-ақ қысқа мерзімді өткізу, логистика, сауда орындарын жалға алу, сату алдындағы дайындау (өнімді калибрлеу, сұрыптау, өлшеп орау және қаптау, сертификаттау), тауарларды көтерме партиялар бойынша шоғырландыру және қайта бөлу, тиеу және түсіру, экспорттық-импорттық операциялар бойынша құжаттамаларды ресімдеу көрсетілетін қызметтерін ұсыну, заңдық және қаржылық консультациялар болып табылады.

Келісімге сәйкес ИСЛК-нің жалпы алаңы 7,6 шаршы км. құрайды, оның ішінде Қазақстан бөлігінің алаңы – 3,6 шаршы км., Қырғыз бөлігінің алаңы – 4 шаршы км. құрайды.

ИСЛК құру және оның одан әрі жұмыс істеуі үшін Тараптар негізгі функцияларына мыналар кіретін басқарушы компанияларды анықтайды:

- ИСЛК жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- ИСЛК қатысушыларына рұқсаттар, лицензиялар беру және сертификаттау жүргізу үшін «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді алуда, сондай-ақ консультациялар беруде жәрдем көрсету;
- кәсіпкерлік қызметке байланысты ықтимал тәуекелдерді қолдауды және азайтуды қоса алғанда, ИСЛК-нің әрбір бөлігінің аумағында қызмет үшін қауіпсіз ортаны қамтамасыз етуде жәрдемдесу;
- ИСЛК қатысушыларын тарту және олардың жұмыстарын ұйымдастыру, сондай-ақ инфрақұрылым, көлік инфрақұрылымы, сумен жабдықтау, электрмен жабдықтау, телекоммуникациялар, инженерлік қорғау және басқа да инженерлік коммуникациялар объектілерін салу, сондай-ақ ИСЛК-нің әрбір бөлігінің аумағында қоршау үшін инвестициялар тарту;

- ИСЛК жұмыс істеу мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл және т. б.

Көлік инфрақұрылымының, сумен жабдықтаудың, электрмен жабдықтаудың, телекоммуникацияның, инженерлік қорғаудың және басқа да инженерлік коммуникациялардың жобалау, құрылыс және жөндеу жұмыстарын, жұмыс істеп тұрған өткелді, пунктті (дәлізді), әкімшілік басқаруды, аумақты және басқа да инфрақұрылым объектілерін қоршауды ИСЛК-нің әрбір бөлігінде қаржыландыру Қазақстандық тарап инвестиция ретінде тартатын қаражат есебінен көзделеді.

Келісімді іске асырудан күтілетін нәтижелер: өндірістік кооперация, жаңа өндірістер мен жұмыс орындарын құру; ет және ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау және қайта өңдеу үшін жағдайлар жасау; логистика мен кәсіпкерлік қызмет объектілерін жақсарту; жаңа технологияларды тарту; ауыл шаруашылығы өндірісін әртараптандыру; агроөнеркәсіптік кешен өнімдерін өткізу, сақтау және қайта өңдеу; азық түлік және ауыл шаруашылығы өнімдерін қоса алғанда, бәсекелестік тұрғысынан артықшылығы жоғары халық тұтынатын тауарларды өндіру; жаңа тауарларды өндіру және оларды халықаралық тауар өткізу жүйелеріне тиімді интеграциялай отырып одан әрі өткізу және т. б.

Заң 2024 жылғы 5 қыркүйекте Сенат отырысында мақұлданды.

2. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қатар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы басым салалардағы жобаларды дамыту үшін ұзақмерзімді стратегиялық әріптестік орнату туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат Б. Аққожина.

Келісім Қазақстан Республикасында телекоммуникация, энергетика, мұнай-химия және басқа да салаларда бірлескен жобаларды іске асыруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Қатар Мемлекеті арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған.

Осы Келісімде Қазақстан Республикасы Үкіметінің (бұдан әрі – Үкімет) бірқатар міндеттемелері көзделеді. Осылайша, Үкімет осы Келісімнің кез келген ережелерін қандай да бір елеулі түрде өзгерте алатын, кедергі келтіретін, күшін жоя алатын немесе алып тастай алатын қандай да бір заңнамалық актілерді қабылдамайтынына немесе жүзеге асырмайтынына кепілдік береді. Үкімет Стратегиялық инвестициялық жобаларды іске асыру оның заңнамаға өзгерістер енгізуді талап етуі мүмкін екендігімен келіседі және өз мүдделерін ескере отырып, тиісті түзетулерді іске асыру үшін қажетті барлық шараны қабылдайды.

Келісім шеңберінде Қазақстан Республикасы Стратегиялық инвестициялық жобаларды іске асыруға жәрдемдесу үшін жабдықтарды, шикізаттар мен материалдарды әкелу кезінде кедендік баждарды төлеу бойынша міндеттемелерден босату түріндегі кедендік жеңілдіктер, сондай-ақ Қазақстан заңнамасында көзделген салықтық жеңілдіктер

беретін болады. Бұл ретте осы Келісім күшіне енген күннен кейін инвестор Қазақстан Республикасының заңнамасымен енгізілген қандай да бір жаңа салықты төлеуге немесе қандай да бір басқа міндетті төлемдерді жүзеге асыруға міндетті емес.

Келісімде Стратегиялық инвестициялық жобаларды іске асыру кезеңінде және кейінгі 20 (жиырма) жыл ішінде Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасы инвесторларға қолданылмайтыны белгіленеді.

Бұл ретте шаралар мемлекеттік немесе қоғамдық мақсаттарда кемсітпеусіз негізде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптар мен рәсімдерге сәйкес және уақтылы, әділ нарықтық құнды және тиімді өтемақыны төлеумен қабылданатын жағдайларды қоспағанда, инвесторлардың Қазақстан Республикасының аумағындағы инвестициялары экспроприациялана алмайды, мемлекет меншігіне алынбайды, реквизицияланбайды немесе қандай да бір өзге шараларға ұшырамайды.

Бұдан басқа Келісімге сәйкес Үкімет Стратегиялық инвестициялық жобаларды іске асыру кезеңінде Стратегиялық инвестициялық жобаларды іске асыруға қатысатын барлық шетелдік қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелері (жұбайы, балалары) үшін визаларды жедел ресімдеуге міндеттенеді.

Заң 2024 жылғы 10 қазанда Сенат отырысында мақұлданды.

3. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй саясатын реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Л. Рысбекова.

Заңның мақсаты тұрғын үй қатынастары саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіру болып табылады.

Заң тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдаудың мынадай шараларын белгілейді: мұқтаждарға коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғынжайды немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды беру; жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғынжай үшін жалдау ақысының бір бөлігін субсидиялау; тұрғын үй құрылысы жинақтары жүйесі арқылы жеңілдікті ипотекалық тұрғын үй қарыздарын беру; тұрғын үй сертификаттарын беру.

Заңмен бұрын берілген сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғынжайды қоса алғанда, жалға берілетін тұрғын үйді жекешелендіру құқығы берілетін болады.

Заң шеңберінде «Отбасы банкі» АҚ-ны ұлттық даму институты етіп қайта құру көзделіп отыр. Бұл ретте «Отбасы банкі» АҚ-ға жергілікті атқарушы органдардың мұқтаждар үшін тұрғынжайды есепке алуды, қоюды және бөлуді жүзеге асыру жөніндегі функциялары берілетін болады. Сондай-ақ «Отбасы банкі» АҚ-ға тұрғын үйге мұқтаждар туралы мәліметтерді қамтитын, басқа да мемлекеттік дерекқорлармен интеграцияланған «Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы» электрондық

базасын қалыптастыру, жүргізу, мониторингтеу және өзектендіру жөніндегі функциялар бекітіледі.

Заңда Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің мынадай:

- Қазақстан Республикасының тұрғынжайға мұқтаж азаматтарын, қандастарды «Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы» электрондық базасына есепке қою;

- тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру;

- тұрғынжайға мұқтаж адамдарды есепке қою және мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындардың тұрғын үй қорынан тұрғынжай беру жөніндегі қағидаларды;

- жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғынжай үшін жалдау ақысының бір бөлігін субсидиялау (бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша).

Сондай-ақ Заңмен:

- жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғынжай үшін жалға алу ақысының бір бөлігін субсидиялауды жүзеге асыру;

- тұрғын үй құрылысы жинақ банкін үйлестіруді және оған әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асыру;

- бірыңғай республикалық электрондық базада, «Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы» электрондық базасында тұрғынжайға мұқтаждар есебінде тұрған Қазақстан Республикасы азаматтарының, қандастардың тізімдеріне мониторингті жүзеге асыру бөлігінде уәкілетті органның құзыреті толықтырылады».

Халықтың әлеуметтік осал топтары субъектілерінің мүдделерін қорғау мақсатында Заңмен бап енгізіледі, оған сәйкес мыналар:

- жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар кәмелетке толғаннан кейін;

- мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар балалары кәмелетке толғаннан немесе олар қайтыс болғаннан кейін;

- «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар балалары кәмелетке толғаннан немесе олар қайтыс болғаннан кейін;

- толық емес отбасылар балалары кәмелетке толғаннан немесе олар қайтыс болғаннан кейін;

- Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге тұрақты тұруға келген, Қазақстан Республикасының азаматтығын алған қандастар;

- жесір әйелдер (тұл ер адамдар) балалары кәмелетке толғаннан немесе олар қайтыс болғаннан кейін тұрғынжайға мұқтаждар есебінен шығарылуға жатпайды.

Сонымен қатар, тұрғын үйге мұқтаждардың кезектілігін жүргізу тетігі жетілдірілуде. Мәселен, мемлекеттік қолдау шаралары кіріс деңгейіне және тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қойылған күніне қарай іске асырылады.

Сондай-ақ тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларының жариялылығы мен ашықтығы мақсатында Заңмен норма енгізіледі, оған сәйкес Бірыңғай республикалық электрондық базада, «Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы» электрондық базасында есепте тұрған Қазақстан Республикасы азаматтарының, қандастардың тізімдері тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің интернет-ресурсында ай сайын жарияланады.

Бұдан басқа Заңмен республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті мемлекеттік басқару органдарының көппәтерлі тұрғын үйлердің бірыңғай сәулеттік көрініс беруге бағытталған қасбеттік бөлігіне ғана емес, сондай-ақ сыртқы қабырғаларды қайта жаңартуға, ағымдағы немесе күрделі жөндеу жүргізу жөніндегі құзыретіне өзгерістер енгізіледі, бұл жергілікті бюджет қаражаты есебінен сыртқы қабырғаларды жөндеуге мүмкіндік береді.

Жергілікті атқарушы органдар тұрғын үйге мұқтаждар есебінде тұрған Қазақстан Республикасының азаматтары, қандастар туралы мәліметтерді тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне беруге міндетті екенін ескере отырып, Заңның жекелеген нормалары ол алғаш ресми жарияланған күннен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2024 жылғы 17 қазандағы Заңды қарау барысында Заңның кейбір баптарын бекітпеу және Заңның аталған баптарын жаңа редакцияда енгізу туралы ұсыныспен Заңды Мәжіліске қайтару ұсынылды.

4. «Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Иран Ислам Республикасы арасындағы еркін сауда туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат Б. Қаниев.

Заң бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Иран Ислам Республикасы арасындағы еркін сауда туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) ратификациялауға бағытталған.

Келісім 2023 жылғы 25 желтоқсанда Санкт-Петербург қаласында жасалды.

Келісімнің мақсаты Келісім тараптарының сауда-экономикалық ынтымақтастығын кеңейту, тауар номенклатурасының кең бөлігіне қатысты бажсыз сауда режимін қамтамасыз ету болып табылады.

ЕАЭО және Иран Ислам Республикасы келісіміне сәйкес тауар номенклатурасының кең бөлігіне қатысты баждың күшін жою туралы міндеттемелер қабылдайды.

Келісімге сәйкес бір Тараптың аумағынан екінші Тараптың аумағына импортталатын тауарлар ұлттық шығарылған ұқсас тауарлар үшін берілетін жеңілдіктер мен артықшылықтармен қамтамасыз етіледі.

Сондай-ақ, Келісім шеңберінде халықаралық транзит үшін неғұрлым қолайлы маршруттар бойынша әрбір Тараптың аумағы арқылы транзит еркіндігі белгіленеді.

Бұдан басқа, Келісімде сауда мен кедендік ынтымақтастықтың оңайлатылған рәсімі, тауарлардың шығу тегін айқындау қағидалары, ішкі нарықты қорғау шаралары, санитариялық және фитосанитариялық шаралар, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу, техникалық кедергілер, салалық ынтымақтастық және дауларды шешу мәселелері регламенттелген.

Келісімді ратификациялау мәселелердің кең ауқымын реттейтін сауданың толық форматты преференциялық режимін құруға мүмкіндік береді және өзара сауданың ашылмаған әлеуетін іске асыруға және Қазақстанның Иранмен сауда-экономикалық қатынастарын сапалы жаңа деңгейге шығаруға мүмкіндік береді.

Заң 2024 жылғы 19 желтоқсанда Сенат отырысында мақұлданды.

5. «Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Сингапур Республикасы арасындағы жан-жақты экономикалық ынтымақтастық туралы негіздемелік келісімді және Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Сингапур Республикасы арасындағы еркін сауда туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат Ә. Нәутиев.

Заңның мақсаты өзара тиімді сауда қатынастарын кеңейту және келісім тараптары арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау, сондай-ақ бизнес шығындарын азайту және экономикалық тиімділікті арттыру үшін сауда кедергілерін жою болып табылады.

Келісімдердің негізгі міндеттері ЕАЭО пен Сингапур Республикасы арасында еркін сауда аймағын құру, ЕАЭО елдеріне инвестициялар тарту болып табылады.

Келісімдерге 2019 жылғы 1 қазанда Ереванда Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің отырысы шеңберінде қол қойылды.

Еркін сауда туралы келісім біздің елдеріміз арасында тауарлар саудасының бажсыз режимін белгілеуді қамтамасыз етуге бағытталған.

Келісім шеңберінде ЕАЭО барлық тауар номенклатурасы импорттық кедендік баждарының 88%-ын алып тастайды. Бұл ретте аса сезімтал тауарларды еркін сауда режимінен алып қою көзделген.

Келісімдерді іске асырудың күтілетін нәтижелері ЕАЭО елдерінен Сингапур Республикасына тауарлардың экспортын әртараптандыру және Сингапур нарығында отандық өндірушілердің мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін елеулі мүмкіндіктер болып табылады.

Заң 2024 жылғы 19 желтоқсанда Сенат отырысында мақұлданды.

6. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне биржа саудасы және кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Ш. Бұқтұғұтов.

Заңның мақсаты биржа саудасы мәселелерін реттейтін заңнаманы одан әрі жетілдіру, сондай-ақ инвесторлардың құқықтарын қорғаудың жаңа тетігін енгізу арқылы инвестициялық ахуалды жақсарту болып табылады.

Заң 2 кодекске және 9 заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейді.

Биржа саудасы саласын дамыту шеңберінде мынадай бөліктерде түзетулер енгізіледі:

- әлеуметтік маңызы бар биржалық тауарлар тізбесін қалыптастыру;
- тауар биржаларына мемлекеттік бақылауды кеңейту;
- тауар биржаларын шағын және микробизнес субъектілері санатынан шығару;
- «стандартталған тауар», «стандартталмаған тауар» және «стандартты аукцион режимі» ұғымдарын алып тастау;
- мемлекеттік сатып алуды тауар биржасы арқылы жүзеге асыру мүмкіндігін болдырмау;
- тауар биржасына шығу үшін жарналардың бірыңғай ең жоғары мөлшерін белгілеу;
- тауар биржаларының қаржылық тұрақтылығын қатаңдату;
- автоматтандырылған жеделдетілген өңдеудің бот-технологияларын пайдалануға тыйым салу;
- биржадағы сауда-саттыққа жосықсыз қатысушылардың тізілімін қалыптастыру;
- брокерлер мен клирингтік орталықтарды лицензиялауды ендіру, сондай-ақ оларды қаржы мониторингі субъектілерінің санатына қосу және т.б.

Инвестициялық жобаларды іске асырудың барлық кезеңдерінде инвесторларды құқықтық қолдаудың және олардың мүдделерін қорғаудың жаңа тетігін енгізу шеңберінде Заңда мынадай түзетулер көзделеді:

1) ұлттық цифрлық инвестициялық платформада Инвесторлар тізілімін қалыптастыру және инвестициялық жобалардың барлық кезеңдерін цифрландыру;

2) Инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты мемлекеттік органдардың:

- тексерулер тағайындау туралы;
- субъектінің қызметін, әрекетін, процесін тоқтата тұру; рұқсаттың және (немесе) рұқсатқа қосымшаның қолданылуын тоқтата тұру, одан айыру (кері қайтарып алу); рұқсат беруден бас тарту не оның қолданылу мерзімін ұзарту; мемлекеттік органның, жергілікті атқарушы органның, квазимемлекеттік сектор ұйымының бұрын инвестордың пайдасына шығарылған шешімінің күшін жою (кері қайтарып алу); мемлекеттік

органның, жергілікті атқарушы органның келісімшартты не келісімді біржақты тәртіппен бұзуы мәселелері және тағы басқлар бойынша тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды қолдану туралы шешімдерін прокурорлармен келісу.

Түзетулер топтамасы арнаулы мемлекеттік органдарда қашықтан оқыту тәртібін айқындауды, «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторы үшін басқа заңды тұлғалардың қызметінде акцияларға иелік ету бойынша шектеулерді алып тастауды, сондай-ақ 2030 жылға дейін тауар биржалары арқылы сұйытылған мұнай газын сату жөніндегі кейінге қалдыру нормасын көздейді.

Заң 2024 жылғы 19 желтоқсанда Сенат отырысында мақұлданды.

7. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне байланыс қызметтерін көрсету, мемлекеттік сатып алу, көлік және пошта мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Ә. Нәутиев.

Заңның мақсаты пошта, мемлекеттік қызметтер көрсету, сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіру, сондай-ақ мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігін арттыру болып табылады.

Заң пошта операторлары үшін мынадай мүмкіндіктерді белгілейді: парольді (пин-кодты) енгізу арқылы құқықты растау процесі жолымен адресаттың келісімін алу арқылы пошта жөнелтілімін үшінші тұлғаларға тапсыру, поштоматтарды орналастыру тәртібін нақтылау, ұлттық пошта операторына заңнама талаптарына сәйкес дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды тасымалдау және сақтау құқығын беру.

Бұдан басқа, Заңмен жергілікті атқарушы органдардың пошта байланысы бөлімшелерін сақтау бойынша қолғабыс шараларын көрсету жөніндегі құзыреті толықтырылады.

«Пошта туралы» Заңда ұлттық заңнаманы халықаралық реттеу стандарттарына сәйкес келтіру мақсатында «құндылығы жарияланған пошта жөнелтімі» ұғымы толықтырылады, бұл ретте жай хаттар көлемінің жыл сайын азаюуына байланысты «пошта жәшігі» анықтамасы алып тасталады.

Сондай-ақ, мемлекеттік органдардың сымсыз байланыс арналарын техникалық тәсілмен қорғау арқылы мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігін арттыру мақсатында «Байланыс туралы» Заңға түзетулер енгізіледі.

«Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» Заңға қазақстандық кадрлардың тапшылығына байланысты шетелдіктерге капитан, капитанның аға көмекшісі және аға механик лауазымдарына орналасуға тыйым салуды одан әрі тоқтата тұру бөлігінде өзгерістер енгізіледі.

Мемлекеттік қолдаудың барлық шараларын көрсетудің цифрландырылған, атаулы және проактивті сипатына көшуді және халықтың қажеттіліктерін уақтылы қанағаттандыруды көздейтін «әлеуметтік әмиян» жобасы заңнамалық деңгейде бекітіледі. Бұл цифрлық

технологияларды енгізу және қолма-қол ақшаны пайдалануды шектеу арқылы әлеуметтік көмек құралдарын мақсатсыз пайдалануды азайтуға және олардың қадағалануын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Заң 2025 жылғы 30 қаңтарда Сенат отырысында мақұлданды.

8. «Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы»

Заңды жүргізген депутат Б. Қаниев.

Заңның мақсаты Қазақстан Республикасының рухани-мәдени және тарихи орталығы ретінде Түркістан қаласының ерекше мәртебесін айқындайтын құқықтық негіздерді реттеу болып табылады.

Заңның негізгі міндеттері мыналар:

1) Түркістан қаласының тарих және мәдениет ескерткіштері мен тарихи-мәдени мұрасы объектілерін, оның ішінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің қорғау аймақтарында орналасқан объектілерді басқарудың, сақтаудың және олардың бүтіндігін сақтап тұрудың тиімді жүйесін құру;

2) Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен оның қорғау аймақтарының аумағындағы тарих және мәдениет ескерткіштеріне археологиялық және ғылыми-реставрациялық жұмыстарды жоспарлау және басқару;

3) тарихи-мәдени мұраны сақтау, дамыту, қайта жаңғырту және ұлттық қолөнерді дамыту;

4) Түркістан қаласының тарихи-мәдени мұрасы объектілерін қорғау және пайдалану жөнінде қабылданған шешімдерді ғылыми қамтамасыз ету;

5) Түркістан қаласының халықаралық ынтымақтастығын дамыту болып табылады.

Заңда:

- тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның, оның ішінде Қожа Ахмет Ясауидің рухани-мәдени мұрасын зерттеу, зерделеу және кеңінен таныту жөніндегі шараларды іске асыру, Түркістан қаласының аумағындағы тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау үшін жағдай жасау жөніндегі және т.с.с.;

- Түркістан қаласының жергілікті өкілді органының, оның ішінде дизайн-кодты, қала құрылысы регламентін, өңірлік нышанды пайдалану тәртібін бекіту жөніндегі және т.с.с.;

- Түркістан қаласының жергілікті атқарушы органының, оның ішінде қала аумағында тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру, жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаланың ұлттық қолөнер саласындағы шеберлердің шығындарының бір бөлігін өтеу қағидаларын әзірлеу;

- Түркістан облысының жергілікті атқарушы органының, оның ішінде Түркістан қаласының аумағы арқылы транзиттік автомобиль көлігі қозғалысының схемалары мен тәртібін келісу жөніндегі және т. с.с. құзыреті белгіленеді.

Бұдан басқа, заңда тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі нормалар, сондай-ақ Түркістан қаласының

археология және инфрақұрылым ескерткіштерінің резерватына қатысты нормалар айқындалады.

Атап айтқанда, құрылыс салуды реттеу аймағында құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде сәулет келбеті бойынша олардың тарих және мәдениет ескерткіштерінен асып кетуіне жол берілмейді деп көзделеді.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің бірегейлігін сақтау және оның айналасындағы аумаққа құрылыс салуға жол бермеу мақсатында кесененің қорғау аймағының шекарасынан бір жүз метр қашықтықта биіктігі жеті метрден асатын және ауқымы, түсі және құрылыс материалдары бойынша тарих және мәдениет ескерткіштерімен үйлеспейтін объектілер салуға жол берілмейді.

Заң 2025 жылғы 13 ақпанда Сенат отырысында мақұлданды.

9. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Түркістан қаласының ерекше мәртебесі және шет елдегі мәдениет орталықтары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Б. Қаниев.

Заңның мақсаты Түркістан қаласының Қазақстан Республикасының рухани-мәдени және тарихи орталығы ретіндегі ерекше мәртебесін айқындайтын құқықтық негіздерді реттеу болып табылады.

Заң Жер кодексіне және 4 заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейді.

Жер кодексі шеңберінде Түркістан қаласының уәкілетті органдарына Жер кодексі мен «Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы» ҚР Заңына сәйкес өтеусіз берілген жер учаскелерінде мемлекеттік әлеуметтік объектілер (мемлекеттік жалпы білім беретін мектептер мен мектепке дейінгі ұйымдар, ауруханалар мен емханалар) салу кезеңіне уақытша өтеусіз жер пайдалану шарттарын жасасу бойынша құзырет беру бөлігінде түзетулер енгізіледі.

Туризмді дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында мүгедектігі бар адамдар мен халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарын (инклюзивті туризм) қоса алғанда, барлық туристер үшін туризм инфрақұрылымына тең (кедергісіз) қолжетімділікті қамтамасыз етуді көздейтін түзетулер енгізіледі.

Бұдан басқа, Түркістан қаласының жергілікті атқарушы органына туризмді дамыту, оның ішінде туристік индустрия объектілерін жоспарлау және салу жөніндегі қызметті үйлестіру, туристік қызмет объектілерін салу, реконструкциялау кезінде кәсіпкерлік субъектілері шығындарының, сондай-ақ жол бойындағы сервис объектілерін салу жөніндегі шығындардың бір бөлігін өтеу және т. б. бойынша бірқатар құзыреттер беріледі.

«Мәдениет туралы» ҚР Заңына енгізілген түзетулермен білім беру, ғылыми және мәдени әлеуетті пайдалана отырып, мәдени құндылықтарды дамыту және тарату мәселелері бойынша өзара іс-қимылды жүзеге асыратын ұйымдар ретінде шетелдегі мәдени орталықтардың құқықтық мәртебесі айқындалады.

«Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» ҚР Заңына мәдени игілікті сақтауға және тарихи-мәдени мұра объектілерінің сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған нормалар енгізіледі. Мәселен, Түркістан қаласының жергілікті атқарушы органына тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтау, есепке алу, сақтау, зерттеу, пайдалану және олардың жай-күйіне мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету, жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріне жоспарланатын ғылыми-реставрациялық жұмыстардың ғылыми-жобалау құжаттамасын қарау және келісу және т. б. бойынша құзыреттер беріледі.

Заң 2025 жылғы 13 ақпанда Сенат отырысында мақұлданды.

10. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының біртұтас энергетикалық жүйелерінің қатар жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат С. Алдашев.

Келісімнің мақсаты энергетикалық жүйелердің қатар жұмыс істеу процесінде туындайтын тараптардың өзара қарым-қатынастарын ресімдеу, сондай-ақ олардың өзара іс-қимылының негізгі шарттарын айқындау қажеттігі болып табылады.

Келісімге сәйкес Ресейдің энергетикалық жүйесі Қазақстан БЭЖ-де өндіріс пен тұтыну арасындағы сағаттық ауытқуларды өтей отырып, Қазақстанның біртұтас энергетикалық жүйесінде (бұдан әрі – БЭЖ) рұқсат етілген шекте жиілік пен кернеуді қолдап отырады.

Келісім шеңберінде тараптар Қазақстан мен Ресей БЭЖ-нің қатар жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қажетті шараларды қабылдайды, оның ішінде:

- Ресей Федерациясынан Қазақстан БЭЖ-ге беру жоспарланып отырған электр энергиясының көлемін жыл сайын келісу;

- «KEGOC» акционерлік қоғамы (Қазақстан Республикасы) мен «Интер РАО ЕЭС» жария акционерлік қоғамы (Ресей Федерациясы) арасында жасалған шарттар бойынша электр энергиясы ағындарының нақты мемлекетаралық сальдосының жоспардағыдан рұқсат етілген ауытқуы шегінде де, одан тыс та электр энергиясын сатып алу және сату құнын айқындау;

- Қазақстан Республикасының энергия өндіруші ұйымдары жаппайтын электр энергиясын тұтынудың жоспарлы көлемін коммерциялық негізде жабу үшін Ресей Федерациясынан Қазақстан Республикасына берілетін электр энергиясын сатып алуды жүзеге асыру.

Келісімде Тараптардың уәкілетті органдары мемлекетаралық қималардағы қуат ағындары сальдосының жоспардағыдан ауытқуларының технологиялық негізделген орташа сағаттық шамаларын айқындау әдістемесін келіскенге және бекіткенге дейін электр энергиясы

ағындарының нақты мемлекетаралық сальдосының жоспардағыдан ауытқуының рұқсат етілген орташа сағаттық шамасы 150 МВт-қа тең болып белгіленетіні көзделген.

Келісімді ратификациялау Қазақстан мен Ресей Федерациясы БЭЖ-нің қатар жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, электр энергетикасы саласындағы өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі кеңейтуге, сондай-ақ Қазақстан БЭЖ-нің реттеуші қуаттарының тапшылығын азайтуға мүмкіндік береді.

Заң 2025 жылғы 27 ақпанда Сенат отырысында мақұлданды.

11. «Көрсетілетін қызметтердің еркін саудасы, инвестициялардың құрылуы, қызметі және жүзеге асырылуы туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат С. Шайдаров.

Келісімнің мақсаты тараптардың сауда-экономикалық ынтымақтастығын, қазақстандық көрсетілетін қызметтерді экспорттаушылар үшін әріптестер нарығына қолжетімділікті, қазақстандық капиталдың қатысуымен кәсіпорындар құру үшін мүмкіндіктерді кеңейту және инвестициялар тарту және өзара инвестицияларды қорғау үшін қосымша жағдайлар жасау болып табылады.

Келісімнің негізгі міндеттері Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының еркін сауда аймағының орнықты дамуын қамтамасыз ету болып табылады. Келісім ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің экономикасының одан әрі өсуі үшін:

1) әріптестік нарықтарда ТМД-ға қатысушы елдерден көрсетілетін қызметтерді жеткізушілер үшін неғұрлым тиімді жағдайлар белгілеу, ұсыну және қамтамасыз ету, оның ішінде көрсетілетін қызметтердің өзара саудасын кеңейту және оны ырықтандыру деңгейін арттыру үшін жағдайлар жасауды;

2) экспроприациядан қорғауды және капиталды еркін аудару кепілдігін қоса алғанда, инвесторлар үшін құқықтық кепілдіктер жасауды;

3) екінші Тарап инвесторларының инвестицияларына оның аумағында толық қауіпсіздік пен қорғауды ұсынуды көздейтін қолайлы жағдайлар жасайды.

Келісімде инвестицияларды реттейтін ережелердің болуы қатысушы мемлекеттердің қолайлы бизнес-ахуалын қамтамасыз ету үшін елеулі ынталандыру береді, сондай-ақ инвестицияларды қорғау және көтермелеу туралы қолданыстағы екіжақты келісімдерді дамытуға мүмкіндік береді.

Келісімді ратификациялау қазақстандық көрсетілетін қызметтер экспортын әртараптандыру, Өзбекстан мен Тәжікстан нарықтарындағы бизнестің позициясын нығайту, сондай-ақ инвесторларға тәуекелдерді азайту үшін құқықтық негіз жасайды.

Заң 2025 жылғы 17 сәуірде Сенат отырысында мақұлданды.

12. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тауарлардың шығарылған елін айқындау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат С. Лұқпанов.

Заңның негізгі мақсаты Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімін енгізу, қазақстандық тауар өндірушілер мен олар өндіретін тауарлар туралы ақпаратқа қол жеткізудің бірыңғай тәсілін қамтамасыз ету, мемлекеттік қолдау шараларының атаулылығын арттыру болып табылады.

ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Тізілімді жүргізуге жауапты уәкілетті мемлекеттік орган болып белгіленген.

Заңның негізгі жаңалықтары:

- Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімін қалыптастыру кезінде цифрлық деректерді пайдалану, сараптаманы цифрландыру және толыққанды ақпараттық жүйені енгізу;
- сауда саясатында ішкі нарықты және отандық өндірушілерді қорғауға бағытталған реттеуші шараларды әзірлеу;
- өндіріс шарттарының орындалуына кешенді мониторингті енгізу;
- ірі тапсырыс берушілер (жер қойнауын пайдаланушылар, квазимемлекеттік сектор субъектілері, табиғи монополия субъектілері, жүйе құраушы кәсіпорындар) үшін елішілік құндылықты дамыту бағдарламаларын енгізу және іске асыру жөніндегі жаңа міндеттемелерді айқындау;
- өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарының өнімдерін ұзақ мерзімді кепілдендірілген сатып алу тетігін енгізу болып табылады.

Заңда:

- Қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімін қалыптастыру және мониторингілеу тәртібі;
- өнеркәсіпті дамытуға бағытталған шарттарды жоспарлау және жасасу тәртібі;
- тізбесін уәкілетті орган бекітетін жүйе құраушы кәсіпорындар ұғымы;
- кепілдендірілген сатып алу шарттарын жасасу тәртібі;
- өндіріс, өндірістік және технологиялық операциялар шарттарын әзірлеу және бекіту тәртібі де айқындалған.

Сонымен қатар, Заңда елішілік құндылықты дамытуға бағытталған нормалар көзделген.

Заң 2025 жылғы 24 сәуірде Сенат отырысында мақұлданды.

13. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Араб Әмірліктерінің Үкіметі арасындағы жел электр станциясы жобасын іске асыру туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат Ш. Бұқтұғұтов.

Заңның мақсаты Қазақстан аумағында ірі жобаларды іске асыру туралы келісімді ратификациялау болып табылады.

Келісімнің негізгі міндеттері орнықты энергиямен жабдықтауға, көміртегі шығарындыларын азайтуға және Қазақстанның энергетикалық секторын технологиялық дамытуға бағытталған энергияны жинақтау жүйесі бар жел электр станциясын салу және пайдалану мақсатында халықаралық ынтымақтастық арқылы энергия жүйесінің орнықтылығын арттыру, жаңартылатын энергетиканы дамыту болып табылады.

Тараптар Келісімді мынадай шарттарға сәйкес келуі тиіс ірі жобаларға қолдануға ниетті: қуаты – 1 ГВт; көмірқышқыл газы (CO2) шығарындыларын жыл сайын қысқарту; жаңартылатын энергия көздерінен электр энергиясын өндіру; жобаларды елдің Бірыңғай электр энергетикалық жүйесіне интеграциялаудың тұрақтылығы мен сенімділігі; елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тағы басқа да мәселелер.

Сондай-ақ Келісімде ірі жобалар үшін құқықтық база және іске асырудың түйінді шарттары көзделеді. Осы ірі жобаларды іске асыру шеңберінде Жамбыл облысында қуаты 1 ГВт жел электр станциясын және сыйымдылығы 600 МВт сағ. болатын қуаты 300 МВт энергияны жинақтау жүйесін салу жоспарланып отыр.

Заң 2025 жылғы 8 мамырда Сенат отырысында мақұлданды.

14. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу, автомобиль жолдары және мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат С. Алдашев.

Заңның мақсаты құрылыс және тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіру болып табылады.

Заңның міндеттері үлестік құрылыс саласындағы мемлекеттік реттеуді күшейту, мүгедектігі бар адамдарды инватаксиге тасымалдау бойынша жағдайларды жақсарту, автомобиль жолдарының сапасын арттыру болып табылады.

Заңда ҚР Азаматтық кодексіне, ҚР Қылмыстық кодексіне, ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексіне, ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексіне, ҚР әлеуметтік кодексіне, «Банктер және банк қызметі туралы», «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы», «Тұрғын үй қатынастары туралы», «Автомобиль жолдары туралы», «Жарнама туралы» ҚР заңдарына, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» және басқа да заңдарға түзетулер көзделеді.

Заңның негізгі новеллалары мынадай:

Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу бөлігінде.

1. Құрылыс салушыларға қатаңдату шараларының пакеті:

- салынып жатқан үйлерде тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды сатып алуға байланысты алдын ала шарттар жасасуға тыйым салуды;

- үлескерлердің ақшасын тартуға рұқсатсыз жарнамаға тыйым салуды;

- салынып жатқан тұрғын үй нарығында үлескерлердің ақшасын тартудың заңдылығы бөлігінде жергілікті атқарушы органдардың (бұдан әрі – ЖАО) мониторингін жүргізуді;

- салынып жатқан көппәтерлі тұрғын үйде жылжымайтын мүлік сатып алуға ипотекаға тыйым салуды;

- салынып жатқан тұрғын үйді тек қолма-қол ақшасыз нысанда сатып алу-сату бойынша мәмілелер жүргізуді;

- тұрғын үй құрылысының ұзарту мерзімін 9 айдан 5 айға дейін қысқартуды көздейді.

2. Жағдайларды жақсартуға және құрылыс салушыларға қойылатын талаптарды төмендетуге мүмкіндік беретін ынталандыру шараларының пакеті:

- тәжірибе бойынша үйдің қаңқасын салғаннан кейін үлестік құрылыс кезінде құрылыс салушыларға қойылатын талаптарды төмендетуге;

- Бірыңғай оператордың кепілдігін алу және банктердің жобасына қатысу тәсілдерімен үлестік құрылыс кезінде талаптарды төмендетуге;

- уәкілетті компанияның көппәтерлі тұрғын үйдің қаңқасы құрылысының аяқталуын күтпей, үлескерлердің ақшасын тартуға жергілікті атқару органының рұқсатын алғаннан кейін бірден үлескерлердің ақшасын пайдалануға рұқсат етуге;

- уәкілетті компанияда ақшаның немесе аяқталмаған құрылыстың болуы бойынша құрылыс салушыға қойылатын талаптарды 15-тен 10%-ға дейін төмендетуге;

- уәкілетті компанияның қосымша валюталық және депозиттік шоттар ашу құқығына бағытталған.

Халықтың мүдделерін қорғау мақсатында азаматтарға тұрғын үйді қауіпсіз сатып алу туралы кеңес беру, белгілі бір құрылыс салушыларда жергілікті атқарушы органы рұқсатының не Бірыңғай оператордың кепілдігінің болуы туралы ақпарат беру үшін Үлескерлерді қолдау орталығы құрылады.

Бұдан басқа, заңда тұрғын үй құрылыс жинақтары салымдарын үшінші тұлғалардың талаптарынан қорғау, сондай-ақ берілген банктік қарыздар бойынша кепіл нысанасы болып табылатын тұрғын үй құрылыс жинақтарын қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі нормалар көзделеді.

Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының сапасын арттыру бөлігінде:

- мердігерлер мен жобалаушыларды қоса алғанда, саланың барлық қатысушылары үшін ашықтық пен қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін жол-құрылыс материалдары мен технологиялары бойынша бірыңғай ақпараттық жүйені енгізу;

- автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті органның автожол саласы қызметкерлерінің біліктілігін міндетті түрде арттыру жөніндегі қағидаларды бекітуі;

- жол жобаларына қатысатын мердігерлердің біліктілігін бақылауды күшейту мақсатында аккредиттеу жалпы құрылыс жұмыстары мен жол құрылысына бөлінеді;

- техникалық және авторлық қадағалауды жүзеге асыратын адамдар «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының субъектілеріне теңестіріледі.

Мүгедектігі бар адамдарды инватаксиге тасымалдау бөлігінде мыналар көзделеді:

- өңірлерде мүгедектігі бар адамдардың көп санын қамтуға мүмкіндік беретін Әлеуметтік қызметтер көрсету порталы арқылы инватакси қызметтерін көрсету мүмкіндігін кеңейту;

- комиссияның қорытындысы негізінде тұрғылықты жері бойынша инватакси жеткізушілері болмаған кезде Мемлекеттік сатып алу арқылы инватакси қызметтерін көрсету бойынша балама енгізу;

- инватакси қызметтерін жеткізушілердің сапасын арттыруға мүмкіндік беретін инватакси қызметтеріне жергілікті атқарушы органдардың мониторингін жүргізу.

Заңды мақұлдау кезінде күтілетін нәтижелер үлестік құрылыс саласын мемлекеттік реттеуді күшейту, тұрғын үй жылжымайтын мүлікпен мәмілелерді реттейтін нормалар мен ережелерді қатаңдату арқылы сұр құрылыс үлесін қысқарту, мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту, автожол саласының кадрлық әлеуетін арттыру болып табылады.

Заң 2025 жылғы 12 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

15. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, кәсіпкерлік және экспорттық-кредиттік агенттіктің қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат С. Шайдаров.

Заңның мақсаты тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіру, көппәтерлі тұрғын үйлерді басқару жүйесінің ашықтығын арттыру мен жетілдіру болып табылады.

Заңмен Қазақстан Республикасының 5 кодексіне және 23 заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Заң шеңберінде басқарудың тек екі нысанын: мүлік иелерінің бірлестігі және тікелей бірлескен басқаруды қалдырып, қарапайым серіктестік түріндегі басқару нысанын алып тастау ұсынылады.

Заңда пәтер иелері кооперативтерінің қызметін реттеу, сондай-ақ олардың мынадай жұмыс істеу механизмін анықтау көзделген:

- мүлік иелерінің бірлестігімен шарттар жасасу, ал мүлік иелері тікелей бірлескен басқару түрінде кондоминиум объектісін басқару нысанын таңдаған кезде жиналыс хаттамасы негізінде шарттар жасасу;

- әр үйге жеке банктік шот ашу.

Мүлік иелерінің құқықтары мен міндеттерін егжей-тегжейлеу және нақтылау мақсатында Заңда тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері жиналыс бекіткен ағымдағы жарналарды пәтер иелері үшін белгіленген ағымдағы жарналардың мөлшерінен екі еседен аспайтын мөлшерде төлеуге міндетті екендігі белгіленеді.

Сонымен қатар, «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңда бірыңғай қолдану мақсатында ағымдағы жарналар, жинақтаушы жарналар, нысаналы жарналар және тұрақ орындарын, қоймаларды күтіп-ұстауға арналған ағымдағы жарналар үшін айқындамалар беріледі.

«Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңға пәтер иелері кооперативін пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың иелері құрған коммерциялық емес ұйым ретінде айқындауды көздейтін түзетулер енгізіледі.

Акцияларының 100%-ы мемлекетке тиесілі мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындарды энергиямен жабдықтауды қамтамасыз ету мақсатында «Электр энергетикасы туралы» Заңға лицензия алу үшін қажетті тұтынушылардың ең аз санын отыз мыңнан он екі мыңға дейін төмендетуге мүмкіндік беретін түзетулер енгізіледі.

Бұдан басқа, «Сауда қызметін реттеу туралы» Заңға сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілдің экспорттық-кредиттік агенттік үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру, сондай-ақ резервтер қалыптастыру және олар бойынша актуарлық есеп-қисаптар жүргізу қағидаларын бекіту жөніндегі құзыреті енгізіледі.

Жалпы, Заңның қабылдануы кондоминиум объектілерін басқару саласындағы мемлекеттік бақылауды күшейтуге, сондай-ақ тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жүйесінің ашықтығын арттыруға және жетілдіруге бағытталған.

Заң 2025 жылғы 23 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

16. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және оны қолданысқа енгізу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат С. Шайдаров.

Заңның мақсаты салық саясатын және салық салудың жекелеген тетіктерін жетілдіру, сондай-ақ жеке тұлғалардың кірістері мен мүліктерін жалпыға бірдей декларациялау жүйесін оңтайландыру болып табылады.

Заңда мынадай негізгі жаңашылдықтар:

- сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымы ретінде экспорттық-кредиттік агенттікке салық салу;

- пәтер иелері кооперативтерін коммерциялық емес ұйымдарға жатқызу, бұл оларды кондоминиум объектісін басқару жөніндегі қызмет шеңберінде салық төлеуден босатуға мүмкіндік береді;

- қызметке ақы төлеу интернет платформа арқылы жүргізілетін интернет-платформа операторларын салық агенттері деп тану;

- 5G стандартты ұялы байланыс қызметтерін көрсету кезінде жиіліктерді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемесін төмендету;

- тауарлардың белгілі бір тізбесі бойынша есепке жатқызу әдісімен импортқа қосылған құн салығын (бұдан әрі – ҚҚС) төлеуді көздейтін нормаларды қалпына келтіру;

- жеке қосалқы шаруашылық жүргізуден түскен табыстар бойынша салықтық жеңілдікті қалпына келтіру;

- ҚҚС қайтару мүмкіндігімен шетелдік авиакомпаниялардың әуе кемелеріне жанар-жағармай құюды жүзеге асыратын бөлшек авиаотын сатушыларға жанар-жағармай материалдарын сату кезінде ҚҚС-тің нөлдік мөлшерлемесін қолдану;

- таңбаланған тауарларды бөлшек саудада өткізу кезінде сызықтық штрих-кодты оқу туралы талаптың күшін жою;

- өрттен зардап шеккен учаскелерде санитарлық кесу жүргізу кезінде тамырымен жіберілген сүрек үшін төлемақының күшін жою;

- салықтық әкімшілендіруді жүзеге асыру кезінде салық органдарының ақпараттық жүйелерінде биометриялық сәйкестендіру құралдарын қолдану және басқа да бірқатар өзгерістер көзделеді.

Заң 2025 жылғы 23 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

17. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат С. Шайдаров.

Заңның мақсаты тұрғын үй заңнамасының жекелеген нормаларын бұзғаны үшін жауаптылықты енгізу және күшейту болып табылады.

Заңда құрылыс салушының және басқару органдарының тұрғын үй заңнамасына сәйкес меншік иелерінің өкіліне құжаттарды ұсынбағаны үшін жауаптылық белгілеу ұсынылады.

Бұдан басқа, көппәтерлі тұрғын үй мүлкінің меншік иелері бірлестігінің төрағасы мен кондоминиум объектісін басқару субъектісінің шоттар ашу және есептер беру мерзімдерін бұзғаны үшін жауаптылықты қатаңдату көзделеді.

Заң 2025 жылғы 23 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

18. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Астананы және республикалық маңызы бар қалаларды, ұлттық жобаларды дамыту, кәсіпкерлік және мемлекеттік органдардың функцияларын оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Ә. Нәутиев.

Заңның негізгі мақсаты елорда мен республикалық маңызы бар

қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуы, жер қатынастары, сәулет және құрылыс, көші-қон, жарнама, кедендік реттеу, мемлекеттік аудит және т.б. мәселелерін шешу болып табылады.

Астана қаласын дамыту, сондай-ақ мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді орталықтан шығару мәселелері бойынша Мемлекет Басшысының тапсырмаларын орындау заңды әзірлеуге негіз болған.

Заңның негізгі жаңалықтары:

- орталық уәкілетті органның жер учаскелеріне құқықты қайта ресімдеу тәртібін айқындау жөніндегі құзыретін енгізу;

- жер учаскесінің бұрынғы меншік иесіне немесе жер пайдаланушыға осы жер учаскесін сатып алуға жұмсалған шығыстарды төлей отырып, алып қойылған жерлерді өткізуден түскен табысты бюджетке есепке жатқызу;

- алып қойылған жер учаскелерін қала құрылысы қызметіне тарту мүмкіндігін кеңейте отырып бөлу;

- астананың құқықтық мәртебені нығайту және «жасыл белдеуін» басқару қағидаларын енгізу;

- астананың «жасыл белдеуін» күтіп ұстау және дамыту бойынша тұрақты мемлекеттік әкімшіні бекіту;

- республикалық маңызы бар қаланың, астананың дизайн-кодын және оны әкімшілендіру қағидаларын енгізу;

- республикалық маңызы бар қала, астана әкімдігінің тұрғын үй секторында қорғаныш конструкциялары мен реттеуші элементтерді (шлагбаумдар мен басқа да қоршауларды) орнату қағидаларын; қолжетімді ортаны және тұрғын үйді реновациялау бағдарламасын қамтамасыз ету қағидаларын әзірлеу және бекіту жөніндегі құзыретін кеңейту;

- ғимараттың/тұрғын үйдің меншік иесіне бұзушылықпен орнатылған жарнама объектісін бөлшектеу жөніндегі талаптарды белгілеу;

- ашық кеңістікте аудиожарнаманы таратуға тыйым салу (бұл норма бүкіл республикада қолданылатын болады);

- сыртқы (көрнекі) жарнаманы тротуарлардың, веложолдардың, автожолдар мен көшелердің бетіне орналастыруға тыйым салу;

- Жоғары аудиторлық палата мен өңірлердегі тексеру комиссияларының нақтыланған республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларына алдын ала бағалау жүргізуін болдырмау;

- 30 тәуліктен астам мерзімге елге келетін шетелдіктерді тіркеу институтын енгізу, сондай-ақ ішкі істер органдарына шетелдіктердің келуіне шақыруларды беруден бас тарту құқығын беру;

- тұрғылықты жері және астана аумағында уақытша болатын (тұратын) жері бойынша тіркеу нормативін бекіту жөніндегі астана мәслихатының құзыретін кеңейту.

Мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді орталықтан шығару шеңберінде мемлекеттік басқару деңгейлері арасында жекелеген функцияларды беру ұсынылады:

- Үкімет деңгейінен орталық мемлекеттік органдарға – 9 функция;
- орталық мемлекеттік органдардан жергілікті атқарушы органдарға, мәслихаттарға – 37 функция;
- облыстың жергілікті атқарушы органдарынан аудандардың жергілікті атқарушы органдарына – 17 функция.

Заңмен өмірлік маңызды секторлардың – жылу, энергия және су, сумен жабдықтау мен су бұрудың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін бірінші кезектегі инфрақұрылымдық проблемаларды шешуге бағытталған «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасын (бұдан әрі – Ұлттық жоба) іске асыру үшін түзетулер енгізілді. Мәселен, мыналар көзделеді:

- Ұлттық жоба шеңберінде қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау мақсатында нысаналы трансферт арқылы Ұлттық қор қаражатын пайдалануға тыйым салуды алып тастау;
- Ұлттық қор қаражатын Ұлттық жоба шеңберіндегі жобаларды қаржыландыру мақсатында «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ борыштық бағалы қағаздарын сатып алу арқылы пайдалану;
- «толық бітіріп берілетін» құрылыс шарттары бойынша мемлекеттік міндеттемелер лимитін белгілеу;
- «толық бітіріп берілетін» құрылыс ұғымын айқындау және «толық бітіріп берілетін» құрылыс тетігі келісімшарттары түрлерінің ерекшеліктерін нақтылау;
- электрондық сатып алуды жүргізуді, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін қолжетімділік нүктесін қамтамасыз ету бойынша электрондық қызметтерді ұсынуды қамтамасыз ететін энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаның бірыңғай электрондық сатып алу платформасы ұғымын енгізу;
- Ұлттық жоба шеңберінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды сатып алудың жеке электрондық платформасында жүзеге асыру тәртібі;
- қазақстандық тауар өндірушілерден тауарларды сатып алу және өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті орган бекітетін офтейк-келісімшарттар жасасу тәртібі;
- Ұлттық жоба шеңберінде жобаларды жоспарлау мен іске асырудың негізгі ережелерін айқындау;
- Ұлттық жобаның функциялары мен өкілеттіктерін белгілей отырып, тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы техникалық операторды айқындау, сондай-ақ оның қызметін жүзеге асыру тәртібін бекіту;
- бірыңғай төлем құжатын енгізу, оның ішінде тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті органның бірыңғай төлем құжатына қойылатын талаптарды бекіту жөніндегі құзыретін белгілеу.

Заң 2025 жылғы 26 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

19. «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы қарыз туралы келісімді (Қазақстанның инклюзивті экономикасы үшін жеделдетілген цифрландыру жобасы) ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат Б. Аққожина.

Келісімнің мақсаты тұрақты цифрлық инфрақұрылымды дамыту және ауыл тұрғындары үшін жоғары жылдамдықты интернетке тең қолжетімділікті қамтамасыз ету болып табылады, бұл инклюзивті экономикалық өсуге негіз жасайды.

Келісімнің негізгі міндеттері:

1) ауылдық елді мекендерді жоғары жылдамдықты интернетке қосу есебінен қала мен ауыл арасындағы цифрлық теңсіздікті қысқарту;

2) шағын және орта бизнесті, электрондық сервистерді, қашықтықтан көрсетілетін қызметтерді қолдауды, сондай-ақ инвестициялар ағынын қоса алғанда, өңірлердің орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін жағдайлар жасау;

3) мемлекеттік және жеке әріптестіктің тұрақты моделін енгізу арқылы телекоммуникациялық инфрақұрылымды дамыту.

Келісім технологиялық даму үшін елеулі ынталандыру береді, өңірлердегі әлеуметтік-экономикалық процестерді жандандыруға, сондай-ақ орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ететін болады.

Келісімді ратификациялау ауылдық елді мекендерде цифрлық инфрақұрылымды дамыту жөніндегі жобаны қаржыландыруды тарту және іске асыру үшін құқықтық негіз жасайды.

Заң 2025 жылғы 26 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

6.5. ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ДАМУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ

1. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпаратқа қол жеткізу, қоғамдық қатысу, мемлекеттік наградалар және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Толамисов.

Заң Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2023 жылға арналған жоспарына сәйкес әзірленді.

Заң азаматтардың ақпаратқа қол жеткізу саласындағы құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге және іске асыруға бағытталған және мынадай жаңашылдықтарды:

- бақылау субъектісі мемлекеттік органдар болып табылатын, ақпаратқа қол жеткізу саласындағы уәкілетті органға ақпаратқа қол жеткізу саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру құзыретін беруді;

- ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етудің негізгі мақсаттарын, міндеттері мен қағидаттарын айқындауды;

- «ақпаратты проактивті тарату» және «қоғамдық маңызы бар ақпарат» жаңа ұғымдарын енгізуді;

- қоғамдық маңызы бар ақпаратқа қол жеткізуді шектеуге тыйым салуды белгілеуді;

- «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына мүгедектігі бар адамдардың қажеттіліктерін ескеру қағидатын және аталған адамдар санатының ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету мәселелеріне арналған жеке бапты енгізуді көздейді.

Бұдан басқа «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына мемлекеттік наградаларды алуға қойылатын талаптарды арттыруға және жетілдіруге бағытталған түзетулер енгізіледі.

Сонымен бірге «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына көрнекі ақпаратты ол орналастырылғанға дейін жергілікті атқарушы органдармен келісу бойынша норма енгізіледі.

Тұтастай алғанда Заңда көзделген түзетулер мүгедектігі бар адамдарды қоса алғанда, азаматтардың ақпаратқа қол жеткізу құқығын іске асыруды жеңілдетеді.

Тұтастай алғанда заң азаматтардың ақпаратқа қол жеткізу құқығын кеңейтуге, мемлекеттік органдардың ашықтығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ ақпаратқа қол жеткізу саласындағы уәкілетті органға осы саладағы жұмысты оңтайлы іске асыруы үшін жағдай жасауға бағытталған.

Жоғарыда аталған ережелерді іске асыру үшін ақпаратқа қол жеткізу саласындағы уәкілетті органның құзыретіне орталық және жергілікті атқарушы органдарды қашықтан бақылау және оларда жоспардан тыс тексеру жүргізу тәртібін белгілейтін нормалар енгізілді.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне уәкілетті органның құзыретіне интернет-порталда денсаулық сақтау жүйесінің жай-күйі туралы объективті ақпаратты және ашық деректерді орналастыру жөніндегі функцияны енгізу бойынша толықтыру енгізіледі.

«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына тілдерді дамыту саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаттарын, міндеттері мен қағидаттарын бекіту бойынша түзетулер енгізіледі. Сонымен бірге деректемелер мен көрнекі ақпаратты орналастыруға қойылатын талаптарды сақтау бойынша нормалар көзделген.

Заңды Сенат Парламентінде қарау барысында жоспардан тыс тексеру тағайындау негіздері, сондай-ақ тексеретін мемлекеттік органның құқықтары мен міндеттерін белгілеу бөлігінде толықтырулар енгізілді. Барлық түзетулер Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің нормаларына сәйкес келтірілді.

2024 жылғы 5 желтоқсандағы Заңды қарау барысында Заңның жекелеген баптарын бекітпеу және Заңның аталған баптарын жаңа редакцияда енгізу туралы ұсыныспен Заңды Мәжіліске қайтару ұсынылды.

2. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі, ақпарат, қоғамдық даму, мәдениет және архив ісі салаларында артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Қапбарова.

Заңға Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі «Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы» Жарлығын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі бастамашылық жасады.

Заңның мақсаты ақпарат, қоғамдық даму, мәдениет, архив ісі және Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы заңнаманы жетілдіру болып табылады.

Атап айтқанда, Заңда Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің құзыретін артық (шамадан тыс) заңнамалық регламенттеуді болғызбайтын нормаларды енгізу көзделеді.

Негізгі міндеттердің іске асырылуын қамтамасыз ететін, сондай-ақ мемлекеттік орган қызметінің ішкі рәсімдерімен, оның басқа мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылымен байланысты заңның негізгі ережелерін нақтылауға және іске асыруға бағытталған функциялар жеделдету мақсатында алып тасталды және заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерде айқындау ұсынылды.

Бұдан басқа, бірқатар салалық заңдарға заңнамалық актілердің мақсаттарын, міндеттері мен қағидаттарын айқындау бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Мәселен, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына жергілікті атқарушы органдардың діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды тарату үшін арнайы стационарлық үй-жайлардың орналасуын бекіту жөніндегі құзыреті «келісу» арқылы жеңілдетіледі.

Креативті индустрияларға қатысушылар үшін мемлекеттік қолдау шарасын көрсету мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретіне креативті индустрияны дамытуға жәрдемдесетін заңды тұлғаны айқындау жөніндегі функция, сондай-ақ креативті индустрия саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру жөніндегі уәкілетті органның құзыреті енгізілген.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауын орындау шеңберінде мемлекеттен берілетін бастапқы білім беру капиталын көздейтін «Келешек» бірыңғай ерікті жинақтау жүйесін енгізу жөніндегі нормалар енгізілді *(қазір іске асырылып жатқан мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі (МБЖЖ) «Келешектің» алаңы болады, ол білім беру жинақтау салымын ашуға және Қазақстанда және шетелде кәсіптік-техникалық, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу үшін оқуға ақы төлеуге мүмкіндік береді. Салымдар екінші деңгейдегі банктерде және өмірді*

сақтандыру компанияларында ашылады, онда мемлекеттен жыл сайынғы сыйлықақылар, инвестициялық табыс, салымдарға кепілдік беру, өндіріп алудан қорғау, оқу орнын таңдау бойынша шектеулердің болмауы, жас шектеулерінің болмауы көзделеді).

Заңның қабылдануы тиісті саладағы мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігі мен икемділігін арттыруға мүмкіндік береді, олардың шешім қабылдау процесін едәуір жеңілдетеді және жеделдетеді.

Заң 2024 жылғы 12 желтоқсанда Сенат отырысында мақұлданды.

3. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік наградалар, білім беру және баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Арғынбекова.

Заңды қабылдаудың мақсаты Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру және балалардың құқықтарын қорғау саласындағы заңнамасын жетілдіру, сондай-ақ құқықтық олқылықтар мен қайшылықтарды жою болып табылады.

Заңмен «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 7 Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Заңда жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтарын қорғау тетіктерін жетілдіруге бағытталған құқықтық нормалар, оның ішінде баланы қабылдайтын кәсіби отбасына балаларды орналастырудың балама нысанын белгілеу есебінен көзделеді. Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды баланы қабылдайтын кәсіби отбасына орналастыру тәртібі регламенттеледі, баланы қабылдайтын кәсіби тәрбиешілерді іріктеу, оқыту және еңбегіне ақы төлеу тетіктері, олардың құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ баланы қабылдайтын кәсіби отбасылардың қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын уәкілетті органдармен өзара іс-қимыл жасау түрлері айқындалады.

Заң шеңберінде мемлекеттік наградалар жүйесіне көлік, құрылыс, геологиялық-барлау, металлургия, тау-кен өндіру, аграрлық, су және экономиканың өзге де салаларының мамандары, сондай-ақ ғалымдар мен өнертапқыштар үшін құрметті атақтарды енгізуге бағытталған бірқатар түзетулер көзделген.

Заңмен Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамаға сәйкес қосымша білім беру ұйымдары үшін қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама жасау тәртібі, онлайн-оқыту түрі және техникалық және кәсіптік оқыту ұйымдарындағы академиялық ұтқырлық қағидаты, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан мектептерде әлеуметтік тұрғыдан осал отбасылардан шыққан балаларға әлеуметтік көмек көрсету тетіктері белгіленеді.

Бұдан басқа, Заңмен 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту саласында қызмет көрсететін ұйымдарды лицензиялау тәртібі енгізіледі.

Заң қабылданған кезде күтілетін нәтижелер білім беру процесінің сапасын арттыру және балалардың құқықтарын қорғау жүйесін күшейту болып табылады.

Заң 2024 жылғы 19 желтоқсанда Сенат отырысында мақұлданды.

4. «Зағиптардың және көру қабілеті бұзылған немесе баспа ақпаратын қабылдау қабілеті өзгедей шектелген адамдардың жария етілген туындыларға қол жеткізуін жеңілдету туралы Марракеш шартын ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Толамисов.

Заңның мақсаты 2013 жылғы 27 маусымда Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының дипломатиялық конференциясында қабылданған Зағиптардың және көру қабілеті бұзылған немесе баспа ақпаратын қабылдау қабілеті өзгедей шектелген адамдардың жария етілген туындыларға қол жеткізуін жеңілдету туралы Марракеш шартын (бұдан әрі – Шарт) ратификациялау болып табылады.

Шарт көру қабілеті бұзылған адамдар үшін әдеби және көркем шығармаларға қол жеткізуді жеңілдетуге, сондай-ақ кедергілерді жоюға және олардың физикалық қабілеттеріне қарамастан барлық азаматтар үшін білім мен жарияланған шығармаларға тең қол жеткізуді қамтамасыз етуге бағытталған.

Шарт Зағиптар мен нашар көретін адамдар үшін қолжетімді форматтағы туындыларды көбейтуге, таратуға, жалпыға ортақ назарға жеткізуге және жария түрде жариялауға мүмкіндік беру мақсатында авторлық құқықтарға қатысты шектеулер мен ерекшеліктердің стандартты жиынтығын көздейді.

Сонымен қатар, Шарт уәкілетті органдар желісі бойынша қолжетімді форматта туындылармен трансшекаралық алмасуды жүзеге асыруға, сондай-ақ зағиптар мен нашар көретін адамдарға арналған кітапханалар желісінің сақталуын және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазақстанның Марракеш шартына қосылуы көру қабілеті бойынша мүгедектігі бар адамдарға арналған кітаптарға, журналдарға, оқу материалдарына қолжетімділікті кеңейтуге, сондай-ақ қоғамның мәдени және әлеуметтік өміріне қолжетімділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және осындай адамдар үшін қолжетімді форматтарда жасалған туындылардың даналарымен халықаралық алмасуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Заң 2025 жылғы 16 қаңтарда Сенат отырысында мақұлданды.

5. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет, білім беру және тәлімгерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Нухұлы.

Заңның мақсаты мемлекеттік тілді қолдану аясын кеңейту, оның мәртебесін нығайту, баланың құқықтарын қорғау және білім беру саласындағы ұлттық заңнаманы одан әрі жетілдіру болып табылады.

Заңмен «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Мәдениет туралы», «Білім туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілеріне түзетулер енгізіледі.

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған тәлімгерлік институтын реттеу үшін «тәлімгерлік жөніндегі ұйым» ұғымы енгізіледі, тәлімгер болуға үміткер адамдардың тәлімгерлік бойынша оқытудан міндетті түрде өтуі белгіленеді, сондай-ақ тәлімгерлік бойынша оқытуды ұйымдастыратын ұйымдардың құқықтары мен міндеттері айқындалады.

«Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында қазақ тілінің сөздік қорына қолжетімділікті қамтамасыз ететін мемлекеттік ақпараттық жүйе ретінде Қазақ тілінің ұлттық сөздік қорын құруды, қазақ тілінің барлық стильдері мен жанрларының мәтіндерін қамтитын ақпараттық-анықтамалық жүйе ретінде Қазақ тілінің ұлттық корпусын құруды, қазақ тіліндегі мәтіндерді өңдеу, генерациялау және талдау үшін жасанды нейрондық желіге негізделген қазақ тілінің сөздік қорына қолжетімділікті қамтамасыз ететін ауқымды тіл моделін қалыптастыруды көздейтін түзетулер енгізіледі.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында білім беру саласындағы уәкілетті органның өз құзыреті шегінде стратегиялық, реттеу, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыру жөніндегі құзыреті белгіленеді. Дарынды оқушыларды мемлекеттік қолдау және олардың ғылыми қызметін ынталандыру мақсатында халықаралық ғылыми жобалар конкурстарының жеңімпаздары мен жүлдегерлері үшін конкурстан тыс мемлекеттік білім беру гранттарын беру жөніндегі норма көзделеді.

Заңның қабылдануы мемлекеттің мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі саясатын іске асыруға, сондай-ақ бала құқықтарын қорғау және білім беру салаларындағы заңнаманың сапасын жақсартуға ықпал ететін болады.

Заң 2025 жылғы 23 қаңтарда Сенат отырысында мақұлданды.

6. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дене шынықтыру және спорт, сондай-ақ артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Ә. Рахметова.

Заңның мақсаты дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнаманы жетілдіру, сондай-ақ артық заңнамалық регламенттеуді болдырмау болып табылады.

Атап айтқанда, Заңда мынадай жаңашылдықтар енгізу көзделеді:

- Олимпиадалық, Паралимпиадалық, Сурдлимпиадалық, Азиялық және Параазиялық ойындарда ұлттық командалардың өнер көрсетулерінің нәтижелері бойынша басым спорт түрлерін қалыптастыру;

- республикалық және өңірлік спорт федерацияларының мәртебесін ұлттық спорт федерацияларына өзгерту;

- жоғары жетістіктегі спортты, оның ішінде спорттың басым түрлерін бірінші кезекте қаржыландыруды жүзеге асыру;

- Ұлттық спорттық медицина және оңалту ұйымының қызметін Заңның жеке бабында регламенттеу;

- Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын спортшыларды бюджет қаражаты есебінен қаржыландыруға тыйым салу;

- спорт федерацияларын аккредиттеуге қойылатын талаптарды белгілеу;

- аккредиттелген спорт федерациясы үшін діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу шараларын қабылдау міндетін белгілеу;

- балалар-жасөспірімдер спорттық білім беру ұйымдарының жаттықтырушы-оқытушылары үшін аптасына 18 сағаттық нормативтік оқу жүктемесін белгілеу;

- дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органның республикалық мемлекеттік дене шынықтыру-спорт ұйымдарының бірінші басшыларына қатысты және жергілікті атқарушы органдардың – жергілікті мемлекеттік дене шынықтыру-спорт ұйымдарының бірінші басшыларына қатысты ротация жүргізуі;

- білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждеріне және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мектеп-интернаттарына оқуға қабылдау қағидаларын бекіту;

- жергілікті атқарушы органдар үшін дене шынықтыру және спорт саласындағы нысаналы индикаторлардың тізбесін бекіту.

Заңда сондай-ақ Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің құзыретін шамадан тыс заңнамалық регламенттеуді болдырмайтын нормалар көзделген.

Бұдан басқа, бірқатар салалық заңдарға заңнамалық актілердің мақсаттарын, міндеттері мен қағидаттарын айқындау бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Заң дене шынықтыру және спорт саласын реттеудің нормативтік негізін тұжырымдамалық тұрғыдан өзектендіруге мүмкіндік береді және

ұлттық заңнаманы және оның құқық қолдану практикасын одан әрі жетілдіруге ықпал ететін болады.

Заң 2025 жылғы 27 наурызда Сенат отырысында мақұлданды.

7. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау, ойын бизнесі және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Арғынбекова.

Заң денсаулық сақтау саласындағы заңнамалық реттеуді жетілдіру, ойын бизнесі саласындағы жарнамалық қызметті реттеуді оңтайландыру, құмар ойындарға қатысуды бақылауды күшейту, сондай-ақ міндетті медициналық сақтандыру жүйесінің ашықтығын арттыру мақсатында әзірленді.

Заңның міндеттері: мемлекеттік органдардың функцияларын нақтылау, денсаулық сақтау саласындағы заңнамада қайталанатын нормаларды жою; ойын бизнесі мен жарнамалық қызметті реттеуге өзгерістер енгізу; әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін жетілдіру болып табылады.

Заң «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне, сондай-ақ «Жарнама туралы», «Ойын бизнесі туралы» және «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейді.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне мыналарды көздейтін өзгерістер енгізілді:

- уәкілетті органның өкілеттіктерін нақтылау;
- ескірген нормаларды алып тастау;
- мүгедектігі жоқ адамдарға есту-протездік көмек көрсету туралы ережелер;
- тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінде онкологиялық ауруларды ерте анықтауға скринингтік зерттеулер жүргізу;
- атмосфералық ауаның жай-күйі туралы халықты бұқаралық ақпарат құралдарында тоқсан сайын хабардар ету;
- уәкілетті органның қарамағындағы денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдардың резидентура бағдарламаларын дербес іске асыру құқығы.

«Жарнама туралы» Қазақстан Республикасының Заңына букмекерлік кеңселер мен тотализаторлардың жарнамасын реттеуге, ойын бизнесі жарнамасын таратуға шектеулерге қатысты өзгерістер енгізілді және ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларына құмар ойындарының жарнамасын таратуға тыйым салатын нормалар енгізілді.

«Ойын бизнесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына бас бостандығын шектеуге сотталған немесе шартты түрде сотталған адамдар үшін құмар ойындарға қатысуға тыйым салынды.

«Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында қайталанатын нормалар алып тасталды, реттеуші органдардың өкілеттіктері нақтыланды.

Заңның қабылдануы денсаулық сақтау саласындағы құқықтық реттеуді жеңілдетуге, ойын бизнесінің халыққа теріс әсер ету тәуекелдерін азайтуға, аталған салалардағы мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Заң 2025 жылғы 10 сәуірде Сенат отырысында мақұлданды.

8. «Нысаналы капитал қорлары және эндаумент-қорлар (нысаналы капиталдар) туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Нухұлы.

Заңның мақсаты нысаналы капитал қорлары мен эндаумент-қорларды қалыптастыру және олардың жұмыс істеуі үшін құқықтық негіз жасау болып табылады.

Заңның негізгі міндеттері: нысаналы капитал қорларын құру, басқару және тарату, эндаумент-қорларды (нысаналы капиталдарды) қалыптастыру, толықтыру, тарату және олардың инвестициялық кірістерін пайдалану, эндаумент-қорлардың (нысаналы капиталдардың) активтерін сенімгерлік басқару кезінде туындайтын қатынастарды реттеу болып табылады.

Заңда эндаумент-қордың (нысаналы капиталдың) қайырымдылық бағдарламасында көзделген қайырымдылық объектілерін тұрақты қаржылық қолдау, инвестициялық декларацияға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес эндаумент-қордың (нысаналы капиталдың) активтерін инвестициялау, пайда алушыларға қайырымдылық көмек көрсету үшін қосымша қаражат тарту жөніндегі тетіктер, сондай-ақ нысаналы капитал қоры қызметінің ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз ету, салымшылардың заңды мүдделерін қорғау көзделеді.

Заңда эндаумент-қорды (нысаналы капиталды) заңды немесе жеке тұлғалардың эндаументтері есебінен қалыптастырылатын мүлік ретінде айқындауға, ақша қаражатынан, бағалы қағаздардан, жылжымайтын мүлік пен зияткерлік меншік объектілерінен тұратын эндаумент-қор активтерінің құрамын айқындауға, меценаттық қызмет объектілерін қаржыландыруға инвестициялық табысты қалыптастыру, толықтыру және нысаналы пайдалану тәртібін белгілеуге бағытталған нормалар ұсынылады.

Сондай-ақ, заңмен эндаумент-қорды басқару, қордың құрылтайшыларына, оның ішінде берілетін активтерге меншік құқығы және олардың ауыртпалықтардан бостандығы бойынша талаптар белгілеу, жоғары орган ретінде қамқоршылық кеңесті, атқарушы орган мен ішкі аудитті қамтитын қорды басқарудың ұйымдық құрылымын бекіту, қорды құру, мемлекеттік тіркеу, жұмыс істеуі және тарату тәртібін айқындауға арналған коммерциялық емес ұйым нысанындағы нысаналы капитал қорын (бұдан әрі – қор) құру жөніндегі нормалар бекітіледі.

Бұдан басқа, заңда пайда алушы ұсынатын қайырымдылық бағдарламасын іске асыру үшін білім беруге, ғылымға және инновациялық қызметке, бұқаралық спортқа, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге және медициналық қызметтер көрсетуге, халықты әлеуметтік қорғауға инвестициялық табысты пайдалану жөніндегі қаржыландыру мақсаттарын айқындайтын нормалар қайта қаралды.

Заңды қабылдау кезінде күтілетін нәтижелер мыналар болып табылады: эндаумент-қорлар есебінен тұрақты қаржыландыру көздерін құру, бұл әлеуметтік саланы, ғылымды, білім беру жүйесін дамытуға және олардың ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге ықпал ететін болады.

Заң 2025 жылғы 12 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

9. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне нысаналы капитал қорларының және эндаумент-қорлардың (нысаналы капиталдардың) қызметі, сондай-ақ Арал маңының қазақстандық бөлігінің экологиялық қолайсыз аумағы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Нухұлы.

Заңның мақсаты заңнаманы «Нысаналы капитал қорлары және эндаумент-қорлар (нысаналы капиталдар) туралы» Заңға сәйкес келтіру болып табылады.

Жоғарыда аталған ережелерді іске асыру Кәсіпкерлік кодексе, «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы», «Аудиторлық қызмет туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы», «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы», «Білім туралы», «Қайырымдылық туралы» және «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына бір мезгілде өзгерістер мен толықтырулар енгізуді талап етеді.

«Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында орыс тіліндегі мәтінде «Челкарского» деген сөз «Шалкарского», «Чардаринского» деген сөз «Шардаринского» деген сөздермен ауыстырылады, «Түркістан қаласының және» деген сөздер, Түркістан қаласының, Кентау қаласының (оның ішінде Бүргем) және оған іргелес жатқан елді мекендер – Ащысай, Хантағы, Байылдыр, Қарнақ ауылдарының (оның ішінде Күшата және Шаштөбе елді мекендерінің),» деген сөздермен, «Кентау қаласының» деген сөздер «Сауран ауданының» деген сөздермен, «Қарағанды облысының» деген сөздер «Ұлытау облысы» деген сөздермен ауыстырылады.

«Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы нысаналы капитал қоры нысанында құрылған қор жыл сайын 31 наурызға дейін үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті органға эндаумент-қордың (нысаналы капиталдың) инвестициялық кірісін пайдалану туралы есепті ұсынатын нормамен толықтырылады.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында эндаумент-қор (нысаналы капитал) – нысаналы капитал қорының эндаументтері (нысаналы салымдары) мен инвестициялық кірісі, сондай-ақ меншікті қаражаты есебінен қалыптастырылатын және (немесе) толықтырылатын және эндаумент-қордың (нысаналы капиталдың) қайырымдылық бағдарламасында көзделген қайырымдылық объектілерін қаржыландыру үшін пайдаланылатын нысаналы капитал қорының мүлкі деген анықтама беріледі.

Заңды қабылдау кезінде күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасында нысаналы капитал қорларының және эндаумент-қорлардың (нысаналы капиталдардың) қызметі үшін құқықтық негіз құру болып табылады.

Заң 2025 жылғы 12 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

10. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру және медициналық қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Арғынбекова.

Заң Мемлекет басшысының 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын орындау жөніндегі жалпыұлттық жоспарды іске асыру шеңберінде әзірленді.

Заңды қабылдаудың мақсаты міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (бұдан әрі – МӘМС) жүйесінің жұмыс істеуінің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін жетілдіру болып табылады.

Заң денсаулық сақтау жүйесін жақсартуға бағытталған бірқатар негізгі жаңашылдықтарды көздейді, оның ішінде:

- медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыру;
- үйлестіруді күшейту және оларды ұсыну тиімділігін арттыру үшін медициналық көрсетілетін қызметтердің бірыңғай пакетін қалыптастыру;
- халықты міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесімен (МӘМС) қамтуды кеңейту;
- азаматтардың, жұмыс берушілердің және мемлекеттің ортақтасып қатысуы есебінен денсаулық сақтау жүйесінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету;
- емдеудің ауырлығы мен құнын төмендету мақсатында аурулардың алдын алуды және ерте диагностиканы ынталандыру;
- медициналық ұйымдардың сапалы және тиімді қызметтер көрсетуге ынталануын арттыру;
- медициналық көмекті қаржыландыру саласында ашықтық пен есептілік тетіктерін енгізу.

Заңның қабылдануы міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру саласындағы нормативтік-құқықтық базаны өзектендіруге мүмкіндік

береді және ұлттық заңнаманы және құқық қолдану практикасын жетілдіру жолындағы маңызды қадам болмақ.

Заң 2025 жылғы 26 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

6.6. АГРАРЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР, ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ АУМАҚТАРДЫ ДАМЫТУ КОМИТЕТІ

1. «Биологиялық материал алмасу туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат С.Арубаев.

Заңның мақсаты 2022 жылғы 20 мамырда Минск қаласында қол қойылған Биологиялық материал алмасу туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) ратификациялау болып табылады.

Келісім жануарлардың жұқпалы ауруларының таралуын болғызбауға, аса қауіпті аурулардың зертханалық диагностикасын жетілдіруге, сондай-ақ микроорганизмдердің (штамдардың) ұлттық коллекцияларын толықтыруға және Келісімге қатысушы мемлекеттердің аумақтарын эпизоотиядан қорғауға бағытталған.

Осы халықаралық құжатта тараптардың эпизоотиялық ахуалы мен ғылыми мүдделерін ескеретін аккредиттелген және референттік зертханаларда (орталықтарда) биологиялық материалға зертханалық зерттеулер жүргізу көзделеді. Материалды іріктеу, қаптау және тасымалдау халықаралық стандарттарға, оның ішінде Дүниежүзілік жануарлар саулығын қорғау ұйымының ұсынымдарына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

Келісімге сәйкес алушы биоматериалды тиісті қорғау (биоқауіпсіздік) жүйесі бар өз зертханасында диагностикалық, мониторингтік жұмыстар және/немесе ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу мақсатында ғана пайдаланатын болады. Кез келген зерттеулер аяқталған соң алушы осы зерттеулерді жүргізу нәтижелері туралы өнім берушіні хабардар етуге міндеттенеді.

Тұтастай алғанда, Келісімді ратификациялау ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің жануарлардың жұқпалы ауруларының таралуын болғызбау және осындай аурулардың зертханалық диагностикасын жетілдіру жөніндегі күш-жігерін біріктіруге мүмкіндік береді.

Заң 2024 жылғы 3 қазанда Сенат отырысында мақұлданды.

2. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы экология және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат О. Булавкина.

Заңның мақсаты 2022 жылғы 22 желтоқсанда Ташкентте қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы экология және қоршаған ортаны қорғау саласындағы

ынтымақтастық туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) ратификациялау болып табылады.

Келісім қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастықты дамытуға және тиісінше Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы экология және қоршаған ортаны қорғау саласындағы достық қатынастарды нығайтуға бағытталған, олардың қатарында:

- атмосфералық ауаның ластануының алдын алу және оны бақылау;
- судың ластануының алдын алу және оны бақылау;
- қатты тұрмыстық және қауіпті қалдықтарды басқару;
- биологиялық әртүрлілікті сақтау;
- экожүйені тозудан қорғау және құмды дауылдардың алдын алу;
- климаттың өзгеруіне бейімделу және басқа да мәселелер бар.

Бұдан басқа, Келісімде Арал бассейніндегі экологиялық жағдайды жақсарту жөніндегі бірлескен іс-шараларды әзірлеу көзделеді.

Осы халықаралық құжат шеңберінде қоршаған ортаны мониторингтеу саласындағы бірлескен ғылыми-зерттеу қызметі мәселелері бойынша бірлескен конференциялар, дөңгелек үстелдер, кездесулер, сондай-ақ жұмыс топтарын өткізу көзделеді.

Сонымен қатар, Келісім нормаларымен Тараптар мемлекеттерінің шекара маңындағы аумақтарында қоршаған ортаның жай-күйі туралы ақпарат алмасу регламентін әзірлеу, өзара хабардар ету және қоршаған ортаға трансшекаралық әсер ететін төтенше жағдайлар бойынша қажетті шаралар қабылдау айқындалған.

Заң 2024 жылғы 24 қазанда Сенат отырысында мақұлданды.

3.«Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ауыл шаруашылығы өніміне арналған қоймалық куәліктерді шығару (беру), олардың айналысы және өтелу қағидалары туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат З.Кузиев.

Заңның мақсаты 2023 жылғы 31 шілдеде Мәскеу қаласында қол қойылған Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ауыл шаруашылығы өніміне арналған қоймалық куәліктерді шығару (беру), олардың айналысы және өтелу қағидалары туралы келісімді ратификациялау болып табылады.

Келісім ЕАЭО шеңберінде ауыл шаруашылығы және ауыл шаруашылығы өнімдерінің өзара саудасы саласындағы ынтымақтастықты дамытуға бағытталған, сондай-ақ:

- қоймалық куәліктердің тұрақты айналысын, сондай-ақ қоймалық куәліктерді ұстаушылар үшін қаржы ресурстарының қолжетімділігін қамтамасыз етуге;
- аграрлық саланың кірістілігін арттыруға, ауыл шаруашылығы тауарларының электрондық саудасын дамытуға мүмкіндік береді, бұл ЕАЭО елдерінің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің аумағына қарай қашықтықта орналасуы жағдайында аса өзекті болып отыр;

- ЕАЭО нарығында қоймалық куәліктерді ілгерілетуге және пайдалануға, нарық конъюнктурасы қолайлы болған кезеңде қоймалық куәліктерді кепілге қою арқылы кредиттік қаражатты тарту және тауарды өткізу мүмкіндігі есебінен аграрлық саланың кірістілігін арттыруға жәрдемдесуге мүмкіндік береді.

Келісімге сәйкес қоймалардың қоймалық куәліктер бойынша міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Бұл ретте мүше мемлекеттерде қоймалық куәліктер бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету жүйесіне қойылатын талаптарды одаққа мүше елдердің ұсыныстары негізінде ЕАЭО Кеңесі айқындайтын болады.

Заң 2024 жылғы 28 қарашада Сенат отырысында мақұлданды.

4. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы өсімдіктер карантині және оларды қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат Е. Әйткенов.

Заңның мақсаты 2022 жылғы 10 мамырда Анкарада қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы өсімдіктер карантині және оларды қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) ратификациялау болып табылады.

Келісімнің негізгі мақсаты фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және екі мемлекеттің аумағында карантиндік зиянды организмдердің әкелінуі мен таралуын болғызбау үшін өсімдіктер карантині және оларды қорғау саласындағы екіжақты ынтымақтастықты дамыту болып табылады.

Келісімнің күші фитосанитариялық шаралар тұрғысынан, әсіресе халықаралық тасымалдау жағдайларында зянкестер үшін жасырыну орны бола алатын немесе олардың таралуын жеңілдететін кез келген өсімдікті, өсімдік өнімін, жинау орнын, қаптаманы, тасымалдауды, контейнерді, топырақты және кез келген басқа организмді, объектіні немесе материалды қоса алғанда, карантинге жатқызылған барлық материалдарға қолданылады.

Келісім:

- өсімдіктер карантині және оларды қорғауға қатысты нормативтік құқықтық актілермен, карантиндік зиянды организмдердің ұлттық тізбесімен және басқа да ережелермен алмасу;

- фитосанитариялық жағдай және карантиндік зиянды организмдерді анықтау және тарату жағдайлары, сондай-ақ олармен күресу және оларды бақылау тәсілдері туралы хабардар ету;

- өсімдіктер карантині және оларды қорғау саласындағы ғылыми-зерттеу институттары мен ұйымдары арасындағы ғылыми ынтымақтастықты дамыту бойынша міндеттемелерді белгілейді.

Бұдан басқа, Келісім әкелінетін жүктерге, фитосанитариялық сертификаттауға және жүктердің транзитіне қатысты талаптарды белгілейді.

Заң 2025 жылғы 20 ақпанда Сенат отырысында мақұлданды.

5. Қазақстан Республикасының Су кодексі

Заңды жүргізген депутат Ж. Жөргенбаев.

Қазақстан Республикасының Су кодексі су заңнамасын жетілдіру мақсатында 2022 жылғы 8 ақпандағы Үкіметтің кеңейтілген отырысында берілген Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес әзірленді.

Кодекстің негізгі мақсаты – елдің су ресурстарын ұтымды пайдалану, қорғау және тазарту.

Кодекс су қорын қорғау және пайдалану саласындағы қатынастарды реттеуге, оның ішінде су ресурстарын қорғаудың оларды пайдаланудан басымдығы призмасы арқылы су шаруашылығы және гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және болашақта болжанатын су тапшылығы аясында экономиканың барлық салаларында су үнемдеу қағидатын енгізуге бағытталған.

Кодексте мыналарға бағытталған бірқатар түзетулер қарастырылған:

1) *су қорын қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау.* Атап айтқанда, жедел ден қою және су саласында тәртіп орнату мақсатында Кәсіпкерлік кодекстің қолданысынан су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде өз бетінше су пайдалану және тыйым салынған қызметті жүзеге асыру сияқты бұзушылықтардың түрлерін алып тастау ұсынылды. Сондай-ақ, арнайы су пайдалану шарттарын бұзатын және рұқсат етілген су пайдалану көлемінен асатын су пайдаланушыларға қатысты жедел ден қою шараларын қабылдай отырып, мемлекеттік қадағалауды енгізу көзделеді. Жергілікті атқарушы органдардың су қорын қорғау және пайдалану саласындағы өздеріне жүктелген функцияларды сақтауын мемлекеттік бақылау жеке регламенттелді;

2) *жерасты су ресурстарын қорғау мен пайдалануды реттеу.* Атап айтқанда, Ұлттық гидрогеологиялық қызметті қайта құруға байланысты су қорын қорғау және пайдалану саласындағы уәкілетті органға жерасты сулары бойынша мемлекеттік мониторинг және іздеу-бағалау жұмыстарын жүргізу бойынша өкілеттіктер берілді. Бұдан басқа, судың бекітілген қорлары болған кезде олардың сарқылуына жол бермеу мақсатында жер асты суларын алу көлемі нақтыланды;

3) *елді мекендердің шекарасынан тыс орналасқан, су қорғау белдеулері мен аймақтары белгіленбеген су объектілерін қорғау ерекшеліктері.* Елді мекендер шегінде орналасқан су қорғау аймақтары мен белдеулері үшін Кодексте көзделген шаруашылық қызметтің шектеулерін осы аумақтарға да тарату ұсынылды;

4) *су қорын қорғау және пайдалану саласында ғылыми және ақпараттық-талдау қызметін жүзеге асыру.* Кодекс су ресурстарын тиімді басқару, іргелі зерттеулерді жүзеге асыру, оның ішінде климаттың өзгеруіне

бейімделу, экономика салаларында су үнемдеу технологияларын енгізу мақсатында тиісті қызметті регламенттейтін баппен толықтырылды;

5) осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін су қорғау белдеулерінің учаскелерінде тұрғызылған *тұрғын үйлер мен өзге де құрылыстардың құқықтық мәртебесін нақтылау;*

6) «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодекстің ережелерімен үйлестіру мақсатында қолданыстағы жер қойнауын пайдалану жөніндегі келісімшарттарға су объектілерінде және су қорғау белдеулерінде шаруашылық қызметті жүргізуге *белгіленген тыйымдарды таратпау;*

7) *елді мекендерді сумен жабдықтаудың техникалық жүйелерін құру.* Су ресурстарын үнемдеу және сақтау және ауыз суды техникалық қажеттіліктер үшін пайдалануға жол бермеу мақсатында оларды құру мүмкіндігін көздеу ұсынылды;

8) қоршаған ортаға тазартылмаған сарқынды сулардың зиянды шығарындыларын азайту мақсатында *елді мекендерді су бұру мәселелерін регламенттеу;*

9) *уәкілетті органға суармалы жерлерге гидромелиорациялық мониторинг жүргізу және суару үшін су беру бойынша тарифтік реттеу жөніндегі функцияларды беру.* Бұл түзетулер су ресурстарын ұтымды пайдалану, ауыл шаруашылығында су үнемдеу технологияларын енгізу және суармалы жерлер алаңын ұлғайту жөніндегі қызметті күшейту мақсатында енгізілді;

10) *ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге* арнайы су пайдалануға рұқсат алмай, суару үшін екі миллион текше метрге дейінгі көлемде еріген суды жинақтауға және одан әрі пайдалануға мүмкіндік беру.

Сондай-ақ климаттың өзгеруіне бейімделуге бағытталған түзетулер енгізілді. Атап айтқанда, су заңнамасы шеңберінде мемлекеттік органдардың судың зиянды әсерінің (су тасқыны немесе құрғақшылық) алдын алу жөніндегі іс-қимылдарының алгоритмі жазылады.

Жоғарыда айтылғандармен қатар, Кодекс нормаларын қолданыстағы заңнамаға және заң техникасының ережелеріне сәйкес келтіруге байланысты редакциялық-нақтылау сипатындағы түзетулер енгізілді.

Кодекс 2025 жылғы 20 наурызда Сенат отырысында мақұлданды.

6. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне су қорын қорғау және пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Ж. Жөргенбаев.

Заң қолданыстағы заңнаманы жаңа Су кодексінің нормаларына сәйкес келтіру және су ресурстарын қорғау және пайдалану саласындағы қатынастарды құқықтық реттеуді жетілдіру мақсатында әзірленді.

Заңмен Азаматтық, Жер, Орман, Кәсіпкерлік және Экология кодекстеріне, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Қазақстан Республикасындағы

сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы», «Электр энергетикасы туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына және т.б. түзетулер енгізіледі.

Азаматтық кодексте стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайлардың құқықтық мәртебесін нақтылауға бағытталған толықтыру енгізілді.

Халықты ауызсумен үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында Азаматтық кодекс пен «Мемлекеттік мүлік туралы» Заң халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету объектілері болып табылатын иесіз су шаруашылығы құрылысжайларын сот коммуналдық меншікке түскен деп танығанға дейін уақытша пайдалануды көздейтін нормалармен толықтырылды.

Жер кодексіне елді мекендер жерінің құрамындағы су объектілері алып жатқан жерлерді пайдалану режимін реттеу бөлігінде су заңнамасына сәйкес түзету ұсынылады. Сондай-ақ су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шекараларын, сондай-ақ оларды шаруашылық пайдалану режимін белгілемей, су кемерінен бес жүз метр шегінде жерүсті су объектілеріне іргелес жер учаскелерін беруге тыйым салу көзделген.

Кәсіпкерлік кодексіне түзетулер енгізілді, онда су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде өз бетінше су пайдалануға және тыйым салынған қызметті жүзеге асыруға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру мақсатында су қорын қорғау және пайдалану саласындағы талаптарды сақтауға байланысты мемлекеттік бақылау мен қадағалау көрсетілген Кодекстің 13-тарауының қолданысынан шығарылды.

Экология кодексі су қорғау аймақтарында қызметті жүзеге асыру кезіндегі экологиялық талаптарды регламенттейтін нормалармен толықтырылды.

Заң 2025 жылғы 20 наурызда Сенат отырысында мақұлданды.

7. «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне су қорын қорғау және пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Ж. Жөргенбаев.

Заңның негізгі мақсаты жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнаманың нормаларын Қазақстан Республикасының жаңа Су кодексінің ережелерімен үйлестіру болып табылады.

Заңмен Каспий теңізінің қазақстандық секторында көмірсутектерді барлау және өндіру, жерасты суларын барлау мен тарту, сондай-ақ кен іздестіру, тұз және емдік балшық өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге рұқсат көзделетін түзетулер енгізіледі.

Бұл ретте Арал өңірінің ерекше экологиялық мәртебесін ескере отырып, Арал теңізі шегінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге тыйым салу белгіленеді.

Бұдан басқа, жер асты суларын басқару бөлігінде мемлекеттік органдар арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату көзделеді. Атап айтқанда, Мемлекет басшысының Ұлттық гидрогеологиялық қызметті қайта құру туралы тапсырмаларын іске асыру мақсатында өздігінен ағып жататын иесіз авариялық гидрогеологиялық ұңғымаларды жою мен консервациялау және жерасты суларына іздестіру-бағалау жұмыстарын жүргізу жөніндегі функциялар Су ресурстары және ирригация министрлігінің қарамағына берілді.

Заңда сондай-ақ су ресурстарын басқаруға жауапты мемлекеттік органдардың өкілеттіктері нақтыланады. Егер қатты пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу жерүсті су объектілерінің су қорғау аймақтары шегінде көзделсе, теңіз объектілерін құруға және орналастыруға рұқсаттарды, сондай-ақ тау-кен жұмыстарының жоспарын келісуге уәкілетті бассейндік су инспекцияларының рөлі күшейтілді.

Сондай-ақ, түзетулермен неғұрлым нақты терминология енгізіледі, атап айтқанда, жерасты суларына қатысты «өндіру» ұғымдарын «тарту» ұғымдарына ауыстыру су ресурстары мен минералды-шикізат ресурстарының аражігін ажыратуға мүмкіндік береді. Бұл нормаларды қолдану кезінде екіұштылықты жояды және құқық қорғау қателіктерінің ықтималдығын азайтады.

Заңның қабылдануы норманың келісілуін қамтамасыз етеді, артық реттеуді жояды және жер қойнауын пайдалану және су ресурстары саласындағы мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттырады. Бұл жерасты суларын неғұрлым ұтымды пайдалануға және экологиялық қауіпсіздікті нығайтуға жағдай жасайды.

Заң 2025 жылғы 20 наурызда Сенат отырысында мақұлданды.

8. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне су қорын қорғау және пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Ж. Жөргенбаев.

Заң су ресурстарын қорғау және оларды бақылау тиімділігін арттыру мақсатында әзірленген.

Мәселен, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайлардың қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз етудегі бұзушылықтар үшін әкімшілік жаза белгілейтін жаңа 359-1-баппен толықтырылады. Бұл бап су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайлардың техникалық жай-күйін зерттеп-қарауды жүргізбегені немесе тиісінше жүргізбегені, төтенше жағдайлар кезінде жоғары қауіп төндіретін гидротехникалық құрылысжайларды көпфакторлы зерттеп-қарауды жүргізбегені немесе тиісінше жүргізбегені, сондай-ақ гидротехникалық құрылысжайларды гидротехникалық құрылысжайлардың қауіпсіздігі декларациясынсыз пайдаланғаны үшін жауаптылықты көздейді.

Заңда осындай құқық бұзушылық түрлері бойынша санкцияларды қатаңдату көзделеді:

- арнаулы белгілерді жою;
- су қорына мемлекеттік меншік құқығын бұзу;
- өнеркәсіптік қауіпсіздік және гидротехникалық құрылысжайлардың қауіпсіздігі саласындағы аттестатталатын жұмыс түрлерін жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу;
- су объектілерін және олардағы су ресурстарын ластанудан, қоқыстанудан және сарқылудан қорғау жөніндегі талаптарды бұзу, сондай-ақ судың зиянды әсерінің алдын алу жөніндегі шараларды қабылдамау;
- су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларды, құрылғыларын, алынған және ағызылған су ресурстарының көлемін өлшеу құралдарын және сумен жабдықтаудың өртке қарсы жүйелерін бүлдіру, оларды пайдалану қағидаларын бұзу;
- белгіленген су сервитуттарын бұзу және басқалар.

Бұдан басқа, су қорын қорғау және пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті субъектілер нақтыланады.

Заң 2025 жылғы 20 наурызда Сенат отырысында мақұлданды.

9. «Аквашаруашылық туралы»

Заңды жүргізген депутат С. Дүйсембинов.

Заң жаңа өндірістерді құру және (немесе) жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту, бәсекеге қабілетті аквашаруашылық объектілерін өсіру көлемін ұлғайту және аквашаруашылық объектілерінің адам өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға қауіпсіз болуын қамтамасыз ету жолымен аквашаруашылықты орнықты дамыту мақсатында әзірленді.

Нормаларды біркелкі және бір мәнді түсіндіру мақсатында Заңда «аквашаруашылық объектілері», «балық өсіру объектілері», «балық өсіру тоғаны», «балық өсіру бассейні», «аквашаруашылықтың ақпараттық жүйесі» сияқты және басқа да ұғымдар баяндалды.

Мемлекеттік органдардың құзыреттері нақтыланды. Мәселен, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне аквашаруашылықты дамытудың жай-күйін бағалауды жүргізу, аквашаруашылық субъектілерінің ақпараттық жүйесі мен тізілімін жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту өкілеттіктері берілді. Жергілікті атқарушы органдарға аквашаруашылық субъектілерін және аквашаруашылықты дамытуды қамтамасыз ететін субъектілерді субсидиялауды жүзеге асыру жөніндегі өкілеттіктер берілді.

Бұдан басқа, Заңда аквашаруашылық саласында қызметті жүзеге асырудың негізгі шарттары регламенттеледі. Мәселен, аквашаруашылық субъектілері қызметінің түрлері, балық шаруашылығы су айдынын немесе учаскесін конкурстық және конкурстан тыс негізде бекіту тәртібі, тоғанды, индустриялық және өсімін молайту шаруашылығы қызметін жүзеге асыруға қойылатын талаптар нақтыланды. Сондай-ақ аквашаруашылық

субъектілері үшін аквашаруашылық саласындағы биологиялық негіздемені әзірлеу және оларды дамыту жоспарын бекіту бойынша міндеттемелер енгізілді.

Заңда аквашаруашылықты мемлекеттік ынталандыру жөніндегі нормалар көзделген. Мәселен, аквашаруашылықты субсидиялау аквашаруашылық өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыру және асыл тұқымды балық шаруашылығын дамыту, инвестициялық салымдар кезінде шығыстардың бір бөлігін өтеу, су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау, кредит беру кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау сияқты бағыттар бойынша жүзеге асырылатын болады.

Заңда аквашаруашылық саласындағы мемлекеттік бақылау да көзделеді, ол бақылау субъектісіне (объектісіне) барып тексеру, профилактикалық бақылау және бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай-ақ профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылатын болады.

Заң 2025 жылғы 15 мамырда Сенат отырысында мақұлданды.

10. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аквашаруашылық, агроөнеркәсіптік кешен, электр энергетикасы және жекелеген орталық мемлекеттік органдардың функцияларын қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат С. Дүйсембинов.

Заңның негізгі мақсаты қолданыстағы заңнама нормаларын «Аквашаруашылық туралы» Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне сәйкес келтіру болып табылады.

Заңмен Жер, Орман, Кәсіпкерлік және Экология кодекстеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 13 Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Мәселен, «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңға:

- балық шаруашылығы субъектілерін балық және басқа да су жануарлары мониторингінің ақпараттық жүйесінде тіркеуді;

- балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның балықтар мен басқа да су жануарларының жаппай қырылу қаупін болғызбау, сондай-ақ олардың қырылу салдарын жою үшін көмек көрсету тәртібін айқындау жөніндегі өкілеттіктерін кеңейтуді;

- өсімін молайту кешенінің мемлекеттік кәсіпорындарына мемлекеттік тапсырыс шеңберінде балық өсімін молайту мақсаттары үшін балық шаруашылығы су айдынын және (немесе) учаскесін конкурссыз алу құқығын беруді;

- Экология және табиғи ресурстар министрлігі мен Ауыл шаруашылығы министрлігі арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажыратуды және басқаларды көздейтін түзетулер енгізіледі.

Заңда агроөнеркәсіптік кешен мен электр энергетикасын дамытуға бағытталған нормалар көзделеді. Мәселен, «Астық туралы» Заңға жем

қорын қамтамасыз етуге және басқаруға, сондай-ақ астық нарығы жөніндегі операторға жем қорының астығын сақтау жөніндегі шығыстарды өтеуге бағытталған түзетулер енгізілді.

Инвестициялық келісім жасасқан экспортқа бағдарланған ірі өндірушілерді қолдау мақсатында «Электр энергетикасы туралы» Заңға электр энергиясына инвестициялық тариф енгізуге бағытталған түзетулер енгізілді.

Заң 2025 жылғы 15 мамырда Сенат отырысында мақұлданды.

11. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің міндеттемелеріне кепілдік беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат О. Булавкина.

Заң ерекше қорғалатын табиғи аумақтар (бұдан әрі – ЕҚТА) саласындағы заңнаманы жетілдіруге, ЕҚТА саласындағы құқықтық реттеудегі олқылықтарды жоюға бағытталған.

Заңда ЕҚТА құрылғанға дейін де орман қоры мен ЕҚТА жерлерінде орналасқан әлеуметтік және стратегиялық объектілердің, инфрақұрылымдардың жұмыс істеуімен байланысты проблемалық мәселелерді шешу көзделеді. Атап айтқанда, Заңда ЕҚТА-ның жер учаскелерін әлеуметтік (емдеу және білім беру мекемелері, қазіргі бар зираттар), инженерлік инфрақұрылым (кәріз-тазарту құрылысжайлары, электр беру желілері) объектілерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін ҚР Үкіметінің шешімі бойынша босалқы жерлерге ауыстыру айқындалады.

Сонымен қатар, шектеулі шаруашылық қызмет аймағындағы ЕҚТА-ның жер учаскелерін жеке және заңды тұлғаларға туризм объектілеріне инженерлік инфрақұрылым (жолдар, көпірлер, электр беру желілері және басқа да коммуникациялар) салу үшін үлгілік шарт негізінде ЕҚТА-ның жерлерін босалқы жерлерге ауыстырмай беру ұсынылады. Үлгілік шарттың нысанын ҚР Үкіметі бекітеді.

Бұл ретте ауыстырылатын учаскенің нысаналы мақсатын жердің басқа санаттарына одан әрі өзгертуге жол берілмейді, сондай-ақ ЕҚТА-ның шекаралары бойынша екі шақырымдық аумақта олардың күзет аймағы белгіленгенге дейін қала құрылысы жобаларын түзетуге, жер учаскелерінің нысаналы мақсатын өзгертуге тыйым салынады.

Алакөл мемлекеттік табиғи қорығының аумағында жергілікті халықтың мұқтаждары үшін шөп шабуға рұқсат беретін нормалар регламенттелген.

Сондай-ақ, Заңда мынадай мәселелер регламенттеледі: орман көміртегі офсеттеріне құқықтық иелік ету және оларды сату; орман өрттерін сөндіру үшін әуе кемелерін тартқан жағдайға авиаотын резервін құру; мемлекеттік орман қорының жерлерін қуаты 100 МВт-ға дейінгі ГЭС құрылысы үшін басқа санаттағы жерлерге ауыстыру және т.б.

Ауылдық жерлерде қызметін жүзеге асыратын табиғат қорғау мекемелерінің жұмыскерлеріне Заңда ҚР заңнамасына сәйкес кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар белгіленеді.

Мемлекеттік табиғи қаумалдар аумақтарында орналасқан магистральдық құбырларды реконструкциялау, күрделі жөндеу, жою жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыруға рұқсат көзделеді.

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қарыздарына кепілдік беру құралдарын кеңейту мақсатында арнайы қор іске асыратын бизнесті қаржылық қолдау құралдарының жұмыс істеуінің құқықтық негіздері заңнамамен бекітіледі.

Заңда Астана қаласының орманды саябақ аймағы режимінің ерекшеліктері де айқындалған.

Заң 2025 жылғы 19 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

VII. СЕНАТ КОМИТЕТТЕРІ ӨТКІЗГЕН ІС-ШАРАЛАР

(2024 жылғы 2 қыркүйек – 2025 жылғы 30 маусым)

Комитеттің атауы	Парлам. тыңдау	Үкімет сағаты	Көшпелі іс-шаралар	Дөңгелек үстелдер және басқа	Кездесу-лер	Барлығы
Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті	1	-	12	13	1	**27**
Қаржы және бюджет комитеті	-	1	7	12	8	**28**
Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті	-	1	8	7	2	**18**
Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті	-	1	6	9	10	**26**
Әлеуметтік мәдени даму және ғылым комитеті	1	-	13	11	2	**27**
Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті	1	1	10	6	9	**27**
Барлығы:	**3**	**4**	**56**	**58**	**32**	**153**

ПАРЛАМЕНТТІК ТЫҢДАУЛАР – 3

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті – 1

2024 жылғы 6 желтоқсан – «Азық-түлік қауіпсіздігі – ұлттық қауіпсіздіктің негізгі құрамдас бөлігі» тақырыбындағы парламенттік тыңдаулар.

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті – 1

2025 жылғы 28 ақпан – «Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Еңбек адамы – ұлттық экономиканың өсуі мен ел өркендеуінің негізі» тақырыбына арналған парламенттік тыңдаулар.

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті – 1

2025 жылғы 11 сәуір – Сот және құқық қорғау жүйелерінің, сондай-ақ нормашығармашылық қызметтің сапасын арттыру мақсатында мемлекеттік органдардың заң қызметтерінің кадрлық әлеуетін нығайту аясында заң білімін дамыту мәселелері бойынша парламенттік тыңдаулар.

ҮКІМЕТ САҒАТТАРЫ – 4

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті – 1

2025 жылғы 31 қаңтар – Көктемгі су тасқынына дайындық мәселелері бойынша Үкімет сағаты (себептері, салдары және қабылданып жатқан шаралар).

Қаржы және бюджет комитеті – 1

2025 жылғы 31 мамыр – «Экономиканы мемлекеттік қаржыландырудан жеке қаржы институттарының қаржыландыруына баса назар аудару» тақырыбындағы Үкімет сағаты.

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті – 1

2025 жылғы 23 мамыр – Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «ҚР автомобиль жолдарын салу және пайдалану: ағымдағы жай-күйі, өзекті мәселелері мен оларды шешу жолдары» тақырыбындағы Үкімет сағаты.

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті – 1

2025 жылғы 3 маусым – «Жасыл» инвестициялар тартуды және қолжетімді үздік техниканы кеңінен қолдануды мемлекеттің көтермелеуі мен ынталандыруы бөлігінде Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексі нормаларының іске асырылуы туралы» тақырыбындағы Үкімет сағаты.

КОМИТЕТТЕРДІҢ КӨШПЕЛІ ІС-ШАРАЛАРЫ – 56

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті – 12

2024 жылғы 15 қазан – «ҚР мемлекеттік қызмет: Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде одан әрі дамудың жетістіктері мен перспективалары» тақырыбындағы дөңгелек үстел (Астана қ., Мемлекеттік қызмет істері агенттігі).

2024 жылғы 5 қараша – «Прокуратура туралы» ҚР Конституциялық заңын қабылданған күннен бастап іске асыру бойынша екі жыл қорытындысы» тақырыбындағы Комитеттің ҚР Бас прокуратурадағы көшпелі отырысы.

2024 жылғы 8 қараша – Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде құқық бұзушылықтардың алдын алу және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша Комитеттің Ақмола облысынағы көшпелі отырысы (Ақмола облысы полиция департаментінің базасында).

2024 жылғы 29 қараша – Қазақстанның БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы Конвенциясын ратификациялауының 30 жылдығына арналған «Қазақстан Республикасындағы балалардың құқықтарын қорғау: жетістіктері мен одан әрі даму перспективалары» тақырыбындағы конференция (Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары жөніндегі уәкілімен және БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) Қазақстан Республикасындағы Өкілдігімен бірлесіп) (Астана қ. Президенттік орталық).

2024 жылғы 10 желтоқсан – Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің басшылығымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қарсы күрестің тиімділігін арттыру мәселелері бойынша **кездесу** (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің базасында, Астана қ.).

2024 жылғы 18 желтоқсан – Қабылданған күннен бастап екі жылдың қорытындысы бойынша «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық

заңын іске асыру мәселелері бойынша Адам құқықтары жөніндегі уәкілмен кездесу (Адам құқықтары жөніндегі уәкілінің офисі).

2025 жылғы 4 ақпан – Сот және құқық қорғау жүйелерінің, сондай-ақ норма шығармашылық қызметтің сапасын арттыру мақсатында мемлекеттік органдардың кадрлық әлеуетін нығайту аясында заң білімін дамыту мәселелері бойынша Парламенттік тыңдауларға дайындық шеңберінде ҚР Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясына бару (Сот төрелігі академиясы).

2025 жылғы 4 ақпан – «Qazpatent Ұлттық зияткерлік меншік институты» РМК қызметінің мәселелері бойынша Комитеттің көшпелі отырысы (ҚР Әділет министрлігімен бірлесіп, Астана қ.).

2025 жылғы 20 ақпан – «Заң шығармашылығының сапасын арттыру факторы ретінде құқықтық актілердің оқуға жарамдылығын бағалау құралдары» тақырыбында MNU Maqsut Narikbayev University алаңында Комитеттің көшпелі отырысы.

2025 жылғы 27 ақпан – Сот және құқық қорғау жүйелерінің, сондай-ақ норма шығармашылық қызметтің сапасын арттыру мақсатында мемлекеттік органдардың кадрлық әлеуетін нығайту аясында заң білімін дамыту мәселелері бойынша парламенттік тыңдауларға дайындық шеңберінде ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің басшылығымен заңгерлік білім беру сапасын арттыру мәселелері бойынша жұмыс кездесуі.

2025 жылғы 13 мамыр – Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігі қызметінің мәселелері бойынша Комитеттің көшпелі отырысы (Қарағанды облыстық сотының базасында, Қарағанды қ.).

2025 жылғы 3-4 маусым – Заңның үстемдігін қамтамасыз ету және адам құқықтарын сақтау мәселелері бойынша Жетісу облысындағы Комитеттің көшпелі отырысы (құқық қорғау органдары, сот жүйесі өкілдерінің, сондай-ақ адам және бала құқықтары жөніндегі өңірлік өкілдердің қатысуымен (облыс мәслихатының базасында).

Қаржы және бюджет комитеті – 7

2024 жылғы 10-12 қазан – АЭА экономикалық тиімділігі мәселелері бойынша Алматы облысына («Alatau» АЭА) және Алматы қаласына («ИТП» АЭА) Комитеттің баруы (Алматы қ, және Алматы обл.).

2024 жылғы 15 қазан – КЖ/ТҚҚ саласындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігіне бару.

2025 жылғы 22 қаңтар – «Салықтық және кедендік ақпараттық жүйелердің өзекті мәселелері» тақырыбында Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің басшылығымен, сондай-ақ «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдерімен көшпелі кездесу.

2025 жылғы 30 қаңтар – «Астана» халықаралық қаржы орталығына АХҚО және оның қатысушыларының қызметі бойынша сапар «Астана» халықаралық қаржы орталығы.

2025 жылғы 21 ақпан – «Saran» индустриялық аймағының экономикалық тиімділігі мәселелері бойынша Комитеттің Қарағанды облысына сапары.

2025 жылғы 15-17 мамыр – Мемлекеттік-жекешелік әріптестік мәселелері бойынша Комитет мүшелерінің Шығыс Қазақстан облысына баруы (Шығыс Қазақстан облысы).

2025 жылғы 4 маусым – Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы Агенттіктің талдамалық мүмкіндіктері мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы мониторингі агенттігіне бару.

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті – 8

2024 жылғы 30 қазан – Қазақстан Республикасының радиациялық және сейсмикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі Комитеттің көшпелі отырысы (Абай обл., Курчатов қ.).

2024 жылғы 5 қараша – Аэроғарыш өнеркәсібіне қатысты мәселелер бойынша Қызылорда облысындағы Комитеттің көшпелі отырысы (Байқоңыр қ.).

2024 жылғы 10 желтоқсан – Ресей Федерациясымен шекаралық ынтымақтастық шеңберінде шекаралық өткізу пункттерін дамыту жөнінде Комитеттің кеңейтілген отырысы (Петропавл қ., Солтүстік Қазақстан обл.).

2024 жылғы 18 желтоқсан – Қарулы күштердің қызметін әскери-техникалық қамтамасыз ету мәселелері бойынша 68665 әскери бөлім басшылығымен кездесу (Астана қ., «Теміржол» тұрғын үй алабы, Әскери бөлім).

2025 жылғы 14 ақпан – Әскери авиацияны дамыту және Қазақстан Әскери-әуе күштерінің жауынгерлік әзірлігін арттыру мәселелері жөнінде Комитеттің көшпелі отырысы (Астана қ. ҚР Ұлттық ұланының авиациялық базасы).

2025 жылғы 1 сәуір – ҚР ТЖМ «Қазавиақұтқару» АҚ қызметі мәселелері жөнінде Комитеттің көшпелі отырысы (Астана қ., «Қазавиақұтқару» АҚ).

2025 жылғы 30 сәуір – Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерін медициналық қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі Комитеттің көшпелі отырысы (Астана қ., ҚМ және ДСМ госпитальдары).

2025 жылғы 27 мамыр – Әскери қалашық басшылығымен (44813) әскери қызметшілерді әлеуметтік-тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселелерін талқылау бойынша кездесу (Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Ақмол ауылы).

**Экономикалық саясат,
инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті – 6**

2024 жылғы 11 қазан – «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне бизнес жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы шеңберінде тиімді атаулы қолдауды қамтамасыз ете отырып, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдеріне бағаны мемлекеттік реттеуден бас тарту мәселелері жөнінде ҚР Сауда және интеграция министрлігінің басшылығымен (пилоттық жоба бойынша) кездесу (Ақкөл қ.).

2024 жылғы 21 қазан – Мемлекеттік қолдауға ие болған кәсіпкерлік субъектілерінің басым жобалары бойынша «Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ басшылығымен кездесу («Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ).

2024 жылғы 11-13 қараша – Солтүстік Қазақстан облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарының өзекті мәселелері бойынша Солтүстік Қазақстан облысына бару (Солтүстік Қазақстан обл., Петропавл қ.).

2024 жылғы 18 қараша – Сенат Төрағасының қатысуымен «Машина жасауды дамытудың заңнамалық негіздері» тақырыбындағы дөңгелек үстел (Қостанай қ.).

2025 жылғы 7-9 сәуір – Қазақстандағы автомобиль жолдары желісін дамыту мәселелері бойынша үкімет сағатына дайындық шеңберінде, соның ішінде Үлкен Алматы айналма автомобиль жолын (ҮААААЖ) пайдалану мәселелері бойынша Комитеттің Алматы қаласына баруы.

2025 жылғы 20-21 маусым – 2021-2025 жылдарға арналған Ұлытау облысының даму жоспарының өзекті мәселелері бойынша Комитеттің Ұлытау облысына шығуы (Ұлытау облысы).

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті – 13

2024 жылғы 11 қыркүйек – ҚР Үкіметінің әлеуметтік блок бойынша мүшелерінің және ҚР Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің Әлеуметтік-мәдени даму комитеттерінің мүшелерінің Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі бірлескен отырысы (Назарбаев университеті).

2024 жылғы 17 қазан – «Денсаулық сақтау жүйесін кадрлық қамтамасыз етудің өзекті мәселелері» тақырыбына арналған Абай облысына көшпелі отырысын өткізуге дайындық шеңберінде Комитет мүшелерінің Астана қаласы әкімдігінің «Жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ МКК-не баруы.

2024 жылғы 18 қазан – Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: Заң және тәртіп, экономикалық өсу, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Еңбек адамы – ұлттық экономиканың өсуі мен ұлттың өркендеуінің негізі» тақырыбындағы

Парламенттік тыңдауларға дайындық шеңберіндегі Комитет мүшелерінің Қарағанды облысы Теміртау қаласына («Теміртау политехникалық колледжі» МКҚК, «Теміртау кәсіптік-техникалық колледжі» КММ, «Теміртау медициналық колледжі» ЖМ және «Qarmet» АҚ) бару (Қарағанды облысы, Теміртау қаласы).

2024 жылғы 31 қазан – 2 қараша – Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Денсаулық сақтау жүйесін кадрлық қамтамасыз етудің өзекті мәселелері» тақырыбында Абай облысындағы Комитеттің көшпелі отырысы (Абай облысы).

2024 жылғы 8 қараша – Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: Заң және тәртіп, экономикалық өсу, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Еңбек адамы – ұлттық экономиканың өсуі мен ұлттың өркендеуінің негізі» тақырыбындағы парламенттік тыңдауға дайындық шеңберінде Ақмола облысы Аршалы ауданына бару.

2024 жылғы 12 қараша – Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Бұқаралық спорт пен параспорттың қазіргі жағдайы мен даму тенденциялары» тақырыбындағы дөңгелек үстел өткізуге дайындық шеңберінде Паралимпиадалық дайындық орталығы және №5 Балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған олимпиадалық резерв спорт мектебіне Комитет мүшелерінің баруы (Астана қ. Паралимпиадалық дайындық орталығы, №5 Балалар мен жасөспірімдердің маман. олимпиадалық резерв спорт мектебі).

2024 жылғы 28 қараша – «Бір ел – бір мүдде» депутаттық тобының этножурналистиканы және шетелдегі қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдарды мемлекеттік қолдау мәселелерін қарауға арналған отырыс (Астана қ. «Қазмедиа орталығы»).

2024 жылғы 24 желтоқсан – «Еңбек адамы – ұлттық экономиканың өсуі мен ұлттың өркендеуінің негізі» тақырыбындағы парламенттік тыңдауларға дайындық шеңберінде «Технологиялық колледжі» Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына бару.

2024 жылғы 24 желтоқсан – «Еңбек адамы – ұлттық экономиканың өсуі мен ұлттың өркендеуінің негізі» тақырыбындағы парламенттік тыңдауларға дайындық шеңберінде «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның объектілеріне бару («Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының жол қашықтығы, электрмен жабдықтау қашықтығы, дабыл және байланыс қашықтығы – магистральдық желінің Ақмола бөлімшесі филиалы).

2025 жылғы 22 қаңтар – Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Денсаулық сақтау

жүйесін цифрландырудың және медициналық сақтандыруды дамытудың өзекті мәселелері» тақырыбы бойынша Комитеттің көшпелі отырысы (ҚР ЦДИАӨМ).

2025 жылғы 24 қаңтар – Сенат Төрағасының қатысуымен «Қазақстан өңірлерінде еңбек ресурстарын дамыту: қазіргі жағдайы мен келешегі» тақырыбына арналған дөңгелек үстел (СҚО, Петропавл қаласы).

2025 жылғы 29 қаңтар – Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Еңбек адамы – ұлттық экономиканың өсуі мен ұлт өркендеуінің негізі» тақырыбындағы парламенттік тыңдауларға дайындық шеңберінде Павлодар облысына Комитеттің көшпелі отырысы (Павлодар облысы, Павлодар қаласы).

2025 жылғы 3 мамыр – Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы мен Комитет депутаттарының қатысуымен Абай ұлттық мектебінің мазмұндық бағытын талқылауға арналған кеңес.

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті – 10

2024 жылғы 17 қыркүйек – «Республикалық мал шаруашылығын асылдандыру орталығы «Асыл түлік» АҚ-на барумен (Қосшы қаласы) «ҚР асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы заңнамасын жетілдіру» тақырыбында дөңгелек үстел (Қосшы қаласы).

2024 жылғы 12 қараша – «Азық-түлік қауіпсіздігі – ұлттық қауіпсіздіктің негізгі құрамдас бөлігі» тақырыбындағы Парламенттік тыңдауларға дайындық шеңберінде Ветеринария жөніндегі ұлттық референттік орталыққа және Ұлттық сараптама орталығына бару (Астана қ. Ветеринария жөніндегі ұлттық референттік орталық, Ұлттық сараптама орталығы).

2024 жылғы 19-21 желтоқсан – Қазақстан Республикасы Президентінің «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру аясында Алматы облысында ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу мәселелері бойынша Комитеттің көшпелі отырысы (Алматы облысы).

2025 жылғы 24-25 ақпан – Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жол-дауын іске асыру шеңберінде суару жүйелерін жаңғырту және су шаруашылығы мамандарын даярлау мәселелері бойынша Жамбыл облысындағы Комитеттің көшпелі отырысы (М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті негізінде).

2025 жылғы 19 наурыз – ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің басшылығымен агроөнеркәсіптік кешенді цифрландыру мәселелері бойынша кездесу (ҚР ЦДИАӨМ ғимараты).

2025 жылғы 10 сәуір – Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру аясында «Ауыл шаруашылығы білім, ғылым және өндіріс интеграциясы» тақырыбындағы «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КЕАҚ-қа барумен Комитеттің кеңейтілген отырысы (Астана қ., С.Сейфуллин атындағы агротехникалық университеті).

2025 жылғы 24-26 сәуір – Мемлекет тарапынан «жасыл» инвестицияларды тартуды және қолжетімді үздік техниканы кеңінен қолдануды ынталандыру мәселелері бойынша Комитеттің Атырау облысындағы көшпелі отырысы (үкімет сағатына дайындық барысында) Комитеттің көшпелі отырысы (Атырау қаласы).

2025 жылғы 21 мамыр – Мемлекет тарапынан «жасыл» инвестицияларды тартуды және қолжетімді үздік техниканы кеңінен қолдануды ынталандыру бөлігінде ҚР Экологиялық кодексін іске асыру бойынша Үкімет сағатына дайындық аясында «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ басшылығымен кездесу (Астана қ., «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы»).

2025 жылғы 10 маусым – ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі басшылығының қатысуымен «Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы дақылдарының селекциялық және тұқым шаруашылығын дамытудың проблемалары мен перспективалары» тақырыбындағы Комитеттің кеңейтілген отырысы (А.И.Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығына барумен, Ақмола облысы, Шортанды ауданы, Шортанды кенті).

2025 жылғы 12-14 маусым – Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде ауыл тұрғындары өндірген өнімді қайта өңдеу және оны өткізу инфрақұрылымын құру мәселелері бойынша Комитеттің Павлодар облысындағы Комитеттің көшпелі отырысы (Павлодар облысы).

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛДЕР ЖӘНЕ БАСҚА ІС-ШАРАЛАР – 58

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті – 13

2024 жылғы 12 қараша – «Конституциялық бақылау – конституциялық заңдылық пен мемлекеттің Ата заңының үстемдігін қамтамасыз етудің маңызды факторы» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

2025 жылғы 6 ақпан – Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде инвесторлардың құқықтары

мен заңды мүдделерін қорғау мәселелері бойынша Комитеттің отырысына дайындық шеңберінде Ұлттық цифрлық инвестициялық платформаның тұсаукесері *(Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетімен бірлесіп)*.

2025 жылғы 11 ақпан – «Төрелік туралы» ҚР Заңын іске асыру мәселелері және оны одан әрі дамыту перспективалары» тақырыбында Комитеттің отырысы («Атамекен» ҰКП және МТҚБ «Парламентаризм институты» ШЖҚ РМК-мен бірлесіп).

2025 жылғы 18 ақпан – Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде инвесторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселелері бойынша Комитеттің отырысы. *(Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетімен бірлесіп)*.

2025 жылғы 21 ақпан – Еңбек сіңірген мәдениет қайраткерлерінің ұжымдық үндеуін қарау аясындағы авторлық құқықты қорғау мәселелері бойынша Комитеттің отырысы.

2025 жылғы 25 ақпан – Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жол-көлік оқиғаларының алдын алу мәселелері» тақырыбында дөңгелек үстел.

2025 жылғы 12 наурыз – Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты мен мәслихаттар арасындағы өзара іс-қимылды одан әрі жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру шеңберінде өңірлер мәслихаттарының депутаттарымен олардың заң шығару жұмысына қатысу мәселелері жөніндегі Комитеттің отырысы.

2025 жылғы 30 сәуір – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлерін қылмыстық сипаттан арылту және Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру шеңберінде «Кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын қорғау» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

2025 жылғы 14 мамыр – «Жасанды интеллект: оның технологияларын құқық қорғау және сот қызметіне енгізу және қолдану» тақырыбындағы Комитеттің отырысы.

2025 жылғы 5 маусым – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңның таныстырылымы

2025 жылғы 9 маусым – «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін жетілдіру, құқық қорғау органдарының, арнаулы

мемлекеттік органдардың, азаматтық қорғау органдарының қызметкерлерін және әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету және әлеуметтік қорғау, сондай-ақ ішкі істер органдарының қызметі саласында артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының таныстырылымы.

2025 жылғы 10 маусым – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мәселелері жөніндегі Комитеттің отырысы.

2025 жылғы 12 маусым – «Қазақстан Республикасы Конституциясының отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» Заңының таныстырылымы.

Қаржы және бюджет комитеті – 12

2024 жылғы 17 желтоқсан – «ҚР Бюджет кодексі», «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне бюджет заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу және «Концессиялар туралы» ҚР Заңының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарының таныстырылымы.

2024 жылғы 25 желтоқсан – Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Салық саясатының және салықтық әкімшілендіруді жетілдірудің өзекті мәселелері» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

2025 жылғы 3 ақпан – «Жоғары аудиторлық палатаның мемлекеттік аудитінің қорытындылары бойынша «ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің бюджеттері арасында есепке жатқызуға және бөлуге жататын кедендік әкелу баждарының сомаларын есепке жатқызу және бөлу» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

2025 жылғы 12 ақпан – «Зейнет ақы активтерін басқарудың тиімділігі» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

2025 жылғы 20 ақпан – Қазақстан Республикасы Президентінің «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығын іске асыру шеңберінде «Жекешелендіру процесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

2025 жылғы 26 ақпан – «Өзекті институционалдық негіздер: мемлекеттік аудитті одан әрі дамыту» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

2025 жылғы 6 наурыз – Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Инвестициялық ахуалды және

бизнесті жүргізу үшін жағдайларды жақсарту» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

2025 жылғы 5 мамыр – Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Банк қызметін реттеудің жаңа тәсілдерін әзірлеу» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

2025 жылғы 12 мамыр – «Қазақстан Республикасының Салық кодексі»; «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарының таныстырылымы.

2025 жылғы 13 мамыр – «Орнықты даму мақсаттарына (ОДМ) қол жеткізудегі мемлекеттік қаржының рөлі» тақырыбына арналған семинар.

2025 жылғы 20 мамыр – Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Қазақстандағы мемлекеттік-жекешелік әріптестік: мәселелер мен перспективалар» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

2025 жылғы 21 мамыр – Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Жоғары аудиторлық палатаның 2024 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерінің таныстырылымы.

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті – 7

2024 жылғы 1 қазан – Әскери қызметшілерді және олардың отбасын әлеуметтік қамтамасыз етуді жақсарту жөніндегі өзекті мәселелері туралы Комитеттің кеңейтілген отырысы.

2024 жылғы 26 қараша – Әскери білім және ғылым мәселелері бойынша: түлектерге сұраныс, оларды жұмысқа орналастыру, ғылыми кадрлар, жоғары оқу орнынан кейінгі және әскери оқу орындарында қосымша оқыту туралы Комитеттің тақырыптық отырысы.

2025 жылғы 21 қаңтар – Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Шекара бөлімдерінің (бөлімшелерінің) ғимараттары мен құрылыстарын жобалау, салу және реконструкциялау мәселелері жөніндегі комитеттің отырысы.

2025 жылғы 28 қаңтар – Ғылыми қаланы құру және дамыту Тұжырымдамасы жобасын талқылау бойынша комитеттің кеңейтілген отырысы.

2025 жылғы 25 ақпан – Биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі Комитеттің тақырыптық отырысы.

2025 жылғы 13 мамыр – Өнеркәсіптік объектілерде өртке қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі Комитеттің тақырыптық отырысы.

2025 жылғы 28 мамыр – Азаматтық қорғау жүйесін дамыту мәселелері бойынша дөңгелек үстел.

**Экономикалық саясат,
инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті – 9**

2024 жылғы 18 қараша – «Қазақстан Республикасындағы машина жасауды дамытудың заңнамалық негіздері» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

2024 жылғы 18 желтоқсан – «Қазақстандағы сыртқы сауда қызметін дамыту» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

2025 жылғы 29 қаңтар – «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне экспорттық-кредиттік агенттік және шикізаттық емес тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспортын ілгерілету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы шеңберінде құрылған Экспорттық-кредиттік агенттігі қызметінің мәселелері жөнінде Комитеттің кеңейтілген отырысы.

2025 жылғы 6 ақпан – Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде инвесторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселелері бойынша Комитеттің отырысына дайындық шеңберінде Ұлттық цифрлық инвестициялық платформаның тұсаукесері *(Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетімен бірлесіп.).*

2025 жылғы 18 ақпан – Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде инвесторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселелері бойынша Комитеттің отырысы *(Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетімен бірлесіп).*

2025 жылғы 12 наурыз – Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде шағын және орта бизнеске мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігі мәселелері бойынша дөңгелек үстел.

2025 жылғы 2 сәуір – Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Қазақстан Республикасында азаматтық авиацияны дамыту» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

2025 жылғы 30 сәуір – «Жылу энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңын іске асыру мәселелері бойынша Комитеттің отырысы.

2025 жылғы 3-4 маусым – «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне астананы және республикалық маңызы бар қалаларды, ұлттық жобаларды дамыту, кәсіпкерлік және мемлекеттік органдардың функцияларын оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңның таныстырылымы.

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті – 11

2024 жылғы 20 қараша – Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Бұқаралық спорт пен параспорттың қазіргі жағдайы мен даму тенденциялары» тақырыбындағы дөңгелек үстел.

2024 жылғы 4 желтоқсан – «Әлеуметтік әмиян» тетігін енгізу және азаматтардың осал санаттарын әлеуметтік қолдау жүйесін жетілдіру» тақырыбындағы Комитеттің кеңейтілген отырысы.

2025 жылғы 12 наурыз – «Жасөспірім қыздардың құқығын қорғау, ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбы бойынша дөңгелек үстел.

2025 жылғы 27 наурыз – Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Демографиялық өсу – ұлттың бәсекелестік артықшылықтарының негізі» тақырыбына арналған Үкімет сағатында қабылданған ұсынымдарды іске асыру қорытындылары» Комитеттің кеңейтілген отырысы.

2025 жылғы 16 сәуір – Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Кәсіби стандарттар жүйесін жетілдіру және әлеуметтік қызметкерлерді даярлау» тақырыбында дөңгелек үстел.

2025 жылғы 22 сәуір – Сенат Спикері Жұмысшы мамандықтар жылын өткізуге арналған іс-шаралар жоспары аясында Мемлекет басшысы жүктеген міндеттерді іске асыру мәселелері жөніндегі жиын.

2025 жылғы 14 мамыр – «Кітапхана ісін дамытудың заманауи тенденциялары» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

2025 жылғы 16 мамыр – Сенат Төрағасының тапсырмасына сәйкес «Қазақстан Республикасындағы Мультииндикаторлық кластерлік зерттеудің 7-ші раундының нәтижелері» тақырыбындағы отырыс.

2025 жылғы 21 мамыр – Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Республикалық бюджеттің әлеуметтік сала шығыстары бойынша мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы» тақырыбындағы Комитеттің кеңейтілген отырысы.

2025 жылғы 2 маусым – «Нысаналы капитал қорлары (эндаумент-қорлар) туралы» және «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне нысаналы капитал қорларының (эндаумент-қорлардың) қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР заңдарының таныстырылымы.

2025 жылғы 5 маусым – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының таныстырылымы.

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті – 6

2024 жылғы 30 қазан – ҚР Президентінің Қазақстан халқына «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауын іске асыру аясында «Аграрлық секторды тікелей субсидиялаудан қолжетімді несиелендіруге көшу» тақырыбындағы дөңгелек үстел.

2025 жылғы 28 қаңтар – Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауын іске асыру барысында «Қазақстан Республикасындағы ормандарды молықтыру және орман шаруашылығын дамыту» тақырыбында Комитеттің кеңейтілген отырысы.

2025 жылғы 5 ақпан – Қазақстан Республикасының мақта өнеркәсібін және оны өңдеуді дамыту мәселелері бойынша Комитеттің кеңейтілген отырысы.

2025 жылғы 6 наурыз – «Қазақстан Республикасының балық шаруашылығын және аквамәдениетін дамыту саласындағы заңнамасын жетілдіру» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

2025 жылғы 11 маусым – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының таныстырылымы.

2025 жылғы 20 маусым – «Ауылдық елді мекендерді сапалы байланыспен және кең жолақты интернетпен қамтамасыз етудің жай-күйі туралы» тақырыбындағы дөңгелек үстел.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ БАСШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСУЛЕР – 32

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті – 1

2025 жылғы 9 маусым – Құқық бұзушылықтардың алдын алу, вандализм мен лудоманияға қарсы күресті күшейту мәселелері бойынша ҚР Ішкі істер министрлігінің басшылығымен кездесу.

Қаржы және бюджет комитеті – 8

2024 жылғы 16-17 қыркүйек – Экономиканың жекелеген салаларындағы салық саясатының проблемалық мәселелерін талқылау бойынша мүдделі мемлекеттік органдармен және «Атамекен» ҰКП-мен кездесу.

2024 жылғы 30 қыркүйек – ХВҚ өкілдерімен бюджеттік-фискалдық саясатты жетілдіру мәселелері бойынша кездесу.

2024 жылғы 2 қазан – Алматы қаласы маслихаты депутатының салық саясаты және әкімшілендірудің жекелеген мәселелеріне қатысты өтініші бойынша кездесу.

2025 жылғы 27 наурыз – Жалпы сипаттағы трансферттер шеңберінде бюджетаралық қатынастар жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша мүдделі мемлекеттік органдармен кездесу.

2025 жылғы 17 сәуір – 2025 жылдан бастап Еуразиялық экономикалық одақта мүлікті бағалау жөніндегі қызметтердің бірыңғай нарығына көшу шеңберінде бағалау қызметін жетілдіру мәселелері бойынша уәкілетті мемлекеттік органдармен және мемлекеттік емес ұйымдармен кездесу.

2025 жылғы 23 сәуір – Мемлекеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігін жасауға кезең кезеңімен көшу шаралары туралы мүдделі мемлекеттік органдармен кездесу.

2025 жылғы 25 сәуір – Парламент Сенатының Төрағасының Солтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапарының қорытындысы бойынша берілген хаттамалық тапсырмалардың орындалуын талқылау бойынша мүдделі мемлекеттік органдармен кездесу.

2025 жылғы 29 сәуір – «Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын басқарудың тиімділігі» тақырыбында мүдделі мемлекеттік органдармен кездесу.

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті – 2

2025 жылғы 13 наурыз – Әскери зейнеткерлердің өтініштері бойынша жұмыс кездесуі.

2025 жылғы 18 наурыз – Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша мүдделі мемлекеттік органдармен кездесу.

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті – 10

2024 жылғы 18 қыркүйек – Атом және энергетика саласын дамыту мәселелері бойынша Энергетика министрлігінің өкілдерімен кездесу.

2024 жылғы 15 қазан – Қазақстандағы сыртқы сауда қызметін дамыту» тақырыбына арналған дөңгелек үстелге дайындық шеңберінде уәкілетті мемлекеттік органдармен, мүдделі ұйымдармен және бизнес-қоғамдастықпен кездесу.

2024 жылғы 29 қараша – Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан

халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде азаматтық авиацияны дамыту мәселелері бойынша мемлекеттік органдар мен ұйымдарының өкілдерімен кездесу.

2025 жылғы 22 қаңтар – «ҚР азаматтық авиацияны дамыту» тақырыбына арналған дөңгелек үстелге дайындық шеңберінде мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерімен кездесу.

2025 жылғы 12 ақпан – «ҚазАвтоЖол «ҰК» АҚ басшылығымен «ҚР автомобиль жолдарын салу және пайдалану: ағымдағы жай-күйі, өзекті мәселелері мен оларды шешу жолдары» тақырыбындағы Үкімет сағатына дайындық шеңберінде кездесу.

2025 жылғы 20 ақпан – «Қазақстан Республикасындағы азаматтық авиацияны дамыту» тақырыбына арналған дөңгелек үстелге дайындық шеңберінде мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерімен кездесу.

2025 жылғы 18 наурыз – «ҚР азаматтық авиацияны дамыту» тақырыбына арналған дөңгелек үстелге дайындық шеңберінде мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерімен кездесу.

2025 жылғы 15 сәуір – «Қазақстан Республикасындағы автомобиль жолдарын салу және пайдалану: ағымдағы жай-күйі, өзекті мәселелері мен оларды шешу жолдары» тақырыбындағы үкімет сағатына дайындық шеңберінде уәкілетті мемлекеттік органдармен кездесу.

2025 жылғы 22 сәуір – Қазақстан Республикасындағы автомобиль жолдарын салу және пайдалану: ағымдағы жай-күйі, өзекті мәселелері мен оларды шешу жолдары» тақырыбындағы үкімет сағатына дайындық шеңберінде жергілікті атқарушы органдармен, мемлекеттік органдармен және ұйымдармен жұмыс кездесуі.

2025 жылғы 29 мамыр – Екінші атом электр станциясын салу орны жөніндегі ұсыныс енгізу мәселесі бойынша мүдделі мемлекеттік органдармен жұмыс кездесуі.

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті – 2

2025 жылғы 19 наурыз – Қазақстан Республикасындағы ойын бизнесі мен лотерея қызметі жөнінде қабылданған заңнамалық өзгерістердің қолданыстағы тәжірибесін талқылау бойынша Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің басшылығымен кездесу.

2025 жылғы 4 маусым – Ғылыми-техникалық қызметті дамыту және жоғары оқу орындарының экономиканың нақты секторымен байланысын күшейту мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің басшылығымен кездесу.

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті – 9

2024 жылғы 17 қазан – Шаруа қожалықтарын жанар-жағармай

және минералды тыңайтқыштармен қамтамасыз ету мәселелері бойынша мүдделі мемлекеттік органдардың басшылығымен кездесу.

2024 жылғы 8 қараша – Қазақстанда тері және жүнді өңдеу мәселелері бойынша мүдделі мемлекеттік органдардың басшылығымен кездесу.

2024 жылғы 20 қараша – Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз ету мәселесі бойынша мүдделі мемлекеттік органдардың басшыларымен кездесу.

2024 жылғы 29 қараша – «Азық-түлік қауіпсіздігі – ұлттық қауіпсіздіктің негізгі құрамдас бөлігі» тақырыбындағы Парламенттік тыңдауға дайындық шеңберінде мүдделі мемлекеттік органдармен жұмыс кездесу.

2025 жылғы 24 қаңтар – ҚР Президентінің «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде азаматтарды түрлі ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруге оқыту орталықтарын құру және олардың жұмыс істеуі мәселелері бойынша мүдделі мемлекеттік органдардың басшылығымен кездесу

2025 жылғы 19 ақпан – ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен ҚР Сауда және интеграция министрлігінің басшылығымен Қазақстан Республикасындағы қант өнеркәсібін дамыту мәселелері бойынша кездесу.

2025 жылғы 22 сәуір – ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің өкілдерімен Бақша және жүзім шаруашылықтарын дамыту мәселелері мен болашағы бойынша кездесу.

2025 жылғы 30 сәуір – Қазақстан Республикасының ветеринариялық қызметін дамыту мәселелері бойынша мүдделі мемлекеттік органдардың басшылығымен кездесу.

2025 жылғы 25 маусым – Халықты азық-түлікпен қамтамасыз етудегі жеке қосалқы шаруашылықтардың рөлі, ауыл тұрғындарының табысын арттыру және оларды қолдау мен дамыту шаралары туралы» тақырыбында Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Сауда және интеграция министрлігі басшылықтарымен кездесу.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУЫ САЛАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕРДІҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫН МОНИТОРИНГІЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ ПАРЛАМЕНТТІК КОМИССИЯ

(2023 жылғы 20 маусымдағы Парламенттің қаулысы)

1	ӘШІМБАЕВ Мәулен Сағатханұлы	–	Парламент Сенатының Төрағасы
2	ПЕРЕПЕЧИНА Ольга Валентиновна	–	Сенат Төрағасының орынбасары
3	РАУ Альберт Павлович	–	Мәжіліс Төрағасының орынбасары
4	АЛДАШЕВ Сүйіндік Тасеменұлы	–	Парламенті Сенаты Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің төрағасы

5	БЕКТАЕВ Әли Әбдікәрімұлы	–	Парламенті Сенаты Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің төрағасы
6	ЖҮСІП Нұртөре Байтілесұлы	–	Парламенті Сенаты Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы
7	САБИЛЬЯНОВ Нұртай Салихұлы	–	Парламенті Мәжілісі Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің төрағасы
8	БОЛЬГЕРТ Евгений Андреевич	–	Парламенті Сенаты Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің хатшысы
9	БУЛАВКИНА Ольга Александровна	–	Парламенті Сенаты Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің Хатшысы
10	БЕКНАЗАРОВ Нұрлан Құдияұлы	–	Парламенті Сенаты Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы
11	КАРПЛЮК Сергей Алексеевич	–	Парламенті Сенаты Қаржы және бюджет комитетінің хатшысы
12	ЗЕЙНУЛЛИН Аян Талғатұлы	–	Парламенті Мәжілісі Экология және табиғатты пайдалану мәселелері жөніндегі комитеттің мүшесі
13	КАЗАНЦЕВ Павел Олегович	–	Парламенті Мәжілісі Аграрлық мәселелер комитетінің мүшесі
14	РАҚЫМЖАНОВ Асхат Нұрмағамбетұлы	–	Парламенті Мәжілісі Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі
15	СТАМБЕКОВ Ерлан Дәулетұлы	–	Парламенті Мәжілісі Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі
16	ҚОШМАМБЕТОВ Айтуар Асқарұлы	–	Парламенті Мәжілісі Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің мүшесі
17	ЕРУБАЕВ Серік Сәрсенұлы	–	Парламенті Мәжілісі Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі
18	СМИРНОВА Ирина Владимировна	–	Парламенті Мәжілісі Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі

2024 жылғы 14 қазан – «Орнықты даму жолында әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін қамтамасыз ету (ОДМ 5)» тақырыбында ҚР орнықты дамуы саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуын мониторингілеу жөніндегі парламенттік комиссияның отырысы.

2024 жылғы 13 желтоқсан – «Орталық Азияның орнықты дамуы: парламенттер мен жергілікті өкілді органдардың рөлі» тақырыбында Орталық Азия елдері парламенттері өкілдерінің қатысуымен ҚР орнықты

дамуы саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуына мониторингілеу жөніндегі парламенттік комиссияның кеңейтілген отырысы.

2025 жылғы 11 наурыз – «Орнықты болашақ үшін биоәртүрлілікті сақтау және құрлықтағы экожүйелерді ұтымды пайдалану (ОДМ 15)» тақырыбында ҚР орнықты дамуы саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуын мониторингілеу жөніндегі парламенттік комиссияның отырысы.

2025 жылғы 2 маусым – «Қалалар мен елді мекендердің орнықты дамуын қамтамасыз ету: инфрақұрылым және жоспарлау (ОДМ 9, 11) тақырыбында ҚР орнықты дамуы саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуын мониторингілеу жөніндегі парламенттік комиссияның отырысы.

ПАРЛАМЕНТ СЕНАТЫНЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ СЕНАТОРЛАР КЕҢЕСІ

2024 жылғы 11-13 қазан – Кеңес мүшелерінің Қызылорда облысына баруы.

2025 жылғы 4 наурыз – Сенаторлар кеңесінің отырысы.

2025 жылғы 17-18 сәуір – Кеңес мүшелерінің Шығыс Қазақстан облысына баруы.

ЖЕРГІЛІКТІ ӨКІЛДІ ОРГАНДАРМЕН (МӘСЛИХАТТАРМЕН) ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС

(2023 жылғы 15 мамырдағы Сенат Бюросының қаулысы)

Жергілікті өкілді органдармен (мәслихаттармен) өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестің лауазымдық құрамы

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Төрағасының орынбасары, Кеңес төрағасы;

«Өңір» депутаттық тобының жетекшісі, Кеңес төрағасының орынбасары *(Сенат депутаттарымен өзара іс-қимыл мәселелері);*

«Қазақстан мәслихаттары депутаттарының бірлестігі» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы, Кеңес төрағасының орынбасары *(мәслихаттармен өзара іс-қимыл мәселелері);*

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы;

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің төрағасы;

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы;

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің төрағасы;

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің хатшысы;

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің хатшысы;

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттарының төрағалары;

Мемлекеттік басқару жүйесін дамыту және өңірлік даму саласында басшылықты, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы басшысының орынбасары.

2025 жылғы 3-4 сәуір – Сенат Төрағасының және барлық деңгейдегі мәслихат төрағаларының қатысуымен Кеңестің кеңейтілген отырысы (Тәуелсіздік сарайы).

«ӨҢІР» ДЕПУТАТТЫҚ ТОБЫ

(2023 жылғы наурызда құрамы жаңартылды)

1	ШАЙДАРОВ Серік Жаманқұлұлы	Депутаттық топтың жетекшісі, Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің хатшысы	*Ұлытау облысы*
2	АРҒЫНБЕКОВА Айнұр Серікпайқызы	Депутаттық топ жетекшісінің орынбасары, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің хатшысы	*Абай облысы*
3	ЖЕКСЕНБАЙ Бибигүл Нұрғалиқызы	Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі	*Астана қаласы*
4	АСАНОВА Жанна Бейсентайқызы	Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі	*Алматы қаласы*
5	ҚАПБАРОВА Айгүл Жарылқасынқызы	Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі	*Шымкент қаласы*
6	БЕКЕНОВ Нұрлан Жексембайұлы	Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі	*Ақмола облысы*
7	НҰҒМАНОВ Амангелді Шайхоллаұлы	Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі	*Ақтөбе облысы*

8	ДҮЙСЕМБИНОВ Сұлтан Мырзабекұлы	Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі	*Алматы облысы*
9	ЛҰҚПАНОВ Сағындық Есенғалиұлы	Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі	*Атырау облысы*
10	БҰҚТҰҒҰТОВ Шәкәрім Сабырұлы	Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі	*Шығыс Қазақстан облысы*
11	АРУБАЕВ Сәкен Қаланұлы	Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі	*Жамбыл облысы*
12	ӨТЕҒҰЛОВ Арман Кәрімұлы	Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі	*Батыс Қазақстан облысы*
13	ЕРШОВ Сергей Михайлович	Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі	*Қарағанды облысы*
14	РҮСТЕМОВ Руслан Рүстемұлы	Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі	*Қызылорда облысы*
15	ОРЫНБАСАРОВ Бекбол Тілеумұратұлы	Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі	*Маңғыстау облысы*
16	ТОЛАМИСОВ Амангелді Ғабдылкәрімұлы	Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі	*Жетісу облысы*
17	ӘЙТКЕНОВ Ернұр Нұрмұханұлы	Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі	*Павлодар облысы*
18	ҚАДЫРБЕК Мұрат Болатұлы	Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі	*Түркістан облысы*
19	РАХМЕТОВА Әсем Қалашбайқызы	Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі	*Солтүстік Қазақстан облысы*

2024 жылғы 4 желтоқсан – «Өңір» депутаттық тобының отырысы.
2025 жылғы 2 сәуір – «Өңір» депутаттық тобының отырысы.
2025 жылғы 11 маусым – «Өңір» депутаттық тобының отырысы.

«БІР ЕЛ – БІР МҮДДЕ» ДЕПУТАТТЫҚ ТОБЫ

(2023 жылғы 2 маусымдағы Сенат Бюросының қаулысы)

ҚР Парламентінің Сенаты			
1	ЖҮСІП Нұртөре Байтілесұлы	-	Топ басшысы, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
2	БУЛАВКИНА Ольга Александровна	-	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
3	КУЗИЕВ Закиржан Пирмухамедович	-	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
4	ШИПОВСКИХ Геннадий Геннадиевич	-	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
5	НИЯЗОВА Нурия Исмагиловна	-	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
6	САТВАЛДИЕВ Алишер Гапиржанович	-	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
7	БОЛЬГЕРТ Евгений Андреевич	-	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
8	ЖЕКСЕНБАЙ Бибигүл Нұрғалиқызы	-	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты
9	РЫСБЕКОВА Ләззат Тұякбайқызы	-	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты
10	НУХҰЛЫ Алтынбек	-	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты
ҚР Парламентінің Мәжілісі			
«AMANAT» партиясының фракциясынан			
1	АВЕРШИН Константин Викторович	-	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
2	ӘБІЛ Еркін Аманжолұлы	-	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
3	БАШИМОВ Марат Советұлы	-	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты

4	БЕЙСЕНБАЕВ Елнұр Сабыржанұлы	-	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Amanat» партиясының атқарушы хатшысы, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі
5	ДЕМЕНТЬЕВА Наталья Григорьевна	-	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
6	ЗАЙЫТОВ Ринат Рифхатұлы	-	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
7	ИМАШЕВА Снежанна Валерьевна	-	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
8	КАЗАНЦЕВ Павел Олегович	-	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
9	КИМ Вера Александровна	-	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
10	КУЧИНСКАЯ Юлия Владимировна	-	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
11	МЫСЫРӘЛІМОВА Айна Ермекқызы	-	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
12	ПОНОМАРЕВ Сергей Михайлович	-	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
13	РАУ Альберт Павлович	-	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
14	РОЖИН Максим Николаевич	-	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
15	ТОЛЫҚБАЕВ Мақсат Мәлікұлы	-	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
16	ШАТАЛОВ Никита Сергеевич	-	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
«Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясының фракциясынан			
17	АРСЮТИН Николай Геннадьевич	-	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
«Respublica» партиясының фракциясынан			
18	ҚҰСПЕКОВ Олжас Хайроллаұлы	-	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
«Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясы фракциясынан			
19	БАРЛЫБАЕВ Ерлан Хайланұлы	-	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты

Қазақстан Халық партиясы фракциясынан			
20	МАГЕРРАМОВ Магеррам Мамедович	-	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
Жалпыұлттық социал-демократиялық партия фракциясынан			
21	САҒАНДЫҚОВА Ажар Бахытқызы	-	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты

2024 жылғы 28 қараша – «Бір ел – бір мүдде» депутаттық тобының этножурналистиканы және шетелдегі қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдарды мемлекеттік қолдау мәселелерін қарауға арналған отырысы (Астана қ. «Қазмедиа орталығы»).

2025 жылғы 16 мамыр – Сенат Төрағасының қатысуымен «Бір ел – бір мүдде» депутаттық тобының кеңейтілген отырысы (Президенттік орталық).

ПАРЛАМЕНТ СЕНАТЫНЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ САРАПШЫЛАР КЛУБЫ

2024 жылғы 20 қыркүйек – «Жолдау 2024: Қазақстанда тұрақты және үдемелі экономикалық өсуді қамтамасыз ету» тақырыбындағы Клубтың отырысы.

2024 жылғы 20 желтоқсан – «Гендерлік даму: кедергілерді жою және әйелдердің әлеуетін жүзеге асыру» тақырыбындағы Клубтың отырысы.

2025 жылғы 26 наурыз – Қазақстан мен Қытай арасындағы өзара іс-қимылдың негізгі аспектілері жөніндегі Клубтың отырысы.

2025 жылғы 27 мамыр – «Азия ғасыры: Еуразиялық мемлекеттер үшін стратегиялық мүмкіндіктер» тақырыбындағы Клубтың отырысы.

ПАРЛАМЕНТ СЕНАТЫНЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ ТАЛДАУ МЕКТЕБІ

2025 жылғы 11 қаңтар – Төртінші ағымның ашылуы.

2025 жылғы 1 наурыз – Төртінші ағымның жабылуы.

ПАРЛАМЕНТ СЕНАТЫ МЕН ҰЛТТЫҚ БАНКТІҢ БІРЛЕСКЕН ОҚЫТУ КУРСЫ

2025 жылғы 17 мамыр – Сенат Төрағасының және ҚР Ұлттық Банкі Төрағасының алғашқы дәрістері.

«HARVARD ALUMNI KAZAKHSTAN»-МЕН БІРЛЕСКЕН ОҚЫТУ КУРСЫ

2025 жылғы 14 маусым – Сенат Төрағасының алғашқы лекциясы.

«ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ» ДИАЛОГ АЛАҢЫ

2024 жылғы 22 қазан – Сенат Төрағасының қатысуымен диалог алаңының отырысы.

«TALDAU TALKS» ДИАЛОГ ПЛАТФОРМАСЫ

2024 жылғы 21 қараша – «Қазақстан экономикасымен не болады?» тақырыбындағы подкаст.

2025 жылғы 26 қаңтар – «Қазақстанда жасалған: өңдеу секторын қалай дамыту керек» тақырыбындағы подкаст.

2025 жылғы 20 ақпан – «Қазақстандағы салық реформасы» тақырыбындағы подкаст.

2025 жылғы 2 мамыр – «Сыртқы сауда, тарифтер және қазақстандық экспортты ілгерілету» тақырыбындағы подкаст.

2025 жылғы 4 маусым – «Цифрландыру және жасанды интеллектіні дамыту» тақырыбындағы подкаст.

ПАРЛАМЕНТ СЕНАТЫНЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ ИНКЛЮЗИЯ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты			
1	ҚАЛТАЕВА Ләззат Молдабекқызы	–	Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссиясының мүшесі, Кеңес төрайымы
2	АРҒЫНБЕКОВА Айнұр Серікпайқызы	–	Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің хатшысы;
3	АЙТКЕНОВ Ернұр Нұрмұханұлы	-	Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және аумақтардың даму комитетінің мүшесі;
4	АСАНОВА Жанна Бейсентайқызы		Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі
5	ҚАНИЕВ Бауыржан Нұралыұлы	-	Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі;
6	ҚАПБАРОВА Айгүл Жарылқасынқызы	-	Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі;
7	НИЯЗОВА Нурия Исмагиловна	-	Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі;
8	ОРЫНБАСАРОВ Бекбол Тілеумұратұлы	-	Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі;

9	РАХМЕТОВА Әсем Қалашбайқызы	–	Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі;
10	ТОЛАМИСОВ Амангелді Ғабдылкәрімұлы	–	Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі;
Мемлекеттік органдардың өкілдері			
11	КҰРМАНОВА Айзада Амангелдіқызы	-	ҚР Мәдениет және ақпарат вице-министрі
12	ОСПАН Еділ Сабырұлы	-	ҚР Оқу-ағарту вице-министрі
13	ЕРТАЕВ Аскарбек Маратұлы	-	ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі
14	СҰЛТАНҒАЗИЕВ Тимур Сламжанұлы	-	ҚР Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі
Сарапшылар			
15	АСКЕРОВ Эмин Халилович	-	ҚР әлеуметтік инноваторлар қауымдастығының президенті
16	ЕРЖАН Алмаз	-	«Elaman» әлеуметтік инновациялық жобалар қорының басшысы
17	БАКЛАЖАНСКАЯ Татьяна Ивановна	-	«Шырақ» мүгедек әйелдер ассосациясы» қоғамдық бірлестігінің директоры
18	БУРАШЕВА Гүлмира Майоровна	–	«Қ.Иманалиев атындағы мүгедектердің құқықтары жөніндегі комиссия» қоғамдық бірлестігіннің төрайымы;
19	ГАПЛАН Динара	–	«Болашақ» корпоративтік қорының қамқоршылық кеңесінің төрағасы;
20	ЖАЛМАҒАНБЕТОВА Баян Өмірзаққызы	-	ҚР Адам құқықтары жөніндегі уәкілінің Астана қаласы бойынша өкілі
21	МҰҚАТАЕВА Алтыншаш Мейрамғазықызы	-	Е.РахмадиеватындағыМемлекеттік академиялық филармонияның вокалдық бөлімінің әртісі
22	САФИНОВ Канатбек Бейсенбекович	-	
23	СЕЙТЖАН Кенжегул Социалович	-	ҚР Президенті жанындағы халықтың әлеуметтік осал санаттарының құқықтары жөніндегі Уәкіл, ҚР Парламенті Мәжілісінің Экология және табиғатты пайдалану мәселелері жөніндегі комитетінің мүшесі
24	УЛЬЖЕКОВА Нургуль	-	«Тең мүмкіндіктер әлемі» қоғамдық қорының басшысы

25	ШАКИБАЕВА Айгуль Габитовна	-	ақыл ой кемістігі бар балалардың ересектердің құқықтары саласындағы сарапшы
26	ХАЛДЕНОВА Айгуль Тулегеновна	-	медициналық-әлеуметтік сараптама саласындағы сарапшы
27	ХАСЕНОВ Муслим Ханатович	-	М.С. Нәрікбаев атындағы университетінде Assistant Professor, Еңбек және әлеуметтік құқық орталығының жетекшісі, заң ғылымдарының докторы

2024 жылғы 1 қараша – Сенат Төрағасының қатысуымен Инклюзия жөніндегі кеңес отырысы.

2024 жылғы 6 қараша – Инклюзия жөніндегі кеңес отырысы.

2024 жылғы 14 қараша – Инклюзия жөніндегі кеңес отырысы.

2024 жылғы 21 қараша – Инклюзия жөніндегі кеңес отырысы.

2024 жылғы 25 қараша – Инклюзия жөніндегі кеңес отырысы.

2024 жылғы 12 желтоқсан – Инклюзия жөніндегі кеңес отырысы.

2025 жылғы 12 ақпан – Инклюзия жөніндегі кеңес отырысы.

2025 жылғы 16 сәуір – Инклюзия жөніндегі кеңес отырысы.

2025 жылғы 10 маусым – Инклюзия жөніндегі кеңес отырысы.

VIII. СЕНАТТЫҢ ІС-ШАРАЛАРЫНДА ҚАБЫЛДАНҒАН ҰСЫНЫМДАР

(2024 жылғы 2 қыркүйек – 2025 жылғы 30 маусым)

ПАРЛАМЕНТТІК ТЫҢДАУЛАР

І. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2024 жылы 6 желтоқсанда **«Азық-түлік қауіпсіздігі – ұлттық қауіпсіздіктің негізгі құрамдас бөлігі» тақырыбына арналған парламенттік тыңдаулар** өткізді, оның қорытындысы бойынша келесі ұсыныстар берілді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметіне:

1.1. Қазақстан Республикасындағы азық-түлік қауіпсіздігінің ағымдағы жай-күйіне, оның ішінде халықтың негізгі азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етілу бөлігіне талдау жүргізуді. Осы мақсаттарда азық-түлік қауіпсіздігі мәселелері бойынша тиісті ұсыныстар әзірлеу үшін ведомствоаралық комиссия құруды;

1.2. Импортты алмастыру шараларын қолдану арқылы ішкі нарықты әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларымен толық өз өндірісімізбен қамтамасыз етуді;

1.3. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің сыртқы саудасын кеңейту үшін жағдай жасау, оның ішінде:

- басқа елдермен екіжақты келісімдерге қол қою арқылы;
- өнімді экспорттау үшін инфрақұрылымды дамыту;
- сертификаттау және стандарттау тетіктерін енгізу.

1.4. Жаңа заманға сай логистикалық орталықтар мен қоймалардың құрылысын қамтамасыз етуді, оның ішінде:

- нарыққа үздіксіз жеткізуді;
- тасымалдау және сақтау сатысында өнім шығынын азайтуды.

1.5. Техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін тамақ өнімдерінің, сондай-ақ тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы заңнамаға сәйкес келмейтін жануарлар мен жануарлардан алынатын шикізаттың Қазақстан Республикасының аумағына әкелінуіне жол бермеу үшін тиісті бақылауды күшейтуді;

1.6. Жаңа зертханалар салуды қаржыландыруды қамтамасыз етуді және Денсаулық сақтау министрлігі мен Ауыл шаруашылығы министрлігінің қолданыстағы ведомстволық бағыныстағы зертханаларын күрделі жөндеуге, сондай-ақ олардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға қаражат бөлуді;

1.7. Денсаулық сақтау министрлігі мен Ауыл шаруашылығы министрлігінің зертхана қызметкерлерінің жалақысын көтеру мәселесін қарастыруды;

1.8. Отандық азық-түлік өнімдерін, оның ішінде органикалық өнімдерді квазимемлекеттік сектор кәсіпорындарында ілгерілету бойынша шараларды әзірлеуді;

1.9. Азық-түлік қауіпсіздігін тиімді қамтамасыз ету үшін базарлардағы ветеринариялық-санитариялық сараптамаларды жеке зертханалардың орнына мемлекеттік зертханалардың жүзеге асыруы туралы мәселені қарастыруды.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне:

2.1. Жануарлардың алдын алудың, диагностикалау мен емдеудің қазіргі заманғы әдістерін қолдана отырып, ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортына теріс әсер ететін жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы күрестің орта және ұзақ мерзімді стратегиясын әзірлеу және қабылдауды;

2.2. Ел аумағында және шекаралас өңірлерде эпизоотиялық жағдайды бақылауды күшейтуді;

2.3. «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына келіп түсетін тамақ өнімдеріндегі генетикалық түрлендірілген объектілердің құрамының сапалық және сандық құрамын анықтауға бақылауды күшейту бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесін қарауды;

2.4. Жергілікті органикалық өнімдерді өндірушілерді ынталандыру үшін оларға салықтық жеңілдіктер, субсидиялар беру және олардың өнімдерінің өткізу нарықтарын дамыту туралы мәселені қарастыруды;

2.5. Ветеринариялық білім беру жүйесін дамыту мақсатында «Республикалық ветеринариялық зертхана» республикалық мемлекеттік кәсіпорнын тиісті аккредиттеуден өткен оқу орталығы деп тану мәселесін пысықтауды;

2.6. Ветеринариялық препараттардың айналымын бақылау жөніндегі ақпараттық жүйеде модуль әзірлеуді;

2.7. Қолданыстағы Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларына ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші немесе ауыл шаруашылығы кооперативтерінің бидайды терең өңдеу кәсіпорындарына тапсырғаны үшін тікелей субсидиялау тетігін көздей отырып, тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігін қарастыруды;

2.8. **Облыс әкімдіктерімен бірлесіп** тамақ өнімдерін өндіруге заманға сай технологияларды енгізу, соның ішінде:

- генетикалық жетілдірілген сорттарды қолдануды;
- агрономияның озық әдістерін қолдануды;
- ауыл шаруашылығы өндірісін автоматтандыруды және роботтандыруды.

2.9. Ауыл шаруашылығы өндірушілерінің топыраққа минералдық тыңайтқыштарды ғылыми негізделген нормалар мен қажеттіліктерге сәйкес қолдануын бақылауды қамтамасыз етуді;

2.10. Әлеуметтік маңызы бар ауыл шаруашылығы дақылдарының

үлесін арттыра отырып, егіс алқаптарын әртараптандыру бойынша жұмысты жалғастыруды;

2.11. **Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен** және **Сауда және интеграция министрлігімен** бірлесіп:

- егіннің жай-күйін қадағалау;
- азық-түлік тауарларына бағаны болжау;
- логистиканың тиімділігін арттыру үшін цифрлық мониторинг жүйесін енгізуді;

2.12. Ветеринариялық есептілікті esep.govtec.kz сервисінде автоматтандыруды жүргізу;

2.13. **Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» Коммерциялық емес акционерлік қоғамы** (бұдан әрі – «ҰАҒБО» КеАҚ) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін ғылыми негізделген ұсыныстар жасау үшін климаттық өзгерістер мен әлемдік үрдістерді ескере отырып агрономиялық зерттеулер жүргізуді;

2.14. **«ҰАҒБО» КеАҚ** мен **Ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесіп** білім беру бағдарламаларын өзектендіруді:

- агрономдар, ветеринарлар, азық-түлік қауіпсіздігі мамандарын және аграрлық инженерлерді;
- инновацияларды енгізуге және ауыл шаруашылығының тұрақты дамуын қамтамасыз етуге қабілетті мамандарды дайындау үшін білім беру бағдарламаларын әзірлеуді.

3. Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігіне:

3.1. Мүдделі органдармен бірлесіп сауда кедергілерін азайту үшін жұмыс тобын құруды;

3.2. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы, тұтынушылардың құқықтарын қорғау және салық заңнамасы (фискалдық чектерге қойылатын талаптар) саласындағы талаптарды сақтау бөлігінде сауда иелерінің (жалға берушілердің) жауапкершілігін көздейтін және реттеудің нақты тетіктерін қайта қарауды және енгізуді;

3.3. Еліміздегі экспорттаушыларға жағдай жасау туралы Жол картасын әзірлеуді;

3.4. Белгіленген рәсімдерді бұзуға сәйкестігі туралы декларация беретін аккредиттеу субъектілерінің қызметіне бақылауды күшейтуді;

3.5. Бақылаушы уәкілетті органдардың сәйкестікті бағалау туралы құжаттарға қол жеткізуін қамтамасыз ете отырып сәйкестікті бағалау туралы құжаттардың мониторингі үшін бірыңғай жүйе құру жөніндегі мәселені шешуді;

3.6. Өнімнің сәйкестігін растаудың (бағалаудың) дұрыстығы бойынша рәсімдерді әзірлеу және жетілдіру жөнінде шаралар қабылдауды;

3.7. **Бақылаушы органдармен және «Атамекен» ҚР ҰКП-мен бірлесіп** қауіпті өнімді әкелуді шектеу мақсатында тауарлардың (өнімдердің) аса маңызды санаттарын айқындауды;

3.8. Тауарлардың Ұлттық каталогын енгізу жөніндегі жұмысты жалғастыруды;

3.9. **Ауыл шаруашылығы және Денсаулық сақтау министрліктерімен** бірлесіп тамақ өнімдеріне техникалық регламенттердің қамтамасыз етілмеген көрсеткіштері бойынша ведомстволық зертханалардың сынақ базаларын кеңейту (жаңғырту) мәселесін пысықтауды;

3.10. **Ауыл шаруашылығы министрлігімен** бірлесіп сертификаттауды, мониторингті және аудитті қоса алғанда, барлық кезеңдерде өнім сапасы стандарттарының сақталуын бақылауды күшейтуді.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне:

4.1. **Сауда және интеграция министрлігімен Денсаулық сақтау министрлігі** бірлесіп, қабылданған шаралар бойынша ақпарат беру бөлігінде тәуекелдерді басқару жүйесіне енгізілген және әкелінетін өнімге сәйкестікті бағалау туралы заңсыз берілген құжаттарды пайдаланатын сыртқы экономикалық қызметтің жоғары тәуекелді қатысушыларына қатысты кеден органдарының бақылаушы органдарымен күшейтілген бақылау бойынша өзара іс-қимылын қамтамасыз етуді;

4.2. **Денсаулық сақтау министрлігімен** бірлесіп межелі пункттерде (кедендік ресімдеу орталықтары, кеден бекеттері), оның ішінде зертханалық зерттеулер жүргізуге сынамаларды іріктей отырып, санитариялық-эпидемиологиялық бақылауға (қадағалауға) жататын және әкелінетін өнімге қатысты күшейтілген бірлескен кедендік бақылауды жүзеге асыруды және сәйкес келмейтін өнім тізіміне енгізу мәселесін пысықтауды.

5. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне:

5.1. Зиянды заттардың құрамын бақылауды және өнімнің тиісті стандарттарға сәйкестігін қоса алғанда, тамақ өнімдерінің сапасына мониторинг жүргізу жүйесін әзірлеуді және енгізуді;

5.2. Материалдық – техникалық жарақтандыру, әдіснама және кадр саясаты бөлігінде санитариялық – эпидемиологиялық бағыттағы зертханалық қызметті нығайтуды;

5.3. **Ұлттық экономика министрлігімен бірлесіп** «Тамақ өнімдерін тұтынудың ғылыми негізделген физиологиялық нормаларын бекіту туралы» ҚР Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 9 желтоқсандағы бұйрығы негізінде халыққа салауатты өмір салты үшін дұрыс тамақтану нормалары туралы тиісті ұсынымдар әзірлеуді;

5.4. Халық арасында дұрыс тамақтану мен органикалық өнімдердің денсаулыққа пайдасы туралы кеңінен ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз етуді;

5.5. Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтану стандарттарын күшейте отырып, «Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтану стандарттарын бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы бұйрығын қайта қарауды;

5.6. Балаларға дұрыс тамақтануды ұйымдастыру бойынша ұсынымдар әзірлеуді. ҚР Оқу-ағарту министрлігімен бірлесіп сынып сағаттарында оқушыларда дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру тақырыбында сабақ өткізу туралы мәселені пысықтауды.

6. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігіне:

Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп аталған кәсіптің өзектілігі мен беделін арттыра отырып, жоғары оқу орындарында ветеринариялық кадрларды даярлауды қамтамасыз етуді.

7. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігіне:

«Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы бұйрығына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізе отырып, орта білім беру ұйымдарында және мектепке дейінгі ұйымдарда оқитын балалардың дұрыс тамақтану рационын қамтамасыз етуді.

8. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігіне:

Жергілікті өнімнің сапасы мен артықшылықтары туралы халықтың хабардар болуын арттыру үшін отандық азық-түлік өнімдерін ілгерілету бағдарламаларын іске қосуды.

9. Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігіне:

«Республикалық ветеринариялық зертхана» РМК бағалардың сараптамадан өту рәсімін қарау мерзімін қысқарту бөлігінде оңтайландыруды.

10. Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігіне:

Өнімдерді таңбалауға, сертификаттауға және бұрмалауды болдырмауға бақылауды күшейтуді.

11. Жергілікті атқарушы органдарға:

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі өңірлік бағдарламаларды әзірлеуді және қабылдауды.

II. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті 2025 жылғы 28 ақпанда **Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Еңбек адамы – ұлттық**

экономиканың өсуі мен ел өркендеуінің негізі» тақырыбында парламенттік тыңдау өткізді.

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев өзінің «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Мен 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялаймын. Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Сондай-ақ біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз. Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек. Бұл біз ұсынып отырған «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатына толық сай келеді. Бір сөзбен айтқанда, біздің қоғамда еңбекқорлық, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануға тиіс. Өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады.» – деп атап көрсетті.

Қазіргі уақытта жұмысшы мамандықтар қазақстандық еңбек нарығының негізгі құрамдас бөлігі болып қала береді. Барлық жұмыс істейтін қазақстандықтардың жартысынан астамының (52%) кәсіптік немесе техникалық білімі бар, 2,3 миллионға жуық адам 2 мыңнан астам жұмысшы мамандығы бойынша жұмыс істейді. Бұл мамандарға деген жоғары сұраныс көптеген бос жұмыс орындарымен байланысты, өткен жылы олардың саны 270 мыңнан астамды құрады. Жұмысшы кадрлар көлік, сауда, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы сияқты салаларда көбірек сұранысқа ие. Актуарлық модель негізінде жасалған болжамға сәйкес таяу жылдары жұмысшы кадрларға деген қажеттілік тек арта түсетін болады.

Цифрлық технологиялар, кәсіптік дағдыларды дамыту мен әлеуметтік қолдауды біріктіретін кешенді шаралар арқылы еңбек адамының мәртебесін және жұмысшы мамандықтардың беделін арттыру – ұлттық экономиканың өсуі мен еліміздің өркендеуінің негізі болып табылады, осыған байланысты Парламенттік тыңдауда айтылған ұсыныстар мен ұсынымдарды ескере отырып, мынадай ұсынымдар:

1. **Қазақстан Республикасының Үкіметіне:**

1.1. қолданыстағы Қазақстан Республикасының еңбек нарығын, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім беруді (бұдан әрі – ТжКБ) 2029 жылға дейін дамытудың тұжырымдамаларына дүние жүзілік экономикада болып жатқан революциялық өзгерістерді (цифрландыру, жоғары интелектуалды роботтар мен жасанды интелектіні өндірістік процесстерде қолдану және т.б.) ескере отырып, ТжКБ жүйесін түбегейлі жаңғырту және жұмысшы мамандықтардың тартымдылығын арттыру бөлігінде өзектендіру мәселесін қарастыруды.

1.2. жоғары технологиялы экономикаларда жоғары интелектуалды роботтар мен жасанды интеллектіні кеңінен қолдану сипатын, олардың перспективалары мен сын-қатерлерін ескере отырып, ұлттық экономикада цифрлық технологияларды кеңінен қолдануға, осыған орай еңбек нарығындағы өзгерістерге ТжКБ жүйесін бейімдеу мен оны түбегейлі

жаңғыртуға мүмкіндік беретін заңнамалар пакетін енгізу мүмкіндігін қарастыруды.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне:

2.1. Өндірістік жарақаттанудың алдын алу тетіктерін еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласын цифрлық мониторинг арқылы жетілдіруді, кәсіпорындарға тәуекел сыныбын бере отырып кәсіптік тәуекелдерді интегралды бағалауды енгізуді, сондай-ақ оқытуға және білімді тексеруге қойылатын талаптарды, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікті күшейту мүмкіндігін қарастыруды.

2.2. Халықаралық еңбек ұйымымен ынтымақтастық шеңберінде лайықты еңбек қағидаттарын ілгерілетуді көздейтін отандық заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсынымдарды қамтитын бірлескен іс-қимыл жоспарын іске асыру мүмкіндігін қарастыруды.

2.3. Жұмыс берушілер тарапынан автоматты режимде қызметкерлердің әлеуметтік әл-ауқатын (қаржылық, әлеуметтік және еңбек көрсеткіштері) есепке алу және әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын іске асыру құралы ретінде кәсіпорынның Цифрлық картасын Отбасының цифрлық картасымен интеграциялау (синхрондау) мүмкіндігін қарастыруды.

2.4. Еңбек нарығындағы кадрларға қажеттілік пен олардың болжамды сұранысы арасындағы алшақтықты қысқартуға мүдделі кәсіпорындармен мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін интеграциялау арқылы нарықтағы кадрларға қажеттілікті болжаудың цифрлық платформасын құру мүмкіндігін қарастыруды.

2.5. **Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігімен бірлесіп,** еңбек адамдарын (жұмысшы кәсіп иелері) әлеуметтік қолдауды жақсартуды көздейтін қолданыстағы заңнаманы жетілдіру, оның ішінде оларды «Отбасы банк» АҚ арқылы тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар енгізу.

2.6. **Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп,** оңтүстіктен солтүстікке, қаладан ауылға ішкі еңбек көші-қонды жандандыруға бағытталған жұмысты осы саладағы бұрын жіберілген қателікерді ескере отырып, қолданыстағы бағдарламаларды қайта қарау және тиімсіз бағдарламаларды жою жолымен жүргізу, сондай-ақ қажеттілік боған жағдайда қолданыстағы заңнаманы жетілдіру бойынша ұсынытарды енгізуді.

2.7. **Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрліктерімен бірлесіп**, студенттер тарапынан оқытылатын мамандықтары бойынша еңбек дағдыларын алуға, әлеуметтік коммуникация дағдыларын нығайтуға және оларға табыс табуға мүмкіндік беретін студенттік және жастар жасақтарын құрылыс, ауыл шаруашылығы, педагогикалық, гидротехникалық, көлік, экологиялық және т.б. құру мүмкіндігін қарастыруды.

3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігіне:

3.1. Жастар жылы аясында ТжКБ үшін енгізілген «Жас маман»

жобасын қайта бастау, сондай-ақ осы процестерге отандық бизнесті тарту мүмкіндігін қарастыру.

3.2. ТжКБ ұйымдарына шағын кәсіпорындар құруға құқық беретін нормалардың нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу қажеттілігін қарастыруды.

3.3. **Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп:**

3.3.1. өндірістен (кәсіпорыннан) мамандарды өндірістік оқыту шебері және арнайы пәндер оқытушылары лауазымына тарту бойына ұсыныстар енгізу мүмкіндігін қарастыруды;

3.3.2. тұрақты негізде (2 жыл сайын) «Жұмысшы мамандықтары қаласы» фестивалін өткізу мүмкіндігін қарастыруды;

3.3.3. кәсіптік бағдарлаудың кешенді процесіне кәсіпорындар, қоғамдық және білім беру ұйымдарын тарта отырып, еңбек нарығының теңгерімділігін (сұраныс пен ұсыныс) және еңбек ресурстары сапасын арттыруға бағытталған жасөспірімдер мен жастарды кәсіптік бағдарлаудың бағдарламасын әзірлеу мүмкіндігін қарастыруды.

3.4. **Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесіп,** жас мамандарға қатысты тәлімгерлік институтын дамыту, бос жұмыс орындарына жәрмеңкелер өткізу және оқушылар мен ТжКБ студенттерінің жұмыс іздеу, орналастыру дағдыларына оқыту мүмкіндігін қарастыруды.

3.5. **«Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп**, ТжКБ жүйесіне дуальды білім беруді енгізу арқылы өндірістік процестерге барынша жақындату жолымен, оны жаңғырту және тиімділігін арттыруға баса назар аудара отырып жұмысты жандандыруды.

3.6. **«Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп** ТжКБ колледждерінің академиялық және қаржылық дербестігін енгізу мүмкіндігін қарастыруды, сондай-ақ олардың шаруашылық қызметін регламенттеуді оңайландыруды көздейтін қолданыстағы заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуді.

4. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне:

4.1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігімен бірлесіп, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары аясында өндірістік оқыту шеберлерінің және арнаулы пәндер оқытушыларының кәсіби біліктілігін үздіксіз көтеру және оқыту мүмкіндігін қарастыруды.

5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне:

5.1. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп, зиянды өндірістерде жұмыс істейтін еңбек адамдарының кәсіптік ауруларының алдын-алу алгоритмін бекіту, сондай-ақ оларға сапалы медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін жағдайлар жасау жөнінде ұсыныстар енгізу.

6. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне:

6.1. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау

министрлігімен бірлесіп, БАҚ, интернет-ресурстар және әлеуметтік жобалар арқылы қоғам өміріндегі және еңбек адамдарының ұлттық экономикадағы рөлін насихаттау, сондай-ақ еңбек адамының мәртебесін, жұмысшы кәсіптердің тартымдылығын арттыру, қоғамда еңбек адамдарына деген жаңа көзқарасты дамыту, жұмысшыларды, еңбек әулеттерін, өндірісте және ауылда жұмыс істейтін адамдарды құрметтеуге бағытталған ақпараттық-идеологиялық жұмысты күшейту.

7. **Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне:**

7.1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігімен бірлесіп, ТжКБ ұйымдарының педагогтары үшін магистр дәрежесі үшін қосымша ақы белгілеу мәселесін қарастыруды.

8. Жергілікті атқарушы органдарға:

8.1. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Оқу-ағарту, Ғылым және жоғары білім министрліктерімен және «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, кадрлар даярлауға бизнесті тарту және ТжКБ ұйымдарын инвестициялау, сондай-ақ түлектерді одан әрі жұмысқа орналастыра отырып, педагогтердің тағылымдамасын, студенттерді дуальды оқыту мен өндірістік практиканы ұйымдастыру жөніндегі жұмысты жандандыруды қарастыруды.

8.2. «Жаңа мамандықтар атласының» жаңа мамандықтар бойынша «Бірінші шығарылымды» іске қосу мүмкіндігін қарастыруды.

8.3. ТжКБ ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайтуды жергілікті бюджеттен қаржыландыру, сондай-ақ осы салаға жеке инвестициялар тарту бойынша жұмыстар жүргізу мүмкіндігін қарастыруды.

8.4. жергілікті кәсіпорындармен және ТжКБ ұйымдары арасында дуалды оқу, бос орындар жәрмеңкелерін өткізу, жас мамандарды және тағылымдама институтын дамытуға бағытталған бағдарламаларды жүзеге асыруға келісім-шарттар жасау бойынша жұмысты бақылауда ұстауды қарастыруды.

8.5. ағымдағы жылдың наурызынан бастап «Отбасы банкі» АҚ тарапынан жұмысшы мамандық иелеріне арналған «Наурыз жұмыскер» жаңа тұрғын үй бағдарламасының басталғаны туралы белсенді ақпараттық жұмыстарды күшейтуді, сондай-ақ ірі кәсіпорындар мен банк арасында келісімдерге қол қоюды көздейтін жұмысшы жастарға арналған «Наурыз жұмыскер» тұрғын үй бағдарламасын өңірлік деңгейде кеңейту және жетілдіру мүмкіндігін қарастыруды.

8.6. ТжКБ ұйымдарына кәсіпорындардың қамқорлығын қамтамасыз ету бойынша кешенді және жүйелі жұмысты жүргізу, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысын тиімді орналастыру үшін жергілікті кәсіпорындардың жұмысшы мамандықтарға қажеттіліктеріне мониторинг жүргізу мүмкіндігін қарастыруды.

8.7. жұмысшы мамандықтарының тартымдылығын мектеп оқушылары арасында кәсіптік бағдар беру және оны насихаттау бойынша жұмысты күшейтуді, сондай-ақ жоғары сынып оқушыларына бастапқы кәсіптік еңбек даярлығын қамтамасыз ететін Оқу-өндірістік комбинаттарының қызметін қайта бастау мүмкіндігін қарастыруды **ұсынады.**

III. Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті 2025 жылы 11 ақпанда **Сот және құқық қорғау жүйелерінің, сондай-ақ норма шығармашылық қызметтің сапасын арттыру мақсатында мемлекеттік органдардың заң қызметтерінің кадрлық әлеуетін нығайту аясында заң білімін дамыту мәселелері** жөніндегі Парламенттік тыңдаулар өткізді, оның қорытындысы бойынша мынадай ұсынымдар берілді:

I. Заңгерлік білім беру сапасына қатысты

1.1. Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1.1.1. Заңгерлерді оқытуда бірыңғай ұстанымды қамтамасыз ету мақсатында заң мамандығы бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде міндетті базалық және арнайы заң пәндерін көрсете отырып (аудиториялық жүктемені және базалық құқықтық пәндердің сағаттарын ұлғайта отырып), барлық жоғары оқу орындары үшін (бұдан әрі – ЖОО) бірыңғай талаптарды енгізу туралы мәселені зерделеу.

«Білім туралы» ҚР Заңының 43-1-бабының қолданыстағы 2-тармағында мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен бекіту жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дербес құзыретіне жататынын атап өткен жөн.

Сонымен қатар, Заңтану саласының ерекшелігін ескере отырып, бірыңғай талаптар мен міндетті базалық және арнайы заң пәндерінің тізбесін ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі бекітетін мемлекеттік стандартқа енгізу негізді болып көрінеді.

Сондай-ақ, болашақ заңгерлерге (мысалы, Қазақстан тарихы, философия, информатика және т.б.) оқытылатын жалпы білім беретін пәндердің саны мен түрін айқындау кезінде ғана ЖОО-ларға академиялық дербестік беру туралы мәселені қарастыру ұсынылады.

Бұл талапты енгізу жоғары оқу орындарының заң мамандықтары бойынша ұсынатын білім беру қызметтерінің сапасына оң әсер етеді, демек, олардың санын оңтайландыруға да мүмкіндік береді.

1.1.2. «Құқық» бағыты бойынша магистр дәрежесін тек көрсетілген бағыт бойынша бакалавриат базасында (денсаулық сақтау саласындағы біліммен ұқсас) алу мүмкіндігін қарастыра отырып, жоғары заң білімін дәйекті алуға заңнамалық талап белгілеу туралы мәселені қарастыру.

Атап айтқанда, қолданыстағы үш сатылы жоғары білім беру жүйесі бакалавр және магистр дәрежелері бағыттарын міндетті түрде байланыстыруды көздемейді.

Яғни, бейінді емес жоғары білімі бар адам «Құқық» бағыты бойынша магистратураға түсе алады, кейін оны аяқтап жоғары заң білімі бар адам болып есептеледі. Алайда, іс жүзінде мұндай жағдай заң кадрларын даярлау сапасына теріс әсерін тигізуде.

1.1.3. Озық халықаралық тәжірибе негізінде жасанды интеллект технологияларын қолдану және процестерді цифрландыру мәселелерін қоса алғанда, құқықтық білім беруде инновациялық тәжірибелер мен тәсілдерді енгізу бойынша кешенді шаралар қабылдау туралы мәселені зерделеу. Атап айтқанда, «Құқық» бағыты бойынша білім беру бағдарламаларының міндетті компонентіне жасанды интеллект бойынша арнайы курсты енгізу мәселесін қарастыру.

1.1.4. «Жоғары оқу орны оқытушысының мәртебесі туралы» Заң жобасын әзірлеу туралы мәселені қарастыру.

Қазіргі уақытта орта білім беру жүйесінің қызметкерлеріне қолданылатын «Педагог мәртебесі туралы» Заң қолданыста. Алайда, жоғары оқу орындарының оқытушылары елдің кадрлық әлеуетін қалыптастырудағы, оның ішінде заң саласындағы маңызды рөліне қарамастан, осы Заңда көзделген құқықтық қорғаумен және әлеуметтік кепілдіктермен қамтылмаған.

1.1.5. «Кейбір заңнамалық актілерге құқық қорғау органдары білім беру ұйымдарының қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын әзірлеу жөніндегі мәселені зерделеу.

1.2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне:

1.2.1. Заңгерлік білім беру саласында халықаралық стандарттарды енгізу мақсатында жетекші шетелдік заңгерлік жоғары оқу орындарымен бірге қос диплом бағдарламаларын дамытуға бағытталған шаралар қабылдау.

1.2.2. Оқытудың практикаға бағдарлануын арттыру мақсатында жұмыс істейтін судьяларды, прокурорларды, адвокаттар мен практик-заңгерлерді оқытушылық қызметке тартуға бағытталған шараларды әзірлеу және қолданыстағы заңнамаға тиісті өзгерістер енгізу.

1.2.3. Заң факультеттерінде академиялық қызметті жүзеге асыратын практик-заңгерлерді ынталандыру және қолдау шараларын әзірлеу жөніндегі мәселені зерделеу (мысалы, сыйлықақы беру үшін бонустар енгізу, аттестаттау үшін балдар қосу, лауазымдарға тағайындау кезінде конкурстар үшін балдар және басқалар).

1.2.4. Сот ісін жүргізуді, шешендік өнерді жетілдіруді, келіссөздер жүргізуді, заң құжаттарын әзірлеу мен басқаларды қоса алғанда, практикалық дағдыларды алу және нақты жүктемелер беру мақсатында студенттер мен түлектердің тағылымдамадан және практикалық сабақтардан өтуі үшін ЖОО-лардың мемлекеттік органдармен, соттармен, прокуратурамен, заң компанияларымен, бизнес субъектілерімен әріптестік қатынастарын орнату жөнінде шаралар қабылдау.

1.2.5. Гуманитарлық бейіннің ерекшелігін ескере отырып, заң пәндерінің оқытушыларына қойылатын бірыңғай біліктілік талаптарын әзірлеу және бекіту мәселесін қарастыру. Талаптар қазіргі уақытта шамадан тыс болып отырған және толыққанды ғылыми және әдістемелік

қызметке кедергі келтіретін нақты педагогикалық жүктемені ескеруі қажет. Шаблондық, «техникалық» тәсілдерді пайдаланудан кету және оқытудың гуманитарлық ерекшеліктерін, оның ішінде пәнаралық аспектілерді, құқықтық кейстермен жұмыс істеуді, құқықтық білім беру мен кәсіби сараптамаға қатысуды ескеру қажет.

1.2.6. Бейінді ЖОО базасында заң пәндері оқытушыларының біліктілігін арттыру институтын немесе орталығын құру мәселесін зерделеу.

1.2.7. Scopus деректер қоры бойынша халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда:

1) заң пәндерінің оқытушылары;

2) PhD докторы дәрежесіне үміткерлер;

3) құқықтану бойынша ғылыми дәреже алу үшін диссертациялар бойынша ғылыми жетекшілікті жүзеге асыру үшін жарияланымдардың міндеттілігін зерделеу және қайта қарау.

1.3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қазақстан Республикасының Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп:

1.3.1. Мынадай:

1) заң саласындағы салалық біліктілік шеңберін әзірлеу;

2) «Заңгер» кәсіби стандартын әзірлеу;

3) құқықтану саласында тану орталығын құру бойынша мәселелерді қарау және тиісті ұсыныстар енгізу.

1.3.2. Заң клиникалары негізінде халықтың әлеуметтік осал топтарына кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсету үшін заңгерлік жоғары оқу орындары мен аумақтық адвокаттар алқаларының өзара іс-қимыл жасау мүмкіндігін қарастыру.

1.4. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен бірлесіп:

1.4.1. Заң клиникаларының практикасын кеңейту және қызметін жетілдіру жөнінде мынадай:

- олардың нормативтік мәртебесін бекіту;
- олардың жұмысының бірыңғай стандарттарын әзірлеу;
- ЖОО-да заң клиникаларының ашылуын кеңейту;
- 6 және 7 семестрде кемінде 5 кредит мөлшерінде міндетті компонент ретінде «Құқық» бағыты бойынша білім беру бағдарламаларына «заң клиникаларын» қосу;
- студенттердің заң клиникалары базасында өндірістік практикадан өтуі бөлігінде шаралар қабылдау.

1.4.2. Норма шығармашылық дағдыны қалыптастыру үшін «Құқық» бағыты бойынша білім беру бағдарламаларының міндетті компоненті ретінде «Құқықтық актілерді жобалау» пәнін енгізу мәселесін қарастыру.

1.5. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесіп:

1.5.1. Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясында білім алушыларды практикалық даярлауды ұйымдастыруға және өткізуге соттардың жәрдемдесуі бөлігінде қолданыстағы заңнамаға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігін қарастыру.

1.5.2. Жоғары оқу орындарының академиялық қызметі мен сот және құқық қорғау органдарының, сондай-ақ мемлекеттік органдардың заң қызметтерінің практикалық қызметінің интеграциясын күшейтуге бағытталған нормативтік құқықтық актіні әзірлеу жөніндегі мәселені қарастыру.

II. Сот және құқық қорғау жүйелерінің кадрлық әлеуетін нығайтуға қатысты

2. Бас прокуратураға, Жоғары Сот Кеңесіне, Әділет министрлігіне және құқық қорғау органдарына:

2.1.1. Заңгерлер адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін заңсыз қол сұғушылықтардан қорғауда, сондай-ақ тұтастай алғанда заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде маңызды әлеуметтік рөл атқарады.

Осыған байланысты, олардың кәсіби және жеке қасиеттерін бағалау мақсатында заң кадрларын іріктеудің бірыңғай жүйесін құру мүмкіндігі қарастырылсын. Осындай «алдын ала сүзгіден» өткеннен кейін ғана кандидат сотқа, прокуратураға және басқа да құқық қорғау органдарына, адвокатураға, сондай-ақ өзге де салаларға олардың біліктілік талаптарына сәйкестігіне одан әрі іріктеуден өтуге құқылы.

Мұндай іріктеу жүйесі сот және құқық қорғау жүйелерінің кадрлық әлеуетін нығайтуға, білікті заңгерлік көмектің сапасын арттыруға, құқықтық жүйеге деген сенімді күшейтуге, сондай-ақ «кездейсоқ», біліктілігі жоқ кадрлардың заңгер қызметіне өту мүмкіндігін болдырмауға септігін тигізеді.

2.1. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне:

2.1.2. Барлық заң факультеттері жанындағы «Құқық» бағыты бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру барысына жұмыс берушілерді қатыстыруды қарастыру.

III. Заң шығару процесін жетілдіруге қатысты

3.1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне:

3.1.1. Заңнамалық процестің ашықтығы мен халықтың нақты қажеттіліктеріне бағытталуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдарының өкілеттіктеріне жататын әлеуметтік-экономикалық және инфрақұрылымдық мәселелерді реттейтін заң жобаларын қоғамдық талқылау тетігін енгізу туралы мәселені қарастыру.

3.1.2. Биліктің орталық және өңірлік деңгейлері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз етуге және заң жобаларын әзірлеу сатысында

жергілікті органдар мен халықтан ұсыныстарды жинау мен есепке алудың тиімді тетігін құруға бағытталған заңнамалық процестегі жергілікті билік органдарының рөлін күшейту бөлігінде тиісті заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар әзірлеу жөніндегі мәселені зерделеу.

3.1.3. «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына ғылыми лингвистикалық сараптама заңнамалық актілердің жобалары бойынша қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндердің теңтүпнұсқалығы бөлігінде ғана емес, сондай-ақ заң жобасы мәтінінің әдеби тіл нормаларына сәйкестігі тұрғысынан да жүргізілуін қарастыратын толықтыру енгізу мәселесін қарастыру.

3.1.4. Нормативтік құқықтық актілер мәтіндерінің оқылымдылығын арттыру және олардың жеңіл түсінілуін, оның ішінде жаңа цифрлық құралдарды пайдалана отырып қамтамасыз ету жөніндегі шараларды пысықтау.

3.1.5. Байланысты нормативтік құқықтық актілер арасындағы интерфейсті және навигацияны жеңілдетуге, сондай-ақ жасанды интеллектіні пайдалана отырып заңнамадағы олқылықтарды автоматты түрде анықтауға бағытталған нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік ақпараттық-құқықтық жүйелерін жаңғырту жөнінде шаралар қабылдау.

3.1.6. Олқылықтарды, коллизияларды, ішкі қарама-қайшылықтарды, заңнамалық актілер мәтіндерінің теңтүпнұсқалы еместігін автоматты түрде анықтауға бағытталған жасанды интеллектіні пайдалана отырып қолданыстағы нормативтік базаны, сондай-ақ оларды іске асыру үшін қабылданған заңға тәуелді актілерге құқықтық мониторинг жасау бойынша шаралар қабылдау.

3.1.7. Нормативтік құқықтық актілердің ақпараттық-құқықтық жүйелерінде заңнамалық актілер бойынша әзірленген мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түсініктемелерді орналастыру мүмкіндігін пысықтау.

3.1.8. Заңнамалық актілердің нормаларын әр түрлі түсіну және түсіндіру мәселесі маңызды болып табылады. Құқықтық практикада ең күрделісі құқықтық актілердегі екі ұштылық пен қарама қайшылықтар. Нормативтік құқықтық актілер мәтіндерінің оқылымдылығы – бұл адамдардың басым көпшілігіне түсінікті болуы.

Бұл мәселе өте өзекті, өйткені заңдардың оқылымдылығы оларды қолжетімді етеді, қателіктер тәуекелін азайтады және олардың іс жүзінде қолданылуын арттырады.

Осыған байланысты, Парламент Сенатымен және Әділет министрлігімен бірлесіп, Maqsut Narikbayev University зерттеу тобы «Құқықтық актілердің оқылуын бағалау құралдары» әдістемелік ұсынымдарын пайдалана отырып қайта өңдейтін нақты бір заңды немесе заң жобасын таңдау және айқындау мүмкіндігін қарастырсын.

Заңды немесе заң жобасын таңдау критерийлері ретінде азаматтар үшін маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актінің өзектілігі мен маңыздылығын анықтаған жөн деп санаймыз.

3.2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қазақстан Республикасы жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп, «Ашық НҚА» порталында заң жобаларын қоғамдық талқылау процесіне қатысу мүмкіндігі туралы азаматтардың хабардар болу деңгейін арттыру және осы процеске халықты кең ауқымда тарту мақсатында олардың заңнамалық бастамаларды талқылауға мүдделілігін арттыру жөнінде қажетті шаралар қабылдау.

3.3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен бірлесіп, орталық атқарушы органның заң қызметі басшысының бос лауазымына кандидатқа міндетті түрде норма шығармашылық қызмет тәжірибесінің болуы бойынша қосымша біліктілік талаптарын белгілеу мүмкіндігін қарастыру.

3.4. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы, Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі ЖОО-лармен бірлесіп, мекемелердің тәжірибелі қызметкерлерін оқу дәрістерін өткізуге тарта отырып, сот және құқық қорғау органдарында кафедралар мен оқу-практикалық кабинеттер ұйымдастыру мүмкіндігін қарастыру.

ҮКІМЕТ САҒАТТАРЫ

І. Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті 2025 жылы 31 қаңтарда Көктемгі су тасқынына дайындық (себептері, салдары және қабылданатын шаралар) мәселелері бойынша үкімет сағатын өткізді, оның қорытындысы бойынша келесі ұсыныстар берілді:

1. Төтенше жағдайлар министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен және өңірлердің әкімдерімен бірлесіп:

1.1. бағдарламалық құжаттар шеңберінде су тасқынына қарсы жоспарланған барлық іс-шараларды іске асыруды үйлестіруді жалғастыру (Әлеуметтік-экономикалық дамудың кешенді жоспарлары және Өңірлерді дамыту жоспарлары, инженерлік жұмыстар жоспарлары);

1.2. аса су тасқыны қаупі бар елді мекендердің маңында арнайы және инженерлік техниканы, қапшықтар мен инертті материалдардың қорларын шоғырландыру;

1.3. азық-түлік, дәрі-дәрмек және т.б. қорларын уақтылы дайындау мақсатында су тасқыны кезеңінде көлік қатынасы үзілуі мүмкін елді мекендерді айқындау;

1.4. солтүстік, шығыс және орталық өңірлердің өзендерінде жарылыс жұмыстарын жүргізу үшін барлық қажетті ресурстарды дайындауды қамтамасыз ету;

1.5. Мәдениет және ақпарат министрлігімен бірлесіп, елді мекендерге қауіп төнген және су басқан кезде қауіпсіздік шаралары туралы халықты хабардар ету жөніндегі жұмысты жалғастыру, сондай-ақ олардың өтініштеріне дереу ден қоя отырып, халықпен нақты кері байланыс орнату;

1.6. «Көктем-2025» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуы шеңберінде су тасқыны жағдайының күрделенуі кезінде мемлекеттік органдардың нақты іс-қимылдарының алгоритмін пысықтау.

2. Су ресурстары және ирригация министрлігі облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдіктерімен бірлесіп:

2.1. гидротехникалық құрылыстарын жобалау, салу, күрделі жөндеу, пайдалану, реконструкциялау, консервациялау және жою, сондай-ақ оларға техникалық қызмет көрсету, пайдалану бақылауы және ағымдағы жөндеу кезінде міндетті талаптардың сақталуын қамтамасыз ету;

2.2. гидротехникалық құрылыстарының жай-күйінің, табиғи және техногендік әсерлердің көрсеткіштерін бақылауды (мониторингті) қамтамасыз ету;

2.3. гидротехникалық құрылыстарының қауіпсіздігін төмендету себептеріне жүйелі талдау жүргізуді және ГТҚ-ның техникалық жарамды жай-күйін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды уақтылы әзірлеу мен іске асыруды қамтамасыз ету;

2.4. гидротехникалық құрылыстарының тұрақты тексерулерін жүргізуді қамтамасыз ету;

2.5. қолданыстағы заңнамаға сәйкес гидротехникалық құрылыстарын пайдалануды ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

2.6. республикалық, коммуналдық және жеке гидротехникалық құрылыстарды күрделі, ағымдағы жөндеу (жөндеу жұмыстарын аяқтау) бойынша шаралар әзірлеу және қаржыландыруды қамтамасыз ету;

2.7. коммуналдық меншіктегі Гидротехникалық құрылыстарды пайдалану жөніндегі ұйымның үлгілік ережесін әзірлеу жөніндегі мәселені қарау;

2.8. мамандандырылған ұйымдарды арнайы техникамен және жабдықпен жарақтандырудың бірыңғай нормативтерін енгізу мәселесін зерделеу;

2.9. қолданыстағы заңнамаға сәйкес гидротехникалық құрылыстарында жергілікті хабарлау жүйелері мен сөз-сөйлеу құрылғыларын құру және олардың дайындығын қолдау бойынша шаралар қабылдау;

2.10. су тасқыны кезеңінде су қоймаларында судың жиналуын тиісті реттеу жөнінде шаралар қабылдау;

2.11. су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарына көп факторлы тексеру жүргізу, меншік нысанына қарамастан гидротехникалық құрылыстарға техникалық паспорттар мен қауіпсіздік декларацияларын әзірлеу жөніндегі жұмысты жалғастыру. Қолда бар техникалық паспорттардағы көрсеткіштерді жаңарту;

2.12. жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарынан кейін объектілерді пайдалануға қабылдауды бақылауды күшейту;

2.13. гидротехникалық құрылыстар мен негізгі жабдықтарды көп факторлы тексеруді орындау қағидалары шеңберінде гидротехникалық құрылыстарға тексеру жүргізу;

2.14. қолданыстағы заңнама нормаларына сәйкес иесіз гидротехникалық құрылыстарды коммуналдық меншікке беруді қамтамасыз ету;

2.15. гидротехникалық құрылыстарының қауіпсіздігі мәселелері туралы халықты хабардар етуді қамтамасыз ету;

2.16. трансшекаралық өзендерде кез келген төтенше жағдайлардың туындау мүмкіндігін алдын ала отырып, шектес мемлекеттермен қол қойылған халықаралық шарттардың орындалуына мониторинг жүргізу;

2.17. елдің су ресурстарының ғарыштық мониторингін, гидротехникалық құрылыстарды басқаруды автоматтандыруды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының су секторын цифрландыруды аяқтау;

2.18. су шаруашылығы саласындағы кадрларды даярлау мен ғылымды дамытуға ерекше көңіл бөлу.

3. Экология және табиғи ресурстар министрлігіне:

3.1. дәлірек және атаулы болжамдар үшін қолда бар ақпараттық және бағдарламалық өнімдерді пайдалана отырып, Қазгидромет болжамдарының егжей-тегжейін ұлғайту жөнінде шаралар қабылдау;

3.2. гидрологиялық бекеттер мен метеостанциялар санын көбейту.

4. Көлік министрлігі облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдіктерімен бірлесіп:

4.1. жолдардың, көпірлердің жай-күйін мониторингілеу бойынша жұмысты жалғастыру және шайылған жағдайда оларды жедел қалпына келтіру бойынша барлық қажетті шараларды қабылдау;

4.2. автомобиль *(республикалық, облыстық, жергілікті)* және темір жолдардың астындағы су өткізу құрылыстарын тазарту жұмыстарын жүргізу;

4.3. көктемгі кезеңдегі ТЖ алдын алу және жою үшін қажетті азаматтық қорғау және авариялық-құтқару қызметтері құрамаларының жеке құрамын, арнайы жүктерді жеткізу үшін қажетті көліктік қамтамасыз ету есептерін әзірлеу;

4.4. халықты эвакуациялау үшін теміржол және автомобиль жолдарының дайындығын қамтамасыз ету;

4.5. шайылып кетуге бейім автомобиль және темір жол учаскелерінде кезекшілік ұйымдастыру.

5. Жергілікті атқарушы органдарға:

5.1. ірі елді мекендерге, әсіресе төмен жатқан учаскелерде орналасқан еріген және тасқын сулардың, нөсерлі жаңбырлардың әсерін азайту үшін бұру арналарын немесе біліктерді тұрғызуды, дренаждық-арық желілерін салуды қамтамасыз ету;

5.2. бағдарламалық құжаттар шеңберінде барлық жоспарланған су тасқынына қарсы іс-шараларды аяқтау *(әлеуметтік-экономикалық дамудың кешенді жоспарлары және өңірлерді дамыту жоспарлары, инженерлік жұмыстар жоспарлары)*;

5.3. жергілікті бюджет қаражаты есебінен ТЖМ өрт сөндіру бөлімшелерін материалдық-техникалық жарақтандыруды нығайту жөніндегі жұмысты жалғастыру;

5.4. жыл сайын су басуға ұшырайтын аса су тасқыны қаупі бар учаскелерде тұратын елді мекендердің тұрғындарын қоныстандыру мүмкіндігін қарастыру;

5.5. ЖТҚ-ға жер учаскелерін беруді бақылауды ұйымдастыру және жыл сайын үйлер су басу аймағына түсетін өңірдің елді мекендерінде, атап айтқанда су қорғау белдеулері мен аймақтарында, өзендердің ойпатты бөліктеріндегі су басқан шалғындар мен жайылмаларда үйлердің өз бетінше салынуына жол бермеу, су қорғау белдеулеріндегі тұрғын үйлердің тұрғындарын қоныстандыруды ұйымдастыру бойынша қабылданатын шараларға талдау жүргізу;

5.6. Көлік министрлігімен бірлесіп, еріген сулардың ең жоғары көлемін қауіпсіз өткізуді қамтамасыз ету мақсатында автомобиль және темір жолдарды, көпірлер мен көпір өткелдерін реконструкциялау немесе жөндеу, су өткізу құрылыстарын тазарту бойынша жүргізілетін жұмыстардың есебін ұйымдастыру;

5.7. су тасқыны қаупі бар елді мекендерден қар шығару үшін қаражаттың уақтылы бөлінуін бақылау жөніндегі жұмысты жалғастыру, қажет болған жағдайда осы мақсаттарға бюджеттен қаражат тарту;

5.8. жергілікті бюджетте ықтимал төтенше жағдайлардың, оның ішінде көктемгі кезеңде алдын алу және жою үшін тиісті қаржы қаражатын көздеу.

II. Қаржы және бюджет комитеті 2025 жылғы 31 наурызда **«Экономиканы мемлекеттік қаржыландырудан жеке қаржы институттарының қаржыландыруына баса назар аудару»** тақырыбында үкіметтік сағат өткізді, оның қорытындысы бойынша мынадай ұсынымдар берілді:

1. **Қазақстан Республикасының Үкіметіне:**

- ағымдағы жылы экономиканың өңделмейтін салаларын субсидиялауды кезең-кезеңімен қысқарту жөнінде тиісті шаралар қабылдауды;

- қаржыландыру көздері бойынша, оның ішінде нарықтық қаржыландыруды тарту үшін «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның жарғылық капиталын толықтыруға арналған қаржы көздері бойынша тиісті шараларды қамтамасыз етуді;

- сенімділік критерийлеріне сәйкес келетін жеке лизингтік компанияларды жеңілдікті кредиттеу тетігіне енгізу жөнінде шаралар қабылдауды;

- 1) Бюджет, Кәсіпкерлік, Салық кодекстеріне «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ мен «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ құрылымындағы кепілдік қоры беретін кепілдіктерді қамтамасыз ету ретінде шартсыз және қайтарып алынбайтын мемлекеттік кепілдік беру құралын және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің міндеттемелеріне кепілдік беру жүйесін енгізуді көздейтін;

2) «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» ҚР Заңына жеке кәсіпкерлік субъектілерінің міндеттемелеріне кепілдік беру жүйесі шеңберінде әрекет ететін кепілдік қорының активтерінен өндіріп алуды қолдану бойынша шектеуді көздейтін.

3) «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасы шеңберінде тартылған қарыз қаражатының тарифі арқылы табиғи монополиялар субъектілерін жеңілдікті ұзақ мерзімді қарыздармен және ішінара қайтарумен қамтамасыз етуге бағытталған Бюджет кодексі мен «Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңына өзгерістер мен толықтыруларды енгізуді;

- қарыздарды өтеу мақсатында тарифтерді қайта қарау және жолдардың жаңа учаскелерінде ақылылықты енгізу жолымен ақылы автожолдар бойынша жол жүргені үшін алымдарды ұлғайту жөнінде шаралар қабылдауды.

2. **ҚР Үкіметіне ҚР Ұлттық банкпен, ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп:**

- Мемлекет басшысының кепілдік беру қорын құру жөніндегі тапсырмасы шеңберінде банктер мен басқа да заңды тұлғалардың қаражатын тарту есебінен экономикаға кредит беру көлемін ұлғайтуды ынталандыруды;

- Кредиттеу түрлеріне (тұтынушылық немесе корпоративтік) байланысты қаржы ұйымдарына сараланған салық салуды ұлғайтуды.

3. **ҚР Үкіметіне ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен, ҚР Ұлттық банкпен, «Бәйтерек «ҰБХ» АҚ, «Самұрық-Қазына «ҰӘҚ» АҚ, Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығымен бірлесіп:**

- жобаларды қаржыландыру туралы шешімдерді жедел қабылдау мақсатында, оның ішінде банктік сараптаманы пайдалану және өтінімді қабылдаудан бастап қаржыландырудың басталуына дейін жобаларды қарауды цифрландыру есебінен, сондай-ақ басымдық берілген инвестициялық жобалардың жаңа пулын қаржыландыру үшін банктердің ресурстарын барынша тарту және даму институттарымен тепе-тең қатысу қағидаттарымен энергетикалық және коммуналдық секторлардың инфрақұрылымын жаңғырту мақсатында «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ базасында синдикатталған кредиттеу және қоса қаржыландыру бойынша жобалау кеңсесінің Басқарушысын жандандыру мәселесін пысықтауды.

4. **ҚР Үкіметіне ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен, ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігімен бірлесіп:**

- қызметін жеке сектор жүзеге асыра алатын салаларда квазимемлекеттік сектор субъектілерінің функцияларын кеңейтуге жол бермеу бойынша шараларды қабылдауды.

5. **ҚР Үкіметіне облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдіктерімен бірлесіп:**

- Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар (ӘКК) қызметінің ашықтығын, оның ішінде қаржыландырылған жобалардың шарттары бойынша ақпаратты көпшілікке жариялау арқылы орналастыруды қамтамасыз етуді.

6. **ҚР Үкіметіне Ұлттық экономика, Қаржы министрліктерімен бірлесіп:**

- экономиканы қаржыландыруға бағытталған бюджеттік кредиттеудің негізгі шарттарын айқындайтын жобаларды «Ашық нормативтік құқықтық актілер» интернет-порталында міндетті түрде орналастыру бойынша шараларды қабылдауды.

7. **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне Қаржы, Ұлттық экономика, Әділет министрліктерімен бірлесіп:**

- агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін инвестициялық жобаларды іске асыру және айналым қаражатын толықтыру мақсатында қаржыландыру үшін екінші деңгейлі банктердің сыйақы мөлшерлемелерін тікелей субсидиялау бағдарламасын іске қосу бойынша қажетті іс-шараларды жүргізуді.

8. **ҚР Көлік министрлігіне:**

- инвестициялар туралы келісімдер шарттарында магистральдық теміржол желісінің құрылысына жеке инвестицияларды тартуға бағытталған «Теміржол көлігі туралы» ҚР Заңына өзгерістер енгізу жөніндегі жұмысты жалғастыруды.

9. **ҚР Көлік министрлігіне «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ бірлесіп:**

- Ақтау портының терминалдық қуаттарын дамыту бойынша жеке инвесторлар үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында ағымдағы жылы Ақтау теңіз портының акваториясын тереңдетуді жүргізу үшін қажетті шараларды қабылдауды.

10. **Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі, Әділет, Қаржы, Ауыл шаруашылығы министрліктеріне Қаржы мониторингі, Қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі агенттіктерімен және ҚР Ұлттық банкпен бірлесіп:**

- кредиттік тәуекелді бағалау рәсімдерін оңайлату және бизнес үшін онлайн-өнімдерді кеңейту үшін екінші деңгейдегі банктер мен кредиттік бюролардың 15 мемлекеттік цифрлық сервистер мен деректер базасына тең қолжетімділігін одан әрі кеңейту мәселесін пысықтауды.

11. **ҚР Ұлттық экономика министрлігіне, ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне, Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығына:**

- Екінші деңгейдегі банктердің әділ жарналары есебінен шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне кредиттерге кепілдік беру қорының капиталын қалыптастыру әдістемесін пысықтауды.

12. **ҚР Ұлттық Банкке ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп:**

- бизнестің инвестициялық жобаларын кейіннен кредиттеу үшін нарықтық жағдайларда «БЖЗҚ» АҚ-нің активтерін банк облигацияларына

инвестициялау есебінен банктерді ұзақ мерзімді қорландыруды қамтамасыз ету жөніндегі тетікті кеңейту мүмкіндігін пысықтауды.

13. **ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне ҚР Ұлттық банкпен бірлесіп:**

- экономиканың нақты секторына кредит беруді кеңейту үшін банктердің капиталы мен өтімділігін босату бойынша қабылданған пруденциалдық ынталандыру шараларын 2028 жылғы 1 қаңтарға дейін ұзарту мүмкіндігін пысықтауды.

14. **ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне ҚР Ұлттық банкпен, ҚР Ұлттық экономика министрлігімен бірлесіп:**

- қор нарығында экономиканың нақты секторы компанияларының капитал тартуын кеңейту мәселесін пысықтауды, оның ішінде:

1) отандық компаниялардың рейтингтік бағаларына қолжетімділікті қамтамасыз ету және олардың капиталды тарту жөніндегі мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында жергілікті рейтингтік агенттіктердің қызметі үшін заңнамалық және нормативтік-құқықтық база құруды;

2) ұжымдық инвестициялар нарығын реттейтін заңнаманы жетілдіру, оның ішінде инвестордың біліктілігіне қарай инвестициялық қорлар санаттарын кеңейту, инвестициялық қорларды құрудың ұйымдық-құқықтық нысандарын кеңейту, сондай-ақ инвестициялық қорлар туралы ақпараттың ашықтығын және қолжетімділігін арттыруды қамтамасыз етуді.

15. **Маңғыстау облысының әкімдігіне:**

- жаңа теңіз терминалдарын салуға жеке инвестициялар тарту үшін жер учаскелерін, оның ішінде су қоры жерлерінің құрамынан резервтеуді қамтамасызтуді ұсынады.

III. 2025 жылғы 23 мамырда Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауын іске асыру мақсатында Қ.Қ. Тоқаев «Әділетті Қазақстан: құқықтық тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдын оптимизм» тақырыбында **«Қазақстан Республикасындағы автомобиль жолдарын салу және пайдалану: ағымдағы жай-күй, өзекті мәселелер жолдары»** тақырыбында Үкімет сағатын өткізіп, оның қорытындысы бойынша мынадай ұсынымдар берілді.

Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1.1 автомобиль жолдары саласындағы техникалық қадағалауды реттеуге қатысты құзыреттерді беру, оның ішінде автомобиль жолдары саласындағы техникалық қадағалауды жүзеге асыратын заңды тұлғаларды аккредиттеу қағидаларын бекіту, оларды аккредиттеуді жүргізу, сондай-ақ аккредиттелген ұйымдардың тізілімін жүргізу мәселесін ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және ТКШ істері комитетінен ҚР Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль жолдары комитетіне беру мәселесін қарауды;

1.2 автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау және күрделі жөндеу саласындағы мемлекеттік нормативтерді бекіту жөніндегі құзыретті

ҚР өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және ТКШ істері комитетінен ҚР Көлік министрлігінің Автомобиль жолдары комитетіне беру мәселесін қарауды;

1.3 жалпы пайдаланымдағы жолдарда рұқсат етілген массаны бұза отырып, ауыр салмақты көлік құралдарының (40 тоннадан астам) өтуіне заңнамалық тыйым салу мәселесін қарауды;

1.4 автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау және жөндеу объектілерінде техникалық қадағалау қызметтерінің болмауы үшін жауапкершілік көздеу бөлігінде заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігін қарастыруды;

1.5 битум тапшылығы проблемасын шешу мақсатында битум қоймаларын салу жөнінде шаралар қабылдауды;

1.6 автомобиль жолдарының қызмет ету мерзімін ұлғайту және мерзімінен бұрын бұзылуын болдырмау мақсатында нормативтік қажеттілікке сәйкес жолдарды күтіп ұстауға қаржыландыру көлемін бөлу жөнінде шаралар қабылдауды;

1.7 «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына келесідей өзгерістер мен толықтыруларды енгізу мүмкіндігін қарастыруды:

- меншіктерінде материалдық-техникалық ресурстары жоқ компаниялардың облыстық автомобиль жолдарын күтіп-ұстау жөніндегі конкурстарға қатысуын шектеуді (техниканы толық жалға алатын компаниялардың жіберілуін шектеу);

- жеке компаниялармен тең дәрежеде өз техникасымен қамтамасыз етілген коммуналдық-шаруашылық кәсіпорындарының аудандық және кентішілік жолдарын күтіп ұстау бойынша конкурсқа қатысуға рұқсат етуді.

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігіне:

2.1 нақты сенімді деректермен өңірлер бөлінісінде барлық деңгейдегі автомобиль жолдарының жай-күйінің бірыңғай базасын құруды қамтамасыз етуді;

2.2 жолдарды салу, реконструкциялау және жөндеу үшін нормативтерге сәйкес келмейтін жол-құрылыс өнімдерін пайдалануға жол бермеу жөнінде шаралар қабылдауды;

2.3 заңнамаға объектіні қабылдау және пайдалануға беру Жол активтерінің ұлттық сапа орталығының қорытындыларында тіркелген барлық анықталған ақаулар мен бұзушылықтар жойылғаннан кейін ғана жүргізуді көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігін қарастыруды;

2.4 автомобиль жолдары саласында жетілдірілген ұлттық стандарттарды әзірлеу арқылы жаңа инновациялық технологияларды енгізуді қамтамасыз етуді;

2.5 мердігер келісімшарттың қолданылу мерзімі ішінде жобалауға, реконструкциялауға, пайдалануға және ұстауға жауапты болатын келісімшарттарды енгізу мүмкіндігін қарастыруды;

2.6 өңірлердегі көліктік бақылау инспекторларының және бақылау автомобильдерінің сандарын ұлғайту мүмкіндігін қарастыруды;

2.7 техникалық қадағалау мамандарының бірыңғай базасын құру мүмкіндігін қарастыруды.

Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп:

2.8 өңірлердің нақты қажеттіліктеріне негізделген жөндеу жұмыстарын қаржыландырудың оңтайлы тетігін әзірлей отырып, жергілікті жолдардың барлық учаскелеріне диагностика (тексеру) және паспорттау жүргізуді;

2.9 өңірлерде автокөлікті өлшеудің автоматтандырылған жүйелерін қажетті мөлшерде орнатуды қамтамасыз ету мәселесін қарауды және осы жүйенің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз етуді **ұсынады.**

IV. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2025 жылы 30 мамырда **«Жасыл» инвестициялар тартуды және қолжетімді үздік техниканы кеңінен қолдануды мемлекеттің көтермелеуі мен ынталандыруы бөлігінде Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексі нормаларының іске асырылуы туралы» тақырыбындағы** үкімет сағатын өткізді, оның қорытындысы бойынша келесі ұсыныстар берілді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметіне:

1.1. Жасыл технологиялар мен жобалар тізіліміне енгізілген технологиялар мен шешімдерді сүйемелдеуді, сараптамалық кеңес беруді, валидациялауды және сынақтан өткізуді қоса алғанда, жасыл жобаларды қаржылық емес қолдауға экологиялық құқық бұзушылықтар үшін айыппұлдар сомасының 1% – және қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемақының 1% – жіберу тетігін көздейтін заңнамалық актілерге өзгерістер енгізу мүмкіндігін қарастыру.

1.2. Салықтық жеңілдіктермен, гранттармен, сараптамалық қолдаумен және барлық қолдау құралдарын «жасыл» стартаптар үшін «бір терезе» форматында біріктірумен мамандандырылған инфрақұрылым құру мүмкіндігін қарастыру.

1.3. Салықтық жеңілдіктермен, гранттармен, сараптамалық қолдаумен және барлық қолдау құралдарын «жасыл» стартаптар үшін «бір терезе» форматында біріктірумен мамандандырылған инфрақұрылым құру мүмкіндігін қарастыру.

1.4. Декарбонизацияға, энергия тиімділігін арттыруға, экожүйелерді қалпына келтіруге және табиғатты тұрақты пайдалануға бағытталған жобалар үшін рұқсаттар мен келісімдер алу рәсімдерін жеңілдетуді қамтамасыз ету.

1.5. Халықаралық инвестициялық және гранттық платформаларда (мысалы, GCF, GEF, UNDP, EBRD және т.б.) белсенді ілгерілету үшін басым жасыл жобалардың өңірлік портфельдерін қалыптастыру.

2. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігіне:

2.1. **ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетімен** бірлесіп, кешенді экологиялық рұқсатқа жататын барлық объектілердің, сондай – ақ қоршаған ортаға әсер ететін өзге де объектілердің эмиссияларының көлемі бойынша мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету үшін ұлттық деректер банкінің ақпараттық жүйесін (бұдан әрі-ҰБД АЖ) интеграциялау жөніндегі жұмыстардың аяқталуын қамтамасыз ету.

2.2. Декларациялау әкімдіктер деңгейінде жүзеге асырылатын III санаттағы объектілердің эмиссиялары туралы мәліметтерді міндетті түрде енгізуді қоса алғанда, ҰБД АЖ-да деректердің толықтығы мен өзектілігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау.

2.3. **ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп**, мемлекеттік АЖ бірыңғай архитектурасы шеңберінде ҰБД АЖ және Мемлекеттік кірістер комитетінің АЖ интеграциясы кезінде техникалық жәрдем көрсетуді және үйлестіруді қамтамасыз ету.

2.4. **Облыс әкімдіктерімен бірлесіп** ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес, ҰБД АЖ-да III санаттағы объектілердің эмиссиялары туралы мәліметтерді уақтылы ұсынуды қамтамасыз ету.

2.5. Өнеркәсіптік кәсіпорындардың кешенді экологиялық рұқсаттарға уақтылы көшуі бөлігінде жұмысты күшейту.

2.6. Пилоттық Cleantech-жобаларды, оның ішінде ірі кәсіпорындар мен I санаттағы объектілер базасында мемлекеттік қолдау тетігін енгізу мүмкіндігін қарастыру.

2.7. **Атырау облысының әкімдігімен** бірлесіп жер үсті суларының ластану деңгейі жоғары аудандарда рейдтік тексерулер жүргізу, нәтижелері бойынша бақылауды қатаңдату және цифрлық мониторингті енгізу жөнінде ұсыныстар беру.

2.8. **ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен** бірлесіп, Атырау облысында ауа сапасының цифрлық мониторингі жүйесін енгізу бойынша жұмысты аяқтау (ҚОБМЖ (Қоршаған орта мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесі) және Қазгидромет деректерімен интеграциялану).

3**. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігіне:**

3.1. Инвесторлар үшін жеңілдіктер мен кепілдіктерді қоса алғанда, қолайлы инвестициялық орта құру, сондай-ақ халықаралық көздерден инвестицияларды белсенді тарту арқылы энергетика секторына жасыл инвестицияларды тартуға жәрдемдесу жөнінде шаралар қабылдау.

3.2. «Жасыл экономикаға» көшу Тұжырымдамасына сәйкес нысаналы индикаторларға қол жеткізу, оның ішінде көмірді жағу негізінде электр генерациясынан біртіндеп бас тарту немесе көміртекті ұстау және сақтау технологияларымен міндетті түрде сүйемелдеу жөніндегі жұмысын жалғастыру.

3.3. Жасыл технологияларды енгізу практикасын жетілдіру мақсатында энергетикалық сектор кәсіпорындары, сондай-ақ халықаралық әріптестер арасында тәжірибе және білім алмасуды қамтамасыз ету бойынша жәрдем көрсету.

3.4. Энергия тиімділігін арттыру, қоршаған ортаны қорғау және энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында жаңартылатын энергия көздерін (ЖЭК) пайдалану туралы халықты ақпараттандыру бойынша жұмыс жүргізу.

4. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігімен бірлесіп:

4.1. ҚР Экология кодексінің нормаларына сәйкес келтіру мақсатында «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР Кодексіне жер қойнауын пайдалануға байланысты қызметте (темір кенін өндіру, түсті металдар кендерін өндіру, мұнай және табиғи газ өндіру және т.б.) қолжетімді үздік техникаларды пайдалану мәселесі бойынша түзетулер әзірлеуді қарастыру.

4.2. Ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардың өндірістік қуаттарын жаңғырту және экологияландыру, соның ішінде қолжетімді үздік техникаларға (ЕҚТ) көшу жобаларын сүйемелдеуді қамтамасыз ету.

4.3. Қолжетімді үздік техникаларды (ЕҚТ) қоса алғанда, ластаушы заттар шығарындыларының көлемін қысқарту және автоматтандырылған мониторинг жүйелерін орнату жөніндегі жол карталарын ұсыну.

5. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігіне:

5.1. Жасыл технологияларды енгізу бойынша жобаларды бірлесіп жүзеге асыру үшін жеке сектормен серіктестікті нығайту.

5.2. Жаңа жасыл технологияларды дамытуға және қолданыстағыларын жақсартуға бағытталған инновациялық ғылыми жобаларды қолдау және ықпал ету.

5.3. Озық жасыл технологияларды енгізуге инвестиция салатын бизнес субъектілерін ынталандыру бойынша қосымша шаралар қабылдау.

6. Облыс әкімдіктеріне:

6.1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың табиғат қорғау іс-шараларының өңірлік жоспарларын әзірлеу шеңберінде әрбір күнтізбелік жыл (2025-2027 жж.) бөлінісінде I санаттағы ТОП 50 кәсіпорынды қоспағанда, кешенді технологиялық аудиттен өту және I және II санаттағы экономика секторлары үшін ЕҚТ бойынша анықтамалықтарды әзірлеу жөніндегі іс-шараларды енгізуді қамтамасыз ету

6.2. Кешенді экологиялық рұқсаттарға көшу қажеттігін түсіндіру бойынша облыстың барлық мүдделі мемлекеттік органдарының, өнеркәсіптік кәсіпорындардың қатысуымен жиналыс ұйымдастыру.

6.3. Кешенді технологиялық аудитке өту жолымен облыстың өнеркәсіп орындарының ЕҚТ қағидаттарына көшуін қамтамасыз ету, сондай-ақ кешенді экологиялық рұқсат алу бойынша барлық қажетті шараларды қабылдау.

6.4. Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу аясында жергілікті атқарушы органдар II санаттағы объектілер үшін салалардың ЕҚТ қағидаттарына көшуі және кешенді экологиялық рұқсаттар алуы бөлігінде жаңа экологиялық саясатты іске асыруға назар аударуы қажет.

6.5. Әлеуетті масштабтау арқылы отандық және шетелдік экологиялық шешімдерді қолдауға және тестілеуге бағытталған өңірлік Cleantech-кластерлерді/алаңдарды құру мүмкіндігін қарастыру.

6.6. Әр әкімдікте жасыл жобаларды сүйемелдеу бойынша жауапты үйлестірушілерді тағайындау. Олардың инвесторлармен, халықаралық ұйымдармен және бейінді министрліктермен өзара іс-қимыл жасауы үшін тиісті өкілеттіктермен қамтамасыз ету.

6.7. Табиғатты үнемдейтін және цифрлық шешімдерді (дрондар, спутниктік мониторинг, биоәртүрлілікті есепке алу үшін жасанды интеллект және т.б.) енгізу және сынақтан өткізу үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтар (ЕҚТА) базасында пилоттық зертханалар құру.

7. «Жасыл технологиялар және инвестициялық жобалардың халықаралық орталығы» КЕАҚ:

7.1. Ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардың назарын қоршаған ортаға әсер етудің рұқсат етілген деңгейін және экологиялық стандарттардың талаптарын сақтауға аудару үшін ең үздік қолжетімді техникалардың анықтамалықтарын қолдануды насихаттау шараларын күшейту бойынша шаралар қабылдау.

7.2. **Жергілікті атқарушы органдармен** бірлесіп, тұрақты қаржыландыру, жасыл стандарттар, ESG-тәсілдер және жобалық менеджмент тақырыбы бойынша әкімдік мамандарын оқытуды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру.

7.3. Жаңа технологияларды дамытуға және қолданыстағыларын жетілдіруге бағытталған жасыл технологиялар саласындағы инновациялық бағдарламалар мен зерттеулерді қолдау шараларын күшейту.

7.4. Экологиялық мәселелер мен жасыл технологиялардың артықшылықтары туралы хабардар ету, сондай-ақ жасыл бастамаларды жүзеге асыруға қоғамның қатысуын ынталандыру үшін ақпараттық науқандар мен іс-шараларды өткізу бойынша шараларды күшейту.

КОМИТЕТТЕРДІҢ КӨШПЕЛІ ІС-ШАРАЛАРЫ

I. Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті 2024 жылы 30 қазанда Қазақстан Республикасының **радиациялық және сейсмикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі Комитеттің көшпелі отырысын (Абай обл., Курчатов қ.)** өткізді, оның қорытындысы бойынша келесі ұсыныстар берілді:

Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1) республикалық бюджетте «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» РМК (бұдан әрі – ҚР ҰЯО) қарамағындағы ядролық,

радиациялық және электрофизикалық қондырғылардың қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі барлық міндетті іс-шараларды жүргізуге жеткілікті қаражат көздеуді;

2) ҚР ҰЯО ядролық және өндірістік объектілерінің инженерлік инфрақұрылымын жаңғырту жөніндегі республикалық бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны) әзірлеуді және бекітуді;

3) республикалық бюджетте ҚР ҰЯО қорғаныс құрылысын (бомбадан паналайтын жер) белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаға сай нормативтік талаптарға (реконструкциялау) сәйкес келтіруге қаржы қаражатын көздеуді;

4) Радиоактивті қалдықтарды (бұдан әрі – РАҚ) қайта өңдеу жөніндегі республикалық орталықты құру және оларды Семей ядролық қауіпсіздік аймағының аумағында ұзақ мерзімді сақтауға және көмуге орналастыру мәселесін қарауды;

5) РАҚ-пен жұмыс істеу жөніндегі ұлттық операторды заңнамалық деңгейде айқындауды ұсынады, бұл елдің бүкіл аумағында РАҚ-пен жұмыс істеу мәселесін реттейді және шешеді, сондай-ақ осы саладағы істердің жай-күйіне мемлекеттік заңды тұлғаның бақылауы мен жауапкершілігін белгілейді;

6) барлық әсер ететін көздерден және радиоактивті көздерді пайдаланудың барлық салаларынан (медицинадан бастап уран өндіру және уран өңдеу саласына дейін) халыққа дозалық жүктемелерді бақылау, есепке алу және төмендетудің тұтас жүйесінің жұмыс істеуі, сондай-ақ негізсіз сәулеленудің алдын алу мақсатында Республикалық кешенді дозиметрия орталығын құру мәселесін қарауды ұсынады. Сондай-ақ жоғарыда аталған Республикалық орталықтың жұмысы шеңберінде дозалық жүктемелерді бағалауға және жоғары дозаларға ұшыраған азаматтарды кешенді тексеруге, сондай-ақ ұсынымдар әзірлеуге мүмкіндік беретін ғылыми-әдістемелік базаны әзірлеу қажет;

7) қабылдануы «Семей ядролық қауіпсіздік аймағы туралы» 2023 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңымен (5-баптың 3-тармағының 2) тармақшасы) негізделген заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіні («Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-334/2020 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы) әзірлеуді және қабылдауды;

8) «Семей ядролық қауіпсіздік аймағы туралы» 2023 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ҚР Ұлттық ядролық орталығына Семей ядролық қауіпсіздік аймағын (бұдан әрі – СЯҚА) құру және СЯҚА-ның жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті ұйымның негізгі функцияларын орындау бойынша функцияларды жүзеге асыруға республикалық бюджеттен қаражат бөлінуін қамтамасыз етуді;

9) нормативтен тыс радиоактивті ластануға ұшыраған немесе тұрғындардың өмірі мен денсаулығына өзге де қатер төндіретін, меншіктегі

немесе жер пайдаланудағы және СЯҚА құрамына енгізу жоспарланып отырған жер учаскелерін қайтаруды қамтамасыз етуді ұсынады. Жер учаскелері заңсыз берілген жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кінәлілерді жауапқа тарту үшін құқық қорғау органдарына жер заңнамасын бұзу туралы материалдардың берілуін қамтамасыз етуді;

10) ҚР Экология кодексіне (65-баптың 4-тармағы) бұрынғы Семей сынақ полигонының аумағында қауіпсіздікті күшейту жөніндегі, оның ішінде ядролық қызмет қалдықтарын (ядролық материалды) алып қою, қайта өңдеу және бақыланатын жағдайларға орналастыру жөніндегі жобалар шеңберіндегі қызметті Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шұғыл шаралар қабылдау жөніндегі қызметке жатқызу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесін қарауды;

11) ғылымды қажетсінетін аумақтарды (технополистерді) құқықтық реттеу, атап айтқанда «Ғылыми қалалар туралы» арнайы заңды әзірлеу және қабылдау мәселесін қарастыруды;

12) ҚР Ішкі істер министрлігінің СЯҚА-да құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі мамандандырылған бөлімшесін құруды не штат саны мен материалдық-техникалық базасын тиісінше кеңейте отырып, СЯҚА аумағын ҚР ІІМ Курчатов қаласының аумақтық бөлімшесіне әкімшілік бағыныстылыққа беруді;

13) Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 3514 әскери бөлімін заманауи жерүсті мониторингі жүйелерімен, оның ішінде күзетілетін периметрді ұшып өту (патрульдеу) және деректерді беру функциялары бар ұшқышсыз ұшу аппараттарымен (дрондармен) қамтамасыз етуді;

14) Курчатов қаласы әкімдігінің тозуы 75%-дан асатын сумен жабдықтау және су бұру, жылумен жабдықтау жүйелерінің мәселелерін шешуге бағытталған қаланың инженерлік инфрақұрылымын жаңғырту жөніндегі жобаларының іске асырылуын қолдауды;

15) Курчатов қаласының кәріздік тазарту құрылыстары мен орталық ыстық сумен жабдықтау жүйесін, сондай-ақ жол инфрақұрылымын салуға бюджет қаражатының бөлінуін қамтамасыз етуді **ұсынады.**

II. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті (бұдан әрі – Комитет) Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде 2024 жылғы 1 қарашада **«Денсаулық сақтау жүйесін кадрлық қамтамасыз етудің өзекті мәселелері»** тақырыбына арналған Абай облысында өткізген көшпелі отырысын өткізді.

Мемлекет басшысы Жолдауда «Білікті медицина мамандарының тапшылығы – әлі де өзекті мәселе. Бұл мәселені шешу үшін, ең алдымен, медицина саласындағы білім сапасын барынша арттырған жөн. Соның ішінде грант құнын білім беру үдерістерінің деңгейіне қарай саралау арқылы белгілеп, тиімді тарату қажет.» деп көрсетті.

Ұлттық денсаулық сақтау жүйесі адами капиталды дамытуда негізгі стратегиялық бағыттардың бірі. Денсаулық сақтау саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыруда оны толыққанды және сапалы кадрлық ресурстармен қамтамасыз ету мәселесі шешуші рөл атқарады, сонымен бірге халықтың медициналық сұраныстарын қанағаттандыру қабілетіне және көрсетілетін медициналық көмектің деңгейіне айтарлықтай әсер етеді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Комитеттің көшпелі отырысында баяндалған ақпараттар мен ұсыныстар негізінде, денсаулық сақтау жүйесінің кадр құрамының әлеуетін арттыру, оларды әлеуметтік қолдау және құқықтарын қорғау мен еңбек жағдайларын жақсарту мақсатында мынадай **ұсынымдар** берілді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1.1. Денсаулық сақтау министрлігіне денсаулық сақтау саласындағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласында салааралық үйлестіру құзыреттері мен функцияларын беру мүмкіндігін қарастыру;

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне:

2.1. денсаулық сақтау саласындағы кадрлық ресурстардың мәселелері бойынша «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне өзгерістер енгізу жөніндегі заңнамалық актінің жобасын Парламенттің қарауына енгізу жөніндегі жұмысты жеделдету;

2.2. денсаулық сақтау саласында кадрлық ресурстарды жоспарлау және болжау жүйесін енгізуді қарастыру;

2.3. денсаулық сақтау саласындағы оқу базаларын және білім беру бағдарламаларының үздіксіздігін жетілдіру, сондай-ақ саланың басымдықтарына сәйкес қашықтықтан оқыту элементтерін және электрондық ақпараттық-білім беру жүйелерін қолдана отырып, дәрігерлер және орта медициналық персоналды даярлау мен біліктілігін арттырудың заманауи білім беру технологияларын пайдалануды қарастыру;

2.4. мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде оқытылған жас мамандардың ТМККК және МӘМС шеңберінде халыққа медициналық көмек көрсетуді жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарында міндетті еңбекпен өтеу (жұмысқа орналасу) мәселесін білім беру туралы заңнамаға енгізуді қарастыру;

2.5. медициналық кадрларды даярлауда тәжірибеге бағдарланған әдісті оның ішінде білім, ғылыми зерттеулер мен клиникалық тәжірибені (академиялық триада) медициналық білім беруде кеңінен қолдануды және көп бейінді университеттік клиникалар салу жөніндегі жұмыстарды жандандыруды қарастыру;

2.6. практикалық денсаулық сақтаудың қазіргі заманғы қажеттіліктерін, оның ішінде өңірлердің сұраныстарын ескере отырып, сұранысқа ие медициналық мамандықтар бойынша оқуға арналған гранттардың көлемін, құнын және оны бөлу тетіктерін қайта пысықтауды қарастыру;

2.7. медициналық терминдерді қолданудың халықаралық тәжірибесіне негізделген қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде бір іздендірілген терминологиялық жинақ жасауды қарастыру;

2.8. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім, Оқу-ағарту министрліктерімен бірлесіп:

2.8.1. қолданыстағы медициналық білім беру бағдарламаларының бейіндік пәндерін талдай отырып, жоғары медициналық колледждер түлектерін медициналық бейіндегі жоғары оқу орындарының 2, 3 курсына қабылдау мүмкіндігін зерттеуді қарастыру;

2.8.2. медициналық білім беруде бейінді емес пәндерді қысқарту, сәйкесінше бейінді пәндердің және тәжірибелік дәрістердің оқу уақытын ұлғайту бойынша медициналық білім беру бағдарламаларын, сондай-ақ оқу мерзімін (бакалавриат+интернатура+резидентура) қайта пысықтауды қарастыру;

3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім және Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп:

3.1. «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында білім беру қызметімен айналысуға лицензия беруді Денсаулық сақтау министрлігімен келісу рәсімдерін нормативтік құқықтық актілерге енгізу мәселесін пысықтау;

3.2. медициналық білімі бар жас мамандарды жұмысқа дербес бөлу жөніндегі комиссияның жұмысын ұйымдастыру жөніндегі құзыретті Денсаулық сақтау министрлігіне қайтару бөлігінде заңнамаға өзгерістер енгізуді қарастыру;

3.3. Денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдар базасында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді ұйымдастыру құқықығын заңнамалық түрде реттеуді қарастыру;

4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігіне:

4.1. медициналық мамандықтар бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласында білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру кезінде Денсаулық сақтау министрлігімен келісу рәсімін енгізуді қарастыру;

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп:

5.1. 2025 жылдан бастап «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша грант құнын білім беру үдерістерінің деңгейіне қарай саралау арқылы белгілеуді және тиімді таратуды, қаражатар көздеуді қарастыру;

5.2. облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп, денсаулық сақтау саласындағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуға арналған гранттардың құнын арттыруды қарастыру;

6. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігіне:

6.1. **Денсаулық сақтау министрлігімен және басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп,** жас мамандарды әлеуметтік

қолдауды ұлғайту бөлігінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы №183 қаулысына өзгерістер енгізу, сондай-ақ моноқалаларды осы көмек көрсетілетін елді мекендердің тізбесіне қосу мәселесін қарастыру;

7. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп:

7.1. өңірлерге жұмысқа келген жас медицина мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын күшейту бойынша ұсыныстар енгізу (көтерме жәрдемақылардың мөлшерін ұлғайту, жас мамандарға тәлімгерлікті дамыту, тұрғын үймен қамтамасыз ету, дәрігерлер үйлерін салу және т.б.);

7.2. арнайы бейінді мамандардың тапшылығы бар өңірлерде медициналық қызметтер көрсетуде телемедицинаны және көшпелі медициналық көмек көрсетуді, маршруттауды кеңінен қолдануды қарастыру;

7.3. өңірде медициналық кадр саясатын жетілдірудің, оларды даярлаудың, өңірге тартудың және әлеуметтік қолдаудың, медициналық ұйымдарды заманауи зертханалық жабдықтармен жарақтандырудың және олардың қызметін цифрландырудың орта және ұзақ мерзімге жоспарлаудың тетіктерін қарастыру;

7.4. мамандарды даярлауға мемлекеттік тапсырысты қалыптастыруда медициналық кадрларға ағымдағы және перспективалық қажеттілікті ескеру, резидентура түлектерін бөлу кезінде медициналық бейіндегі білім беру ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасау, сондай-ақ резидентурада мамандарды оқытуға нысаналы гранттар бөлу мәселесін қарастыру;

7.5. өңірдегі техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі медициналық білім беру ұйымдарының оқу ғимараттарын медициналық білім беру талаптарына сәйкес келетін үлгілік ғимараттармен, сондай-ақ олардың материалдық-техникалық базасын жаңғырту бойынша шаралар қабылдауды қарастыру **ұсынылады**.

III. Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті 2024 жылғы 5 қарашада **Аэроғарыш өнеркәсібіне қатысты мәселелер** бойынша Комитеттің Қызылорда облысындағы көшпелі отырысын **(Байқоңыр қ.)** өткізді, оның қорытындысы бойынша келесі ұсыныстар берілді:

Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1. Ғылымды қажетсінетін технологияларды игеруде жаңа тәсілдерді қалыптастыру, мемлекеттік ұйымдармен және жеке компаниялармен бірлескен ғылыми-технологиялық жобаларды іске асыру, инвестициялар тарту және т.б. үшін халықаралық тәжірибе үлгісі бойынша ұлттық ғарыш холдингін құру мәселесін қарастыруды.

2. 2025-2028 жылдарға арналған «Бәйтерек» жобасын іске асырудың өзекті мерзімдерін ескере отырып жобаны қаржыландыруды және 2025 жылы «Бәйтерек» ҒЗК-ден «Союз-5» зымыран тасығышының алғаш рет ұшырылуын қамтамасыз етуді.

3. Қазақстан Республикасының ұлттық және коммерциялық мақсаттарында «Протон-М» ҒЗК-нің одан әрі пайдаланылуын пысықтау жөніндегі жұмысты жалғастыруды.

4. Байқоңыр ғарыш айлағында «Бәйтерек» ҒЗК объектілерін мемлекеттік күзетуді қамтамасыз ету мақсатында арнайы әскери бөлім құру үшін Қазақстан Республикасы ІІМ Ұлттық ұланының штат санын кеңейту, сондай-ақ әскери қалашық салу мәселесін пысықтауды.

5. Байқоңыр қаласының «Крайний» әуежайына/әуежайынан авиациялық қатынасты ұйымдастыру мәселелері жөніндегі келісімнің жобасына қол қою бойынша мемлекетішілік рәсімдердің жүргізілуін жеделдетуді және «Байқоңыр» кешені бойынша комиссияның 10-шы отырысына Қазақстан тарапының Ресей тарапымен келісім жасасуға әзірлігі туралы шешімін шығаруды.

6. Байқоңыр кешенінің Ресей тарапының қарамағындағы объектілеріне онлайн-платформа енгізуді жеделдетуді, сондай-ақ «Байқоңыр» кешенінде туризмді дамыту тұжырымдамасын қарастыру мен бекітуді.

7. «Байқоңыр» кешенінде Ресей тарапының Қазақстан Республикасының экологиялық және жер заңнамасын сақтауын бақылауды күшейтуді. Оның ішінде, Ресей Федерациясына жалға берілген «Байқоңыр» кешенінің жер учаскелерін пайдалану тәртібі туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы 1996 жылғы 19 сәуірдегі Келісімнің 4-бабына сәйкес жер учаскелерінің жай-күйіне бағалау жүргізілгеннен кейін жалға алудан шығарылатын жер учаскелерін қабылдап алу-беру рәсімдерін жүзеге асыруды.

8. Басым жобалар бойынша әскери-ғарыш бағдарламаларын іске асыру жөнінде шаралар қабылдауды.

IV. Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті 2024 жылғы 8 қарашада **Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде құқық бұзушылықтардың алдын алу және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері** бойынша (Ақмола облысы полиция департаментінің базасында) көшпелі отырыс өткізді, оның қорытындысы бойынша мынадай **ұсынымдар** қабылданды:

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне:

1.1. жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, борттық тіркеу жүйелерімен жарақтандырылған автопатрульдер санын ұлғайту, автожолдарда аспалы жылдамдықты бақылау камераларын, қоғамдық көлікте бұзушылықтарды тіркеу камераларын, жедел жәрдем кареталарын орнату сияқты цифрлық шешімдерді одан әрі кеңейту мәселелерін пысықтауды;

1.2. жол қозғалысы қауіпсіздігінің аудитін қоса алғанда, еліміздің

жолдарындағы апаттылық деңгейін төмендетуге бағытталған шаралар кешенін әзірлеуді;

1.3. елді мекендердегі, адамдар көп жиналатын орындардағы, ойын-сауық мекемелері мен алкогольдік ішімдіктерді сататын аула сауда орындарының маңындағы «көрінбейтін» аймақтарды қамтуға баса назар аудара отырып, бейнебақылау камераларын енгізу жөніндегі жұмысты жалғастыруды;

1.4. мас күйде жасалатын құқық бұзушылық профилактикасы мақсатында, Бас прокуратурамен, мүдделі мемлекеттік органдармен және «Атамекен» ҰКП-мен ойын-сауық мекемелерінің жұмыс режимін қайта қарау, ондағы алкоголь өнімін сатудың уақытын шектеу, сондай-ақ алкогольге тәуелділіктен зардап шегетін, бірнеше бұзушылықтары мен соттылығы бар адамдарға алкогольді сатуды шектеу мәселелерін пысықтауды;

1.5. телефон алаяқтығымен және ұрланған ақшаны шығарумен күресу бойынша жұмысты күшейту мақсатында үшінші тұлғаларды, яғни «дропперлерді» банктік төлем карточкаларын пайдаланып ақша қаражатының заңсыз айналымын жүзеге асырғаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту бөлігінде Қылмыстық кодекске түзетулер енгізу туралы мәселені пысықтауды;

1.6. **Бас прокуратурамен және мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп,** сондай-ақ қоғамдық бірлестіктерді тарта отырып, кәмелетке толмағандарды есірткі мен алкогольді қолдануға міндетті тестілеуді енгізу туралы мәселені қарауды.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігіне:

2.1 оқушыларға қауіпсіз орта құру және оларға оқу орындарында қолайлы жағдайды қамтамасыз ету мақсатында жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп мектеп ғимаратына кірудің автоматтандырылған жүйесін енгізу бойынша шаралар қабылдау жөнінде мәселені қарастыруды (Көкшетау қаласы Әл-Фараби атындағы IT-мектеп-лицейдің алақан суретін пайдаланумен «Alaqan Mektep» аппараттық-цифрлық бағдарламасының тәжірибесі бойынша);

2.2. тәуекел топтарын ерте анықтау мақсатында есірткі мен алкоголь ішімдіктерін тұтынуға, қаңғыбастықпен, қайыршылықпен айналысуға бейім жасөспірімдермен іс-шаралар ұйымдастыруды және оларды психологиялық әдістермен түзету бойынша жұмыстарды одан әрі жалғастыруды.

3. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотына:

3.1. жазаның бұлтартпастығы қағидатын қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды одан әрі жетілдіру мақсатында жол қозғалысы ережелерін бұзуға байланысты істерді қарау бөлігінде сот практикасын жинақтауды.

4. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп:

4.1. Ішкі істер министрлігімен, Қаржы, Ұлттық экономика, Сауда және интеграция министрліктерімен бірлесіп және «Атамекен» ҰКП-ң

қатысуымен, этил спиртінің көлемдік үлесіне қарамастан, сағат 21-ден келесі күнгі 12-ге дейін алкоголь өнімін сатуға тыйым салуды енгізу, сонымен қатар, бұрын әкімшілік жауапкершілікке тартылған адамға алкоголь өнімін сатуға лицензияны қайта беруді шектеу бойынша қолданыстағы заңнамаға түзетулер енгізу мәселесін пысықтауды.

V. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2024 жылы 20 желтоқсанда **Қазақстан Республикасы Президентінің «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру аясында Алматы облысында ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу мәселелері бойынша көшпелі отырысыАгроөнеркәсіптік кешенді цифрландыру мәселелері жөніндегі кеңейтілген отырыс** өткізді, оның қорытындысы бойынша келесі ұсыныстар берілді:

1. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне:

1.1. Импортты алмастыруға және экспорттық әлеуетті дамытуға бағытталған ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу көлемін ұлғайту жөніндегі шараларды іске асыруға жүйелі негізде жәрдем көрсетуді;

1.2. Қосылған құны жоғары түрлі өнімдердің кең тізбесін алу мақсатында отандық өндірушілерді астық дақылдарын тереңірек өңдеуге ынталандыруды;

1.3. Ұн экспорты бойынша жағдайды қайталамау үшін **ҚР Сауда және интеграция министрлігімен бірлесіп** нарықтардан айрылып қалмау мақсатында күнбағыс тұқымдарына қатысты тарифтік реттеу шараларын (баж салығын) қолдануды жалғастыруды;

1.4. Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларын бекіту туралы ереженің «Қант өндіру жөніндегі кәсіпорынды құру және кеңейту» №28 паспорты аясында инвестициялық салымдарды өтеу үлесін 40%-ға дейін ұлғайтуды;

1.5. **Жергілікті атқарушы органдармен** бірлесіп қант зауыттарының қабылдау және өңдеу қуаттылықтарын арттыру бойынша жұмыстар жүргізуді;

1.6. Апорт сортының алма ағашын сақтау және дамыту жөнінде шаралар қабылдау және аталған жеміс түрін мемлекеттік қолдау жөнінде арнайы бағдарлама әзірлеуді;

1.7. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы жағдай жасап, аса қауіпті аурулардың таралуын болдырмау мақсатында ветеринариялық вакциналардың сапасын арттыру бойынша шаралар қабылдауды;

1.8. Паспорт бойынша қуат бірлігіне субсидияларды есептеу үшін жол берілетін ең жоғары құнды ұлғайту жолымен тұйық сумен жабдықтау құрылғыларын салуға инвестициялық салымдар кезінде балық шаруашылығы субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша

субсидиялау қағидаларына өзгерістер енгізу жөніндегі мәселені қарау, сондай-ақ тоған балық шаруашылықтарының құрылыс-монтаждау жұмыстарын субсидиялау бөлігінде нормаларды енгізуді қарастыруды;

1.9. Мал шаруашылығының өнімділігі мен экономикалық пайдасын едәуір арттыру үшін жыныстық тұқымды (сексированное семя) пайдалануға көшу бойынша шаралар қабылдауды;

1.10. **ҚР Қаржы министрлігімен** бірлесіп, Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары шетелден сатып алатын асыл тұқымды ауыл шаруашылығы жануарларын Ресей Федерациясының саламатты аумақтарынан өткізу бойынша жәрдем көрсетуді;

1.11. Қ.Медеубеков атындағы қой шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының материалдық-техникалық жабдықтарын жақсарта отырып, жұмысын жандандыруды;

1.12. Отандық мал шаруашылығын қолдау мақсатында бордақылау алаңын салуға жұмсалатын шығыстарды өтеуді ұлғайта отырып, қой шаруашылығын субсидиялау үлесін ұлғайту мәселесін қарастыруды;

1.13. **ҚР Денсаулық сақтау министрлігімен** бірлесіп «Сүт және сүт өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келмейтін импорттық сүт өнімдеріне қатысты бақылауды күшейтуді;

1.14. **ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігімен** бірлесіп ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындарында кадр тапшылығын жою мақсатында аталған салаға отандық мамандарды тарту жөніндегі арнайы бағдарламаны әзірлеу мәселесін қарастыруды;

1.15. Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу бойынша жобаларды іске асыруға қаржы институттары мен екінші деңгейлі банктер арқылы ұзақ мерзімді және жеңілдікті несиелер беру мүмкіндігін қарастыруды;

1.16. «Адал адам-Адал еңбек-Адал табыс» тұжырымдамасы аясында ауыл шаруашылығы саласындағы жұмысшылардың беделін арттыру мәселесін қарастыруды.

2. ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігіне:

2.1. Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындарын және тиісті елді мекендердің тұрғындарын сумен қамтамасыз ету мақсатында республикалық бюджет есебінен Бозой топтық су құбырын қайта жаңарту жөніндегі жобаны іске асыруды.

3. ҚР Көлік министрлігіне:

3.1. Вагондар паркінің жеткіліксіздігін, республика аумағында жүктердің қозғалу мерзімдерін жеделдетуді, локомотив тартымымен қамтуды ескере отырып, тасымалдау бойынша проблемаларды шешу арқылы шикізат пен дайын өнімді үздіксіз жеткізуді қамтамасыз етуді;

3.2. **ҚР Қаржы, Сауда және интеграция, Ұлттық экономика министрліктерімен комитетімен** бірлесіп қайта өңделген ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты мен еліміздің транспорттық әлеуетін арттыру мақсатында Қарқара, Нарынқол, Қалжат бекеттерінен сауда-логистикалық орталықтарын ашуды.

4. ҚР Сауда және интеграция министрлігіне:

4.1. Ауыл шаруашылығы тауарларын өткізу нарықтарын кеңейтуге жәрдемдесу және отандық өндірушілерге оларды ілгерілетуде қолдау шараларын күшейту, соның ішінде көлік шығындарын уақтылы өтеуді.

5. ҚР Қаржы министрлігіне:

5.1. Қайта өңделген ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін кәсіпорындар пайдалануға беріліп, дайын өнімдерді сатылымға шығарғанға дейін салық салуды тоқтата тұру мәселесін қарастыруды;

5.2. Ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттау кезінде ҚҚС қайтаруды саралау (шикізатқа – 50%-ға дейін, дайын өнімге – 100%) тәжірибесін енгізуді.

5.3. «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 2025 жылғы жобаларды қаржыландыруға арналған қаражатты бөлуді қарастыруды;

5.4. **ҚР Ұлттық экономика, Ауыл шаруашылығы министрліктерімен** бірлесіп жүн мен былғары өңдеу кәсіпорындарын қосылған құн салығынан босату және мемлекеттік сатып алу бойынша отандық өнімді сатып алу кезінде басымдықтарды енгізу мәселесін қарастыруды.

6. ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігіне:

6.1. Қазақстан Республикасының көптеген өңірлерінде елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру үшін пайдаланылатын ағаштардың, салаттардың және ащы аскөктердің көшеттерін өсіру бойынша «Green Eco» ЖШС жылыжай шаруашылығының тәжірибесін енгізуді, сондай-ақ тиісті шаруашылық қызмет субъектілері үшін мемлекеттік қолдау шараларын әзірлеуді.

VI. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті (бұдан әрі – Комитет) 2025 жылғы 29 қаңтарда **Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялау және осының аясында жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру және техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің реформасын жүзеге асыру тақырыбына** арналған Павлодар облысында көшпелі отырыс өткізді.

Қатысушылардың баяндамалары мен ақпараттарын және ұсыныстарын негізге ала отырып, келесіні **ұсынды**:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігіне Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп:

1.1. Жастар жылы аясында техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары үшін енгізілген «Жас маман» жобасын қайта бастау мүмкіндігін қарастыруды;

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне:

2.1. Кәсіпорындарда бір айдағы жұмыс күндерінің санына байланыстырмай, бірыңғай еңбекақы төлеу мүмкіндігін қарастыруды;

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп:

3.1. Кәсіптік аурулардың алдын алу алгоритмін бекіту бойынша ұсыныстар енгізуді;

4. Павлодар облысының әкімдігіне:

4.1. «Жаңа мамандықтар атласының» жаңа мамандықтары бойынша «Бірінші шығарылымды» іске қосу мүмкіндігін қарастыруды;

4.2. Жеке инвестициялар тарту арқылы колледждердің материалдық-техникалық базасын нығайту бойынша жұмыс жүргізуді қарастыруды;

4.3. Оқу орындарымен дуалды оқу, бос орындар жәрмеңкелерін өткізу, жас мамандарды және тағылымдама институтын дамыту бойынша бағдарламаларды іске асыруға келісім-шарттар жасасуды бақылауда ұстауды қарастыруды;

4.4. Ағымдағы жылдың наурызынан бастап әллеуметтік осал санаттар үшін 7% және қалғандары үшін 9% мөлшерлемесі бойынша «Отбасы банкі» АҚ-ның техникалық мамандарға арналған «Наурыз жұмыскер» жаңа тұрғын үй бағдарламасының басталуы бойынша белсенді ақпараттық жұмыс жүргізуді қарастыруды;

4.5. Кәсіпорындармен тұрақты негізде жұмысшы мамандықтарына қажеттілікті анықтау бойынша жұмысты жандандыруды қарастыруды;

4.6. Колледждерге қамқоршылық ететін кәсіпорындар санын арттыру бойынша жұмысты жандандыруды;

4.7. Жұмысшы мамандықтарының тартымдылығын жақсарту бойынша оқушылар арасында кәсіптік бағдар беру жұмысын тұрақты бақылауда ұстауды қарастыруды енгізеді.

Жоғарыда аталған мәселелердің орындалуы бойынша ақпаратты 2025 жылғы 25 маусымға дейін ұсыну сұралады.

VII. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2024 жылы 25 ақпанда **Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде суару жүйелерін жаңғырту және су шаруашылығы мамандарын даярлау мәселелері бойынша Жамбыл облысындағы көшпелі отырыс** (Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университеті негізінде) өткізді, оның қорытындысы бойынша келесі ұсыныстар берілді:

1. ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігіне:

1.1. «Қазсушар» РМК барлық филиалдарының Қазақ ұлттық Су шаруашылығы және ирригация университетімен (бұдан әрі – ҚазСШИУ) тығыз ынтымақтастықта кадрлар даярлауға белсенді қатысуды;

1.2. **ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігімен** бірлесіп практик-мамандар үшін кәсіпорындар тарапынан жағдайлар ұсынуды және оларды нақты тәжірибені ескере отырып, бейінді пәндерді оқытуға университетке жіберуді;

1.3. **ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігімен** бірлесіп инженерлік құрам кадрларын және су шаруашылығының жұмысшы мамандарын даярлауды жақсартуды;

1.4. **ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігімен** бірлесіп ҚазСШИУ базасында жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарын ашуды;

1.5. **Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университетімен** бірлесіп университет жанынан «Су шаруашылығы академиясын» құруды, ғылыми кадрларды даярлау және білікті инженерлерді тарту тетіктерін көздеуді;

1.6. **ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігімен** бірлесіп, ҚазСШИУ-ға су құрылыстарын жобалау мен сараптауды жүзеге асыруға қабілетті құзыретті мекеме мәртебесін беру мәселесін қарастыруды;

1.7. **ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігімен** бірлесіп жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің деректері бойынша жерасты суларының бекітілген баланстық қорларының болмауы себебінен ұңғымаларды бұрғылау кезінде арнайы су пайдалануға рұқсат алу кезінде проблеманың шешілуін қамтамасыз етуді;

1.8. **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігімен** бірлесіп суармалы жерлердің ирригациялық және мелиорациялық жай күйін қалпына келтіру және жақсарту жөніндегі жобаларды іске асыру кезінде жұмыстың тиімділігін арттыруды;

1.9. «Жамбыл су қоймалары» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны және Жамбыл облысының мемлекеттік орман күзеті қызметкерлерінің жалақысын арттыру мәселесін қарауды.

2. **ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі мен ҚазСШИУ:**

2.1. Қос дипломды және бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу үшін шетелдік серіктес университеттермен ынтымақтастықты жолға қоюды; ҚазСШИУ студенттері үшін шетелдік тағылымдамаларды ұйымдастыруды;

2.2. Шетелдік жоғары оқу орындарымен *(АҚШ, Нидерланды, Германия, Ресей)* академиялық алмасу бағдарламаларын жандандыруды және кеңейтуді;

2.3. Университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен су саласындағы тәжірибелі мамандардың жетіспеушілігі мәселесін шешуді;

2.4. Су шаруашылығы мамандарын даярлайтын барлық деңгейдегі білім беру мекемелерінің инфрақұрылымын жақсартуды, оның ішінде заманауи зертханалармен жарақтандыруды;

2.5. Су мамандықтарына мемлекеттік тапсырыстар мен гранттар санын ұлғайтуды, сонымен қатар су шаруашылығы мамандықтарына қызығушылықты арттыруды, өңірлерде мамандарды қайта даярлау және жұмысқа орналастыруды, сондай-ақ жалақыны арттыру бойынша жүйелі шаралар қабылдауды;

2.6. Білім беру бағдарламаларын біріздендіруді (бакалавриат, магистратура, докторантура);

2.7. Су шаруашылығы мамандарын даярлайтын барлық деңгейдегі білім беру мекемелерінің инфрақұрылымын жақсарту, оның ішінде заманауи зертханалармен, аспаптармен және қондырғылармен жарақтандыруды;

2.8. Жамбыл облысының әкімдігімен бірлесіп ҚазСШИУ оқу ғимараттары мен ғимараттарына жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуді.

3. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігімен және ҚазСШИУ-мен бірлесіп:

3.1. Су мамандықтары кәсіптерінің беделін көтеру үшін Жол картасын әзірлеуді (тартымды еңбек жағдайларын, әлеуметтік пакетті және т. б. жасау), ерте кәсіптік бағдарлауды жүргізуді (мектептерде су сыныптарын құру, су салалары қызметкерлерінің балаларын қолдау және т. б.), белсенді үгіт-насихат компаниясын жүргізуді (БАҚ-та, әлеуметтік желілерде кәсіптерді оң насихаттау, конкурстар, пікірталастар өткізу).

4. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне:

4.1. Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу жөніндегі субсидиялау қағидалары шеңберінде су үнемдеу технологияларын белгілеген шаруаларға төленетін субсидияның 50% қаражатының мерзімінен кешіктірмей толық берілуін қамтамасыз етуді;

4.2. Ағымдағы жылы Тараз қаласында орналасқан Тараз қант зауытын қайта жаңарту бойынша шаралар кешенін қабылдау арқылы қант қызылшасын өңдеуді қамтамасыз етуді;

4.3. Ғылыми негізделген ауыспалы егістер мен өңірлік ерекшеліктерді сақтай отырып, егістерді, оның ішінде ылғал көп қажет ететін дақылдарды әртараптандыру жөніндегі жоспарлардың орындалуын қамтамасыз етуді;

4.4. Дәстүрлі түрде қант қызылшасы өсірілетін Жамбыл және Жетісу облыстарының аудандарында өнімділігі **жылына 50-ден 150 мыңға дейін** болатын қазіргі заманғы қайта өңдеуші қант зауыттарын салу мүмкіндігін қарастыруды;

4.5. Тиісті мемлекеттік органдарға Тараз қант зауыты иелерінің өзіне алған инвестициялық міндеттемелерінің орындалуына тексеру жүргізуді тапсыруды.

5. Жамбыл облысының әкімдігіне:

5.1. су үнемдеу саласындағы инвестициялық субсидиялау шеңберінде, оның ішінде ұңғымаларды бұрғылау жөніндегі жобаларды қаржыландыруды қамтамасыз етуді;

5.2. 80% субсидиялауды қамтамасыз ету үшін тиісті қаржы қаражатын көздеуді, онда 30% бағдарлама әкімшісінің шешімі бойынша өтеуді.

VIII. Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті 2025 жылғы 30 сәуірде **Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерін медициналық қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі комитеттің көшпелі отырысын** өткізді, оның қорытындысы бойынша келесі ұсыныстар берілді:

Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

- әскери бөлімдердің жасақталуын және медициналық қызмет көрсету сапасын арттыру үшін кадрлар тапшылығы бар шалғайдағы гарнизондарға жіберілетін әскери дәрігерлер үшін біржолғы төлемді заңнамалық орнату мәселесін қарастыру;

- әскери қызметшілерге медициналық көмектің жағдайлары мен қолжетімділігін жақсарту үшін әскери-медициналық объектілерді салуға және жөндеуге қосымша қаржыландыру бөлу мүмкіндігін қарастыру;

- медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыруды жеңілдету және осы мекемелердегі жүктемені азайту үшін мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін ұйымдарға (емханаларға) уақытша бекіту мүмкіндігін қарастыру;

- бейбіт және соғыс уақытында қажетті жарақтандыруды қамтамасыз ете отырып, әскери-медициналық мекемелерге арналған медициналық жабдықтарды сатып алуды жыл сайын қаржыландыруды көздеу;

- әскери медицина ерекшелігін ескере отырып, мамандарды жүйелі даярлауды қамтамасыз етуге әскери медицина қызметкерлерін даярлау үшін жеке жоғары оқу орнын құру жөніндегі мәселені зерделеу;

- әскерге шақырылушылардың денсаулық жағдайын дәл медициналық бағалау үшін әскерге шақыру комиссияларының құрамына әскери дәрігерлердің міндетті түрде қатысуын қамтамасыз ету жөніндегі мәселені қарастыру. Бұл ретте облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың шақыру комиссиялары тұрақты жұмыс істейтін органдар ретінде құрылсын;

- Астана қаласы, А.Мамбетов көшесі, 26-үй мекенжайы бойынша ғимаратты Сыртқы істер министрлігі жанындағы «Сыртқы саяси зерттеулер институты» АҚ-нан Денсаулық сақтау министрлігінің «Отан соғысы ардагерлерінің Орталық клиникалық госпиталі» ШЖҚ РМК балансына өтеусіз беру мүмкіндігін қарастыру, бүгінгі күні экономикалық тұрғыдан көтерілмейтін жалдау ақысының күрт өсуіне байланысты аурухана үшін жалға алуды жалғастыру мүмкін емес. Ғимаратты беру ардагерлер үшін емхананың тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, медициналық көмек сапасының нашарлау қаупін болдырмайды;

- медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруға, ресурстарды пайдалануды оңтайландыруға және Қорғаныс министрлігінің ведомстволық медициналық мекемелерінің жүктемесін арттыруға Қорғаныс министрлігінің медициналық мекемелерінің міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесіне толық интеграциялануын қамтамасыз ету мәселесін азаматтық халыққа тең жағдайларда қызмет

көрсету мүмкіндігімен қарастыру;

- қызметкерлерді әлеуметтік қолдау арқылы Қарулы Күштердегі медициналық қызметтің беделін арттыруға бағытталған шаралар қабылдау.

IX. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту жөніндегі комитет 2025 жылғы 25 сәуірде **Атырау облысында «жасыл» инвестицияларды тартуды және ең үздік қолжетімді техникаларды кеңінен қолдануды ынталандыру және ынталандыру мәселелері жөніндегі комитеттің көшпелі отырысын** өткізді (Үкіметтік сағатқа дайындық шеңберінде), олардың ұсынымдары Үкіметт сағатын өткізу қорытындылары бойынша жалпыланды.

X. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2025 жылғы 13 маусымда **Павлодар облысында Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде ауыл тұрғындары өндірген өнімді қайта өңдеу және өткізу инфрақұрылымын құру мәселелері бойынша көшпелі отырыс** өткізді. Көшпелі отырыстың қорытындысы бойынша әзірленген ұсынымдар 2025 жылғы маусымда ҚР Үкіметіне жіберілетін болады.

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛДЕР ЖӘНЕ КОМИТЕТТЕРДІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ОТЫРЫСТАРЫ

Дөңгелек үстелдер

I. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2024 жылы 17 қыркүйекте **«Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы заңнамасын жетілдіру» тақырыбына арналған дөңгелек үстел (Қосшы қ.)** өткізді, оның қорытындысы бойынша келесі ұсыныстар берілді:

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне:

1.1. Барлық өңірлерде және ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің орталық аппаратында асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың штатын ұлғайту жағына қарай қайта қарау мәселесін қарастыруды;

1.2. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетіне «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» ҚР Заңына (бұдан әрі – Заң) Заңның талаптарына сәйкес республикалық палаталарды оңтайландыру және қызметі бөлігінде тиісті түзетулер енгізу, сондай-ақ

асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бақылауды күшейту жөнінде ұсыныстар әзірлеу және енгізуді;

1.3. Асыл тұқымды жануарларды толық қамту мақсатында оларды есепке алу тәртібіне келтіру бөлігінде республикалық палаталардың жұмысын үйлестіруді күшейтуді;

1.4. Еуразиялық экономикалық одақ ынтымақтастығы шеңберінде ауыл шаруашылығы жануарларымен селекциялық-асыл тұқымдық жұмыс жүргізуді біріздендіруге бағытталған терминдерді (Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ауыл шаруашылығы жануарларымен селекциялық-асыл тұқымдық жұмыс жүргізуді біріздендіруге бағытталған шаралар туралы келісім) сәйкестендіруді;

1.5. Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы заңнамасының орындалуын, оның ішінде асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілерінде есепке алу мен есептілікті жүргізуді бақылауды күшейтуді;

1.6. Республикалық палаталардың жауапкершілігін күшейту жолымен жануарларды есепке алуды әкімшілендіру бөлігінде селекциялық-асыл тұқымдық жұмыс бағыты бойынша мал шаруашылығын субсидиялау қағидаларына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ отандық текті ірі және ұсақ малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алуға субсидиялау нормативін ұлғайту мәселесін қарауды.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне:

2.1. Асыл тұқымды малдың әрбір бағыты бойынша республикалық палаталардың артық санын және асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілер арасында даулы жағдайлардың туындауын ескере отырып, «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» ҚР Заңының 28-2 бабының 5-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес жаңадан құрылатын республикалық палаталарды тіркеуді қатаңдату. Осы ұсынымды өңірлік әділет департаменттеріне жеткізуді.

3. Жергілікті атқарушы органдарға:

1.1. Республикалық палаталармен асыл тұқымды малдарды есепке алу жөніндегі жұмыста өзара іс-қимылды жүзеге асыру жөнінде шаралар қабылдауды;

1.2. Республикалық палаталармен бірлесіп ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер арасында «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» ҚР Заңының нормаларына сәйкес республикалық палаталарда асыл тұқымды мал басын тіркеу қажеттілігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізуді.

4. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы республикалық палаталарға:

4.1. «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» ҚР Заңының талаптарына сәйкес республикалық палаталарда асыл тұқымды малдарды дұрыс есепке алуды қамтамасыз ету шараларын қабылдауды;

4.2. Асыл тұқымдық өнімге (материалға) арналған асыл тұқымдық куәліктердегі деректердің дұрыс толтырылуын қамтамасыз етуді;

4.3. «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» ҚР Заңының 28-3 бабының 9-тармағында көзделген асыл тұқымды мал басын есепке алуды ұйымдастыру, асыл тұқымды малдарды бағалау, индекстік бағалау, бағалау деректеріне мониторингті жүзеге асыру, асыл тұқымды малдардың тізілімін жүргізу бөлігінде республикалық палаталардың атқарушы органының функцияларын сапалы орындауды қамтамасыз етуді.

II. Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті 2024 жылы 15 қазанда Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына жолдауын іске асыру шеңберінде «**Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет: жетістіктері мен перспективалары**» тақырыбына арналған дөңгелек үстел өткізді, оның қорытындысы бойынша мынадай **ұсынымдар** берілді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп:

1.1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру бойынша іс-қимыл жоспарында көзделген іс-шаралардың Жоспарда белгіленген мерзімдерде уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етуді.

1.2. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын жаңа редакцияда және оған ілеспе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын әзірлеу және Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізу жөнінде тиісті шаралар қабылдауды ұсынады.

1. Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне:

1.1. Қоғамдық маңызы бар көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне уақтылы енгізуді, сондай-ақ қоғамдық маңызы бар көрсетілетін қызметтерді анықтау өлшемшарттарын айқындау бөлігінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін жүргізу ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қамтамасыз етуді ұсынады.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне:

2.1. Көрсетілген заң жобаларын заңнамада белгіленген тәртіппен уақтылы қарауды және келісуді қамтамасыз етуді ұсынады.

III. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2024 жылы 30 қазанда **ҚР Президентінің Қазақстан халқына «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауын іске асыру аясында «Аграрлық секторды тікелей субсидиялаудан қолжетімді несиелендіруге көшу» тақырыбында дөңгелек үстел** өткізді, оның қорытындысы бойынша келесі ұсыныстар берілді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1.1. Агроөнеркәсіптік кешендегі (АӨК) корпоративтік несиелендіруді ынталандыру үшін ауыл шаруашылығы кәсіпкерлері үшін тәуекелдерді төмендетуге бағытталған құралдарды одан әрі дамыту мүмкіндігін қарастыруды. Бұл бағаның ауытқуынан қорғау үшін кепілдік құралдары мен форвардтық келісім-шарттарды пайдалануды арттыруды, сондай-ақ ауыл шаруашылығына тән тәуекелдерді азайту үшін сақтандыруды пайдалануға мүмкіндік береді.

1.2. Аграрлық секторға тікелей субсидиялаудан қолжетімді несиелеуді қамтамасыз етуге кезең-кезеңімен көшудің Жол картасын әзірлеуді және қабылдауды.

1.3. Барлық мемлекеттік қолдау шараларын, соның ішінде агроөнеркәсіп кешенін бір құқықтық құжатта жүйелеу мәселесін қарастыруды.

1.4. Субсидиялау қағидаларын әзірлеу және қабылдау құқығын жергілікті өкілді органдарға беруді қарастыруды.

1.5. Электрондық субсидиялау жүйесінің бағдарламалық жұмысын қамтамасыз ету бойынша шараларды күшейтуді.

1.6. Қарыз алушыларды тікелей қаржыландыру үшін бірінші кезекте қаржы институттары (мысалы, Аграрлық несие корпорациясы, «ҚазАгроҚаржы» АҚ, «Бәйтерек» холдингі және т.б.) арқылы жүзеге асырылуы мүмкін бірыңғай оператор арқылы ауыл шаруашылығы субъектілеріне кредиттердің қолжетімділігін арттыру бойынша шараларды іске асыруды. Ірі жобалар үшін басымдық ретінде екінші деңгейлі банктермен бірге синдикатталған несиелендіруді ұсынуды.

1.7. Жылдың ортасында мемлекеттік қолдаудың тоқтатылуына жол бермеу үшін қаржы институттарының бюджеттік өтінімдерін толық қанағаттандыру мүмкіндігін қарастыру арқылы мемлекеттік қолдаудың үздіксіздігін қамтамасыз ету.

1.8. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2025 жылға келесі жобалар бойынша бюджеттік қаржыландыру бойынша қажетті шараларды:

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ үшін кейіннен жылына 6 % мөлшерлемемен машиналар мен жабдықтарды лизингке беру үшін бюджеттік кредит түріндегі қосымша 100 миллиард теңге бюджет қаражатын тартуды;
- инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-на бюджеттік кредит түріндегі 170 млрд теңге бюджет қаражатын тартуды;
- ірі инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-на бюджеттік кредит түріндегі 100 млрд теңге бюджет қаражатын тартуды.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі:

2.1. Ауыл шаруашылығы субъектілері арасында қолжетімді несиелендіру түріндегі мемлекеттік қолдаудың жаңа нысандарына көшудің рентабельділігі мен орындылығы туралы ауқымды ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының жүргізілуін қамтамасыз етуді.

2.2. Ауыл шаруашылығы субъектілерін несиелендіру және лизингке беру бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялаудың қолданыстағы тетігінен ауыл шаруашылығы субъектілерін инвестициялық мақсаттарға

одан әрі кредиттеу/лизингке беру үшін қаржы институттарының пайыздық мөлшерлемелерін тікелей субсидиялауға кезең-кезеңімен көшу мәселесін қарастыруды.

2.3. Агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялаудан АӨК субъектілерін ұзақ мерзімді жеңілдетілген несиелендіруге кезең-кезеңімен көшу, мұндай шаралардың көлемі мен шаруашылық жүргізу нысанына қарамастан барлық АӨК субъектілерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету мәселесін қарастыру.

2.4. Жеңілдікті несиелендіруге көшкен кезде көптеген ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері кепіл мәселесіне тап болуы мүмкін екенін ескере отырып, міндеттемелерді қамтамасыз етудің баламалы схемаларын әзірлеуді, бюджет қаражаты есебінен қамтамасыз ету қорын ұлғайтуды және т.б.

2.5. **Жергілікті атқарушы органдармен** бірлесе отырып, ауылдық жерлерде қаржылық қызмет көрсету инфрақұрылымының дамуын қамтамасыз ету, сондай-ақ ауыл шаруашылығы субъектілерінің қаржылық сауаттылық деңгейін арттыру бойынша қажетті шараларды қабылдауды.

2.6. Алынған субсидиялар мен жеңілдетілген несиелердің тиімділігін бағалау мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында **ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен** бірлесіп, өсімдік және мал шаруашылығы өнімдерін қадағалаудың ақпараттық жүйесін кеңінен қолданысқа енгізуді.

3. ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі:

3.1. Ауыл шаруашылығы саласын субсидиялау және кредиттеу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін және өзге де заңсыз әрекеттерді жою мақсатында **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігімен** бірлесіп ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендірудің ақпараттық жүйесін мемлекеттік органдардың басқа да ақпараттық жүйелерімен интеграциялау мәселелерін үйлестіруді қамтамасыз етуді.

IV. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті (бұдан әрі – Комитет) Мемелекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында бұқаралық спортты дамыту және инклюзивті қоғамды дамыту бойынша берген тапсырмаларын орындау аясында 2024 жылғы 20 қарашада «**Бұқаралық және параспорттың қазіргі жағдайы мен даму тенденциялары» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.**

Қатысушылардың баяндамалар мен ақпараттарын және ұсыныстарын негізге ала отырып, келесідей **ұсынымдар** берілді:

Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігіне:

1. республика көлемінде халық санын, олардың жасын және т.б факторларды ескере отырып спорттық инфрақұрылымдарға қажеттіліктің картасын жасауды қарастыру;

2. өңірлердің климаттық жағдайларын, материалдық-техникалық базасын және жаттықтырушылар, оқытушылар құрамын ескере отырып өңірлерде басым спорт түрлерін айқындау бойынша нормативтік-құқықтық базаны жетілдіруді қарастыру;

3. өңірлердегі Спортты дамыту дирекцияларының қызметі мен құзыреттерін нормативтік-құқықтық актілермен айқындап, оны дене шынықтыру-спорт ұйымдарының тізбесіне қосу мәселесін қарастыру;

4. халықаралық озық тәжірибе негізінде бұқаралық спортты және параспортты дамытудың жаңа тенденциялары мен бағыттарын зерделеуді, нәтижесімен бұқаралық спорт және параспорт саласының ғылыми-әдістемелер кешенін әзірлеу жұмыстарын қарастыру;

5. **Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, Ғылым және жоғары білім министрліктерімен бірлесіп,** спорттық медицинаны дамытудың және ғылыми-әдістемелерді әзірлеу бойынша салааралық бағдарлама жасауды қарастыру;

6. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігімен бірлесіп, стратегиялық даму бағдарламаларында азаматтары бұқаралық спортқа тарту бойынша нысаналы индикаторлар мен статистика қалыптастыру методикаларын қайта пысықтауды қарастыру;

7. **Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика, Қаржы министрліктерімен бірлесіп**, елді мекендерде спорт құрылыс нысандарын салуға кәсіпкерлерді ынталандыру пакетін қалыптастыруды, оның ішінде: салықтық жеңілдіктер мен субсидиялар беруді қарастыру;

8. **Қазақстан Республикасының Қаржы, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктерімен бірлесіп**, спорт инструкторларының, жаттықтырушылардың айлық жалақысын көтеру бойынша жұмыстарды қарастыру;

9. **Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігімен, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдіктерімен бірлесіп**, жаңадан салынатын бизнес (сауда, ойын-сауық, орталықтары) нысандарында дене шынықтыру, жаттығу (фитнес) залдарын қарастыру бойынша бизнес өкілдерін ынталандырудың тетіктерін қарастыру;

10. **Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдіктерімен бірлесіп,** Астана қаласындағы Паралимпиадалық жаттығу орталығының тәжірибесін және мүгедектігі бар адамдардың қажеттілігін ескере отырып, өңірлердегі қолданыстағы спорт кешендері мен залдарды оларға бейімдеу және бейінді спорт орталықтарын ашу мүмкіндктерін қарастыру ұсынылады.

V. Қаржы және бюджет комитеті 2024 жылы 25 желтоқсанда тиісті мемлекеттік органдармен және бизнес-қоғамдастықпен жаңа **«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін әзірлеу мәселелері бойынша тұрақты экономикалық өсу және әділ, ашық, салық салуды қамтамасыз ету** үшін дөңгелек үстел өткізді, оның қорытындысы бойынша мынадай ұсынымдар берілді:

Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1. Жеке табыс салығының сараланған ставкаларын белгілеуді қарастыру;

2. Өндірісті дамытуға бағытталған инвесторларға преференцияларды көздеу;

3. Соңғы тұтынушыға сата отырып оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимі үшін бірыңғай мөлшерлемені көздеу;

4. Борышкер мен оның дебиторы арасындағы өзара есеп айырысуларды айқындау мәселелері бойынша дебиторларда салықтық тексеру жүргізу мәселесін қарау;

5. Мемлекеттік кірістер органдарының Бұйрығы арқылы әрекетсіз заңды тұлғаларды мәжбүр тарату мәселесін қарау;

6. Салық міндеттемелерін және салық төлеушілердің қызметін тікелей қозғайтын салықтық әкімшілендіру жөніндегі нормаларды заңнамалық деңгейде бекіту бөлігінде салықтық әкімшілендіру жөніндегі тәсілдерді мұндай нормаларды заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер деңгейіне ауыстырусыз қайта қарау.

Мысалы, анықтайтын нормаларға:

- салық органдары қамтамасыз ету тәсілдерін және/немесе мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолданатын салық берешегінің шекті мөлшері;
- салықтық тіркеу тәртібі;
- қызметті тарату, қайта ұйымдастыру және тоқтату кезінде жекелеген салық міндеттемелерін орындау тәртібі;
- салық төлеушінің қызметін мәжбүрлеу тәртібімен тоқтату тәртібі;
- салықты, бюджетке төленетін төлемді, өсімпұл мен айыппұлды есепке жатқызу және қайтару тәртібі және т.б.
- порядок зачета и возврат налога, платежа в бюджет, пени и штрафа.

7. Пилоттық жобаларды жүргізу тәсілдерін қайта қарау. Салық төлеушінің құқықтары мен міндеттері тек заңнамалық деңгейде көздеуді ұсынады.

VI. Қаржы және бюджет комитеті 2025 жылы 3 ақпанда **«Жоғары аудиторлық палатаның мемлекеттік аудитінің қорытындылары бойынша «ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің бюджеттері арасында есепке жатқызуға және бөлуге жататын кедендік әкелім баждарының сомасын есепке жатқызу және бөлу»** тақырыбында дөңгелек үстел өткізді, оның қорытындысы бойынша мынадай ұсынымдар берілді:

1. **Қазақстан Республикасының Үкіметіне:**

1. Қазақстан Республикасының үлесін ұлғайту бөлігінде кедендік әкелім баждарын бөлу нормативтерін қайта қарау мәселесі бойынша жұмысты жандандыру.

2. Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа түзетулер енгізілгенге дейін Қазақстан Республикасымен 2010 жылғы 1 шілдеге дейін жасалған және өтелуге жататын, жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшарттары бойынша кедендік әкелім баждарын бөлмеу мәселесінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің алдындағы елдік позицияны қолдау жөніндегі жұмысты жүргізу.

3. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бюджеттері арасында кедендік әкелу баждарының қате төленген сомасын қайтаруды қысқарту жөніндегі шараларды күшейту.

VII. Қаржы және бюджет комитеті 2025 жылы 12 ақпанда **«Зейнетақы активтерін басқарудың тиімділігі»** тақырыбында дөңгелек үстел өткізді, оның қорытындысы бойынша мынадай ұсынымдар берілді:

1. **Қазақстан Республикасының Үкіметіне:**

1. Қазақстан Республикасының Үкіметіне

- экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) елдерінің ұсынымдарын, стандарттары мен практикасын ескере отырып, азаматтардың жеке зейнетақы жинақтарының одан әрі өсуін және болашақ зейнетақы төлемдерінің толығымен сәйкестігін қамтамасыз ету жөнінде шараларды қабылдау;

- «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – БЖЗҚ АҚ) активтерін сақтау кепілдіктерін міндетті түрде сақтай отырып, нарықтық жағдайларда Қазақстан экономикасына ұзақ мерзімді инвестицияларды қорландырудың ішкі көзі ретінде пайдалануды ұлғайту мүмкіндігін қарастыру;

2. **ҚР Ұлттық Банкі ҚР Үкіметімен бірлесіп**, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жобаларына инвестицияланған БЖЗҚ қаражатының пайдаланылуына жарты жылдық негізде мониторинг пен бақылау жүргізу;

3. **Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне**

- БЖЗҚ активтерін Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтеріне ұқсас баламалы құралдарға инвестициялау мәселесін қарау;

- активтердің неғұрлым табысты сыныптарының пайдасына валюта портфелінің қолданыстағы стратегиялық аллокациясын қайта қарау;

4. **ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі** жеке басқарушылардың басқаруымен зейнетақы активтерінің ұзақ мерзімді кірістілігін арттыру мақсатында басқарушылардың әртүрлі тәуекел-параметрлері бар инвестициялық стратегияларды қалыптастыру мүмкіндігін көздейтін ең төменгі кірістіліктің көрсеткіші ретінде нарықтық бенчмарк енгізу;

5. **«БЖЗҚ» АҚ** электрондық сервистерді одан әрі дамыту және заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, оның ішінде жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын пайдалану арқылы зейнетақы қызметтерінің қолжетімділігі мен сапасын арттыру және оларды дербестендіру жөніндегі жұмысты жалғастыру.

VIII. Қаржы және бюджет комитеті 2025 жылы 20 ақпанда **«Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығын іске асыру шеңберінде «Жекешелендіру процесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы»** тақырыбында дөңгелек үстел өткізді, оның қорытындысы бойынша мынадай ұсынымдар берілді:

1. **Қазақстан Республикасының Үкіметіне:**

1. Акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) 50% – дан астамы мемлекетке және олармен үлестес тұлғаларға тиесілі

мемлекеттік кәсіпорындар мен заңды тұлғаларды құру және тіркеу мәніне мемлекеттік органдар мен өзге де компаниялардың қызметіне талдау жүргізу, қажет болған жағдайда ден қою шараларын қабылдау.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы реформалар жөніндегі Жоғары кеңестің қарауына Ұлттық жекешелендіру кеңсенің жекелеген квазимемлекеттік сектор субъектілерін бәсекелестік ортаға беру жөніндегі ұсыныстары енгізілсін.

3. Квазимемлекеттік сектордың барлық субъектілері туралы, оның ішінде «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ және «Байтөрек» ҰҮХ» АҚ қызметі бойынша толық деректерді көрсете отырып, оған мәліметтерді міндетті түрде енгізу жолымен мемлекеттік мүліктің бірыңғай тізілімін өзектендіруді жүргізу.

4. «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі мәселені қарастыру:

1) мемлекеттік кәсіпорындарды мүліктік кешендер ретінде жекешелендіру объектілерінен оларды қайта ұйымдастыру (қайта құру) арқылы акционерлік қоғамдарға (АҚ) немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге (ЖШС) кейіннен АҚ акцияларының мемлекеттік пакеттерін немесе ЖШС қатысу үлестерін жекешелендіре отырып алып тастау;

2) жекешелендіру объектісін сату бойынша тендер нысанындағы сауда-саттықты алып тастау;

3) мемлекеттік сатып алу туралы заңнама шеңберінде жекешелендіру объектісін бағалау және (немесе) жекешелендіру объектісі бойынша мәмілені сүйемелдеу үшін тәуелсіз консультанттарды тарту;

4) жекешелендіру объектілерін сатып алу-сату шарттарын жарамсыз деп тануға байланысты даулар бойынша талап қою мерзімдерін азаматтық заңнамаға сәйкес келтіру;

5) сауда ұйымдары арқылы аукциондарда екінші сауда-саттықтың нәтижелері бойынша өткізілмеген тәркіленген мүлікті және оларды сауда-саттықтан өткізу мақсатында пайдалануда болған өнеркәсіптік тауарларды өткізу жөніндегі норманы алып тастау (жарамдылық (сақтау) мерзімі шектеулі азық-түлік тауарларын және құндылықтарды қоспағанда).

IX. Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті 2025 жылы 25 ақпанда **«Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Мемлекет басшысының Қазақстан халқына жолдауын іске асыру шеңберінде «Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жол-көлік оқиғаларының алдын алу мәселелері»** тақырыбына арналған дөңгелек үстел өткізді, оның қорытындысы бойынша мынадай **ұсынымдар** берілді:

1. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне:

1.1. Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі оқу ұйымдарына мемлекеттік бақылауды енгізу.

1.2. Халықаралық оң тәжірибені ескере отырып, жүргізуші куәлігін

сынақ мерзімі аяқталғаннан кейін беру тәртібін көздейтін емтихандарды тапсыру және жүргізуші куәлігін алу тәртібін қайта қарау мәселесін қарастыру.

1.3. Автомектептердің оқу бағдарламаларын қауіпсіздік пен мінез-құлық мәдениетіне баса назар аудара отырып жаңарту.

1.4. Жүргізуші куәлігін алғаннан кейін 6 айдан кейін қосымша оқытуды көздейтін жаңа жүргізушілер үшін міндетті курстарды енгізу мүмкіндігін қарастыру.

1.5. Теориялық тестілеуді және көлік құралын басқару дағдыларын тексеруді қоса алғанда, 10 жыл сайын жүргізушілерді мерзімді қайта аттестаттау жүйесін енгізу.

1.6. Қоғамдық және жүк көлігі жүргізушілері үшін арнайы тренингтерді (біліктілікті арттыру курстары) көздеу.

1.7. Жол-көлік оқиғалары контекстінде «зардап шеккен» және «қаза тапқан» терминдерінің анықтамаларын енгізуге қатысты заңнамаға түзетулерді бастамашылық ету.

1.8. Жасырын патрульдеуді енгізуді жалғастыру.

1.9. Нормативтік реттеумен автоматты режимде тіркеуге болатын бұзушылықтардың тізбесін кеңейту.

2. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігіне:

2.1. Такси тасымалдаушыларына қатысты біліктілік және рұқсат беру талаптарына сәйкестігіне мерзімді профилактикалық бақылау жүргізу.

2.2. Республикалық маңызы бар жолдардағы бейнебақылау камераларының санын көбейту.

2.3. «Автомобиль жолдары туралы» және «Жарнама туралы» заңдарға автомобиль жолдарының бөліну жолағында жарнамалық құрылыстарды орнатуға тыйым салу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу, себебі олар апаттылыққа теріс әсер етеді, жүргізушілердің назарын аударады және автомобиль жолына жақын орналасуына байланысты жарнамалық құрылыстармен соқтығысу мүмкін.

2.4. ҚР Үкімет Аппаратының тапсырмасын ескере отырып, айыппұл санкцияларын салуды автоматтандыру үшін Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 31-бабына өзгерістер енгізуді жеделдету. Бұл ретте, тиісті ақпараттық жүйелерді ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің «Әкімшілік құқық бұзушылықтардың бірыңғай тізілімімен» интеграциялау мүмкіндігін көздеу.

2.5. «Такси туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасын әзірлеу мәселесін пысықтау.

2.6. Кәмелетке толмаған балалардың қатысуымен жол-көлік оқиғаларын болдырмау мақсатында мектепке дейінгі және жалпы білім беру мекемелерінің аймағында жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарын орнатудың бірыңғай талаптарын қолдану жөніндегі ұлттық стандартты әзірлеп, бекіту.

2.7. Автомобиль жолдарында бұзушылықтарды тіркеу автоматты стационарлық камераларын орнату қағидалары бойынша ұлттық стандартты әзірлеу және бекіту.

2.8. Теміржол өткелдері арқылы жол қозғалысы қауіпсіздігінің деңгейін арттыру бөлігінде ұлттық стандартты әзірлеп, бекіту, өткелдердің иелеріне және олардың техникалық жабдықталуына, оның ішінде өткелді автоматты өткелді қоршау құрылғыларымен реттелетін өткелдерді жабдықтауға тәртіп пен талаптарды регламенттеу.

2.9. Автомобиль жолдарының көліктік-пайдалану көрсеткіштерін, сондай-ақ осы жолдардағы апаттық статистиканы есепке алудың бірыңғай цифрлық жүйесін әзірлеу.

2.10. Қарсы жарықпен жүргізушілердің көзін шағылыстыру қаупін ескере отырып, төрт және одан да көп қозғалыс жолағы бар барлық республикалық жолдар үшін шағылыстыруға қарсы экрандарды міндетті түрде орнатуды көздеу.

2.11. Транзиттік бағыттарда орналасқан ірі қалалардың айналма жолдарын салуды жеделдету.

2.12. Республикалық маңызы бар жолдар өтетін барлық елді мекендерді әртүрлі деңгейдегі жаяу жүргіншілер өткелдерімен, тротуарлармен және жүргін бөліктерінің жарықтандырылуымен жабдықтауды жеделдету.

2.13. Кері әсер ететін заманауи пластикалық сигнал бағаналарын енгізу бөлігінде ұлттық стандартқа өзгерістер енгізу.

2.14. Жол қозғалысының қарқындылығын 20 жылға болжау әдістемесін қайта қарау, себебі іс жүзінде автомобиль жолын пайдалануға берілгеннен кейін және аймақтың осыған байланысты белсенді дамуынан кейін бұл қарқындылық көрсеткішіне бес жылдық кезеңде қол жеткізіледі.

2.15. Тау асуларында және ұзақ еңісі бар учаскелерде жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін рұқсат етілген бойлық еңісті төмендету мүмкіндігін қарастыру.

2.16. Жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру жөніндегі шараларды қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасының бюджетінде жеке бапты көздеу, бұл тиісті бағдарламалар мен бастамаларды қолдауға мүмкіндік береді.

2.17. Еліміздің барлық елді мекендеріндегі жергілікті және республикалық жолдарда жол белгілерін орнатудың дұрыстығын және жол белгілерін сызылуын тексеру мәселесін қарастыру.

3. Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне:

3.1. Көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктер мен жүргізуші куәліктерін беру бөлігінде халыққа қызмет көрсетудің мамандандырылған орталықтарының жұмысын бақылауды Ішкі істер министрлігіне беру.

3.2. Барлық ірі қалаларда, облыстық маңызы бар қалаларда және аудан орталықтарында мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталықтары мен автодромдар ашу.

3.3. Автодромдарды барлық санаттағы қажетті көлікпен жабдықталуын сәйкестендіру.

3.4. Жүргізушілерді ағарту үшін тұрақты жұмыс істейтін орталықтарды немесе тегін онлайн платформаларды құру, оның ішінде Жол қозғалысы ережелерін білу бойынша теориялық емтихан тапсыру мүмкіндігімен.

4. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігіне:

4.1. Мектеп бағдарламасына жолдарда қауіпсіз жүріс-тұрыс негіздерін енгізу, сондай-ақ жүргізуші куәлігін алу үшін жоғары сынып оқушыларына куәлік бере отырып, жол қозғалысы ережелерін зерделеу курстарын қарастыру.

5. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігіне:

5.1. «Жол қозғалысын ұйымдастыру» білім беру бағдарламасы бойынша инженерлерді даярлау мүмкіндігін қарастыру.

X. Қаржы және бюджет комитеті 2025 жылғы 26 ақпанда **«Тұжырымдамалық институционалдық негіздер: мемлекеттік аудитті одан әрі дамыту»** тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді, оның қорытындысы бойынша мынадай **ұсынымдар** берілді:

Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Қазақстан Республикасының жоғары аудиторлық палатасына:

1) жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқаруды нығайту бағытын ескере отырып, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары жүйесін одан әрі институционалдық дамыту жөніндегі тәсілдерді әзірлеу;

2) республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу тиімділігіне аудитті жүзеге асыру мәселелері бойынша қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің құзыретін кеңейту мәселесін қарау;

3) Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 3 қыркүйектегі № 634 Жарлығымен бекітілген мемлекеттік аудиторларды мемлекеттік қызметшілердің жекелеген санатына шығару бөлігінде Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудитті енгізу тұжырымдамасының ережелерін іске асыру жөніндегі жұмысты өзектендіру (біліктілік талаптарын арттыру, жауапкершіліктің жоғары деңгейін мөлшерлес материалдық қамтамасыз ету, мемлекеттік аудиторлар лауазымдарына үміткерлердің кадрлық резервін қалыптастыру және т. б.);

4) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті өкілді органдарымен бірлесіп тиісті өңірлердің тексеру комиссияларының штат санының лимиттерін ұлғайған жүктемеге пропорционалды түрде қайта қарау жөніндегі мәселеге бастамашылық етсін (2011 жылдан бастап жаңа құзыреттер беру, аудиттелетін бюджет көлемін ұлғайту, мемлекеттік аудит объектілері санының өсуі және т. б.);

5) орталық мемлекеттік органдармен және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп ішкі аудит қызметтерінің штат санының лимиттерін мемлекеттік органдарды қаржыландырудың жүктемесі мен көлеміне сәйкес қайта қарау жөніндегі мәселеге бастамашылық етсін.

2. Ұлттық экономика министрлігі Жоғары аудиторлық палатамен, Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен, Қаржы министрлігінің мемлекеттік аудит комитетімен бірлесіп:

1) мемлекеттік аудиторларды функционалдық топтар, лауазымдар санаттары бойынша олардың мәртебесін айқындауға бірыңғай тәсілді әзірлей отырып және жұмыскерлердің жалақысы бойынша диспропорцияларды жүктеме мен жауапкершілік деңгейіне сәйкес алып тастай отырып бөлу практикасын талдау;

2) халықаралық сертификаттары бар мемлекеттік аудиторлар үшін үстемеақыны барлық мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарына тарату мәселесіне бастама жасау.

3. **Жоғары аудиторлық Палата мемлекеттік қызмет істері агенттігімен, Қаржы министрлігімен бірлесіп** тиімділік аудиттері, цифрлық технологияларды (оның ішінде жасанды интеллектті), психологиялық даярлықты дамыту саласында озық білім мен озық тәжірибелерді енгізуге баса назар аудара отырып, мемлекеттік аудиторлардың біліктілігін арттырудың қолданыстағы курстарын кеңейту мәселесін қарасын.

4. **Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты** мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласындағы, оның ішінде қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының тиісті нормативтік қаулысын қабылдай отырып, Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің ережелерін қолдану бөлігінде сот тәртібімен қаралған істер бойынша сот практикасын зерделесін және қорытсын.

5. **Жоғары аудиторлық Палата Қаржы министрлігінің мемлекеттік аудит комитетімен және құқық қорғау органдарымен бірлесіп**, қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бар аудиторлық іс-шаралар материалдары бойынша мемлекеттік аудит органдарының құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша бірыңғай тәсіл әзірлесін.

6. **Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне:**

1) ішкі мемлекеттік аудит органдарын нақты уақыт режимінде қажетті ақпараттық ресурстарға қолжетімділікпен қамтамасыз ету үшін интеграцияларды кеңейту қажеттілігімен мониторингтің және қаржылық бақылаудың цифрлық құралдарын ескере отырып тәуекелдерді басқару жүйесін одан әрі дамытуды қамтамасыз ету;

2) аудит объектілеріне әкімшілік жүктемені азайту мақсатында өтініш берушінің аудит объектісімен тікелей заңды байланысы бар өтініштер және растайтын құжаттар бойынша ғана оларды тағайындау арқылы жоспардан тыс артық тексерулерді болдырмау мәселесін пысықтау;

3) **Қазақстан Республикасының цифрлық даму және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп**, бұлтты бухгалтерия арқылы қаржылық есептіліктің қашықтықтан аудитіне көшу бойынша пилотты өткізу мәселесін пысықтау.

XI. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2025 жылы 6 наурызда **«Қазақстан Республикасында балық шаруашылығын және акваөсіруді дамыту саласындағы заңнаманы жетілдіру» тақырыбына арналған дөңгелек үстел** өткізді, оның қорытындысы бойынша келесі **ұсынымдар** берілді:

1. **Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне:**

1.1. Балық шаруашылығымен айналысатын субъектілерге балық өнімдерінің көлемін арттыруға тұрақты түрде көмек көрсетуді.

1.2. **ҚР Сыртқы істер министрлігімен және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп**, балық шаруашылығына инвестициялар тарту жөніндегі жұмыстарды жалғастыру, соның ішінде Қазақстанда жоғары сапалы балық жемдерін өндіру кәсіпорындарын салу үшін инвесторлар тартуды.

1.3. Балық ресурстарының табиғи популяциясын және акваөсіру өнімдерінің көлемін арттыру мақсатында:

- мемлекеттік өндірістік кешендердің өндірістік базасын, технологияларын, техникаларын және жабдықтарын жаңарту жөнінде шаралар қабылдауды;

- Атырау облысындағы бекіре зауыты мен Петропавл балық питомнигін жаңғырту бойынша жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуді аяқтап, құрылыс-монтаж жұмыстарына кірісуді.

1.4. **Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен және басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп** «e-fish» ақпараттық жүйесін ішкі нарықтағы және экспорттағы балық қозғалысын бақылау үшін ветеринарлық құжаттарды салыстыру арқылы «ЕАСУ» жүйесімен интеграциялау жұмыстарын жүргізуді.

1.5. «Бекіре» және «Нерест» балық қорғау акциялары аясында браконьерлікпен күресті күшейту.

1.6. Мемлекеттік тапсырыс аясында ғылыми зерттеулер жүргізу және су айдындарын балықтандыруды ұйымдастыруды.

1.7. Теңіз флоты бар инвесторларға теңіздің ашық бөлігінде балық шаруашылығы учаскелерін конкурссыз шабақ (килька) аулауға рұқсат беру мүмкіндігін қарастыруды.

2. **Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне:**

2.1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен және басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, 2026 жылғы

1 шілдеге дейін акваөсіру саласындағы ақпараттық жүйені құру жөнінде шаралар қабылдауды.

3. **Жергілікті атқарушы органдарға:**

3.1. Балық шаруашылығын дамыту бойынша салалық бағдарламаны жүзеге асыру жұмыстарын күшейту және қабылданып жатқан шараларды кеңінен жариялауды.

3.2. Балық шаруашылығы саласына кадрлар даярлау процесіне қатысушыларды тарту жөнінде шаралар қабылдауды.

XII. Қаржы және бюджет комитеті 2025 жылы 6 наурызда «Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде **«Инвестициялық ахуалды және бизнесті жүргізу үшін жағдайларды жақсарту»** тақырыбында дөңгелек үстел өткізді, оның қорытындысы бойынша мынадай **ұсынымдар** берілді:

1. Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 7 тармағы бойынша «Өндірісті дамытуға (активтерді салуға, сатып алуға, жаңғыртуға, реконструкциялауға) бағытталған инвесторларға есептілің беруді және преференцияларды сақтауды қоса алғанда, қолданыстағы салықтық жеңілдіктерді, сондай-ақ өңделу деңгейі жоғары өнмдерді экспорттаушыларға арналған жеңілдіктерді қайта қарау»:

Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1) Бизнеске қолдау көрсетуді салалық заңдар арқылы қамтамасыз ету, рұқсат беру рәсімдерін жеңілдету, сондай-ақ компаниялардың жетістіктерін кеңінен жариялау, олардың тауарларын ішкі және сыртқы нарықтарға ілгерілету мүмкіндігін қарастыруды;

2) Қолданыстағы салықтық жеңілдіктерді қайта қарау және салықтар бойынша шартты шығындарды оңтайландыру мақсатында, салық преференцияларын инвестиция көлеміне, өндіріс түріне және өтелу мерзіміне байланысты градациялық дифференциациялауды қарастыруды.

Мысал ретінде:

1 санат «шағын» (инвестициялар көлемі 2-ден 4 млн айлық есептік көрсеткішке дейін (бұдан әрі – АЕК): Корпоративтік табыс салығы (бұдан әрі – КТС) – 5 жыл, мүлік салығы – 4 жыл, жер салығы – 5 жыл;

2 санат «орта» (инвестиция көлемі 7,5 млн АЕК-ке дейін): КТС – 8 жыл, мүлік салығы – 6 жыл, жер салығы – 8 жыл;

3 санат «ірі» (инвестиция көлемі 7,5 млн АЕК және одан жоғары): КТС – 10 жыл, мүлік салығы – 8 жыл, жер салығы налог – 10 жыл;

3) Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін (бірыңғай жер салығын төлеу негізінде жұмыс істейтін шаруа және фермер қожалықтарын қоспағанда), ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін күнтізбелік қаржы жылы аяқталғаннан кейін қосылған құн салығы (бұдан әрі – ҚҚС) бойынша есепке қоюды/алып тастауды таңдау құқығын беру мүмкіндігін қарастыруды;

4) Ауыл шаруашылығы саласы мен ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдейтін өнеркәсіп үшін қолданыстағы салық жеңілдіктерін сақтауды;

5) Дайындаушы ұйымдар, ауыл шаруашылығы кооперативтері және өңдеуші кәсіпорындар ҚҚС төлеуші емес тұлғалардан ауыл шаруашылығы өнімін сатып алған жағдайда ҚҚС төлеу кезінде 70% жеңілдікті беру мүмкіндігін қарастыруды;

6) Теміржол жолаушылар тасымалында пайдаланылатын вагон паркін жаңарту үшін, лизингтік қаржыландыру арқылы жаңа вагондарды сатып алу кезінде тасымалдаушылардың өзіндік қатысу үлесін 5%-ға дейін төмендету мүмкіндігін қарастыруды;

7) Арнайы экономикалық аймақтарда басым қызмет түрлерін енгізу рәсімін жеңілдету үшін:

- өңдеуші өнеркәсіп саласындағы экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің барлық кодтарын қызметтің басым түрлеріне қосуды;
- жаңа қызмет түрлерін қосу кезінде Республикалық бюджеттік комиссияның міндетті қарастыру талабын алып тастауды;
- қызмет түрлерін енгізу функциясын жергілікті атқарушы органдарға беруді.

2. Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 14 тармағы бойынша «Инвестиялық ахуалды жақсарту үшін жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін бақылаумен және қадағалаумен тексеруді реттеу бойынша кешенді шаралар қабылдау»:

1) **Қазақстан Республикасының Үкіметіне** инвестициялық ахуалды нығайту үшін енгізілген шектеулер бөлігінде инвесторлар тізілімін қалыптастыру қағидаларын қайта қарау инвестициялық жобалардың жалпыұлттық пулынан ғана тізілімді қалыптастыру мәселесін қарастыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне ұқсастығы бойынша істі іс жүргізуге қабылдау сатысын енгізу бөлігінде Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің белгісіздігіне назар аударуды;

2) **Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі** полиция қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттерін нақты айқындай отырып, жедел алдын алу іс-шараларын жүргізу тәртібін регламенттеуді (ІІМ бұйрығымен);

3) **Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігіне** Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен бірлесіп, сауданы жергілікті атқарушы органдар белгілеген орындардан тыс жүргізу саласында мемлекеттік бақылау жүргізу тәртібін заңнамалық тұрғыда регламенттеуді («Сауда қызметін реттеу туралы» Заңға сәйкес);

4) **Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі** Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен бірлесіп 21 жасқа дейінгі адамдарға алкоголь өнімін өткізу саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру тәртібін заңнамалық тұрғыдан регламенттеуді («Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінде);

5) **Қазақстан Республикасының Ішкі істер және Денсаулық сақтау министрліктері** Кәсіпкерлік кодекстің 138-бабына (Халықтың көші-қоны саласында, 21 жасқа дейінгі адамдарға алкоголь өнімін және темекі өнімін сатуды регламенттейтін заңнама талаптарының сақталуына) бейінді салаларды енгізуді қамтамасыз етуді.

3. Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 16 тармағы бойынша «Мемлекеттік қолдау шараларының біріңғай тізілімін қалыптастыра отырып, бизнесті қолдаудың қолданыстағы шараларының тиімділігі тұрғысынан оларға тексеру жүргізу»:

1) **Қазақстан Республикасының Үкіметіне:**

- барлық мемлекеттік бағдарламаларда мемлекеттік қолдаудың барлық шаралары бойынша қарсы міндеттемелерді көздеуді;

- «Бизнестің цифрлық картасында» барлық мемлекеттік қолдау шараларын стандарттау және цифрландыруды қамтамасыз етуді.

2) **Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі** Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігімен бірлесіп ағымдағы жылғы 1 шілдеге дейінгі мерзімде Қаржы министрлігіне мемлекеттік қолдау шараларының орындалуын және оларды алушыларды мониторингілеу бойынша заңнамалық құзыретін беру бөлігінде Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне түзетулер енгізуді қамтамасыз етуді;

3) **Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне** «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ-мен бірлесіп, мемлекеттік қолдау шараларының мониторингі үшін «Baqylauda» жүйесін ағымдағы жылдың соңына дейін іске қосуды және оны мемлекеттік деректер базаларымен интеграциялауды қамтамасыз етуді;

4) **Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп,** инвесторларға мемлекеттік қолдау шараларын «бір терезе» қағидаты бойынша ұсыну мақсатында, мемлекеттік қолдау шаралары тізілімін Ұлттық цифрлық инвестициялық платформамен интеграциялауды қамтамасыз етуді ұсынады.

XIII. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. Әшімбаевтың тапсырмасы аясында Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті 2025 жылғы 12 наурызда **«Жасөспірім қыздардың құқығын қорғау, ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбындағы өткізілген дөңгелек үстел өткізді.**

Мемлекет басшысы 2024 жылғы 2 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Азаматтары, әсіресе жастары мәдениетті, жаңашыл әрі жасампаз ұлттың ұпайы түгел. Сондықтан біз өркениетті ел болуға кедергі жасайтын жағымсыз әдеттерден арылуымыз керек» деп атап өтті.

Қазақстанда жасөспірімдер арасында ерте жүктілікке қарсы күрес бойынша түрлі бағдарламалар мен бастамалар іске асырылуда. Олардың

мақсаты осы жас тобының репродуктивті денсаулығын жақсарту және сырқаттардың алдын алу болып табылады. Алайда, қабылданған қадамдарға қарамастан, мәселелерді шешу үшін жүйелі, мұқият зерделеуді талап ететін бірқатар қиындықтар байқалуда.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, жасөспірімдердің құқықтарын қорғауды күшейту және олардың денсаулығы мен әл-ауқатын жақсарту мақсатында отырысқа қатысушылардың баяндамалары мен ұсыныстары негізінде Комитет мынадай **ұсынымдар** жасайды:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне:

1.1. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту, Ғылым және жоғары білім министрліктерімен бірлесіп мұғалімдер мен медицина қызметкерлеріне арналған білім беру материалдары мен тренингтерді қамтитын жасөспірімдерге арналған жыныстық білім берудің кешенді бағдарламасын әзірлеу мүмкіндігін қарастыруды;

1.2. отбасын жоспарлау және контрацепция бағдарламаларының қол жетімділігі мен қаржыландырылуын әсіресе ауылдық жерлерде қамтамасыз ету. Олардың қолжетімділігін кеңейту үшін Жастар денсаулық орталықтарының (ЖДО) қаржыландырылуы мен материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін ұлғайту. Жастар үшін медициналық және әлеуметтік қызметтерге мұқтаждығы жоғары өңірлерде қосымша ЖДО құру мүмкіндігін қарастыру. Сондай-ақ, күрделі қиын жағдайда қалған кәмелетке толмағандарға психологиялық және медициналық қолдау көрсету сипатындағы ЖДО жұмысының тиімділігін бағалауды;

1.3.жасөспірімдердің репродуктивті және психикалық денсаулықтарының өзекті мәселелерін қоса алғанда, ақпараттық-білім беру іс-шараларының тақырыбын кеңейтуді;

1.4. жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп алғашқы медикалық-санитарлық көмек көрсету ұйымдардарындағы отбасын жоспарлау жөніндегі қызметтің рөлін көтеру бойынша жұмыстарды жалғастыруды.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігіне:

2.1. пайдаланушылардың пікірін ескере отырып, психологиялық қолдау орталықтары мен «111» бірыңғай Call-орталықтың жұмысының тұрақты мониторингін жүргізу және бағалау жүйесін құру мүмкіндігін қарастыруды;

2.2. «Жеке қауіпсіздік сабақтары» бағдарламасын білім беру ұйымдарында цифрлық сауаттылықты, ғаламтордағы қауіпсіз мінез-құлықты және кибербуллингтен қорғауды арттыру бойынша сабақтарын қоса алғанда жалғастыруды;

2.3. ата-аналар мен балалардың пікірін ескере отырып, Педагогикалық қолдау орталықтарының жұмысына тұрақты мониторинг жүргізу және бағалау жүйесін әзірлеуді;

2.4. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірге балаларды интернеттегі зиянды ақпараттан қорғайтын ұялы құрылғыларға арналған SIM-карталарын әзірлеуге бастамашылық танытуды;

2.5. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Ішкі істер министрліктерімен бірлесіп, қолайсыз жанұяларды және қиын өмірлік жағдайдағы отбасыларды ерте анықтайтын жедел топтарын құру мүмкіндігін қарастыруды;

2.6. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірге ЖДО және Отбасыны қолдау орталықтарындағы кәмелетке толмаған аналардың репродуктивті денсаулық жөніндегі білім деңгейін арттыруға бағытталған, әлеуметтік, психологиялық және медициналық көмекпен бейімделуді қоса білім беру бағдарламаларын қамтитын кешенді оңалту мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеу мүмкіндігін қарастыруды.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне:

3.1. құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне зорлық-зомбылық құрбандарымен, әсіресе кәмелетке толмағандармен олардың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, тиімді қарым-қатынас жасауға бағытталған оқыту бағдарламасын әзірлеу және енгізу мүмкіндігін қарастыруды;

3.2. мемлекеттік органдармен бірлесіп, кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау саласындағы ақпарат пен үздік тәжірибелермен алмасу үшін Бала құқықтары жөніндегі уәкіл мен құзырлы органдар арасында өзара іс-қимыл жасау үшін бірыңғай платформа құру мүмкіндігін қарастыруды.

4. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне:

4.1. зорлық-зомбылық пен жыныстық қылмыстардың алдын алуға баса назар аудара отырып, кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғауға бағытталған жаңа заңнамалық түзетулер туралы хабардарлықты арттыру бойынша ақпараттық науқандарды, әсіресе ауылдық аумақтарда, күшейтуді;

4.2. әлеуметтік желілер мен мектептегі іс-шараларды қоса алғанда, әртүрлі арналар арқылы балалардың репродуктивті денсаулығы мен құқықтары туралы ақпараттың қол жетімділігі мен таралуын қамтамасыз етуді;

4.3. кәмелетке толмаған аналарды қолдаудың қол жетімді ресурстары, сондай-ақ олардың құқықтары туралы хабардар етуге бағытталған ақпараттық науқандарды әзірлеуді;

4.4. әр түрлі спикерлерді (гинеколог, педиатр, психолог және т.б.) тарта отырып, тұрақты негізде «ашық алаңды» өткізу арқылы отбасылық өмірдің құндылықтарын қалыптастыруға, құқықтық сауаттылық пен әлеуметтік бейімделу деңгейін арттыруға бағытталған кәмелетке толмағандармен ағартушылық жұмысты жетілдіруді.

5. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына:

5.1. балалардың құқықтарына қауіп төндіретін қылмыстарға қатысты құқық қолдану практикасын жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізу, балаларға қатысты қылмыстар туралы хабарламағаны үшін жауапкершілікті күшейту үшін заңнамаға өзгерістер енгізуді қарастыруды;

5.2. жақын туыстары жасаған қылмыстар туралы хабарлау қажеттілігі туралы халық арасында ақпараттануды арттыру бағдарламасын әзірлеу мүмкіндігін қарастыруды **ұсынады**.

XIV. Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті, 2025 жылғы 12 наурызда Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатында **шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігіне** арналған дөңгелек отырысы өтті.

2024 жылғы 2 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында Мемлекет басшысы тиімділік тұрғысынан мемлекеттік қолдау шараларын тексеру және бизнеске түсінікті преференциялар мен жеңілдіктердің бірыңғай тізімін қалыптастыру міндетін қойды.

Белгіленген тақырыптың маңыздылығы мен өзектілігін, сондай-ақ, тиісті шараларды іске асыру мақсатында дөңгелек үстелге қатысушылар:

І. Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне шағын және орта кәсіпкерлікті (бұдан әрі – ШОК) мемлекеттік қолдау шараларын көрсету жөніндегі қызметті ведомствоаралық үйлестіру жөніндегі құзырет беруді.

2. Арнайы салық режимдерінің санын қысқарту бөлігінде «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодекске (Салық кодексіне) өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ нақты қолдану деректерін ескере отырып, осы режимдерді қолдану шарттарын қайта қарау мүмкіндігін қарастыруды.

3. ШОК-ті қолдауға бағытталған бюджет қаражатын өңдеу өнеркәсібі, жоғары қайта өңдеу өнімдерін шығаратын кәсіпорындар сияқты басым бағыттарға шоғырландыра отырып, оларды теңгерімді пайдалану жөнінде шаралар қабылдауды.

ІІ. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігіне:

2.1 ШОК-ті мемлекеттік қолдаудың қаржылық шараларының тиімділігіне жан-жақты талдау және бағалау жүргізу және олардың негізінде мемлекеттік қолдаудың қаржылық шараларының тізбесін оңтайландыруды.

2.2 Мемлекеттік қолдау шараларының бірыңғай тізілімін құруды жеделдетуді.

2.3 «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ базасында ШОК үшін Кепілдік қорын құру және оның қызметі үшін нормативтік-құқықтық базаны әзірлеуді қамтамасыз етуді.

2.4 Қаржы қаражатын жұмсаудың ашықтығы мен тиімділігін арттыру мақсатында ШОК-ті мемлекеттік қолдаудың қаржылық емес шараларының іске асырылуына мониторинг пен бақылауды күшейтуді.

ІІІ. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне:

3.1 «Е-Қаржымині» мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігіне мониторинг жүргізудің ақпараттық жүйесін жетілдіру, оның ішінде

шаралардың субъектілік мониторингінің статистикалық ақпаратын пысықтау жөнінде шаралар қабылдауды.

IV. «Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ:

4.1 Уақтылы субсидиялау жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ Қор қаражатының лимиттерін тиісінше бөлу мақсатында жоғары қайта өңдеуге және технологиялық өнім өндіруге көбірек қаражат резервтеп, жоғары қосылған құны бар өңделген өнім өндірісін субсидиялау үшін басымдық белгілеуді.

4.2 Бір құрал шеңберінде бизнестің субсидиялауды қайта алуын шектеу арқылы қаражаттың теңгерімді бөлінуін қамтамасыз етуді және басым бағыттарды қолдауға назар аударуды.

V. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне:

5.1 «eGov Business» мобильдік қосымшасын жетілдіру шеңберінде ШОК-ті мемлекеттік қолдау шараларын көрсетілетін қызметтер тізіміне енгізу мүмкіндігін көздеуді **ұсынады**.

XV. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетімен, 2025 жылғы 2 сәуірде **Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Қазақстан Республикасында азаматтық авиацияны дамыту»** тақырыбында дөңгелек үстел отырысы өткізілді, оған Парламент Сенатының депутаттары, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының орталық атқарушы органдардың, әуежайлардың, әуе компаниялардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өкілдері және басқалар қатысты.

Іс-шараға қатысушылар авиаотынға баға белгілеу, әуежайлардың қызметі, қолда бар жүйелік проблемалар мәселелерін көтеріп және оларды шешу жолдарын талқылады.

Белгіленген тақырыптың маңыздылығы мен өзектілігін атап көрсете отырып, дөңгелек үстелге қатысушылар:

І. Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1.1. Азаматтық авиация саласын дамытудың жеке кешенді жоспарын әзірлеуді.

1.2. Аэрохабтар құру мақсатында:

- шетелдік авиакомпаниялар үшін қолайлы жағдайлар жасауды;

- әуежайдың субаймағын (әкімшілігін) құру және басқару арқылы әуежайлардың арнайы экономикалық аймақтарға қатысу құқығын заңнамалық бекіту мәселесін қарастыруды;

Субаймақтың қатысушылары тауарлардың импортына, экспортына немесе өндірісіне байланысты авиалогистиканы қоса алғанда, азаматтық авиация саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар бола алады.

1.3. Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің ұстанымын ескере отырып, әуежайлық қызметтер тарифтерін қалыптастыру қағидаларын қайта қарауды.

1.4. Отандық әке компанияларын авиаотынмен қамтамасыз ету жөніндегі бірыңғай жүйелік тәсілді және отандық авиаотын өндірушілерге әуежайлардың инфрақұрылымына қол жеткізуге мүмкіндік беретін тетікті әзірлеуді.

II. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігіне:

2.1. Бәсекелестікті дамыту мақсатында шетелдік әуе компанияларының неғұрлым тығыз бағыт бойынша тасымалдауды жүзеге асыру қолжетімділігі мәселесін қарастыруды.

2.2. Жергілікті және шетелдік әуе компаниялары үшін әуежай қызметтеріне әртүрлі тарифтерді қолдану бойынша әлемдік тәжірибені енгізу мүмкіндігін қарастыруды.

2.3. Әуежай қызметіне инвестициялар тарту шарттарын қайта қарауды.

2.4. Мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, жолаушылардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында авиатасымалдарды мемлекеттік бақылаудың жаңа тетігіне көшу жөніндегі Азаматтық авиация комитетінің өкілеттіктерін кеңейту бөлігінде заңнамаға өзгерістер енгізу мәселесін пысықтауды.

III. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне Қазақстан Республикасы Көлік министрлігімен бірлесіп:

3.1. Азаматтық авиация саласындағы кадр тапшылығын төмендету жөнінде шаралар қабылдауды:

- авиациялық мамандықтар бойынша, әсіресе пилоттық және инженерлік салаларда оқитын студенттерге гранттарды ұлғайтуды;
- мамандарды даярлау кезінде оқу орындарымен өзара іс-қимыл жасау үшін сала субъектілерін тартуды;
- сала субъектілерінің студенттерді кейіннен жұмысқа орналастыра отырып оқытуын тікелей қаржыландыру тетігін әзірлеуді;
- халықаралық стандарттарға (ICAO, EASA, IATA) сәйкес оқу бағдарламаларын өзектендіру және оқу курстарын өткізуді **ұсынады**.

XVI. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті 2025 жылғы 16 сәуірде Мемлекет басшысының «Әділетті Казақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Казақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде **«Кәсіби стандарттар жүйесін жетілдіру және әлеуметтік қызметкерлерді даярлау» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді**.

Әлеуметтік-мәдени даму және Ғылым комитеті кәсіби стандарттар жүйесін жетілдіру және әлеуметтік қызметкерлерді даярлау мақсатында дөңгелек үстелге қатысушылардың баяндамалары, ақпараттары мен ұсыныстары негізінде мынадай **ұсынымдарды**:

1. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне:

1.1. әлеуметтік қызметкер кәсібінің беделін арттыру және азаматтар арасында әлеуметтік жұмысты танымал ету жөніндегі іс-шараларды күшейтуді қарастыруды;

1.2. жұмысқа орналасу, әлеуметтік жеңілдіктер беру және кадр резервін қалыптастыру кезінде біліктілікті тәуелсіз бағалау нәтижелерінің міндетті есепке алынуын қамтамасыз етуді қарастыруды;

1.3. тәуелсіз бағалау және аттестаттау нәтижелерін қоса алғанда, біліктілік туралы цифрлық деректерді «Әлеуметтік қызметкерлер тізілімі» цифрлық платформасына ықпалдастыруды қамтамасыз етуді қарастыруды;

1.4. әлеуметтік саладағы еңбек жағдайларын жақсарту жөнінде шаралар қабылдауға: еңбекақыны арттыруға, әлеуметтік пакетті кеңейтуге, білікті кадрларды тарту және ұстап қалу үшін ынталандыру шараларын жасауды қарастыруды;

1.5. әртүрлі салалардағы *(денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау)* күрделілікті, жауапкершілікті және еңбек жағдайларын ескере отырып, «әлеуметтік қызметкерлердің» және еңбекақы төлеудің тарифтік кестесінің талаптарын біріздендіруді қарастыруды;

1.6. жұмыс мамандықтары бойынша қысқа мерзімді оқытуға мемлекеттік тапсырысты бөлу кезінде *(1-3 деңгейлер)* білім беру бағдарламаларының бекітілген кәсіптік стандарттарға міндетті сәйкестігін көздеуді қарастыруды;

1.7. «Кәсіптік біліктілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына біліктілікті тануды және олардың халықаралық талаптарға сәйкестігін жетілдіруді, қазақстандық мамандардың жаһандық еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруды көздейтін, оның ішінде тану орталықтарын аккредиттеуді жеңілдету, бейресми тәжірибені мойындау арқылы азаматтардың еңбек нарығына қолжетімділігін кеңейту, сертификаттардың рөлін күшейту, халықаралық интеграцияны және қазақстандық біліктілікті шетелде тануды қамтамасыз ету және басқаларға қатысты түзетулер енгізу мүмкіндігін қарастыруды;

1.8. **мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп:**

1.8.1. қолда бар және қажетті құзыреттер арасындағы біліктілік алшақтығын бағалауды қоса алғанда, кадрларға қажеттілікті айқындау үшін экономика салаларына кешенді талдау жүргізуді қарастыруды;

1.8.2. кадр саясатын әзірлеу және кадрлар даярлаудың қажеттілігін болжау кезінде жаңа кәсіптер мен құзыреттер Атласын қолдануды қамтамасыз етуді қарастыруды;

1.8.3. жұмыс күшінің ұтқырлығы мен оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін WorldSkills стандарттарының құрылымын қоса алғанда, ұлттық кәсіптік стандарттарды халықаралық талаптарға сәйкес келтіруді қарастыруды;

1.8.4. Ұлттық біліктілік жүйесінің базалық құралдарын және заңнаманы «Career Enbek» Цифрлықя платформа аясында үйлестіруді, мемлекетік органдардың деректер базалыларын интеграциялауды аяқтауды, сондай-ақ кәсіби стандарттарды жасауда, олардың өзектілігіне мониторинг жүргізуде жасанды интелектті қолдану мүмкіндігін қарастыруды;

1.8.5. бұрынғы сотталғандармен, сотталғандармен, нашақорлармен, әлеуметтік маңызы бар аурулары бар адамдармен және басқада әлеуметтік қолдауды қажет ететін тұлғалармен жұмыс жасайтын салалардың штат кестесіне әлеуметтік жұмыскер бірлігін енгізу мүмкіндігін қарастыруды;

2. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту, Ғылым және жоғары білім министрліктеріне:

2.1. алынған біліктілікті нақты жұмыспен және кәсіби өсумен салыстыруға мүмкіндік беретін бітірушілердің мансаптық траекторияларын қадағалаудың цифрлық тетігін әзірлеу және оларды енгізуді қарастыруды;

2.2. білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жаңарту кезінде кәсіптік стандарттарды қолданудың жүйелі мониторингін ұйымдастыруды;

2.3. ақпараттық жүйелерді интеграциялауды аяқтау және білім беру бағдарламаларын тиімді мониторингілеу және өзектендіру үшін Carrer Enbek цифрлық платформасымен деректер алмасуды жолға қоюды қарастыруды;

2.4. жұмыс берушілердің, әлеуметтік қызметтер мен үкіметтік емес ұйымдардың кері байланысы негізінде түлектерді әлеуметтік салада даярлау сапасының міндетті аудитін енгізу, қорытындысымен әлеуметтік жұмыс, психология және басқа салалардағы біліктілік дәрежелері бойынша оқу бағдарламаларын өзектендіру мүмкіндігін қарастыруды;

2.5. жетекші университеттердің базасында факультеттер, кафедралар және одан әрі үш деңгейлі даярлығы бар әлеуметтік жұмыс бойынша оқытушылар мен мамандарды (бакалавриат, магистратура, докторантура) даярлау бойынша мамандандырылған жоғары оқу орнын құру мүмкіндігін қарастыруды ұсынады.

XVII. Қаржы және бюджет комитеті 2025 жылы 5 мамырда «Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде **«Банк қызметін реттеудің жаңа тәсілдерін әзірлеу»** тақырыбында дөңгелек үстел өткізді, оның қорытындысы бойынша мынадай ұсынымдар берілді:

Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1) дербес деректерді қорғауды, банктік құпияны сақтауды, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алуды және бюджет қаражатының нысаналы пайдаланылуын бақылау әдіснамасын ескере отырып, Мемлекеттік қаржыландыру кезінде Цифрлық теңгені таңбалау тетігін қолдану мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін салалық нормативтік құжаттарға өзгерістерді байланыстыру бойынша ұсыныстар дайындауды;

2) Цифрлық теңгені пайдалана отырып, тиімді пилоттауды және жаңа жобаларды енгізуді қамтамасыз ету үшін мемлекеттік ақпараттық жүйелерді одан әрі цифрландыру мүмкіндігін қарастыруды.

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен және Қазақстан Республикасының Үкіметімен бірлесіп:

Банктер және банк қызметі туралы жаңа заңды әзірлеген кезде:

1. Төлемге қабілетсіз банктерді реттеу кезінде мемлекеттік қаражатты пайдалану жағдайларына қойылатын талаптарды әзірлеу, атап айтқанда, акционерлердің және банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалардың есебінен шығындарды жабу әлеуеті толық таусылғаннан кейін, жүйелік маңызы бар банктерге қатысты ерекше жағдайларда мемлекеттік қолдау көрсетуді көздеуді.

2. Қаржы ұйымдарының өз қызметінде тұтынушылардың мүдделерін сақтау үшін жауапкершілігін енгізу, атап айтқанда қаржылық қызметтерді тұтынушылармен өзара іс-қимыл жасау кезінде жосықсыз практикаларды болдырмау мақсатында қаржы өнімдерін басқаруға, ақпаратты жария етуге қойылатын талаптарды белгілеу. Бұдан басқа, жолданымдарды қарау процестеріне реформа жүргізу, атап айтқанда қаржы ұйымдарының тұтынушылардың жолданымдарын белгіленген мерзімде қарау және шешім қабылдау міндетін белгілеу, дауларды сотқа дейінгі реттеудің негізгі тетігі ретінде қаржы омбудсманының бірыңғай қызметін құруды.

3. Банк секторында бәсекелестікті одан әрі дамыту және күшейту үшін банк секторына кірудің жеңілдетілген жағдайларымен және олардың қызметін тиісті пропорционалды реттеумен банктік базалық лицензияның жаңа түрін енгізуді.

4. Банктер мен банк холдингтеріне қаржылық-технологиялық компанияларының капиталына, атап айтқанда электрондық сауда алаңымен және интернет-платформалармен байланысты қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың капиталына қатысуға, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және биометриялық идентификаттау, ақпараттық қауіпсіздік және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саласындағы бағдарламалық қамтылымды әзірлеуге және қызмет көрсетуге мүмкіндік беруді.

5. Ұлттық Банкке Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымының (ҰЦҚИ) бірыңғай операторы мәртебесін бекітіп беру, ҰЦҚИ жалпы құрылымын айқындау, ҰЦҚИ құрауыштарының жұмыс істеуі мен өзара іс-қимыл жасау, оған рұқсат алу тәртібін белгілеуді.

6. Екінші деңгейдегі банктерге жеке түрде заңды тұлға құрудың қажеттілігінсіз дәстүрлі банк операцияларымен қатар исламдық банк операцияларын жүзеге асыру құқығын беру. Ішкі бақылауға, ақпаратты жария етуге және исламдық қаржыландыру қағидаттарын сақтауға қойылатын талаптарды қоса алғанда, осындай банктерді реттеу ерекшелігін айқындай отырып, әмбебап банктік лицензия шеңберінде дәстүрлі және исламдық қаржылық қызметтерді интеграциялау үшін құқықтық негіздер белгілеу.

Исламдық банк операцияларын жүзеге асыратын банк бөлімшелерінің ұйымдық оқшаулануын, бөлек қаржылық есепті және қызметкерлердің біліктілігіне қойылатын талаптарды қамтамасыз етуді.

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп:

Банк секторына қатысты үйлестірілген саясатты, оның ішінде резервтік талаптарды қоса алғанда, жаңа нормативтік талаптар енгізілген кезде, сондай-ақ секторға қатысты салық саясаты өзгерген кезде сектордың орнықтылығына ықпалын реттеушілік бағалауды міндетті түрде жүргізуді әзірлеуді.

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне Қазақстан Республикасының Үкіметімен, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен және Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығымен бірлесіп:

Банктер және банк қызметі туралы жаңа заңды әзірлеу кезінде:

1) клиенттің келісімінсіз банктік құпияны ашу жағдайларын қайта қарау және қысқартуды,

2) төлем ұйымдарын лицензиялауды және қадағалауды көздеуді,

3) заң жобасына қаржы омбудсменінің кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес қарыздар мен операциялар бойынша тек қана жеке тұлғалармен жұмыс істеу жөніндегі қызметінің қағидатын енгізуді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне:

1) Ұлттық Банктің жалпыға қолжетімді инфрақұрылымы базасында ҰЦҚҚ қатысушыларының клиенттерге түрлі банкаралық сервистерді, инновациялық өнімдерді ұсынуды қамтамасыз ету үшін ҰЦҚҚ-ның негізгі компоненттеріне екінші деңгейдегі банктерді қосу бойынша шаралар қабылдауды;

2) тұтынушылардың мүдделерін іске асыруды қамтамасыз ету үшін ұлттық қаржы инфрақұрылымының маңыздылығын назарға ала отырып, ҰЦҚҚ-ны пайдалана отырып, атап айтқанда банкаралық QR-төлемдер мен ақша аударымдары бойынша, клиенттерге қызметтер көрсету кезінде банктердің кемсітпеушілік іс-әрекеті қағидатын сақтауын қамтамасыз етуді;

3) цифрлық активтерді пайдалана отырып, реттеушілік ортаны және пилоттық жобаларды іске қосу бойынша қаржы нарығына қатысушылармен бірлесіп жұмыс жүргізуді ұсынады.

XVIII. Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті 2025 жылғы 14 мамырда **«Кітапхана ісін дамытудың заманауи үрдістері»** тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде «Балалар кітапханасы» атты жаңа бағдарламаны қолға алуды, Қазақ әдебиетінің түрлі кезеңдерін және жанрларын қамтитын арнайы тізім жасауды, сол тізімдегі кітаптардың барлық балаға қолжетімділігін

қамтамасыз етуді, тәулік бойы жұмыс істейтін Президент кітапханасын ашуды тапсырды. Сондай-ақ Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында «Ұлттық кітап күнін» белгілеу, сондай-ақ оны мазмұнды етіп өткізу туралы тапсырмасына сәйкес 23 сәуір – «Ұлттық кітап күні» болып белгіленді және ол биыл тұңғыш рет аталып өтілді. Мұндай оңды бастамалар жалғасын тауып, республика көлемінде кеңінен қолданысқа енуі үшін кітапхана ісін дамытудың орны ерекше.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті осы бағыттағы жұмыстарды жан-жақты зерделеп, кітапхана ісін дамытудың жаңа бағыттарын айқындау мақсатында дөңгелек үстелге қатысушылардың, сарапшылардың, кітапханашылардың ақпараттарының негізінде келесідей **ұсынымдар** жасайды:

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі:

1. Мемлекет басшысының кітапхана ісін дамытуға қатысты тапсырмаларын іске асыру бойынша атқарылып жатқан жұмыстар жөніндегі ақпаратты енгізсін.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесіп:

2. кітапханаларды цифрландыру, кітапхана ісін монетизациялау жұмыстары барысында автор, кітапхана, оқырман арасындағы құқықтық қатынастарды оңтайландыру бойынша тиісті жұмыстарды жүргізсін;

3. кітапхана ісі туралы арнайы Заң жобасын, сонымен қатар осы саланы халықаралық талаптарға жақындататын ұлттық стандарттарды *(МемСТ 7.1-2003 – Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Сипаттамаларды құрастырудың жалпы талаптары мен ережелері, МемСТ 7.20-2000 Кітапханалық статистика.)* әзірлеу немесе жаңартуды қолға алсын.

4. **Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен** бірлесіп, кітапханалардағы кітаптар мен басқа да материалдарды әмбебап форматта цифрлау жұмыстарын жалғастырсын.

5. **Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика, Қаржы министрліктерімен** бірлесіп, кітапханалардың өзін-өзі қаржыландыруына мүмкіндік жасау мақсатында халықаралық тәжірибені ескере отырып, кітапхана ісін монетизациялаудың заңды тетіктерін қарастырсын.

6. **Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Ұлттық экономика, Қаржы министрліктерімен** бірлесіп, кітапханашылардың әлеуметтік, материалдық жағдайын жақсарту мақсатында, бүгінгі таңда еліміздегі инфляциялық жағдайды ескере отырып, барлық деңгейдегі кітапханашылардың жалақысын арттыру, оған үстемелер қосу мәселесін қарастырсын.

XIX. Қаржы және бюджет комитеті 2025 жылғы 20 мамырда Мемлекет басшысының **«Әділ Қазақстан: Заң және тәртіп, экономикалық өсу,**

қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Қазақстандағы мемлекеттік-жекешелік әріптестік: проблемалар мен перспективалар» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді, оның қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне мынадай ұсынымдар берілді:

1. заңнамалық шектеулерді ескере отырып, объектілерді құруды (салуды және/немесе реконструкциялауды және/немесе жаңғыртуды) көздейтін барлық жобалар бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігінің басымдылығымен мемлекеттік инвестициялық жобаларды іріктеуді күшейту;

2. ҚР Ұлттық экономика министрлігі жаңа технологияларды ескере отырып объектілерді басқаруға инвестицияларды тарту мақсатында табиғи монополиялар саласындағы МЖӘ жобаларына қатысты саясатты қайта қарау және осы саланы дамыту мен жаңғырту үшін олардың әлеуетін белсенді пайдалану арқылы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында МЖӘ нысанын қолдану мәселесін қарастырсын;

3. бекітілген әдістер мен заңнамаға түзетулерді, МЖӘ жобаларын жоспарлау мен іске асырудың жекелеген аспектілерін тәжірибеде қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар дайындау;

4. әрі қарай көбейту үшін біртекті жобалар бойынша МЖӘ іске асырудың неғұрлым тиімді схемаларын айқындау;

5. ең төменгі кіріс кепілдігімен инфрақұрылымдық жобаларда тұрақты және болжамды тарифтік реттеуді қамтамасыз ету;

6. 2011-2015 жылдарға арналған МЖӘ дамыту бағдарламасына ұқсас Қазақстанда МЖӘ дамыту бағдарламасын әзірлеу (ҚРҮ 2011 жылғы 29 маусымдағы № 731 қаулысы);

7. салалық мемлекеттік органдар ҚР Ұлттық экономика министрлігімен бірлесіп, МЖӘ әлеуетін ескере отырып, қолданыстағы ұлттық жобалар мен даму бағдарламаларының тиісті тарауларын қарастырсын.

Комитеттердің кеңейтілген отырыстары

I. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің 2025 жылғы 22 қаңтарда Мемлекет Басшысының «Әділетті Қазақстан: заң және тәртіп, экономикалық өсу, қоғамдық оптимизм» (бұдан әрі-Жолдау) бірыңғай мемлекеттік медициналық ақпараттық жүйелер құру және базалық мемлекеттік медициналық көмектің бірыңғай пакетін қалыптастыру туралы тапсырмасының аясында **«Денсаулық сақтау жүйесін цифрландырудың және медициналық сақтандыруды дамытудың өзекті мәселелері»** тақырыбына арналған Комитеттің кеңейтілген отырысын өткізді.

Мемлекет басшысы Жолдауда «Бюджеттің мүмкіндігі мен міндеттемесін ескере отырып, мемлекет кепілдік беретін медициналық көмектің бірыңғай базалық топтамасын жасау қажет. Ал одан асып кеткен шығынның бәрі сақтандыру жүйесі арқылы төленуге тиіс.

Цифрландыру болмаса, мұндай ауқымды өзгерістерді сәтті жүзеге асыру мүмкін емес. Бір-біріне байланысы жоқ ондаған бағдарлама мен ақпараттар базасының орнына бірыңғай мемлекеттік медициналық ақпарат жүйесін жасау керек» деп атап көрсетті.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде және халыққа медициналық көмек көрсету сапасын арттыру мақсатында инновациялық әдістер мен цифрлық технологияларды қолдануды кеңейте отырып, сондай-ақ Комитет отырысына қатысушылардың баяндамалары, ақпараттары мен ұсыныстары негізінде келесідей **ұсынымдар:**

1. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне:

1.1. заңнамалық деңгейде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) мен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (бұдан әрі – МӘМС) шеңберінде ұсынылатын медициналық көмектің ара-жігін анықтау және базалық мемлекеттік медициналық көмектің бірыңғай пакетін құру мүмкіндігін қарастыруды;

1.2. денсаулық сақтау жүйесінде ерікті медициналық сақтандырудың (бұдан әрі – ЕМС) мақсаттары мен міндеттерін айқындайтын және ЕМС арқылы халыққа қызмет көрсетуде ТМККК мен МӘМС шеңберінде көрсетілетін медициналық көмектің қайталануын болдырмайтын мемлекеттік стратегияны әзірлеу мүмкіндігін қарастыруды;

1.3. қолданыстағы мемлекеттік ақпараттық жүйелерді *(17)* трансформациялауды және жаңа модульдердің *(8)* «Е-Денсаулық» АЖ экожүйесі шеңберінде жұмыс істеуін жеделдетуді;

1.4. денсаулық сақтау саласында жасанды интеллектті қолданудың халықаралық тәжірибесіне талдау жүргізу және оны заңнамалық деңгейде реттеу, оның ішінде клиникалық хаттамаларды әзірлеу кезінде жасанды интеллектті енгізу мүмкіндігін қарастыруды;

1.5. телемедицинаны реттейтін заңнамалық нормаларға оны халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестендіру үшін өзгертулер енгізу мүмкіндігін қарастыруды;

1.6. телемедицина қызметтеріне баға белгілеу жүйесін жетілдіру және ауылдық елді мекендерде телемедициналық қызметтерді көрсету үшін техникалық жарақтандыруды жетілдіру мәселелері бойынша жұмыс жүргізу, сондай-ақ қашықтықтан көрсетуге рұқсат етілген қызметтердің *(психиатрия, оңалту, паллиативтік көмек)* тізбесін кеңейту мүмкіндігін қарастыруды;

1.7. телемедицина жүйелерін *(бейнебайланыс үшін платформа)* интеграциялау және оның деректерін E-Densaulyk АЖ экожүйесімен орталықтандыру мәселесін пысықтауды;

1.8. Қазақстан Республикасының цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп:

1.8.1. денсаулық сақтау саласында ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, оның ішінде жасанды интеллектті қолдану бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, сондай-ақ телемедициналық жүйелердің жұмыс істеуінің бірыңғай стандарттарын әзірлеу мәселесін пысықтауды;

1.8.2. медициналық ұйымдарды инженерлік-техникалық жабдықтармен *(коммуникациялық жабдықтар, оның ішінде байланыс орталықтары, жүйелік және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету)* жарақтандырудың стандарттары мен ережелерін әзірлеуді;

1.8.3. медициналық ұйымдардың медицина қызметкерлерін цифрлық денсаулық сақтау бойынша білім және консультация алу үшін онлайн құзыреттілік оқу орталықтарын құру мүмкіндігін қарастыруды;

2. Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне:

2.1. ауылдық дәрігерлік амбулаториялар мен фельдшерлік-акушерлік пункттерді сапалы интернетпен толықтай қамтамасыз етуді аяқтауды;

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне:

3.1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне (бұдан әрі – министрлік) 2025 жылға Министрліктің ақпараттық жүйелерін дамытуға 4,4 млрд теңге сомасында қосымша қаржыландыру мүмкіндігін қарастыруды.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп:

4.1. қызмет саласы ЕМС болып табылатын қаржы ұйымдарын заңнамалық реттеудің халықаралық тәжірибесіне талдау жүргізу және оның нәтижелері бойынша жоғарыда аталған сектордағы қаржы нарығын заңнамалық реттеу бойынша ұсыныстар енгізуді;

5. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарына:

5.1. жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласын цифрландыру жөніндегі өңірлік саясатты әзірлеу мүмкіндігін қарастыруды;

5.2. медициналық қызметтерді жаппай цифрландыруды жүргізу үшін медициналық ұйымдарды тиісті жабдықтармен, оның ішінде интернет-байланыспен қамтамасыз ету мүмкіндігін қарастыруды ұсынады.

II. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2025 жылы 28 қаңтарда **Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауын іске асыру барысында «Қазақстан Республикасындағы ормандарды молықтыру және орман шаруашылығын дамыту»** тақырыбына арналған кеңейтілген отырысын өткізді, оның қорытындысы бойынша келесі ұсыныстар берілді:

1. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігіне:

1.1. Орман қорынан басқа санаттағы жерлерге жерді негізсіз ауыстыруға жол бермеу арқылы орман қорының ауданын ұлғайту жөнінде шаралар қабылдау.

1.2. Қызылорда облысының Арал және Қазалы орман мекемелерінің базасында мемлекеттік табиғи резерват құру мәселесін қарау.

1.3. Орман шаруашылығын дамытудың стратегиялық құжатын қабылдау.

1.4. Орман көміртегі офсеттері бойынша жобаларды іске асыру үшін заңнамаға өзгерістер енгізу.

1.5. Отырғызу материалын өсірудің инновациялық әдістерін енгізуді қарастыру.

1.6. Орман шаруашылықтарының техникалық парктерін жаңарту, отырғызылатын материалдарды өсірудің инновациялық әдістерін қолдануды кеңейту және орман екпелерінің жай-күйін бақылауды күшейту.

1.7. «Жайық Орманы» резерватын құру мәселесін шешу.

1.8. Ағашты қайта өңдеу және «Семей орманы» мемлекеттік орман-табиғи резерватын сауықтыру бойынша шаралар қабылдау.

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігімен бірлесіп:

2.1. Ағашты терең өңдеуді енгізу арқылы ағаш өңдеу саласын дамыту мәселесін пысықтау.

3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігімен бірлесіп:

3.1. ЖОО-дағы орман бейіні жөніндегі ғылыми зерттеулер бойынша басымдықтарды айқындау.

3.2. «Мектеп-ОАБМ-ЖОО-өндіріс» жүйесінде көп деңгейлі даярлық шеңберінде ынтымақтастық бағдарламаларын әзірлеу және енгізу және дипломдар бере отырып, университет қабырғасында жұмысшы және орта-техникалық мамандықтар алу үшін жағдайлар жасау.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігімен бірлесіп:

4.1. Ормандарды авиациялық қорғау жөніндегі жұмысты толық көлемде қаржыландырумен қамтамасыз ету.

4.2. 2025 жылға Арал теңізінің құрғаған түбіне сексеуіл отырғызу жұмыстарын 2,5 млрд теңге сомасында қаржыландыруды қамтамасыз ету.

4.3. 2030 жылға қарай орман өрт сөндіру станцияларын материалдық-техникалық жарақтандыруды 100 пайызға дейін жеткізу.

4.4. Жол картасына сәйкес 2025-2026 жылдары ең жанғыш және жиі орман өртіне ұшырайтын мемлекеттік орман қорында ерте анықтау жүйелерін орнатуды қаржыландыруды қамтамасыз ету.

4.5. Аса қауіпті аурулар мен орман зиянкестерінің ошақтарымен күресу жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру мәселесін шешу.

5. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігімен бірлесіп:

5.1. «Дипломмен ауылға» мемлекеттік бағдарламасына орман шаруашылығы мамандарын қосуды қарастыру.

5.2. Салық кодексіне тиісті өзгерістер енгізу арқылы мемлекеттік орман иеленушілерін ағаш тамырына сүрек жіберуде, оларды кесу кезіндегі күтіп-баптауда және өзге де ағаш кесу кезінде салық төлеушілер тізімінен алып тастау.

5.3. Ауданы 100 гектардан асатын жануларды әзірлеуде ағашты кесу кезінде салық төлеуден босату.

6. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдіктеріне:

6.1. Өсімдіктер әлемін арнайы пайдалану тәртібімен өсімдік ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін әзірлеу.

6.2. Карантиндік объектілердің, аса қауіпті зиянды организмдердің, бөгде және өсімдіктер ауруларының өзге де түрлерінің ошақтарымен күресті күшейту.

6.3. Түгендеу мен фитопатологиялық тексерудің жүргізілуін қамтамасыз ету.

III. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2025 жылы 10 сәуірде **Қазақстан Республикасы Президентінің «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы аясында «Аграрлық білім, ғылым және өндіріс интеграциясы»** тақырыбына арналған кеңейтілген отырысын өткізді, оның қорытындысы бойынша келесі ұсыныстар берілді:

1. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп:

1.1. 2030 жылға қарай бағдарламалық-нысаналы, гранттық және базалық қаржыландыруды қоса алғанда, аграрлық ғылымды қаржыландыру көлемін ЖІӨ 1%-на дейін жеткізуді;

1.2. Ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша ауылдық квота үлесін ауыл мектептерінің түлектері үшін 35-тен 70%-ға дейін ұлғайтуды;

1.3. «Ауыл шаруашылығы», «Ветеринария» бакалавриат студенттеріне стипендияларды «Педагогикалық ғылымдар», «Медицина ғылымдары» студенттерінің стипендиясы деңгейіне (47 372 теңгеден 75 600 теңгеге дейін) жеткізуді;

1.4. Жоғары оқу орындарына еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтарға түскісі келетін ауыл мектептерінің түлектері арасында кәсіптік бағдар беру жұмысын күшейтуді;

1.5. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің үш мамандандырылған аграрлық жоғары оқу орындарында (Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық

университеті) бакалавриатта (70% дейін), магистратурада (100%) және докторантурада (100%) оқуға мемлекеттік тапсырысты орналастыру;

1.6. Білім беру мекемелерінде аграрлық ғылым мен өндірісті ұштастыру мақсатында өндірістік тәжірибе жұмыстарын күшейтуді;

1.7. Еліміздің ғылыми ұйымдары мен университеттерін заманауи жабдықтармен жарақтандырып, олардың дамыған елдердегі іргелі ғылыми орталықтармен, жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық орнатуына және тәжірибе алмасу жұмыстарын жандандыруды;

1.8. Аграрлық ғылым мен білім саласына жеке сектордың қаржыландыру үлесін арттыруды ынталандыра отырып, түрлі инвестициялық механизмдерді қолдануды;

1.9. Білім беру бағдарламаларын тауар өндірушілердің сұранысына қарай бейімдеп, оқыту кезінде жаңа технологиялар мен жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін үйретуді;

1.10. Аграрлық сала қызметкерлерінің біліктіліктерін арттыру мақсатында қайта даярлау курстарын, семинарларын, қосымша оқыту платформаларын дайындауды;

1.11. Ғылыми-зерттеу институттары мен ауыл шаруашылығы тәжірибе станцияларға бөлінетін қаржы көлемін арттыруды және олардың материалдық-техникалық базасын жетілдіруді;

1.12. Отандық тұқым шаруашылықтары мен элиталық тұқым шығарушы оригинаторларға қолдау көрсетуді арттыруды.

IV. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті (бұдан әрі – Комитет) **2025 жылғы 21 мамырда Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң және тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Республикалық бюджеттің әлеуметтік сала шығыстары бойынша мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы»** тақырыбында комитеттің кеңейтілген отырысын өткізді.

Отырыс барысында әлеуметтік салада республикалық бюджеттің атқарылу тиімділігін арттыруға, сондай-ақ мемлекеттік органдар тарапынан нысаналы индикаторларға қол жеткізуді қамтамасыз етуге бағытталған.

Комитет кеңейтілген отырысқа қатысушылардың баяндамалары, ұсынылған материалдары, сондай-ақ ұсыныстары негізінде мынадай **ұсынымдар:**

1. **Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасына**:

1.1 сыртқы мемлекеттік аудит нәтижесімен берілетін ұсынымдар мен нұсқамалардың орындалуына мониторинг жүргізуді күшейтуді;

1.2 қолданыстағы заңнамаға әлеуметтік сала бойынша бюджеттің атқарылуының тиімділігін арттыруды көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстарды қалыптастыруды;

2. **Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне**:

2.1 ішкі мемлекеттік аудит нәтижесімен берілетін ұсынымдар мен нұсқамалардың орындалуына мониторинг жүргізуді күшейтуді;

2.2 қолданыстағы заңнамаға әлеуметтік сала бойынша бюджеттің атқарылуының тиімділігін арттыруды көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстарды қалыптастыруды;

3. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне, Денсаулық сақтау министрлігіне, Оқу-ағарту министрлігіне, Ғылым және жоғары білім министрлігіне, Мәдениет және ақпарат министрлігіне, Туризм және спорт министрлігіне:

3.1. мемлекеттік аудит қорытындылары бойынша анықталған қаржылық бұзушылықтар мен кемшіліктерге *(Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасының және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің баяндамаларында баяндалған)* ерекше назарға алуды, сондай-ақ аталған бұзушылықтарды жою және болашақта оларға жол бермеу жөнінде жан-жақты шаралар қабылдауды;

3.2. бюджетті қалыптастырудан бастап, оны орындауға, есепке алуға және есептілікті қалыптастыруға дейінгі бюджеттік процестің барлық кезеңдерін цифрландыруды қамтамасыз етуді. Бюджеттің атқарылу тиімділігін арттыру және ведомстволық бағынысты салаларда нысаналы индикаторларға қол жеткізу жөніндегі жұмысты күшейтуді;

3.3. Әлеуметтік бағдарламаларды жоспарлау барысында нақты деректер мен нақты қажеттіліктерге сүйену, жергілікті деңгейде халықтың жағдайына сай икемді жоспарлау тәсілдерін енгізуді, сондай-ақ әрбір ұйымға өз қаражаты үшін нақты жауаптылықты қалыптастыруды және аудит ұсынымдарын орындау мерзімі мен сапасына қатаң бақылау орнатуды;

3.4. әлеуметтік салада қызмет ететін мамандардың біліктілігін жүйелі түрде арттыру, адал мамандар корпусын қалыптастыруды, қаржы менеджменті, мемлекеттік сатып алулар және аудит негіздері бойынша тұрақты оқыту курстарын ұйымдастыруды;

3.5. әлеуметтік шығыстарға қатысты бюджеттік заңнаманы заман талабына сай өзектендіруді ұсынады.

V. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2025 жылғы 10 маусымда **Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі басшылығының қатысуымен «Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы дақылдарының селекциялық және тұқым шаруашылығын дамытудың проблемалары мен перспективалары» тақырыбындағы Комитеттің кеңейтілген отырысының (А.И.Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығына барумен)** өткізді. Кеңейтілген отырыстың қорытындысы бойынша әзірленген ұсынымдар 2025 жылғы маусымда ҚР Үкіметіне жіберілетін болады.

Комитеттердің тақырыптық отырыстары

I. Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті 2024 жылғы 26 қарашада **әскери білім және ғылым: түлектерге сұраныс, оларды жұмысқа орналастыру, ғылыми кадрлар, жоғары оқу орнынан кейінгі және әскери оқу орындарында қосымша даярлау мәселелері бойынша Комитеттің тақырыптық отырысы** өткізді, оның қорытындысы бойынша келесі ұсыныстар берілді:

1. Ғылыми салада зерттеудің басым бағыттарына мынандай мәселелерді айқындау:

- әскери қақтығыстардың табиғатын зерттеу (жауынгер);
- халықаралық әскери ынтымақтастық;
- көп деңгейлі барлау-талдау жүйесі;
-ақпараттық (кибернетикалық), әуе-ғарыш, теңіз салаларындағы қарама-қарсы тараптардың ықпалынан мемлекеттің кешенді қорғаныс жүйесі;
- дағдарыс және соғыс уақытында мемлекетті, оның әскери ұйымын басқару.

2. Күштік құрылымдардың жоғары оқу орындарында қашықтықтан оқытуға сараланған көзқарас мәселесін зерделеу.

3. Ұлттық қорғаныс университетінде әскери-теңіз күштері мен теңіз жаяу әскерлерінің мамандарын даярлау, сондай-ақ Әскери-теңіз күштерінің даму проблемаларына байланысты ғылыми қызметпен айналысу мүмкіндігін қарастыру.

4. Ғылым жөніндегі жыл сайынғы Ұлттық баяндамаға енгізу үшін қорытындылар мен ұсыныстармен ақпарат жинау, оны өңдеу және нәтижелерді әзірлеу тетігін қалыптастыру.

5. Зертханалық базасы, оның ішінде сатып алынатын (жеткізілетін) қару-жарақ пен әскери техниканы сынау үшін, әзірлеушілер кешендері және эксперименттік полигонға арналған аумақтары бар Әскери салада тәуелсіз құзырет орталығын құру.

6. Озық елдердің тәжірибесі бойынша ғылыми зерттеулердің нәтижелерін сынақтан өткізу үшін ғылыми-зерттеу әскери бөлімдерін құру.

7. Шетелдік азаматтық жоғары оқу орындарында оқитын қазақстандық азаматтарға оқу орны бойынша әскери кафедралардан өту мүмкіндігін пысықтау.

II. Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті 2025 жылғы 25 ақпанда **биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелеріне арналған отырысының қорытындылары бойынша Комитеттің тақырыптық отырысын** өткізді, оның қорытындысы бойынша келесі ұсыныстар берілді:

1. Ауыл шаруашылық және өнеркәсіптік аудандарда топырақтың ластану картасын жасауды, олардың ластану сипаты мен дәрежесін

анықтауды жеделдету. Топырақтағы химиялық заттардың адам денсаулығына зиянды әсерін ескере отырып, олардың мөлшерінің нормативтерін анықтау.

2. Аса қауіпті жұқпалы ауруларға қарсы жоспарлы иммундау үшін де, шұғыл иммундау үшін де өзіміздің вирусқа қарсы вакциналарды өндіруді қамтамасыз ету шараларын қабылдау. Өткен жылы вакцинаға деген қажеттілік 25 түрді құрады, оның ішінде Қазақстанда бір ғана вакцина өндіріледі. Басқа елдерде екпе алуға мәжбүр болған БҰҰ бітімгершілік миссияларына қатысатын әскери қызметшілер үшін бұл мәселе өткір күйінде қалып отыр.

3. Норвегия, Ирландия, АҚШ, Ұлыбритания мысалдарын қолдана отырып, антибиотиктерге төзімділікті алдын алудың ұлттық стратегиясын жасау мәселесін талдау. Антибиотиктерге оңай қол жеткізуіне және халықтың хабардарлық деңгейінің төмендігіне байланысты Қазақстандағы антибиотиктерге төзімділік мәселесі алаңдатады.

4. Биотехнологиядағы жасанды интеллект тұрғысынан:

- міндетті қауіпсіздік стандарттарын енгізе отырып, жасанды интеллектті реттеудің ұлттық стратегиясын әзірлеу;

- заңнамаға жасанды интеллект құру мен пайдалануды реттейтін ережелерді енгізу;

- қауіптерді бақылау және зерттеу мақсатында бірлескен платформалар құру үшін халықаралық келісімдерге қосылу мүмкіндігін зерттеу.

5. Биологиялық қауіп-қатерлерге қарсы іс-қимыл алгоритмін жетілдіру мақсатында республика көлемінде мемлекеттік органдар мен қызметтерді тарта отырып (кемінде жылына бір рет) жүйелі оқу-жаттығулар өткізу мәселесін қарастыру.

Жоғарыда аталған мәселелерді шешу биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қабылданған шаралардың тиімділігін арттырады деп санаймыз.

III. Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті **2025 жылы 18 ақпанда** Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына жолдауын іске асыру шеңберінде инвесторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселелері бойынша Комитеттің отырысын өткізді, оның қорытындысы бойынша мынадай ұсынымдар берілді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1.1. Қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесін қарастыру. Атап айтқанда:

- Жер кодексінің 9-бабына арнайы экономикалық аймақтардың, республикалық және өңірлік маңызы бар индустриялық аймақтардың жер учаскелерін және оларға жер пайдалану құқығын мемлекеттік заттай гранттар түрінде беруге тыйым салу мақсатында;

- Жер кодексінің 12-бабына инвесторларға мемлекеттік заттай гранттар ретінде берілетін жер учаскелері үшінші тұлғалардың құқықтарынан бос болуы және оларға қатысты шектеулер мен сервитуттар белгіленбеуі тиіс деген талаптарды белгілеу үшін;

- әкімдердің арнайы экономикалық аймақтар мен индустриялық аймақтар аумағында жер бергені үшін бақылауы мен жауапкершілігін күшейту, сондай-ақ осы процестің ашықтығын қамтамасыз ету бөлігінде;

- «Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы» Заңның 17-бабына арнайы экономикалық аймақтардың арнайы құқықтық режимінің қолданылу мерзімін 49 жылға ұлғайту бөлігінде.

1.2. Кәсіпкерлік кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесін қарастыру:

- мемлекеттік қолдау шараларын біріздендіру (өйткені олар қазіргі уақытта инвестор мен Үкіметтің уәкілетті тұлғасы арасында жасалатын инвестициялар туралы Келісім шеңберінде белгіленеді. Бұл ретте, инвестициялар туралы келісімдерде инвестордың белгілі бір қарсы міндеттемелерінің орнына қолданыстағы заңнамада көзделген мемлекеттік қолдау шаралары жеке тәртіппен ұсынылады.);

- «кәсіпкер» ұғымымен саралай отырып, «инвестор» ұғымын өзектендіру.

1.3. Отандық тауар өндірушілердің өнімдерін сатып алуға, сондай-ақ шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінен тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға міндетті квоталар енгізу бөлігінде мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесін қарау.

1.4 Жергілікті атқарушы орган арқылы «бір терезе» қағидаты бойынша инвестициялық жобаларға техникалық шарттар беру мүмкіндігін қарастыру.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп:

2.1. Қолданыстағы салықтық жеңілдіктер мен преференцияларға талдау жүргізу және оларды Салық кодексінде мынадай көрсеткіштер мен факторларды ескере отырып:

- инвестиция көлемі. Салықтық жеңілдіктер салынған инвестициялардың көлеміне байланысты белгіленуі мүмкін;

- инвестициялау мерзімі. Ұзақ мерзімді инвестициялар үшін неғұрлым тиімді салық шарттары қарастырылуы мүмкін;

- өндіріс процесінің ерекшеліктері. Неғұрлым тиімді салық салуды жоғары технологиялық, экспортқа бағытталған өндіріске, сондай-ақ қосылған құны жоғары өндіріске инвестициялау кезінде белгілеуге болады;

- салық демалысы. Белгілі бір кезеңге салықтан босатуды экономиканың басым салаларындағы және жаңа кәсіпорындардағы инвесторлар үшін қарастыруға болады;

- белгілі бір бизнес субъектілері үшін салық жүктемесін азайту. Шағын және орта бизнес субъектілері үшін төмендетілген салық ставкаларын белгілеу мүмкіндігін қарастыру.

2.2. Инвесторларға көрсетілетін мемлекеттік қолдау шараларына талдау жүргізу. Мемлекеттік қолдау шаралары алынған инвестициялық жобалардың өтелуін, сондай-ақ оларды іске асырудың тиімділігін бағалауды ескере отырып және талдау нәтижелері бойынша қолданыстағы заңнамалық актілерде тек тиімді жеңілдіктер мен преференцияларды сақтау және тиімсіз жеңілдіктерді болдырмау жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігімен және Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігімен бірлесіп, инвесторлар тізіліміне кіретін инвесторлар үшін мәселелерді шешу жөнінде мынадай шаралар әзірлеп, ұсыну:

- инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жүргізу (электр қосалқы станциялары, электр беру желілері, газ, су құбырлары, автомобиль жолдары, темір жолдары және т. б.);

- газ және электр энергиясының көлемімен қамтамасыз ету.

4. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, инвесторлар мен потенциалды инвесторлар үшін «Бірыңғай терезе» құру мақсатында индустрияландырудың бірыңғай картасын және ұлттық цифрлық инвестициялық платформа интеграциясын іске асыру жөніндегі мәселені қарастыру.

5. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне жобалау-сметалық құжаттамада көзделген отандық тауарлар мен жабдықтарды құрылыс барысында импортталатын тауарлар мен жабдықтарға ауыстыру үшін жауапкершілікті белгілеу мәселесін қарастыру.

6. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен және салалық министрліктермен бірлесіп, өзектендіру мақсатында орындалмаған және ескіргендерін бөле отырып, Қазақстан жасаған халықаралық келісімдерге мониторинг жүргізу.

7. Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігіне таяудағы кезеңге (5 жылға) түпкі тұтынушы үшін электр энергиясына тарифтердің ең жоғары және ең төменгі шекті деңгейлерін болжау әдістемесін әзірлеу мүмкіндігін қарастыру ұсынылады.

IV. Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті 2025 жылғы 13 мамырда **Өнеркәсіптік объектілерде өртке қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөнінде комитет отырысын** өткізді, оның қорытындысы бойынша келесі ұсыныстар берілді:

- өнеркәсіптік объектілерде, әсіресе тәуекел дәрежесі жоғары кәсіпорындарда өрттерді анықтау мен сөндірудің заманауи автоматтандырылған жүйелерін енгізу бойынша жұмысты жандандыру;

- өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы заңнаманың сақталуына бақылауды күшейту мүмкіндігін пысықтау;

- өнеркәсіптік кәсіпорындар персоналының біліктілігін арттыру, тұрақты нұсқамалар, жаттығулар мен оқу эвакуацияларын өткізу мәселесін қарастыру;

- өрттер мен басқа да төтенше жағдайлар туындаған кезде іс-қимылдарды пысықтауға бағытталған жергілікті билік органдарының, азаматтық қорғау қызметтерінің және бизнес өкілдерінің қатысуымен бірлескен оқу-жаттығуларды тұрақты өткізуді көздеу;

- министрліктердің аумақтық бөлімшелерін қаржыландыру, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, салу және инфрақұрылымды ұстау бөлігінде уәкілетті органның, орталық және жергілікті атқарушы органдардың функцияларын нақты бөлу жөніндегі заңдар мен регламенттерді қайта қарау;

- өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы заңнаманың сақталуын бақылауды күшейту және жоспардан тыс тексерулер жүргізуді және ықтимал қауіпті объектілерге мониторингті қоса алғанда, қадағалау жөніндегі жүйелі жұмысты қамтамасыз ету;

- өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы тәуекелдерді мониторингілеу және басқару үшін ақпараттық жүйелердің интеграциясын қамтамасыз ету.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҰЙЫМДАРДЫҢ БАСШЫЛЫҒЫМЕН КЕЗДЕСУЛЕР

І. Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті 2024 жылғы 1 қазанда **Әскери қызметкерлерді әлеуметтік қамтамасыз етуді арттыру мәселелері туралы кездесу** өткізді, оның қорытындысы бойынша келесі ұсыныстар берілді:

Ұлттық экономика және қаржы министрліктеріне:

- 2025-2027 жылдардағы мемлекеттік бюджет шеңберінде далалық төлемдер, көлік шығыстары және тұрғын-үй коммуналдық қызметтер мәселелерін шешуге әскери қызметшілер үшін 32,9 млрд теңге мөлшерінде қосымша қаржы іздестіру және бөлуді қолдау;

- Ұлттық қорғаныс университетінің магистранттары үшін жедел-тактикалық басқару деңгейінде – полк командирі деңгейінде; жедел-стратегиялық басқару деңгейлеріндегі магистранттар мен докторанттар үшін – бригада командирі деңгейінде еңбекақы мөлшерін белгілеу мәселесін зерделеу және қарастыру.

Қорғаныс министрлігіне:

- әскери қызметшілерді тамақтандыру нормативтерінің әдістемесіне спортшыларға арналған нормативтерге ұқсас тәулігіне бір адамға шаққандағы шығыс нормасын айлық есептік көрсеткішке байланыстыра отырып, өзгерістер енгізу мәселесін пысықтау;

- тиісті қаржылық қамтамасыз етумен әскери мамандықтар (IT-мамандар, радиоинженерлер, техниктер және т. б.) үшін қызығушылық тудыратын ұлттық бағдарламаны қабылдау мәселесін зерделеу және қарастыру;

- Қарулы Күштер қатарында әскери қызмет өткеру туралы келісім-шарт жасасу кезінде біржолғы төлемді қайтару мәселесіне ерекше назар аудару.

Қорғаныс министрлігіне, Төтенше жағдайлар министрлігіне, Ұлттық ұланға, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне, Мемлекеттік күзет қызметіне:

- ер әскери қызметшілерге үш жасқа дейінгі бала күтімі бойынша демалыс (декреттік демалыс) беруге заңнамалық деңгейде шектеу қою мәселесін қарау;

- өңірлер бойынша саралаусыз бірыңғай тұрғын үй төлемдерін белгілеу бойынша талдау және шаралар қабылдау;

- әскери қызметкерлерге бастапқы жарнасыз тұрғын үй алу үшін банктік несие беру мәселесін зерделеу және тұрғын үй заңнамасына тиісті өзгерістер енгізу;

- әскери оқу орындары курсанттарының шәкіртақысын арттыру және әскери бөлімдердің имиджін көтеру мәселелері бойынша жұмыс жасау;

- жалған ақпаратты жою және әскердің беделіне нұқсан келтіру мақсатында қарулы күштер қатарындағы оқиғалар туралы уақтылы ақпараттық жұмыс жүргізу бойынша шаралар қабылдау.

II. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2024 жылы 17 қазанда **шаруа қожалықтарын жанар-жағармай және минералды тыңайтқыштармен қамтамасыз ету мәселелері бойынша мүдделі мемлекеттік органдардың басшылығымен кездесу** өткізді, оның қорытындысы бойынша келесі ұсыныстар берілді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1.1 Егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін, оның ішінде дәнді және майлы дақылдарды кептіруге жыл сайын **кемінде 800,0 мың тонна** жеңілдікті дизель отынын бөлуді қамтамасыз етуді.

1.2. Маусымдық агротехникалық жұмыстарды жүргізуге ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін бөлінетін дизель отынының түпкілікті жеңілдікті құнын нарықтық бағадан **15%-дан төмен емес** деңгейде қамтамасыз етуді.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігімен және облыстардың әкімдіктерімен бірлесіп:

2.1 Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін минералды тыңайтқыштармен толық көлемде қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауды.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен және облыстардың әкімдіктерімен бірлесіп:

3.1 Ағымдағы жылдың соңына дейін субсидияларға қажеттілікті толық қанағаттандыру үшін бюджет қаражатын қосымша бөлу мәселесін пысықтауды.

4. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп:

4.1 Шығарылатын өнім ассортиментін кеңейте отырып, минералды тыңайтқыштар өндірісінің көлемін ұлғайтуды.

4.2 Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне тыңайтқыштарды жеткізудің, оның ішінде **2025 жылғы маусымға** арналған қойма сыйымдылықтарын қалыптастыру жолымен нақты жүйесін жолға қоюды.

4.3. Отандық тыңайтқыш өндірушілерді қолдау мақсатында отандық минералды тыңайтқыш өндірушілерді ынталандыру жөніндегі шараларды қарастыру, бұл импортқа тәуелділікті азайтуға және ішкі нарықты тұрақтандыруға мүмкіндік беруді.

4.4. Фермерлер үшін қол жетімді өнімді құруға ықпал ету үшін тыңайтқыш өндірушілерге мемлекеттік гранттар мен жеңілдетілген несиелер бөлуді қарастыруды.

5. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігіне:

5.1 АШТӨ (немесе өңірлік операторлар) тарапынан дизель отынын жеткізгені үшін төлем мерзімін **20 жұмыс күніне дейін** ұлғайту мәселесін қарастыруды.

5.2 Астық және майлы дақылдарды жинау жұмыстарын жүргізуге және кептіруге **362,2 мың тонна** және **67,7 мың тонна** көлемінде дизель отынын ресурс ұстаушылар (жеткізушілер) тарапынан жеткізу шарттарының орындалуын бақылауды қамтамасыз етуді.

6. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігімен және облыстардың әкімдіктерімен бірлесіп:

6.1. МӨЗ-ден жеңілдікті дизель отынын өңірлерге жөнелтуге мониторинг пен бақылауды қамтамасыз етуді.

6.2. Фермерлерге жанар-жағармай мен минералды тыңайтқыштарды тиімді пайдалану бойынша тұрақты семинарлар мен кеңестер ұйымдастыру бойынша шаралар қабылдау, бұл шығындарды азайтуға және оңтайлы шығындармен өнімділікті арттыруға мүмкіндік беруді.

III. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2024 жылы 8 қарашада **Қазақстанда тері және жүнді өңдеу мәселелері бойынша мүдделі мемлекеттік органдардың басшылығымен кездесу** өткізді, оның қорытындысы бойынша келесі ұсыныстар берілді:

1. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне:

1.1. Нақты мақсаттары, міндеттері, орындалу мерзімдері және жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдары қарастырылған жүн мен теріні қайта өңдеуді дамыту стратегиясы қамтылған арнайы бағдарлама әзірлеуді;

1.2. Фермерлер мен өңдеуші кәсіпорындарға жүн мен теріні өңдеудің заманауи технологияларын пайдалану, сондай-ақ қаржылық көмекті тиімді

пайдалану, оның ішінде жүн мен тері сапасын жақсарту және өткізу нарығын кеңейту бойынша курстар мен семинарлар ұйымдастыруды;

1.3. Тері мен жүнді қайта өңдеуші кәсіпорындарды ынталандыру мақсатында арзан әрі ұзақ мерзімге несиелеу бағдарламаларын әзірлеуді;

1.4. Сапалы былғары шикізатын алу мақсатында мал сою жұмыстарын дұрыс ұйымдастырудың, қасапшылар мен тері сұрыптайтын мамандар даярлаудың жүйесін жетілдіруді;

1.5. Ауыл тұрғындарын мал сою цехтарына немесе ет комбинаттарына малдың механикаландырылған әдіспен өңделген терісі мен жүнін қайта өңдеуге тапсырғаны үшін субсидия төлеу арқылы ынталандыру шараларын қабылдауды;

1.6. Мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарды, сондай-ақ басқа да мүдделі тұлғаларды тарта отырып, тері мен жүнді қайта өңдеу мәселелері бойынша ведомствоаралық жұмыс тобын құруды.

2. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне:

2.1. Тері мен жүн салаларында кадр тапшылығын жою мақсатында тігінші, кескіш, сұрыптаушы, дайындаушы мен технолог сияқты мамандықтардың квотасын белгілеп, оның тартымдылығы мен беделін көтеру бойынша шаралар қабылдауды;

2.2. Жүн мен терінің сапасын жақсартуға, сондай-ақ жүн мен теріні қайта өңдеудің жаңа технологияларын жасауға бағытталған ғылыми-зерттеу жұмыстарын қолдау және аталған мақсаттар үшін қажетті қаржы қаражатын бөлуді қамтамасыз етуді.

3. ҚР Сауда және интеграция министрлігіне:

3.1. Қазақстандық жүн мен теріге арналған ұлттық брендтерді әзірлеуді, оларды халықаралық нарықтарда сапалы және экологиялық таза өнім ретінде ілгерілетуді қамтамасыз етуді;

4. ҚР Ұлттық экономика министрлігіне:

4.1. Инвесторларды тарту және саланы дамыту мақсатында Салық кодексіне жүн мен теріні қайта өңдеу кәсіпорындарына салық жеңілдіктерін көздеу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесін қарастыруды;

4.2. Мал шаруашылығының қайталама шикізатын қайта өңдеу бойынша қызметті жүзеге асыратын кәсіпорындар үшін жобаны инвестициялық деп тану шегін 1 млн АЕК-тен 80 мың АЕК-ке дейін төмендетуді көздеуді.

5. ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне:

5.1. **ҚР Сыртқы істер министрлігімен** бірлесіп тері мен жүнді тереңдете өңдейтін ірі шетелдік инвесторларды тартуды және салаға деген қызығушылықты арттыру мақсатында жүн мен теріні қайта өңдеумен айналысатын шағын бизнесті қолдайтын арнайы қорлар құруды;

5.2. Шаруалардан ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алатын кәсіпорындарға мемлекет тарапынан қолдау көрсету мақсатында, тері мен жүнді тереңдетіп қайта өңдеу функциясын толық көлемде **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне** беру мүмкіндігін қарастыруды;

5.3. Мал шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу кәсіпорындары, сондай-ақ аяқ киім және тігін өнеркәсібі үшін жабдықтарды лизингтеу бағдарламасын әзірлеу мәселесін пысықтауды.

6. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп**:**

6.1. Жеңілдік режимін немесе біржолғы квотаны ұсына отырып, былғары кәсіпорындарында, тігін және аяқ киім өнеркәсібінде еңбек мигранттарын жұмысқа орналастыруды регламенттеуді қарастыруды.

7. Жергілікті атқарушы органдарға:

1.1. Аудандарда ветеринариялық талаптарға сай келетін және заманауи қондырғылармен жабдықталған тері мен жүн қабылдайтын сервистік-дайындау орталықтарын құруды қарастыруды.

8. «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамына:

8.1. Негізгі және айналым қаражатын толықтыру үшін ауыл шаруашылығы жануарларының жүні мен терісін қайта өңдеу кәсіпорындарына 5% түпкілікті сыйақы мөлшерлемесімен жеңілдікпен тікелей, ұзақмерзімді қаржыландыру беру мәселесін пысықтауды.

IV. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2024 жылы 20 қарашада **Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз ету мәселесі бойынша мүдделі мемлекеттік органдардың басшыларымен кездесу** өткізді, оның қорытындысы бойынша келесі ұсыныстар берілді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметіне**:**

1.1. 2025 жылы ауыл шаруашылығы техникасының жеңілдетілген лизинг бағдарламасын іске асыру үшін 200,0 млрд теңге көлемінде «ҚазАгроҚаржы» АҚ купондық сыйақысын субсидиялауға 2025 жылғы қаңтарда 31,5 млрд теңге мөлшерінде қаражат бөлуді, кейіннен ауыл шаруашылығы техникасының лизингі мерзімі ішінде республикалық бюджеттен купонды субсидиялауға жыл сайын қаражат бөлуді қамтамасыз етуді;

1.2. 2025 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау шеңберінде отандық өндірістің ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуды қаржыландыру үшін «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ға 100 млрд теңге мөлшерінде бюджетті несие бөлу көздеуді.

2. **Қазақстан Республикасы** Ауыл шаруашылығы министрлігіне**:**

2.1. Ауыл шаруашылығы техникасы паркін сапалы есепке алуды қамтамасыз ету мақсатында **ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігімен** бірлесіп өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасына электрондық паспорттарды енгізу мәселесін пысықтауды;

2.2. **ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен** бірлесіп цифрлық техникалық паспорттарды енгізе отырып, Халыққа қызмет көрсету орталықтары (ХҚКО) арқылы өздігінен жүретін техниканы тіркеуді қамтамасыз ету мәселесін пысықтауды;

2.3. Ауыл шаруашылығы техникасын инвестициялық субсидиялау бағдарламасын қаржыландыру көлемін ұлғайту мәселесін пысықтауды;

2.4. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді ауыл шаруашылығы техникасымен тиімді қамтамасыз ету мақсатында «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» Қазақстан Республикасының Заңына кооператив мүшелеріне қарағанда кооператив мүддесінің басымдығын айқындай отырып, өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәселені қарауды;

2.5. ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігімен бірлесіп мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарды, сондай-ақ басқа да мүдделі тұлғаларды тарта отырып, шаруаларды ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз ету мәселелері бойынша ведомствоаралық жұмыс тобын құруды.

3. **Қазақстан Республикасы** Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне**:**

3.1. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп аспалы және тіркеме агрегаттар мен құралдар өндірісін ұлғайту мәселесін пысықтауды;

3.2. Отандық ауыл шаруашылығы техникасын өндірушілерді терең локализацияланған толық өндірістік циклге көшуге міндеттеуді;

3.3. Импортталатын техника түрлеріне салықтық және әкімшілік кедергілерді төмендетуді, оның ішінде кедендік баждардың көлемін азайтуды, тіркеу және лицензиялау рәсімдерін оңайлатуды қарастыруды;

3.4. Жаңа техниканы сатып алу үшін төлем есебінен ауыл шаруашылығы техникасының құнын қосуға мүмкіндік беретін өзара талаптарды есепке алу бағдарламасын әзірлеуді (Trade-in);

3.5. Маман тапшылығын шешу мақсатында **ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігімен** бірлесіп оқу орындарының базасында біліктілікті арттыратын арнайы курстар ашу мәселесін пысықтауды;

3.6. Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп комбайндар мен тракторлар және ауыл шаруашылығы жұмыстарына арналған барлық аспалы және тіркемелі құралдар мен жабдықтардың ассортиментін сату жөніндегі дилерлік орталықтардың ашылуын ынталандыруды;

3.7. Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп отандық және импорттық ауыл шаруашылығы машиналары үшін техникалық, сервистік қызмет көрсету орталықтарын ашуды ынталандыру және онда жұмыс істейтін білікті мамандарды даярлауды.

4. **Қазақстан Республикасы** Экология және табиғи ресурстар министрлігіне**:**

4.1. Ауыл шаруашылығы техникасының қымбаттығын ескере отырып, шет мемлекеттерден импортталатын функционалдық техникалар үшін алынатын утиль алым мөлшерлемесін қайта қарауды;

4.2. Фермерлерді экономикалық ынталандыру мақсатында ауыл шаруашылығы техникасын кәдеге жарату үшін сертификаттарды алу және одан әрі қолдану тетігін жетілдіру мәселесін қарастыруды.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне:

5.1. Дауыс беретін акцияларының жүз пайызы жанама түрде Ұлттық басқарушы холдингке тиесілі банктік қарыз операциялары түріндегі

агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін несиелейтін ұйымдарды қоса алғанда, қаржы агенттігін айқындауды кеңейту үшін ҚР Бюджет Кодексінің 3-бабы 1-тармағының 37) тармақшасына өзгерістер енгізу жөніндегі мәселені қарастыруды. **ҚР Ұлттық экономика министрлігімен** бірлесіп «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының жобасын әзірлеу бойынша жұмыс тобына осы ұсыныстарды енгізуді.

6. Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігіне**:**

6.1. **ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігімен** бірлесіп ауыл шаруашылығы техникасы мен оның қосалқы бөлшектеріне бағалардың қалыптасуы мен негізділігіне талдау жүргізу. Көрсетілген тауарлардың құнын негізсіз көтеру фактілері анықталған жағдайда, қолданыстағы заңнамаға сәйкес шаралар қабылдануды.

7. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ**:**

7.1. Отандық машина жасау кәсіпорындарына жеңілдетілген несиелер немесе лизингтер көлемін ұлғайта отырып, фермерлерге лизингке берілетін барлық комбайндар мен тракторларға міндетті бастапқы жарнаны алып тастауды;

7.2. **ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен** бірлесіп жеңілдетілген несиелер немесе лизингтер алу үшін жинайтын құжаттардың тізімін оңтайландыру және қажет анықтамаларды шаруаның қатысуынсыз e-gov ҚР Электронды Үкімет порталынан алуды қарастыруды.

V. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2025 жылы 24 қаңтарда **Қазақстан Республикасы Президентінің «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде азаматтарды түрлі ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруге оқыту орталықтарын құру және олардың жұмыс істеуі мәселелері бойынша мүдделі мемлекеттік органдардың басшылығымен кездесу** өткізді, оның қорытындысы бойынша келесі ұсыныстар берілді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметіне:

1.1. «Ауыл Аманаты» бағдарламасы бойынша бөлінген өңірлік қаражаттың әкімдіктерді қаржыландыру жоспарларына сәйкес уақтылы бөлінуін қамтамасыз ету;

1.2. Жамбыл облысы Мерке ауданындағы жобаның еліміздің басқа аймақтарында таратылуын, өңдеуші кәсіпорындар негізінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі, зерттеу институттарымен бірлесіп аймақтық аграрлық кластердің қалыптасуын қамтамасыз ету. Аталған кластер фермерлерге қажетті заманауи ауылшаруашылық технологияларын, білімі мен ресурстарын қамтамасыз ететін орталыққа айналуы қажет.

1.3. Азаматтарды ауылшаруашылық дақылдарын өсіруге және ауылшаруашылық жануарларын көбейтуге арналған тиімді және нәтижелі бірыңғай құжат әзірлеу, өңірлердің географиялық ерекшеліктері мен бәсекелік артықшылықтарын ескере отырып, сонымен қатар ауылдық аумақтардың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін ашу мақсатында, ауылдық жерлерде жұмыспен қамту жағдайларын жасау, оны жүзеге асыруға жауапты уәкілетті орган айқындау;

1.4. Барлық оқу бағдарламаларына, олардың тиімділігін бағалау үшін аудит жүргізу және тексеру нәтижелері бойынша қажетті материалдық және ғылыми базасы бар «Ұлттық ауылшаруашылық ғылым-білім беру» орталығы (бұдан әрі – «ҰАҒБО» КеАҚ) базасында ауыл тұрғындарының экономикалық белсенділігін арттыруға бағытталған бірыңғай оқыту операторын құру.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне

2.1. «ҰАҒБО» КеАҚ-пен бірге азаматтарды әр түрлі ауылшаруашылық дақылдарын дамытуға, сондай-ақ ауылшаруашылық жануарларын өсіру мақсатында ауылшаруашылық тауар өндірушілеріне барып оқу бағдарламаларын ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

2.2. Облыстар әкімдіктерімен бірге теориялық білімдерді практикалық қолдану мақсатында оқу орталықтарын қажетті өнімдермен қамтамасыз ету мәселесін шешу;

2.3. Жамбыл облысының Мерке ауданында іске қосылған жобаны масштабтау аясында, азаматтарға ауылшаруашылық дақылдарын өсіруге арналған оқуларды өткізу барысында қаржылық бағдарламаларды (субсидиялау, микрокредиттер алу және т.б.) пайдалану бойынша міндетті түрде тренингтер енгізу. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы құзіреттілігіне кредит алған жеке қосалқы шаруашылықтарды және кооператив басшыларын оқытуды қосу;

2.4. Азаматтарды ауылшаруашылық дақылдарын өсірумен бірге, оларға тауар несиелерін берудің тиімді механизмін енгізу;

2.5. Қолданыстағы ауыл шаруашылығы кооперативтерінің, оның ішінде «Ауыл Аманаты» бағдарламасының негізінде құрылған кооперативтері бойынша талдау жұмыстарын жүргізу, соның нәтижелері негізінде одан әрі дамыту және ынталандыру үшін қажетті шараларын қабылдау;

2.6. Аудан әкімдігімен бірге ауыл тұрғындары өндіретін өнімдерді өңдеу және сатудың инфрақұрылымын құру мәселесін шешу.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігіне:

3.1. Ауыл шаруашылығы, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктерімен және облыстар әкімдіктерімен бірге «Ауыл Аманаты» бағдарламасының басқа жобалармен синхронды іске асырылуын қамтамасыз ету, оның ішінде «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасымен инфрақұрылымды қолдауды күшейту, қаржылық ресурстарды тиімді пайдалану және ауылдық аумақтардың интеграцияланған дамуын қамтамасыз ету (ауылшаруашылық өнімдерінің өндірісі, жаңа жұмыс орындарын құру, кәсіпкерлікті дамыту және атаулы әлеуметтік көмек алушыларды азайту).

4. **Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігіне:**

4.1. Ішкі сауда субъектілеріне жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын көрсету қағидаларын бекіту аясында отандық өнімдердің шағын ауылшаруашылық өндірушілеріне мемлекеттік қолдауды қамтамасыз етудің тиімді құралын енгізу;

4.2. Денсаулық және ауыл шаруашылығы министрліктерімен бірге шағын ауылшаруашылық тауар өндірушілері шығарған өнімдерді сертификаттауды жеңілдету туралы мәселені шешу;

4.3. Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірге шағын ауылшаруашылық тауар өндірушілерінің өнімдерін сату үшін нарық түрінде онлайн-платформаның дамуын қарастыру ұсынылады.

VI. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2025 жылы 19 ақпанда **Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Сауда және интеграция министрлігінің басшылығымен Қазақстан Республикасындағы қант өнеркәсібін дамыту мәселелері бойынша кездесу** өткізді, оның қорытындысы бойынша келесі ұсыныстар берілді:

1. **Қазақстан Республикасы** Ауыл шаруашылығы министрлігіне**:**

1.1. ҚР 2022-2026 жылдарға арналған қант өндірісі саласын дамыту жөніндегі кешенді жоспарға енгізілген шараларды іске асыру бойынша бақылауды күшейтуді;

1.2. Фермерлерге тиімді әрі сапалы қант қызылшасын өсіруге мүмкіндік беру үшін қант қызылшасының жаңа сорттары мен тұқымдары бойынша арнайы бағдарлама әзірлеу мәселесін қарастыруды;

1.3. Отандық қант зауыттардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету және қант импорттаушы елдер тарапынан демпингті болғызбау үшін импорттық қантты қысқарту бойынша шаралар қабылдауды;

1.4. Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларының № 28 «Қант өндіру жөніндегі кәсіпорынды құру және кеңейту» жобасының паспортына инвестициялық салымдарды қайтаруды 50%-ға дейін ұлғайту туралы өзгеріс енгізуді пысықтауды;

1.5. Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп қант қызылшасын өндірумен айналысатын және егіс айналымын сақтау бойынша талаптарды орындай алатын қант зауыттарына қант қызылшасын өсіруге жарамды пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы жерлерін беру және суармалы жерлерді уақытша ақылы пайдалану мүмкіндігін пысықтауды;

1.6. Жетісу және Жамбыл облысы әкімдіктерімен бірлесіп қант қызылшасын өсірумен айналысатын шаруалардың алдындағы субсидиялық қарыздарды толық әрі уақтылы төленуін қамтамасыз етуді;

1.7. Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп өңірлерде салынуы жоспарланған және қазіргі уақытта салынып жатқан жоғары технологиялық қант зауыттарының құрылысын уақытылы аяқталуына ықпал етуді;

1.8. ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігімен бірлесіп қант қызылшасын қант зауыттарына тасымалдау үшін автокөлік сатып алуды жеңілдетілген несие беруді қарастыруды;

1.9. ҚР Сауда және интеграция, ҚР Сыртқы істер министрліктерімен бірлесе отырып, Қытай Халық Республикасына қант қызылшасы қалдықтарын экспорттау мақсатында санитарлық және фитосанитарлық талаптар туралы хаттаманы бекітуді;

1.10. ҚР Сыртқы істер министрлігімен және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп қант өнеркәсібіне инвестициялар тарту бойынша жұмыстарды күшейтіп, қосымша салықтық жеңілдіктер мен басқа да ынталандыру шараларын қарастыруды;

1.11. ҚР 2022-2026 жылдарға арналған қант өндірісі саласын дамыту жөніндегі кешенді жоспардың іске асыру бойынша ақпарат ұсынуды;

1.12. Жүгеріні терең өңдеу арқылы пайда болатын глюкозды-фруктозды сірнені қанттың баламасы ретінде тәтті ұн өнімдері және сусындар өндірісінде қолдану мәселесі бойынша мүдделі тараптардың қатысуымен жиналыс өткізуді.

2. **Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция** министрлігіне**:**

2.1. Қантты биржалық тауарлар тізімінен шығару немесе импорттық қантты тек тауар биржасы арқылы сатуды реттейтін биржалық сауда ережелеріне өзгерістер енгізуді қарастыруды;

2.2. ҚР Ұлттық экономика және Қаржы министрліктерімен бірлесіп қант бойынша импортқа тәуелділікті азайту мақсатында қант қамысының шикізатын импорттағаны үшін баж салығын алып тастауды қарастыруды;

2.3. Ішкі нарықта отандық қант өнімінің сатылуына жағдай жасау және ішкі нарықты демпингтік импорттан қорғауды қамтамасыз етуді;

2.4. Жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып барлық өңірлерде қант бағасының бірқалыпты болуын қамтамасыз ету мақсатында қант бағасын тұрақты ұстап тұрған облыстардың тәжірибесін басқа да өңірлерде қолдануды қарастыруды.

3. Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігіне:

3.1. **Жетісу, Алматы және Жамбыл облысы әкімдіктерімен бірлесіп** су үнемдеу технологияларын енгізу жөніндегі шараларды жалғастыруды және күшейтуді.

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне:

4.1. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігімен бірлесіп халық арасында қантты және қант өнімдерін шамадан тыс тұтыну адам денсаулығына, өмір сүру жасының ұзақтығына әсері туралы ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізу бойынша шаралар қабылдауды.

VII. Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті 2025 жылғы 18 наурызда **Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты**

Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша кездесу өткізді, оның қорытындысы бойынша келесі ұсыныстар берілді:

Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

- Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 453, 489 (9, 10 және 11-бөліктері), 490-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамның мінез-құлқына қойылатын ерекше талаптарды заңнамалық тұрғыдан белгілеу мәселесін құқық бұзушыны профилактикалық есепке қою және оған профилактикалық әңгімелесу үшін ішкі істер органдарына келу міндетін жүктеу мақсатында қарау (ҚР ӘҚБтК 54-бабының бірінші бөлігін жоғарыда аталған баптармен толықтыру);

- «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазакстан Республикасының Заңында діни материалдарды тарататын сайттарды ашуға, сондай-ақ әлеуметтік желілер арқылы діни материалдарды таратуға рұксат беруді регламенттейтін құқықтық норма қарастыру;

- балаларды дінге тарту бойынша мәжбүрлеу шараларына жол беретін және жасайтын адамдардың әкімшілік жауапкершілігін жүргізу мәселесін карау;

- кәмелетке толмағандармен олардың даму деңгейіне және дүниетанымына сәйкес профилактикалық жұмыс бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу;

- ІІМ және ҰҚК жедел-бөлімшелерінің терроризмге және діни экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі материалдық-техникалық жағдайын нығайту;

- террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының жай-күйін мемлекеттік бақылау жүйесін енгізілген автоматтандыру шеңберінде жүргізілген тексерулерді ескере отырып, терорризмге қарсы қорғалу деңгейі төмен объектілердің тізімдерін мемлекеттік органдарға ұсыну;

- деструктивті діни көзқарастарды ұстанушылармен оңалту жұмыстарын жүргізу үшін «мәжбүрлі теологиялық оңалту» түріндегі жазаның қосымша түрін енгізу бөлігінде бірінші рет сотталғандар үшін жазаның балама түрі және рецидив кезінде қосымша жаза түрі ретінде заңды негіздер қарастыру;

- пенитенциарлық жүйенің инфрақұрылымының камералық ұстауы бар жаңа мекемелер салу, ҚАЖ мекемелерін әкімшілендіруге қол жеткізу құқықтарымен мекемелер аумағына қызмет көрсетудің шектеулі алаңына бейімделген арнайы базалық станциялармен жарақтандыру жолымен жаңғырту;

- ҚАЖ қызметкерлерін әлеуметтік қолдау арқылы қызметтің беделін арттыруға бағытталған шаралар қабылдау;

- терроризмді қаржыландырудың алдын алу мақсатында жиналған қаражаттың бөлінуіне ашықтық пен бақылауды қамтамасыз ету бөлігінде қайырымдылық қорлары мен діни бірлестіктердің қызметін мемлекеттік реттеуді күшейту;

- дін саласында білікті кадрларды даярлау және қолда бар кадрлардың біліктілік деңгейін арттыру жөнінде шаралар қабылдау.

VIII. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2025 жылы 19 наурызда **Агроөнеркәсіптік кешенді цифрландыру мәселелері жөніндегі кеңейтілген отырыс** өткізді, оның қорытындысы бойынша келесі ұсыныстар берілді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1.1. Өсімдік шаруашылығы процесінің мониторингінің маңыздылығын ескере отырып, өсімдік шаруашылығын қадағалаудың ақпараттық жүйесін (ӨШҚАЖ) әзірлеуге және одан әрі техникалық қолдауға қаражат бөлуді;

1.2. Су ресурстары және ирригация министрлігі, цифрлық даму, инновациялық және аэроғарыш өнеркәсібі және басқа да мемлекеттік органдардың пайдалануын ескере отырып, Субсидиялау жөніндегі мемлекеттік ақпараттық жүйе негізінде субсидиялаудың салааралық ақпараттық жүйесін құруды ұсыну.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне:

2.1. Мал шаруашылығында бақылауды қамтамасыз ету үшін оның бүкіл тіршілік циклін автоматтандыру бойынша жұмысты күшейту қажет. Мал шаруашылығындағы бақылау жүйесін автоматтандыруды жалғастыру керек, әсіресе оның барлық кезеңдерін қамтитын жүйені іске қосуды;

2.2. ӨШҚАЖ пилоттық жобасы сәтті аяқталғаннан кейін ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасына тиімді бақылауды қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығы секторының ашықтығын арттыру және республика бойынша өнімді өндіру мен өткізудің барлық кезеңдерінде мониторингті жақсарту мақсатында өсімдік шаруашылығындағы қадағалау жүйесін Қазақстан Республикасының барлық өңірлеріне таратуды;

2.3. Экспорттық және импорттық процестерді тиімді бақылау және ашықтықты қамтамасыз ету, өсімдік шаруашылығын қадағалау жүйесінің кедендік ақпараттық жүйемен интеграциясын қамтамасыз етуді;

2.4 Ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасына тиімді мониторинг жүргізу, аграрлық сектордың ашықтығын арттыру және өндіру мен өткізудің барлық кезеңдерінде мониторингті жақсарту мақсатында өсімдік шаруашылығындағы қадағалау жүйесін Қазақстан Республикасының барлық өңірлеріне таратуды қамтамасыз ету үшін өзгертуге жататын нормативтік құқықтық актілердің тізбесін айқындауды;

2.5 Экспорттық-импорттық операциялардың ашықтығын арттыруға және ауыл шаруашылығы өнімдерінің қозғалысын бақылауды күшейтуге бағытталған кеден органдарының ақпараттық жүйесімен өсімдік шаруашылығындағы қадағалау жүйесін интеграциялау тетігін әзірлеуді.

3. ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне:

3.1. АӨК-ні субсидиялау және Жерді қашықтықтан зондтау деректерін пайдалана отырып, ауыл шаруашылығы жерлерін ұтымды пайдалануды

бақылау үшін «Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрынан» деректерді беру жөніндегі әмбебап сервисті әзірлеуді қамтамасыз етуді;

3.2. Ауыл шаруашылығы саласындағы бағыттар бойынша ғарыштық мониторинг бойынша жұмыстар жүргізу мақсатында «Қазақстан Ғарыш Сапары» ҰК АҚ қаражатын бөлу мәселесін пысықтауды.

4. Жергілікті атқарушы органдарға, әкімдіктерге:

4.1. Ветеринариялық дәрігерлерге арналған планшеттік құрылғыларды сатып алу үшін қаржыландыру көздерін іздеу бойынша жұмысты жалғастыруды;

4.2 ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Түркістан облысының әкімдігімен бірлесіп, мал шаруашылығында отандық инновациялық шешімдерді енгізу мақсатында Түркістан облысының аумағында технологияларды және жасанды интеллектті пайдалана отырып, нақты уақыт режимінде ІҚМ мен жылқылардың денсаулық жағдайын цифрландыру және болжамды талдау жүйесін енгізу бойынша 1Qaztrecker1 ЖШС пилоттық жобасын іске асыру мүмкіндігін қарастыруды.

IX. Қаржы және бюджет комитеті 2025 жылғы 27 наурызда **мүдделі мемлекеттік органдармен жалпы сипаттағы трансферттер шеңберінде бюджетаралық қатынастар жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша** кездесу өткізілді, оның қорытындысы бойынша **Қазақстан Республикасының Үкіметіне** мынадай ұсынымдар берілді:

Орталық салалық мемлекеттік органдарға:

- өңірлік стандарттар жүйесін қолдануды ескере отырып, жергілікті бюджеттерді дамытуға арналған күрделі шығындар мен шығындардың болжамды көлемін қаржыландырудың салалық әдістемелерін әзірлеп және бекітуді жүзеге асыру;

- облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп, нысаналы трансферттер есебінен өткен қаржы жылдарында қаржыландырылған шығындарды талдау жүргізу, соның ішінде жалпы сипаттағы трансферттерді жоспарлау кезінде жергілікті бюджеттердің шығындарына енгізілгендерін, олардың жүргізіліп жатқан салалық саясатқа сәйкестігін анықтау үшін, жоспарлы кезеңдегі жалпы сипаттағы трансферттер көлеміне енгізу туралы шешім қабылдау;

ҚР Ұлттық экономика министрлігіне:

- орталық деңгейде нысаналы трансферттермен қамтамасыз етілмеген нормативтік-құқықтық актілер қабылданған жағдайда шығындар базасын қарастыру;

- жергілікті бюджеттердің ағымдағы шығындарының болжамды көлемін қалыптастыру кезінде жергілікті атқарушы органдардың резервін ескеру;

- жергілікті бюджеттердің ағымдағы шығындарының көлемін болжау үшін есептеу базасы ретінде 1 мамырға нақты бюджет қабылдансын;

- жоспарланған кезеңнен бұрынғы үш жылдағы орташа мөлшерді есепке ала отырып, жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу кезінде болжамды шығындар базасына бос қалдықтарды енгізу мәселесін қарастыру;

- жалпы сипаттағы трансферттер мониторингін жоспарлау қағидаларында функционалдық топтар бөлінісінде күрделі сипаттағы шығыстарды көздеу қажет.

ҚР Ұлттық экономика министрлігі, ҚР Қаржы министрлігі салық салынатын объектілердің нақты құнына сәйкес мүлік салығын есептеуді қамтамасыз ету үшін заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің мүлік салығы бойынша базаны айқындау әдістемесін қайта қарастырсын.

ҚР Қаржы министрлігі орталық салалық мемлекеттік органдармен бірлесіп жалпы сипаттағы трансферттерді жоспарлау кезінде жергілікті бюджеттердің шығыстар базасына ағымдағы нысаналы трансферттерді енгізу мәселесін пысықтасын.

ҚР Оқу-ағарту министрлігі бюджетаралық теңгерімді сақтау және облыстық бюджетте тапшылықтың алдын алу мақсатында білім беруге арналған шығыстарды облыстық деңгейден аудандық деңгейге беру мәселесін қарастырсын.

Х. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2025 жылы 22 сәуірде **бау-бақша және жүзім шаруашылығын дамыту мәселелері мен перспективалары бойынша мүдделі мемлекеттік органдармен кездесу** өткізді, оның қорытындысы бойынша келесі ұсыныстар берілді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

- Сертификатталған питомниктердің бірыңғай тізілімін енгізу мәселесін қарастыруды;

- Расталған шығу тегі мен сұрыптық тиістілігі жоқ көшеттерді субсидиялауға тыйым салуды;

- Бақшаларды, питомниктерді, суаруды, қайта өңдеуді дамытуға жылдық 3-5% мөлшерлемемен жеңілдікті кредиттер енгізу мүмкіндігін қарастыруды;

- Бақшаларды (аяз, бұршақ, ауру) кепілдіктер мен мемлекеттік сақтандыру тетіктерін әзірлеуді;

- Шағын және мамандандырылған техникаға агролизингті қалпына келтіруді және дамытуды;

- Типтік логистикалық хабтарды әзірлеуді (сұрыптау, салқындату, орау);

- Кооперативті қоймалар мен дақылдарды шоғырландыру пункттерін ынталандыруды;

- Шағын қайта өңдеу қуаттарын құруды субсидиялауды;

- GlobalG.A.P стандарттарын енгізудің Жол картасын әзірлеуді және бекітуді;

- Сертификаттау шығындарын өтеуді (ISO 9001 — ге ұқсас) 70% дейін;

- Экспортқа бағдарланған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін HACCP, Halal, ISO халықаралық стандарттарын енгізуді қолдауды.

2. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне:

- Негізгі жеміс дақылдары бойынша өзін-өзі қамтамасыз етуге шыққанға дейін бау-бақша және жүзім шаруашылығы саласын қолдау жөніндегі шараларды көрсетуді жалғастыруды;

- отандық питомниктердің отырғызу материалын өндіру көлемін ұлғайту жөнінде шаралар қабылдауды;

- **ҚР Ғылым және жоғары білім Министрлігімен және Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығымен** бірлесіп бау-бақша саласында кадрларды (агрономдарды) даярлау және қайта даярлау жөнінде шаралар қабылдауды;

- құрғақшылыққа және ауруға төзімді жеміс дақылдарының сорттарын әзірлеу мақсатында селекциялық жұмыстарды күшейтуді;

- Кепілдендірілген сатып алу бағасының тетігін әзірлеуді (астық интервенцияларының аналогы);

- Жеміс-көкөніс өнімдерін сатып алудың тұрақтандыру қорын құруды;

- **ҚР сауда және интеграция министрлігімен** бірлесіп, ірі сауда желілерімен маусымдық отандық өнімнің кемінде 30% сатып алу мәселесін пысықтауды;

- Экологиялық минералды тыңайтқыштарға субсидия енгізу мәселесін қарастыруды;

- Отандық органикалық тыңайтқыштар мен биопрепараттарды әзірлеу мен енгізуді ынталандыруды;

- Бақшалардың сандық картасын (сорттары, өнімділігі, екпелердің жасы туралы мәліметтермен) жасауды;

- Мемлекеттік қолдау алатын барлық бау-бақша субъектілерін өсімдік шаруашылығын қадағалаудың ақпараттық жүйесіне қосылуға міндеттеуді;

- Ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алу-сатудың электрондық үлгілік шарттарын әзірлеуді;

- Бау-бақша шаруашылығында ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыруды ұлғайтуды (оның ішінде бейімделген селекция бойынша);

- **ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігімен** бірлесіп шаруашылықтарда агростуденттер үшін стипендиялық бағдарламалар мен тағылымдамалар енгуді;

- **«Атамекен» ҰКП-мен** бірлесіп фермерлер үшін курстар мен консультациялардың онлайн-платформасын құруды.

- Пайдаланылмаған бақша учаскелеріне ревизия жүргізуді.

3. ҚР сауда және интеграция министрлігіне:

- Жаңа піскен жемістер мен өңделген өнімдердің экспорттық әлеуетін кеңейту мәселесін пысықтауды;

- Ішкі нарықты жеміс-көкөніс өнімдерінің импортынан қорғау тетіктерін қарастыруды;

- Өндірушілер үшін қолжетімді бірыңғай электрондық сауда алаңдарын құруды.

XI. Қаржы және бюджет комитеті 2025 жылғы 23 сәуірде мүдделі мемлекеттік органдармен **мемлекеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігін жасауға кезең-кезеңімен көшу шаралары туралы кездесу** өткізілді, оның қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне мынадай ұсынымдар берілді:

1. сот актілері негізінде республикалық бюджет кірісіне беруге жататын мүліктің талдамалық есебін қамтамасыз ету мақсатында 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі мерзімде мемлекеттік мүлік тізілімін «Төрелік» ақпараттық-талдамалық жүйесімен интеграциялау және осындай мүлік бойынша мерзімдік негізде салыстырып тексеру актілерін жүргізу (интеграцияланғанға дейін) көзделсін;

2. бюджеттен тыс және қоғамдық қорлар қызметінің ашықтығын арттыру үшін қоғамдық қорлардың қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары бойынша қаржылық есептілікті жасау, ол бойынша жыл сайынғы міндетті аудит жүргізу, қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті қаржылық есептілік депозитарийінде жариялау жөніндегі міндетін заңнамалық деңгейде көздеу;

3. 2027 жылдан бастап бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің квазимемлекеттік сектордың ведомстволық бағынысты субъектілерінің қаржылық есептілігінің деректерімен жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасауы бойынша Қазақстан Республикасының жаңа Бюджет кодексінің нормаларын қолданысқа енгізілуіне байланысты ішкі мемлекеттік аудит комитетіне квазимемлекеттік сектор субъектілеріне мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу құзыретін беру жөніндегі мәселені қарау ұсынылады.

XII. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2025 жылы 30 сәуірде **«Қазақстан Республикасының ветеринариялық қызметін дамыту мәселелері бойынша мүдделі мемлекеттік органдардың басшылығымен кездесу** өткізді, оның қорытындысы бойынша келесі ұсыныстар берілді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1.1. Ветеринария саласындағы мамандардың жалақысын арттыру мәселесін пысықтау, оның ішінде екі лауазымдық жалақыдан кем емес мөлшерде сауықтыруға арналған жәрдемақы, қосымша үстемеақылар мен қосымша ақылар, оның ішінде ғылыми дәрежесі, денсаулығына, өміріне, дене белсенділігіне зиян келтіру (жарақат алу) қаупімен байланысты жұмыс үшін, деңгейін бағалайтын жүйені құру және енгізу қан алу және патологиялық сынамалармен тікелей айналысатын ветеринариялық дәрігерлер үшін инфекцияның болжамды көздерімен байланысты кәсіби тәуекел, сондай-ақ, осы салада жұмыс істейтін ветеринариялық зертханалардың қызметкерлері мен басқа да мамандар үшін зиянды шарттармен айналысатын мамандар үшін 55 жаста зейнетке шығу мүмкіндігін қарауды;

1.2 ҚР АШМ ветеринариялық препараттарды Денсаулық сақтау министрлігі жанынан құрылған «QazBioPharm» АҚ-дан сатып алу бойынша қалыптасқан жағдайға назар аударуды.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне:

2.1. жануарлардың аса қауіпті ауруларымен күресу стратегияларын өзектендіру және халықаралық тәжірибені ескере отырып өзектендіруді;

2.2. ел аумағында және шекаралас өңірлерде эпизоотиялық жағдайды бақылауды күшейтуді;

2.3 техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін мал шаруашылығы өнімдерін, сондай-ақ ветеринария саласындағы заңнамаға сәйкес келмейтін жануарлар мен жануарлардан алынатын шикізатты Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге жол бермеуді бақылауды күшейтуді;

2.4. тамақ қауіпсіздігі жөніндегі зертханалық зерттеулерді аккредиттеу саласын кеден одағының техникалық регламентіне сәйкес кеңейтуді;

2.5. ветеринариялық объектілердің (ветеринариялық пункттер, мал қорымдары/инсинераторлар) құрылысы бойынша индикативтердің орындалуын бақылау жөніндегі жұмысты жалғастыруды;

2.6. тірі жануарлар мен мал шаруашылығы өнімдерінің экспортын ашу жөніндегі жұмысты жалғастыруды;

2.7 республикалық, облыстық және аудандық деңгейлер арасындағы қайталанатын функцияларды жоя отырып, ветеринариялық қызметті басқару құрылымын оңайлату және реттеу мүмкіндігін қарастыруды;

2.8 өңірлерде ветеринариялық қызметті ұйымдастырудың бірыңғай тәсілдерінің жоқтығына назар аудару және қажет болған жағдайда жергілікті ерекшелікті ескеретін, бірақ жалпы басқарушылық пен келісімділікті қамтамасыз ететін үлгілік модель әзірлеуді;

2.9 үлгілік ветеринариялық пункттер салуды, бекітетін құрылғылармен, арнайы киіммен және диагностика мен емдеу үшін қажетті құралдармен жарақтандыруды қоса алғанда, ауылдық жерлерде практик-ветеринарлар үшін тиісті еңбек жағдайларын жасау жөніндегі шараларды қабылдауды;

2.10 ветеринариялық қызметті, әсіресе эпизоотияға қарсы іс-шаралар шеңберінде препараттармен және диагностикалық құралдармен тұрақты жабдықтауды қамтамасыз етуді;

2.11 елдің биологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және биологиялық препараттардың отандық нарығын қорғау мақсатында Қазақстан аумағында бөлінген микроорганизмдердің жергілікті штаммдары негізінде әзірленген ішкі нарықта биопрепараттарды қолдану мүмкіндігіне талдау жүргізу және заңнамада бекітуді;

2.12 жүктемені біркелкі бөлу үшін қызмет көрсетілетін жануарлар саны мен географиялық жағдайларға сүйене отырып, бір ветеринариялық маманға жүктеме нормативтерін айқындау мүмкіндігін қарастыруды;

2.13 өңірлік жағдайларды және манипуляцияларды орындау үшін қажетті ресурстардың қолжетімділігін ескере отырып, іс жүзінде

ветеринариялық мамандарға еңбекақы төлеу жүйесін, оның ішінде ел бойынша бірыңғай тариф белгілеуді біріздендіруді;

2.14 отандық мамандар мен ғылыми мекемелердің ұсыныстарына көбірек назар аудара отырып, бруцеллезбен күресу тәсілдерін қайта қарау. Қажет болған жағдайда шектес елдердің оңтайлы тәжірибесін пайдалану және жүйелі халықаралық ынтымақтастықты жолға қоюды;

2.15 үйсіз жануарлардың санын реттеу сияқты өзіне тән емес міндеттерді алып тастай отырып және оларды бейінді құрылымдардың құзыретіне бере отырып, ветеринариялық қызметтің функционалдық жауапкершілігінің шекараларын айқындауды;

2.16 ветеринариялық биологиялық препараттарды өндірушілерді мемлекеттік қолдау мәселесін қарауды. Бұл үшін:

-олардыауылшаруашылығыөндірушілеріментеңестіруге,экономикалық қызметтің жеке бағытына бөліп көрсетуге және ветеринариялық қолдануға арналған биологиялық препараттар мен материалдар өндірісін қамтитын экономикалық қызмет түрлерінің жіктеуішінде тиісті код беруді;

- өндірушілерді аграрлық секторда қолжетімді қолдау құралдарын («Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ бағдарламалары, «Даму», «Бәйтерек» қорлары, ҚР АШМ тетіктері және т.б.) пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерімен теңестіруді.

2.17 биотехнологиялық саладағы инновациялық жобаларды мемлекеттік қолдау жүйесін қалыптастыруды, оның ішінде:

- өндірістік қуаттарды жаңғыртуға арналған инвестициялық шығындарды өтеуді;

- айналым қаражатын толықтыру үшін жеңілдікті кредит беру.

2.18 ұлттық биологиялық қауіпсіздікті қорғау жөніндегі шараларды күшейту, оның ішінде:

- бақылаушы органдарға инфекциялардың пайда болу көздерін қадағалауға және эпизоотияға қарсы іс-шараларды тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін, Қазақстан аумағында инфекциялық аурулардың өршуі мен мониторингі барысында анықталған жаңа штаммдарды міндетті түрде депозитке сала отырып, өндірістік штаммдардың геномдық реттілігі бар бірыңғай деректер базасын қалыптастыру;

- GIS-GEN-ді анықтаудың географиялық нүктелеріне байланысты аса қауіпті инфекциялардың картасын жасауды;

- биологиялық материалдардың шетелге берілуін бақылау белгілеуді.

2.19 ветеринариялық препараттардың сапасына және өндірісті стандарттауға қойылатын талаптарды арттыруды, соның ішінде:

- «ветеринариялық препараттар мен жануарлардан алынатын өнімдердің Мемлекеттік ғылыми-бақылау институтын» құруды қарастыру;

- өнімді сертификаттау және GMP стандарттарының сақталуын бақылауды.

2.20 саланы тұрақты кадрлық қамтамасыз етуді қамтамасыз етуді, соның ішінде:

- биотехнологияға және ветеринариялық препараттар өндірісіне баса назар аудара отырып, аграрлық жоғары оқу орындарында ветеринариялық білім беруді жаңғыртуды;

- тағылымдамалар мен бірлескен бағдарламаларды қоса алғанда, жұмыс берушілерді кадрлар даярлауға тартуды.

2.21 асыл тұқымды материалды, жемшөп пен жануарлардан алынатын өнімдерді әкелу кезінде биоқауіпсіздікті күшейтуді, соның ішінде:

- балық саласында бұрын тіркелмеген аурулардың ел аумағына енуіне жол бермеу мақсатында уылдырық, қуыру және мал азығын әкелуді, сондай-ақ құс шаруашылығында шетелден келіп түсетін инкубациялық жұмыртқалардың, тауықтардың және жануарлардан алынатын азықтардың импортын бақылауды.

- кіріс бақылау жүйесін күшейтуді;

- салалық қауымдастықтармен бірлесіп тәуекелді бағалау бойынша ғылыми зерттеулер жүргізуді;

- осы зерттеулер негізінде алдын алу шараларын әзірлеуді.

2.22 ветеринарияда цифрлық шешімдерді дамытуды, оның ішінде:

- өмірдің барлық кезеңдерінде жануарларды бақылау жүйесін құруды;

- жануарлардың қозғалысын, вакцинациясын және денсаулығын бақылау үшін сандық құралдарды енгізуді.

2.23 ведомствоаралық үйлестіруді күшейту, оның ішінде денсаулық сақтау министрлігімен:

- биологиялық және ветеринариялық препараттардың сапасын бақылау тәсілдерін біріздендіруді;

- фармацевтикалық және ветеринариялық өнеркәсіпті дамыту жөніндегі бірлескен жоспарларды іске асыруды.

2.24 Дүниежүзілік жануарлар денсаулығы ұйымының құрлықтағы жануарлар денсаулығы Кодексінің ұсынымдарына сәйкес мүсіндік ветеринариялық органды қалыптастыру процесін аяқтауды;

2.25 ветеринариялық биологиялық препараттар өндірісінің ерекшелігін ескере отырып, фармацевтикалық инспекторатқа қойылатын талаптарды айқындау, сондай-ақ осы саладағы практикалық жұмыс тәжірибесін ескере отырып, инспекторларға қойылатын талаптарды белгілеуді.

3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі:

3.1 мамандарды даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды, ауылдық жерлерде кадрларды бекіту үшін жағдайлар жасауды және кәсіптің тартымдылығын арттыруды қоса алғанда, ветеринариялық қызметтің кадрлық әлеуетін нығайтуды.

4. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі:

4.1 ауыл шаруашылығы министрлігі бірлесіп ақбөкендердің санын көбейту проблемасына және биологиялық қауіпсіздікке қатысты ветеринариялық тәуекелдерге назар аударуды. Қажет болған жағдайда

жүйелі мониторинг пен профилактикалық іс-қимылдарды қоса алғанда, келісілген ведомствоаралық ден қою шараларын әзірлеуді.

5. Жергілікті атқарушы органдарға:

5.1 Ветеринарларды планшеттермен қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыруды.

ҚР ОРНЫҚТЫ ДАМУЫ САЛАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕРДІҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫН МОНИТОРИНГІЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ ПАРЛАМЕНТТІК КОМИССИЯНЫҢ ҰСЫНЫМДАРЫ

I. 2024 жылғы 14 қазанда «**Орнықты даму жолында әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін қамтамасыз ету**» (ОДМ 5) тақырыбында Парламенттік комиссияның жетінші отырысы өтті, қорытындысы бойынша мынадай **ұсынымдар** берілді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1.1. Мониторингті жетілдіру және гендерлік теңдік қағидаттарын қолдануды ынталандыру мақсатында орталық және жергілікті деңгейде мемлекеттік органдардың қызметіне гендерлік аудитті енгізуді қарастыру.

1.2. Гендерлік аудитте оң нәтиже көрсеткен мемлекеттік органдар үшін ұлттық сыйлықтарды тағайындау мүмкіндігін қарастыру.

1.3. Энергетика, цифрлық даму және климаттың өзгеруі сияқты бір бағытта мамандандырылған жапсарлас салаларда гендерлік теңдік жөніндегі ведомствоаралық жұмыс топтарының желісін құруды зерделеу.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне:

2.1. Әлеуметтік әріптестік жөніндегі үшжақты келісімдерде (бас, салалық, өңірлік) және ұжымдық шарттарда жұмыс істейтін әйелдердің әлеуметтік қорғалуын күшейтуге бағытталған қосымша ережелерді бекіту мәселесін қарастыру.

2.2. Халықаралық нормалар мен стандарттарға сәйкес «жұмыс орнындағы жыныстық қудалау» түсінігін заңнамалық тұрғыдан бекіту бойынша шаралар қабылдап, шағым берудің және қараудың тиімді рәсімдерін, құқықтық қорғау құралдары мен санкцияларды қарастыру.

2.3. Еңбек ұжымдарында ерлер мен әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктері, қудалау, аңду, сексизм және гендерге байланысты кемсітушіліктің басқа да нысандары үшін жауапкершілік саласындағы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жандандыру.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігіне:

3.1. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде және басқа да тиісті нормативтік құқықтық актілерде қарастыра отырып, бюджетті жоспарлау, атқару және мониторингі жүйесіне гендерлік бағдарланған бюджеттеуді енгізу.

3.2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен, «Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп, әйелдер кәсіпкерлігін

дамыту және әйелдерді жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету бойынша жүзеге асырылып жатқан бағдарламаларға талдау жүргізу.

3.3. Тұрақты экономика үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында әйелдер кәсіпкерлігін дамыту бойынша жұмысты жалғастыру.

4. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне:

4.1. Мемлекеттік гендерлік саясаттың мониторингі мен әсерін бағалауға азаматтық қоғамды тартуды кеңейту мақсатында үкіметтік емес ұйымдардың гендерлік аудит және гендерлік талдау жүргізу бойынша құзыреттерін арттыру мүмкіндігін қарастыру.

4.2. Үкіметтік емес ұйымдар үшін гендерлік теңдік және гендерлік аудит саласындағы жобаларды қолдауға мемлекеттік гранттар бөлу мүмкіндігін қарастыру.

4.3. Гендерлік теңдік саласындағы зерттеулер мен сараптамалар жүргізуге құзыреті бар сарапшылардың деректер қорын құру.

5. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне:

5.1. STEM мамандықтарындағы қыздар мен әйелдердің санын арттыруды ынталандыру үшін жоғары оқу орындарына мүмкіндіктер жасау бойынша шаралар кешенін қабылдау.

5.2. Құқық, мемлекеттік және жергілікті басқару, экономика және халықаралық құқық білім беру бағдарламаларына «Гендер және құқық» немесе «Заманауи құқықтағы гендерлік теңдік тұжырымдамалары» сияқты міндетті және (немесе) таңдалатын курстарды; мемлекеттік және жергілікті басқару білім беру бағдарламаларына – «Мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқарудың гендерлік аспектілері» немесе «Қазіргі қоғамдағы гендерлік теңдік тұжырымдамалары» курстарын енгізу.

5.3. Жетекші әлемдік тәжірибе негізінде гендерлік теңдік, гендерлік экономика және құқық мәселелерін зерделеу жөніндегі жоғары оқу орындарында жұмыс істеп тұрған қолданбалы зерттеу орталықтардың қызметін қолдауды кеңейту және жаңаларын ашу мүмкіндігін қарастыру.

5.4. Жоғары оқу орындарына гендерлік зерттеулер және гендерлік сараптама бағдарламалары бар білім беру ұйымдарында немесе мамандандырылған курстарды әзірлеу арқылы заң, мемлекеттік және жергілікті басқару, экономика, халықаралық құқық және халықаралық қатынастар факультеттерінің профессорлық-оқытушылық құрамының біліктілігін академиялық ұтқырлық негізінде арттыруды қамтамасыз етуді ұсыну.

5.5. Мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың тапсырыстары мен қажеттіліктері негізінде гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру арқылы гендерлік теңдік саласындағы зерттеулердің тұрақты қаржыландырылуын қамтамасыз ету.

6. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне:

6.1. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігімен бірлесіп, екінші деңгейлі банктерді тұрақты табысын растаған әйелдерге алғашқы тұрғын үйді сатып алу үшін бастапқы жарнасыз және кепілсіз жеңілдетілген несиелер беруге ынталандыратын арнайы бағдарламаларды әзірлеп енгізу.

7. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігіне:

7.1. Гендерлік теңдіктің қамтылуы бойынша қосымша білім беру бағдарламаларына талдау жүргізу.

7.2. STEM мамандықтарындағы қыздар мен әйелдердің санын арттыруды ынталандыру үшін ТжКБ ұйымдарына мүмкіндіктер жасау бойынша шаралар кешенін қабылдау.

8. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне:

8.1. Бюджеттік өтінімдерді қарау барысында гендерлік талдау нәтижелерін міндетті түрде ескеру жөніндегі нормаларды тиісті нормативтік құқықтық актілерге енгізу.

9. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне:

9.1. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасымен, Ішкі істер министрлігімен, Жоғарғы Сотымен (келісім бойынша) Smart Data Ukimet ақпараттық-талдау жүйесіне гендерлік сезімтал индикаторларды енгізуді қамтамасыз ету.

10. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне:

10.1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігімен бірлесіп, заңдардың, мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының, мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ішкі құжаттарының жобаларына оларды әзірлеу кезеңінде гендерлік сараптаманың міндетті рәсімін енгізу.

11. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросына:

11.1. Ұлттық гендерлік статистиканы жинаудың, өңдеудің және мониторингінің толықтығын, сондай-ақ оның ОДМ индикаторларымен үйлесімділігін қамтамасыз ету.

12. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне:

12.1. Орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың бірінші басшылары орынбасарларының бірінің міндеттеріне олардың функцияларын, міндеттері мен есептілігін нақты айқындай отырып, гендерлік теңдікті қамтамасыз ету мәселелерін қосу мүмкіндігін қарастыру.

12.2. Әйелдерді мемлекеттік органдардағы жұмыс орнында кемсітушілік пен жыныстық қудалаудан қорғау ісіндегі әдеп жөніндегі уәкілдердің рөлі мен өкілеттіктерін күшейту.

12.3. Гендерлік сараптаманы жүргізу мақсатында гендерлік теңдікке маманданған кадрларды нақты құқық саласымен және экономика секторымен ұштастыра отырып уақтылы даярлауды қамтамасыз ету.

12.4. Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілері үшін Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының өңірлік филиалдарының базасында «Гендерлік теңдік» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курстарын әзірлеуді және олардың тұрақты ұйымдастырылуын қамтамасыз ету.

12.5. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Адами ресурстары басқару», «Мемлекеттік саясат және өңірлік даму» магистратура бағдарламаларына «Гендерлік теңдік» компоненті бойынша модульдерді енгізу.

13. Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясына:

13.1. Гендерлік тепе-теңдікке қол жеткізу мақсатында өкілді билік органдарына сайлауда саяси партиялардың партиялық тізімдерінде әйелдер үшін ең төменгі шегі 30% болатын жекелеген квоталарды енгізу мүмкіндігін қарастыру.

II. 2024 жылғы 13 желтоқсанда **«Орталық Азияның орнықты дамуы: парламенттер мен жергілікті өкілді органдардың рөлі»** тақырыбында Парламенттік комиссияның сегізінші кеңейтілген отырысы өтті. Кеңейтілген отырыстың қорытындысы бойынша Парламенттік комиссия **Қазақстан Республикасының Үкіметіне** мынадай ұсынымдар жасайды:

1. ОДМ ұлттық көрсеткіштерін оқшаулау, ыдырату, Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарына және өзге де жоспарлау құжаттарына енгізу жөніндегі жұмысты жалғастыру.

2. ОДМ қағидаттарын бюджеттік жоспарлау, бюджеттің атқарылуына мониторинг және аудит жүргізу процестеріне біріктіру.

3. ОДМ бойынша жоғары деңгейдегі саяси форумда ұсынылатын ұлттық шолуды қалыптастыру үшін облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада ерікті жергілікті шолуларды дайындау мәселесін қарастыру.

4. Орталық Азия елдерінің тұрақты даму мәселелері, оның ішінде климаттың өзгеруі, су ресурстарын басқару, азық-түлік қауіпсіздігі және басқа мәселелер бойынша мемлекетаралық зерттеулер жүргізуге қолдау көрсету және бастамалар жасау.

5. ОДМ-ды іске асыру шеңберінде тәжірибе алмасу, бірлескен бастамаларды әзірлеу және мемлекетаралық жобаларды іске асыру үшін бірыңғай ақпараттық платформа ретінде Орталық Азия елдері үшін ОДМ бойынша бірлескен өңірлік үйлестіру құрылымын құру мәселесін пысықтау.

6. **Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігімен (келісім бойынша) бірлесе** отырып, ұлттық ОДМ индикаторларының жынысы, жасы, өңірлік және басқа да сипаттамалары бойынша бөлшектелген деректерді жинау, өңдеу және талдау процестерін жетілдіру жұмысын жүргізу.

7. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Орнықты даму мақсаттары жөніндегі үйлестіру кеңесінің қызметі туралы толық ақпаратты ашық қолжетімділікте орналастыруды қамтамасыз ету, сондай-ақ кеңестің жоспарлары, атқарылған іс-шаралары және жұмыс нәтижелері туралы Парламенттік комиссияны тұрақты түрде хабардар ету.

1. ОДМ-ды іске асыруда заң шығарушы және өкілді органдар рөлінің артуын назарға ала отырып, Орталық Азия елдерінің парламенттеріне мынадай бағыттар бойынша үйлестірілген жұмысты жүргізу ұсынылады:

1.1. ОДМ қағидаттарын ұлттық стратегиялар мен заңнамалық актілерге біріктіру үшін оларды әзірлеу немесе түзетулер енгізу кезеңдерінде биліктің заң шығарушы және атқарушы тармақтары арасындағы өзара іс-қимылды нығайту.

1.2. Заңнамалық бастамаларды олардың ОДМ-ға қол жеткізуге әсерін бағалауды ескере отырып қарау.

1.3. ОДМ-ға қол жеткізуге бағытталған қабылданған заңдарды іске асыру нәтижелерін бағалау үшін заңнамалық жұмыстан кейінгі бақылау тетігін дамыту.

1.4. Нақты уақыт режимінде заңнамадағы өзгерістерді бақылауға мүмкіндік беретін, «заңнама трекері» жүйесі сияқты цифрлық құралдарды қолдануды кеңейту.

1.5. Климат, су ресурстарын басқару және ОДМ күн тәртібінің басқа да өзекті мәселелері бойынша өңір елдерінің үйлестірілген саясатын іске асыруға ықпал ету.

1.6. Инфрақұрылымды жаңғыртуға және табиғи ресурстарды экологиялық тұрақты басқаруға ықпал ететін өңір елдері арасындағы трансшекаралық жобаларды іске асыруды қолдау.

1.7. Халықаралық Аралды құтқару қорының қызметі және трансшекаралық су ресурстарын ұтымды пайдалануға қатысты басқа да жобалар шеңберінде өзара іс-қимылды күшейту.

2. **Қазақстан Республикасындағы БҰҰ-ның өкілдігіне Орталық Азияның басқа елдеріндегі өкілдіктерімен бірлесіп**, мыналарды қарастыру ұсынылады:

2.1. Өңір елдері арасында ақпарат, тәжірибе, озық дағдылармен және ОДМ міндеттерін іске асыруды мониторингілеу технологияларымен алмасу үшін БҰҰ Даму бағдарламасының аясында ОДМ өңірлік платформасының әлеуетін кеңейту.

2.2. ОДМ өңірлік платформасында өңір елдері парламенттерінің ОДМ-ды іске асыру жөніндегі жұмысы туралы жеке бөлім құру.

2.3. Су ресурстарын басқару, экологиялық жоспарлау, климаттық бейімделу саласындағы және ОДМ күн тәртібінің басқа да өзекті мәселелері бойынша бірлескен жобаларды іске асыруға жәрдемдесу.

III. 2025 жылғы 11 наурызда **«Орнықты болашақ үшін биоәртүрлілікті сақтау және құрлықтағы экожүйелерді ұтымды пайдалану» (ОДМ 15)»**

тақырыбындағы Парламенттік комиссияның тоғызыншы отырысы өтті. Отырыстың қорытындысы бойынша Парламенттік комиссия мыналарды ұсынады:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1.1. ОДМ 15 ұлттық индикаторларына қол жеткізуде орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар арасындағы ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейту.

1.2. Өңірдің даму жоспарына орнықты даму қағидаттарын біріктіруді және ОДМ-ды іске асыру бойынша Ерікті жергілікті шолуды дайындауды қоса алғанда, Алматы қаласының ОДМ-ды оқшаулаудағы озық тәжірибесін басқа өңірлерге тарату.

1.3. Халықаралық және өңірлік ынтымақтастық шеңберінде Орталық Азиядағы биоәртүрлілікті сақтау және құрлықтағы экожүйелерді ұтымды пайдалану мәселелеріне, оның ішінде жануарлардың трансшекаралық түрлеріне (қар барысы, қарақұйрықтар, жыл құстары және т.б.), олардың санын анықтау, таралуын зерделеу және бірлескен іс-қимыл жоспарларын әзірлеу бойынша зерттеулер жүргізуге ерекше назар аудару.

1.4. Қазақстандағы экологиялық бастамаларды жүзеге асыру үшін халықаралық экологиялық қорлардың ресурстарын тарту бойынша нақты шаралар қабылдау.

2. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігіне:

2.1 Ормандарды заңсыз кесу, құрлықтағы экожүйелерді қорғау және қалпына келтіру саласында бақылауды күшейту бойынша заңнамаға түзетулер әзірлеу.

2.2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды кеңейту, ормандарды қалпына келтіру бағдарламаларын ілгерілету, орманды қалпына келтіру және орман өсірудің тиімді жүйесін енгізу, орман қорынан басқа санаттарға жерді негізсіз ауыстыруға жол бермей, орман қорының ауданын ұлғайту, отырғызу материалын кепілді сатып ала отырып, жеке орман тәлімбақтарын дамыту бойынша шараларды қабылдау.

2.3. Ғылыми және сарапшылар қоғамдастығымен бірлесіп, Қазақстандағы биоәртүрлілікті сақтау тұжырымдамасын сапалы деңгейде әзірлеуді және оны 2025 жылы бекітуді қамтамасыз ету.

2.4. Ормандардың, жерлердің және жануарлар әлемі ресурстарының жай-күйі туралы мәліметтерді жинауға және талдауға арналған заманауи экологиялық мониторинг орталықтарын дамыту.

2.5. Мемлекеттік орман қоры аумағында өрт жиі болатын жерлерде орман өрттерін ерте анықтау жүйелерін 2025-2026 жылдары орнатуды қамтамасыз ету.

2.6. **Мүдделі орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп**, орман алқаптары жанындағы өртке қарсы су қоймаларын салу және күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарды жалғастыру.

2.7. Орман өрт сөндіру станцияларын материалдық-техникалық жабдықтаудың белгіленген нормативтерге толық сәйкестігін қамтамасыз ету бойынша дәйекті жұмыс жүргізу.

2.8. «Жасыл даму» АҚ қаражатын табиғатты қорғау мақсаттарына және Қазақстанда ОДМ-ды іске асыруға жәрдемдесуге пайдаланудың тиімділігіне бағалау жүргізу.

2.9. Табиғатты және биоәртүрлілікті қорғау қажеттілігі туралы халықтың хабардарлығын арттыру үшін тұрақты ақпараттық науқандар өткізу, жергілікті қауымдастықтардың табиғатты қорғау бастамаларына қатысуын ынталандыру.

2.10. Климаттық мақсаттарға қол жеткізу және Қазақстанда ормандарды қалпына келтіру мен көгалдандыруға шетелдік инвестицияларды тарту үшін орман көміртегі офсеттері тетіктерін дамыту.

2.11. Орман секторы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламаларын іске асыруды қайта бастау.

2.12. Орман шаруашылығын басқарудың инклюзивті әрі орнықты жүйесін құру мақсатында мемлекеттік орманды қорғау қызметкерлерінің отбасылары үшін кешенді ынталандыру тәсілдерін әзірлеу.

2.13. Табиғатты ұтымды пайдалану және ауыл шаруашылығын орнықты дамыту мәселелері жөніндегі мемлекеттік бағдарламалық құжаттарды әзірлеу және (немесе) нақтылау кезінде топырақтың тозуын алдын алу, оның құнарлығын қалпына келтіру және климаттың өзгеруіне бейімделу бағытындағы ғылыми зерттеулердің нәтижелерін қолдану.

2.14. Көміртегі (карбондық) егін шаруашылығының әдістері мен тәжірибесін ендіру бойынша бизнес-жобаларға әртүрлі көздерден, соның ішінде жиналған кәдеге жарату төлемдері есебінен қаржылық қолдау көрсету мүмкіндігін қарастыру.

2.15. Сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар жануарлар түрлерін, оның ішінде қар барыстарын есепке алу және мониторингілеу жүйесіне жаңа технологияларды енгізу бойынша жұмысты күшейту (SMART-патрульдеу).

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне:

3.1. ҚР Парламенті Мәжілісінде қаралып жатқан «Топырақты қорғау туралы» заң жобасы аясында ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілердің топырақты ұтымды және ұқыпты пайдалануға жауапкершілікпен қарауын қамтамасыз ететін тиімді тетіктер мен шараларды әзірлеу, сондай-ақ ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердегі шығарындылар мен сіңірулерді реттеу жөніндегі құзыретті қарастыру.

3.2. Тозған жерлерді қалпына келтіру жобаларын ынталандыру үшін атмосферадағы көмірқышқыл газын топыраққа сіңіру және онда ұстау есебінен жасалған көміртегі квоталарын мониторингілеудің, верификациялаудың, сертификаттаудың және саудалаудың қолданыстағы халықаралық әдіснамаларды ауыл шаруашылығы алқаптарына бейімдеу.

3.3. Үш жылдық кезең ішінде қолданыстағы ақпараттық жүйелерге біріктірілген топырақтағы көміртегі құрамын көрсететін тозған жерлердің цифрлық картасын әзірлеу.

4. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне:

4.1. Цифрлық және ғарыштық технологияларды пайдалана отырып, ел аумағында орман өсіруге және отырғызылған орман алқаптарының сақталуына объективті мониторингті қамтамасыз ету.

5. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігіне Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігімен бірлесіп:

5.1. БҰҰ-ның тиісті агенттіктерінің (БҰҰДБ, ФАО) әдістемелік қолдауымен ОДМ 15 қол жеткізудің ұлттық индикаторларын аталған мақсатты есептеудің жаһандық әдіснамасына сәйкес келтіру.

5.2. Орман шаруашылығы мамандарын «Дипломмен ауылға» жобасының сұранысқа ие мамандықтар тізіміне енгізу мүмкіндігін қарастыру.

5.3. Аумақтарды аймақтарға бөлу және ландшафттық жоспарлау құралдары арқылы орнықты өңірлік дамудың кешенді тәсілін әзірлеп енгізу.

6. Облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдарына:

6.1. Табиғатты қорғау іс-шараларын, оның ішінде құрлықтағы экожүйелерді қалпына келтіру, жердің тозуымен күресу және сирек кездесетін жануарлар түрлерін қорғау бағдарламаларын қаржыландыруды ұлғайту.

6.2. Ағаш отырғызу жоспарларының толық орындалуын қамтамасыз ету, көшеттердің сақталуына бақылауды күшейту және оларға тұрақты әрі толыққанды күтім жасауды жүзеге асыру.

6.3. Орман шаруашылығының климаттың өзгеруі жағдайларына бейімделуін ескере отырып, орман қоры жерлерінде ағаш отырғызуды жоспарлаудың және жүзеге асырудың тиімділігін арттыру.

6.4. Орман өрттерін уақтылы анықтау және оларды неғұрлым аз аумақта жою (ауыздықтау) бойынша ұйымдастыру-техникалық шаралар кешенін қабылдау.

IV. 2025 жылғы 2 маусымда **«Қалалар мен елді мекендердің орнықты дамуын қамтамасыз ету: инфрақұрылым және жоспарлау (9, 11 ОДМ)»** тақырыбында Парламенттік комиссияның онынші отырысы өтті. Отырыстың қорытындысы бойынша Парламенттік комиссия мыналарды ұсынады:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1.1. Талдау негізінде инфрақұрылымды дамыту мәселелерін қоса алғанда, қалалар мен елді мекендерді орнықты дамыту мақсаттарына (9, 11 ОДМ) қол жеткізуге барынша тиімді ықпал ететін фискалдық шаралардың (құралдардың) оңтайлы және басым түрлерін анықтау.

1.2. Қабылданатын шешімдердің жергілікті халықтың мүдделеріне сәйкес келуін қамтамасыз ету мақсатында халық, мәслихаттар және

әкімдіктер арасындағы орнықты және сындарлы байланысты жүйелеу жөнінде шаралар қабылдау.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігіне:

2.1. ОДМ-ды оқшаулау кезінде Өңірлік стандарттар жүйесінің көрсеткіштерін ескеру және қажет болған жағдайда Жүйені жаңа көрсеткіштермен толықтыру.

2.2. Әрбір елді мекен (қала, кент, ауыл) үшін ОДМ-ның ұлттық және өңірлік индикаторларына негізделетін, жергілікті жағдайлардың ерекшелігін ескеретін үлгілік индикаторларды анықтау.

2.3. Моноқалалардың типологиясын салалық сипаты бойынша емес, инфрақұрылымдық жағдай, көші-қон және демографиялық үрдістер, адами капиталдың болуы, кәсіпкерлік белсенділік сияқты факторларды кешенді бағалау арқылы аумақтардың трансформациялану қабілеті негізінде қайта қарау.

2.4. Моноқалалар экономикасының жаңа өсуі драйверлерін анықтау жөнінде шаралар әзірлеу.

2.5. Облыстардың жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп, бизнеспен стратегиялық өзара іс-қимылды үйлестіру үшін моноқалаларда тәуелсіз даму орталықтарын қалыптастыру.

3. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігіне:

3.1. «Жезқазған – Қызылорда» бағыты бойынша оңтүстік макроөңірдің көліктік қолжетімділігін қамтамасыз ету және Қарағанды, Арқалық және Астана қалалары арқылы өтетін көлік дәліздері арқылы «оңтүстік-солтүстік» байланысын орнату.

4. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне:

4.1. Салалық мемлекеттік органдармен бірлесіп, Smart Data Ukimet ақпараттық-талдау жүйесі негізінде өңірлік деңгейдегі әлеуетті әлеуметтік-экономикалық проблемаларды: халық санының азаюы мен демографиялық ауысуларды, жұмыспен қамту деңгейінің төмендеуін және экономикалық тоқырауды, аса маңызды инфрақұрылымның тозуын, әлеуметтік шиеленісті және басқаларды алдын ала анықтау және бағалау үшін болжамды-талдамалық модуль әзірлеу.

5. Облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдарына:

5.1. Мәслихаттармен бірлесіп, Қазақстандағы БҰҰ Даму бағдарламасының өкілдігінің сараптамалық қолдауымен облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының мәслихаттары жанынан орнықты даму саласындағы мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуын мониторингілеу жөніндегі комиссияларды құру мүмкіндігін пысықтау.

5.2. Өнімді және жоғары жалақы төленетін жұмыс орындарын орнықты құру әлеуетін көрсететін инвестициялық жобаларды қолдауға бағытталған ШОБ және индустрияландыруды дамытудың арнайы өңірлік бағдарламаларын әзірлеу.

6. Қазақстандағы БҰҰ Даму бағдарламасының өкілдігіне:

6.1. Облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының мәслихаттары мен әкімдіктері үшін ОДМ-ды оқшаулауға баса назар аудара отырып, орнықты даму мәселелері бойынша оқыту семинарларын өткізу мүмкіндігін қарастыру.

6.2. Мәслихат депутаттары үшін құқықтық реттеу, бюджеттеу, стратегиялық жоспарлау, орнықты өңірлік даму тәсілдері және басқа да мәселелерді қамтитын ОДМ бойынша қадамдық нұсқаулықты әзірлеу мүмкіндігін қарастыру.

«БІР ЕЛ – БІР МҮДДЕ» ДЕПУТАТТЫҚ ТОБЫ

2025 жылғы 14 мамырда ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. Әшімбаевтың қатысуымен **«Бір ел – бір мүдде: бейбітшілік пен өркендеу жолында»** тақырыбында «Бір ел – бір мүдде» депутаттық тобының кеңейтілген отырысы өтті.

Қатысушыларды құттықтай отырып, М.С. Әшімбаев Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан ауқымды саяси реформалардың нәтижесінде Қазақстан халқы Ассамблеясының (ҚХА) қызметі жаңа серпін алғанын, қоғамдық бейбітшілік пен келісімді нығайтудың ерекше қоғамдық-саяси маңызы бар екенін атап өтті. Бұл тұрғыда Ассамблея жұмысының негізінде жатқан «бірлік әралуандықта» принципі инклюзивті мемлекеттік саясаттың мәнін көрсетеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының (бұдан әрі – ҚХА) XXXIV сессиясында сөйлеген сөзінде еліміздегі этносаралық қарым-қатынастың тиімділігін арттыруға қатысты нақты міндеттерді белгілеп берді. Аталған міндеттер ҚХА-ның алдағы уақыттағы даму бағдары болуы тиіс. Мемлекет басшысының бейбітшілік пен келісімді одан әрі нығайту, ҚХА-ның жұмысын жандандыру, Ассамблеяның 2026-2030 жылдарға арналған басымдықтарды айқындау жөніндегі жаңа тұжырымдамасын әзірлеу бойынша тапсырмаларын сапалы іске асыру мақсатында Сенат басшылығының, депутаттық топ мүшелерінің, сарапшылардың ақпараттарын негізге ала отырып Парламенттік «Бір ел – бір мүдде» депутаттық тобы мынадай **ұсынымдар** жасайды:

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі:

1. Ассамблеяның 2026-2030 жылдарға арналған басымдықтарды айқындау жөніндегі жаңа тұжырымдамасын (бұдан әрі – Тұжырымдама) әзірлеу бойынша жұмыс тобының құрамына «Бір ел – бір мүдде» депутаттық тобының мүшелерін қосуды.

2. Тұжырымдаманы әзірлеу кезінде Мемлекет басшысының реформаларын іске асыруда ҚХА-ның рөлін күшейту және ҚХА-ның жұмысында ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ету мәселелері ескерілсін.

«Бір ел – бір мүдде» депутаттық тобының мүшелері:

3. Мемлекеттік органдар өкілдерінің, сараптамалық және ғылыми қоғамдастық мүшелерімен бірге Ассамблеяның 2026-2030 жылдарға арналған басымдықтарды айқындау жөніндегі жаңа тұжырымдамасын әзірлеуге белсене қатысуды.

4. Бейбітшілік пен келісімді одан әрі нығайтуға, қоғамда ұлтаралық бірлік пен тұрақтылықты ілгерілетуге бағытталған заңнаманы жетілдіру мәселесін пысықтауды.

Астана, Алматы, Шымкент қалалары мен облыстық мәслихаттары:

5. «Ассамблея – Парламент – Мәслихат» қоғамдық жобасы шеңберінде мына жұмыстарды жандандырсын:

1) Өңірлердегі Мәслихаттардың жанынан ҚХА-мен жұмыс жөніндегі жұмыс топтарын құру мәселесін пысықтауды.

2) Өңірдегі ынтымақтастық, қоғамдық келісім жөнінде Парламент депутаттарымен, ҚХА мен тығыз жұмыс жасауды қолға алсын.

ПАРЛАМЕНТ СЕНАТЫНЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ ИНКЛЮЗИЯ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС

І. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті (бұдан әрі – Комитет) 2024 жылғы 1 қарашада Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының жанындағы Инклюзия жөніндегі кеңесінің «**Мүгедектігі бар балалар мен ересектердің** сапалы білімге **қол** жеткізуі» тақырыбындағы отырысын өтізді.

Мүгедектігі бар балалар мен ересектерге сапалы білім беруге тең қол жеткізу, оның ішінде қолжетімді орта құру, мамандар даярлау, стандарттар мен әдістемелерді әзірлеу, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ халықаралық тәжірибені зерделеу және талдау мәселелерін талқылау қорытындылары бойынша Сенат жанындағы Инклюзия жөніндегі кеңес мыналарды:

1. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігіне:

1.1. Денсаулық сақтау, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Ғылым және жоғары білім министрліктерімен бірлесіп, халықаралық міндеттемелер мен стандарттарды ескере отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға (тұлғаларға) кешенді қолдау көрсету мәселелерін реттейтін заң жобасын әзірлеу жөнінде ұсыныс енгізуді;

1.2 бала дамуының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымдарда ерекше білім беру қажеттіліктері бар (психикалық дамуы тежелген) балаларды 9 жасқа дейін қалдыру мүмкіктерін пысықтауды;

1.3. мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штатына «педагог-ассистент» штат бірлігін қосу мүмкіндігін қарастыруды;

1.4. ерекше білім беру қажеттіліктері бар (оның ішінде есту қабілеті бұзылған) балалардың орта білім беру ұйымдарында оқуға және орта білім туралы аттестат алуға Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдендірілген құқығын қамтамасыз етуді;

1.5. аутизмі бар және басқа да ақыл-ой кемістігі бар балалармен жұмыс істеу үшін мінез-құлықты қолданбалы талдау әдісін енгізу, әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық қызмет мамандары үшін мінез-құлықты қолданбалы талдау және әдістемелік қолдау моделін пайдалану бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу мәселесін пысықтауды;

1.6. **Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп**, өмірлік және кәсіптік дағдыларды оқыту, ерте кәсіптік бағдарлау, тағылымдамадан өту және кейіннен жұмысқа орналасуға жәрдемдесу мақсатында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған білім беру ұйымдарында оқу-өндірістік комбинаттарды енгізу жөніндегі мәселені пысықтауды;

1.7. **Жоғары білім және ғылым министрлігімен бірлесіп** ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған педагогтердің жеке оқу жоспарларын дайындау тәртібінің үлгілік талаптарын әзірлеуді;

2. Қазақстан Республикасының Жоғары білім және ғылым министрлігіне:

2.1. мүгедектігі бар адамдар үшін жоғары оқу орындарына түсу кезінде және оқу процесінде кедергілерді жою, оның ішінде кітапхана қорларына, ақпараттық ресурстарға, зертханалық сабақтарға, онлайн-оқыту платформаларына, сондай-ақ мансаптық кеңес беру, психологиялық қызметтер, спорттық, әртүрлі қоғамдық қызметтерге және басқа да іс-шараларға қол жеткізуіне тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуді;

2.2. жоғары оқу орындарымен бірлесіп жоғары оқу орындарының штатында есту қабілеті бұзылған студенттерге сурдоаударманы қамтамасыз ететін мамандардың болуы туралы мәселені пысықтауды;

2.3. мүгедектігі бар адамдарға (оның ішінде көру қабілеті бұзылған адамдарға) «Болашақ» стипендиясын тағайындау конкурсына қатысу, сондай-ақ оларды медициналық сақтандыру және оларды сүйемелдеп жүретін адамдарды қосымша қаржыландыру бойынша құжаттарды беру рәсімін пысықтау және бейімдеуді;

2.4. «куратор» және «супервизор» деңгейінде «мінез-құлық талдаушылары» мамандарын даярлау үшін магистратура деңгейінде білім беру бағдарламаларын пысықтауды;

3. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне:

3.1. «мінез-құлық талдаушысы» мамандығын сабақтардың Ұлттық сыныптауышына енгізу және осы мамандар көрсететін қызметтерді ұсыну үшін кәсіби стандарттарды әзірлеу туралы мәселені қарастыруды;

3.2. балалар мен ерекше қажеттіліктері бар адамдармен бірге жүретін «тьютер-ассистенттер» үшін кәсіби стандарттарды әзірлеу туралы мәселені пысықтауды;

4. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне:

Даму кемістігі бар балаларды және тәуекел тобын ерте анықтау және ерте қолдау жүйесін жетілдіру мәселесін пысықтауды **ұсынады**.

II. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті 2025 жылғы 20 ақпанда Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының жанындағы Инклюзия жөніндегі кеңесінің **«Төтенше жағдайлар кезінде мүгедектігі бар адамдарға көмек көрсету»** тақырыбындағы отырысын өтізді.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының жанындағы Инклюзия жөніндегі кеңес мүгедектігі бар азаматтардың қауіпсіздігін, азаматтық қорғау саласындағы құқықтарын сақтау, олардың жалпыға ортақ ресурстарға қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ орталық, жергілікті атқарушы органдар және сарапшылардың ақпаратын негізге ала отырып, мыналарды **ұсынады:**

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне:

1. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп:

1.1. «Кедергісіз KZ» мүгедектігі бар тұлғалар қоғамы» Қоғамдық Бірлестігінің ұсынымдарын қарастырып және оларды іске асыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеуді қарастаруды *(1 қосымша)*;

1.2. «Тірек-қимыл функциялары бұзылған азаматтарды қолдау қоғамы» Қоғамдық Бірлестігінің ұсынымдарын қарастырып және оларды іске асыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеуді қарастаруды *(2 қосымша)*;

1.3. төтенше жағдайлар (бұдан әрі – ТЖ) саласында кадр даярлау мәселесін қарастыру, оның ішінде ТЖ кезінде мүгедектігі бар адамдарға көмек көрсету үшін арнайы оқытылған психологтарды даярлауды қарастаруды;

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктерімен бірлесіп:

2.1. мүгедектігі бар адамдардың ТЖ-да жалпы инфрақұрылымына қолжетімділігін қамтамасыз ету және эвакуациялау кезінде қиындықтардың алдын алу бөлігінде олардың қажеттіліктерін ескере отырып құрылыс саласындағы стандарттар мен заңнаманы жетілдіру мәселесін қарастыруды;

2.2 ТЖ-да ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында тұрғын үй, іскерлік және әкімшілік ғимараттарды көрнекі сигналдармен, жазбаша ақпаратпен және мүгедектігі бар адамдар үшін, оның ішінде көру және есту қабілеті бұзылған адамдар үшін басқа да құралдармен міндетті түрде қамтамасыз ету мәселесін қарастыруды;

2.3. барлық бөлімшелерді ТЖ орнынан мүгедек адамдарды эвакуациялауға, тасымалдауға және шығаруға арналған арнайы көлік құралдарымен және құрылғылармен толық жарақтандыру мәселесін қарастыруды;

3. **Астана, Алматы, Шымкент қалалары мен облыстардың әкімдіктерімен бірлесіп:**

3.1. ТЖ-да азаматтардың, оның ішінде мүгедектігі бар адамдардың іс-әрекеттерін пысықтау үшін тұрғын, іскерлік және әкімшілік ғимараттарда оқу-жаттығу жиындарын өткізудің міндетті кестесін әзірлеуді мәселесін қарастыруды;

3.2. мүгедектігі бар адамдардың ТЖ-да іс-әрекеттерінің болжамды сценарийлерін әзірлеу мәселесін қарастыруды.

III. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті 2025 жылғы 16 сәуірде Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының жанындағы Инклюзия жөніндегі кеңесінің **«Мүгедектігі бар адамдарды медициналық көмек пен санаториялық-курорттық емдеудің өзекті мәселелері»** тақырыбындағы отырысын өтізді.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының жанындағы Инклюзия жөніндегі кеңес мүгедектігі бар адамдарға медициналық көмек көрсету мен санаториялық-курорттық емдеудің өзекті мәселелерін талқылап, орталық атқарушы органдар мен сарапшылардың ақпараттарын негізге ала отырып, мынадай **ұсынымдарды:**

1. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне:

1.1. мүгедектігі бар адамдарды медициналық және санаториялық-курорттық мекемелерге жеткізу үшін арнайы көлік қызметтерін ұйымдастыру және қажет жағдайда жеке көмекшілер мен сурдоаудармашылардың қызметімен қамтамасыз ету мүмкіндігін қарастыруды;

1.2. медициналық және санаториялық-курорттық мекемелерде емдеу шараларының тізімін мүгедектіктің түрі мен деңгейіне қарай әртараптандыруды қарастыруды;

1.3. мүгедектігі бар адамдардың пікірін ескере отырып, медициналық мекемелер мен санаторийлердің қызмет көрсету сапасын бағалау жүйесін енгізу және қоғамдық ұйымдармен бірлесе отырып мониторинг жүргізу мүмкіндігін қарастыруды;

1.4. мүгедектігі бар адамдарды бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсету, медициналық-әлеуметтік сараптама, әлеуметтік қорғау ұйымдары мен жеткізушілер арасында қағаз жеткізгіште ақпарат беру және жеке баруды қысқарту үшін электрондық құжат айналымын енгізу мүмкіндігін қарастыруды;

1.5. санаториялық-курорттық қызметтерді бірінші кезекте негізгі диагноздың нашарлауы және одан әрі мүгедектіктің үдеумеуін болдырмау үшін осындай сауықтыру қажет мүгедектігі бар адамдарға ұсыну мүмкіндігін қарастыруды;

1.6. мүгедектігі бар адамдарға, оның ішінде мүгедектігі бар балаларға рекреация, демалыс, белсенді оңалту жөніндегі ұйымдардың қызметтерін әртараптандыру және желісін дамыту мүмкіндігін қарастыруды;

1.7. жұлын науқастарына шалдыққан азаматтарды тек мамандандырылған санаторияларда санаторлық-курорттық ем беру

жөніндегі норманы, мұндай санаториялардың тым жетіспеуіне байланысты жою мүмкіндігін қарастыруды;

1.8 шетелдік орталықтарға ұқсас тірек-қимыл аппараты жарақаттанған адамдарға арналған мамандандырылған шипажай салу (Саки қаласындағы (Крым) Н.Н. Бурденко шипажайы) және өңірлік орталықтарда оңалту бойынша одан әрі дербес жоспар әзірлеу мүмкіндігін қарастыруды;

1.9. **Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау, Өнеркәсіп және құрылыс министрліктерімен бірлесіп:**

«Бақытты Шаңырақ» ҚҚ, «Elaman» әлеуметтік инновациялық жобалар қоры» ҚҚ, «Бізде адамбыз» ҚҚ, «Общество инвалидов AltynTime» ҚҚ, «Арба» тірек-қозғалыс аппаратының қызметі бұзылған мүгедек-азаматтарды қолдау қоғамы» ҚБ, «Шанс» инвалидтерді оңалту орталығы» ҚҚ ұсынымдарын қарастыруды және оларды іске асыру бойынша ұсыныстар енгізуді;

2. Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігіне:

2.1. санаториялық-курорттық емдеуге арналған жолдамаларды алудағы бюрократиялық кедергілерді азайту, сондай-ақ Әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде мүгедектігі бар азаматтарға жеңілдіктер қарау мүмкіндігін қарастыруды;

2.2. жамбас мүшелерінің функциялары бұзылған мүгедектігі бар адамдарды мамандандырылған палаталарда стационарлық емдеу және оларға күтімді жүзеге асыратын жеке көмекшіні/еріп жүретін адамды орналастыру мүмкіндігін қарастыруды;

2.3. жұлынның жарақат алуынан кейінгі ауруы, арқа Бифиді және жамбас мүшелерінің басқа да осыған ұқсас функциялары бұзылған адамдар үшін өзін-өзі катетеризациялау бойынша «Алтын стандартты» әзірлеу және енгізу мүмкіндігін қарастыруды;

2.4. төсек жараларын емдеудің халықаралық тәжірибесін зерделеу және сапалы емдеуді ұйымдастыру, заманауи дәрі-дәрмектермен және құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету мүмкіндігін қарастыруды;

2.5. медициналық қызметтер туралы ақпаратты жеңіл ету. Электрондық жүйелерде *(egov, мобильдік қосымшалар)* мүгедектігі бар адамдарға арналған жеке бөлімдерді жетілдіру мүмкіндігін қарастыруды;

2.6. мүгедектігі бар адамдармен жұмыс істейтін медицина қызметкерлерінің арнайы оқыту курстарынан өтуін ұйымдастыру *(инклюзивті қарым-қатынас, ерекше қажеттіліктерді түсіну және ескеру)* мүмкіндігін қарастыруды;

2.7. мүгедектігі бар адамдардың мүддесін қорғау үшін «Денсаулық сақтау министрінің кеңесшісі» штаттық лауазымын енгізу мүмкіндігін қарастыруды;

3. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігімен және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп:

3.1. медициналық мекемелер мен санаториялық-курорттық ұйымдардың ғимараттары мүгедектігі бар адамдар үшін толық қолжетімді (пандустар, лифтілер, тактильді бағыттаушылар, арнайы жабдықталған санитарлық тораптар) болуын қамтамасыз ету мүмкіндігін қарастыруды;

3.2. ғимараттарды пайдалануға беру комиссиясының құрамына тәуелсіз сарапшылар ретінде, арбаға таңылған кемінде екі мүгедекті бар адамды іс жүзінде осы санаттағы азаматтарға жүріп-тұру және қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін анықтау үшін енгізу мүмкіндігін қарастыруды;

4. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне:

4.1. мүгедектігі бар адамдарға медициналық (оңалту, міндетті медициналық сақтандыру, санаториялық-курорттық емдеу, техникалық құралдармен қамтамасыз ету), заңгерлік кеңес, әлеуметтік қызмет көрсету (жәрдемақы рәсімдеу, адресті көмек алу), жұмысқа орналасу және білім алу (бейімделген жұмыс орындары бойынша вакансиялар, қайта даярлау курстары, мүгедектігі бар студенттерге гранттар мен стипендиялар) бойынша кеңес беру үшін «жедел желі» телефоны және онлайн порталы бар бірыңғай ақпараттық анықтамалық Call орталығын құру мүмкіндігін қарастыруды **ұсынады**.

IX. СЕНАТТЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Халықаралық қызметі парламентаралық ынтымақтастықты нығайтуға, парламенттік дипломатия құралдарын дамытуға және Қазақстанның халықаралық бастамаларын ілгерілетуге бағытталған.

2024 жылғы 2 қыркүйектен 2025 жылғы 30 маусымға дейінгі кезеңде мынадай іс-шаралар өтті:

№	Күні	Қазақстанда	Шет елде	Қатысушы депутаттар
1	6 қыркүйек 2024 ж.	Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Н.Жүсіптің Қазақстандағы АҚШ Елшісі Д.Розенблюммен кездесуі		*Н.Жүсіп*
2	10 қыркүйек 2024 ж.		ҰҚШҰ Парламенттік Ассамблеясы Кеңесі жанындағы ҰҚШҰ елдері Парламенттерінің қорғаныс және қауіпсіздік комитеттері төрағаларының Үйлестіру конференциясының отырысы (Бішкек)	*А.Лукин*
3	11 қыркүйек 2024 ж..	Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің хатшысы Э.Больгерттің ведомствоаралық жұмыс тобымен кездесуі		*Е.Больгерт*
4	11-12 қыркүйек 2024 ж.		Орталық Азия мемлекеттерінің парламентаралық форумына қатысу үшін Өзбекстанға баруы	*М.Әшімбаев, Ж.Асанов, Ә.Бектаев, Д.Қыдырәлі, А.Сатвалдиев, А.Қапбарова*
5	18-20 қыркүйек 2024 ж..		Еуразиялық әйелдер форумына қатысу (Санкт-Петербург қаласы)	*О.Булавкина*

6	30 қыркүйек 2024 ж.	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты мен Ресей Федерациясы Федералдық Жиналысы Федерация Кеңесі арасындағы ынтымақтастық жөніндегі комиссияның 22-ші отырысы (Алматы)		*Ж.Асанов, А.Лукин, О.Булавкина, Н.Ниязова, Ж.Асанова, С.Арубаев*
7	7-12 қазан 2024 ж.		«Қазақстанда жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды кеңейту» оқу сапары (Германия)	*Е.Больгерт*
8	8 қазан 2024 ж.	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың төрағалығымен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съезі Хатшылығының XXII отырысы.		*М.Әшімбаев*
9	8 қазан 2024 ж.	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың Мұсылман ақсақалдар кеңесінің Бас хатшысы М.Абделсаламмен кездесуі.		*М.Әшімбаев*
10	8 қазан 2024 ж.	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың Қытай Буддистер қауымдастығы төрағасының орынбасары Чжэн Цэмен кездесуі.		*М.Әшімбаев*
11	8 қазан 2024ж.	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың Қасиетті Тақтың Дінаралық диалог жөніндегі дикастерия Ислам істері жөніндегі бюросының басшысы Х.Акашемен кездесуі.		*М.Әшімбаев*

12	9 қазан 2024 ж.	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың қатысуымен Жас дін көшбасшыларының бірінші форумы		*М.Әшімбаев*
13	9 қазан 2024 ж.	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың Корея Республикасы Халық Ассамблеясының Төрағасы У Вон Шикпен кездесуі		*М.Әшімбаев*
14	10 қазан 2024 ж.	Мемлекеттік құрылыс және жергілікті өзін-өзі басқару тәжірибесін зерделеу бойынша ТМД ПАА ПАА және Санкт-Петербург қаласы Заң шығару жиналысының заңнама бойынша комитетінің бірлескен отырысы (онлайн)		*С.Мәкежанов*
15	10 қазан 2024 ж.	әлеуметтік саясат және адам құқықтары жөніндегі ТМД ПАА отырысы (онлайн)		*А.Қапбарова*
16	10 қазан 2024 ж.	ТМД ПАА жанындағы қауіпсіздік саласындағы заңнаманы үйлестіру және жаңа сын-қатерлер мен қауіптерге қарсы тұру мәселелері жөніндегі Бірлескен комиссияның отырысы (онлайн)		*Ғ.Сарыбаев*
17	10 қазан 2024 ж.	қорғаныс және қауіпсіздік мәселелері бойынша ТМД ПАА ПА отырысы (онлайн)		*Ғ.Сарыбаев*
18	10 қазан 2024 ж.	мемлекеттік құрылыс және жергілікті өзін-өзі басқару тәжірибесін зерделеу бойынша ТМД ПАА ПА отырысы (онлайн)		*С.Мәкежанов*

19	10-11 қазан 2024 ж.		Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. Әшімбаев Тәжікстанға	*М.Әшібаев, Ж.Асанов, Н.Бекназаров, С.Алдашев, Г.Шиповских, Ә.Рахметова*
20	13-16 қазан 2024 ж.		Неміс аз ұлттар қауымдастығының 33-ші жыл сайынғы конференциясы (Берлин, Германия)	*Е.Больгерт*
21	17 қазан 2024 ж.		ТМД ПАА аграрлық саясат, табиғи ресурстар және экология жөніндегі Тұрақты комиссиясының отырысы	*О.Булавкина*
22	17 қазан 2024 ж.	ТМД ПАА Бақылау-бюджет комиссиясының отырысы (онлайн)		*С.Карплюк*
23	18 қазан 2024 ж.	Мәдениет, ақпарат, туризм және спорт бойынша ТМД ПАА ПК отырысы (Душанбе, Тәжікстан Республикасы) (онлайн)		*Н.Жүсіп*
24	18 қазан 2024 ж.	ТМД ПАА ғылым және білім жөніндегі Тұрақты комиссиясының отырысы (онлайн)		*А.Нухұлы*
25	24 қазан 2024 ж.	ҰҚШҰ ПА Саяси мәселелер және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысы (онлайн)		*С.Ершов, Г.Шиповских*
26	24 қазан 2024 ж.	ҰҚШҰ ПА Әлеуметтік-экономикалық және құқықтық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысы (онлайн)		*Р.Рүстемов*
27	5-6 қараша 2024 ж.		Діни лидерлердің жаһандық саммитіне қатысу (Баку қаласы)	*Н.Жүсіп*

28	6 қараша 2024 ж.	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты мен Беларусь Республикасы Ұлттық Жиналысы Кеңесі арасындағы ынтымақтастық жөніндегі комиссияның 1-ші онлайн отырысы		*Н.Бекназаров, Н.Ниязова, Т.Жүнісов, Б. Қаниев, С.Арубаев*
29	6-8 қараша 2024 ж.		ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттер парламенттерінің халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеттері төрағаларының төртінші отырысына қатысу (Мәскеу)	*А.Лукин*
30	19 қараша 2024 ж.	Жапония Елшісі Дж.Ямадамен кездесуі		*М.Әшімбаев*
31	19 қараша 2024 ж.	Германия Сыртқы істер министрлігінің Орталық Азия бойынша комиссары К.Штрауссенбургпен кездесу		*Е.Больгерт*
32	19 қараша 2024 ж.	Қазақстан Республикасындағы Польша Республикасының ҮСӨ М.Лабендамен кездесу		*Б.Жексенбай*
33	19 қараша 2024 ж.	Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің төрағасы С.Т. Алдашев Малайзия Сенаты Төрағасының орынбасары Нұр Джазлан Мохамедпен онлайн отырыс		*С.Алдашев*
34	20 қараша 2024 ж.	ЕҚЫҰ/ДИАҚБ делегациясымен кездесу		*Н.Бекназаров, Е.Больгерт, Ж.Асанова*
35	21 қараша 2024 ж.	экономика және қаржы бойынша ТМД ПАА СК отырысы (онлайн)		*Л.Рысбекова*
36	21 қараша 2024 ж.	Саяси мәселелер және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі ТМД ПАА ПК отырысы (онлайн)		*Ж.Асанова*

37	21 қараша 2024 ж.	құқықтық мәселелер бойынша ТМД ПАА ӨК отырысы (онлайн)		
38	21-22 қараша 2024 ж.		ТМД ПАА Кеңесі мен Пленарлық отырысының жұмысына қатысу (Санкт-Петербург, Ресей Федерациясы)	*М.Әшімбаев, А.Лукин, О. Булавкина, Н.Бекенов, Ш.Бұқтұғұтов, Г.Шиповских*
39	22 қараша 2024 ж.		Мәскеу және бүкіл Ресей Патриархы Кириллмен кездесу (Мәскеу, Ресей Федерациясы)	*М.Әшімбаев, А.Лукин, О. Булавкина*
40	25-27 қараша 2024 ж.		Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың Португалияға жұмыс сапары	*М.Әшімбаев, Н.Жүсіп, С.Мәкежанов, Ж.Асанова, З.Кузиев*
41	6 желтоқсан 2024 ж.	«ғылымды қажетсінетін экономика: жас ғалымдардың үлесі» Young Researchers Alliance форумының сессиясына қатысу		*М.Әшімбаев*
42	9 желтоқсан 2024 ж.		ҰҚШҰ Парламенттік Ассамблеясының сессиясына қатысу (Мәскеу)	*А.Нұғманов*
43	12 желтоқсан 2024 ж.	ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың РФ Федералдық Жиналысы Федерациясы Кеңесінің төрағасы В. И. Матвиенкомен (Астана қ.) кездесуі		*М.Әшимбаев, А.Лукин, С.Алдашев, Н.Жүсіп, О.Булавкина, Ж.Асанова, Н.Ниязова*
44	18 желтоқсан 2024 ж.	«Қазақстан-Швейцария» достық тобының онлайн кездесуіне қатысу		*Ә.Бектаев, А.Қапбарова, С.Өтешов*
45	12-14 қаңтар 2025 ж.		ҚР Парламенті Сенатының төрағасы М. Әшімбаевтың ҚХР-ға ресми сапары	*М.Әшімбаев, Ж.Асанов, Ә.Бектаев, С.Алдашев, А.Арғынбекова, Ғ.Сарыбаев, Н.Ниязова*

46	12-14 қаңтар 2025 ж.		ҚКПК ШҚ төрағасы Ван Хининмен кездесу	*М.Әшімбаев, Ж.Асанов, Ә.Бектаев, С.Алдашев, А.Арғынбекова, Ғ.Сарыбаев, Н.Ниязова*
47	12-14 қаңтар 2025 ж.		ҚХР Тұрақты комитетінің төрағасы Чжао Лэджимен кездесті	*М.Әшімбаев, Ж.Асанов, Ә.Бектаев, С.Алдашев, А.Арғынбекова, Ғ.Сарыбаев, Н.Ниязова*
48	12-14 қаңтар 2025 ж.		Біріккен майдан департаментінің бастығымен Ши Тайфэнпен кездесу	*М.Әшімбаев, Ж.Асанов, Ә.Бектаев, С.Алдашев, А.Арғынбекова, Ғ.Сарыбаев, Н.Ниязова*
49	16 қаңтар 2025 ж.	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің Төрағасы Н.Б.Жүсіптің Израиль Мемлекетінің Төтенше және Өкілетті Елшісі Эдвин Натан Ябо Глусманмен кездесуі		*Н.Жүсіп, Ш.Бұқтұғұтов Н.Бекенов*
50	26-31 қаңтар 2025 ж.		ХЕҰ консультативтік кездесуіне қатысу (Женева, Швейцария)	*Г.Шиповских*
51	28 қаңтар 2025 ж.	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты мен Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің Сенаты арасындағы ынтымақтастық жөніндегі комиссияның 4-ші отырысы, Шымкент қ.		*Ж.Асанов, Ә.Бектаев, Н.Бекназаров, Д.Қыдырәлі, А.Сатвалдиев, М.Қадырбек*
52	3-4 ақпан 2025 ж.		Адамзат бауырластығы күніне арналған саммитке қатысу (Абу-Даби, БАӘ)	*Д.Қыдырәлі*

53	11 ақпан 2025 ж.	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың ҚХР-ның Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Хань Чунлинмен кездесуі.		*М.Әшімбаев*
54	17-18 ақпан 2025 ж.		түркі мемлекеттері парламенттерінің халықаралық істер жөніндегі комитеттерінің отырысына қатысу (Стамбул)	*Б.Жексенбай*
55	18-19 ақпан 2025 ж.		Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың Бахрейн Корольдігіне жұмыс сапары	*М.Әшімбаев, Н.Жүсіп, С.Дүйсембинов*
56	18-19 ақпан 2025 ж.		Әл-Азһардың бас имамы шейх Ахмед ат-Тайиб	*М.Әшімбаев, Н.Жүсіп, С.Дүйсембинов*
57	18-19 ақпан 2025 ж.		Кавказ мұсылмандары басқармасының төрағасы Шейх-уль-Ислам Аллахшукюр Пашазаде	*М.Әшімбаев, Н.Жүсіп, С.Дүйсембинов*
58	18-19 ақпан 2025 ж.		Бахрейннің Ислам істері жөніндегі жоғарғы кеңесінің төрағасы шейх Абдулрахман бен Мұхаммед бен Рашид әл-Халифа	*М.Әшімбаев, Н.Жүсіп, С.Дүйсембинов*
59	18-19 ақпан 2025 ж.		Біріккен Араб Әмірліктерінің Ислам істері және Вакуфтар жөніндегі Бас Басқармасының төрағасы Омар Хабтур әл-Дарей	*М.Әшімбаев, Н.Жүсіп, С.Дүйсембинов*
60	18-19 ақпан 2025 ж.		Оксфорд исламдық зерттеулер орталығының негізін қалаушы және директоры, доктор Фархан Ахмад Низами	*М.Әшімбаев, Н.Жүсіп, С.Дүйсембинов*

61	18-19 ақпан 2025 ж.		Ислам Ынтымақтастығы Ұйымының Бас хатшысы Хисейн Брахим Таха	*М.Әшімбаев, Н.Жүсіп, С.Дүйсембинов*
62	17-20 ақпан 2025 ж.		Азия Парламенттік Ассамблеясының 15-ші пленарлық отырысына қатысу (Баку, Әзірбайжан)	*А.Нухұлы*
63	19-22 ақпан 2025 ж.		ЕҚЫҰ ПА Қысқы отырысына қатысу (Вена, Австрия)	*А.Арғынбекова*
64	25 ақпан 2025 ж.	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың Алматыға жұмыс сапары		*М.Әшімбаев, С.Мәкежанов, Н.Жүсіп, Ж.Асанова*
65	4 наурыз 2025 ж.	отырысында Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің төрағасы С.Т. Алдашев Жапонияның Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Я.Иидзимамен		*С.Алдашев*
66	5 наурыз 2025 ж.	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың Астанадағы ЕҚЫҰ Бағдарламалар кеңсесінің басшысы Фолькер Фробартпен кездесуі		*М.Әшімбаев*
67	6 наурыз 2025 ж.	ТМД ПАА СК экономика және қаржы жөніндегі отырысы, онлайн		*Л.Рысбекова*
68	6 наурыз 2025 ж.	ТМД ПАА ғылым және білім жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысы, онлайн		*А.Нухұлы*
69	11-12 наурыз 2025 ж.		ТМД ПАА Бақылау-бюджет комиссиясының отырысы (Санкт-Петербург қ.)	*С.Карплюк*

70	13-14 наурыз 2025 ж.	ТМД ПАА Аграрлық саясат, табиғи ресурстар және экология жөніндегі Тұрақты комиссиясының отырысы		*О.Булавкина*
71	19 наурыз 2025 ж.	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымының Бас директоры Б.С. Арынмен кездесуі		*М.Әшімбаев*
72	20 наурыз 2025 ж.	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың АҚШ Конгресі Өкілдер палатасының мүшесі К.Миллермен кездесуі		*М.Әшімбаев*
73	26 наурыз 2025 ж.	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың Қытай ҚКП ОК халықаралық байланыстар бөлімінің меңгерушісі Лю Цзяньчаомен кездесуі		*М.Әшімбаев*
74	31 наурыз 2025 ж.	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың Словения Республикасының Президенті Н.Пирк-Мусармен кездесуі		*М.Әшімбаев, А.Лукин, С.Алдашев, М.Қожаев, Ә.Рахметова, Б.Орынбеков*
75	2 сәуір 2025 ж.	ТМД ПАА Әлеуметтік саясат және адам құқықтары жөніндегі Тұрақты комиссиясының отырысы, онлайн		*А.Қапбарова*
76	5-7 сәуір 2025 ж.		Парламентаралық одақтың 150-ші Ассамблеясына қатысу (Ташкент, Өзбекстан)	*Ж.Асанов*
77	7-9 сәуір 2025 ж.	Израиль Кнессетінің Спикері Амир Охананың Қазақстан Республикасына ресми сапары		*М.Әшімбаев*

78	7-9 сәуір 2025 ж.		Қазақстанда тұратын этникалық немістердің мәселелері жөніндегі үкіметаралық комиссия отырысына қатысу (Берлин, Германия)	*Е.Больгерт*
79	8 сәуір 2025 ж.	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың Сьерра-Леоне Сыртқы істер және халықаралық ынтымақтастық министрі Тимоти Муса Каббамен кездесуі		*М.Әшімбаев*
80	10-12 сәуір 2025 ж.	Раджья Сабха Төрағасының орынбасары Н.Сингхтің Қазақстан Республикасына сапары		*З.Кузиев*
81	13-15 сәуір 2025 ж.		Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың ҚСА-ға ресми сапары	*М.Әшімбаев, С.Алдашев, Н.Бекназаров, Ә.Бектаев, Д.Қыдырәлі*
82	13-15 сәуір 2025 ж.		ҚСА Консультативтік кеңесінің төрағасы Абдулла бин Мұхаммед бен Ибрахим Әл Аш-Шейх	*М.Әшімбаев, С.Алдашев, Н.Бекназаров, Ә.Бектаев, Д.Кыдырали*
83	13-15 сәуір 2025 ж.		Ислам, шақыру және нұсқаулық министрі Абдулатиф бен Абделазиз бен Абдурахман әл-Шейх	*М.Әшімбаев, С.Алдашев, Н.Бекназаров, Ә.Бектаев, Д.Қыдырәлі*
84	13-15 сәуір 2025 ж.		Мұсылман әлемі лигасының бас хатшысы Мұхаммед бен Абдулкарим әл-Исса	*М.Әшімбаев, С.Алдашев, Н.Бекназаров, Ә.Бектаев, Д.Қыдырәлі*
85	14-16 сәуір 2025 ж.		ТүркПА-ға мүше елдердің ұлттық қорғаныс комитеттері төрағаларының отырысына қатысу (Баку, Әзірбайжан)	*А.Нұғманов*

86	17-18 сәуір 2025 ж.		Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың Санкт-Петербургке жұмыс сапары	*М.Әшімбаев, О.Перепечина, А.Лукин, О.Булавкина, Б.Қаниев, С.Лұқпанов, Р.Рүстемов*
87	17-18 сәуір 2025 ж.	ТМД ПАА саяси мәселелер және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі Тұрақты комиссиясының отырысы, онлайн		*Ж.Асанова*
88	17-18 сәуір 2025 ж..	ТМД ПАА қорғаныс және қауіпсіздік жөніндегі Тұрақты комиссиясының отырысы, онлайн		*Ғ.Сарыбаев*
89	21 сәуір 2025 ж.		Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты мен Ресей Федерациясы Федералдық Жиналысы Федерация Кеңесі арасындағы ынтымақтастық жөніндегі комиссияның 23-ші отырысы (Тверь қ., Ресей Федерациясы)	*Ж.Асанов, Ж.Асанова, Н.Ниязова, Ш.Бұқтұғұтов, М.Қожаев*
90	23 сәуір 2025 ж.	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. Әшімбаев Хорватия Республикасының Сыртқы және Еуропалық істер министрі Г.Грлич-Радманмен кездесуі		*М.Әшімбаев*
91	24-27 сәуір 2025 ж.		ЕҚЫҰ ПА Орталық Азия бойынша арнайы өкілі Ф.Каримидің сапарына қатысу (Бишкек, Қырғызстан)	*А.Арғынбекова*

92	5 мамыр 2025 ж.	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың ЕКПА баяндамашысы Ж.Неметпен кездесуі		*М.Әшімбаев, А.Лукин, С.Алдашев, С.Мәкежанов, Н.Бекназаров, А.Аргынбекова, Н.Бекенов, Е.Әйткенов, М.Қадырбек, Г.Шиповских, Ә.Рахметова, Б.Аққожина*
93	6 мамыр 2025 ж.	Вьетнам Социалистік Республикасы Коммунистік партиясының Бас хатшысы То Ламмен кездесті		*М.Әшімбаев, А.Лукин, С.Алдашев, С.Мәкежанов, Н.Бекназаров, А.Арғынбекова, Н.Бекенов, Е.Әйткенов, М.Қадырбек, Г.Шиповских, Ә.Рахметова, Б.Аққожина*
94	11-17 мамыр 2025 ж.		Оңтүстік Кореяның Ofe Co., Ltd компаниясы ұйымдастырған Қазақстан Республикасының лифт өнеркәсібінің ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық паркін құру жобасын іске асыру шеңберінде Корея Республикасына сапарға қатысу.	*Б.Орынбасаров*
95	13-16 мамыр 2025 ж.		Ислам Ынтымақтастығы Ұйымына мүше мемлекеттер Парламенттік Одағының 19-конференциясына қатысу (Джакарта, Индонезия)	*А.Толамисов*
96	15 мамыр 2025 ж.	М.С. Әшімбаев Армения Республикасы Ұлттық Жиналысының Төрағасы Симонянмен Астанада кездесуі		*М.Әшімбаев, Н.Жүсіп, А.Өтеғұлов*

97	18-19 мамыр 2025 ж.		ҰҚШҰ Парламенттік Ассамблеясы Кеңесінің көшпелі отырысына қатысу (Бишкек)	*А.Лукин*
98	18-21 мамыр 2025 ж.		заң форумына қатысу (Санкт-Петербург қ.)	*Ж.Асанов*
99	21-25 мамыр 2025 ж.		ТүркПА-ға мүше мемлекеттер парламенттерінің қорғаныс комитеттерінің төрағаларына қатысу (Анкара, Түркия)	*Д.Қыдырәлі, А.Сатвалдиев*
100	22-23 мамыр 2025 ж.		XI Невский экологиялық конгресіне қатысу (Санкт-Петербург қ.)	*А.Өтеғұлов*
101	25-27 мамыр 2025 ж.		«Ереван диалогы» халықаралық форумына қатысу (Ереван қаласы)	*Н.Бекназаров*
102	27-29 мамыр 2025 ж.		AEG мүше мемлекеттер парламентарийлерінің IV форумына қатысу (Мәскеу)	*Б.Орынбеков*
103	28 мамыр 2025 ж.	Германия Бундесратының Президентімен кездесу		*М. Әшімбаев, О.Перепечина, Ә. Бектаев, Е.Больгерт, Ә.Нәутиев*
104	29-31 мамыр 2025 ж.		ТМД Жастар ПАА отырысы (Санкт-Петербург қ.)	*Г.Шиповских*
105	29 мамыр 2025 ж.	Түркия Республикасы Ұлы Ұлттық Мәжілісінің депутаты, Әділет және даму партиясы төрағасының Түркі елдерімен байланыс жөніндегі орынбасары Курсад Зорлумен кездесті.		*М.Әшімбаев, Ж.Асанов, Д.Қыдырәлі*
106	29 мамыр 2025 ж.	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың БҰҰ Бас хатшысының орынбасары – БҰҰ Даму бағдарламасы әкімшісінің орынбасары Хаолиан Шумен кездесуі.		*М.Әшімбаев*

107	29-30 мамыр 2025 ж.	ТМД ПАА Мемлекеттік құрылыс және жергілікті өзін-өзі басқару тәжірибесін зерттеу жөніндегі комиссиясының отырысы, онлайн		*С.Мәкежанов*
108	29-30 мамыр 2025 ж.	ТМД ПАА Құқықтық мәселелер жөніндегі комиссиясының отырысы, онлайн		*Н.Бекназаров*
109	29-30 мамыр 2025 ж.	ТМД ПАА Мәдениет, ақпарат, туризм және спорт жөніндегі комиссиясының отырысы, онлайн		*Н.Жүсіп*
110	30 мамыр 2025 ж.	Малайзия Сенаты Төрағасының орынбасары Нұр Джазлан Мохамедпен кездесті		*Н.Жүсіп, А.Арғынбекова*
111	30 мамыр 2025 ж.	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. Әшімбаев Мұсылмандары ақсақалдар кеңесінің Бас хатшысы М.Абделсаламмен кездесу		*М.Әшімбаев*
112	30 мамыр 2025 ж.	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың Еуропа Кеңесінің Бас хатшысы А.Берсетпен кездесуі		*М.Әшімбаев*
113	3 маусым 2025 ж.	Астана және Қазақстан митрополиті Александрмен кездесті		*М.Әшімбаев*
114	9 маусым 2025 ж.	Испания Парламенті Сенатының делегациясымен кездесті		*О.Перепечина, Ә.Бектаев, А.Сатвалдиев, А.Қапбарова*
115	10 маусым 2025 ж.	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың ЕҚЫҰ Төрағасы – Финляндия Республикасының Сыртқы істер министрі Э.Валтоненмен кездесуі		*М.Әшімбаев*

116	10 маусым 2025 ж.	депутаттардың Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы Парламентаралық ынтымақтастық кеңесінің үшінші отырысына қатысуы		*Н.Жүсіп, Б.Жексенбай*
117	11 маусым 2025 ж.	Ресей күніне орай Ресей Федерациясының Қазақстан Республикасындағы Елшісі А.Бородавкиннің қабылдауына қатысу		*М.Әшімбаев О.Булавкина, Т.Жүнісов*
118	11 маусым 2025 ж.	Қырғыз Республикасы Кеңесінің Төрағасы Жогорку Нурланбек Тұрғынбек уулумен кездесті		*М.Әшімбаев*
119	11 маусым 2025 ж.	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Н.Б.Жүсіптің Иран Ислам Республикасы Мәжілісінің депутаттарымен кездесуі		*Аққожина Б, Бекенов Н*
120	11-12 маусым 2025 ж.	Астанада өтетін ТүркПА-ның XIV пленарлық отырысына қатысу		*М.Әшімбаев, А.Бектаев, Н.Жүсіп, Д.Қыдырәлі, Н.Бекенов, Б.Жексенбай*
121	16 маусым 2025 ж.	Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің төрағасы С.Т. Алдашев Корея Республикасы Ұлттық Ассамблеясының депутаттарымен кездесуі		*С.Алдашев, А.Арғынбекова, Б.Жексенбай, З.Кузиев*
122	17 маусым 2025 ж.	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың Сингапурдың Қазақстан Республикасындағы Елшісі З.Бахарудинмен кездесуі.		

123	23-25 маусым 2025 ж.		Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың Сингапурға ресми сапары	*М.Әшімбаев С.Алдашев, С.Карплюк, Ә.Рахметова, М.Қожаев*
Сайлауды бақылау:				
124	29 тамыз – 2 қыркүйек. 2024 ж		Әзірбайжан Республикасы Милли Мәжілісінің сайлауына қатысу (Баку қ.)	*Н.Жүсіп, Ғ.Сарыбаев*
125	17-22 қазан, 2024 ж		Молдовадағы сайлауға ЕҚЫҰ ПА байқаушыларының қатысуы (Кишинев қ.)	*С.Лұқпанов*
126	23-28 қазан, 2024 ж		Грузиядағы сайлауға ЕҚЫҰ ПА байқаушыларының қатысуы (Тбилиси)	*Қ.Тастекеев*
127	28 қазан 2024 ж		Грузиядағы сайлауға ЕҚЫҰ ПА байқаушыларының қатысуы (Тбилиси)	*Ж.Асанов, Ә.Нәутиев*
128	1-8 қараша 2024 ж.		АҚШ сайлауына ЕҚЫҰ ПА байқаушыларының қатысуы (Вашингтон)	*Л.Рысбекова*
129	24-27 қаңтар 2025 ж.		Беларусь Республикасы Президентінің сайлауын бақылауға қатысу	*С.Арубаев, Н.Бекназаров*
130	3 наурыз 2025 ж.		Тәжікстан Республикасы Мәжілісінің Оли Мажлиси Намоямдагонына сайлауды бақылауға қатысу	*Н.Байқадамов, Ж.Жөргенбаев*

X. АҚПАРАТТЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ

ҚР Парламенті Сенаты депутаттарының VIII шақырылымдағы III сессия барысындағы **2024 жылғы 2 қыркүйек** пен **2025 жылғы 13 маусым** аралығындағы жұмысы туралы халықты хабардар ету және жариялау жөніндегі сапалы жұмыс жүргізуде бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне жәрдемдесу Палата қызметіндегі негізгі бағыттардың бірі болды.

Бүгінгі таңда Сенатта 71 БАҚ-тан 664 журналист тіркелді. БАҚ өкілдері үшін Палата Төрағасының бастамасымен Палата отырысында қаралатын мәселелер бойынша негізгі баяндамашылар болып табылатын сенаторлар мен мемлекеттік органдар өкілдерінің апта сайынғы брифингтері өткізіледі. Осылайша, журналистер Сенат қабырғасында өздерін қызықтырған сұрақтарын қоюға және билік өкілдерінен бірінші кезекте жауап алуға мүмкіндік алды. Сессия басталғаннан бері жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде БАҚ-қа арналған осындай 68-дан астам брифинг ұйымдастырылды, оған сенаторлар мен мемлекеттік органдардың басшылары қатысты.

Палатаның барлық негізгі шаралары бұқаралық ақпарат құралдарының назарында болды. Сенаттың жалпы отырыстары, Сенат комитеттерінің көшпелі және кеңейтілген отырыстары, дөңгелек үстелдер, мемлекеттік органдардың басшыларымен және басқа да кездесулері БАҚ пен әлеуметтік желілерде белсенді түрде жарияланып, талқыға салынды.

Сенат Төрағасының **Оңтүстік Корея Ұлттық Ассамблеясының Спикері У Вон Шикпен; Дүниежүзілік ислам лигасының арнайы өкілі** Абдул Азиз бен Ахмад Сарханмен; Жапонияның Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Джун Ямадамен; Nazarbayev University президенті, профессор Ахмад Вакармен; **Словения Президенті Наташа Пирц-Мусармен; Францияның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Сильван Гиогемен;** Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам Ұйымының Бас директоры Берік Арынмен; **АҚШ Конгресінің Өкілдер палатасының мүшесі Кэрол Миллермен;** Сьерра-Леоне Республикасының Сыртқы істер және халықаралық ынтымақтастық министрі Тимоти Мұса Каббамен; **Израиль Мемлекетінің Кнессет Спикері Амир Оханамен**; Хорватия Республикасының сыртқы және еуропалық істер министрі Гордан Грлич-Радманмен; **Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Бас хатшысы Ламмен; Парламенттік Ассамблеяның баяндамашысы, Қазақстан бойынша Еуропа Кеңесінің және Венгрия Ұлттық Жиналысының депутаты Жолт Немет; Армения Ұлттық Жиналысының төрағасы Ален Симонян бастаған делегациямен; БҰҰ Бас хатшысының орынбасары, БҰҰ Даму бағдарламасы әкімшісінің орынбасары Хаолян Шумен;** Еуропа Кеңесінің Бас хатшысы Ален Берсемен; астаналық және Қазақстандық Митрополит Александрмен, **Қырғыз Республикасы Жогорку Кенешінің Төрағасы Нурланбек**

Тургунбекуулумен кездесулері мен келіссөздері бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланды.

Мәулен Әшімбаевтың **Ресейге сапары** республикалық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жарияланды. Спикер **Санкт-Петербургтегі ТМД ПАА-ның 57-ші және 58-ші пленарлық отырыстарына** қатысты, **В.Матвиенкомен және Мәскеу және Бүкіл Ресей Патриархы Кириллмен Мәскеуде кездесулер** өткізді. Сенат Спикері Қытайда ресми сапарда болып, Бүкілқытайлық Халық Өкілдері Жиналысының Тұрақты комитетінің төрағасы Чжао Лэджимен кездесті. М.Әшімбаев **Португалияға сапары барысында БҰҰ Өркениеттер Альянсының 10-шы жаһандық форумының жұмысына** қатысты, форум аясында Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Антонио Гутерришпен, Республика Ассамблеясының Төрағасы Жозе Педру Агиар-Бранкумен кездесті. Сенат Спикері, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съезі Хатшылығының басшысы Мәулен Әшімбаев Консультативтік кеңестің шақыруымен Сауд Арабиясында болды. Эр-Риядта Корольдіктің Консультативтік кеңесінің төрағасы Абдалла бен Мұхаммед бен Ибрахим Әл-Аш-Шейхпен және Ислам, шақыру және нұсқау министрі Абдулатиф бен Абделазиз бен Абдрахман Әл-Аш-Шейхпен кездесу өтті.

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаевтың бірқатар елдерге жұмыс сапары, сондай-ақ парламенттік форумдарға қатысу туралы жаңалықтар республикалық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарында белсенді түрде таратылды. **Өзбекстанға, Хиуа қаласына** сапары барысында Орталық Азия мемлекеттерінің II парламентаралық форумына қатысты. Сенаторлар форум аясында Орталық Азия депутаттарымен парламентаралық ынтымақтастықты нығайту келешегін талқылады. **Тәжікстанға сапары барысында сол елдің Конституциясының 30 жылдығына арналған халықаралық парламенттік конференцияға** қатысты. Сондай-ақ Бахрейнге сапары барысында исламішілік диалог жөніндегі халықаралық конференцияға да қатысты.

ҚР Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуын мониторингілеу жөніндегі парламенттік комиссияның; Сенат жанындағы өкілді органдармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестің; «Ұлттық мүдде» және «Бір ел-бір мүдде» диалог алаңының отырыстары; **«Қожа Ахмет Ясауи және оның рухани мұрасы» атты халықаралық** конференцияның; Еуразия әлеуметтік кәсіпкерлік құрылтайы; Ұлттық Банк пен Сенаттың білім беру курсы; Сарапшылар клубының отырыстары; Талдау мектебі; Astana Think Tank Forum 2024; Бочча және инклюзивті спорт орталығы бойынша іс-шаралар; «Таза Қазақстан»; Taldau Talks отырысы; сондай-ақ Taldau Run және «Run for Autism» спорттық жарыстары кеңінен жарияланды.

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаев пен Палата депутаттарының тобы **Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезі хатшылығының XXII отырысына және Жас діни лидерлер форумына** қатысты.

Еліміздің өңірлеріне жұмыс сапары барысында Сенат Төрағасы Алматы қаласы мен Алматы, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Павлодар облыстарының, сондай-ақ **Абай және Жетісу облыстарының** мәслихат депутаттарымен және жұртшылығымен кездесті.

Сессия барысында республикалық телеарналардың эфирінде Сенаттың қызметі туралы айтылған 1 639 сюжет болды. Ақпараттық агенттіктер мен басылымдық БАҚ сайттарында 12 873 мақала жарияланды. Жаңалықтар хабарынан басқа, БАҚ-та тұрақты негізде апта сайынғы қорытынды жаңалықтарда, шолу және талдау материалдары, сенаторлардың сұхбаттары мен авторлық мақалалары, сондай-ақ депутаттық корпустың қатысуымен тақырыптық телебағдарламалар тұрақты түрде шығып келеді.

Сессия барысында «24kz» телеарнасының эфирінде ҚР Парламенті Сенатының қызметі туралы мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялауға маманданған «Сенат сөзі» және «Время Сената» бағдарламалары апта сайын шықты. Есепті кезеңде бағдарламаның 83 шығарылымы эфирден көрсетілді, оған сенатор 213 мәрте қатысты.

Сенаттың VIII шақырылымдағы III сессия барысындағы ең маңызды іс- шаралары Палатаның ресми интернет-сайтында және Youtube-арнасында онлайн түрінде көрсетілді. Сессия басталғаннан бері осындай 69 онлайн-трансляция болды. Олардың барлығы да сақталып тұр және Палатаның интернет-сайты мен Youtube-арнасынан көруге болады.

Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың VIII шақырылымның I сессиясының ашылуында айтқан тапсырмасы бойынша Сенат отырыстары республикалық «24kz» телеарнасының тікелей эфирінде көрсетіліп келеді. Есепті кезеңде осындай 42 трансляция болды. Тікелей эфир барысында сенаторлар көтерген тақырыптарды арна студиясына келген сарапшылар белсенді талқылады. Мұндай ашықтық сол нақты уақыттағы заң жобаларының қаралу барысын қалың жұртшылық өкілдеріне көруге мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысының реформалары мен тапсырмаларын іске асыру және YOUTUBE-арнада ҚР Парламенті Сенатының парақшасында халыққа түсіндіру мақсатында (www.youtube.com) подкаст форматында Taldau Talks сараптама алаңы ашылды және оны Сенат Төрағасы М. Әшімбаев тұрақты түрде жүргізіп келеді. Есепті кезеңде Taldau Talks подкастының 5 шығарылымы эфирге шықты, онда еліміз дамуының өзекті мәселелері талқыланды. Жаһандық сын-тегеуріндер жағдайындағы Қазақстанның экономикалық даму векторы; осы саладағы үрдістер мен перспективалар, проблемаларды және оларды шешу жолдарымен қоса өңдеу өнеркәсібінің проблемасы; еліміздің салық-бюджет саясатын реформалау; сыртқы нарықтағы Қазақстанның жаһандық сауда өзгерістері мен ұстанымы; экспортқа кедергілер мен мемлекеттік қолдау; жасанды интеллект және деректер мәселелері, стартап және суперкомпьютерлер, сондай-ақ Қазақстанның осы саладағы қадамдары талқыланды. Подкастқа Үкімет мүшелері, сала сарапшылары, бизнесмендер, танымал экономистер қатысты.

Мониторинг қорытындысы бойынша подкастың шығарылымдары барлық жиынтығында 200 000-ға жуық қаралды.

Палатаның қызметі туралы ресми ақпараттың маңызды көзі www.senate.parlam.kz ресми сайты болып қала береді. Сенат депутаттарының қатысуымен өтетін негізгі шаралар туралы ақпарат сайтта фото және бейне материалдармен қоса жедел жарияланады. Осылайша, III сессия барысында мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде 1 935 жаңалық жарияланды.

Сенаттың қызметі туралы материалдар Facebook, Twitter, Instagram, YouTube, TikTok, Telegram әлеуметтік желілеріндегі Сенаттың ресми парақтарына да орналастырылды. Ел назары ауған өзекті мәселелерді белсенді талқылаған және әлеуметтік желілердегі парақтарында көтеретін бірқатар сенаторлар да осы алаңдарды белсенді пайдаланып келеді. Қазіргі уақытта ҚР Парламенті Сенатының ресми парақтарында Instagram (61 400 жазылушы), Twitter (25 500 жазылушы), Facebook (11 000 жазылушы), Telegram (3 797 жазылушы), YouTube (11 500 адам) және TikTok (34 500 жазылушы) желілерінде жазылушылар бар.

Шығарушы:

Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының Аппараты

***

Материалдарды ұсынған:

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты
Аппаратының құрылымдық бөлімшелері